



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ.
ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

ТАРИХИ БІЛІМ

ПӘНІ ЖӘНЕ
ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

ЛЮДМИЛА
ДЖОРДАНОВА





«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»
жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік
бағдарламасы аясында
іске асырылды

History in Practice

Third Edition

LUDMILLA JORDANOVA

BLOOMSBURY ACADEMIC
LONDON • NEW YORK • OXFORD • NEW DELHI • SYDNEY

Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері

Үшінші басылым

ЛЮДМИЛА ДЖОРДАНОВА

ӨОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5қаз)
Д 42

«Жаңа гуманитарлық білім.
Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»
жобасының редакциялық алқасы:

Редакция алқасы:
Төраға *Көшербаев Қ.Е.*
Төрағаның орынбасары *Аймағамбетов А.Қ.*
Жауапты хатшы *Кенжеханұлы Р.*
Редакция алқасының мүшелері: *Жаманбалаева Ш.Е.*
Күреңкеева Г.Т.
Қарин Е.Т.
Құлсариева А.Т.
Құрманбайұлы Ш.
Масалимова Ә.Р.
Мұтанов Ғ.М.
Нұрмұратов С.Е.
Нұрышева Г.Ж.
Раев Д.С.
Саңғылбаев О.С.
Сеңгірбай М.Ж.
Сыдықов Е.Б.

Кітапты баспаға өзірлеген:
«Ұлттық аударма бюросы»
қоғамдық қоры

Бас редактор *Исембердиева А.Б.*
Аудармашылар *Тлеужанқызы Ә., әлеуметтік ғылымдар магистрі*
Жүндібаева А.Қ., PhD,
қауымдастырылған профессор
Ғылыми редактор *Көкебаева Г.К.,*
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Әдеби редактор *Мұхамедиев Д.Б.,*
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты шығарушы *Мұхамедиев Д.Б.*
Пікір жазғандар *Смағұлова С.О., тарих ғылымдарының докторы*
Шілдебай С.Қ., тарих ғылымдарының кандидаты
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті тарих кафедрасында ғылыми талқылаудан өтті

Copyright © Ludmilla Jordanova, 2019
This translation of «History in Practice, Third Edition» is published by arrangement with Bloomsbury Publishing Plc.

Д 42 **Джорданова Людмила**

Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 376 бет.

ISBN 978-601-7621-22-3

Кітапта тарихи білімнің қалыптасу, қолданылу және өзгеру процесі сипатталады. Тарих пәнінің әдістері, тарихи зерттеуді тиімді жүргізу тәсілдері, тарихи тәжірибенің қазіргі жетістіктері мен әлі де зерделеуді қажет ететін тақырыптары талданады. Еңбек оқырманға тарих пәнінің негізгі мәселелері туралы түсінік беру, оларды ауқымды контексте қарастыру және тарихшылардың қандай жұмыс атқаратынын анықтау сияқты негізгі үш мақсатты көздейді. Сонымен бірге әлеуметтік ғылымдардағы тарихтың рөлі, қоғамдық тарих пен оның түрлері, тарихи білім саласын түбегейлі өзгертетін цифрлық технологиялар мен ресурстарды пайдалану, цифрлық тарихтың тәсілдері, олардың маңызы және тарихшыларға қажетті машықтар кеңінен қарастырылады.

Оқулық жоғары оқу орындарындағы тарих факультетінің студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына, оқытушыларға және тарихқа қызығатын оқырман қауымға арналған.

ӨОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5қаз)

ISBN 978-601-7621-22-3

© Ludmilla Jordanova, 2019
© «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2020



...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады...

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінен**

Сүйікті қызым әрі әріптесім Аликке арналады

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫС	13
ОҚЫРМАНДАРҒА ЕСКЕРТУ	15
Кіріспе	17
Бастау	17
Тарихшы құндылықтары.....	21
Міндеттемелер және стандарттар.....	22
Тарихшы міндеті	23
Тақырыптар: айырмашылықтары мен алуантүрлілігі	24
Ортақ принциптер	25
Тарихшылардың рөлі.....	27
Тарих пәнінің негізгі ерекшеліктері.....	29
Өткел	30
БІРІНШІ ТАРАУ. Тарих туралы жалпы түсінік.....	31
Тарих және пәндер	31
Инфрақұрылым	33
Өткенді зерделеу	36
Азаматтық.....	38
Университеттер.....	39
Тарих және іргелес салалар.....	41
Тарихшылардың ұйымдары	45
Жариялау	48
Зерттеу.....	53
Өткел	56
ЕКІНШІ ТАРАУ. Тарих пәнін анықтау	58
Тарих пәнінің өлшемдері	58

Негізгі материалдар.....	59
Тарихтың салалары	63
Саясат	63
Қоғам	66
Біртұтас тарих	68
Ғұмырнама.....	70
Тың салалар.....	71
Географиялық шекаралар.....	75
Сандық тәсілдер	76
Ауызша тарих	80
Тақырыптық тарих	81
Теорияға негізделген тарих	82
Өткел	84

ҮШІНШІ ТАРАУ. Тарихтың гуманитарлық ғылымдардағы орны 85

Білімді ұйымдастыру	85
Пәнаралық сипат	87
Философия.....	89
Мишель Фуко.....	91
Чарльз Тейлор.....	94
Әдебиет және мәтін.....	96
Өнер тарихы/визуалды мәдениет	102
Теориялар	107
Археология	110
География.....	113
Өткел	116

ТӨРТІНШІ ТАРАУ. Тарих және әлеуметтік ғылымдар117

Білім мен өзгеріс.....	117
Тарих және әлеуметтік ғылымдар.....	119
Терминдер мен шарттар.....	121
Тарих және әлеуметтану	122
Мәдениет пен тап	126
Антропология мен мәдениет	127
Санадағы тарих	132
Қолданбалы психология.....	134
Әлеуметтік репрезентация.....	136

Норберт Элиас	136
Пәнаралық тарих.....	139
Тарих ғылымының маңызы	140
Өткел	142

БЕСІНШІ ТАРАУ. Тарихи білім мәртебесі143

Тарихқа күдіктену.....	143
Стандарттар мен сапа	144
Ақиқат пен сенімділік.....	145
Таным әдістері.....	146
Тарихи жазбаларды бағалау: деректер.....	151
Жан-жақтылық химерасы.....	153
Бағалау құрылымдары	154
Жазбаны бағалау	155
Түсініктеме	158
Пайымдау және сенім	161
Өткел	163

АЛТЫНШЫ ТАРАУ. Кезеңдеу164

Тарих және уақыт	164
Өткен уақытты кезеңге бөлу	169
Оқиғалар мен кезеңдер.....	171
Сипаттама және кезеңдеу.....	175
Қазіргі кезеңге қатысты терминдер	180
Метафоралар мен тақырыптар.....	182
Тарихнама және кезеңдеу	184
Өткел	186

ЖЕТІНШІ ТАРАУ. Қоғамдық тарих187

Қоғамдық тарих деген не?.....	187
Тарих көріністері.....	189
Қоғамдық тарихтың әралуандығы	192
Пайдалануға жарамды тарих.....	194
Жанр мен аудитория.....	199
Қоғамдық тарих және саясат.....	202

Өмірбаян – қоғамдық тарихтың бір түрі	207
Өткенге кім иелік етеді?	209
Моральдық пайымдар	212
Өткел	217

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ. Тарихшылардың машықтары.....219

Машық деген не?	219
Машық түрлері.....	221
Техникалық машықтар.....	224
Деректерге негізделген машықтар	229
Интерпретация және машық.....	231
Архив культі.....	232
Машықтар және мәтіндік емес деректер	234
Тарихты оқыту	237
Машықтар және тарих пәні	240
Өткел	243

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ. Цифрлық дәуірдегі тарих244

Тарихшылар үшін жана әлем.....	244
Цифрлық тарих деген не?	246
Цифрлық форматтағы тарих.....	249
<i>The Valley of the Shadow</i> жобасы	253
Қылмыскерлер мен соттар.....	255
Құлдықты зерттеу	258
Бірлескен тарих	260
Кеңістік пен уақыт	263
Шектеулер мен кедергілер.....	267
Өткел	270

ОНЫНШЫ ТАРАУ. Трендтер271

Трендтер неліктен маңызды?.....	271
Қақтығыстар мен еске алу.....	274
Өкіну мен жауапкершілік	281
Өткенді елестету.....	284
Антропоцен.....	288

Жаһандану.....	290
Дүниежүзі тарихын жазу.....	292
Зерттелген өмірлер.....	295
Сабактастық.....	298
Қазіргі тарих.....	299
Хиллсборо және көндігу.....	300
<i>Автор туралы мәлімет</i>	303
<i>Суреттер тізімі</i>	304
<i>Ескертпелер</i>	306
<i>Дереккөздер</i>	343

АЛҒЫС

Осы және алдыңғы екі басылымның жарыққа шығуына көмек көрсеткен барлық адамдарға ерекше алғысымды білдіремін. Бұл басылымға «Цифрлық тарих» атты тарау қосылып, тарихпен іргелес пәндер де жан-жақты зерделенді. Мәтін, әсіресе «Трендтер» атты соңғы тарау қайта қаралды. Кітаптың кейбір сипаты өзгертіліп, құрылымы жеңілдетілді. Сондай-ақ дизайны да жаңартылды. «Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» (*History in Practice*) кітабының үшінші басылымының жарық көруіне қолдау білдіріп, қамқорлық жасаған «Bloomsbury Academic» баспасының қызметкерлеріне ризашылығымды білдіремін. Маған көмек көрсетіп, шыдамдылық танытып әрі осы кітапты аяқтауыма жігер беріп, ынталандырған «Bloomsbury» баспасында қызмет ететін редакторларым Фрэнсис Арнольд, Эмили Дрю, Родри Моффорд және Хелен Треджетке алғыс айтамын. Анонимді рецензенттерге сындарлы пікірлері үшін ризашылығымды білдіремін.

Тарихи тәжірибеде контекст айрықша маңызды болғандықтан, осы басылымды ретке келтірген екі орталықты – Лондондағы Корольдік колледждің және Дарем университетінің тарих факультетін айрықша атап өткім келеді. Өз тәжірибесімен бөлісіп, маған шабыт сыйлап әрі құнды мәліметтер ұсынған әріптестерім мен студенттерімнің көмегі мен қолдауын жоғары бағалайтынымды олар біледі деп үміттенемін. Менің осы соңғы екі академиялық ортаманнан басқа маған көмек қолын созып, құнды сілтемелер, идеялар мен мәліметтер ұсынған жанашыр жан-дарға ризашылығымды білдіргім келеді.

Зерттеу жобасына түрлі сала мамандарын мейлінше көбірек тарту маңызды деп білемін. 2011 жылдан бастап, Science Museum Group-пен бірлесе жұмыс істеу мен үшін ерекше мәртебе болды. Қызметкерлер, заттар, көрмелер мен экспозициялардың барлығы бізге өткен уақыттан хабар береді, сондай-ақ оның қалай көрсетілгені мен түсіндірілгені туралы ойлануға жетелейді. Дарем университетінің бай коллекциясына әрдайым бас-көз болып, оны сақтап, көрмеге қойып, қызмет етіп жүрген Culture Durham-мен бірлесе жұмыс істеу маған үлкен пайда әкелгенін мақтанышпен айтқым келеді. Кит Бартлетт пен оның әріптестері мені дос көңілмен, қуанышпен қарсы алып, ерекше қолдау көрсетті. Осы коллекциялардан алынған заттарды оқулықта пайдаланудың өзі бір ғанибет. Мұндай құнды заттарды таңдауға көмек көрсеткен үшін Крэйг Барклэй, Рейчел Барклэй, Фрэнсис Готто, Майк Харкнесс, Ричард Хиггинс, Сара Прайс және Майкл Стансфилдқа айрықша алғыс айтамын. Бұл басылымды әзірлеу барысында қатаң талаптарыма

қарамастан, қол ұшын созып, сабырлық танытқан Эдинбургтағы Шотландия Ұлттық кітапхана қызметкерлерін ерекше атап өткім келеді.

Дарем университетінде 2013–2015 жылдардағы «Тарих және оның аудиториясы» (*History and its Audiences, 2013–2015*) модулі бойынша дәріс алған студенттерім осы басылымда талқыланатын көптеген тақырыптар жайында ойымды жүйелеуге көмек көрсетті. Олардың бірі – Джеймс Уэст. Бұл жақсы студент кітаптың соңғы 10-тарауында баяндалған Хиллсбородағы қайғылы жағдай туралы ақпарат берді. Ричард Смит 9-тараудың жобасы туралы өз пікірін білдірді, көп жылдар бойы қолдау көрсетіп келе жатқаны үшін оған алғыс айтамын. 10-тарауда өз суретін пайдалануға рұқсат берген Джойс Кэрнске де рахмет айтамын.

Осы кітапты дайындау барысында жақында дүниеден өткен екі ұлы тарихшының орны ойсырап қалғанын айрықша сезіндім. 2016 жылдың желтоқсанында қайтыс болған Джойс Эпплби қырық жылға жуық жақын дос әрі дана тәлімгер болды. Мен оның табанды ұмтылысын, жігерлі әңгімесін, сыртқы әлеммен интеллектуалдық және саяси ықпалдастығын әрі маған әрдайым қолдау білдіріп отыратын мейірбан қасиеті мен жанашырлығын сағындым. Барлық тарихшылар да мен сияқты ерекше құрметтейтін тарихшы Кристофер Бэйлиден 2015 жылғы сәуір айында кенеттен айырылып қалды. Оның еңбектері өткен уақыт туралы ойлаудың айқын, нақты және құнды тәсілдерін ашады. «Заманауи әлемді жаңғырту: 1900–2015 жылдар аралығы» (*Remaking the Modern World, 1900–2015*) атты еңбегін оның бізге берген соңғы сыйлығы деп білеміз. Ол кітап «Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» оқулығы баспаға дайындалып жатқанда жарық көрді.

Қызым әрі әріптесім, тарихшы Аликс Гринге ерекше қарыздармын және оған осы басылымды арнаймын. Ол мені көптеген тың идеялардан және мәселелерден хабардар етті, екеуіміздің ұзақ жылдар бойғы пікірталасымыз қуаныш пен шабыттың көзі болды. Отбасым мен жақын достарыма және Говард Нельсонға шын жүректен алғыс айтамын. Мен олардың айналасына жақсы көңіл-күй сыйлайтынын және қарапайым нәрселерге қуанып, одан ләззат алатынын әрі өзіл-қалжыңды түсінетінін ерекше бағалайтынымды біледі деп үміттенемін.

Людмила Джорданова, Дарем қаласы
Эдинбург және Бьюли
2018 жылдың күзі

ОҚЫРМАНДАРҒА ЕСКЕРТУ

«Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» оқулығында «тарих» деп аталатын білім түрінің қалыптасу, қолданылу және өзгеру процестері сипатталады. Бұл кітапта түйіні шешілмеген мәселелер де бар, өйткені қойылып отырған сұрақтар қарапайым жауаптармен шектелмейді. Тарих пәні – ауқымды сала, сондықтан бұл еңбекте тарихқа қатысты барлық мәселелерді қамтуға ұмтылмаймын, өйткені ол мүмкін емес. Аталмыш пәнге деген айрықша қызығушылығым бұл кітапта қамтылмай қалған тақырыптардың орнын біршама толтырады деп үміттенемін. Кітапта негізгі мәселелерді жағымды сипатта зерделеп, жағымсыз мысалдарды пайдаланбауға тырыстым. Шартты түрде сыртқа жария болмайтын семинар немесе оқу сабақтарында біз өзгелердің еңбегіне сын айтып, оларды қалай басқаша жасауға болатыны туралы пікір айта аламыз. Ал мынадай еңбектерде жағымсыз мысалдарды пайдаланбаған абзал. Өршіл және ықпалды тарихи еңбектерден дәйексөз келтіру, көрнекті тарихшылардың интеллектуалдық жетістіктерін мойындау, тарих саласындағы әртүрлі іс-әрекетке назар аудару, әрі бұл кітап өзге мамандарға қандай да бір пайдасын тигізеді деп үміттену көңіліме қуаныш сыйлайды.

Мұнда келтірілетін дәлел түрлерін түсіндіре отырып, бұл кітапта қандай мәселелер қамтылмайтынын атап өткенді жөн санап отырмын. Мысалы, бұл еңбекте тарихи дәлелдердің сипатын, ұғымдарды, теория мен дәйектердің пайдаланылуын зерттейтін және бағалайтын тарихнама философиясы қарастырылмайды. Әрине, біз бұл мәселелерге тарихи білімнің мәртебесін қарастыратын тарауда міндетті түрде тоқталып өтеміз, бірақ ол – кітапта зерделенетін басты тақырып емес. Сонымен қатар мен постмодернизмнің немесе кез келген өзге теориялық негіздердің қоятын сұрақтарына жауап іздемеймін. Соңғы жылдары тарихты зерттеу мәселесінің қалай өзгергенін көрсетуге ұмтылсам да, мен пәнді қорғауға тырыспаймын, керісінше, оны түсіндіруге тырысамын. «Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» оқулығы оқырманға әдістер мен тәсілдерді қалай қолдану, зерттеулерді мейлінше тиімді жүргізу немесе оны қалай жариялау туралы мағлұмат беретін нұсқаулық құрал емес. Дегенмен бұл кітаптың іске жаңа кіріскен тарихшыларға пайдасы тисе жақсы-ақ болар еді. Жалпы алғанда, бұл тарихи білім тарихы туралы еңбек емес, бұл кітапта тарихи жазба мен тарихшы кәсібінің ғасырлар бойы қалай өзгеріске ұшырағаны туралы баяндалмайды. Дэниел Вульфтың бес жүзден астам беттен тұратын «Тарихтың жаһандық тарихы» (*A Global History of History*) атты кітабы, оның түйіндемесінің алғашқы сөйлемінде жазылғандай, «ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихи жазбаның, ойдың және пәннің дамуының жаһандық тарихын» сипаттайды. Осындай ауқымды тақырыпты мұндай еңбекте бастан-аяқ қамту мүмкін емес.

«Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» оқулығында оқырманға тарих пәніндегі кейбір негізгі мәселелер туралы түсінік беру; оларды ауқымды контексте қарастыру және тарихшылардың қандай жұмыс атқаратынын, оны қалай және не үшін жүзеге асыратынын саралау сияқты негізгі үш мақсат көзделеді. Бұл кітап тарихтың антропологиясына ұқсас, ол тарихшылардың не істеуі керек екені туралы тым көп ақыл-кеңес ұсынбай-ақ, адамдардың белгілі бір тобының тәжірибелері мен идеяларын ой елегінен өткізуге тырысады. Алайда бұл тікелей бақыланатын мінез-құлық туралы егжей-тегжейлі сипаттайтын этнография емес, өйткені ол этнографияға қарағанда, әлдеқайда кең тұрғыда әрекет етеді. Оқулықта стандарттар туралы мәселе де назардан тыс қалмаған. «Жақсы» немесе «нашар» жазылған тарихты ажырата білу мүмкін және өте қажет деп білемін. Бұл кітапты тарих антропологиясына ұқсатуым саланың ажырамас бөлігі саналатын сыни тұрғыдан бағалауды қамтитын тарихтың қандай пән екенін сипаттаған практик маманның жанашырлық есебі ретінде түсінілуі керек.

Тарих туралы жазу ісі деректер, тәсілдер мен дәлелдер туралы пайымдауды қамтиды. Мұндай мәселелерді мүмкіндігінше жан-жақты зерделеген абзал. «Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» контексінде көлемді жазбалармен нығайтуға болмайтын жалпылама тұжырымдар жасау қажет болды. Мен мүмкіндігінше көп оқып, зерттеп, тыңдауға бейім болдым, сондай-ақ оқыту мен талқылауларға қатыстым. Оның барлығына сілтеме жасау қиынға соғады. Кітаптағы менің дәлелдерімді бекітетін мысалдардың шағын іріктемесін ескертпелер мен библиографиядан табуға болады.

Тақырыптардың басым бөлігі кітаптың бүкіл мәтініне қатысты болса да, әр тақырыпқа арналған тарауларды жеке оқуға болады. Жалпы жинақталған библиографияға сілтеме жасалған. Ескертпелерді мүмкіндігінше қысқаша беру мақсатында бірінші автордың аты-жөні, еңбектерінің жарияланған мерзімі және қажет болған жағдайда бет саны көрсетілген. Автордың есімі көрсетілсе, ол тегі ұқсас өзге автормен шатастырып алмау үшін жасалған. Мәтінде аталған авторлардың жарияланымдарын библиографиядан табуға болады.

Ескертпелер қажет мәліметті табуға көмектеседі, сонымен қатар әр тараудағы тақырыпшалар да пайдалы болады деп ойлаймын. Мәтінде журналды атап өткенде, оның алғаш рет жарияланған жылы жақша ішінде беріледі. Сондай-ақ кейде веб-сайттарға сілтеме жасалады, оқырмандар оқулықта пайдаланылған сайттарға сыни тұрғыдан баға бере отырып, адам есімдерін, жер-су атауларын, дәлел түрлері мен мекемелерді тексеруіне болады. Аталған веб-сайттар 2018 жылы тексерілген, бірақ сілтемелерді қысқаша беру үшін уақыты көрсетілмеген. Суретке қатысты берілген түсініктемелер олардың менің дәлелдеріме сәйкес келетінін білдіреді, сонымен қатар суреттер мен нысандар тарихшыларға зерттеу жүргізуге және өз салалары туралы ой қорытуға септігін тигізеді деп үміттенемін.

Кіріспе

Мұнда жеке тәжірибем мен ынта-жігеріме сүйеніп және қайталанатын кейбір тақырыптарды көрсете отырып, тарихи тәжірибе туралы көзқарасымды түсіндіремін, кітаптың өзге бөлімдері қандай болатыны жайында мағлұмат беремін.

Бастау

Өзімнің жеке көзқарасымды білдіруден бастайын. Бұл өмірбаяндық ниеттен емес, керісінше, оқырманның менің пікірлерімнің түп-тамырын білу құқығын мойындаудан туындайды. Мен өзін-өзі танитын тарихты жақтайтындықтан, оны тәжірибе жүзінде қолдануға ұмтылуым керек. Барлық тарихшылар сияқты, мен де контекстің маңызы зор екеніне сенемін, демек осы басылымға да аздаған контекст ұсынуға тиістімін.

1960 жылдардың соңында орта мектепті тәмамдап, тарих пен философия ғылымдарын зерттей бастағанымда, тарих саласымен алғаш рет етене таныстым. Бұл сала өткен уақытпен тығыз байланысты болса да, сол кезеңде ол тарихтың негізгі желісіне емес, жаратылыстану ғылымдарының бастамаларына негізделген еді. Тарихты философиямен қатарластыра зерттеу айрықша маңызды болды, бұл үйлесім идеяларды сыни тұрғыдан талдауды тарих тәжірибесінің басты бөлігіне айналдырады. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басындағы француз биологиясы бойынша докторлық зерттеу жүргізу барысында тарих пен ғылым тарихы арасында тығыз байланыс қажет екенін жете түсіндім, алайда сол уақытта мұның соңы неге алып келетінін білмедім. Маған осы салада менен гөрі тәжірибелі, өз мақсатына берік адамдар айрықша ықпал етті. Олардың талпыныстарының нәтижесінде қазіргі таңда ғылым тарихы мен медицина тарихы жалпы тарихпен анағұрлым сабақтасқан, дегенмен олар ғылыми немесе медициналық дайындығы бар мамандар айналысатын дербес қосымша салалар болып қала береді.

Ғылым мен әдебиетке айрықша көңіл бөлу ғылым тарихындағы елеулі құбылыс болды, мұның өзі өзіндік болжамдары, әдістері мен мақсаттары бар әдебиет сыншыларын ғылым тарихын зерттеушілермен тығыз байланыс жасауға

итермеледі. 1970–1980 жылдары мәтіндік тәсілдермен танысуым мені ерекше шабыттандырды. 1960–1970 жылдары ғылым тарихын зерттеушілердің антропологияны «ашуы» да дәл осындай қызықты болған еді. Бұл бізге заманауи талаптар бойынша ғылыми емес болып саналатын сенімдер жүйесін бағалаумен қатар, өзге мәдениеттерден қажетті қашықтықты сақтай отырып, оларға жанашырлықпен қараудың күш-қуатын бағалауға мүмкіндік берді. Мен үшін бұл – тарихи



0.1-сурет. Адриан Спигель (*Adriaan van de Spiegel*), Джулио Кассери және басқалары. Дамып келе жатқан ұрық (*De Formato Foetu*), 7-кесте. Падуа қаласы, Келлет, 165

Тарихшылар адам дене мүшесін түсіну мен бейнелеудің өзгермелі тәсілдерін зерттеу үшін суреттері бар медициналық кітаптарға қызығушылық танытты. Соның ішінде феминист тарихшылар әйелдер анатомиясының қалай сипатталып, бейнеленгенін және гендерлік жағынан қалай зерделенгенін түсінгісі келді. Көптеген тарихшылар (заң, әлеуметтік, демографиялық және медициналық бағыттағы тарихшылар) адамның көбеюі мәселесіне назар аударса, ал өнер тарихшылары сурет пен гравюралар жасау әдістеріне, сондай-ақ визуалды шарттылыққа мән берді. Латын тілі ғалымдар үшін ортақ тіл болды, бұл кейбір жағдайларда XIX ғасырға дейін созылды. Анатомия және медицина туралы еңбектер білімді адамдардың ерекше қызығушылығын туғызды және бұл тек кәсіби аудиториямен шектеліп қана қоймады. Бұл еңбектердегі суреттер әрі нәзік нақышты, әрі ақпараттық сипатта болды. <https://www.dur.ac.uk/library/asc/>. Сондай-ақ қараңыз: Gameson, 2007.

тәжірибенің негізі. 1970 жылдардың аяғында ғылыми және медициналық әрекеттің барысында пайда болатын заттар мен бейнелер туралы ойлана бастадым, бұл қызығушылығым мені өнер тарихына алып келді. Ғылым тарихы сияқты өнер тарихы да – өзіндік журналы, кәсіби қауымдастықтары мен интеллектуалдық құрылымдары бар, өз алдына бөлек сала. Өнердің де ғылым тәрізді кейде оның толық контекстелуіне кедергі келтіретін аурасы бар, дегенмен бұл қос саланы да бай тарихи ортаға орналастырғанда ғана түсінуге болады. Тарихи тәжірибеге визуалды және материалдық дәлелдерді енгізу – маңызды іс. Шынында да, өткен тәжірибедегі барлық ұғымдардың атқарған рөлінің маңызы барған сайын арта береді; демек, олардың іздері тарихи түсініктерді қалыптастыруға қабілетті. Тарих саласына қатысты көптеген мамандықтар болуы ықтимал, бірақ олардың бір-бірінен үйренетін дүниелері көп, ал олардың алатын орны заманауи пәндік бөліністерге сәйкес болуға бейімделмеген. Пәнаралық тәжірибелер менің тарих пәнінің қалай болғанда да, өзіндік ерекшеліктері бар деген ойымды бекіте түсті.

Сонымен қатар өзім зерттеу жүргізген кезеңдер де тарихқа деген көзқарасымды қалыптастырды. Зерттеулерімнің басым бөлігі XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысына қатысты болды. Енді мені шамамен 1600 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейінгі ұзақ кезең туралы жазу қызықтырады. Эссекс университетінде жаңа заманның бастапқы сатысы бойынша зерттеулер жүргіздім және әлі толық зерделенбеген осы белгісіз кезеңге қатысты қызығушылығымды Йорк университетіндегі ерте модернистерден құралған мықты топ одан сайын арттыра түсті. Алайда мен ежелгі немесе орта ғасырлар тарихын ешқашан зерттемегенімді мойындаймын. Дегенмен ерте кезеңдерді зерттеген тарихшылардың көкейінде жүрген кейбір мәселелер аталмыш кітапта ұсынылады деп үміттенемін. Сондай-ақ соңғы онжылдықта мені көбірек қызықтырған қазіргі заман тарихы туралы да ой қорытуға тырыстым. Өткенді елестетіп, сипаттап, қалыптастыру үшін саналы әрі бейсаналы механизмнің барлық түрі біздің еншімізде, бұл мәселені осы кітаптың кезеңдеу мәселесіне арналған алтыншы тарауында кеңірек зерделеймін. Бұл кейбір тақырыптарға, уақыт пен тәсілдерге артықшылық беру және өзгелерін сырт қалдыру дегенді білдіреді. Әр тарихшының жүрегіне жақын санайтын үлгілері көбінесе олардың кезеңімен, сондай-ақ саяси, әлеуметтік әрі экономикалық көзқарастарымен және эстетикалық таңдауларымен байланысты.

Сонымен бірге тарихшылар білім алатын, дәріс оқитын және зерттеу жүргізетін институттарды да ескеру қажет. 1980 жылдың қаңтарында Эссекс университетіндегі қазіргі заманның ерте сатысы мен қазіргі сатысын салыстыра зерттеу кафедрасының оқытушысы ретінде қызметке келгенге дейін ешбір университеттің тарих факультетінде ресми түрде қызмет еткен емеспін. Мұнда бакалавр студенттері жыл сайын бірінші курста XVI–XVIII ғасырлар бойынша шолу курсы өтеді, соңғы курста қазіргі заман тарихының ең соңғы сатысын оқуды аяқтайды. Салыстырмалы тарихқа айрықша көңіл бөлудің екі жағымды нәтижесі бар. Біріншісі – бұл жүйелі салыстыруды талап ететін ұғымдар мен категорияларға, құрылымдарға, талдамалы рәсімдер мен теориялық идеяларға үнемі назар аудару. Екіншісі – Америка Құрама Штаттары мен Латын Америкасы, Ресей, Қытай және Африка тарихшыларымен, сондай-ақ европатанушы мамандармен күн сайын

байланыста болу. Сонымен қатар студенттердің басым бөлігі ересек студенттер еді. Олардың көпшілігі мектепті ертеректе тәмамдаған әрі тәжірибесі бар адамдар, теңдік, тап және гендер сияқты тақырыптар жөнінде кесімді пікірлері де болды.

Йорк университетінің тарих кафедрасында қызмет істегенде жаңа тәжірибе жинақтадым. Бұл жерде орта ғасыр тарихын зерттейтін өріптестерден көп нәрсе үйрендім, өнер және әдебиет тарихын зерттеушілермен тығыз байланыс жасадым. Тарих бойынша оқу бағдарламасы ерекше сипатта әзірленді, мысалы, барлық



0.2-сурет. Аспан глобусы. Мыс, диаметрі – 15,7, Үндістан, Моғол әулеті, 1790–1791жж., DURUM.1994.1

Бұл әдемі нақышталып, ойылған аспан глобусы – XIII ғасырда өмір сүрген, өзі өлсе де идеялары 500 жыл бойы өзектілігін жоғалтпаған білімпаз ғұлама Насреддин ат-Тусидің еңбектеріне негізделген. Глобуста жұлдыздардың орналасуы мен сол жұлдыздардан құралған шоқжұлдыздардың суреттері көрсетілген. Бұл үндістандық моғолдардың қолөнер шеберлігін, білімнің берілуін және идеялар мен бұйымдардың таралуын көрсетеді. Глобус 1994 жылы сатып алынған. Дарем университетінің құрамындағы Шығыс музейі 1960 жылдың мамырында ашылған: <https://www.dur.ac.uk/oriental.museum/>. Сондай-ақ қараңыз: Barclay, 2010.

студенттер «тарих пәні» курсы міндетті түрде оқитын еді. 1996 жылы Шығыс Англия университетіне жұмысқа орналасқанда мен тарих факультетінде қызмет істеген жоқпын, бұл жерде археолог, антрополог және өнер тарихын зерттеуші ғалымдармен бірге қызмет еттім. Мұның өзі материалдық мәдениетті зерттеу, оқиғаларды географиялық және уақыт ауқымында зерделеу туралы ойлануға себеп болды. Кембридж университетінде жұмыс істеп жүрген кезімде ірі және қуатты тарих факультеті бар және басқа бөлімдерінде көптеген тарихшылары бар оқу орнында өнер, гуманитарлық, әлеуметтік ғылымдар саласында пәнаралық зерттеулерді дамытуға көмектестім. Осылайша кең мағынадағы тарихты зерттеу мен басқа салалар арасындағы өзара байланысқа назар аудардым.

Араға он жыл салып, 2006 жылдың қаңтар айында тарих факультетіне қайта оралдым. Лондондағы Корольдік колледждің үлкен және сан алуан мамандығы бар факультетінде белсенді докторанттар қоғамдастығымен етене жұмыс істеу мен үшін өте пайдалы болды. Қазіргі таңда мен Африка тарихын зерттеумен айналысатын басқа бір тарих кафедрасында еңбек етудемін. Ол артефактілер, суреттер, сирек кітаптар және қолжазбалардың ерекше коллекциялары бар университетте, алайда ол куратор, суретші, кітапханашылар мен институттың бүкіл ғалымдары арасындағы жемісті ынтымақтастық үшін тым шағын еді. Әлемнің көп бөлігінің өткенін зерттеудің тарихшыларға қаншалықты пайдалы екенін Даремдегі әйгілі Шығыс музейіне барғанда ғана түсінесіз. Визуалды мәдениетті зерттеумен айналысу барысында мен әлі де болса, суреттер мен жәдігерлерді тарихи ойлау процесіне кіріктіру жолдарына ерекше көңіл бөлудемін.

Тарихшы құндылықтары

Практик ғалымдар мойындаса да, мойындамаса да тарихты зерттеу – саяси кәсіп. Тарих бойынша зерттеумен айналысу барысында осы істің қоршаған орта, оқыту және зерттеу жүргізудің арасындағы байланыстардан бастап, институттар мен олардың ішкі бөлімдерінің микросаясатына дейінгі әр саласында саясат үнемі бой көрсетіп отырды. Әрине, кәсіби жұмысты да саясаттың негізін қалайтын басты құндылықтармен байланыстырған жөн. Сондықтан мен өзімді феминист тарихшымын деп мақтанышпен атаймын, себебі гендерлік қатынастар, оның тарихы мен болашағына әйел көзқарасымен қарау өмірімнің негізгі ұстанымына айналды. Тарихтың тәжірибесі маңызды міндеттерге қатысты екенін оның азаматтық толқулардан кейінгі татуласу процестеріндегі рөлінің артқанынан байқауға болады. Ал тарих пен саясаттың арақатынасы жайлы пікірталастар тарихи тәжірибенің қоғам өміріне тікелей үлес қосуға әлеуетті екенін көрсетіп отыр. Мұның бәрі «саяси» деп атауға болатын белгілі бір контекстерде жүреді, өйткені олар саяси шешім қабылдау, ресурстарды бөлу мен бағалау сияқты процестерді, сондай-ақ қоғамдағы дискурстың даулы түрлерін қамтиды.

Мен тарихшылар үшін саясаттың кең таралған маңызды мәселе екенін ескертемін, өйткені тарихи тәжірибе туралы кез келген кітап «бұрмалануға» қатысты мәселемен бетпе-бет келеді. Барлық адамның қандай да бір алдын ала жасаған

тысқары пікірі болады, оны жокқа шығару адалдыққа жатпайды. Бұрмаланбаған таза тарих деген ұғым болмайды, бірақ өзін-өзі танитын, теңдестірілген тарих бар. Бұрмалаушылық тарихшылардың парасатты болуына кедергі жасап, олардың жұмысын сыни тұрғыдан бағалауына жол бермесе, ол күрделі мәселеге айналады. Тарихи жазбалар міндетті түрде құндылықтар мен құштарлыққа негізделеді, себебі олар жазбаға күш дарытады. Дегенмен құндылық пен құштарлықтарды үнемі тексеріп отыру қажет; олар дәлелдерше сүйенуге тиісті, алайда асқан құлшыныспен жазылған тарих терең зерделенбеген деп ойламау керек. Тарихшылар дәлелдерді анықтау, іріктеу және түсіндіруге ерекше назар аударады, зерттеу барысында олардың құндылығын ешкім жокқа шығармайды. «Бұрмаланбаған тарих» қол жетпейтін идеалға қол жеткізем деудің ешқандай мәні жоқ.

Міндеттемелер және стандарттар

Авторлардың наным-сенімдері, таңдаулары, міндеттемелері, өмірлік тәжірибесі олар жазған тарихта әртүрлі тәсілдермен көрініс береді. Пәндегі ең басты құндылық не және оны қалай дамуға болады деген мәселені түсіну оңай емес. Бұл кітап өткенді зерттеу, тарихи білімді мүмкіндігінше тиімді және ауқымды түрде тарату мақсатында жазылды. Бұл жұмыс үшін міндетті талап болмаса да, тарихшылардың көпшілігі өз ісін жақсы көреді. Тарихи зерттеудің парадоксы сол, ол біздің зерттеу нысанымен өзара тығыз әрекеттестігіміздің болуын талап етеді. Дегенмен сүйіспеншіліктің бір түрі деуге болатын мұндай қатыстылық жағымды үйлесімге де, сондай-ақ тым жақын қарым-қатынастан туатын жағымсыз әрекеттерге де алып келуі мүмкін. Бұл пәннің тағы бір ерекшелігі бар: талдау жасауға мүмкіндік беретін өзіне сыни тұрғыдан қарайтын бейтараптығы, немқұрайлы, енжар, тіпті лепірмелі болып көрінуі мүмкін.

Тарихтың анықтаушы сипаттарын қысқаша баяндау қиын, дегенмен түрлі дәлелдерге ашықтық және сараптамалық тұрғыдан икемді болуы – оның негізгі ерекшеліктері. Бұл пәннің негізгі мақсаты – өткен туралы біртұтас сипаттамалар қалыптастыру үшін әртүрлі деректер мен тәсілдерді кіріктіру. Мұндай мақсат кейде жеке алғандағы анықтауы қиындау болатын мәдени тарихпен байланысты. Бұл мінез-құлық, оқиғалар және институттарды қалыптастыратын ақыл-ой процестеріне, яғни әлемді қалай көру, бейнелеу және түйсінуге басымдық береді.

Ғалымдар өз интеллектуалдық мақсаттарын тұжырымдаған кезде, өздерінің жеке көзқарастарын ашық білдіреді. Мұнда «жеке» дегенде автордың өмірбаянының ажырамас бөлігі саналатын жүрегінен шыққан ойларды меңзеп тұрмын. Мысалы, осы кітаптың алғашқы басылымын жазу барысында тарихи тәжірибе туралы көзқарасымның кезінде өзім оқыған тарихпен және ғылым философиясымен терең астасып жатқанын, сондай-ақ ғылымның, ғылыми зерттеулердің және медициналық білімнің «әлеуметтік конструктивизм» деп аталатын тәсілдерімен өзара сабақтас екенін түсіндім. Нәтижесінде тарихи білім алу тәсілдері, өз кезегінде, институттар, ұлттар, саяси топтар және тағы басқаларға негізделген,

айтарлықтай жақсы құрылымданған қоғамдастықтар шеңберінде қалыптасатынын атап өткім келеді. Тарихтың сәтті сипатталуы оны бағалайтын контекске байланысты және мұндай мәселелер туралы ойланудың ең оңтайлы жолы – «ақиқат» туралы қарабайыр түсінік емес, бедел, дәлел, сенім және сенімділік тұрғысынан пайымдау.

Бұл ұстанымнан туындамайтын құбылысты да атап көрсету қажет. Тарихи еңбекті бағалайтын нақты стандарттар жоқ немесе тарих пән ретінде өткен уақыт әлемінің материалдық бейнесімен өзара әрекеттесе алмайды деп айтудан аулақпын. Дереккөздерден тарихшылардың пайымдауларына тікелей және қарапайым түрде өтуге болады деп болжау дұрыс емес, сондай-ақ дереккөздер де әрдайым тек ақиқат ретінде қабылданбауға тиісті. Баламалар артефактілердің, соның ішінде мәтіндердің жасалуының, әлеуметтік ортада мән-мағыналарды қалыптастырудың күрделі тәсілдеріне назар аударады. Тарих пен ғылым философиясындағы осы бағытта атқарылған жұмыстың негізінде ғылым туралы қалыптасқан көзқарастарды өзгертуге деген ұмтылыс тұрды. Мұндай алаңдаушылық күрделі интеллектуалдық негізде және жақсы деңгейде жасалса ғана пайдалы болады. Тарихта да дәл осындай жағдай орын алады. Тарихшылар өздерінің дәрістерінде де, зерттеулерінде де өз аудиториясын адамның жағдайы туралы бар ынтасымен және тереңірек ойлануға жетелей отырып, олардың бойында алаңдаушылық сезімін қалыптастыра білгені жөн.

Тарихшы міндеті

Тарихи білім қоғамдастықтардағы әлеуметтік процестер арқылы әрі нақты контекстерде қалыптасады және бұл білім беделді болып саналады, сондықтан мұндай жұмысты атқаратындардың алдында тек интеллектуалдық қана емес, этикалық міндеттер де бар. Өткен туралы ойымызға келгенді айтуға құқымыз жоқ, себебі тарихи мәлімдемелердің зардаптарына оларды жасаушылар жауапты болуға тиісті. Бұл жауапты міндеттер – қоғамдық тарихтың біршама жаңа саласында айрықша көрінетін күрделі мәселе.

Тарихшылардың ойлары әрдайым бір жерден шығады деп ойлауға болмайды, өзгелер бағынатын күштерге біз де бағынамыз. Алайда кәсіби және ғылыми дайындығымыз бізді сезімімізді тежеуге, міндеттерімізді бағыттау әрі пайымдау жасау барысында мүмкіндігінше тепе-теңдік сақтауға үйретеді. Дегенмен біздің әлемге деген көзқарасымыз әртүрлі, сондықтан тарихшылар арасында материяның мәні туралы туындайтын ойлардың бірдей болуы мүмкін емес. Кәсіби тарихшылардың алуан түрлі пікірлері әуесқойларға түсініксіз болып көрінуі мүмкін және қоғамдық өмірдегі тарихи сараптаманың рөлі үшін маңызды болмақ. Тарихи бірауыздылық болмаса да, біз бәрібір өткен тарих туралы мазмұнды пікірталастарға атсалысамыз, адамдардың дәлелдерге, олардың көрсеткені мен айтқанына сыни тұрғыдан қарауына дем береміз. Басқаша айтқанда, саяси плюрализмнің маңызы зор. Тарихшылардың *пікірлері* әртүрлі болатыны сөзсіз. Оларды біріктіретін

ортақ нәрсе бар, бұл – дәлелдерді сыни тұрғыдан бағалау, мұқият зерделеу және деректерді ашып көрсету.

Пайдалы плюрализм ашықтыққа негізделеді. Мен өзімнің қызығушылықтарым мен мүдделерімді жасырмаймын, осылайша оқырман оңшылдардан гөрі, солшылдарды қолдайтынымды түсінеді. Егер консервативтік тарих өзінің радикалды аналогы сияқты жақсы жасалса, онда ол оған қызықпайтынымды немесе ұнатпайтынымды білдірмейді. Ол маған ұнамауы мүмкін, дегенмен мен оған құрметпен қараймын. Шынында да, жеке пікіріңізге қайшы келетін көзқарастар сізді терең пайым жасауға жетелейді. Пікірталастар тек идеологиялық мәселелерге ғана емес, білім сапасына және оның қалай қолданылатынына да қатысты болуы қажет. Идеологиялық қақтығыстар болатыны сөзсіз, ең бастысы, сыни-пікірді ашық әрі конструктивті түрде жеткізу маңызды. Сөйтіп, күштарлық талқандауды көздемейтін қызу пікірталастарда байқалады және сыннан өтеді.

Бұл ұстанымнан тағы бір мәселе туындайды. Кейде тарихи құбылысты зерттеу оны мақұлдаумен тең деп ойлайды. Бұл мүлдем негізсіз болжам емес, тарихшылардың өздері зерттеп жүрген дүниелерімен рухани жақындығы болады, алайда бұл тым қарабайыр пікір. Интеллектуалдық әуестікке әртүрлі тәсілдер, соның ішінде алаңдаушылық та, мақұлдау да дем береді. Мысалы фашизм, тоталитаризм және диктатураны зерттеу арқылы тарихшылар өздері зерттейтін құндылықтар жүйесін қолдайтынын білдірмейді. Дегенмен олардың еңбектерінде қамтылатын билік пен зорлық-зомбылықтың шектен шыққан түрлеріне деген қызығушылық көп нәрсені түсіндіруді талап етеді. Сол сияқты құлдықты қолдайтын дәйектердің көбесін сөгу тарихшылардың бұл тәжірибені қолдайтынын білдірмейді. Сипаттау мен талдауды нұсқаулармен және насихаттаумен шатыстырып алмаған жөн. Оқиганың мән-жайын тиянақты талдау – мұны мақұлдау дегенді білдірмейді. Тарихшылар мүдделі тараптар болса да, олар ұсыныстар жасаушыларды жақтайтындардың қатарына кірмейді. Егер тарихшылар өздерінің тарихи зерттеулерін орынсыз пайдаланса, оларды бұл әрекеттері үшін айыптауға болады. Мұнда «орынсыз» деп дәлелдер мен басқа да ғылыми жұмыстарға тиісті назар аудармауды, түсінікті тәсілдің болмауын немесе дұрыс емес мақсаттарды меңзеп тұрмын. Көпшілікке арналып жазылған еңбектерде сілтемелердің толық тізімін ұсыну қиындық туғызуы мүмкін. Алайда баспагерлер мен рецензенттер бұл іске жауапкершілікпен қараса, бұл шешілмейтін мәселе бола қоймас.

Тақырыптар: айырмашылықтары мен алуантүрлілігі

Тарихшылар әртүрлі көзқарас ұстанатыны белгілі және ол пәннің қоғамдық пікірталастарға белсенді араласу қабілетіне нұқсан келтірмейді. Сондай-ақ бұл пән қарастыратын тақырыптар мен пайдаланылатын тәсілдер тұрғысынан плюралистік сипатта болуы керек. Осыдан тарихнамалық үлгілер шығады. Бұл үлгілер

көптеген жаттығуларды, соның ішінде кейбір студенттер мен практик мамандарға ескірген немесе зеріктіргіш болып көрінуі мүмкін іс-шараларды да жүзеге асыру үшін қажет. Мысалы, шамамен соңғы 150 жылдағы тарихқа көбірек көңіл бөлу үрдісі байқалады, соның салдарынан студенттер көбінесе шектеулі уақыт кезеңдерін ғана оқиды. Бұл студенттерді интеллектуалдық тұрғыдан шектейді, сондықтан барлық студенттерге кең хронологиялық ауқым ұсынатын оқу бағдарламасы аса қажет. Археология мен Египет сияқты, ежелгі өркениеттер де ерекше қызығушылық туғызады, ал орта ғасыр тарихы секілді, зерттеуді әлі де қажет ететін, бәлкім, тартымдылығы артып келе жатқан салалар кейбір тарих факультеттерінде мүлдем оқытылмайды. Тарихтың жана түрлерінің студенттерге қолжетімді болғаны дұрыс, алайда олар тарихтың ежелден қалыптасқан формалары есебінен ұсынылмауы керек. Осы тұрғыдан алғанда, экономикалық тарих пен сандық (цифрлық емес. – Ауд.) тәсілді пайдаланатын салалар кенжелеп қалып отыр. Әлдебір салалардың мәртебесі қалай өзгеретінін түсіндіру қиын, алайда өзгеретіні анық. Нақты салалар мен тәсілдердің құндылығы туралы интеллектуалдық дәлелдер – назар аударуға тұрарлық құбылыс.

Экономикалық тарих – тарих пәнінің іргелі бөлігі. Ресурстар мен олардың таралуын зерттейтін экономика пәні – әр қоғамның қызметін бейнелейтін әрекеттің ажырамас бөлігі. Өткен қоғамдар туралы жалпы мәлімдеме жасауға тырысатын біздің пәніміз мұндай құрылымдық құбылыстардың шектеулі бөлігіне ғана негізделеді. Студенттер спорт немесе жануарлар тарихы, сондай-ақ экономикалық, саяси, әлеуметтік немесе интеллектуалдық тарихқа қатысты сабақтарды таңдау кезінде соңғы аталған бағыттардың бұрынғыға қарағанда *аясы кеңдеу* екеніне көз жеткізеді деп үміттенемін. Бұл бұрынғыларға қызығушылықты төмендету үшін емес, олардың пәндегі рөлінің әртүрлі екенін мойындау үшін жасалады. Мысалы, киім тарихы туралы курс мемлекет тарихы жөніндегі курс беретін мәліметті бере алмайды. Олардың біреуі екіншісінен «артық» емес, олардың тек пән аясындағы маңызы әртүрлі.

Мұндағы басты мәселе – пәнге тиесілі негізгі тәсілдерді табу. Мәдени тарих пен интеллектуалдық дәстүрлер тарихы – экономикалық тарих сияқты, тарихи түсініктің ажырамас бөлігі. Өйткені олар әлемнің басқа уақытта, өзге жерлерде қалай қабылданатыны және тұжырымдалатыны жайында түсінік береді. Осылайша тарихтың бұл түрлері зайырлы ортадан шыққан студенттер адамды адастырады деп бағалайтын дін сияқты құбылысты түсінуге көмектеседі. Яғни дінге сенетін студенттер де оларды зайырлы контекстерді зерттеу үшін пайдаланады.

Ортақ принциптер

Оқу бағдарламаларында қай елдер мен ғасырлардың қамтылуы керек екені туралы ортақ келісім жоқ. Университет деңгейіндегі курстар экономикалық, әлеуметтік және саяси тарихпен, сондай-ақ бірнеше елдердегі (студенттердің туған елін қоса алғанда) екі құрлық пен үш ғасырдан астам уақыт аясындағы



0.3-сурет. Ағаш табыт ішіндегі зығыр жамылғыға оралған мумия

Табыттың ұзындығы – 165 см, ені – 50 см және тереңдігі – 40 см. Египеттің оңтүстік бөлігінде орналасқан Ахмим қаласы болуы мүмкін, Птолемей кезеңі, шамамен біздің дәуірімізге дейін 250 жыл. DUROM.1999.32

Ежелгі Египет көптеген жыл бойы әлемді өзіне тамсандырып келеді. Музейге мумияларды көру үшін келетіндердің қатары көп болатыны таңғаларлық емес. Қазіргі таңда бұл әйелдің мумиясы екені белгілі болды, дегенмен табыттағы жазба жарақаттанғандықтан, оның есімін анықтау мүмкін емес. Мумия Ұлыбританияға 1888 жылы Көлді аймақта орналасқан музейге тарту ретінде әкелінген. Мумияның денесіне медицина, физикалық антропология, археология және тарихпен байланысты ауқымды зерттеу жұмысы жүргізілді. Мумияның қашан табылғаны және Англияға қалай жеткізілгені белгісіз болғанымен, оның 1880 жылдан бастап, әртүрлі жерде болғаны туралы жазбалар оның қайдан шыққанын түсінуге көмектеседі.

негізгі интеллектуалдық дәстүрлермен таныстырар еді. Мұның бәрі қосымша дәрістермен толықтырылған негізгі элементтердің көмегімен жүйелі түрде іске асырылады. Машықтар мен пәннің өзін түсіну арқылы тарихты оқытудың барлық процестеріне кіріктірілгенін қалар едім. Мені тарихшылардың өздерінің кәсіби тәжірибесіне тарихи тұрғыдан қарамайтыны таңғалдырады, дегенмен тарихқа, әсіресе, осы пәннің интеллектуалдық тарихына деген қызығушылық күн санап артып келеді. Кез келген дәлелге қатысты негізгі сұрақтарды қоюды үйрену қиын емес. Қосалқы дереккөздерге қатысты «бұл қашан жасалған және оны кім, қандай жағдайда жасады?» деген сұрақ қоюға болады. Осылай жүйелі түрде әрекет ете отырып, біз тарихи тәжірибенің өзгеруі және өзіміздің шығу тегіміз туралы түсінік қалыптастырамыз. Бұл – тарихтағы негізгі машық саналатын сыни тұрғыдан оқу мен тұжырымдаудың логикалық жалғасы.

«Пікірлеріміздің түп-тамырын білу» – тарих саласының маңызды аспектісі. Алдыңғы параграфта осы сөйлемді қолданғанымда, университет студенттерін қоса алғанда, өздерін тарихшы деп санайтындардың пікірлерін меңзеген едім. Тарихшылар өз зерттеуін әріптестері мен студенттерге ғана емес, сонымен қатар одан кеңірек топтарға арнайды. Өткенге деген қызығушылық – тәсілдеріне қарай әртүрлі формаларда кездесетін құбылыстардың бірі. Мұнда талқылау идеясы пайдалы болмақ. Осылайша тарихшылар бір-бірімен, өздерінен бұрынғы зерттеушілермен және деректермен үнемі байланыс орната отырып, өздері жазатын әрі оқытатын басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынаста болады. Бұл мәселелер көбінесе байқалмай қалады, тек қана Холокост сияқты ерекше тарихи құбылыстарға байланысты танымал бола бастады. «Холокост» сөзі қолданысқа жақында ғана енген термин. Бұл көптеген диалогта қолданылатын шартты белгінің бір түрі. Сонымен қатар мұны апат деген мағынаны білдіретін еврейдің «Шоа» сөзімен бірге пайдаланады. Мүдделі тараптар құрамына тарихшылар жұмыс істейтін қоғамдар кіреді. Қоғамдық талқылауларда көпшілік өткен уақыт туралы пайымдауларға жиі сүйенеді, соның нәтижесінде тарихи тәжірибенің этикалық аспектісі туралы мәселе туындайды.

Тарихшылардың рөлі

Қоғамдық дискурстағы тарихтың маңызы өткеніміз туралы тарихшылардың куәлік беретінімен байланысты болады. Жалпы тарихшылар тікелей куәгер бола алмайды, олар мүмкіндігінше басқалардың айтқанын түсіндіреді. Құдіретті күштердің көрінісіне куә болудың наным-сенімді таратудағы мәртебесі ерекше деген идея тұрғысынан алғанда, куәлік ұғымының күшті діни астары бар. Бұл идеяның тағы бір аспектісі бар – өзге біреулердің атынан іс жүргізу, мысалы, қойылған қолдың заңдылығын растау. Тарихшыларға өткен замандар туралы сенімді пікірлер білдіру үшін айтарлықтай басымдықтар мен құқықтар берілді. Зерде мен еске алу, ақиқат пен елдестіру сияқты эмоциялық және әлеуметтік құндылықтарды мойындаушылар саны өсіп келе жатқанын ескерсек, тарихшылардың қазіргі рөлі

ерекше маңызды екенін байқаймыз. Өткен заманда болған оқиға үнемі бұрмаланып, күмән туғызып отырады, сондықтан тарихи тәжірибенің сенімді түрлеріне қажеттілік туындайды. Егер тарих тек ойдан құрастырылған оқиға болса және көпшілік оны сол күйінде қабылдаса, саяси пайда үшін бұрмалаушылыққа соншалықты бас қатырмас та едік. Тарихты фактілердің ойдан құрастырылған сипаттамасы ретінде түсіну – оның шынайы маңызын және өткен шақ туралы мағыналы сөйлеу қабілетін мойындаумен толық үйлеседі. Бұл пәннің болашағы практик мамандар мен олардың оқырмандарының пәннің шектеулерін жете түсінуімен және оның интеллектуалдық қуаты мен жетістіктеріне сенім артуымен байланысты.

Кәсіби тарихшылардың жоғары дәрежедегі маман болуы қажет және өздері де соны қалайтынын мойындаймын. Дегенмен ғасырлар бойы сақталып келе жатқан негізгі құрылымдық элементтер, ауқымды тақырыптар мен дәлелдерді де назарда ұстаймыз деп үміттенемін. Маңызды тарихи мәселелерге әділетті түрде қарайтын тарихшыларды айрықша құрметтеймін. Сондай-ақ деректер мен тәсілдерді жан-жақты қарастыра отырып, үлкен аудиторияны шығармашылық бағытта дамыта аламыз деп үміттенемін. Алайда жан-жақтылық (инклюзивтілік) мақсаты мүқият зерделеуді қажет етеді. Мысалы, бұл пән экономикалық тарих секілді салаларды қолдап, белсенді түрде дамыту керек деген пікірімді білдірдім, өйткені олар қоғамдағы құрылымдық мәселелер туралы ойлауға ықпал етеді. Алайда бұл кітап көптеген ғасыр бойы, айталық, Қытай немесе Үндістанда дамыған тарихи жазба дәстүрлеріне сәйкес бола алмайды. Осы тұрғыдан алғанда, бұл кітап жан-жақты емес. Көптеген мәдениетті қамтитын жан-жақтылық – кез келген тарихшы үшін күрделі мәселе. Мұндай күрделі мәселелер туралы зерттемей және ой елегінен өткізбей тұрып жазу дұрыс емес. Тарихты жазу тәсілдері тіл, әдеби өрі мәдени дәстүрлер, саяси формациялар және тағы басқа дүниелермен тығыз байланысты. Көптеген тарихшылар үшін жаһандық жан-жақтылық мәселесі мүмкін емес болып көрінуі ықтимал.

Сонымен қатар басқа дәстүрлер жоқ деп ойлау дұрыс болмас еді. Тиімді аналогия ғылым тарихынан туындайды. Әуесқойлар жаратылыстану ғылымдарының «Батыс» деп аталатын аймақтан тыс жерде дамыған түрлерінің қаншалықты көне өрі күрделі болғанын білген кезде таңғалуы мүмкін. Джозеф Нидэм өзінің саналы ғұмырын Қытай ғылыми және медициналық дәстүрлерін қалың көпшілікке жеткізуге арнады. Қытай өркениетіне айрықша қызығушылық білдірген Нидэм сияқты тарихпен айналысу ісіне ынтасымен берілген адамдар ұсынған өзге тәсілдермен жұмыс істеу пайдалы болмақ. Сол себепті жан-жақтылықтың мақсаты әр тарихшының шектеулерін қарапайым бағалау тәсілімен тығыз байланыста болуы керек. Егер жан-жақтылық бір нәрсенің бар екенін жай ғана атап өту міндеті ретінде түсіндірілсе, онда оның нәтижелері интеллектуалдық тұрғыдан тым мардымсыз болады. Осы мәселелерді шешудің бір жолы – тарихи тәжірибені мерзімді және шектеулі тәсіл ретінде түсінумен ұштастырылған ашықтық.

Ашықтық – бұл пайдаланылатын деректердің түрі мен мазмұнын, өзгелердің идеялары немесе әдістері мен тәсілдеріне қатысты алғандағы эмоциялық және интеллектуалдық тұрғыдан түсіне білу. Зерттеуге қажетті тарихи мәселелерді

шешу барысында белгілі бір деңгейдегі ашықтық қажет. Әйтпесе мұнда көпшілікке бұрыннан белгілі мәселені жай ғана растау қаупі туындайды. Әлемнің әлі күнге дейін нақты қоғамдастықтарға беймәлім және болашағы белгісіз бөліктерін осы тұрғыдан зерттеу пайдалы болмақ. Оның негізінде жатқан мотивтер тарих туралы жаңа көзқарастарға жол ашады. Мұны белгілі бір тарихи мәселені зерттеу, салыстыру үшін бірқатар мысалдарды пайдалануды көздейтін тарихты салыстырмалы тәсілдер тұрғысынан қарастырған пайдалы. Осылайша кәсіби тарихшылар өзінің зерттейтін салаларын кеңейте алады, ал аймақтарды таңдау қатаң интеллектуалдық тұжырыммен анықталады. Сондай-ақ тілді жақсы меңгеру және зерттелетін елдермен тікелей таныс болу да тарихи тәжірибенің бір бөлігі саналады.

Тарихшылардың өздері таңдаған салалары бойынша жұмыс істеу себептері күрделі. Бұған трендтердің бағалануы, қаржылық мүмкіндіктер мен тақырыптың өзектілігі, сондай-ақ мүдделер мен жеке байналыс себеп болуы ықтимал. Тарихшыларға зейінді және мүдделі аудитория қажет болғандықтан, олар қызығушылық тудыратын трендтер мен тақырыптарды бақылап отыруы мүмкін. Беймәлім өткенге бойлай алмайтын, айналасында болып жатқанды сезіне алмайтын тарихшылар өткен мен болашақ арасындағы делдал ретінде тап осы қазіргі заманда тұрғанын білеміз. Демек, өзіміздің саламызды болашаққа бағдарланған өзара түсіністік пен бірегейлікті жасауға көмек ретінде қарастырғанымыз орынды.

Тарих пәнінің негізгі ерекшеліктері

«Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» кітабында тарих пәнінің алты маңызды белгісіне тоқталамын. Біріншіден, мұның жұмыс істеу тәсілдері айқын; екіншіден, мұнда эклектика тек лайықты ғана емес, қолайлы да; үшіншіден, тарихшылар парасаттылықты ерекше бағалайды; төртіншіден, олар алуан түрлі тәсілдер мен тақырыптарды тиімді түрде қамти алады; бесіншіден, теорияны жақтаушылар мен оған қарсы адамдар арасындағы қатаң қарама-қайшылықтан аулақ болған жөн; барлығынан хабардар болу практик мамандарға өздерінің дәстүрлері мен рәсімдерін тарихи өнім ретінде жете түсінуге мүмкіндік береді. Осы ерекше белгілердің барлығы «тарих» деп аталатын белгілі бір академиялық тәжірибелер жиынтығы маңында қатаң шекаралар болмауы керек деп болжайды. Тарихи тәжірибенің қоғамдық салдары терең және ол үнемі сыни тұрғыдағы бағалауды қажет етеді. Көпшілігіміз тарих тек бізге ұнайтындықтан ғана емес, сондай-ақ әрқайсысымыз өткен шақ туралы қандай пікірлердің айналымда жүргені маңызды деп санайтындықтан тарихпен айналысамыз. Тарихшы кәсібінің ажырамас бөлігі – әр тұжырымда, оқытуда және жазбасында көрсетілген өз тәжірибесін адал әрі дұрыс қабылдау. «Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» үлкен аудиторияға тарихи тәжірибенің кейбір маңызды мәселелерін жеткізуге тырысады. Осы тұрғыдан алғанда, бұл кітапты – қоғамдық тарих саласына қосылған кішігірім үлес

деп білемін, ол ой елегінен өткізілген және дәлелді мәлімдемелерді жеке міндеттемелерге қатысты ашықтықпен ұштастыруға бағытталған.

Өткел

Алайда мен утопиялық тұрғыдан қарастырған ашықтықтың да өзіндік шегі бар. Кез келген автордың ойында, оған біздің дәлеліміз жетіспегендіктен және адам ақыл-ойының күрделілігі себепті біз біле алмайтын көптеген нәрсе бар. Бірақ қалай болғанда да оқырмандар автордың пікірлерінің түп тамырын білуі керек. Бұл кітапта өзімнің кейбір қызығушылығым мен құлшынысым туралы хабарлар етіп, жұмыс істеу әдістерімді көрсетуге тырыстым. Мұның барлығы менің қиялымдағы аудиториямен тығыз байланысты. Бұл кітапты әріптестерім үшін *емес*, бір жағынан, қалың оқырман қауымға, ал, екінші жағынан, студенттерге арнап жазып жатқанымды елестетуге тырыстым. Тарихнама және бұған іргелес салалар бойынша сабақ беретіндер бұл кітапты пайдаланады деп үміттенемін, дегенмен бұл кітап тек соларға ғана арналмаған. Мұндағы мақсат – ақпарат беру емес, идеялармен және дәлелдермен жұмыс істеу. Мұнда келтірілген қысқа мысалдар негізгі мәселелерді түсіндіруге қызмет етеді, өзге зерттеушілер де дәл осылай жасар еді деп ойлаймын.

Тарихты көптеген машықты қажет ететін кәсіпі ретінде қарастыруға болады, ал жазу – оның ажырамас бөлігі. Тіпті көрнекі, материалдық және дыбыстық дәлелдермен жұмыс істей отырып, барынша көп оқи келе, біз идеялар мен дәлелдемелерді сөзбен жеткіземіз. Менің сөздерім мен пайымдарым өзгелердің ой-пікірін анықтауға, сонымен қатар біздің айналамыздағы өткеннің белгілерін түсіндіруге көмектеседі деп үміттенемін. Тарих академиялық сала болғандықтан, оның құрылымын зерделеуден бастау орынды.

БІРІНШІ ТАРАУ

Тарих туралы жалпы түсінік

Тарих – академиялық пән атауы. Бұл тарауда нені пән деп атауға болатынын, оның ішінде сол пәнге қатысты ұйымдастырушы негіздерді қарастыру аясында тарих пәні туралы жан-жақты түсінік беруге тырысамын.

Тарих және пәндер

«Тарих» сөзінің әртүрлі мағынасы және алуан түрлі коннотациясы бар, олардың кейбіреулері эмоциялық сипатта болады. Мұны біз өткенде орын алған жағдайлардың беделін көтеру, бүгінгі күні өзектілігін жоғалтқан жайттарға назар аудару, өзіндік құндылығы мен мәртебесі бар нәрселерге көңіл бөлу және анағұрлым ертеректегі әрі жақсырақ әлемді танып-білуге талпынысты арттыру үшін қолданамыз. Тарихтың негізгі мағынасының бірі «өткен уақыт» болғандықтан, өткен уақытпен байланысты кез келген ұғымдар тарих ретінде қарастырылуы мүмкін. Тарихты анықтаудың тағы бір жолы – өткенді зерттеу. Бұл тұрғыдан алғанда, тарих – академиялық пән. 1-тарауда тарихпен байланысты академиялық пәндердің сипаты қарастырылады.

«Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» негізгі үш мақсатты көздейді: осы пәннің негізгі мәселелерінің мәнін ашу, бұл сала туралы түсініктің аясын кеңейту, тарихшылардың іс жүзіндегі тәжірибесін көрсету. Аталған мақсаттар «академиялық пән дегеніміз не және тарихтың сипаты қандай?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Менің бірінші мақсатым – кез келген саладағы практик мамандардың интеллектуалдық мүдделері ортақ екенін білдіреді. Олар – өз еңбектерінде, өзара

тығыз байланыстарында әрдайым талқылайтын идеялар төңірегінде құрылған қоғамдастықтардың мүшелері. Бұдан шығатын ой: жарияланымдарды өздігінше дербес деп санасақ та, олар мұндай сипатта болмайды, оларды өзге тарихшылар және (көзі тірі немесе қайтыс болған) түсініктеме берушілермен болған күрделі сырласудың бір бөлігі ретінде қарастырған жөн. Бейнелеп айтқанда, біздің еңбектеріміз үкімет, саяси партиялар, мүдделі топтар және тағы басқалармен диалогқа түседі. Жарияланымдардың көптеген аспектісі бар. Олар диалогқа қатысумен қатар, өз авторларының зерттеу аясын белгілейді, қазіргі мәселелер жайында сөз қозғайды және өткенді түсінуге жағдай жасайтын құрылымды қалыптастыруға ықпал етеді.

Екінші мақсат – сала туралы түсініктің аясын кеңейту. Пәндерді, оларды қолданатындар сияқты, оқшау қарастыруға болмайды дегенді білдіреді; іс жүзінде піл сүйегінен салынған мұнара деген жоқ, яғни әлемнен бөлініп қалған ғалымдар мен олардың еңбектері болмайтыны белгілі. Соңғы онжылдықтарда тарихтың тәжірибесі саясат, медиа, тарихты насихаттау, тарихи мұра идеяларымен және ұлттық мемлекеттердің өзгермелі басымдықтарымен тығыз байланысты болып барады. Барлық пәндерге тән интеллектуалдық қатаң талаптар күллі әлеммен кең ауқымдағы өзара байланыстарға толық сәйкес келеді. Тарихты зерттеу музейлер, білім беру жүйелері және үкімет секілді әлеуметтік, саяси, экономикалық институттармен тығыз байланысты. Бұл мәдени өмірмен, атап айтсақ, телевизия, көркем әдебиет, драматургия, поэзия, радио, кино, бейнелеу өнерімен тығыз байланысты. Элита өкілдері ғасырлар бойы өткенді әдіс, құрал ретінде пайдалануға, оның көмегімен иландыруға, алдауға және ізгілікке бағыттауға болатынын білді. Өздерін бағынышты, қаналушы немесе маргинал сезінетін топтар тап осындай құралдарды қолданды. Осылайша ауызша тарих, жұмысшылар тарихы, қаранәсілділер тарихы және әйелдер тарихы, төменнен жазылған тарих пен субалтерн зерттеулері (*subaltern studies* – отарлық елдердегі ешқандай құқығы жоқ қорғансыз, елеусіз қалған халықтар тарихы туралы зерттеулер. – Ауд.) қалыптасты.¹

Үшінші мақсатым – тарихшылардың іс жүзінде немен айналысатынын көрсету. Тарих пәнін наным-сенімдер мен теориялар немесе пәннің тұрақты жиынтығы ретінде емес, тәжірибелер жиынтығы ретінде қарастырған жөн. Тарих – тарихшылардың зерттеу еңбектерінің нәтижесі. Бұл тұжырымдама тиісті қоғамдастық мүшелерінің дұрыс деп санайтын пікірінен ғана жасақталған пәннің өзіндік мәні жоқ дегенді білдіреді. Академиялық пәндерді түрлі жолдармен реттеп отыратын институттар арқылы кімді тарихшы және қай пәнді академиялық тарих деп атауға болатыны туралы нормалар қалыптасты. Бұл тұрғыда мектептер, университеттер, кәсіби бірлестіктер, мемлекеттік органдар мен мамандандырылған баспалардың ерекше маңызы бар. Қазіргі таңда тарих туралы пікірталастар әлі де жалғасуда, олар біздің өткенімізді түсіндіруге деген зор құлшынысымыздан және мүдделеріміздің әртүрлі болуынан туындайды. Бұл пікірталастар академиялық пәндердің айналасында ешқашан нақты шекаралар болмауынан да туындайды: шекаралар «шикізат» материалдарға қатысты қолданылады, осылайша мұнда өткен уақыттан гөрі, ғалымдар мен ғылым туралы көп мәлімет беріледі.


Тарихшы ретінде зерттеу жүргізіп жүрген адамдардың көпшілігі өткен уақыт туралы егжей-тегжейлі мәлімет алуды реттейтін, мысалы, деректерді іріктеу,

пайдалану және дәйексөз ретінде алу туралы жалпы ережелермен келіседі. Ал алауыздықтар бұл ережелердің қатаң сақталу-сақталмауы төңірегінде туындайды. Сонымен қатар тарихшылар әлеуметтік және саяси мәселелер ғана емес, академиялық мәселелер бойынша да әртүрлі пікір айтады. Оларды өздері сенетін мәліметтің мазмұны емес, өткенді зерделеуге айрықша мән беруі және бірлесе ұйымдастырылған іс-шараларға атсалысуы, сондай-ақ процесс барысында белгілі бір тәсілдер арқылы шынайы тарихи мәлімет алуға болатыны туралы сенім біріктіреді. Осылайша тарих пәні күрделі тәжірибе кешені саналады және бұл белгілі бір инфрақұрылымға сүйенеді. Заманауи қоғамдарды көлік, банк ісі және денсаулық сақтау сияқты олардың жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін құрылымдар тұрғысынан қарастыру қажет, сондай-ақ академиялық пәндер де бұл құрылымдардың қосалқы жүйелері мен институттық негіздерінің аясына орналастырылуға тиіс.

Инфрақұрылым

Тарих инфрақұрылымы кадр даярлау, кәсіби ұйымдар, мемлекеттік органдар, жұмыспен қамту, баспа ісі, идеялар мен ақпаратты жариялау және таратуды қамтитын бірнеше элементтерден тұрады. Бұл ретте баршаға ортақ сәйкестік туындайды, мәселен, мектептер мен университеттер білім алатын әрі еңбек ететін орын саналады және бұл білім ошақтары көптеген елде үкіметпен өзара тығыз байланыста. Дегенмен бұл екі саланы айқын түсіну үшін олардың айырмашылығын білген жөн, өйткені олардың әрқайсысының өзіндік жеке мәселелері бар. Бұл элементтерді егжей-тегжей талқыламас бұрын, негізгі екі ойды ортаға сала кеткен жөн. Көрнекті тұлғалар, топтар мен ұлттар интеллектуалдық өмірдің инфрақұрылымын қалыптастырып, өздігінше пайдаланады және оның талаптарына әртүрлі тәсілмен жауап береді. Тарихшылар өз таңдауын жасайды, мәселен, олар көңілі қалаған кәсіби қауымдастыққа мүше бола алады. Ұлыбританияда екі негізгі ұлттық ұйым бар: 1906 жылы негізі қаланған Тарих қауымдастығы (*Historical Association*) мен 1868 жылы ашылған Корольдік тарих қоғамы (*Royal Historical Society*). Біріншісіне кәсіби мамандармен қатар, әуесқой тарихшылар да мүше болады. Ал екіншісі тарихи мәселелерге арналған ғылыми жарияланымдары бар мамандарды ғана мүшелікке қабылдайды. Мұндай ұйымдарға мүше болу жайындағы шешім жеке тұлғаның тарихты зерттеудегі артықшылықтары мен оларды қалай ынталандыруға болатыны туралы пікірін білдіреді. Мен сияқты көптеген адам алуан түрлі көзқарасты ұстанатын адамдар тобы мен ғылыми ұйымдарды бір-бірін толықтырушы ретінде қарастырады. Алайда Ұлыбританиядағы бірде-бір ұйым 1884 жылы құрылып, бүгінде үлкен әрі ықпалды институтқа айналған, «Америкалық тарихи шолу» (*American Historical Review, 1895*) сияқты беделді басылым шығаратын Америка тарих қауымдастығындай саяси мәселелерді ашық түрде айтатын дәрежеге жеткен жоқ.

Америка Құрама Штаттарының көптеген тарихи ұйымдары сияқты Америка тарих қауымдастығы да басты назарын жыныс, нәсіл және таптарға қатысты



AHA \ \ Jobs & Professional Development \ \ Statements, Standards, and Guidelines of the Discipline
 \ \ Statement on Standards of Professional Conduct

In This Section

- AHA Career Center
- Post a Job
- Career Diversity for Historians
- Career Resources
- Professional Life
- Mentoring
- Statements, Standards, and Guidelines of the Discipline
- Meetings & Seminars Calendar

Statement on Standards of Professional Conduct (updated 2018)

Download a PDF version

1. The Profession of History
2. Shared Values of Historians
3. Scholarship
4. Plagiarism
5. Teaching
6. History in the Public Realm
7. Employment
8. Reputation and Trust
9. Additional Guidance

Wholly revised in 2005 from an earlier statement adopted May 1987; amended May 1990, May 1995, June 1996, January and May 1999, May 2000, June 2001, January 2003, January 2011, January 2017, and January and June 2018.

This *Statement on Standards of Professional Conduct* addresses dilemmas and concerns about the practice of history that historians have regularly brought to the American Historical Association seeking guidance and counsel. Some of the most important sections of this *Statement* address questions about employment that vary according to the different institutional settings in which historians perform their work. Others address forms of professional misconduct that are especially troubling to historians. And some seek to identify a core set of shared values that professional historians strive to honor in the course of their work.

1. The Profession of History

1.1-сурет. Америка тарих қауымдастығының веб-сайтынан алынған скриншот

тарихи және кәсіби мәселелерге аударды. Британдық ұйымдар тарихшылардың мүдделерін кең ауқымда білдіруге тырысса да, олардың саяси дәрежесі төмендеу және көп жағдайда ескі дәстүрлі сипатта қалған. Мәселен, Корольдік тарих қоғамын тұңғыш рет әйел президент 2000–2004 жылдар аралығында басқарды. Австралия тарих қауымдастығы (*Australian Historical Association*) 1973 жылы құрылды, ол да басқа ұйымдар сияқты сыйлық пен стипендиялар тағайындайды, журнал мен ақпараттық бюллетень шығарады әрі конференциялар ұйымдастырып, қоғамдық істермен айналысады. Бұл қауымдастыққа кез келген адам мүше бола алады. Ал жақында ашылған Австралия кәсіби тарихшылар кеңесі (*Australian Council of Professional Historians*) керісінше, мүшелікке өтуге талпыныс білдірген мамандардан кәсіби біліктілігін дәлелдеуді талап етіп, олардың кәсіби деңгейіне айрықша назар аударды. Оның этика туралы кодексінде тарихты зерттеумен

айналысатын адамдармен бірлесе жұмыс істеуге арналған бөлім бар. Кеңестің веб-сайтында «кәсіби тарихшы» түсінігіне анықтама берілген және тарихшылардың лауазымы мен тәжірибесіне сай төленетін қаламақы кестесі бар. Сонымен қатар бұл кеңес тарихшылардың атынан қоғамдық пікір білдіреді. Тек жекелеген адамдар ғана таңдау жасамайды, түрлі елдердегі тарихшылар да бұл таңдауды әртүрлі контексте жүзеге асырады.

Идеялар мен ақпаратты медиа арқылы тарату тарихи контекстің маңызды бөлігі саналады. Франциядағы күнделікті газеттерде тарихи мәселелерге айрықша назар аударып, жиі жариялап отырады. 1985 жылы көрнекті тарихшы Фернан Бродель қайтыс болған уақытта басылымдардың бірқатарында оның өмірі мен бұл салаға қосқан үлесі егжей-тегжей, Ұлыбритания мен АҚШ-та бұрын-соңды болмаған деңгейде талқыланды. Дегенмен британдық газеттер мен журналдарда тарихи тақырыптағы, әсіресе тарихшылардың өмірбаяны мен мұрасына және әскери мәселелерге қатысты кітаптарға сын-пікірлер жиі жарияланады. Сол себепті Францияда іске асырылатын тарих тәжірибесін ойға алғанымызда ондағы ауқымды ортаны, ең алдымен, саяси әрі революциялық дәстүрлер туралы қызу



AHA Conference 2018: 'The Scale of History'

Monday 2 – Friday 6 July 2018, at Australian National University, Canberra. Historians make choices about the scale of their inquiry. They set parameters for their projects – temporal, geographical, social, archival – which shape their research strategies, their potential audiences, and their interpretations and arguments. Do you write history on a grand or intimate scale? [Read more ...](#)



History Australia

History Australia is the official journal of the Australian Historical Association, and is proudly published by Taylor & Francis. All members of the AHA receive a subscription to the journal. History Australia aims to reflect the concerns, publish the research and increase the professional self-awareness of historians making, teaching and applying history, particularly in Australia. [Read more ...](#)



Members only

AHA members have exclusive access to notices about funding opportunities, positions vacant and calls for papers, as well as extra events and news items. Members also receive a weekly newsletter and subscription to the AHA journal History Australia which publishes refereed articles that draw on new historical research or address ways of teaching, exhibiting or [Read more ...](#)

1.2-сурет. Австралия тарих қауымдастығының веб-сайтынан алынған скриншот

пікірталастарды ескеруіміз керек. Бұл кейбір жағдайда француздардың өткенді зерттеуге және оны баяндаушыларға қатысты алаңдаушылығын білдіреді.

Бұдан түсінгеніміздей, жеке таңдау мен ұжымдық оңтайландыруға айтарлықтай мүмкіндік берілсе де, тарихқа деген көзқарас, негізінен, ұлттық және институттық құрылымдар мен идеологиялар арқылы анықталады. Бұған мысал ретінде Германия мен Жапония туралы пікірлерді, әсіресе, Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен елдердегі көзқарасты атауға болады. Ұлттық стереотиптер өте тұрақты болып шықты және олар әртүрлі формада, еліктеуден бастап ұлттық мінез бен ұлттың айыптылығы туралы жалпы ой қорытудан, сондай-ақ өзге тілді үйренуге құлық танытпаудан байқалады. Кейбіреулер мұны ел ішінде кең таралған теріс сенім деп те айтуы мүмкін. Алайда соғыстан кейінгі жылдарда бейнелер, тіл және музыканы пайдалана отырып, 1939–1945 жылдар аралығында болған оқиғаларға қатысты осы маңызды пікірді қалыптастырған мектеп, газет пен медиа, атап айтқанда, телевизия мен кино индустриясының әрекеті арқылы мұндай түсініктер күшейтіле түскен.² Пән инфрақұрылымының таңдауымен нығайтылған мұндай құндылықтар тарихи тәжірибеге айрықша әсер етеді. Тарих пәнінің оқу бағдарламасы *мазмұнының* аясына сыймайтын білім беру *стильдері* ең негізгі терминдерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, осы терминдердің көмегімен балалар тарихпен танысып, өткен шақты ой елегінен өткізеді.

Өткенді зерделеу

Тарихты зерделеу – көптеген білім беру жүйелерінің маңызды бөлігі. Ол көпшілік оқу бағдарламаларында негізгі пән ретінде анықталған. Өткенді білу – парасат-пайымның маңызды құрамдас бөлігі және заман ағымына сай өмір сүретін азамат үшін құнды білімнің қайнар көзі. «Тарихтан сабақ алу» идеясы бұл пән не үшін кеңінен оқытылуға тиіс деген көптеген білім беру дәлелдерінің негізінде жатыр және көбінесе осы саланың негізгі қорғанысы ретінде қолданылады. Мұнда мектептегі тарих білімінің құндылығы туралы кең тараған болжамдардың маңызы зор, себебі халықтың көпшілігі міндетті білім алу кезінде бұл пәнмен алғаш рет танысады. Өткен туралы түсінік және оған деген қызығушылық пен осы саланы зерттеушілерге көрсетілетін құрмет медиа, соның ішінде баспа ісін қоса алғанда, әсіресе газет, тарихи фантастика, фильм мен теледидар, сондай-ақ өткенмен байланысты тәжірибелерді табыс көзіне айналдырған, дамып келе жатқан сектор – демалыс индустриясы арқылы қалыптасады.

Сонымен бірге білім беру жүйесі де кәсіби тарихшыларды дайындайды. Осы жағынан алып қарағанда, ол мемлекеттік және жалпы идеологиялық құндылықтарды таратушы, ал ең бастысы, оқытушылар мен зерттеушілердің келесі буыны қандай болатынын анықтау құралы болуы мүмкін. Мектепте оқытылатын тарих пәні кейбіреулер үшін бағдарламаның бір бөлігі ретінде саналса, басқалар үшін бұл өмірлік қорек болар мамандыққа дайындық. Мектепте оқытылатын тарих пәні тарихтағы жағдайға сай өзгеріп отырады және саяси талаптарға жауап

береді. Мәселен, мектептегі тарих пәні саяси тарихқа айрықша назар аударудан енді ғана арылды және тарихи тәсілдердің естеліктер мен ауызша тарихты қоса алғандағы кең ауқымын қолдана бастады. Маңызы зор ұлттық тарихтың басымдықтарына мән бермеу пікірталас тудыратыны сөзсіз. Оқиға қатысушылардың аузынан жазып алынған деректерді зерттеу оларға жанашырлықпен қарау мәселесін алға тартады.

Жанды тарих, яғни балалардың бұрынғы кезеңде өмір сүрген адамдардың шынайы болмысын, жүріс-тұрысын бейнелеп, көрсету үшін олар сияқты киінуі тарихқа қатысты жалпы көзқарасқа да, тарихшылардың өз кәсіби қызметі туралы пайымдауына да елеулі ықпал жасайды. Кей кездері музейде тарихи оқиғаны театрланған көрініс ретінде насихаттайды және тарихтан хабары бар адамдар мұны бос уақытын тиімді өткізу үшін пайдаланады, демек, бұл көпшіліктің тарихты бақылап отыратынын білдіреді. Мұнда нақты суреттеп, бейнелеу бар, оны анағұрлым кең білім беру трендтері аясында қарастыру керек. Бұл өткеннің «бөтен» болмағанын және тарихи нақтылық туралы ақиқат көзқарастың маңызы зор екенін білдіреді. Мектептердегі тарих пәнін оқыту тап пен тарихи әрекет туралы кең таралған болжамдарға сүйенеді. Мәселен, мұнда өз пікірлерін тұрақты формада жеткізуге әлдеқайда бейім келетін элитадан гөрі, түрлі пікірді ұстанатын қарапайым адамдардың айтқанын тыңдауды жақтайды. Бұдан тарихты мәртебесі жоғары, биліктің адамдары ғана емес, сонымен қатар қолында билігі аз адамдар да жасай алатынын ұғуға болады.

Әлеуметтік тарихқа назар аударумен қатар, өткен кезеңдегі меншік және тұтыну туралы идеяларға қатысты бірқатар өзгерістер орын алуда. Қазіргі таңда топтар, әсіресе элиталық емес топтар өзінің өткен тарихына өздері иелік етеді және оны өздерінің көңілінен шығатын бүгінгі бірегейлігін қалыптастыру құралы ретінде қарастырады деген идея кең таралған, мұның саяси идея екені постотарлықтан кейінгі бірегейліктерден айқын көрінеді. Тарихты оқыту арқылы құндылықтарды танымал ететін институттар оны қолдайды және насихаттайды. Бұл даулы мәселелер болғандықтан, алдағы тарауларда кеңірек қарастырамыз. Мәселен, бұл бізді әйел тарихшылардың әйелдер тарихын зерттеуге қажетті бірегей мүмкіндіктері бар ма деген сауал қоюға итермелейді. Холокосттан кейінгі еврей тарихын тек еврейлер ғана зерттеуге тиісті ме, әлде оны ата-тегіне қарамастан, бұл жайтқа қызығушылық білдірген кез келген тарихшының зерттегені дұрыс па?³

Білім беру жүйелерінің ұстанымдары бірдей емес. Заңды түрде бекітілген ұлттық оқу бағдарламасы бар Ұлыбританияда тарих пәнін оқыту көпшіліктің тәжірибесіне айрықша мән бере отырып, мемлекеттіліктің қарапайым концепцияларын түсіндіру үшін пайдаланылады. Мемлекеттілікке деген қызығушылық саясат пен саяси көшбасшыларға айрықша назар аударуға итермелейді, өткенге жақындап, бүгінгіге бағдар ұстау қазіргі заманғы ұлттық мемлекет арқылы іске асады, ертеде өткен процестердің бәрі осы негізгі мақсатқа айналған қазіргі заманғы ұлттық мемлекетке әкеледі деп саналады. Осылайша қазіргі ұлттық мемлекеттер қалыпты жағдай ретінде көрінеді және бұл болжам мектептер мен университеттерде тарихты оқыту арқылы ғана емес, сонымен қатар спорттық іс-шаралар мен халықаралық дипломатия сияқты білім беруден тыс әрекеттер арқылы да насихатталады.

Мектепте оқытылатын тарих өткен туралы негізгі ұғымдарды қалыптастырады, сол арқылы көптеген адамдардың тарих жайындағы түсініктерін анықтайды.

Тарих туралы білімді ресми түрде меңгеру тарихи тұрғыда жасалған контекстер арқылы жүзеге асады. Мұнда Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы айырмашылық анық байқалады. Британдық монархияның табандылығы, оның жоғары әлеуметтік беделі, сондай-ақ қарама-қайшылыққа толы сипаты барлық дәуірлердің патшалары мен патшайымдарына деген халықтың қызығушылығы, оның нәтижелерінің бірі – ұлт пен монарх арасындағы күшті байланыс. 2012 жылғы гауһар той және 2016 жылы атап өтілген II Елизавета ханшайымның 90 жылдық мерейтойы халықтың басым бөлігінің монархқа ерекше құрметпен әрі сүйіспеншілікпен қарайтынын көрсетті. Мұның өзі халықтың монархқа қатысты көзқарасының жылдам өзгергенін аңғартады. Айталық, 1997 жылы Уэльс ханшайымы Диананың қазасынан кейін король отбасын сынаушылардың қатары көп болған еді. Монархияның тарихи табиғаты әртүрлі тәсілдермен, соның ішінде салтанатпен расталады.

Азаматтық

Білім беру бағдарламаларында азаматтық туралы түсінік соңғы онжылдықта пайда болды. Біз мүмкін Британ аралдарындағы этностық және аймақтық бірегейліктерге қатысты күрделі мәселелерді шешу тәсілдерін зерделеп, олардың БАҚ беттеріндегі таптаурын түсініктердің сақталуына жағдай жасауын бағалауға ниеттенерміз. Бұған тарихты зерттеу ісі маңызды үлес қосуы әбден мүмкін. Әлбетте, «Ирландия мәселесі» секілді жайттардан қашып құтылуға өсте болмайды. Дегенмен Англия, Шотландия және Уэльс арасындағы шиеленістің ұлттық оқу бағдарламасына айтарлықтай көлеңкесін түсірмейтінін атап өткен жөн.⁴ Жуырда болған жағдайлар, ең әуелі, 2014 жылы Шотландияның тәуелсіздігі жөніндегі референдум және 2016 жылы Ұлыбританияның Еуропалық одақтан шығуы туралы референдум саяси ұйымдар арасындағы күрделі қарым-қатынастар тарихының жан-жақты зерттелуінің маңызын арттыра түсті.

Ал АҚШ-та керісінше, саяси бірегейлік Британ империясының бодандарын тәуелсіз жана республиканың азаматтарына айналдырған ұлт құрудың саналы әрекетіне негізделгендіктен, ұлт тарихы мүлде басқа сипатта, айқын түрде азаматтық пен патриотизм тұрғысынан көрсетілген. Аталған елде президенттерге табыну қаншалықты күшті болса да, ол британдықтардың өз монархына деген құлай берілуінен мүлде бөлек. 2008 жылы Америка тарихында тұңғыш рет қара-нәсілді Барак Обаманың президент болып сайлануы және оны 2012 жылы қайта сайлау нәсілдік қатынастар тарихын БАҚ пен қоғамдық пікірталастардың басты тақырыбына айналдырды. Соншалықты күрделі, кейбір жағдайда сәйкес бола бермейтін бірегейлікті тарихи тұрғыдан түсіну қажет деген идея Америка қоғамының барлық сатыларында үнемі қайталанатын. 2016 жылы Дональд Трамптың президенттікке сайлануы тарихи тұрғыда жақсы ақпараттанған пікірталастарға

шақырумен қатар, алауыздықтардың да бар екенін көрсетті. Осыған ұқсас қайшылықтар Еуропада да байқалады: онда саяси даму ағымында миграция мәселесі айрықша маңызды болып отыр және сол миграцияға қарсы топтар өздерін қолдауды арнайы ұйымдастырады. Азаматтыққа қатысты ежелден келе жатқан дәстүрі бар Францияда әйелдердің мұсылмандарға арналған киім кию-кимеуіне қатысты жақын уақытта туындаған дау – дін, мәдениет пен білімді басты тақырыпқа айналдырып жіберді.⁵

Ұлыбритания – азаматтарын емес, бодандарын басқаратын монархия ұлттық бірегейлікті қалыптастыратын және білім беру жүйесіне әсерін тигізетін жалғыз мемлекет емес. Даттар, шведтер мен норвегтер өз елдеріндегі корольдік отбасының өміріне ерекше қызығушылық танытады. Дания үкіметі мектептерде ұлттық мәдени бірегейлік сезімін күшейтуге ұмтылады. Атақты тұлғалардың мәдениеті және монарх па, әлде президент пе, әйтеуір көшбасшылардың маңындағы мол байлық пен саяси биліктің тартымдылығы арқылы ұлттық мәдениет балаларға өткенді түсінуге мүмкіндік беретін тәсілдерді қалыптастырады. Ұлттық бірегейлік пен тарихқа көзқарас тұрғысынан алғанда, Ресей Федерациясы жақсы мысал бола алады.⁶

Университеттер

Мектептерде тарихты оқытудың саяси тақырыбы қаншалықты өзекті болса да, университет қабырғасындағы курстардың кәсіби тарихшылардың құндылықтары, көзқарастары мен интеллектуалдық құрылымдары үшін айрықша ықпалы бар. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында берілетін тарихи білімнің жаратылыстану ғылымдарымен тіпті басқа гуманитарлық пәндермен салыстырғандағы айырмашылығы – оны әртүрлі елдерде және бір елдің ішінде де оқытудың айтарлықтай ерекшеліктері болуы мүмкін. Мұндай көпнұсқалылық негізгі мәселелердің кейбірі тарих пәнімен байланысты екенін көрсетеді. Әсіресе мынадай ерекшеліктер өзекті: қамтылатын кезеңдер мен елдер; негізгі және қосымша дереккөздерді қолдануда тепе-теңдікті сақтау; оқытудың тақырыптық ұйымдастыру дәрежесі; саяси әрі теориялық мәселелерді ашық түрде көтеру деңгейі. Жоғарыда аталғандардың тарих *мазмұнына* қатысы бар екені сөзсіз, алайда оның тарихтың ұйымдастырушылық құрылымымен де байланысы бар және бұл негізгі үш тәсіл арқылы жасалынады.

Біріншіден, колледждер мен университеттерде қызметкерлер тарапынан ұсынылатын оқыту мазмұнын бекітудің әкімшілік механизмдері бар. Осы оқу орындарының ресми және бейресми мәдениеті шеңберінде пәндердің кейбірі оқуға ұсынуға лайықты болса, ал енді бірі студенттер үшін жарамсыз саналады. Біз көптеген тарих кафедраларының ұзақ уақыт бойы әйелдер тарихы бойынша курс ұсынуға қарсы болғанын, Ұлыбритания мен Германиядағы оқу орындарының кейбірі нәсілдік және этностық немесе ауызша тарихты оқытуға әлі күнге дейін аз сағат бөлетінін не болмаса бұл тақырып бойынша ешқандай сабақ оқытпайтынын

байқаған кезде, мұндай механизмдердің қаншалықты маңызды екенін бірден түсінеміз. Жаңа тақырыптар қауіпті деп табылуы мүмкін, білім беру ұйымдары бұл тақырыптар интеллектуалдық тұрғыдан аса қиын болмайтын, тым сәнді әрі «нағыз тарих» емес деген емеурін білдіретін тәсілдер ойлап табуы да ықтимал. «Жаңа» деген сөзді тырнақшамен беріп отырмын, өйткені кейде әйелдер тарихы сияқты қарастырылып жатқан тақырыптар жаңа болмай шығады. Кәсіби тарихшылар бұл тақырыпты ұзақ уақыт бойы зерттеп, жазып келеді. Әйелдер тарихындағы «жаңа» деген ұғым феминизмнің екінші толқынымен, яғни ер адамдармен тең дәрежеде еңбекақы төлеу, гендерлік тұрғыдан кемсітушілік, бала күтімі және халық санының өсуін бақылау жөніндегі саяси науқанмен байланысты. Көптеген институттар бұл мәселелерді әлі де зерттеп келеді. «Феминизм» әлі де болса даудамай туғызатын термин, сондай-ақ гендерлік қатынастар да әлеуметтік, экономикалық және саяси қақтығыс туғызатын тақырыптардың бірі болып қала береді. Дегенмен бұл тақырып бойынша зерттеумен айналысатын көптеген адам академиялық жұмысқа орналасып, қазіргі таңда гендер және жыныс мәселелері кеңінен талқыланатындықтан, комитеттер құрамы өзгереді және бұған дейін күрделі деп саналған ұсыныстар қабылданды. Оқу бағдарламасындағы жаңашылдықты «жақсы», ал бұған қарсы болуды «жаман» демеймін. Алайда оқу бағдарламасы шынымен де өзгерісті қажет етеді, оны жаңаша түрде саралау керек, ал бұған қарсыластықтың сипатына қарап ол бағдарламаларды қалыптастыратын және қолдайтын пән мен институт өкілдерінің айырылғысы келмейтін таным-түсініктерінің бар екенін сезуге болады. Өзгеріс енгізу шығынға батырып қана қоймай, табысқа да кенелтеді және бұл процесте құнды перспективалардың жұтылып кетуін қадағалаған жөн.

Ұйымдардың тарихтың мазмұнын қалыптастыруы, яғни ресурстармен қамтамасыз етуінің екінші жолы университеттер деңгейінде оқыту үшін өзекті болып саналады. Тарихтың жаңа салалары, мейлі цифрлық немесе дәстүрлі формада болсын, қосымша ресурстарды талап етеді. Жоғары білім алу көрсеткішінің артып келе жатқанына қарамастан, қазіргі уақытта әлем бойынша білім беру саласындағы серпіліс аяқталған сияқты. Бұл үкіметтің білім беру саласына азырақ көңіл бөлетінін білдірмейді, бұл мәселеге қатысты мінберден айтылатын сөздердің мазмұны өзгерген жоқ. Алайда экономикадағы өзгерістер бұл саладағы шығындарды азайтты және қазіргі таңда көптеген елдер кез келген стандарт бойынша кітапханалар секілді әлсіз инфрақұрылымдармен жұмыс істеуде. Тіпті «бірінші әлем» елдері білім беруге бөлінген бюджетті қатаң бақылауда ұстап, сондай-ақ өз халқының жалпы біліктілік деңгейін арттыруға ұмтылады. Мұндағы «біліктілік» сөзінің астарында сауаттылық, заманауи тілдерді, есептеу және талдауды үйрену, сонымен бірге ақпараттық технологияларды тиімді қолдана білу жатыр. Компьютер тарихты зерттеу саласында айрықша рөл атқарады, ол – тарих инфрақұрылымының негізгі құрамдас бөлігі. Ал интернет дүниежүзі бойынша кітапхана қоры мен каталогтарына, сонымен қатар интерактивті веб-сайттар мен әлемдік ақпарат кеңістігіне жол аша отырып, бұл инфрақұрылымның ерекше маңызды бөлігіне айналды. Ең сапалы білім беру жүйелерінде ақпараттық технологияларды оқытудың бағдарламалары қарастырылған. Тарихшылар да цифрлық материалды

бағалаудың *сыни* тұрғыдағы машықтарын игеруге тиіс. Сонымен бірге тарих туралы мәлімет *колемінің* артуына байланысты бұрын-соңды айналымда болмаған көптеген журнал мен кітаптар шығарылуда. Мұның нәтижесінде ресурсқа түсетін салмақ күшейді: бұл қазіргі таңда жаңа салалар мен бағыттарды дамытуға кедергі жасамауы мүмкін, бірақ студенттердің анағұрлым жоғары деңгейдегі жұмыс тәжірибесін қалыптастырады.

Ұйымдастырушылық мәселелердің тарих мазмұнын қалыптастыруға ықпал ететін үшінші тәсілі «сұранысқа» байланысты. Соңғы жылдары жалпы өзгерістер орын алды, соның нәтижесінде нарықтың идеологиялық сипаттағы тілі кеңінен қолданыла бастады және бұл тренд жоғары білім беру саласында ерекше байқалады. Студенттер «тауарды» таңдап, сатып алатын тұтынушыларға айналды. Риторикамен бірге білім беру саясаты да өзгереді. Тарих саласы нарыққа енгендіктен, бұл – университеттерге ғана емес, баспа ісіне де қатысты мәселе. Сайып келгенде, курстар студенттердің мұның алдындағы білім деңгейі, жұмысқа орналасу мүмкіндігі, жеке қызығушылықтары мен саяси орта қалыптастыратын талаптарын қанағаттандырады. Шындығында, студенттерге білім алудың жеке траекториясын таңдауды ұсынатын университеттер саны неғұрлым көп болған сайын, тарих пәніне «нарықтың» ықпалы да соғұрлым күшейе түседі. Мұнда мамандық таңдау туралы түсініктің маңызы зор және жоғары білім беру саласында кәсіби пәндерге ерекше ден қоятын жалпы трендтер қалыптасуы мүмкін әрі оған жұмысқа орналасу мүмкіндігіне қатысты талаптардың күшеюі де себеп болуы ықтимал. Дегенмен таңдау қолданбалылық талабына ғана негізделмейді. Мысалы, оның көптеген мамандықтарға қатысы бар екеніне қарамастан, экономикалық тарихқа деген қызығушылықтың жалпы төмендеуі байқалады. Жалпы алғанда, мәдениет және мұра курстарына, атап айтқанда, музей мен медиаға қатысты курстарға қызығушылық артып келеді. Оқу орны арқылы табатын пайдасы жайында алаңдайтын институт басшылары кей кездері қазіргі заманның талабына сай келе бермейтін пәндерді қысқартуға дейін барады, олардың пікірінше, бұл студенттің сұранысына жауап бере алмайтын пәндер. Алайда мұндай салалар кафедра және университеттер аясында белсенді түрде дамытылса, онда сұраныс құрылымы өзгеруі мүмкін.

Тарих және іргелес салалар

Академиялық пәндерді оқыту сол пәндерді қалыптастыруға септігі тиетін күрделі ұйымдастырушылық құрылымдар шеңберінде жүзеге асырылады. Өздері негізделетін институттардың оралымсыздығына қарамастан бұл құрылымдар да өзгеріске ұшырайды. Айналамызда болып жатқан түрлі өзгерістер академиялық пәндерге де ықпал ететіні сөзсіз: бұған кафедралар мен кәсіби мамандандырылған курстардың атауы жақсы мысал бола алады. Қазіргі уақытта тарих өзге пәндердің құрамында оқытылады, олардың кейбіреулерінде «тарих» деген сөз мүлде жоқ. Бұған тарих пәнінің өзге гуманитарлық немесе қоғамдық ғылымдар құрамындағы пәндермен қатар, нақты бір географиялық аймаққа қатысты қолданылатын

аймақтану құбылысы мысал бола алады.⁷ Бұл тренд әлемнің бөліктері назар аударуға лайықты деп саналатын өзгерістер туралы да, тарих пен басқа пәндер арасындағы байланыстардағы өзгерістер жайынан да хабардар етеді.

Қырғиқабақ соғыс кезінде Кеңес Одағына деген қызығушылықтың күрт артуы ерекше құбылыс болды. *Ресейлік зерттеулер* тарихшылар, тіл мамандары, әдебиет сыншылары, әлеуметтанушылар мен экономистер және саясаттанушылардың басын біріктірді. Бұрын Кеңес Одағының құрамында болған елдерде ауыр зардаптары болуы мүмкін қақтығыстардың қайта туындауына қарамастан, ресейлік зерттеулер сала ретінде сұйылды. Әдетте аймақтануда тарих пен өзге пәндер арасындағы байланысқа ерекше назар аударылады. Америкалық, латынамерикалық зерттеулер сияқты және тағы басқа салалардың мақсаты үшін тарих бірінбірі толықтырып отыратын қосымша тәсілдердің қатарына жатады. Негізінен, тілді тарих контексті аясында оқыту да осы толықтырушы тәсілдерге жатады. Германиядан тыс елдерде, әсіресе ағылшынтілді ортада Германия тарихы шағын сала болып отыр, бұл мұнда тілдің айтарлықтай кең қолданылмауына байланысты болуы мүмкін. XX ғасырдағы Германияға деген орасан зор қызығушылықты ескерсек, бұл мысқылдайтын жағдай екенін байқаймыз. Дегенмен кейбір экзотикалық тілдерді, әсіресе Жапония мен Қытайдағыдай, олар саяси және экономикалық күшке ие болған жағдайларда кеңінен қолдануға тырысады. Мысалы, Африкадағы тілдердің қолданылу аясы мұндай кең емес. Қазіргі уақытта Қытай тарихын зерттеу үшін ол тілді білудің маңызы зор, сол себепті уақыт өткен сайын қытай тілін үйренушілердің қатары көбейіп келеді. Мұның нәтижесінде бакалавриат студенттерін оқыту үшін ағылшын тілінде жоғары деңгейде әзірленген көп еңбектер бар.⁸ Тілдер мен географиялық аймақтардың тартымдылығы өнер, музыка, фильм және әдебиет арқылы эстетикалық әрі академиялық таңдауды қалыптастыратын ауқымды мәдени контексте қарастырылуға тиіс.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ресей, Африка, Латын Америкасы, Азия секілді саяси және экономикалық тұрғыда маңызды саналатын мемлекеттер аймақтану саласының тәсілдерін қолдана бастады. Кез келген сәтте қай аймақтарға қаншалықты басымдық берілетіні, бір жағынан, отаршылдық саясаттың үлгілеріне байланысты. Ұлыбритания зерттеушілерінің Үндістан мен Кариб елдерін зерттеуге деген қызығушылығы көп жағдайда бұл аймақ тұрғындарының миграциясы мен ұлттық сана және отбасылық естеліктерін, дәстүрлерін зерделеуге бағытталған. Қай географиялық аймақты зерттеу маңыздырақ деген сұраққа әркім әртүрлі жауап береді, бұл зерттеушінің ұстанымына байланысты. Ұлыбритания тарихшыларына «британдық зерттеулер» ұғымы оғаштау көрінеді: маңызды тарихи зерттеу мақалаларын жариялайтын «Британдық зерттеулер» журналы (*Journal of British Studies*, 1962) Солтүстік Америкалық британдық зерттеулер конференциясының басылымы саналады.

Әр мемлекет өз тарихына басымдық беруге тырысады, бірақ оның бейнелену деңгейі әртүрлі болады. Пәнаралық зерттеулерге қолайлы аймақтарды анықтау экзотикалық түрдің ерекшелігін білдіреді; соған орай аймақтану саласы, негізінен, біз тұратын аймаққа емес, әлдеқашан басқа аймақтарға айналған өңірлерге негізделеді. Аймақтану университеттер бойынша айтарлықтай біркелкі таралмаған, олар көбінесе пәнаралық жұмысқа бейім және тарих ғылымының астарында

[Donate](#)

NORTH AMERICAN CONFERENCE
ON BRITISH STUDIES

Q

Home
Journal
Blog ▾
Prizes ▾
Conference
Membership ▾
Officers
Archive ▾
Affiliates ▾
Contacts



Journal of British Studies Moves to Cambridge University Press 1 2

f
t
in
✉
+
361

Latest News

Interview with Mark Doyle, Co-Winner of the 2017 Stansky Book Prize
August 17, 2018

Professor Doyle recounts the research and writing of his book 'Communal Violence in the British Empire: Disturbing the Pax' (2016), in addition to offering advice for early career professionals and outlining his next projects

Interview with 2017 Stansky Prize Co-Winner Laura Beers
July 10, 2018

Beers discusses her book 'Red Ellen: The Life of Ellen Wilkinson, Socialist, Feminist, Internationalist' (2016)

Annual Midwest Conference on British Studies, September 14-16
July 10, 2018

The MWCBS annual meeting will be held in Lexington, KY at the University of Kentucky, September 14-16, 2018.

About the NACBS

The North American Conference on British Studies (NACBS) is a scholarly society dedicated to all aspects of the study of British civilization. The NACBS sponsors a scholarly journal, the Journal of British Studies, online publications, an annual conference, as well as several academic prizes, graduate fellowships, and undergraduate essay contests. While the largest single group of its members teach British history in colleges and universities in the United States and Canada, the NACBS has significant representation among specialists in literature, art history, politics, law, sociology, and economics. Its membership also includes many teachers at universities in countries outside North America, secondary school teachers, and independent scholars.

NACBS STATEMENT ON EXECUTIVE ORDER, SIGNED JANUARY 27, 2017

The North American Conference on British Studies, North America's largest organization of scholars pursuing the study of Britain and the former British Empire, denounces President Trump's executive order restricting travel of those from seven majority-Muslim countries and temporarily halting the

Journal of British Studies

The official publication of the North American Conference on British Studies (NACBS), the Journal of British Studies, has positioned itself as the critical resource for scholars of British culture from the Middle Ages through the present. Drawing on both established and emerging approaches, JBS presents scholarly articles and books reviews from renowned international authors who share their ideas on British society, politics, law, economics, and the arts. In 2005 (Vol. 44), the journal merged with the NACBS publication Albion, creating one journal for NACBS membership.



Statement Opposing US Proposal to Tax Tuition Waivers

The Executive committee has endorsed the following statement by the ACLS, opposing the US proposal to tax tuition waivers

<http://www.aclaonline.org/online/pressstatement>

Tweets by @hlabion



H-Albion
@hlabion

Retweet
Reply

Queen Mary Eighteenth-Century Studies Seminar: Semester One 2018-19 [zwIyDYP6d30IVYFK](#)

Queen Mary Eighteenth-Cent. ...
All welcome: the seminar is ope...
[qmcecs.wordpress.com](#)

Sep 23, 2018



Hathitrust
@hathitrust

Retweet
Reply

Researchers may now use entire Hathitrust corpus — incl copyrighted items — for non-consumptive

1.3-сурет. Солтүстік Америкадағы Британдық зерттеулер конференциясынан (The North American Conference on British Studies) алынған скриншот

жатқан саяси императивтерге ерекше назар аударатын институттарда болады. Сонымен қатар зерттелетін ел немесе аймақ мәдени дипломатия мен институттар арқылы қаржымен қамтамасыз ету туралы ұсыныс жасаған, ғалымдардың назарын әлемнің осы бөлігіне қызықтыратын конференциялар мен көрмелер өткізген жағдайда ғана, олар халықаралық қатынастардың бір түріне айналады. Сайып келгенде, географиялық аймақтарды қызықты, саяхаттауға әрі сауда жасауға тұрарлық орын және әлемдік саясатқа қатысатын аймақ ретінде насихаттауға болады. Нәтижелі серіктестік болу үшін жұмсақ күш пен академиялық ұмтылыстар біріктірілуі қажет.

Көптеген университеттерде әлі күнге дейін жеке тарих факультеттері бар және оларда бұрын бітіріп кеткен студенттерге толық немесе жартылай ғана таныс тарих курстарын оқытады. Дегенмен жалпы институттық орта айтарлықтай өзгерген. Белгілі бір салаға ерте мамандануды болдырмау механизмдерімен қоса, ғылыми дәрежелер алуға арналған модульдік тәсіл бұрыннан қолданылатын Америка Құрама Штаттары сияқты елдерде бакалаврларға бір саланы үш немесе төрт жыл бойы оқытпайды. Анағұрлым мақсатты түрде бағытталған үлгі – кейбір еуропалық елдерде, соның ішінде Ұлыбританияда сақталған. Ұлыбританиядағы курстардың көпшілігі модульдік жүйе бойынша оқытылғанымен, мұнда ерте мамандануды болдырмайтын біршама ережелер бар. Сол себепті студенттер іс жүзінде Солтүстік Америка студенттері сияқты тарих пен өзге пәндерге кіріктірілген нұсқаларды сирек таңдайды. Алайда білім беру ұйымдары мен қаржыландыру органдары пәнаралық жобаларды әзірлеп, дамытып отырады, бұл мәселелер жиі талқыланады.

Тағы бір айта кетерлік жайтқа келсек, кейбір институттарда түрлі гуманитарлық пәндерді, атап айтқанда, «гуманитарлық ғылымдар», «біріктірілген зерттеулер» немесе тіпті «теориялық зерттеулер» деп аталатын жалпы кафедраларға біріктіретін үрдіс белең алды. Бұл кафедраларда белгілі тарихшылар дәріс береді, алайда олардың атқарып жатқан жұмысын тарих деп санауға болмайды. Бұл сипаттамалық тәсілден гөрі, тақырыптық тәсілдің дамуына ықпал етеді. Бұл тәсілдің мысалы ретінде «400–1200 жылдар аралығындағы Еуропа тарихы» немесе «Британ империясы және Достастық тарихы» деп аталатын курсты атай аламыз. Негізінен, тақырыптық курстар адамды қызықтырады, себебі бұл пәндер тарихты тың тәсілдер арқылы зерделейді, осылайша студенттерді жаңа әдістер мен тәсілдерді меңгеруге бағыттайды. «Қазіргі мәдениеттің ерте кезеңі тарихының негіздері» деп аталатын курс студенттерге саяси, әлеуметтік және экономикалық баяндаудан өзгеше сипаттағы талдауды ұсынады. «Солтүстік Ирландия мәселелері» курсы – қатысушыларға бүгінгі әлемді әлі күнге дейін толғандыратын және күрмеуі қиын жағдайлар туралы ойлануға шақырады. Мұның тарихшыларға ғана емес, саясат пен дінтануға қызығатындарға да қатысы бар.⁹ «Революциялар» курсы – студенттерді 1789 жылғы Франция мен 1917 жылғы Ресей арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды қарастыруға, басқаша айтқанда, салыстырмалы түрде ойлануға үйретеді. Бұл оларды режимдерді әлсірететін экономикалық қиындықтар мен саяси наразылықтар арасындағы байланыс, харизмалы көшбасшылар, саяси тұрғыдан белсенді таптар, революция теориялары және тағы басқа мәселелерге аналитикалық тұрғыдан ой қорытуға шақырады. Дегенмен мұнда қамтылатын тақырыптар бұрмаланып берілсе, мысалы, саяси реформаларды қамтитын контексте, негізінен, феминистік қозғалыстар жайында сөз қозғалмаса немесе XVII ғасырдағы ғылыми революция өзге кезеңдегі интеллектуалдық және әлеуметтік ауыс-түйіспен салыстырылмаса, студенттің ой-өрісі шектеліп қалады. Бұл дәлелдерді мемлекеттер, аймақтар немесе кезеңдерді өзінен-өзі түсінікті нысан ретінде және бір-бірінен бөлек алып қарайтын, *тарихтың өзі* деп саналатын саяси оқиғаларға ерекше басымдық беретін сипаттамалық курстарға да қолдануға

болады. Ең дұрысы – курстар мен тәсілдерді ұштастыру. Мұны ауқымы кең тарих факультеттері ұсына алатыны сөзсіз. Кейбір институттар үшін ол мүмкін де емес, себебі мұнда тарих пәнін оқытуға қатысты жалпы ұстанымды олардың рухы, ұйымдастыру жүйесі және пәндерге қатысты тәсілдері анықтайды.

Осы уақытқа дейін пәннің білім беру аспектілерінің қалай ұйымдастырылатынын айқындайтын кейбір параметрлеріне жалпы сипаттама бердім, сондай-ақ оларда үлкен айырмашылықтар бар екенін атап өттім. Алайда көптеген елде тарихқа да, басқа пәндерге де қатысты кәсіби өмірді ұйымдастыруда ортақ элементтер бар: мектеп бағдарламасының айрықша маңыздылығы; мектеп мұғалімдерінің жоғары білімі мен біліктілігінің болуы; адамдарға жоғары деңгейде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін ғылыми кадрларды даярлау жүйесі; үкіметтің қаржыландыру мен стандарттарға қатысуы; конференциялар ұйымдастырып, тарихшыларды шақыру, мемлекеттік органдармен жұмыс істеу және зерттеушілер еңбектерін басылмаларға жариялауға жағдай жасайтын кәсіби ұйымдар құру.

Тарихшылардың ұйымдары

Тарихшыларға көмектесетін көптеген ұйымдар баршылық, оның ішінде архивте жұмыс істеуіне жағдай жасайтын жергілікті ұйымдардан бастап, әлемнің түкпір-түкпіріндегі кәсіби мамандардың келелі кездесулерін ұйымдастыратын халықаралық ұйымдар да бар. Мамандандудың деңгейі әркез жоғарылап келе жатқандықтан, ұйымдар санының өсуі шындығында, ешкімді таңғалдырмайтын жайт. Ұйымдар арқылы тарихтағы белгілі бір тақырыпқа қызығатын кәсіби және әуесқой тарихшылар қатары көбейеді. Сондай-ақ тарихқа қатысы бар жұмыс ауқымы да кеңейеді әрі тек оқу орындарында ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдар, медиа және музейлерде жұмыс орындары ашылады. Мұндай ұйымдардың бір ғана міндет атқаруы сирек кездеседі. Яғни олар идеялар мен адамдарды насихаттау үшін құрылады және ресурстар шектеулі болған кезде, олардың маңызы арта түседі. Кәсіби ұйымдардың атқаратын қызметі әртүрлі, олардың кейбіреуі өзге ұйымдарға қарағанда, ашық түрде бағаланып жатады. Бұл ұйымдар саланың мүддесін қорғауға тырысады, мысалы, мемлекет саясатына ұсынылатын өзгерістер туралы өз пікірін ортаға салады. Аталмыш ұйымдар осы және іргелес салаларда қызмет істейтін әріптестердің, ғалымдардың және кейде жалпы қоғамның назарын аудару үшін қызмет етеді. Көп жағдайда бұл ұйымдар журнал шығару ісіне демеушілік жасайды, сөйтіп журнал кәсіби топтың немесе ғылыми қоғамның қоғамдық келбетіне айналды. Осылайша олар «тарих» ұғымының мәнін анықтауға көмектеседі. «Америкалық тарихи шолу» (*American Historical Review*), «Корольдік тарихи қоғамның еңбектері» (*Transactions of the Royal Historical Society, 1876*) немесе «Австралия тарихы» (*History Australia, 2003*) журналдарында жарияланған мақалалар тарих саласына жатады. Салалар өзгеріске ұшыраған кезде және оның жаңа қосалқы салалары пайда болған уақытта бұл функция айрықша маңызды болады. Сондықтан ғылыми беделі жоғары журналға «жаңа» тақырыпты

Welcome

The Annual
Conference
of the

ORAL
HISTORY
SOCIETY

in association with
LLAFUR
Orals at Work



supported and hosted by
Prifysgol Abertawe
Swansea University

5-6 July 2019

Oral History@Work: RECORDING CHANGE IN WORKING LIVES

CALL FOR PAPERS deadline: 14 December 2018 | www.ohs.org.uk/conferences

Welcome

Oral history is the recording of people's memories, experiences and opinions. It is:

- A living history of everyone's unique life experiences
- An opportunity for those people who have been 'hidden from history' to have their voice heard
- A rare chance to talk about and record history face-to-face
- A source of new insights and perspectives that may challenge our view of the past.

The Oral History Society promotes the collection, preservation and use of recorded memories and plays a key role in facilitating and developing the use of oral history

If you are interested in working with oral history you should join the only organisation in Britain and Northern Ireland that supports and debates such activities.

As a member of the Oral History Society you will be:

- Joining a community of oral historians that are active locally and nationally
- Entitled to take part at a reduced rate in a series of highly-rated training programmes
- Able to learn and share experiences of best practice in oral history

1.4-сурет. Ұлыбританияның Ауызша тарих қоғамының (UK Oral History Society) веб-сайтынан алынған скриншот

зерделеген, өзекті мақала жариялау жай ғана бір жеке мақала жариялаудан әлдеқайда маңызды саналады. Бұл дегеніміз, тарих туралы ұғымның мәнін анықтауға қатысты болуы мүмкін. Жаңа ұйымдар мен журналдар – өзінің құрылтайшыларына «мансап капиталын» беретін, саладағы ұғымдар мен түсініктерді «зандастыратын» құралдар. Осылайша кәсіби ұйымдар өз пәндерін анықтауға және оларды көпшілікке ұсынуға көмектеседі. Аталған ұйымдар веб-сайттар, конференциялар, ақпараттық бюллетеньдер және басқа да жарияланымдар арқылы мәлімет беріп, қоғамдастықтар мен интеллектуалдық желілер құрады.

Осылайша ғалымдар жалақы алып немесе жарияланымдар жариялап жүргеннен емес, кәсіби бірегейлігін растайтын топтар құрамына кіретіндіктен, өздерін тарихшылар қатарына жатқызды. Сонымен бірге жұмыс орнын сақтап қалуға, мақала жариялауға, мансабын көтеруге мүмкіндік беретін байланыстарды орнату желісін құру сияқты тікелей кәсіби функциялар да бар. Кейбір қоғамдар жұмыс орындарын жарнамалайды және мұны институттардың өз салаларын қысқартпауын, дарынды жас ғалымдарды лайықты жұмысқа орналастыруды әрі әйелдер мен азшылық топтарға тең мүмкіндіктер беруді бақылауды өздерінің міндеті санайды. Осылайша кәсіби ұйымдар тарихшылардың өз саласына деген сезімін одан сайын оятуға, мәселелерді талқылауға, тарихтың жалпы құндылығын түсінуге және процесс барысында өз бірегейлігін қалыптастыруға көмектеседі. Бұл процестердің жүзеге асып жатқанын президенттік жолдаулар мен инаугурациялық дәрістерден және осы сала бойынша қызмет етіп жүрген көрнекті тұлғалардың шешуші мәселелер бойынша өз әріптестеріне арнаған сөздерінен байқаймыз. Ұйымға мүше мамандардың көпшілігі өздерін сол тұлғалармен тең дәрежедеміз деп санайды және өздерін тарихшы ретінде дәлелдеу әрі өз саласы бойынша өзін-өзі дамыту үшін олардың сөзін пайдаланады. Дегенмен олардың біразы белгілі тұлғалардың пікірімен әрдайым келісе бермейді, керісінше өз бірегейлігін дәлелдеуге ұмтылады. Бұл процестердің барлығы кәсіби орта тап өкілдерінің өз ұстанымдарын қалыптастырып, соны берік ұстануымен сипатталады.

Кәсіби ұйымның мүшелігіне өту оңай процесс емес, олардың кейбіреулері бұл қатарға тек шақырту немесе арнайы сайлау арқылы ғана қабылданады. Олардың рөлі әртүрлі болғандықтан, олардың арасында қайсысының рөлінің басымдығына орай айтарлықтай айырмашылық бар. Шетқақпайланудан үрейленетін жаңа салалар мен ғалымдар көпшілікке өзін мойындату үшін конференциялар ұйымдастыратын, зерттеу материалдары мен атқаратын қызметін өзгелерге жариялайтын мүдделес адамдар тобына сүйенеді. Мұндай топтардың кейбірі өзін радикал және оппозициялық деп санайды, мысалы, Ұлыбританиядағы Ауызша тарих қоғамы (*Oral History Society*) мен Америка Құрама Штаттарында шығатын «Радикал тарихи шолу» (*Radical History Review, 1975*) журналының негізін қалаған топтар өздеріне қоғамның назарын аударуға тырысады. Үкімет, университет, қаржы ұйымдары және т.б. тарапынан мойындау сияқты әріптестердің мойындауы да маңызды. Тарихшылар пәнді өзге салалармен байланыстыра және күллі өлемге осы саладағы жетістіктерді көрсете отырып, оның маңызын дәлелдейді. Білім кәсіби ұйымдарда беріледі, осылайша жасалып жатқан жұмыстың сапасы жақсара түседі. Желілер құру, байланыс орнату және бекіту сияқты функциялар да маңызы рөл атқарады. Сондай-ақ бұл ұйымдардың көпшілікке танымал болуы да маңызды, өйткені ол ұйымдар тар шеңберде мамандандырылған білім беру және басқа әлем (оның ішінде, саясат жасау) сияқты, екі жолдың торабында тұр. Қазіргідей цифрлық технология дамыған заманда тарих саласы ұйымдарының веб-сайттары өз құндылығы мен атқарған қызметі туралы мәлімет береді, бұл тарихшылар, қалың бұқара мен ресми мүдделі тараптар арасында қарым-қатынас орнату үшін қызмет етеді.

Жариялау

Басқа салалар сияқты тарихшылар да, зерттеу нәтижелерін әртүрлі формада, соның ішінде электрондық формада жариялап, таратады. Көп жағдайда көпұлтты орасан индустрияның бір бөлігі саналатын баспагерлер ғылым саласында шешуші рөл атқарады. Сол себепті тарих саласы баспагерлермен тығыз байланысты және оларға тәуелді. Қай салада қолданылатынына карамастан, белгілі бір құбылысты білім деп санау үшін, алдымен, бірқатар бағалаулар мен тексерулерден өткізу қажет, сол себепті авторлардың өз әріптестері мен оқырмандарының алдындағы жауапкершілігі зор. Оқырман ғылыми еңбектің соңында берілген сілтемелер мен библиография арқылы кітаптағы тұжырымдамаларды тексере алады. Сілтемелер автордың оқуға кенес берген дереккөздер ауқымын көрсетеді және кітап пен журнал рецензенттері сияқты сыншылар автордың өз еңбегінде дереккөздердің маңызды бөлігін дұрыс бергенін немесе бермегенін зерделеп, сыни тұрғыдан талдау жасайды. Бұл студенттерді дәйекті дәлелдерді бағалауға және дәйексөзді дұрыс пайдалана алуға үйретеді. Бұл – теория ғана, ал іс жүзіндегі жағдай анағұрлым құбылмалы болады. Егер алдыңғы жарияланымдарыңыз сәтті шыққан болса, онда сіздің кім екеніңіз ендігі жарияланымыңызға әсер ететіні сөзсіз. Ал мұндағы «сәтті» деген сөз осы контексте қандай мағына білдіреді? Бұл көпшілік сол жарияланымдарды оқыды әрі онда келтірілген дәлелдерді қолданды, ол өзге адамдардың зерттеу жұмысына айрықша ықпалын тигізді дегенді білдіруі мүмкін. Мұнда әсіресе көптеген «бестселлердің» шын мәнінде көп оқыла бермейтіні және бұл мәртебеге басқыншы маркетинг арқылы жеткенін ескерсек, жарияланымдар статусына шүбә келтіру маңызды мәселе. Сондай-ақ сілтемелер индекстері секілді болжам объективті көрсеткіштер де адамды жаңылыстыруы мүмкін. Қалай болғанда да, коммерциялық табыс пен сыншылар тарапынан берілетін он бағаның арасын ажырата білуіміз керек, сондай-ақ бірқатар қоғамдастықтар кез келген жарияланымды сынға алатынын мойындауымыз керек, ең бірінші болып әріптестердің сынға алуы ықтимал. Сондықтан кітапқа «сәтті», «тамаша» немесе «жаман» деген баға берілсе, оның себебін мұқият зерттеу қажет.

Есімі елге танымал авторларға еңбектерін басып шығару туралы келісімдерге қол жеткізу қиындық тудырмайды. Кітаптар туралы сөз болғанда, толықтай «соқыр» (анонимді) деп бағаланатын, яғни рецензент автор туралы ештеңе білмейтін жайттар сирек кездеседі. Кейбір баспагерлер, бірқатар журналдар да, әлі күнге дейін осы жүйені қолданады, алайда өз тәжірибеме сүйенсем, іс жүзінде оның жүзеге асу тәжірибелері әртүрлі болып келеді. Қалай болғанда да, «соқыр сын-пікір» (анонимді сын-пікір) жүйесінің тиімді жұмысы оқырмандардың шынайы бейтараптығы сияқты бірқатар факторларға байланысты, бұл бір салада жүргендер үшін күрделі мәселе, ал басқа саладан шақырылған зерттеушілер үшін кемшіліктерді байқау қиынға соғуы мүмкін. Сонымен қатар бұл жүйе автордың өзіне ұсынылған кез келген өзгерістің қажеттігін қабылдауға әзір екеніне де негізделеді. Ол авторлардан өзінің кім екенін жасыруды талап етеді, ал іс жүзінде бұл онай шаруа

емес. Өзара байланыстары жақсы шағын ғылыми қоғамдастықтардың болуына қарамастан, ең беделді журналдар бұл жүйені әлі күнге дейін мүмкіндігінше қатаң түрде қолданады. Дегенмен сол беделді журналдар қабылдамаған мақалаларды оларда жарияланған мақалалардан «нашар» деуге болмайды. Мәселен, бұл мақалалар журналдың тарихқа қатысты көзқарасына сай келмеуі, редактор немесе редакция алқасы, не болмаса бекітілген рецензенттер үшін өзекті тақырып болып саналмауы мүмкін. Сол себепті ғылым сапасын анықтауға деген ұмтылыстарға күмәнмен қараған жөн. Дегенмен транспаренттілік *идеалы*, яғни деректерге, ұстанымдарға, шешім қабылдау мен түсіндіруге қатысты ашықтық әлі де маңызды.

Негізінен, баспа ісіндегі қамқорлық көрсетудің әлі де маңызы сақталғанын ескере отырып, мұны біз басқаша қарастыруымызға болады. Тарихпен байланысты көптеген ұйымдар өздерін меритократиялық сипатта деп санайды, алайда бұл қамқорлық көрсету маңызды емес дегенді білдірмейді. Бәсекеге қабілетті әлемде сұрыптау болуға тиісті және кез келген жағдайда оның критерийлері тиімді бола бермейді. Академиялық қызметке орналасу барысында рецензенттердің маңызды рөл атқаратыны белгілі: олар өз салалары бойынша білікті әрі танымал мамандар ма? Олар тым көп адамға рецензия бере ме? Өз бағасын түсіріп аламын деп ойламай ма? Олар үміткерді шынымен біле ме? Оларды құрметтей ме? Негізінен, бұлай ойлау баспа ісіне де жат емес. Мұнда тарихшылар өздерінің адамдарын ұсынуды әдетке айналдырған, мысалы, өздері жетекшілік ететін докторанттарды белгілі бір баспагерге бағыттайды. Сонымен бірге оларды әртүрлі конференцияларға, өзге кафедралар ұйымдастыратын семинарларға қатыстырады және көрнекті ғалымдармен байланыс жасауына көмектеседі. Тарихшылардың шағын тобы шығарған кітап топтамасы дегеніміз – саланы қалыптастыру кезінде қамқорлық көрсетуді іске асырудың айқын тәсілі. Көптеген баспаларда академиялық басымдықты көрсететін топтамалар бар. Ғалымдар үшін бұл дегеніңіз үйреншікті жайт саналады, ал жарияланымға сенетін, кімнің не жарияланып жатқаны, қайда әрі қалай жариялайтыны және жұмыстың қалай насихатталып жатқаны туралы ойлана бермейтін студенттер бұдан бейхабар. Сол себепті мен кез келген кітаптың авторлары белгілі бір саладағы өз орнын айқындайтын, тәлімгерлеріне, ұстаздары мен әріптестеріне ризашылық білдіретін кіріспесі мен алғыс бөлімдерін мұқият оқимын.

Баспа ісі – халықаралық деңгейде жұмыс істейтін ауқымы кең, күрделі индустрия.¹⁰ Бұл индустрияның құрылымы мен қызметі жайында егжей-тегжейлі мәлімет беру бұл жерде орынсыз болса да, тарих саласына арналған кітаптарды басып шығаратын баспалардың әртүрлі екенін білген жөн. Сондай-ақ олардың түрлі коммерциялық және интеллектуалдық мақсаттары мен жекелеген тізімдерін есте ұстаған жөн. Коммерциялық факторларды ескермейтін баспагердің болмайтыны анық, әсіресе көптеген ертеден келе жатқан университет баспалары өзге компаниялардың шама-шарқы жетпеген құны қымбат немесе жоғары дәрежеде маманданған баспа ісін жалғастырып келеді. Мұның айқын мысалы ретінде Британиядағы Оксфорд ұлттық өмірбаян сөздігін (*Oxford Dictionary of National Biography*) атап айтуға болады. Бұл – Оксфорд университеті баспасының (*Oxford University Press*) қымбат әрі өршіл жобасы. Бұл сөздік жаңа ғылыми

білім мен құндылықтардың тың жүйесіне сүйенеді, мысалы, қазіргі таңда бұл іске түрлі ортадан шыққан адамдар (ерлер мен әйелдер) жұмылдырылған. Сөздік 2004 жылы басылып шыққан, ал онлайн нұсқасы әрдайым толықтырылып отырады.¹¹ Баспагерлер нарық мәселелерін игеруде, олардың таңдауы басылымның мазмұнына және кітаптарды білім беру жүйесінде қалай пайдаланатынына айтарлықтай ықпал етеді.

Оқу басылымы туралы ойлағанда, оқулықтың еске түсетіні ақиқат. Оқулықтар мектептерде, ғылым, заң, экономика және медицинаның барлық деңгейінде пайдаланылса да, оның тарихты зерттеудегі, әсіресе, университет деңгейіндегі рөлі дәл сондай айқын емес.¹² Сайып келгенде, оқулықтар жайлы негізгі төрт түсінік бар: уақыт өте келе, пәнде белгілі бір деңгейдегі тұрақтылық бар; түрлі оқу орындарда өзара ұқсас пәндер оқытылады; студенттерге «алдын ала қорытылған» материал ұсынуға болады, мұндай басылымдардың өміршең болуы үшін маңызды мәселелерді шешуде ортақ келісім бар. Қаржылық жағдайға байланысты оқулықтар үнемі қайта қаралып, мазмұны жаңартылып, толықтырылуы мүмкін. Бірақ бұл жағдайда да еңбектің негізгі алғышарттары өзгеріссіз қалады. Сонымен, оқулық туралы түсініктің өзі мазмұн мен педагогикалық философия тұрғысынан белгілі бір сабақтастықты болжайды. Ғылыми жарияланымдармен салыстырғанда, көптеген оқулықтар негізгі дереккөздерден әлдеқайда алшақ болады. Кейбірінде негізгі дереккөздерден қысқа үзінді келтірілсе де, бұл ой-өрісі кең студенттер үшін жеткіліксіз.¹³ Сондай-ақ өзге тілде жазылып, тілді білмейтіндер үшін қол жетімсіз болып келген құжаттар топтамасы өте пайдалы болуы мүмкін. Дегенмен оқулықтар автордың көзқарасын білдіреді. Жеткілікті тәжірибе жинаған адамдарға бағытталған монографиялар, өзіндік зерттеулерге негізделген арнаулы ғылыми еңбектер де осы сипатта болады. Монографиялардың көпшілігі студенттер түсіне бермейтін күрделі мазмұнымен ерекшеленеді. Ал оқулықтар керісінше жалпылама, жинақталған әрі баяндау сипатында жазылады. Өз баспагерлеріне мол пайда әкелетін жарияланымның бұл ерекше түрінің маңызын бағамдап, оларды бағалаудың сыни машықтарын дамыту маңызды болып саналады. Оқулықтарды кәсіби құрылымдар мен пәндік инфрақұрылымдар тұрғысынан түсіну қажет.

Оқулық мазмұнын тарихи шолулармен салыстыру пайдалы болар еді. Оқулықтар белгілі бір білім беру деңгейлері мен мақсаттар үшін жазылады. Әдетте көп уақыт аралығы мен түрлі тақырыпты қамтыған тарихи зерттеулер оқулыққа айналуы мүмкін, бірақ бұл дау туғызуы ықтимал.¹⁴ Оқырман тарих туралы зерттеуді оқыған кезде, оқулықта берілген мәліметке сенгендей көп дүниені қабылдау, соның ішінде мысалдардың мұқият әрі дұрыс тандалғанын, автор өзге зерттеушілердің еңбектеріндегі тарих туралы пайымдаулар мен тұжырымдарды қайталамағанын немесе қосымша деректерді сыни тұрғыдан талдағанын; олардың соңғы зерттеулер мен әдіс-тәсілдерді басшылыққа алғанын білуі қажет. Тарих туралы кейбір зерттеулердің зор ықпалы бар. Бұған мысал ретінде Эрик Хобсбаумның «Революция дәуірі» (*The Age of Revolution, 1962*), «Капитал дәуірі» (*The Age of Capital, 1975*), «Империя дәуірі» (*The Age of Empire, 1987*) және «Шектен шығу дәуірі» (*Age of Extremes, 1994*) атты еңбектерін келтіруге болады. Бұл кітаптар оқырман тарапынан жоғары бағасын алған туындыларға айналды,

дегенмен бұл еңбектердегі марксистік көзқараспен тек санаулы оқырман ғана келіседі. Сонымен, белгілі бір еңбекті қандай себеппен стандарт саналатын немесе классикалық туынды қатарына жатқызуға болады? Тарих туралы жарияланымдарды талдау және өткен уақыт жайындағы көзқарастың қалай қабылданып әрі өзгергенін зерделеу оңай дүние емес.

Бұл мәселелерге алдағы тарауларда тереңірек тоқталамыз; олар осы еңбекте екі себепке байланысты пайымдалады. Біріншіден, тарихи жазба – баспа ісі индустриясында өзіндік орны бар, тарих инфрақұрылымының маңызды элементі. Тарихи жазба жанрларының арасындағы айырмашылықтарды, атап айтқанда, оқырманды қалай жаулап алатынын түсінуіміз қажет. Екіншіден, жарияланымдар ешқашан бөлек сипатта жазылмайды және көп жағдайда оқырман мұны өткен уақыт туралы өзге болжамдармен байланысты болғандықтан қабылдайды. Хобсбаумның мысалында экономикалық күштердің әлеуетіне көз жеткізу үшін марксизмді қолдаудың қажеті жоқ. Оның кітабы тар экономикалық аяда жазылмаса да, бұл капитализмнің түрлі кезеңдерінің айналасында құрастырылған. Экономикалық тарих – тарихтағы ең қызықты сала, бірақ көптеген тарихшылар қоғамның өзге өкілдері сияқты жан-дүниесі бойынша экономикалық детерменистер болып қала береді. Хобсбаумның еңбектеріне деген қызығушылықтың туындауына марксизм идеясының әлсіреуі мен жойылуынан гөрі, байлық пен тұтынуға қатысты көзқарастар себеп болуы мүмкін.

Қолжетімділік шкаласының екінші басында жылына бірнеше рет шығатын және жаңа зерттеулер туралы арнайы мақалалар жариялайтын ғылыми журналдар тұр. Қазіргі таңда онлайн жарияланымдар, соның ішінде журналдарды басып шығару маңызды құбылыс болып отыр. Іс жүзінде тарих саласына қатысты журналдар қолданылатын ортасына қарамастан, әртүрлі. Олардың кейбірі зерттеу материалдарын түрлі стандарт бойынша жариялайды, ал өзгелері, мәселен, «Тарихи шеберлік» журналы (*History Workshop Journal, 1976*) және «Радикал тарихи шолу» (*Radical History Review, 1975*) тарихтың барлық аспектілеріне ден қойып әрі өз аудиториясының назарын аудару мақсатында әртүрлі мақалаларды, соның ішінде шолу мақалаларын, фильмдерді талдауға арналған мақалалар, некрологтар және өткізілген көрмелерге білдірілген пікірлерді жариялап тұрады. Сонымен қатар мұнда зерттеу мақалалар да жарияланады, алайда бұл журналдардың жалпы стилі қордаланған тарихи мәселелерді шешуге және тар элиталық бөлінушілікті болдырмауға арналған. Кейбір журналдар жарияланатын мақалалардың тақырыбына шектеу қоймайды, мұнда «тарихи» сипатта түсіндірілетін кез келген тақырып жарамды болып саналады: мысалы, «Анналар» (*Annales, 1929*) мен «Өткен уақыт және қазіргі кезең» (*Past and Present, 1952*) журналдары. Алайда өзге журналдар белгілі бір мемлекет, аймақ, өңір, сала немесе кезеңге қатысты зерттеулерді көбірек әрі жиі жариялау үшін қысқа мерзімге жоспарланған күн тәртібін белгілейді. Бұған «Тынық мұхит аймағы тарихы» (*Journal of Pacific History, 1965*), «Қазіргі замандағы Еуропа тарихы» (*Journal of Modern European History, 2003*), «Тарихи география» журналы (*Journal of Historical Geography, 1975*), «Медицинаның әлеуметтік тарихы» (*Social History of Medicine, 1988*), «Бухгалтерлік есеп, бизнес және қаржы тарихы» (*Accounting, Business and Finance History, 1990*), «Орта ғасырлар»

RADICAL HISTORY *Review*

Home Editorial Collective Calls for Proposals Finding Aids Recent Issues Back Issues Subscriptions

May 2017 128

RADICAL HISTORY *Review*

Puerto Rico: A US Colony in a Postcolonial World?

[Click here](#) for the table of contents and links to full text.

This issue of *Radical History Review* is based on the premise that Puerto Rican history is critically important to U.S., Latin American, and world history, and is at its core a multifaceted story of colonialist oppression and people's resistance.

(Re)Views: Five-Book Overviews of Puerto Rican History
Two leading historians comment on five b [...]

News
Please consider submitting your work to our upcoming issues. Details can be found in the Calls for Proposals.

Check out the latest issue of *Radical History Review*: "The Global South: History, Politics, Maps." See the table of contents and links to full text.

About *Radical History Review*
For more than forty years *Radical History Review* has stood at the point where rigorous historical scholarship and active political engagement converge. Thematic issues are edited by a collective of scholars and published three times a year by Duke University Press.

The journal gratefully acknowledges the continuing support of New York University and Tamiment Library.

Duke University Press
For subscriptions, back issues, and permissions, please visit our page at Duke University Press.

1.5-сурет. «Радикал тарихи шолу» (*Radical History Review*, 1975) журналының веб-сайтынан алынған скриншот

(*Le Moyen Age*, 1888), «XVII ғасыр» (*Seventeenth Century*, 1986), «Викториялық зерттеулер» (*Victorian Studies*, 1957) және «Қазіргі заман тарихы» (*Journal of Contemporary History*, 1966) сияқты журналдар мысал бола алады.

Салалардың, оның бөліктерінің және солармен байланысты басылымдардың кеңінен таралуына орай, білім мен аудиторияның бөлшектенуі бірқатар мәселе

туындатады. Кез келген нақты бір зерттеудің ең үйлесімді аудиториясы қандай болуы қажет? Зерттеудің сапасын бағалауға тырысу, пәнаралық тарихқа бағыт алу трендтері және еңбекті көпшілігінің беделі өте жоғары тарихи журналдарға мойындатудың қиындығы да бұл мәселенің өзектілігін күшейте түседі, әрине, ол журналдар тарихтың барлық салаларын қамтитындықтан, оларға өтініш өте көп түседі, сондықтан олар қатаң таңдау жасауға тиісті.¹⁵ Журналдар тарихи зерттеулердегі соңғы жаңалықтарды ұсынатын құрал болғандықтан, осы процесс тұтастай қанша уақытқа созылатыны күтпеген жағдай болып көрінуі мүмкін. Мақаланы бастапқы ұсынудан бастап, соңғы нақты қабылдап алуға дейінгі процеске, соның ішінде сын-пікірлерді тексеру, сол рецензенттердің түзеген өзгерістерін енгізу, дәлелдерді тексеру және тағы басқа әрекеттерге (байланысқан бірінші журнал мақаланы бірден қабылдайды деп болжанса) бір жылдан астам уақыт кетуі мүмкін. «Экономикалық тарихқа шолу» (*Economic History Review*, 1927) секілді кейбір журналдар әр мақаланың алғашқы ұсынылған мерзімі мен редакцияға қабылданған нақты уақытын жариялайды, бұл – ғылым саласына ортақ тәжірибе. Мақаланың форматы мен әрбір жеке басылымның талабына байланысты қойылатын шектеулер, соның ішінде сөз санына қатысты шектеу бұл жанрдың нақты шартын көрсетеді, мұны кейбіреулер білмеуі де мүмкін. Мерзімді басылымдар интеллектуалдық пікірталастар алаңы болып саналады, өйткені тарихшылар көп жағдайда пікір алмасудың бұл түрін дұрыс деп санайды және журналдар жылына бірнеше рет қана шығады.¹⁶

Тарихи тәжірибеге әсер ететін өзге басылымдар оның ішінде ауқымды аудиторияға арналғандарының қатарында журналдар мен газеттер бар. Көптеген мемлекетте академиялық тарихшылар астарлы тарихи мәселелерді анықтау үшін қазіргі таңда болып жатқан оқиғаларды еркін түрде жазады. Кітапқа берілетін сын-пікір әртүрлі формада жазылады және маңызды пікір білдіруге болатын алаң ретінде қызығушылық тудырады. Сын-пікірдің белгілі бір авторларға арналатынын ескерсек, оның өзіндік бірнеше жеке сипаты бар. Баспагердің пікірінше, сын-пікір неғұрлым пікірталасқа толы сипатта жазылса, соғұрлым пайдалы болады, ал автордың пайымынша, бұл жағдай оның ғылыми беделіне немесе зерттеу еңбегіне нұқсан келтіруі мүмкін. Жарияланымдар мен аудиторияның әртүрлілігін, көпшілік қауымға тарихты ұсыну тәсілдерінің әрқилы екенін және баспа инфрақұрылымының күрделілігін ұмытпаған жөн.


Зерттеу

«Зерттеу» сөзінің мағынасы, шын мәнінде жалпылама әрі анықталмаған термин. Зерттеу – тың материалдарды зерделеу және жаңа идеяларды тұжырымдау деген ұғымды білдіреді. Алдыңғы қатарлы академиялық еңбекте маңызды элемент болып саналатыны – түпнұсқа. Дегенмен қазіргі таңда көптеген зерттеу ұйымдарында тарих туралы жазбалардың өте көп екенін ескерсек, кез келген зерттеудің түпнұсқа екені бұлыңғыр болуы мүмкін. Сонымен, түпнұсқалықтың

деңгейін қалай анықтауға болады? Интернеттегі материалдарды бағалау өте күрделі мәселе. Зерттеу, ең алдымен, деректерді жинау мен оны зерделеу процесі болып санала ма? Интерпретациялық құрылым әзірлейтін жазу процестері туралы не айтуға болады? Тың материал немесе ақпарат өздігінен ерекше маңызға ие бола алмайды, керісінше, оларды пайдалану және алдыңғы сипаттамалармен байланыстыру тәсілдері өте маңызды саналады. Бұған дейін зерттелмеген жазбалар тұрақты түрде жарияланып тұрады, ал әлі зерделенбеген архив материалдары тарихи түсінікті түбегейлі өзгертуі мүмкін. Кей жағдайда олар мұнда қамтылатын ақпаратқа байланысты жасалады, бірақ көп жағдайда тарихшыларға мұндай дәлелдерді, ең алдымен, өздері түсініп, одан кейін оқырманға түсіндіруі үшін еңбектенуге, сондай-ақ тиімді теориялар, тұжырымдамалар мен тәсілдерді іздеуге тура келеді.

Тарихи зерттеулерді «мәліметтер» деп қабылдау қате түсінік болса да, «өңделмеген мәліметтер» көп нәрседен хабар береді. Бұл зерттеу туралы алдын ала ойлау, жоспарлау мен оны жазу барысында жазбаны дайындап, жетілдіріп, қорытудың маңызды екенін көрсетеді. Іс жүзінде деректердің мүлде өңделмеуі сирек кездеседі. Бұл мәселелер тарихшылардың машығын дамытуда ерекше рөл атқарады, сондай-ақ олар зерттеуге қолдау көрсетуге тиісті пәннің инфрақұрылымына да әсер етеді. Зерттеу жұмысын жеңілдететін негізгі үш тәсіл бар: біріншісі – институттар, қызметкерлер құрамына зерттеу жүргізу үшін арнайы түрде уақыт пен ресурстар ұсынатын жоғары білімді құрылым болуы міндетті емес, екіншісі – арнайы ұйымдар, мемлекеттік немесе қайырымдылық, жеке тұлғаларға, топтарға немесе институттарға зерттеу шығындарын өтеу үшін грант беретін ұйымдар, ал үшіншісі – өз уақыты мен қаражатын пайдаланатын жеке адамдар. Бір қуантарлығы, қазіргі таңда өз алдына бөлек зерттеу жүргізетін тәуелсіз ғалымдар баршылық және олардың көпшілігі жемісті еңбек етуде. Зерттеу жұмыстарына қолдау көрсетудің алғашқы екі түрі белгілі бір жағдайларға байланысты. Кейде бұл ашық түрде жүргізіледі – грант ұсынатын ұйымдардың көпшілігі қаржыны басқару және есеп беру барысында әділ болуды қалайды. Университеттер аздаған шарт қана қоюы мүмкін, алайда зерттеу сапасын ресми түрде бағалау және оның мәртебесінің өзге де белгілері немесе зерттеуге қатысты емес міндеттермен байланысты қысым жасау – зерттеу жүргізу процесіне айтарлықтай ықпал етуі ықтимал. Интернеттен зерттеуге қатысты ресурстарды жүктеу мүмкіндігінің маңызы зор болғанымен, негізгі материалдарды іздеу – айтарлықтай қиындық туғызатын мәселе. Сондай-ақ тарихшылар архив сияқты өзге де органдарға тәуелді, ал архивтің басым бөлігі цифрлық форматқа, микрофильмге түсірілмеген немесе қолжазба түрінде, тіпті толығымен каталогқа енгізілмеген, сондай-ақ зерттеу жұмысына байланысты кейбір мекемелерге кіру қиын болуы мүмкін. Көшірмелері жоқ деректерді іздеп табу, оларды фотоға түсіруге байланысты іссапарға жұмсалған шығындарды да есепке алмауға болмайды.

Цифрлық технология дамыған заман болса да, ірі кітапханалар қорына жақын жерде орналасқан зерттеу ұйымдарында қызмет ететін тарихшыларға мүмкіндік мол. Сондықтан Австралия, Канада, Жаңа Зеландия және Америка Құрама Штаттары секілді «жаңа» елдердегі ірі әрі қаржылық тұрғыдан бай университеттер



1.6-сурет. Джон Сенекс, Оңтүстік Америка, Лондон және Париж корольдік қоғамына хабарланған ескертпе түзетулерімен


Ұзындығы – 40.5 см, ені – 26.3 см, Лондон, 1721 жыл немесе одан кейінгі уақыт. Бамбург. R.4.7

Карталар тарихшыларға жер бетінде қандай оқиғалар болғанын, қазіргі елдер бұрын қалай аталғанын анықтап және картограф, нақышшы мен баспагерлердің еңбектері жайында мәлімет береді. Джон Сенекс – баспагер әрі кітап саудасымен айналысқан кәсіпкер болумен қатар, карта мен глобус жасайтын маман еді. Ол атап өткен екі қоғам, негізінен, XVII ғасырда табиғат әлемі туралы білімді дамыту мақсатында құрылған. Сонымен қатар ол Корольдік астроном Эдмунд Галлеймен бірлесе жұмыс істеген әрі бұл картаны оған арнап жасаған. Сенекс – ғылыми еңбектерді жариялау ісі саласында танымал баспагер болды. Қолмен боялған карта экспедиция кезінде жүріп өткен бағыттар, нақты бір жерлердің ашылу мерзімі сияқты, тарихи деректерге толы. Біліктілікті қажет ететін кәсіптер мен қауымдастық желілері арасындағы өзара байланыстың маңызына Сенекстің атқарған қызметі бірден-бір дәлел бола алады.

зерттеуге қатысты материалдарды сатып алу саясатын белсенді түрде жүргізіп, осылайша олар бұл процесс барысында әлемдегі үздік қорлардың бірін, соның ішінде онлайн деректердің қорын қалыптастыруда. Алайда тіпті ең үлкен кітапханалардың да өзіндік шектеулері бар және өз аймақтарынан әлдеқайда алыс, кедей немесе саяси жағынан тұрақсыз әлемнің бөліктерінде жұмыс істеп жатқан тарихшылар қиын-қыстау кезеңді бастан өткізуі мүмкін; сондай-ақ ол елдер «дамыған» әлемнен хабарсыз болуы да ықтимал. Мұндай аймақтар қатарына Латын Америкасы, Азияның көп бөлігі (әсіресе Орталық Азия) және Африка кіреді. Бұл аймақтарда жұмыс істейтін тарихшыларға кедергі жасайтын өзге мәселелер де бар. Оқырмандардың негізгі тарихи әрі географиялық мәліметтерді білмеуі, тілдік кедергілер және түсініктеме беретін тиімді құралдар мен құрылымдарға қажеттілік біз зерделейтін инфрақұрылым мәселелерінің аясынан шығып кетеді. Герберт Клейн өзінің Колумбияға дейінгі дәуірден басталатын Боливия тарихына арналған еңбегінде осындай мәселелердің бар екенін мойындайды.¹⁷

Өткел

Бұл тараудың әрі «Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» кітабының басым бөлігі осы пәнге, сондай-ақ мамандандырылған мекемелерде және түрлі сипаттағы



1.7-сурет. ЮНЕСКО веб-сайтынан алынған скриншот

кәсіби тарихта іс жүзінде қалай қолданылатынына арналған. Дүниежүзі тарихы мен жаһандық перспективаларға деген құлшыныстың артып келе жатқанына қарамастан, бұл пән қосалқы салаларға бөлінеді. Бұл қосалқы салалардың көптеген аумақты қамтитыны соншалық, осы бағытта еңбектеніп жүрген мамандардың өзі оның әлі де зерттеуді қажет ететін қырларының көп екенін мойындайды. Белгілі бір құбылыстың ішіне үңілу оны толық тануға мүмкіндік бермейді. Айталық, демалыс индустриясы саябақтар, музейлер мен галереялар, танымал басылымдар, фильм, телевизия және радио, өткенге қатысы бар заттарды сататын дүкендер арқылы тарихшылардың талпынысын қолдауға қызмет етеді. «Қолдау» деген сөзді пайдаланғаныма кейбір оқырмандарым таңғалуы мүмкін. Мұра индустриясы мен демалыс индустриясының әртүрлі салалары тарих пәніне өз үлесін қосады деп айта алмаймын, дегенмен көптеген музей мен галереялар да өз рөлін осылайша түсіндіреді.¹⁸ Бұл индустрия салалары өткен уақытты қабылдау, түсіну және зерделеумен тығыз байланысты деп ойлаймын.

Мысал ретінде «индустриялық революцияның отаны» ретінде сипатталатын, бүгінде ЮНЕСКО Әлемдік мұра нысандарының тізіміне енген Англияның Шропшир графтығындағы Айрон-бридж шатқалын айтуға болады. Бұл – табысты коммерциялық кәсіпорын ғана емес, сонымен қатар индустриялық археология үшін маңызды аймақ және британдық бірегейлікті анықтайтын процеспен байланысты ауқымды экспозиция. Бұл кәсіпорын индустриялық революцияны қызығушылықпен, бәлкім, «мұраға» қатысты мәселе болғандықтан, визуалды ләззатпен жалпы әуестік тудыратын құбылыс ретінде мақтанышпен еске алатынына байланысты. Бұл – индустриялық археологияға деген қызығушылықтың артуы сияқты, соңғы уақытта қалыптасқан үрдіс. Қалпына келтірілген сорғы қозғалтқыштары бумен жүретін пойыз жолдары сияқты ерекше тартымды болуы мүмкін, алайда Айрон-бридж – бұл әртүрлі аудиторияға ұсынылатын күнделікті өмір тарихына деген әуестіктің артуымен тығыз байланысты өзгеше құбылыс. Демалыс индустриясы мен академиялық пәндер өзара ұқсас әлеуметтік және экономикалық күштерге бағынады. Өткеннің деректі түрде ұсынылғанына немесе ашық түрде ойдан шығарылғанына қарамастан, мұра индустриясы да инфрақұрылымның бір бөлігі саналады. Ол неғұрлым ерте заман туралы кең таралған идеяларға ықпал ететін ойлар, сөздер, нысандар, суреттер мен ғимараттарды қолжетімді етуге және оларды әріқарай дамытуға көмектеседі. Академиялық пәндер тарих мысалындағыдай осындай ауқымды контекстерде болады. Дегенмен тарих та – кең ауқымды әрі күрделі идея. Келесі тарауда бұл мәселелер жайында егжей-тегжейлі баяндаймыз, әсіресе тарихтың мазмұны мен оған қатысты академиялық тәсілдерге айрықша назар аударамыз.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Тарих пәнін анықтау

«Тарих» – күрделі ұғым. Біз оны тарихи еңбектерді жіктеудің дереккөздеріне, тәсілдері мен әдістеріне қатысты өзгеретін тәжірибелер жиынтығы ретінде қарастыра аламыз. Бұл тарау біз пайдаланатын алуан түрлі дәлелдерге және тарихтың негізгі салаларына назар аударып, үнемі өзгеріп отыратын аталмыш пәннің карта-сызбасын ұсынады.

Тарих пәнінің өлшемдері

Академиялық пәндердің бірнеше өлшемі бар, бұған дейін солардың ішінен біреуін – салалардың басым бөлігінде ұқсас болатын ұйымдық базаны немесе инфрақұрылымды қарастырып келдім. Сондай-ақ аталмыш пәннің өзге өлшемдері жайында сөз қозғап, оны пәннің мазмұны деп атадым. Алайда тарих мазмұны қарапайым болып көрінгенімен, шын мәнінде әлдеқайда күрделі. Бәлкім, тарих пәнінің мазмұнын «өткен» деп түсінген де дұрыс шығар, дегенмен бұл ұғымның ауқымы кең болғандықтан әрі толық анықталмағандықтан, ол пәннің табиғатын аша алмайды. Пәндер зерттеу нысандары, әдістер, тәсілдер, теориялар мен білім жинақтарынан тұрады. Бір қарағанда, тарихты білімнің жиынтығы ретінде анықтау оңтайлы болып көрінеді; ол өткен туралы көп нәрсенің белгілі екеніне және оны қалай түсінуге болатыны туралы жинақталған даналықпен сәйкес келеді. Дегенмен де бұл тұжырымдамаға байланысты екі мәселе бар. Біріншіден, ол салыстырмалы түрде шекаралары айқын анықталған саланы қамтитындай көрінеді. «Тарих» ұғымының ауқымы кең және оның шекарасы айқын емес, сондықтан оған қатысты алғанда, шектеулі білім *жиынтығы* деген идея мүлде орынсыз. Екіншіден, ол өткен заман туралы тарихи көзқарастар арасындағы түбегейлі айырмашылықтарды ескермейді. Тарихшылардың әртүрлі мәліметтерді беретінін

ескерсек, мұны интеллектуалдық жиынтықтан гөрі, тиісті тарихи зерттеулердің құндылығына бейілділікті қажетті деректермен қалай жұмыс істеу керектігі туралы түсінікпен ұштастыру деп қабылдаған жөн. Әрине, біз тарихи білім жүйесін қалыптастырамыз, алайда осы саланың негізінде жатқан тарихи білімнің нақты анықталған жиынтығы жоқ. Білім интеллектуалдық тұрақтылықты білдіреді. Бұл бұрыннан зерттеліп келе жатқан тарихи салаларда болуы мүмкін, бірақ пән әртүрлі салалардан тұрады. Қазіргі таңда аталмыш пән аясында бұған дейін жүйелі түрде зерттелмеген әртүрлі тақырыптар, соның ішінде жеңсіздік, тамақтану және спорт сияқты әртүрлі тақырыптарды қарастырады. Осылайша оның көлемін, деректер топтамасы мен бірқатар мәселелерін, сондай-ақ тарих тәжірибесінің әралуандығын есепке ала отырып, тарихтың мазмұнын білім жиынтығы ретінде анықтау жеткіліксіз екенін байқаймыз.¹

Демек, онда өзіндік әдістер мен тәсілдер болуы мүмкін. Тарих – методологиялық тұрғыдан қарастырғанда көп қырлы сала, үнемі басқа пәндерге сүйенеді және мұнда алуан түрлі тәсілдер пайдаланылады. Бұл пәннің өзіне тән бір ерекшелігі бар деп ойлаймын, бірақ әдістеріне баса назар аударсақ, онда оның *мазмұнын* талқылауда ілгерілей алмаймыз. Ал теориялар туралы не айтуға болады? Бұл – күрделі мәселе. «Тарих теориясы» тіркесінің астарында уақытша өзгеріс анықтаған жалпы түсініктер мен саланың жұмыс істеуіндегі негізгі тәсілдер жатыр.² «Тарихи теория» – тағы бір орынды тіркес. Кәсіби тарихшылардың көпшілігі өзгерісті түсіндіретін әлдеқандай бір жалпыға ортақ тәсілдің болуы мүмкін екеніне күмәнмен қарайды.³ Бір ғана теория жеткілікті деңгейде түсініктеме бере алмайды, өйткені мұндай ауқымды сала шеңберінде қарастырылуға тиіс құбылыстар көлемі тым көп. Бұл жағынан алып қарағанда, тарих пәні жаратылыстану ғылымдарына ұқсамайды, себебі жаратылыстану ғылымдарында теория мен білімді толық игермей тұрып, ешкім оны пайдалана алмайды. Тарихтың мазмұны туралы ойлана отырып, біз басқа жаққа мойын бұруымыз қажет. Тарих пәнінің өзге екі өлшемін, атап айтқанда, деректерді және оларды жіктеу тәсілін қарастыруды ұсынамын. Бұл тарауда тарихтың интеллектуалдық тұрғыдан ұйымдастырылуына және ондағы тарихи тәжірибе туралы нақты болжамдарға ерекше назар аударылады.

Бұл пәнге тән ерекше сипаттардың бірі – оның құрамында тарихтың өзара сабақтас көптеген түрлерінің болуы. Тарихтың ауқымы соншалықты кең болғандықтан, бағдар беруші құралдарды қажет етеді. Ыңғайлы болуы үшін көптеген тақырып пен тәсілді қамтитын, практик мамандар жұмылдырылған саланы жүйелеп, жіктеген абзал. Осы бөлімдердің негізін, олардың қалай және неге өзгеретінін әрі құрамдас бөліктердің табиғатын түсіну қажет.

Негізгі материалдар

Бұл тараудың негізі – тарихты құрайтын материалдар. Тарихшылардың алуан түрлі деректерді пайдаланатыны белгілі. Десек те, олардың өздері тандаған деректермен жұмыс істеуі тарихи тәжірибенің ең маңызды бөлігі саналады, сондықтан оны тараудың басында қарастырған жөн. Бұл тақырыпты әрі қарай жалғастырмас

бұрын, алдын ала екі мәселені атап өткенді жөн санап отырмын. Біріншісі – құнды артефактілер мен деректерді кездейсоқ кезіктіруге қатысты. Көптеген деректер кездейсоқ сақталған. Мұндай деректерден өрт, су тасқыны секілді апатты оқиғалар кезінде айырылып қалуға болатыны белгілі және кей жағдайда деректер қасақана жойылады, сондай-ақ немқұрайдылықтың да зардабы жеткілікті. Сонымен қатар көптеген деректерді жасау кезінде олардың тұрақты сақталу жағдайлары ескерілмеген. Көптеген мекемелер болашаққа бағдарлана отырып, өз қызметі туралы есептерді әдейі құрастыруға тырысқанымен, адам өмірінде пайдаланылатын өзге салалардың көпшілігі мұндай әрекеттерге бара бермейді. Тіпті келер ұрпаққа жазбалар қалдыру мақсатында әрекеттер жасалса да, аталмыш салалар ақсап жатады. Әрине, мұнда қарсы әрекет жасайтын күштердің болғаны белгілі, құқықтарды, сыйақыларды және мойындауды уәде ететін құжаттарды көптеген әлеуметтік топтар сақтап қалған, алайда олар бұл құжаттарды жасаушылардың ниетінен өзгеше мақсатта пайдаланған. Дегенмен де тарихи деректерді сақтап қалу ісінде кездейсоқтыққа негізделген көрегендік секілді маңызды элементтің барын атап өткен жөн, бұл тіпті ресми құжаттарға да қатысты. Осы сый-сияпат белгілерін алғандар белгілі бір ықпалға да ие болады, алайда оның ірі құрылымдармен қалайша үйлесетіні түсініксіз болуы мүмкін. Бұл Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Голландияда фашистерден жасырынған еврей қызының құрметіне «Анна Франк эффектісі» деп аталуға тиісті. Анна Франктің күнделігі әлемнің көптеген тіліне тәржімаланып, басылып шықты, ал күнделік авторы үлгі тұтатын тұлғаға айналды. Көп ұзамай күнделіктің қалай мұқият өңделгені және осының өзі оқырмандардың ойына қалай әсер еткені белгілі болды. Аннаның күнделігі жарияланғаннан кейін негізгі деректен алынған көптеген басқа да дәлелдер табылды. Мұнда кезінде ерекше саналған деректі қандай контексте түсіндіру қажет екені анықталды. Анна Франк және оның мұрасы жайында өрбіген қызу пікірталастар мұндағы деректердің маңызы мен олардың кездейсоқ қасиеттері туралы нақты түсінік береді.⁴

Екінші мәселе материалдарымыздың шарттылық сипатына қатысты. Артында өшпес із қалдырудың себебі әртүрлі және оны мүмкіндігінше қайта қалпына келтіру – тарихшыға жүктелген міндеттердің бірі. Деректердің аз ғана бөлігі болашақ тарихшыларға арналып жасалған, мұның көпшілігі академиялық пәндер болмаған кезде өзірленген. Бұл мәліметтер сол заманда орын алған, мекемелер мен үкіметтік органдарды қоса алғандағы, күйбең тірлік жайсыздығынан туындаған. Бұл түсінікті, алайда деректерді алудың және оларды тарих пәніне пайда келтіретіндей етіп пайдаланудың анахронизмін еске түсірген жөн. Сондықтан деректердің өздерінде біз «тарих» деп түсінетін мәлімет аз немесе мүлде жоқ болуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, тарих, айталық, деректері мен пәнінің ортақ когнитивті құрылымы бар құқық пен музыкадан ерекшеленеді, сонымен қатар деректері (әртүрлі формадағы «табиғат») мен жасалатын операциялары арасында айқын айырмашылықтары бар жаратылыстану ғылымдарына да ұқсамайды. Тарихи баяндаулар мен оның дәлелдік базасы арасындағы байланыстар үнемі бұрмаланады және қайта қаралады. Деректер тарихи баяндаулардың мазмұнына айтарлықтай үлес қосады, сондай-ақ әлеуетті бастапқы материалдардың әралуандығы таңғалдырады.

Тарихшылар көбінесе жазбаша материалдарға сүйенеді, дегенмен заттар, суреттер мен дыбыстар да танымдық ақпарат ұсынуы мүмкін. Мәтіндік дәлелдер әртүрлі формаларда кездеседі. Жалпылама сипаттама беретіндей бұлардың саны өте көп, өйткені өткеннен қалған кез келген мәлімет тарихшылар үшін пайдалы дерек бола алады. Деректер туралы сөз қозғағанда, оларды «негізгі» және «қосалқы» деп қарастыруға болады. Негізгі деректер қатарына зерттелетін дәуірге сәйкес түпнұсқа құжаттар, өңделген материалдар, тікелей айғақтар жатады, ал қосымша деректерді өткенді зерттеумен айналысатын тарихшылар мен түсінік берушілер құрастырады. Сондықтан студенттер мен әуесқойлардың көпшілігі сүйенетін өткен туралы жазбалар қосалқы деректер қатарына жатқызылады, себебі бұл өткен уақытта құрастырылған өзге материал түрі, яғни негізгі деректерді зерттеу және ұғыну нәтижесінен туындаған материалдар. Осылайша 1215 жылы король Иоанның (*John*) ағылшын халқына берген «Еркіндіктің ұлы хартиясы» (*Magna Carta*) – негізгі дерек, ал бұл хартия туралы кітап қосалқы дерек болып саналады.⁵ Орта ғасыр тарихын зерттеушілер жылнаманы жиі пайдаланады, бұл жазбаша деректер өткенге шолу сипатында құрастырылған және оны монахтар өз қамқоршылары үшін әрі соған сәйкес басқа да айрықша мақсаттар үшін әзірлеген. Мұндай жылнаманы құрастыратын монахтар қазіргі тарихшылар сияқты сипаттама әзірлеу үшін құжаттарды пайдаланған. Дегенмен біз олардың еңбектерін негізгі деректер ретінде бағалаймыз, себебі олар бізге қарағанда өздері сипаттаған қоғаммен өте тығыз байланыста болды, сондай-ақ бұл жазбалар олардың өзіндік көзқарастары мен құндылықтарынан хабар береді.⁶ Осылайша орта ғасырға тән жылнамалар, бір жағынан, негізгі, ал, екінші жағынан, қосалқы дереккөздер болып саналады. Дәл осы дәлел Жаңа Әсиетке де қатысты, өйткені Библияны зерттеушілер сипатталған оқиғалар мен оларды жазу әрекеті сәйкессіздікке ерекше назар аударады. Көбінесе материалдардың негізгі және қосалқы деректердің бірінен-біріне өтіп кететін кездері болады.

Тарихнама мен тарих мамандығын дамыту жөніндегі жобаларда қосалқы дерек саналатын жазбалар негізгі дерек ретінде пайдаланылады. 1892 жылы дүниеге келген Э.Х. Карр жазған «Тарих деген не?» (*What is History?*) атты кітап алғаш рет 1961 жылы басылып шыққан. Карр шығармашылығы мен британдық тарихи ойға XX ғасырдағы көзқарас тұрғысынан қарайтын зерттеушілер үшін бұл еңбек негізгі дерек болып саналады.⁷ Сол секілді XVIII ғасырда Рим империясының ұлы тарихшысы Гиббон туралы жазған Рой Портер негізгі дерек ретінде Гиббонның жеке жазбалары мен ол туралы замандастарының айтқан пікірлерін пайдаланды.⁸ Мұнда Карр немесе Гиббон пайдаланған түпнұсқа деректердің *мазмұнына* назар аударылмай, белгілі бір тарихшылардың оларды қалай қолданғанына ерекше көңіл бөлінеді. Өзге тарихшылар секілді, бұл авторлар да түсінік берушілердің тұжырымдары мен идеяларына сүйенген. Айтарлықтай кең таралған бұл жағдай негізгі және қосалқы деректер деп тым қатаң түрде жіктеу пайдасыз екенін аңғартады. Тарихшылардың деректерді, соның ішінде негізгі деректерді пайдалануында бір мән бар, қолжазба түріндегі негізгі деректер қалай болғанда да жақсырақ, ал қосалқы дерекке сүйену әлсіз деп саналады: негізгі деректер өткенге тән

құбылыстарды сенімді түрде дәлелдейді. Шын мәнінде кез келген жоба аясында негізгі және қосалқы деректердің мәртебесі айқын болса, екеуін бірге пайдалану жаман бола қоймас.

Демек, мұндайда «негізгі» және «қосалқы» терминдері жаңылыстыруы мүмкін, сондықтан бұлай жіктеудің әдістерін түсіндірген дұрыс. Негізгі деректерге қатысты қолданған сөздерім осы қиындықты көрсетеді. «Түпнұсқа», «өңделмеген», «аутентті» және «тікелей» терминдері оқиға куәгерінің баяндауынан әрі оқиғаға жақын болудан туындайтын беделді білдіреді. Мұның шындыққа жанасуы әбден мүмкін, мәселен, мола мен жер бөлігін өз көзімен көрген біреудің сипаттамасы бұл жайында естіген екінші адамның айтқанына қарағанда, әлдеқайда сенімді болуы мүмкін. Бірақ бұл дәлдіктің салыстырмалы түрде таптаурын түрі және біз тікелей куәлік беретіндер ол жазылған кезде дәлелдерді қалыптастыратын мүдделі тараптар болуы мүмкін екенін ескеруіміз керек. Сондай-ақ, сот істерінен білетініміздей, есте сақтау – екіұштылау және нәзік қабілет екені жалпыға аян. Түзетулер саналы әрі бейсаналы түрде де, екі фактордың үйлесуі нәтижесінде де орын алуы мүмкін – бір нәрсеге өте жақын бола отырып, сіз оны әлі де анық біле алмайсыз. Тарихшылар ақылға қонымды қорытындыға келу үшін дерек арқылы алынған мазмұн мен идеяларды пайдалана отырып, деректердің қалай жасалғанын анықтауға тырысады.

Тарихты құрайтын материалдар әртүрлі және біз олардың әрқайсысының әлеуеті мен шектеулерін бағалай білуіміз керек. Көрнекті тарих ғылымына тән сипатты белгілердің бірі – дәлелдерді креативті және саналы түрде пайдалану. Бұған оқырмандарды деректердің жасалуына септескен кейбір процестерден хабардар ету жатады, мұның өзі деректердің анық беделді статистикалық құжаттар ретінде емес, керісінше әртүрлі тәсілдермен куәландыратын көп қабатты жинақтар ретінде пайда болғанын көрсетуге тиісті. Бұл машықтар университеттерде оқытылатынына қарамастан, олар магистратура деңгейінде толығырақ игеріліп, студенттерге тарихи дәлелдер алуға мүмкіндік береді.⁹ Нәтижесінде дәлелдерді іздеу, іріктеу және пайдалану тәсілдері, сондай-ақ автордың жанр мен формаларды және мақсатты аудиторияны таңдауы, сонымен қатар тарихи жұмыстардың негізінде жатқан жасырын болжамдар мүмкіндігінше нақты тұжырымдалуы керек.

Тарихи еңбекке сыни көзбен қарайтын оқырман бұл сұрақтар туралы ойлана алады, ал олардың ең бірінші қадамы – кез келген жазба қандай тарихқа жататынын сұрау. Тарих түрлерін талқылауды жалғастырмас бұрын, деректердің тарихи куәлікті хабарлауының көзге бірден түсе қоймайтын тәсілдерін атап өткім келеді. Бұл туралы тарихшылардың өз материалдарымен, әсіресе өздері көбірек сүйенетін материалдармен жұмыс істеген уақытта сезетін эмоциялық әрекет тұрғысынан сөз қозғағанымыз әлдеқайда тиімді болмақ.¹⁰ Бұл – күрделі әрекет және мұны бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, бірақ олар біздің барлық істерімізді қамтиды. Бірегейлендіру идеясы көптеген зерттеушінің өз деректерімен тығыз байланысын, тіпті өздерін оның ішінде жүргендей сезінуіне септігін тигізуі мүмкін. Мұндай жауаптарды мойындау, талқылау және бағалау өте маңызды.

Тарихтың салалары

Тарих түрлері жайында ойланған кезде бірінші ескерілетін жайт – пәндерді жіктеу критерийлерінің қаншалықты әртүрлі екенін ескеру керек. Зерттелетін кезеңге сәйкес, мұндағы негізгі критерийлердің бірі тарихи түсініктеме беруде маңызды саналатын себеп-салдарлық байланыс және уақыт ұғымдарына қатысты, сондықтан бұл салада айрықша маңызды рөл атқарады. Басқа критерийлерге мыналар жатады: *әдістер*, мәселен, ауызша тарих пен демография; психотарих сияқты *теориялар*; *орындар* – қалалар, арнайы аймақтар, мемлекеттер мен континенттер тарихы; *адам болмысының түрлері* – әйелдер, балалық шақ, еврейлер, жұмысшылар тарихы; *институттар* – шіркеу, мемлекеттік саясат немесе әл-ауқаты жоғары мемлекеттер тарихы. Жоғарыда аталғандар – бір-бірін жоққа шығаратын категориялар емес. Әр тарихшы өзі және жұмысы туралы осы аталған бірнеше категория түрғысынан ойлануы мүмкін. Негізінен, тарихтың бұл түрлерін зерттейтін мамандар журналдар мен ұйымдар арқылы салаларды анықтайды, осылайша тарихшылар әрқаз өздерін жіктеп отырады. Олар бос жұмыс орындары жарнамаланатын шарттардың негізі болып саналады. Осылайша ХІХ ғасырда қыздарды мектепте оқытумен айналысқан тарихшы әлеуметтік тарихшы, білім беру жөніндегі тарихшы, әйелдер тарихы бойынша тарихшы, феминист тарихшы, сондай-ақ зерттелетін мемлекет пен кезеңнің тарихын білуші маман бола алады. Олар әр алуан белгілерді түрлі мақсаттарда пайдалана алады, бірақ олардың интеллектуалдық бірегейлігінің негізі болған мәліметті нақты сипаттайтын белгі айрықша маңызға ие болады. Бұл мүмкіндіктердің әрқайсысың саяси және интеллектуалдық коннотациялары бар.

Алайда осы пәннің ең белгілі бөлімдерінің бірі мүлде басқа критерийлерді қолданады. Шын мәнінде осы шартты айырмашылықтың артында қандай күш бар екенін дәл анықтау өте қиын. Мен мұнда тарихтың саяси, әлеуметтік және экономикалық тарих секілді негізгі үш түрі болатынын және бұл түсініктер барлық жерде қысқартылып қолданылатынын меңзеп отырмын. Бұл түсініктерді біз талдау деңгейлері, қоғамның қосымша аспектілері немесе жеке құбылыстар ретінде қарастырамыз ба? Олардың арасындағы шекаралар анық емес, мысалы, экономикалық мәселелер өмірдің барлық аспектісін қамтиды. Дегенмен олар дұрыс әрі айқын категориялар болып көрінеді. Әрі қарай саяси және әлеуметтік тарихты қысқаша талқылайтын боламыз. Алдағы тарауларда әдістерге негізделген жұмыс контекстінде экономикалық тарихқа қайта ораламын.

Саясат

Саяси тарихтың тікелей ұғым екені туралы түсініктің астарында не жатқанын аңғару қиын емес. Әлемнің көп бөлігіндегі мемлекеттерді кішігірім элиталық топтармен бірлескен ықпалды тұлғалардың ұзақ уақыт бойы басқарғаны белгілі. Осылайша «саясатқа» қатысты нәрсе өзін-өзі айқын деп санайды және

шынымен маңызды құбылыс ретінде қарастырылады. Табысты монархтар, әскери қолбасшылар және тағы басқа тұлғалар басқару ісінде билігін көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар қол астындағы қызметкерлерін өздерімен бірегейлеуге, тұлға мен саяси бірегейлікті бір-бірінен ажырамайтын түсінік ретінде қарастыруға шақырғандықтан, биліктің бұл түрлерін сипаттау оңайырақ. Көшбасшылар соғыс ашып, заңдар қабылданған саяси тәртіпті қолдайтын көптеген символдық формалар арқылы өз ұстанымдарын нығайта түскен. Саяси тарихты тарихтың ерекше түрі ретінде қарастыру шындыққа жанасады. Кейде саяси тарих, яғни билік қатынастарына бағытталған тарих ретінде кез келген құбылысты қарастырады деген пікірге қарамастан, «саяси тарихтың» билеушілер, үкіметтер, үстем топтардың және халықаралық қатынастардың тарихы ретіндегі коннотациялары әлі де



2.1-сурет. Константинопольден әкелінген Византияның тиындары

Солдан оңға қарай: Анасы Мәриям мен нәресте Иса Мәсіх, құнсызданған, алтын жалатылған тетартерон номисма (Византияның алтын және қола ақшалары. – *Ғыл.ред.*), VII Михаил және Мария патшайым, 1071–1078, 19 мм, DUROM.2018.297; Иса Мәсіхтің мүсіні, құнсызданған, алтын жалатылған гистаменон номисма, VII Михаил 1071–1078, 27 мм, DUROM.2018.296; Иса Мәсіхтің мүсіні, таза алтыннан жасалған солид (Римнің алтын ақшасы. – *Ғыл.ред.*), II Юстиниан, 705–711, 20 мм, DUROM.2018.295

Мәриям мен Иса Мәсіхтің суреті бейнеленген бағалы монетаның ерекшелігі – оның бетінде патша мен патшайым бейнеленген. Патшаның суреті тиынның артқы жағының орта тұсында бейнеленген. Таза алтыннан жасалған солид кейінгі Рим империясы мен ежелгі Византия әлеміндегі негізгі сауда ақшасы болған. II Юстиниан Иса Мәсіхтің бейнесін өзінің тиындарына салған алғашқы билеуші болды.

ерекше маңызға ие болып отыр. Шын мәнінде, бұл жоғарыдан қаралған тарих болып қала береді. Саяси тарих жан-жақты сипатқа ие – бұл мемлекетке бағытталған құбылысқа басымдық бере отырып, тарихи жағдайлардың өзара байланысын қарастырады. Нәтижесінде біз тұтас дәуірді және саланы оның саясаты арқылы түсіне аламыз – «абсолютизм ғасыры» сияқты тіркестер бұл пікірді бекіте түседі. Кейбір тарихшылар *үлкен* саясаттың коннотациясын сақтап қалғысы келеді және «саяси тарихты» қоғамның кез келген саласына пайдалануға болатыны туралы идеяны құптамайды. Дипломатия, конституция, сыртқы саясат және жергілікті үкімет саяси тарихқа жатады, бірақ қазір бұл бұрынғыдай аса өзекті тақырыптар емес. Кейде «халықаралық тарих» бұрынғы дипломатиялық тарих деп аталған салаға жаңа сипат пен бірегейлік беру үшін пайдаланылады.¹¹

Әскери тарих тарихтың түрлеріне тұтастай, сондай-ақ жекелей алғанда саяси тарихқа қатысты ойларды бейнелейді. «Әскери тарих» деген тіркес соғыс пен стратегиялар, шайқастар мен ұрыстарға қатысты егжей-тегжейлі талқылауды қамтиды. Бұл құбылыстар көпшіліктің қызығушылығын туғызады, мұны ұрыстардың қойылымдары мен осы шайқас орындарының «мұра» нысандарына айналғанынан-ақ аңғару қиын емес. Мұндай құбылыстардың «саяси» болып саналуы соғыстарды, әсіресе қазіргі кезеңде мемлекеттер немесе олардың атынан я оларға қарсы жүргізетініне байланысты. Саяси көшбасшылар оларды орындауға тікелей атсалысады. Әдетте мұндай процестерге король, мемлекет, ұлт, республика және ұйымдасқан дін сияқты саяси ықпалды институттардың атынан жалданған көптеген жауынгерлер қатысады. Қарастырылып отырған мемлекет қазіргі уақытта үкіметтік ұйымдар үйлестіретін қосымша экономикалық және моральдық қолдау ұсынады. Бір қарағанда, бұдан да «саяси» болатын ештеңе жоқ. Алайда әскери құбылыстардың тарихын әртүрлі жолмен жазуға болады. Олардың барлығы «әскери тарих» терминімен сипатталатын түрге жатады деуге болмас. Бұл Пол Фасселдің сарбаздардың Бірінші дүниежүзілік соғысқа реакциясын зерттеуге арналған «Ұлы соғыс және заманауи жады» (*The Great War and Modern Memory*) атты кітабында анық көрсетілген.¹² Осы бір табысты да ықпалды кітапта соғысқа төменнен қарай отырып, баяндаудың өзгеше тәсілі ұсынылған және мәтінге ерекше назар аударылған. Бірінші дүниежүзілік соғыс туралы көркем әдебиеттің көбеюі – тарихшылардың айрықша қызығушылығын тудыратын танымал құбылыс. Пэт Баркердің архивтегі мәліметтерді мұқият пайдалана отырып жазған «Регенерация» (*Regeneration*) атты трилогиясы оқырманды тарих, көркем әдебиет, соғыс және саясат шекаралары туралы ойлануға жетелейді.¹³

Саяси тарихқа айрықша назар аудару дәстүрінің себебін мынадай тұжырыммен түсіндірген жөн: саясат – адам мінез-құлқының ерекше түрі, ол әлеуметтік-экономикалық құбылыстардан өзгеше және тарихшыларға өткенге үңілуге мүмкіндік береді. Дегенмен саясат, тіпті элиталық деңгейдегі саясаттың өзі жалпы өркендеумен, сондай-ақ салық сияқты кіріс көзімен және империализм тәрізді экспансия түрлерімен тығыз байланысты екені белгілі. Жергілікті нарық пен үй шаруашылығын жүргізу секілді кейбір экономикалық құбылыстың үлкен саясатпен салыстырмалы түрде аз байланысы болуы ықтимал, бірақ бай элиталық топ пен билеушілердің табиғаты мен ресурстарына тәуелді емес саясатты елестету мүмкін емес. Алайда қоғамның құрылымдық институттары неғұрлым көп болса,

тарихтың түрлерін жіктеуге деген құлшыныс соғұрлым көбірек болады. Осылайша саяси тарих, негізінен, үкімет аппараты, мемлекеттік басқару және олардың жұмыс істеу тәсілдері тұрғысынан анықталады деп айтуға болады. Күрделі құрылымы жоқ қоғамдарда саяси тарих ұғымы айтарлықтай тұрақсыз болады және ешқандай да маңызды рөл атқармауы мүмкін. Бұл, негізінен, қарастырылып отырған қоғамдағы ең ықпалды адамдарды зерттеуге қатысты болуы мүмкін.¹⁴

Қоғам

Үшжақты, яғни саяси, әлеуметтік, экономикалық модель тағы бір мәселені көтереді. «Әлеуметтік» деген сын есімі «қоғам» деген зат есімімен тығыз байланысты. Әдетте көпшілік «қоғам» сөзін мәдени және хронологиялық тұрғыдан нақты коннотациялары бар ұлт секілді едәуір салмақты әрі тарихи терминдерді пайдаланудан аулақ болу арқылы тұтастық сезімін ояту үшін қолданады. «Қоғам» термині бейтарап емес, әйтсе де мұның ұлт, тайпа, қала-мемлекет, этностық топ екенін нақты көрсетпей, әлеуметтік ғылымдарда құрылымдалған тұтастықты сипаттау мақсатында жан-жақты термин ретінде бұрыннан бері пайдаланылуы тарихшылар үшін тиімді болмақ. Алайда кейбір тарихшылар «қоғам» ұғымының идеологиялық мәні бар деп санайды. Бұл мемлекет, аймақ және аудан деген ұғымдардан кеңірек мағынаға ие, себебі бұл адам факторына негізделген бірлік сезімін білдірмейді. Әртүрлі халықтар бірлік сезімінсіз географиялық жағынан жақын бола алады. «Қоғам» ұғымы қайталанатын үлгілер мен мотивтердің, сондай-ақ құрамдас элементтерді зертеушілердің арасындағы үйлесімді байланыстарды білдіреді. Ал бізге тарихшылар мен әлеуметтанушылар талдау жасайтын бірлікті белгілеу үшін бейтарап сөз қажет, адамдар тобы бірге өмір сүріп, жұмыс істеп және көбейген кезде белгілі бір заңдылықтар пайда болатындықтан, оның сипатты белгілерін өзара байланысты деп қарастырған жөн. Мұндай үлгілер тарихи жалпыландыру ісінің мүмкін екенін көрсетеді және әлеуметтік ғылымдардың бағыт-бағдарын табуға септігін тигізеді.¹⁵

Олай болса, әлеуметтік тарих, егер бұл қоғамдардың тарихы болса, онда олардың бір ғана аспектісі болып санала ма? Оның бір жауабы мынадай: «әлеуметтік» сөзі қосымша мамандандырылған мәнге ие болғандықтан, өзіне тән инклюзивті сипатының бір бөлігін жоғалтып алу қаупі бар.¹⁶ Іс жүзінде әлеуметтік тарих нені қамтиды?¹⁷ Бұл мәселені үш жолмен шешуге болады: әлеуметтік тарихты нақты пән ретінде емес, тәсіл ретінде қарастыра аламыз; оған ықпал ететін тақырыптардың ерекше жиынтығын іздей аламыз және мұны тарихтың басқа түрлерімен, мысалы, алынып тасталған саяси әрі экономикалық тарихтың сарқыншағымен байланыстыра отырып түсіне аламыз. Егер әлеуметтік тарих тәсіл болса, онда ол тек элитаның ғана емес, көпшіліктің өмірін зерттеу керек, күнделікті өмір тәжірибесіне баса назар аудару қажет, қандай таптан шыққанына қарамастан, адамдар арасындағы күрделі қатынас зерттелуге тиіс, қоғамда қандай құбылыс туындаса да, оны тарихи тұрғыдан зерттеу керек деген сенімге байланысты болуы мүмкін. Әлеуметтік тарих әлеуметтік теорияға сүйене отырып, түрлі қоғамдар арасындағы құрылымдар



2.2-сурет. Әйел құдай Жасыл Тара бейнеленген тханка

Жібек; ұзындығы – 72.5 см, ені – 68.2 см. Тибет. Цин әулеті, 1750–1899 DUROM.2000.18.

Тханка – боялған діни жалаулар, алып жүруге қолайлы болу үшін бүктеп немесе орап алуға және қоғамдық шеруде, медитация кезінде жеке мақсатта пайдалануға болады. Суреттегі тханка кестеленген жібек және оның мерзімін анықтау мүмкін емес. Мұнда бейнеленген әйел құдай Жасыл Тара – мейірімділіктің символы, жұбатушы әрі қорғаушы, күнделікті өмірдің тауқыметін жеңуге көмектеседі. Осылайша тханка буддистердің наным-сенімі мен тәжірибесінен хабар береді. Бұл құнды жәдігерді 1917–1922 жылдар аралығында Бенгал губернаторы және 1930 жылдары Үндістанның мемлекеттік хатшысы қызметтерін атқарған Маркиз Шетлендтің отбасы Дарем университетінің Шығыс музейіне сыйға тартқан. Ол саяхат кезінде «өнер жауһарларын» жинаумен айналысты, буддизмге және Азия мәдениетіне айрықша қызығушылық білдірген. Мұндай заттар – коллекциялаудың, империяның және еуропалықтардың Шығысқа қызығушылығының дәлелі. Интернет Жасыл Тара, оның рөлі, оны бейнелеу тәсілдері және мантрасы туралы материалдарға толы.

мен үлгілерді зерттейді. Осы түсінікке сәйкес, әлеуметтік тарих өзінің әдістері мен тәсілдері бойынша инклюзивті болып қала береді, ол саяси және экономикалық тарихпен көршілес емес, оларды тұтас қамтиды, сондай-ақ «әлеуметтік» пен «қоғам» арасындағы байланыс салыстырмалы түрде дәйекті болып көрінеді.

Егер әлеуметтік тарихты тақырыптар жиынтығы деп қарасақ, онда мәселе басқаша қойылады. Тақырыптардың көпшілігінің саяси және экономикалық өлшемі бар, олай болса, адам мінез-құлқының қандай түрлері өзінің мәні бойынша «әлеуметтік» болып саналады? Саясат пен экономикаға қатысы *аздау* қызмет түрлері ме? Бұдан түсінгеніміздей, кейбір сыншылардың пікірінше, әлеуметтік тарих айталық, бос уақыт пен отбасылық өмірдің тарихы болуы мүмкін. Мұндағы «әлеуметтік» сөзі адамдар мен олардың тобының, әсіресе күнделікті өмірде және қалың бұқара арасындағы қарым-қатынасты білдіреді. Егер біз әлеуметтік тарихқа осылай анықтама берсек, онда әлеуметтік және қоғам арасындағы байланыстар шатасып кетеді. «Қоғам» ұғымы өзінің инклюзивтік сипатын жоғалта бастайды және кейбір адамның іс-әрекетін басқаларына қарағанда «әлеуметтік» деп айту мүмкін емес.

Әлеуметтік тарихқа қатысты үшінші көзқарас, яғни тарихтың өзге түрлерінің қалдығы ретінде қарау мұны сарқыншаққа айналдырады. Біз саяси тұрғыдан ықпалды элиталардың тарихын, басқару түрлерін және экономика мен оның қосалқы институттарының жұмыс істеу жүйесін қарастырмаймыз. Мұнда «әлеуметтік» пен «қоғам» арасындағы байланыс өте әлсіз, өйткені бұл екеуін тұжырымдауға ешқандай әрекет жасалмайды. Дұрысы, «әлеуметтік» сөзі, тым төмендетілген «қарапайым», әсіресе ұлттық немесе әлемдік трендтер үшін елеусіз, маңызсыз дегенді білдіреді.

Әлеуметтік тарихтың қарапайым анықтамасы жоқ. Шынында да осы сала дамыған сайын, осы мәселелер туралы пікірталастар мінберден түскен жоқ. Бұл әлеуметтік тарихтың өзге салалармен байланысы жоқ дегенді білдірмейді, керісінше оның негізгі екі ұғымы, яғни қоғам мен әлеуметтік қатынастар үнемі дау туғызып келеді, өйткені олар бастапқыда нақты теориялық үлгілерден пайда болды және ерекше саясиландырылған еді. Әлеуметтік тарихтың негізгі теорияларының бірі марксизмді алсақ, онда қоғамдардың қалай жұмыс істейтіні, мысалы, таптар арасындағы қатынастың қанаушы сипаты туралы түсінік болды. Кейбір түсініктеме берушілер әлеуметтік тарихтың шынымен социалистік тарихқа айналғанына алаңдаушылық білдірді, ал көпшілік болса, бұл социалистік сипатты тартымды деп санады.¹⁸ Өз ісіне қатал қарайтын әлеуметтік тарихшылар қоғам мен оның іргелес салалары көтерген теориялық және тұжырымдамалық мәселелерді талқылауды жалғастырып келеді. Сондай-ақ өз салаларын, соның ішінде экономика мен саясатты кеңінен насихаттады.

Біртұтас тарих

Мұндай қиындықтарды еңсерудің бірі – *тұтас тарих* тәсілін қолдану, яғни мәдениет басты рөл атқаратын өткен тарихты зерттеуге біртұтастық тұрғыдан

қарау. Бұл жоба көбінесе француздың «Анналдар» (*Annales*) мектебімен байланысты. «Анналдар» (*Annales*) журналы 1929 жылдан бастап жарыққа шыға бастаған, ал оның негізін қалаушылар XIX ғасырдың соңында дүниеге келген. Анналшылар тақырыптық тарихқа, адамға қатысты алуан түрлі құбылыстарды зерттеуге әрі өзге салалармен ынтымақтастық орнатуға ықтияр болды.¹⁹ Дегенмен мұны әрбір нақты жағдайға қатысты алу керек, нақты зерттеулерде, мысалы, қауымдастық, қала немесе аймақты зерттеуде не нәрсеге баса мән беру керек екенін анықтап алу қажет. *Тұтас тарихты* қалайша тақырыптық тұрғыда жүзеге асыруға болады: идеяның, пәннің немесе қызметтің тұтас тарихын жазып шығу мүмкін бе? Мұндай тәсілдің жарқын мысалы ретінде Бродельдің Жерорта теңізі туралы танымал зерттеуін атап айтуға болады.²⁰ Ол тек Еуропаның дамуы үшін ғана емес, сондай-ақ еуропалықтар мен әлемнің басқа бөліктері – Таяу Шығыс, Африка және кейіннен Жаңа құрлық арасындағы қарым-қатынас үшін маңызды деп санауға болатын географиялық аймаққа ерекше назар аударды. Сондай-ақ Бродель әртүрлі тарихи деңгейлерді де назарда ұстады. Оның білімі ұзақмерзімді қамтыды және бұл оған аса ауқымды жобалар үшін күрделі болған – кітап жазуды ұйымдастырудың нақты және дәйекті негізін қалай құруға болады деген мәселені шешуге септігін тигізді. Оның инклюзивтік тәсілдері – қоршаған орта, экономика және әлеуметтік құрылымдар, сондай-ақ оқиғалар, саясат және адамдар оған әртүрлі өзгерістер мен оның қарқынын ажырата алуға мүмкіндік берді.²¹ Зерттеу нысаны ретінде қысқа кезеңдерді қарастыратын тарихшылар баяу қарқынмен жүзеге асырылатын өзгерістерді қарастыра алмайды; демек, қамтылатын уақыттың ұзақтығы туралы шешім бір құбылыстар мен түсініктемелерге қарағанда, баса назар аударуды білдіреді.

Қамтылатын уақыт неғұрлым қысқа болса, кейбір жағдайларда тарихшының мүмкіндігі де соғұрлым шектеулі болады. Дегенмен ұзақмерзімді қамтуы мүмкін микротарихты қолдаушылар кішігірім жұмыстың артықшылықтарын көрсетеді, мысалы, мұндай жұмыс барысында үлкен мәселелерге қызығушылық білдіре отырып, күнделікті тәжірибені қалпына келтіруге болатынын айтады. Тұтас тарих және микротарих секілді ұғымдар тарихшыларға ауқым және бағыт-бағдар жайында біз қолданатын тарих түрлеріне қатысты таңдау туралы ойлануға көмектеседі. 1970 жылдары әлеуметтік тарихтың «екінші толқыны» күшейген уақытта бұл үрдіс тұтас тарих тәсілі бойынша емес, шектеулі уақытқа қатысты тар аяда бағытталған тақырыптық немесе әлеуметтік зерттеулер жолымен жүрді. Тақырыптық зерттеу әдісі микротарихтың тәсілінен қарапайым түсініктеме беретінімен ерекшеленетінін айта кеткен жөн.²²

Тұтас тарих – ұзақмерзімді қамтитын тарих секілді интеллектуалдық тұрғыдан өте күрделі міндет. Оның идеялары – өміршең әрі айқын, оны қалың оқырманға арнап жазуды мақсат еткен әрі олардың қызығушылығын тудыратын еңбек жазған тарихшылардың саны аз, бірақ аз болса да жылдан-жылға қатары көбейіп келе жатқанын байқауға болады. Бұл жалпы алғанда, айтарлықтай маңызды мәселе. Лоуренс Стоунның сөзімен айтатын болсақ, бұл – баяндауды қайта жаңғыртудың үлгісі, яғни бұл оқырманды біріктіруге септігін тигізетін оқиғаларды әңгімелеуге қызығушылық таныту.²³ Оның көрінісі ретінде Саймон Шаманың кітаптарын айтуға болады. Ол 1989 жылы Француз революциясының екі жүз жылдығына

арналған «Азаматтар» (*Citizens*) атты кітабында революцияны оған қатысушылардың көзқарасы тұрғысынан зерттеген. Бұл – саяси не әлеуметтік тарих емес, ол төңкеріске қатысудың не екенін көрсету әрекеті. Ол – Бродельдің еңбектері сияқты тұтас тарих емес. Соған қарамастан, Француз төңкерісі жағдайында режимнің өзгеруін, революциялық басшылықтың сипатын, енгізілген заңнаманы, әскери жорықтарды және тағы басқа тақырыптарды қамтитын саяси тарих сияқты қатаң категория шеңберінен шығуға тырысады. Дәл осы мәселелер қарастырылмағандықтан, кітап революция құрған құрылымдық элементтердің маңызын кеміткен деп айтуға болады. Мұнда Саймон Шаманың өзге кітаптарындағыдай мәдениетке және түрлі құбылыстар арқылы түсіндіруге болатын тақырыптарға ерекше назар аударылады.²⁴

Ғұмырнама

Қазіргі таңда тұтас тарихтың екі мысалы ретінде ғұмырнама мен мәдени тарихты атауға болады. Бұл жаһандық тарихта да айқын көрінеді. Ғұмырнаманы әдеби жанр ретінде қарастыруға болса да, ол әлдеқайда көп нәрсені білдіреді; тіпті оны мәдени тарихтың бір түрі деп айтуға болады. Адамды талдау өлшемі ретінде қабылдай отырып, біз жеке факторларға баса мән беретін және субъектіні өртүрлі тарихи күштер тоғысатын негізгі нүкте ретінде қарастыратын, сонымен қатар адам өмірінің ұзақтығын «табиғи» уақыт кезеңі ретінде санайтын ерекше тарихи көзқарасты қабылдауымыз керек. Ғұмырнама тарихи салалар мен тәсілдер арасындағы дәстүрлі шекараларды қысқартуы мүмкін. Өміршең ғұмырнаманың екі шарты бар: біріншіден, оның тақырыбы мамандардың қызығушылығын туғызып қана қоймай, сонымен қатар бастапқы материалдардың жеткілікті мөлшерін де қамтамасыз етуі керек. Екінші шарт бұл саланы біршама шектейді, дегенмен алуан түрлі ғұмырнамалық зерттеулер жүргізуге жеткілікті деректер бар. Алайда кейбір ықпалды тұлғалар өз жазбаларын жойып жіберуі немесе қатаң цензураға ұшыратуы мүмкін, сондай-ақ олардың туыстары мен достары тарихшыларға жеке материалдарды бермеуі мүмкін.

Ғұмырнамалық жазбалардың сипаты олардың ұзақмерзімді тарихында айтарлықтай өзгерді. Егер бұрын көшбасшыларға, әсіресе саяси және әскери қайраткерлерге артықшылық берілсе және көптеген пәндер агиографиялық өңдеуден өтсе, соңғы жылдары ғұмырнама күрделі тарихнамалық, соның ішінде психоаналитикалық тәсілдерді қолданудың құралына айналды.²⁵ Бүгінгі күні өмірді сыни тұрғыдан бағалау қолайлы және ғұмырнама жанры қалың оқырман арасында әлі де сұранысқа ие болып отыр. Адам өмірінен көптеген факторды байқаймыз, атап айтқанда, болжалды саяси, әлеуметтік және экономикалық факторлар, білім беру жүйесі, туыстық және достық қатынастар, бос уақытта айналысатын іс-шаралар, кітап оқу, сенім, жұмыс және тағы басқалары. Осылайша адам өмірін жаңғырту тұтас тарих тәсілінің неғұрлым меңгерілетін бір түрі болуы мүмкін. Баяндау тәсілінде адамдардың көпшілігі қанағаттанарлық деп санайтын үлгі бар, ол өмірден

алынған оқиғалардың интуитивті тартымдылығының болуы. Ғұмырнама бұрын қарапайым, ескі жанр болып саналғанымен, қазіргі кезде оның көптеген тарихи түсініктерді бере алатыны белгілі болды.²⁶ Бұған қоса, бұл жанрдан барлық тарихи еңбектің негізгі ерекшелігін, атап айтсақ, өзімізді зерттеу нысанымен бірегейлендіру қажеттілігіне деген ниетті аңғаруға болады. Интеллектуалдық, эмоциялық және шығармашылық қарым-қатынас жасайтын адамдар болған кезде, бірегейлендіру процесі жеңілдейді. Бұған қызықты мысал ретінде Анна Фундердің «Штазиленд» (*Stasiland*) атты кітабын атауға болады. Бұл еңбегінде автор Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құпия полиция – Штазидін (Германия Демократиялық Республикасы мемлекеттік қауіпсіздік министрлігінің қысқаша атауы – Ауд.) бақылауында болған Шығыс Германия тұрғындарының өмірі туралы қорқынышты әңгіме құрастыру үшін ауызша тарих, ғұмырнама мен қазіргі заман тарихын біріктіреді. Кітаптың негізін құрайтын бірнеше оқиға бар, алайда бұл оқиғалар хронологиялық тәртіп бойынша баяндалмаған. Автор оқиғаға қатысы бар адамдармен кездесу арқылы олардың портретін жасаған және Штази полициясының шредерленген файлдары қайтадан мұқият құрастырылған, демек оқиғаның қатысушылары өздері туралы не жазылғанынан хабардар бола алады. Сонымен қатар ол жадының жұмыс істеуінің күрделі, таңдамалы тәсілдеріне баса көңіл аудара отырып, «Шығыс пен Батыстың бұрынғы шекарасын ажырататын қаланы» сипаттайды.²⁷

Осы уақытқа дейін бұл тарауда үш мәселеге ерекше назар аударылды. Біріншіден, тарих өзінің тақырыбы, дереккөздері мен ауқымы жағынан соншалықты үлкен, сондықтан оны басқаруға мүмкіндік беру үшін оны жіктеу керек. Екіншіден, мұны іске асырудың әртүрлі көптеген жолдары бар; оның барлығы да тарихи түсінік қалыптастыратын маңызды болжамдарды қамтиды. Үшіншіден, тарихтың әртүрлі түрлерінің арасындағы айырмашылықтар күрделі һәм жасанды болғандықтан, өткен туралы неғұрлым қанағаттанарлық интегративті сипатта жазуға талпыныстар болды, мен оларды «тұтас тарих» деп сипаттадым. Ғұмырнама мен мәдени тарих адамның алуан түрлі тәжірибесімен байланысты тарих түрлеріне деген ұмтылыстың көрінісі деп пайымдадым.

Мәдени тарих адам санасының табиғатын ғылымның негізіне айналдыратын әртүрлі теориялық көзқарастарға ашық екенін көрсетті. Бұл жағдайда бірқатар тарихи дәстүрлер іздеген үйлесімділік немесе тұтастық сезімі психикалық процестерде кездеседі.²⁸ Тарихты зерттеудің әртүрлі және өзгеретін тәсілдері туралы ойлану әрқашан пайдалы.

Тың салалар

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тарихтың көптеген жаңа салалары пайда болды және оны мамандандыруды дамытудың нәтижесі деп бағалауға болады. Сонымен қатар жоғары білімнің кеңеюі университеттер, университет оқытушылары мен студенттер санын едәуір арттырды. Гуманитарлық ғылымдарда зерттеу,

негізінен, жеке адамдардың ісі болып саналады, сондықтан ол адамға толықтай тиесілі құбылыс ретінде қабылданады. Сондай-ақ академия білімді емін-еркін және ашық түрде таратуға тырысады, сондықтан егер олар нәтижелерді тым еркін жарияласа, осы утопиялық мақсат пен зерттеушілердің өз еңбектерінде өзіндік ерекшелігін жариялау қажеттігі арасында үнемі қайшылық туындайды. Тиісінше, жаңа салалардың дамуын жыл сайын саны артып келе жатқан тарихшылардың өзіндік нишасын құрудың бір тәсілі ретінде қарастыруға болады. Алайда жаңа салалар практик мамандардың мүдделеріне сай пәнді жіктеу себебінен ғана туындамайды, бұл салалардың қалыптасуына әлеуметтік және саяси мәселелер себеп болуы мүмкін.

Әйелдер тарихын зерттеу мәселесі жаңа салалардың дамуына қосылған қомақты үлес деп айтуға болады. Тарихшылар әйелдер тарихына, әйелдердің ерекше әлеуметтік рөлдеріне көптен бері қызығушылық білдіріп келеді. Бұл 1790 жылдарға тән әйелдер құқықтарына деген қызығушылық пен XIX ғасырдағы әйелдердің құқықтық және әлеуметтік мәртебесін реформалау қозғалыстарының өсуіне дейінгі XVIII ғасырдың еңбектерінде айқын көрінеді.²⁹ Әйелдер тарихын жеке сала ретінде дамытудың негізгі серпіні феминизмнің екінші толқынымен тұспа-тұс келді, бұл кезде әйелдер ерлер басым болған мекемелерде академиялық мансапқа қол жеткізуге тырысты. Осыған орай әйелдер тарихының дамуын өршіл әйел тарихшылардың мүдделеріне қызмет ету ретінде қарастыруға болады. Дегенмен әйелдер тарихын алғашқы болып зерттегендердің қатарында көптеген ер адамдар болды, оның үстіне сол уақытта бұл жаңа саланың әйелдерді жұмыс орындарымен қамтамасыз ететініне ешкім кепілдік бермеді. Шын мәнінде Ұлыбританияда әлі күнге дейін көптеген адамдар өздерін осы саланың ізашарларымыз деп санағанына қарамастан, әйелдер тарихына қатысты лауазымдар аз. Академиялық қызмет саясиландырылған бірегейлікке негізделген АҚШ-та ондай қызмет орындары баршылық. Әйелдер тарихы Скандинавияда маңызды позицияларға ие болғанына қарамастан, Еуропаның көптеген бөліктерінде қалыптасқан тарихи салалармен салыстырғанда шағын әрі біршама маргиналды аймақ болып саналады.³⁰

Көпшілікті мойындатқан сала ретінде әйелдер тарихын дамыту барысында екі мәселе туындады, ал бұл мәселелердің пайда болуына бірегейлендіру саясатының айналасында қалыптасқан жаңа салалар себеп болды. «Әйелдер тарихы» атауының өзі тарихи талдау жасау үшін, әйелдер категориясының құндылығын мойындауды білдіреді. Бұл тек академиялық қызмет үшін ғана емес, сонымен қатар оның бағыт-бағдары саналатын топ үшін де заңдастыру түрі болып саналады. Әйелдер категориясына баса назар аудару – саяси процесс, әйелдер тарихы әйелдер мен олардың өткенін зерттейтіндердің маңызын арттыра түседі. Осыған байланысты бірегейлендіру мәселесі туындайды. Әйелдер тарихы сияқты, өз алдына жеке саланың болуы тарихшыларды өздері зерттейтін тұлғалармен және сол тарихшылардың еңбегін оқитын оқырманның өткен уақытта өмір сүрген әйелдермен бірегейлендіру процесін жеңілдетеді. Сондай-ақ бұл ғалымдарға өз әріптестерімен қатар, саяси қозғалыстармен белсенді байланыс арқылы өз бірегейлігін қалыптастыруға да септігін тигізеді. Осыған ұқсас процестер қаранәсілділердің

тарихын дамыту ісінде де көрініс берді. Ол әйелдер тарихы сияқты рөлдік үлгілерді жасауға маңызды үлес қосады және адам жанын сыздатқан тәжірибені тарихи тұрғыдан түсінуге септігін тигізетін құрал ретінде қарастырылады.

Бұлардан бөлек, жаңа салалар этностық мәселелерді де көтереді: тарихшылар өткенге шолу жасай отырып, кінәлілерді іздеу керек пе? Олар еліктеуге тұрарлық тұлға ретінде қарастыруға болатын адамдарды қалай іздейді және мақтауын қаншалықты асырмақ? Өткенді қайта баяндау арқылы бүгінгі құндылықтарды



2.3-сурет. Габриэль Метсу. *Сырқат қыз*

Майлы бояумен сурет салынған кенеп, ұзындығы – 32 см, ені – 27 см, шамамен 1664–1666 жылдар.

Метсудің Амстердам мемлекеттік музейіндегі картинасы – күнделікті өмірдің көрінісі, мұндай картиналарға түсініктеме беруге қатысты қызу пікірталастар жүріп жатады. Кейбір тарихшылар өткен уақытқа жол ашу үшін голландтық «алтын ғасырға» қатысы бар суреттерді пайдаланған. Саймон Шама «Байлардың абыржуы» (*The Embarrassment of Riches*) атты еңбегінде бірталай көрнекі дәйектерді пайдаланған.

Өткенді түсіндірудегі өнердің рөлін жан-жақты зерделеген Фрэнсис Хаскелдің (1988) кітабы туралы сыни пікір суреттерді тарихи пікірталастарда қолдану кезінде есте ұстайтын сақтық түрлерін ұсынды.

өзгертуге талпыну қаншалықты дұрыс? Бұл сұрақтарға жалпылама жауап беру мүмкін емес, себебі көп нәрсе бұл мәселелерді қамтитын контекске байланысты және соған орай оларға берілетін жауаптар да күрт өзгереді. Жаңа салалар күрделі мәдени және эмоциялық қызметті жүзеге асырады деп күтілуде, сондықтан олар даулы болуы мүмкін. Жаңа салалар белгілі бір әлеуметтік топқа назар аудару, езгіні мойындау, өзгенің көзқарасын сыйлау сияқты талаптарды қамтитындықтан, кейде бұл салалар мамандары өздерін қатал, өткір көзқарасты ұстанатындай сезінеді, сондай-ақ бұрыннан қалыптасқан салаларда жұмыс істейтін мамандар оларды интеллектуалдық тұтастығы жоқ деген ойда болады.

Балалық шақ тарихы осы сәттерді суреттейді. Тарихтың бұл түрі психоанализге және балаларға қатігездікпен қарауға ерекше назар аудару нәтижесінде пайда болды, бұдан жоғары моральдық қағиданы аңғарамыз. Балалардың өзінен шығатын тікелей айғақтардың айтарлықтай аз екенін ескерсек, бірегейлендірудің бұлыңғыр түрлерінің қаупі жоғары болады. Қазіргі таңда атышулы сот істері жәбірленушінің дәлеліне сүйенеді, осылайша ауызша тарих пен қазіргі заман тарихы ғылыми және қоғамдық ортада маңызды рөл атқаруы мүмкін.³¹ Жаңа салаларды қолдап және керісінше бұған қарсылық танытып жүрген ғалымдардың көзқарасына байыппен қараған жөн, дегенмен осыған байланысты мәселелерді ашық түрде талқылау қиынға соғатыны анық. Жаңа қосалқы салалардың айналасында қақтығыстар сөзсіз болуы мүмкін, дегенмен олар да адамгершілік, жанашырлық және түсіністікке негізделуі қажет.

Тарихи зерттеуді жүргізуге түрткі болатын жағдайлар жеткілікті және тарихшылар көп жағдайда өз зерттеу нысандарымен де, тәсілдерімен де тығыз байланыста болады. Бұл рационалды талдауға жатпайтын әрекеттің күшеюіне, сондай-ақ қарастырылған құндылықтарды жақтамайтын және оларға түбегейлі қарсы болатын мамандардың қатарының көбеюіне алып келуі мүмкін. Егер тарихшылар өздерінің еңбектері туралы өз сезімдерін ашық білдіруге дағдыланса, оған қол жеткізуге мүмкіндік беретін төзімділік пен міндеттемелерді құрметтеу қажет. Алайда пәннің практик мамандары арасындағы, мысалы, Ұлыбританияның Еуропалық одаққа мүшелігі туралы 2016 жылғы референдумнан кейін қызу пікірсайыстар кезінде анықталған саяси алауыздықтардың қаншалықты терең екендігін ескерсек, толық ашықтық көзге түсе бермейді. Мұндай жағдайларда этикалық және интеллектуалдық аспектілерді қамтитын дәлелдер мен оларды дұрыс пайдалану туралы идеяларға бейтарап қарау өте маңызды. Балама ретінде бұл күрделі мәселені терминдер аясында шешуге тырысуды атауға болады, бірақ бұл да нақты шешім бере алмайды, өйткені олар дәлелдерге емес, сенім мәселелеріне негізделген. Бірақ сенім соншалықты іргелі мәселе болғандықтан, қақтығыстың болуы сөзсіз.

Бұған қызықты мысал ретінде 1940 жылы орнаған пронацистік Виши режимі кезіндегі Францияның ынтымақтастық деңгейін атауға болады. Бұл тақырыпқа қатысты пікірлер таласы күшейе түсуде, өйткені «ынтымақтастық» ұғымы – «әділетті соғыс» деген түсініктің кеңею контекстінде моральдық құлдырауды білдіреді. Лион қаласындағы Француз қарсыласу қозғалысы тарихының музейі деректердің эмоциялық күшін мойындай отырып, зерттеушілерге көптеген дәлелдер

ұсыну арқылы бұл мәселенің оңтайлы шешімін тапқаны көңіл қуантады.³² Осы мәселелені жаңа алаңның қалыптасуымен байланыстырсам да, бұл оны айқын көрсететін орындардың бірі; бұл – бұрыннан қалыптасқан салаларда, әсіресе, қазіргі таңда саяси өмірге араласу бар және бұл үнемі сынға ұшырап отырған салаларда да туындайды. Салалар өзгеріске ұшырап, пән қайта құрылымдалған кезде, қалыптасып қалған түсініктер туралы ойлануға түрткі болады.

Географиялық шекаралар

Қосалқы салаға қатысты мысалдар келтіргенде, мен әйелдер, қаранәсілділер, еврейлер, балалар және т.б. ерекше назар аударуды талап ететін адам категорияларын зерттейтін қосалқы салаларды пайдаландым. Жұмысшылар, гейлер немесе құлдар секілді басқа мысалдарды таңдауыма да болар еді. Алайда тарихтың өзі де мүлде өзгеше критерийлер бойынша бөлінеді. Әрі қарай сол критерийлердің төртеуін: аймақтар, тәсілдер, тақырыптар мен теорияларды қарастырамын.

Жалпы бөлініс орналасқан алаңы бойынша іске асады, көбінесе бұл – қазір біз «ұлттық мемлекет» деп атап жүрген территория. Дегенмен тарихтың көптеген түрлерінің жергілікті өлкелерге, ұлттық мемлекеттердің басым бөлігінен әлдеқайда кіші болатын аймақтарға назар аударатынын, ал олардың атаулары мен шекаралары тұрғысынан алғанда, тарихы тереңде жатқанын және жазбалар мен архивтерге қатысты әкімшілік маңызы бар екенін атап өткен жөн. Бір жағынан, бұл әуесқой тарихтың өміршеңдігі мен жергілікті тұрғындардың мақтаныш сезімін көрсетеді. Сонымен қатар ол белгілі бір аумақтың өткенін археологтардың, антикварлардың, шежірешілер мен сәулет тарихын зерттеумен айналысатындардың, жалпы тарихшылардың зерттеуі сияқты ежелгі ғылыми дәстүрлерді ашып көрсетеді.³³

Елдің арасын бөліп тұратын шекараның анық көрсетілуі сирек жайт болса да, мемлекеттер талдаудың негізгі өлшемі ретінде қарастырылады. Дау-дамайға толы және өзгермелі шекаралардың мән-жайы белгілі. Сонымен қатар ұлттық шекараларда тілді, этностық, діни және аймақтық айырмашылықтарды пайдалану мәселелері қайшылыққа толы болғандықтан, бірлік ұғымы даулы. Мысалы, Франция, Қытай, Германия, Мексика немесе Италия тарихын маңызды ұғымдарға айналдыру үшін тарихшылар әртүрлі құбылыстарды біріктіретін тұжырымдамалық құрылымдарды қажет етеді. Тарихи процестерді *қазір* біз Франция, Қытай немесе тағы басқа атаумен атап жүрген аймақтарда болғаны үшін ғана біріктіру – интеллектуалдық тұрғыдан әлсіз тәсіл болып саналады. Алайда саяси құрылымдардың біріктіруші әсеріне қайта оралып, бұл біртұтас мемлекеттік аппарат, мемлекет басшысы және құқық, денсаулық сақтау және білім беру және тағы басқа жүйелерден тұрады десек, онда Грекия, Испания не Египет тарихы туралы сөз қозғаудың мәні бар деуге болады. Тарихшылар осы мәселелердің күрделілігіне көбірек назар аударады. Бакалавриат деңгейінде француз тарихын оқитын студенттерді «Франция» түсінігінің күрделілігін және ол туралы қалыптасқан түсініктер өздері оқығалы отырған тарихи еңбектердің негізін құрайтынын жете сезіне алатындай

дәрежеде сiңiрiлуiне болар едi. Франция тарихы кoп жағдайда қуатты мемлекеттiң тарихы болуымен сипатталады, сондықтан бұл пiкiрге қарсы шыққандардың пiкiрi мәнсiз немесе әлсiз деп саналады. Сонымен қатар кoбiне Франция дегенi тек Париждi ғана бiлдiретiнi таңғаларлық жайт. Керiсiнше британдық тарихшылар бүгiнгi күнге дейiн Француз абсолютизмi кезеңiнде Ұлыбританияның әлсiз мемлекеттiк аппарат ретiнде сипатталып келгенiн алға тартты.³⁴ Бұл мәселелердегi ревизонизм ұлттық бiрегейлiк сезiмiне нұқсан келтiредi. Ұлыбританияға қатысты алғанда, британдықтар болмысынан жекебас сезiмiне қолсұқпаушылық идеясымен ерекшеленедi деген пiкiр бар, дегенмен кoптеген тарихи кезеңдер мұны жоққа шығарады.³⁵ Алайда осы өзiн-өзi тану бейнесi қазiргi күнге дейiн тарихи зерттеудiң әлдебiр бөлiгiнiң iс-тәжiрибесiн анықтайтын шарт болып отыр, сондықтан мемлекет мәселесi бойынша ұлы теоретик ретiнде саналатындардың аз ғана бөлiгi британдықтар болуының да мәнi бар шығар.

Географияны жай ғана есте ұстай отырып, мекендердi өзiнен-өзi белгiлi түсiнiк деп санау және сол мекендердiң пайда болуына ықпал еткен күрделi тарихи процестердi елемеу оңай. Бұл тек елдерге ғана емес, сонымен бiрге тарихшылар пайдаланатын барлық географиялық бiрлiктерге де қатысты.³⁶ Бұған қатысты шешiмдердiң бiрi – бiз зерттеп жатқан кезеңде олар қалай анықталды және сипатталды деген мәселеге баса назар аудару. Кейбiр елдерде, әсiресе Германия мен Италия сияқты бiрiгу процесi кеш аяқталған елдерде шығатын ғылыми журналдар әдетте гомогендену әсерiн туғыза отырып, ұзақ кезеңдердiң тарихын қамтиды. Ұлттық мемлекет бұрынғы процестердiң жүру бағытын анықтайтын норма – мақсат ретiнде оңай қабылданады.

Суға, күрлыққа назар аударуға болатын аймақтық тарихтың артықшылықтарының бiрi – бұл зерттеушiлердi бiр-бiрiмен байланысты әртүрлi тарихи құбылыстар туралы ойлауға жетелейдi.³⁷ Осы мәселелердi географиялық және талдамалық тұрғыдан түсiндiруге болады; әртүрлi құбылыстарды бiрiктiру әлдеқайда нәтижелi екенiн және мұқият таңдалған географиялық аймақ мұндай синтездi жеңiлдете алатынын байқаймыз. Бiз тұтас тарихты қарастырдық және аймақтық тарихтың елдерге қарағанда, кiшiгiрiм өлкенi қамтуы әлдеқайда тиiмдi нәтиже беретiнiн аңғардық. Бұл, әсiресе, ұлттық мемлекет ең маңызды бiрлiк болып саналмайтын аймақтар немесе тақырыптар үшiн тиiмдi. Бұл тәсiл тақырыптық зерттеу ретiнде қалаларды пайдаланатын жағдайларда ерекше тиiмдi. Жергiлiктi архив қорында кoптеген деректер сақталған жағдайда, тарихшылар әртүрлi тарихи мәселелердi есепке ала отырып, сол деректердi бiрнеше қайтара пайдалануы мүмкiн.³⁸

Сандық тәсiлдер

Жiктеудiң екiншi түрi – әдiс немесе тәсiл. Әдiс – нақты талдамалық процедураны қамтыса, тәсiл – жалпы бағдарды көрсетедi. Алайда жалпы қолданыста бұл терминдер кoбiнесе синонимдер ретiнде алынады. Бiз талдап отырған мәселенiң мәнiн анықтауға бiр-бiрiне қарама-қарсы екi мысал көмектеседi, бұлар – сандық (квантитативтiк) тарих және ауызша тарих.

Практик мамандардың көпшілігі (барлығы емес) сандық тәсілдерді пайдаланатын экономикалық тарих негізінен тарих пәнінде маңызды рөл атқарады. Экономикалық тарихты пәні және талдануы тұрғысынан анықтау қажет. Тарихи зерттеулерде сандық тәсілдерді пайдалану жаңалық болмас, статистикалық шараларды қолдана отырып, индустриялық революцияның салдары туралы пікірталастар ғасырлар бойы жалғасып келеді, бірақ бұл Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлеуметтік ғылымдардың тарих пәніне айрықша ықпал еткен кезінде айтарлықтай өсті.³⁹ Бұл топтарды зерттеуге өте ыңғайлы, өйткені ол субъективті тұрғыдан қарастырылатын жиынтықтарды зерттеуге мүмкіндік береді, бұл әдіс болмаса, олар импрессионистік тұрғыда қаралған болар еді. Ұжымдық құбылыстардың, егер осылай айтуға болатын болса, маңызы артып келе жатыр. Онымен тығыз байланысты дәлел сандық тәсілдер бұрын жеткіліксіз болған дәлдік дәрежесін қамтамасыз етеді.

Некеде және некеден тыс дүниеге келген балалардың саны туралы демографиялық жұмыс бұған мысал бола алады. Бұл тарихшыларға жастар арасындағы сексуалды белсенділік табиғатын жеке үлгілерге негізделген сипатта жете түсінуге мүмкіндік береді. Некеге тұрудың орташа жасы жоғары, некеден тыс бала туу көрсеткіші төмен және бала көтеруге қарсы қолданылатын дәрілер тапшы болған кезде, тарихшылар әлеуметтік бақылау тетіктері мен адамның әртүрлі сексуалдық мінез-құлық туралы ойлануға мәжбүр болды.

Біз осындай демографиялық мәселелерді ескере отырып, әлеуметтік өзгерісті қамтитын кезеңдерді қарастыра аламыз. Демек, сандық тәсілді пайдаланудың тағы бір дәлелі – ол ұзақмерзімді кезеңдердегі трендтерді анықтауға мүмкіндік береді. Ұзақ мерзімге жалғасатын өзгерістерді маңызды деп санауға бірнеше себеп бар. Олар тұрақтылық пен өзгеріс кезеңдері туралы нақты түсінік береді және тарихшыларға тұжырымдауға қиындық туғызуы мүмкін баяу әрі байқала бермейтін өзгерістерді анықтауға көмектеседі. Осылайша бұл әртүрлі қарқында жүріп жатқан тарихи өзгерістің алуан түрлерін салыстыруға жол ашады және тарихшылар осы арқылы маңызды өзгерістердің себебін мұқият анықтай алады. Тарихшы ұзақмерзімді үрдістерді тереңірек түсіну арқылы өзгеріс туралы пайымдау мен олардың арасындағы сәйкессіздіктерді байқай алады. Мысалы, XVIII ғасырда көптеген елдерде халықтың азаюына байланысты алаңдаушылық туындады. Демографиялық деректер әртүрлі заңдылықтарды көрсетеді, мысалы, Англияда бұрын-соңды болмаған өсу байқалды. Мұны түсіну XVIII ғасырдағы түсініктеме берушілерді қателіктері үшін сөгу мақсатында емес, көзқарас қалыптастыру және тарихи түсініктемелер ұсыну тәсілдеріне баса мән беру үшін қажет.⁴⁰

Сандық тәсілдерге сүйеніп, тарихи еңбек жазу қиын емес деуге болмайды, себебі бұл процесс тарихшының қолында бар ақпараттың сапасына байланысты.⁴¹ Мұндағы ерекше қиындық тудыратын мәселе – жүйелілік. Ұзақмерзімді трендтер маңызды болуы үшін мәліметтер уақыт пен кеңістік аясында салыстыруға қатаң түрде үйлесімді болуы керек, ал олардың табиғатындағы өзгерістер (жинау әдісі, кіріктіру критерийлері және т.б.) оларға негізделген жалпы тұжырымдарды жоққа шығаруы мүмкін. Мұндай ақпараттың қалай түсіндірілетіні және нені қамтитыны даулы мәселе. Роджер Шофилд аналардың өлім-жітіміне қатысты деректерден

7 *Secular trends: back-projection estimates* 207

In general the evidence of the census totals 1801–71 and the more detailed age breakdowns of 1821 and 1841 suggests that back projection performs well over the period during which its performance can be checked effectively. There is virtual identity in overall population totals from back projection and census in each of the four censuses 1801 to 1831, which encourages the belief that the 1871 input age data must have been modified correctly. The more detailed comparisons of the two sources for 1841 and 1821 also tend to sustain the view that the program is following the right path during the first 70 years of back projection. Before 1801 it moves into the pre-census age when its progress can no longer be monitored in the same way in the absence of reliable independent information about the size or structure of the English population.

Estimates of population size

The population totals estimated by back projection at five-year intervals between 1541 and 1871 are shown in table 7.8 and figure 7.1.²⁷ The vertical scale is logarithmic to enable comparisons to be made of the rate of population change regardless of absolute level. In round terms the course of population change as shown in the figure can be summarized fairly simply. When first 'visible', in 1541, the




Figure 7.1: English population totals 1541 – 1871

Source: Table A3.1

27. The difference between any two successive population totals equals the difference between the quinquennial birth and death totals plus the net migration total for the period. Thus, for example, the population in 1601 was 4,109,981, while that in 1606 was 4,253,325, a difference of 143,344. The natural increase of the period was 179,330 (703,918 births less 524,588 deaths), and the net emigration was 35,988. Adding these two totals gives the intercensal difference almost exactly (179,330 – 35,988 = 143,342). The difference of 2 arises because of small rounding errors in the allocation of deaths by age group.

2.4-сурет. Э.А. Ригли мен Роджер Скофилд. 1541–1871 жылдардағы ағылшын халқының жалпы статистикасы

Ұзындығы – 23 см, Кембридж, 1989 ж.

Бұл бетте төрт ғасырдағы Англиядағы халықтың жалпы санын көрсететін қарапайым кесте бар, бір қарағанда, бұл бірден құрастырылғанға ұқсауы мүмкін, бірақ ол техникалық тұрғыдан күрделі зерттеудің нәтижесінде жасалынды. Диаграммаға негіз болған кестелер сандар тізбегі ретінде жасалған, оларды түсіндіру үшін арнаулы дағдыларды игеру қажет. Авторлар сандық тарих пен отбасын қалпына келтірудің ізашарлары болды.

Әйелдердің бала тууға қалай қарайтыны туралы тұжырымдар жасауға қызығушылық білдіріп, осы мәселені зерттеген. Мұндағы аса бір қиындық тудыратын мәселе – адамның *субъективті* тәуекел сезімі мен демографтар аса қиындықпен құрастыратын *статистикалық* тәуекел арасындағы өзара байланыстың дәлелдерін іздеу.⁴² Әйелдерге қатысты өзгерістер туралы мәлімдемелер әртүрлі дәлелдемелерді пайдалана отырып құжатталуға тиіс. Тәуекел сезімі – белгілі оқиғадан оқшаулануға болмайтын, күрделі әрі мәдени құбылыс. Ана өлімі болжанғаннан әлдеқайда аз болғанын білу пайдалы әрі маңызды, бірақ одан жасалатын тұжырымдар ауқымы айтарлықтай анық емес. Тиімді әдістің бірі – мұндай ақпаратты сандық материалдар әртүрлі сапалы материалдармен салыстырғанда және салыстырылғаннан кейін түсіндірілуі әрі мұны әріқарай зерттеуге ынталандыру ретінде пайдалану. Сандық тұрғыдан өлшенетін деректердің шектеулілігі кейде ескеріле бермейді, мүмкін оған осы деректердің ғылыми мәлімет беруі себеп болуы мүмкін; оларды жарияламас бұрын, әуелі, қалай өңделгеніне сыни талдау жасаудың маңызы зор. Сандық және сапалы талдау түрлерін бір-бірін толықтырушы ретінде қарастырған абзал. Дегенмен мамандандыру қажеттігі, әсіресе, сандық талдауды пайдалану арқылы жоғары деңгейдегі еңбек жазуға қажетті машықтар тарих тәжірибесінің басқа түрлерінің арасын алшақтатып жібереді.

Сандық тәсілдер мен экономикалық тарих өзара тығыз байланысты болса да, экономикалық құбылысты зерттеумен айналысатын көптеген тарихшылар статистикалық әдісті пайдаланбайды. Экономикалық тарих – өте ауқымды сала. Бұл – өмірдің материалдық негізіне қатысты адамның шынайы өмірінің тарихы.⁴³ Экономикалық тарих шикізат пен тауарларды өндіруді, таратуды және тұтынуды қарастырады. Демек, ол адам мінез-құлқының көптеген аспектілеріне қатысты. Экономикалық тарихтың осындай үлкен әрі барлығын қамтитын мәселелерге қатысы бар болса да, оны өзге тәсілдермен біріктіруге болады. Сандық тарих – нақты әдістердің қолданылатынын білдірсе, ал экономикалық тарих – адам өмірінің іргелі аспектілерін жіктеуді білдіреді, бұл оны тәсіл ретінде түсінуге болатынын көрсетеді. Тарихшылардың көпшілігі «экономикалық» деп атауға келісетін құбылыстар бар. Олар салық, сауда, тауарлардың бағасы, сол себепті бұл сала да ерекше мазмұнға ие. Сонымен бірге ол қуатты және жоғары теориялық экономика пәніне сүйенеді; шынында да кейбір экономиканы зерттейтін тарихшылар экономика факультеттерінде тәжірибеден өтеді.⁴⁴

Жеке тұлғалардың ұтымды таңдауы болған экономикалық теорияларды тарих пәні аясында пайдалану бірқатар мәселелерді қозғайды. Бұл мәселелер адам табиғатының үлгілерімен байланысты, ал олардың маңызы өте сирек зерттеледі. Экономикалық теорияны пайдалану экономикалық тарихтың дәстүрлі анықтамасында көрсетілген міндеттерді шешпейді. Саяси тарихтан байқағанымыздай, экономикалық тарихты қорғау шаралары экономикалық материал талдау тұрғысынан ерекше және тарихи түсініктеме үшін пайдалы екеніне негізделуі қажет. Сандық тәсілдер сияқты мұнда да арнайы машық талап етілуі мүмкін. Сол себепті өткен уақытта өмір сүрген адамды экономикалық субъект ретінде қарастыруға аз көңіл бөлетін, ал трендтер, жиынтық көрсеткіштер, тағы басқаларға ерекше назар аударатын тарихшылардан құралған сарапшылар тобы қажет болуы мүмкін. Қалай болғанда да, экономикалық тұжырымдама шеңберінде атқарылған іс

туралы нақты түсініктің болуы маңызды. Мұндай әдістер мен тәсілдер тарихи құбылыстардың белгілі бір деңгейлерін тиімді зерттеуге мүмкіндік береді, алайда бұл ұғым, өз кезегінде, мұқият зерделеуді қажет етеді.

Ауызша тарих

Тарихи құбылыстардың деңгейлері туралы ұғымды ауызша тарихқа да қолдануға болады, бұл – пәнді методологиялық жіктеудің мысалы. Ауызша тарих арнайы дайындалған сұхбат берушілерге өз тәжірибесі туралы айтатын адамдардан құнды мәліметтер алуға болады деген идеяға негізделген. Осылайша бұл ақыл-ой қабілеті қаншалықты күрделі немесе түсініксіз болуы мүмкін екеніне қарамастан, жадыға белгілі бір артықшылық береді. Сонымен қатар ауызша тарих әр адамның тәжірибесі құнды және тарихи тұрғыдан қызығушылық туғызады деп болжайды. Элиталық деңгейдегі ауызша тарих жасау мүмкін болғанмен, Пол Томпсонның пікірінше, «өткеннің дауысы» қарапайым жұмысшы ерлер мен әйелдердің дауысы, олардың қолында билік жоқ, дегенмен құнды тарихи мәліметтер ұсынатын әлеуметтік өзгеріс, отбасы, жұмыс, саясат және тағы басқа тақырыптар бойынша мол тәжірибесі бар.⁴⁵ Сол себепті «тәжірибе» сөзі ауызша тарих үшін маңызды болып саналады, бірақ ол тәжірибелі тарихшымен өткен туралы сөз еткенде ретроспективті түрде пайда болады. Ауызша тарихтың ұтатын бір жері – көзге көрінбейтін құбылыстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жеке адамның тәжірибесіне сүйенетін ауызша тарих психологиялық зерттеу болуы мүмкін, бұл – ерекше маңызды тарихи деңгей. Бұған үй шаруашылығын басқару мен отбасылық өмірді мысал ретінде келтіруге болады, сол секілді денсаулық сақтау және бала көтеру мәселелері жұмысшы әйелдер арасында сауалнама жүргізіліп, күнделікті өмір салты зерттелгенге дейін, көп ретте жабық түрде қарастырылып, тарихшыларға мұны зерттеу қиынға соқты. Өткен кезеңдегі адами қарым-қатынастың сапасын ауызша тарих әдістері арқылы қалпына келтіруге болады, олар сөзбе-сөз дәлдікке емес, нақты тәжірибелерге қол жеткізуге байланысты болады. Ауызша дәлелдер мүмкіндігінше, басқа деректермен қайта тексеріледі. Ауызша тарих тәжірибелі мамандар пайдаланатын өте күрделі тәсіл болғанына қарамастан, ол кеңінен қолданылады және тарихты түсіндірудің демократиялық әдісі болып саналады.

Дегенмен ауызша тарихты пайдалануға қатысты ықтимал қауіптің бірі – респонденттерді шамадан тыс бірегейлендіру. Тарихтың басқа салаларында түпнұсқалыққа күдік туған жағдайда да осындай мәселе туындайды. Өткенді романтикаға айналдыру немесе шынайы дауысты анықтауға тырысу тарихи тәжірибеге ғана тән сипат емес. Алайда оны кәсіби дайындығы мен қоршаған ортасы шындық пен нақты дәлелдер іздеуге итермелейтін тарихшылар ескеруі керек, егер бұл дәлелдер қиындықтармен жиналса, онда ол құнды болады. Өз өмірі туралы айтатын адамдар тарихшылармен бірлесе отырып, дәлелдердің айрықша маңызды түрін құрастырады. Мұндай пікірлер бұрын шетқакпайланған топтар тарапынан айтылса, ол құнды болады. Егер олардың айғақтарында, әдеттегідей, жапа шегу мен жоқшылық, батырлық пен табандылық туралы сөз қозғалса, тарихшылардың

сезімге бой алдыратыны сөзсіз. Бұл өткенді өсірелеуді білдірмейді, бірақ ол нәтижесінде жазылатын ғылыми еңбекке әсер етуі мүмкін.

Тақырыптық тарих

Әдіске негізделген тарих – тарихи зерттеуді ұйымдастырудың жасанды жолы. Өткеннің дәлелді сипаттамалары бір-бірімен тамаша үйлесетін әртүрлі материалдар мен әдістерді қамтиды. Мұндай мүмкіндіктердің бірі – тақырыпты, мысалы, маңызды әрі ықпалды болатын сан алуан идеяны ұйымдастырушылық принципі ретінде қабылдау. Мұндай жұмыстардың алғашқы мысалдарын жоғары деңгейде жазылған элиталық түрге жататын жазбаша мәтіндерге баса назар аударатын идеялар тарихынан табуға болады.⁴⁶ Артур Лавджойдың алғаш рет 1936 жылы жарияланған «Болмыстың ұлы сабақтастығы» (*The Great Chain of Being*) кітабында идея құрастырудың кең таралған үлгісін зерттеу нысаны ретінде алып, оның классикалық кезеңнен бастап, XVIII ғасырдың соңында эволюциялық теорияның даму себебінен қолданыстан шыққанға дейінгі тарихын қарастырған. Өзінің басқа жазбаларындағыдай, бұл еңбегінде А.Лавджой әр түрлі жазба деректерді пайдаланған.⁴⁷ Идеялар тарихы «жоғары» мәдениетке айрықша назар аударды, дегенмен өткен қоғамдардың әртүрлі аспектілерін біріктіруге қабілетті көптеген тақырыптар бар. Дэвид Лоуэнталь өзінің «Өткен шақ – бөгде мемлекет» (*The Past Is a Foreign Country*) атты кең көлемді әрі ықпалды кітабында өткен уақыттың қиялда және көркем әдебиет пен поэзияда, тарихи шығармаларда бейнелену әдістерін зерттеу үшін ғимараттарды, теміржол вокзалдары мен музейлерді, сондай-ақ өзге де деректерді зерделейді. Мұнда автор белгілі тақырыпты қауқаса да, оның тарихтың қай түрі екенін айту қиын. Қазіргі уақытта тарихшылар өткеннің репрезентациялары бойынша, атап айтқанда, «мұра» деп атауға болатын мәселелер жайында зерттеулерді көптеп жазуда.⁴⁸

Тақырыптық тарихтың біршама өзгеше түрі – Англияның, жаңа заманның бастапқы сатысындағы тарихын зерттеген Кит Томастың «Дін мен магияның құлдырауы» (*Religion and the Decline of Magic*), «Өмірдің соңы: қазіргі Англияның бастапқы сатысына жетудің жолдары» (*The Ends of Life: Roads to Fulfilment in Early Modern England*) атты кітаптары мен мінез-құлық туралы жақында жазған еңбегінде сипатталған. К.Томастың адамның бірнеше ғасыр бойы табиғатпен қарым-қатынасы туралы жазған «Адам және табиғат әлемі» (*Man and the Natural World*) кітабының тақырыбы ауқымды, бұл әртүрлі тақырыптарды, деректер мен мәселелерді біріктіруге себеп болды. Тарихшы К.Томас өз тақырыбын ашу үшін көптеген мысалдар, дәйексөздер және қысқа әңгімелер жинастырып, нәтижесінде бриколаждың бір түрін құрастырды. Тарихтың өзге дәстүрлі түрлеріне қарағанда, мұндай тақырыптық тәсіл арқылы мәліметтерді реттеу мен жүйелеу оңайға соқпайтыны сөзсіз. Оны К.Томастың кітаптарындағыдай эвристикалық түрдегі идеялар құрастыру және қайта бағалау үшін пайдалануға болады. Мысалы, «жануарларды азат ету» қозғалыстарының себебінен қазіргі таңда жануарлар тарихына қызығушылықтың артуы оң нәтиже береді, себебі бұл өткенге тиесілі

тақырыптар мен мәселелерді зерттеуді қалыптасқан категорияларға сай келмейтін жаңа көзқарас тарапынан ұсынады.⁴⁹ Оның керемет мысалы ретінде Марк Дженнердің XVII ғасырда оба індеті кезінде жиі өлтірілген иттерге деген көзқарасы туралы зерттеуін айтуға болады, бұл еңбек ауруға қарсы адамзаттың тапқан шараларының басқа бір қырын көрсетеді.⁵⁰ Зерттелетін тақырыптар тізімі көп болуы мүмкін, бұл мұндай тарих түрінің тартымдылығын аңғартады. Жүлде алған «Кешкі империя: жаңа заманның бастапқы сатысындағы Еуропадағы түн тарихы» (*Evening's Empire: A History of the Night in Early Modern Europe*) атты кітабында Марк Кословский өзі «ноктюрнализация» (*nocturnalization*) деп атайтын жағдайды, яғни түнгі уақытты заңды әлеуметтік және символдық тұрғыда пайдаланудың үнемі кеңейіп отыруы мәселесін зерттейді.

Ол уақыт, география, деректер мен әлеуметтік тәжірибелер тұрғысынан алғанда кең ауқымды қамтиды және тарихшыларды қазіргі өмірдің бастапқы бейнесіне назар аударуға жетелейді.⁵¹

Теорияға негізделген тарих

Жаңа көзқарастар, кейде теорияда да, әртүрлі жолмен қалыптасады. Көпшілік тарихты жеткілікті деңгейде теорияланбаған пән ретінде қарастырады, мұны дұрыс немесе бұрыс деп есептеу ұстанған көзқарасыңызға байланысты. Сонымен қатар бұл сіз білім алған елге де байланысты болады. Ағылшынтілді ортадағы тарихнама француз, итальян және немістің анағұрлым ашық сипаттағы теориялық дәстүрлерімен салыстырғанда, тарихтың эмпирикалық аспектілеріне назар аударуға бейім келеді. Кейбір тарихшылар теориялық көзқарастарды жиі пайдаланса да, бұл тарихи теорияны құрастыру болып саналмайды, қалай болғанда да ол XX ғасырға тән емес.⁵² Қоғамның негізгі теоретиктері тарихшылар болмаған, бірақ олар өткенді талдауды кеңінен пайдаланған. Тарихшылар қандай дәстүрлерді ұстанса да ерекшеліктерді іздеуге, жағдайдың ерекше екенін анықтауға, оның басқа жағдайлар және контекстермен байланысын атап өтуге дағдыланған. Бұл – әдіс ретіндегі салыстырмалы тарихтың міндеті, алайда салыстырмалы тарих теориясы жасалмаған.⁵³

Соңғы уақытқа дейін адамдардан тарихи тәжірибеде басты орын алатын теорияны атауды сұраса, басым көпшілігі марксизмді атар еді. Қазіргі уақытта марксистік тарихнаманы одан әрі дамытуға талпыныс аз сияқты. Мұның себебін алуан түрлі жолмен түсіндіруге болады. Талпыныстың жоқ болуына тарихшылардың марксизм ұсынған дүниетанымнан көңіл қалуы немесе оның негізгі элементтері пайдалы болатын деңгейде барынша тәжірибеге енгізіп үлгерді деп санауы себеп болуы мүмкін. Бәлкім, марксизм жүйесінің кейбір фрагменттері ғана әлі тірі шығар.⁵⁴ Сонымен қатар үлкен тарихи өзгерістерге байланысты тарихшылар таптық күрес және өндіріс табиғаты секілді марксистік тақырыптарға қызығушылығын жоғалтуы мүмкін. Өйткені бұл тақырыптар қазіргі әлем үшін нәсіл мен гендер сияқты маңызды емес. Интеллектуалдық тәсілдер өзгеріп отырады және теория

нәтижесінде айқын сынға әрі резонанстың болмауына байланысты да танымалдылығын жоғалтады. 1970 жылдардан бастап, психоаналитикалық теорияларға деген қызығушылық күрт өсті. Кейбір ортада бұған күдікпен қараса да, аталмыш теориялар тарихшының теориялық арсеналының маңызды бөлігі болды, әсіресе, Америка Құрама Штаттарында бірнеше ірі тарихи кафедралар психотарих штатына кіреді және мұнда өз зерттеулерінде психоанализді қолданғысы келетін, бірақ пациентпен жұмыс істегісі келмейтін ғалымдар үшін қолжетімді оқу бағдарламалары бар.⁵⁵ Алайда көптеген адамдар, соның ішінде ғалымдар да, өздері сезбей-ақ психоаналитикалық тұрғыдан пайымдайды. Күнделікті өмірдегі мінез-құлыққа, мысалы, жарاقاتтарға қатысты ұсынылған көптеген сипаттамалар, қазіргі уақытта ақыл-ойдың қалай жұмыс істейтіні туралы жалпы қабылданған түсініктерге сүйенеді. Тарихи түсініктемелердің едәуір бөлігі менталдық процестер туралы түсініктерге негізделгендіктен, психоанализдің тарихи тәжірибеге енгені таңғаларлық жайт емес. Алайда көптеген тарихшылардың әлі де психоаналитикалық ойлау туралы немесе оның негізгі дәстүрлері арасындағы маңызды айырмашылықтар туралы тікелей білімі жоқ. Яғни фрейдтік, юнгтік, кейнлдік және лакандық негізгі дәстүрлер арасындағы басты айырмашылықтардан бейхабар. Тарихи зерттеулерде психоанализді пайдалануға, сондай-ақ жалпы психоанализге қатысты сыни пікірлер бар. Психоанализді пайдалану доктринерлік сипатта болмауы керек, бірақ бұл икемді болуы әрі негізгі пікір ретінде тарихи мәселені қамтуы ықтимал екенін есте ұстау оқырман үшін пайдалы болмақ. Егер тарихшылар прагматикалық көзқарасты қабылдап, психология мен мінез-құлық туралы пайымдауларды мүмкіндігінше саналы түрде қолданса, оның оң нәтиже беретіні сөзсіз.⁵⁶ Жеке қосалқы салаларды құру икемсіз және жасанды бөліністерді тудыруы мүмкін. Сол себепті тарихшылар олардың барлығына сыни көзқараспен қарай отырып, бірқатар теориялық перспективаларды қарастырғаны жөн.

Тарихшылар нақты теориялық көзқарастарды танып-білуі және теориялардың сипаты туралы белгілі бір түсінікке ие болуы керек. Теориялар мета деңгейде жұмыс істейді, олар эмпирикалық дерекпен салыстырғанда, жалпы әрі абстрактілі сипатта болады. Теориялар көптеген құбылыстарды түсіндіруге бағытталған негіздерді ұсынады. Демек, теориялардың белгілі бір сәуегейлік қасиеті бар. Мысалы, психоанализ жағдайында психологиялық жаракатының белгілі бір түрлері ауыр зардаптарға алып келуі мүмкін деп айтуға болады. Соғыстағы залал-зардаптар – психиатриялық және психоаналитикалық теориялардан құрастырылған тарихи зерттеудің бір саласы.⁵⁷ Іс жүзінде дәрігерлер мен тарихшылар жаракаттың зардаптары мен оның себептерін анықтауға қайта оралуы керек. Тарих саласының бір тармағы саналатын психотарих балалық шақтың тәжірибесі мен оның кейінгі өмірге әсерін ерекше атап өтуге тырысады, сонымен қатар мұнда нақты тарихи контекстке жеткілікті деңгейде назар аударылмайды және кейбір тарихшылар оны тарихтың аясын тарылту деп түсінеді.⁵⁸ Психоанализ адамның көп деңгейлі тәжірибесі мен ойлау формаларына жаңа көзқарастар ұсынады, ал бұл тарихшыларға зерттеу нысанын түсінудің тиімді әдісін құрастыруға септігін тигізуі мүмкін. Жадыға, жаракатқа және есте сақтауға қатысты қазіргі алаңдаушылық бізді психоанализдің тарихи талдауға қосқан үлесі туралы ғана емес, сонымен

бірге басқа психологиялық дәстүрлердің әлеуеті туралы да ойлануға жетелейді. Сондай-ақ сана деңгейлерін зерттейтін салалар метафоралар мен символдардың маңызын ашуға көмектеседі, олар бейсанаға ене алатын қабілетінің нәтижесінде күшке ие болады.⁵⁹

Әдетте тарихта психоанализді пайдалануға қарсылықтың екі түрі бар. Біріншісі – емделушілермен сауықтыру мақсатында байланыс орнату арқылы қалыптасқан индивидуалистік әдіс, бұл өмірі жайлы дерек жеткілікті жеке адамдарға қатысты орынды болуы мүмкін, алайда топтық құбылыстарға келгенде, ол сәтсіздікке ұшырайды. Шын мәнінде көптеген аналитиктер бұрынғы психологиялық жұмыстарға сүйене отырып, ұжымдық психология туралы ой қозғайды және психотарихшылар дәл осы мәселені айрықша қарастырған, мысалы, тоталитарлық көшбасшылардың қалай қолдауға ие болатынын зерттеген. Екінші наразылық – қайтыс болған адамға психоанализ жасау ағаттық, тіпті мүмкін емес және бұл әдіс психоаналитикалық идеяларға еш қатысы жоқ қоғамдарға қолданылмайды. Бірақ теориялар жалпыға ортақ болуға, мәселен тарихқа терең қызығушылық танытқан Фрэйд мысалындағыдай алуан түрлі жағдайға қолданылуы қажет. Егер теориялар генеративті болса, онда олар сол өздері тұжырымдалған кезеңге ғана қатысты болмайды. Психоаналитика ойшылдарының пікірінше, бейсаналық XIX ғасырдың соңында емес, адамзат пайда болған сәттен бастап қалыптасқан.⁶⁰

Өткел

Тарих – белгілі бір білім жиынтығы емес, идеялар мен тәжірибелердің бай қоспасы. Тарихты академиялық пән ретінде қарастыратын болсақ, бұл бізге ауқымды, аяқталмай қалған және еңсерілмейтін аумақ іспетті көрінетіні анық. Ол көп нәрсені қамтиды, сондықтан оның сабақтастығының қайда жатқанын түсінудің өзі қиынға түседі. Оның схемалық картасын жасау үшін бұл салада не болып жатқанын зерттеудің бірнеше жолы бар. Олардың кейбірі деректер туралы түсініктер мен оларды пайдалану тәсілдерін, ал енді бірі бұл материалдарға қатысты қолданылатын әдіс немесе теориялар туралы ойларды қамтиды. Алдағы уақытта пәннің қалай жіктелгенін және үнемі өзгеріп отыратын жіктеліс өткенді түсіндіретін әдістер үшін нені меңзейтінін анықтаймыз. Тарихтың қосалқы салалары зерттеудің ептілігін арттырады, олар күшті эмоциялар мен салымдар, сондай-ақ өткенге қалай жақындау қажеттігі туралы мәлімдемелер үшін құрал болып саналады. Кейбір жағынан, тарихтың өзі жиі сүйенетін басқа пәндермен көптеген ұқсастықтары бар. Іргелес салаларды ресурстар ретінде немесе тіпті қауіп ретінде елестете аламыз, өйткені өткенді зерттеу ісі тек тарих пәніне ғана тиесілі емес. Келесі екі тарауда академиялық пәндер мен пәндер кластерлерінің тарихын, сондай-ақ білімді жіктеу тәсілдерін ескере отырып тарих пен іргелес пәндердің – алдымен, гуманитарлық, одан кейін әлеуметтік ғылымдардың байланысын қарастырамын.

ҮШІНШІ ТАРАУ

Тарихтың гуманитарлық ғылымдардағы орны

Тарих көптеген пәндермен тығыз байланысты. Тарихшылар ол пәндерден идеялар алып, дереккөздерін пайдаланады және тарихтың мазмұны гуманитарлық ғылымдардың өзге салаларымен сабақтас болады. Тарих пәні әртүрлі құбылыстарды қамтитындықтан, ол көптеген зерттеу салаларымен байланысты. Бұл тарауда оның философия, әдебиет және өнер тарихымен қарым-қатынасын тарихтың гуманитарлық ғылымдардағы орнын көрсететін мысал ретінде қарастырамын. Сонымен қатар гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарда тарих сияқты өзіндік орны бар археология мен география салаларына қысқаша тоқталып өтемін.

Білімді ұйымдастыру

Егер тарихшылардың назарынан тыс қалатын іс-әрекет немесе тәжірибенің жоқ екенін мойындасақ, онда тарих пәні адамның жағдайын зерттейтін басқа салаларға тән мәселелер тарих пәніне де ортақ болады. Осы жағынан алып қарағанда, пәндерді жіктеу оларды бір-бірінен бөлу қажеттілігінен емес, әдет-ғұрыптар мен келісімдер, мүдделер мен бағдарламалар, институттар мен қаржыландыру, құндылықтар мен сенімдер сияқты өзге факторлардан туындайды.

Осы және келесі тарауларда тарихпен тығыз байланысты әрі қазіргі күні де зерделенетін кейбір салаларды қарастырамын. Пәндер бірқатар себептер бойынша өзара байланыста болуы мүмкін. Олар бір топқа жатады және институттарда қатар оқытылады деп болжанады. Олардың дереккөздері, әдістері, тәсілдері,

тақырыптары немесе теориялары өзара алмасады; сондай-ақ ортақ мәселелері, міндеттемелері, «негізін қалаушылары» бар.

Бұл жерде жүйелі білімді игерудің, ұйымдастыру мен пайдаланудың күрделі тарихын қайталаудың қажеті жоқ. Білімді әртүрлі жолмен жіктеуге болады. Бір контексте тарих деп атауға және гуманитарлық ғылымдардың бір бөлігі ретінде қарастыруға болатын құбылысты екінші контексте, айталық, «әскери зерттеулер» деп атап, әлеуметтік ғылымдардың бір бөлігі деп санауға болады. Кейбір практик мамандар тарихты гуманитарлық ғылымдармен байланыстырса, енді бірі оны әлеуметтік ғылым саласына жатқызады, ал басқалары гуманитарлық әрі әлеуметтік ғылымдар қатарына жатқызады. Зерттеу салаларының бір-бірімен қалай топтастырылатынына немесе бір-бірінен қалайша бөлінетінін сыни тұрғыдан пайымдаған дұрыс. Сонымен қатар оның белгілі бір бөлігі білім беру қызметін ұйымдастыруға байланысты болғандықтан, оның маңызын да түсінген жөн. Ағылшынтілді әлемде гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарға арналған әртүрлі қаржылық ұйымдар көптеп кездеседі, ал басқа елдерде, әсіресе «ғылым» ұғымы жүйелі білім ретіндегі ескілеу әрі өзіндік мағынасын сақтайтын Еуропа елдерінде бұл екі ғылым салалары бірге қарастырылады.

Бұл тарауда гуманитарлық ғылымдардың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылатын философия, әдебиет және өнер тарихы тақырыптарын талқылаймыз әрі олардың тарихпен байланысын зерделейміз. Сонымен қатар кітаптың соңғы екі бөлімінде гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдармен байланысатын археология мен география пәндерін де қарастырамын. Содан кейін төртінші тарауда ішінара эксперименттік ғылым болып саналатын, бірақ гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарда маңызды орын алатын психологияны сөз етпес бұрын, әлеуметтік ғылымдар қатарына шартты түрде ғана жататын екі саланы – әлеуметтану мен антропологияны зерттейміз. Сондықтан біз ғылым табиғатын шектеулі мағынада зерделейміз, өйткені кейбір ғалымдар психология мен антропологияның кей бөлімдерін әлеуметтік емес, көбінесе сенімді білімнің мысалдары және барлық білімнің стандарты ретінде қарастырылатын жаратылыстану ғылымдары деп қабылдайды. Білім түрлерінің арасындағы айырмашылықтардың қалай әрекет ететіні туралы ойлану мен оны жете түсіну маңызды. Жоғары деңгейде мамандандырылған әрі кәсібилендірілген қоғамдарда ұйымдастырушы құрылымдар пәндердің шекараларын нақты тұжырымдайды және нығайтады; жасалған білім түрлері, оның құндылығы мен қоғамға тигізер пайдасы, білімді жасаушылардың құндылығы туралы хабарлап отырады. Осылайша пәннің мәртебесі, күзіреттілігі мен беделіне қатысты мәселе туындайды.

Даму психологиясы бойынша маман Джером Каган жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың сипатына берген бағасында олардың арасындағы кейбір айырмашылықтарды атап өтті. «Ұлттық экономикаға қосқан үлесі» үшін жаратылыстану ғылымдары қоғамда ең үлкен, әлеуметтік ғылымдар орташа, ал гуманитарлық ғылымдар ең төмен бағаға ие. Бұл субъективті бағалауды гуманитарлық ғылымдардың көптеген өкілдері қызу талқылайтыны айтпаса да түсінікті. Алайда бұл олардың құндылығы туралы жалпы таралып кеткен

идеялармен сәйкес келеді. Каган осы үш саланы: мысалы, олардың негізгі қызығушылықтары, дәлелдері мен терминологиясы тұрғысынан бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік беретін бірқатар тәсілдерді ұсынды. Ол гуманитарлық ғылымдарды ең алдымен «адамдардың оқиғаларға қатысты реакциясын түсіну әрі олардың мәдениет, тарихи дәуір мен ғұмырнамаға байланысты тәжірибеге жүктейтін маңызын» қарастырумен байланысты сала ретінде сипаттайды.¹ Аталған сала ауқымының кең екені соншалық, оның құрамына кейбір әлеуметтік ғылымдарды, мәселен антропология мен әлеуметтануды қосуға болады. Гуманитарлық ғылымдардың сөздіктегі анықтамасымен салыстырайық: «адам мәдениетімен, әсіресе әдебиет, тарих, өнер, музыка әрі философиямен байланысты зерттеу саласы немесе әдебиет» және де сөздік «гуманитарлық» сөзінің ортағасырлық ағылшын тіліне ежелгі француз тілі арқылы келген латын сөзінен шыққанын анықтайды.² Демек, гуманитарлық ғылымдар – тарихқа нақты қатысы бар ертеден келе жатқан тұрақты ұғым. Осы белгісі оның адамзат мәдениетін зерттейтін салалармен жақындығын көрсетеді.

Зерттеу салалары арасындағы қатынастарды тұжырымдауға мүмкіндік беретін бірнеше әдіс бар, атап айтсақ, өзара алыс-беріс жасау, ықпал ету, ынтымақтастық, ортақ материалдар мен құрылымдар. Бұл идеялардың түбінде әртүрлі ғылыми жұмыстар жатыр. Ықпал ету дегеніміз өзге саланың еңбектерін оқумен байланысты болуы мүмкін, ал ынтымақтастықты ғалымдардың бірлесіп отырып, жемісті жұмыс атқаруы деп түсінген жөн. Пәндер арасындағы тығыз қатынасты сипаттауға арналған ортақ термин – пәнаралық байланыс.³ Көптеген түсінік берушілер көпсалалы байланысты жеке құбылыс ретінде қарастырады, себебі бұл әр маманның өз пәнін идеялар мен тәжірибелердің тығыз үйлесімінен гөрі, оның нәтижесін көрсетуге тырысатынын білдіреді. Мен қазіргі уақытта құнды болып саналатын пәнаралық байланысқа қысқаша тоқталып өткім келеді. Мысалы, кейбір қаржыландырушы ұйымдар пәндер арасындағы маңызды ынтымақтастықты көрсететін қосымшаларды қолданғанды құп санайды, өйткені бұл инновациялық тәсіл болып саналады, сондықтан қолдауға лайық.

Пәнаралық сипат

Пәндер жеке құрылым ретінде қарастырылып, өзара біріктіру қандай да бір нәтиже берсе ғана пайдалы болады деп санаған жөн. Ғалымдар ресурстар мен сый-құрмет үшін бәсекеге түсіп жатқан қоғамда әркімнің жекелеген салалар мен қосалқы салаларды зерделеу және оны насихаттау трендінің белең алғаны анық. Ғылым механизмі күн санап күрделеніп әрі ғылыми мақалалар көптеп жарияланып жатқан кезеңде мамандану да арта түсуде, сонымен қатар тарихтын салалары және бұрыннан қалыптасқан пәндер арасындағы айырмашылықтар да күшейіп келеді. Жаңа тарихи еңбектерді жете түсініп оқу қиындай түсуде, себебі мұндай еңбектердің саны өте көп. Мұндай жіктелу мен реинтеграция, әсіресе, өткенді тұтастай түсінгісі келетін мамандар үшін айрықша қызығушылық туғызады.

Оңтайлы тәсіл ретінде қарастырылатын пәнаралық байланысқа сәйкес, әр пәнге тән ойлау жүйесі бір-бірінен нәр алады; демек, пәндер өзара тәсілдерін, теориялары мен түсініктерін алмасып отырғаны жөн. Сонымен қатар бұл жаңа көз-қарастарды құнды деп топшылайды. Мысалы, мұқият мәтінтанушылық талдау жасауға машықтанған әдебиет сыншысы тарихшының назарынан тыс қалған мәселелерді байқап қоюы мүмкін. Бұл тарихшылар қырағы емес дегенді емес, олар сыншылардан өзгеше дүниелерді байқайды дегенді білдіреді. Бұл мысал арқылы айрықша машық саналатын мұқият оқу туралы сөз қозғап отырмыз. Пәндер, соның ішінде теориялар, тұжырымдамалар, әдістер, деректер және тұтас дүниетаным біріктірілген кезде көптеген мүмкіндіктер пайда болады.

«Пәнаралық байланыс» деген не және тарихшылар оның көмегімен өз шеберлігін қалай жүзеге асыра алады? Бұл сұрақтар мен жауаптардың әртүрлі нұсқалары бар, олар өзге сала аясында әзірленген ғылыми еңбекті оқудан бастап, тарихтан тыс дамыған деректер базасын жобалау сияқты әдістерді зерттеуге дейін және басқаша бағытта даярланған мамандармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуге дейін қамтиды. Алайда пәнаралық зерттеулер туралы бұдан басқа, неғұрлым прагматикалық ойлау әдісі бар, оны біз зерттейтін деректер мен мәселелердің өзі анықтайды. Медиевистер ежелгі заманды зерттеуші тарихшылар сияқты археология, нумизматика мен эпиграфикаға (жазбаларды зерттеу) сүйенгенді жөн санайды. Белгілі бір уақыт пен мекеннің мәдениетін зерттейтін тарихшылар үшін әдебиеттанушылар, өнер және сәулет тарихшыларының және тағы басқа мамандардың еңбектерін пайдалану маңызды.

Демек, біз енді тарих және пәнаралық байланысты жобаларымызды тұжырымдаудың тәсілдері аясында қарастыра аламыз. Контекст дегенді қалай түсінетініміз – пайымдауымызға байланысты, дегенмен ол көбінесе алдын ала әзірленген дәстүрлі үлгілерге сүйенеді. Тиісінше, тарихшылар шешуші элементтерді өздері белгілеген контекст аясында зерделейді және осы контексті анықтайтын әрі кеңейтетін зерттеу жұмысына, оның қай пәнге жататына қарамастан-ақ, қатысуы мүмкін. Контекстің нені қамтитынын бірден анықтау мүмкін емес. Мысалы, тарихшылар музыкаға көңіл бөлгеннен гөрі, саяси пікірге баса назар аударғанды жөн санайды. Бір жағынан, бұған себеп музыканың тарих ғылымы үшін маңызы кемірек болып саналса, екіншіден, музыканы зерттеумен жоғары деңгейдегі техникалық машықты меңгерген мамандар айналысады. Тарих факультеттерінде музыкатанушылардан гөрі, саяси идеяларға қызығушылық танытатын мамандар жұмысқа жиі қабылданады. Дегенмен өткеннің дауысы да оның көрінісі, ол жайындағы көзқарас, түйсік, иіс және ой-пікір сияқты контекст алаңы бола алады.

Пәнаралық сипат өзекті тақырыптардың бірі болып қала береді, ал терминнің өзі салалар арасындағы генеративті ұқсастықтарды – пәндер арасындағы шекаралардың жайылып, әдістер, тәсілдер және мазмұн тұрғысынан сабақтастық жиі ұшырасатынын меңзейді. Академиялық пән туралы ұғымның мағынасы жоқ дуден аулақпын, керісінше, оның маңызы зор. Пәндер – оқыту мен жазуды қалыптастыратын жалпы машықтар, ақыл-ой жүйесі және құлшыныс. Салалар арасындағы күрделі қарым-қатынасқа қатысты тәсілдердің бірі «назар аудару» идеясын пайдаланады. Әр сала мен қосалқы салалардың мамандары негізгі зерттеу

нысандарына қалай назар аударады? Мұнда да сәйкестік бар, бірақ алғашқы екі тарауда сипатталған әлеуметтік процестердің нәтижесінде әртүрлі тақырыптарға назар аударылады. Келесі бөлімде философтардың тұжырымдамалар мен олардың нәтижелеріне, сондай-ақ, дәлелдер мен оларда келтірілген дәйектердің қалай түзілетінін баяндаймын. Көптеген тарихшылар абстрактілі идеялармен арнайы жұмыс істеуге машықтанбаған, бірақ соған қарамастан оларды қолдануға тиісті. Олар үшін абстрактілі ойлардың және өзіндік сипаттамаларын жете түсінудің пайдасы мол. Бұдан түсінетініміз философия тарихтың тәжірибесі үшін пайдалы, тіпті ауадай қажет тәсіл болуы мүмкін. Тарих сияқты, ол да іс-әрекет пен құбылыстардың ерекше спектрін қамтиды. Әлемдегі ең көне пән туралы Кристофер Бэйли, Мишель Фуко және Чарльз Тейлор сияқты үш жазушының пікіріне жүгінемін.

Философия ежелгі әлемде әбден қалыптасқан ғылым болды, дегенмен ХХІ ғасырда философиядан гөрі тарихқа көбірек көңіл бөлінді, оның ауқымының кеңеюіне зерттеуді қажет ететін тақырыптар, кезеңдер мен географиялық аймақтардың көп екенін мойындаудың ықпалы болды. Тарих – айтарлықтай абстрактілі емес және бос уақытта әуестенуге болатын қызығушылық ретінде қабылданғандықтан, философияға қарағанда тарихты ұғыну онайырақ. ХХ ғасырдың қасіреттері туралы моральдық дискурс та тарихқа қоғамдық сипат береді. Іс жүзінде бұл екі пән арасындағы байланыс көпқырлы және ауқымды.

Философия

Еңалдымен, философияны пән ретінде түсіндіруден бастаған жөн. Философияның зерттейтін тақырыбы басқа салалардан аса алшақтап кете қоймайтын шығар, өйткені ол қамтымайтын нәрсе кемде-кем. Саймон Блэкберннің пікірінше, «философия – өзіндік санасы қалыптасқан адамның ой-пікірі».⁴ Философияда білім, өмір, мінез-құлық және әлем туралы негізгі мәселелерді пайымдау үшін сыни тұрғыдан ойлау, мұқият зерделеу әрі дәлелдеу әдістері қолданылады. Философияның басым бөлігі адам мен қоғамның табиғатын қоса алғандағы барлық мәселелерді дәйекті әрі жан-жақты түсіндіру мақсатын көздейді. Тарих ғылымында философия тарихының орны ерекше, өйткені ол айрықша тарихи маңызы бар әлемді түсіну тәсілдеріндегі негізгі өзгерістерді көрсетеді. Демек, Декарт, Гоббс, Локк, Спиноза және Лейбництің еңбектерімен таныспай тұрып, ХVІІ ғасырдағы Еуропа тарихын зерттеуде белгілі бір нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес деп ойлаймын.⁵ Өкінішке қарай, бұл қалыптасқан үйреншікті көзқарас емес. Философия тарихы – мамандандырылған сала, оны түсіну үшін ХVІІ ғасыр тарихшыларының арнайы білімі мен машықтары жеткілікті болмаған шығар. Сондай-ақ қиын да күрделі философиялық жазбаларды адам өмірінің қалған бөлігімен қалай байланыстыру керек екені түсініксіз болуы мүмкін. Дегенмен ХVІІ ғасырдың философтары саяси және ғылыми мәселелермен тікелей айналысқан кезде, мұндай ықпалдастықтың мүмкіндігі мен пайдасы айқын болды.⁶

Кейбір тарихшылар ірі ойшылдардың еңбектерін нақты тарихи контекстерде ғана іске жаратады. Оның жарқын мысалы – XIX ғасырдың басынан XX ғасырдың ортасына дейінгі үнді либерализмін зерделеген Кристофер Бэйлидің зерттеуі. Ол тек Үндістанда ғана емес, сонымен қатар өзге географиялық аймақтарда да либералды ойлау жүйесінің күрделі болғанын сипаттайды, өйткені үнді ойшылдары Джон Стюарт Милль сияқты шетелдік ойшылдармен тікелей немесе жанама түрде үнемі пікірлес болған. Бір жағынан, бұл қиындықтар тұжырымдамалық сипатқа ие, екінші жағынан, бір жарым ғасыр бойына Үнді субконтинентіндегі саясат императивтерінің жетегінде болды. Бір жағынан, бұл философиялық зерттеу, себебі онда Бэйли күрделі және абстрактілі дәйектерді зерделеп, олардың қайшылықтары мен өзгеріске бейімділігін анықтайды. Екінші жағынан, бұл – тарихи ұмтылыс, өйткені ол біздің заманымыздағы либерализмнің шығу тегінің қандай екенін көрсетуге тырысады. Бэйлидің өзі «дамып келе жатқан ғаламдық интеллектуалдық тарихты» зерттейтінін атап өткен. Осылайша жүйелі дәлелдер келтірілген бұл кітаптан бір-қатар маңызды ойларды, ең алдымен, тарих пен философияның интеллектуалдық тарихта жақсы үйлесім табуы мүмкін екендігін байқаймыз. Бэйли философ емес, бірақ ол ақыл-ой тарихына назар аударады. Сонымен қатар, ол «либерализмнің» салдарына да назар аударады – ол философиялық мәселелермен қатар, саяси және әлеуметтік мәселелерді де кең талдайды. Зерттеу нысаны Үндістан болғандықтан, ол исламдық, үнділік және христиандық ойлау тәсілдері сияқты түрлі философиялық дәстүрлерді қарастырады.⁷

Мен бұл мысалды бір жағынан, оның интеллектуалдық сипатына байланысты, екінші жағынан, оның оқырмандардың философия тарихының рөлін және Макиавелли немесе Ницше сияқты есімдерден не болмаса діни толеранттылық туралы еңбектері философия тарихына қатысты бірқатар мәтіндерге енген Вольтер тәрізді Ағарту заманы өкілінің жұмыстарынан күтетін нәрседен тыс болғандықтан таңдадым.⁸ Мұндай мәтіндер, әрине, пайымдау тұжырымдамалары мен түрлері қазіргі тарихи сәтте қалайша өрістетіліп отырғанын түсінуге көмектеседі. Осылайша философия тарихы тарихты зерттеу ісіне әртүрлі жолмен ықпал етеді.

Сондай-ақ тарих пен философия арасындағы өзара байланысты «ойлау тәсілдері» деген тіркес арқылы да аңғаруға болады. Мысалы, атауына «Француз философиясы», «Неміс философиясы» және «Үнді философиясы» деген тіркестерді арқау еткен көптеген кітаптар жарық көрді. Тілдер немесе мемлекеттерді өздігінен түсінікті ұғымдар ретінде қарастыратын бұл тіркестер күрделі ұғымдарды қарабайырландырып біртектендіреді деп мәлімдеуге болады, дегенмен оның жағымды тарихи жағы бар. Ойлау тәсілдерінің өткен және қазіргі қоғамда да ерекше басымдыққа ие жолдары бары және болғаны анық және олар, мәселен, антропология үшін аса маңызды.⁹ Өткенді түсіну үшін ойлау тәсілдерін түсінуіміз керек, соның ішінде философиялық дәстүрлер мен тәжірибелерді түсінбей тұрып, «либерализм» секілді терминді қолданудан аулақ болу үшін оны ескеру қажет.

Философия мен тарих жаңа тәсілдер арқылы да өзара байланысады. Оны кеңінен түсіндіру үшін Мишель Фуко мен Чарльз Тейлор сияқты екі философтың көзқарасын зерделейміз. Мишель Фуконың тарихты зерттеуге ықпалы зор; ол халықаралық тарихи мәдениетке кірігіп кеткені сонша, оның шығармаларымен

аз-маз таныс немесе мүлде оқымаған адамдар да оған сілтеме жасайды. Фукодан алынған ойлар әртүрлі болады: оның ықпалын біз дүниетанымдық ықпал көптеген ғасырлар бойы адам өмірін түсіндіруді мақсат етіп алуын айта алар едік. Біз оны тарихшы ретінде де қарастыра аламыз, дегенмен бұл оның еңбектерінің ең жарқын сипаттамасы бола алмайды. Ч.Тейлор да тарихи мысалдарды кеңінен пайдаланады, дегенмен оның «Өзіндік «меннің» қайнар көздері» (*Sources of the Self*) және «Зайырлы заман» (*A Secular Age*) секілді көп оқылатын еңбектерін тарих жайындағы кітаптар деп атауға болмайды. Алайда олар белгілі философиялық мәтіндерге сүйене және философиялық дәлелдерді негіздеуге тырыса отырып, тарих туралы пайымын баяндайды.

Мишель Фуко

Мишель Фуконы кейде тарихшы деп атайды, алайда бұл қате түсінік. Ол тарихи зерттеуді қарқынды түрде жүргізді, оны мысалы, автордың «Мен, Пьер Ривьер» (*I, Pierre Riviere*) атты кітабынан байқауға болады, дегенмен ол еңбектерін жариялаған кезде мәліметтердің біразын жасырды. Ол психология, психиатрия және психикалық денсаулық мәселелеріне айрықша қызығушылық білдірді, алайда оған бола Фуконы психолог деп атауға болмайды. Сондай-ақ ол өз еңбектерінде әлеуметтік мәселелерді зерделеп, мәтіндер туралы жазса да, оны әлеуметтанушы немесе әдебиет сыншысы деп атау да дұрыс емес. Оны философ ретінде сипаттау автордың ойлау тәсілдеріне, абстрактілі деңгейде жұмыс істеуге және өз шығармаларында әртүрлі құбылыстарды қамтуға деген қызығушылығына назар аудартады. Фуконы «философияның», әсіресе 1980 және 1990 жылдардағы қоғамға тигізген ықпалының мысалы ретінде қарастыруға болады.

Ол тарих ғылымына үш түрлі жолмен ықпал етті. Біріншіден, оның 1961 жылы жарияланған «Ессіздік және өркениет» (*Madness and Civilization*) атты кітабы қалыптан ауытқушылықты әсіресе, психикалық ауруларды медицинаның құзырына беру мәселесі сынға ұшыраған кезеңде жазылған. Мысалы, онда XVII ғасырда Францияда «есі ауысқан» адамдар тобын өз ортасынан ажыратып, мемлекеттік мекемелерге оқшаулаудың тәсілдері сипатталған. Білім мен биліктің байланысына талдау жасаған Фуконың бұл еңбегі медицинаның қоғам өміріне араласуына деген қызығушылықтың кең таралуына ықпал етті. Нақтырақ айтсақ, ол психиатрияның зерттеу нысаны ретіндегі маңызына тарихшылардың назарын аударды және белгілі бір уақыт аралығында «есі ауысқан» ретінде қарастырылып келген науқастардың қалай аталғанына әрі емделу тәсілдеріне қатысты өзгерістерге шолу жасады. Медицина саласын зерттеумен айналысатын тарихшылар оның бұл кітабында келтірілген көп деректерді сынға алды, алайда оның әлі күнге дейін оқырманның қызығушылығын оятатыны соншалық, мұндағы деректерді эмпирикалық тұрғыдан жоққа шығару оңай емес.

Екіншіден, Фуко адам білімінің табиғаты мен оның қалай өзгергені туралы зерттеді. Сондай-ақ ол автор түсінігіне қарсы шығып, ғылым, медицина және

философиядағы елеулі өзгерістерді сипаттауда ұлы ойшылдар тұрғысынан қарамай, оны танымның біртұтас әдістері саналатын «эпистемалар» тұрғысынан зерделейді. Эпистема – кез келген кезең туралы ойлану және оны зерттеуде ненің мүмкін, ненің қисынды екенін анықтайды. Эпистемалар – біз өмір сүретін жағдайдың когнитивтік шарттары. Олар үлкен өзгерістерге ұшырап отырады, бірақ Фуко оның қалай жүзеге асатынын нақты түсіндірмейді. Ол оқиғалар, мәтіндер мен суреттердің керемет талдауларында олардың негізгі болжамдарды қалай бейнелейтінін көрсетті. Бұл тәсіл белгілі бір қоғамдарға сыни әрі саяси радикалды жолдар ұсынуы мүмкін. Оның ойынша, сырт көзге көрінген нәрсе адамды көбінесе жаңылыстырып қана қоймай, шындыққа қарама-қайшы болуы да ықтимал. Виктория дәуіріндегі сексуалдылыққа қатысты көлгірлік ол туралы айтпай үнсіз қалуға емес, керісінше оған назар аударуға әкелді.

Фуко ерекше ықпал еткен үшінші сала – сексуалдылық тарихы, ол осы тақырыпты жазуды қолға ала бастаған кезде, бұл мәселені жазу кең таралған еді. Фуко XVIII ғасырда басталған сексуалдық дискурстары жеке адамдар, отбасылар, мемлекет және онымен байланысты мекемелер, сондай-ақ «сарапшылар» арасындағы қатынастарды өзгертеді деп мәлімдеді. Оның бірқатар салдары болды: мәселен, «гомосексуалды» сияқты «ауытқу» мінез-құлық түрлері рұқсат етілген қадамдар емес, репрессивті қадамдар деп табылды. Осылайша, XIX ғасырда сексуалдық туралы көптеген адамдар жазып, талқыланған кезде, бұл жүгенсіздіктің белгісі емес, керісінше, оның тәжірибесін басқару, қалыптастыру және бақылау дискурсының пайда болуының белгісі болды. Виктория дәуіріндегі сексуалдық құбылыстар туралы сөз қозғауды сын тезіне алу мен «ауытқушылық» мінез-құлыққа аландыру бұл мәселелерге баса назар аударуды талап етті. Бұл процесте жаңа субъективтілік, яғни бірегейлік пен тәжірибенің жаңа түрлері пайда болды. Кейінгі еңбектер классикалық деректерге негізделді әрі айрықша айтыс туғызды.¹⁰

Фуко дискурсты қалай түсінеді? Мұны анықтау оңай емес, дегенмен оның маңызды екі ерекшелігін атай аламыз. Біріншіден, бұл материалдық жағдайға емес, мәдени өнімге қатысты, сол себепті мәтіндер негізгі деректерге айналады. «Мәтін» терминін саналы түрде пайдаланамын. Дискурс ұғымы және оны жүзеге асыратын еңбектер көбінесе тіл теориясына негізделген. Кейде саяси шеру, кеңістік, кәсіби қауымдастық сияқты кез келген құбылысты мәтін ретінде қарастыруға болады дейді. Бұл барлық тәсіл сөздің құдіреті туралы көзқарастармен және тіл теориялары оның адам тәжірибесін құрылымдау қабілетін ашады деген пікір негізінде қалыптасқан. Екіншіден, дискурс мәтіннің астарында неғұрлым үйлесімді дүниетанымның жатқанын және олардың білдіретін идеялары айтарлықтай ықпал барын білдіреді. «Гомосексуалдықты» адамның бір түрі ретінде анықтау осыған мысал бола алады, өйткені бұл бір-біріне эротикалық тұрғыдан ынтық ер адамдар өздерін және өз әлемін сынап көруге бел буған жеке категорияға айналды. Мұндай жіктеуге сай, бір-біріне мүлде ұқсамайтын адам түрлері бар; сексуалдық тұрақсыз сипат емес, керісінше, жеке адамдарға тән, өмір бойы бағдар, ал гомосексуализм нормадан өзгеше болып көрінеді. Демек, сексуалдық түрлердің анықтамасы – еш қатері жоқ «ғылыми» жоба емес, дискурс арқылы үстемдікті көрсету. Өзіңнен басқаның өзгешелігін анықтау және бұған атау беру – үстем көзқарастың көрінісі. Осылайша

номенклатурадағы өзгерістер, әсіресе оларды лингвистикалық тұрғыдан белгіленген адамдар қабылдаған кезде, айтулы маңызға ие болады.

Дискурстық талдау қолданыстағы идеялардың және оларды таныстыратын тілдердің әлеуетін зерттейді. Осылайша биліктің құрылымын элита, үкімет, салық салу түрлері және тағы басқа терминдер тұрғысынан емес, оларды жүзеге асыратын дискурстар терминдері тұрғысынан түсіну керек. Бір қарағанда, дискурсты қазіргі уақытта тарихшылар кеңінен қолданғанымен де, оның бастапқыда марксистік интеллектуалдық дәстүрлерден пайда болған идеологиямен ортақ белгілері бар. Дегенмен идеология кез келген тарихи сәтте қарама-қайшы мүдделердің болуын болжайды; таптар немесе сол таптарға жақын топтар өз мүдделерін идеология арқылы жүзеге асыруға тырысады. Идеологиялар таптық немесе топтық үстемдік құралы ретінде қарастырылады. Олар – күнделікті тәжірибеге негізделген қақтығыс алаңы.¹¹ Керісінше, Фуконың тәсілі ешқандай таптарды да, қақтығыстарды да қарастырмайды, ол, әрине, нақты әлеуметтік мүдделерді негіз етіп алмайды. Идеологиялар оны қалыптастыратын және дамытатын материалдық жағдайлармен айрықша күрделі қатынаста болса да, оларды сол жағдайлар тұрғысынан түсіну керек. Дискурстарды зерттеу – тарихшыларды материалдық өмірді қарастыруға итермелейтін бірінші қадам емес; оның орнына дискурстардың сапасын анықтайтын басымдыққа мән беріледі. Мүдделері бойынша біріккен топтар билікке әртүрлі тәсілмен қол жеткізуге тырыспайды. Керісінше, дискурстар кең таралған; жеке адамдар мен топтар басқа ұстанымды ұстана алмайды, себебі мұндағы ойлау құрылымының тамыры тым тереңге жайылған.

Идеология мен дискурс – тарихшылар үшін пайдалы тұжырымдамалар саналады және екеуінің де өзіндік шектеулері бар. Сонымен қатар бұл екеуінің де «жұлдызды» сәттері бар. Ғалымдар өздері зерттейтін уақыт пен кеңістікке сай келетін идеялар немесе тәсілдерге жүгінеді: тарихтың басқа салалармен және сол салалардағы ең ықпалды авторларымен қарым-қатынасы дәл осындай мерзімдік бетбұрыстарды көрсетеді. Мұны өз еңбектерін 1950 жылдың соңында жариялай бастаған Фукодан байқауға болады. Оның әйгілі кітаптары 1960 жылдар мен 1970 жылдардың басында жарық көрді және шығарылған бойда жедел ағылшын тіліне аударылды. Алайда 1970 жылдары ағылшынтілді ортада оның кітаптарын, негізінен, тарихшылар мен философтар оқыды. Оның шығармашылығына деген дүние жүзі бойынша, әсіресе, әдебиет сыншылары тарапынан айрықша қызығушылық тек 1980 жылдары басталды. Ал соңғы жылдары құлшыныс төмендей бастады. Мұндай трендтердің қалай пайда болып, нығайып, одан кейін жойылып кететінін түсіндіру өте қиын.

Фуконың мүдделері мен ықпалының соншалықты кең ауқымды болғанын ескерсек, оны тек қана философиямен байланыстыру оғаш көрінугі мүмкін. Оның білімнің сипатына, ойлау жүйесіне және үстем тұжырымдамалардың терең ықпалына деген қызығушылығы оны адам өміріне қатысы бар іргелі мәселелерді сипаттайтын сала тұрғысынан қарастырудың соншалықты құнды екендігін білдіреді. Тарих пен философия арасындағы байланыс әртүрлі болғандықтан, бұл ойды одан әрі дамыту үшін өзгеше тәсілді пайдаланатын канадалық ойшыл Чарльз Тейлорға жүгінемін.

Чарльз Тейлор

«Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» кітабында қамтылған бірқатар тақырыптар Ч.Тейлордың еңбектерінде баяндалған. Оның идеялары Батыс философиясының негізгі дәстүрлерінен бастау алады. Ол өзінің оқырмандары Декарт, Локк және Ницше сияқты тұлғаларды біледі деп санайды. Ол Рильке, Достоевский және Бодлер секілді қаламгерлер мен Аквинский әрі Августин секілді теологтардың еңбектері оқырманға таныс деп үміттенеді. Ч.Тейлор кәсіби философтар қарастыратын бірқатар тақырыптар, соның ішінде тілдің табиғаты, адам құқығы және мораль бойынша бірқатар еңбектер жариялады. Әлбетте, ол Фуко туралы жазды.¹² Сонымен, бұған тарихтың қандай қатысы бар? Ч.Тейлор өзгерістерге, әсіресе адамдар қалайша өзін-өзі ұстауы керек және олардың мінез-құлықтарын қалай түсіндіруге болатыны туралы әртүрлі ұйғарымдарға ерекше қызығушылық білдіреді. Оны, әсіресе, қазіргі заманның сипаты айрықша толғандырады. Демек, белгілі бір жағдайда оның тарихи мәселелермен айналысудан басқа амалы болмаған. Оның ертеректе жасалған деректерді пайдаланғаны айдан анық. Көптеген философтар мұны тарихи контексті пайдаланбай-ақ жүзеге асырады. Тейлор «зайырлану» деп аталған процестің, сондай-ақ өзі «заманауи бірегейлік» деп атайтын құбылыстың қалай пайда болғанын түсінуге тырысады. Сондықтан оның аталмыш процестердің қалай пайда болатынын нақты түсіндірудің жауапкершілігін өз мойнына алмай, идеялардағы өзгерістерге назар аударатыны түсінікті.

Авторды тарих саласымен байланыстыратын тағы бір әдіс бар. Оның моральдық әрі саяси сипаттағы неғұрлым ірі жобасы үшін өткен заманда болған оқиғалардың маңызы зор. Кейде тарихшылар өткен уақытты сол кезеңнің мүдделері үшін зерттей отырып, өздерінің сол әрекетін қорғайды. Тейлор керісінше, тарихта болған маңызды өзгерістерді біздің, яғни қазір өмір сүріп жатқандардың игілігі үшін, ең алдымен, біздің ұжымдық әл-ауқатымыз бен өзіміз өмір сүріп жатқан әлемнің жағдайына алаңдайтын біз үшін түсінуге тырысады. Ол «*Өзіндік «меннің» қайнар көздері*» атты кітабын «заманауи бірегейліктің көрінісі – біздің заманымыздың моральдық қиындығы туралы түсінігімізді қалыптастыруы мүмкін» деген ұйғарыммен аяқтайды.¹³ Мұнда «бірегейлік» және «қиындық» сөздерінің жекеше түрде жазылғанын аңғарамыз. Ч.Тейлор әдетте, өзге тарихшылар пайдаланатын көпше түрдегі сөздерді пайдаланбайды. Керісінше, ол жекеше түрдегі терминдерді толығымен ақтайтын нақты үлгілер бар деп санайды. Оны ең көп алаңдататын үлгілердің бірі – адамға қажетті трансценденттік сезімді жоғалту. Ол толыққанды гуманизмді біздің зайырлы заманға тән сипат деп санайды: бұл бізді Ағарту заманынан бастап, Құдайға сенуді аңғал әрі ескірген түсінік ретінде қарастыруға жетеледі.¹⁴ Осылайша Ч.Тейлор қалыптасып қалған түсініктерді тек тарихи еңбектер аясында ғана емес, сонымен қатар кең мағынада Солтүстік Атлантикалық мәдениеттер деп атауға болатын контексте қолданады.

Ч.Тейлор өзіне алған міндеттемелерін ашық сипаттайды. Мәселен, ол католик дінін ұстанады және саяси лауазым үшін бірнеше мәрте сайлауға қатысқан, бірақ бұл әрекеті сәтсіз аяқталды. Ол «*Өзіндік «меннің» қайнар көздері*» және «Зайырлы

дәуір» (*A Secular Age*) атты еңбектерінде өз ұстанымын нақты көрсеткен. Біз мұны католик сияқты ұстанымға жақындату барысында абай болуымыз керек – Тейлорды ежелгі Грекиядан бері жалғасып келе жатқан, зерттелетін өмірге қызығушылық білдірген көптеген философтардың қатарына қосуға болады. Мұны жай ғана интроспекцияның формасы ретінде қарастыруға болмайды, дегенмен онсыз зерттелетін өмір туралы жазбалар өте қарапайым болар еді. Ч.Тейлор христиан дінін ұстанушы ретінде «тарихта діни сенім үшін болған жойқын соғыстар мен оның салдарын» мойындауға тырысады. Зерттеушінің өмірін жүйелі әрі мұқият түсіну үшін біз оны интроспективті деп атауға болатын әрекетпен айналысқан деп тұжырымдаймыз. Алайда зерттелетін өмір бұдан да маңызды: бұл термин нақты дәлелдер мен этикалық пайымдаулар жасауды білдіреді.¹⁵ Ч.Тейлор мәдениетіміздің рухты түншықтырып жатқанына алаңдайды.¹⁶ Осылайша ол өз жазбаларында, тіпті біз оның көзқарасы, тәсілі және дәлелдерімен келіспесек те, қазіргі заманның өзекті мәселелеріне назар аудару үшін тарих пен философияны байланыстыратын тәсілдерін баяндаған. Ч.Тейлорды тарихи деректерге сүйенетін қоғамдық тарихшыларға ұқсата отырып, қоғамдық философ ретінде қарастыруға болады. Қоғамдық тарих пен қоғамдық философия бір-бірін толықтыруы мүмкін.

Мұнда Тейлорды мысал ретінде тандауыма, бір жағынан, оның тарихшылар мен гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғалымдардың қызығушылығын тудыратын, яғни «мен» жайындағы тақырыпта жазғаны себеп болды. Екінші жағынан, бұл философиялық және психологиялық тақырып. Бәлкім, бұл нейробиологияға да қатысы бар тақырып болуы мүмкін. Сонымен қатар бұл – басты тарихи мәселе. Кітаптың негізгі атауына жалғанған «Заманауи бірегейлікті қалыптастыру» (*The Making of the Modern Identity*) атты тақырыпша «мен» туралы және бірегейлікке қатысы бар идеялардың қаншалықты өзара байланысты екенін көрсетеді. Бұл терминдерге қарапайым түрде анықтама беру мүмкін емес. Дегенмен бұл терминдер, бір жағынан, бірегейліктің табиғаты мен оның түсіндірілуі туралы заманауи мәселелерге байланысты болғандықтан, тарихшылардың назарын аударады. «Мен» және «бірегейлік» терминдеріне қатысы бар құбылыстардың уақыт өте келе айтарлықтай өзгергенін және оларды зерттеу өте қиын екенін мойындаймыз. «Мен» тақырыбы тарих, философия және мұнымен қоса өзге салаларды біріктіретін тәсілдерді ұсынады.

Тарих пен философияны байланыстыратын бірнеше тәсілді атап өттім: философия тарихын тарих ғылымының бір саласы ретінде қарастыруға болады; тарих философиясы тарихнаманың ажырамас бөлігі; философия ғылымы тарихшылар пайдаланатын теорияларды қамтиды әрі бұл онда кеңінен түсіндіріледі; философия дәлелдеу формаларын, идеялардың табиғатын, ұғымдардың байланыстарын зерделейді, олардың барлығы тарихтың өзін-өзі тану тәжірибесіне үлес қосады. Пәндер арасындағы шекаралардың айтарлықтай нақты емес екені және тарихтың іргелес пәндермен қаншалықты тығыз байланысты екенін ғана емес, сондай-ақ салалардың атаулары көптеген мақсатқа, соның ішінде мамандықтың мүддесі үшін пайдаланатынын жадымызда ұстаған абзал. Шынында да идеялар тарихы, интеллектуалдық тарих пен философия тарихы арасындағы айырмашылықтарды ажырату қиын, дегенмен олардың да өзіндік мақсаттары бар: Тейлордың еңбектерінде

бұл мәселелердің барлығы камтылған. Ол «Өзіндік *«меннің» қайнар көздері»* атты еңбегін заманауи бірегейлік тарихы деп атаса да, бұл философиялық еңбек болып қала береді.¹⁷ Автор бес жүз беттен асатын бұл кітабында көптеген ойшылдардың философиялық туындысы ретінде сипатталған еңбектеріне сүйене отырып, күрделі, абстрактілі дәлелдер құрастырған. Ч.Тейлордың еркіндік, қазіргі заман, ерік еркіндігі сияқты үлкен идеялар мұқият зерделеніп, жоғары деңгейде жалпылау сипатында құрастырылуы керек деген түсінігі тарихи тәжірибеге тән емес. Дегенмен ол тарихи контексте ойлайды, өткен уақыт туралы мәліметтерге сүйенеді және тарихшылар оның кітаптарын сыни тұрғыдан пайдаланады.

Ч.Тейлорды бұл кітапқа мысал ретінде алуым оның тұжырымдамаларымен толықтай келісетінімді не болмаса еңбектерін сүйсініп оқытынымды білдірмейді. Тек ол Фуко сияқты бізге тарих пен философия арасындағы жан-жақты байланыстар туралы ойлауға көмектеседі. Тейлордың зайырлану мәселесіне деген қызығушылығын ескерсек, оның еңбектері гуманитарлық ғылымдардағы теологияны қоса алғандағы пәндердің, өзара байланысы туралы анағұрлым кең көзқарас ұсынады. Көптеген жерлерде ол кейінірек түсінік берушілер сүйенетін және оқырмандары үшін терең түсінік қалыптастыратын әдебиет қайраткерлерінің жазбаларын талқылап, оларға сілтеме жасап, дәйексөз ретінде пайдалаланады. Мұнда әдебиет – ой-пікір мен түсініктер қалыптасатын бастау деген астарлы пікір бар, бұл көзқарас әдебиеттану мен тарих арасындағы байланысты дұрыс бағалауға көмектеседі.

Әдебиет және мәтін

Әдебиет – қызықты категория, оны жеке пәннен гөрі, мәдениеттің әртекті түрлерін сипаттау ретінде түсінген жөн. Бұл жарияланған немесе жарияланбаған шығармаларға қатысты; кейбір контексте кез келген мәтін жарай береді, ал басқаларында ол әлдебір көркемдік құндылықты білдіреді. Әдебиет роман және тарихи роман, поэзия және элегия, өмірбаян және ғұмырнама сияқты көптеген жанр мен қосалқы жанрлардан құралады. Әртүрлі тарихи еңбектер де әдебиеттің бір түрі болып саналады және бұл баяғыда-ақ мойындалған. Олар метафора сияқты әдебиеттанушылар талдауға машықтанған көркем тәсілдерді пайдаланады. Ықпалды тарихи шығармаларды көбінесе стилистиканы терең меңгерген мамандар жазған. Тіпті тарихи кітаптың мазмұны көңілден шықпаса да, «жақсы» жазбаның қандай болуы керек екені туралы пайымдаулар өзгеріп тұратыны сөзсіз, оқырман мұнда пайдаланылған тіл, баяндау әрі дәлелдерге баса көңіл аударып, бұған әдебиет сыншысы секілді талдау жасағаны абзал және олар тұжырымдамалар, теориялар мен дәлелдер, болжамдардың пайдаланылғанын түсіне білуге тиіс.

Бұған көзқарас тұрғысынан қарасаңыз, тарих пен әдебиетті бір-бірінен ажырату қиын. Университетте әдебиет саласы бойынша оқып, сабақ беретін адамдардың бойындағы машықтар тарих саласында үйретілмейді. Дегенмен бұл қасиеттер кейбір тарихшының бойынан табылуы мүмкін. Әдебиеттанушы мамандарының өзіндік пәндік құрылымдары бар. Осылайша іс жүзінде бұл салалар әртүрлі болады.

Мысалы, көптеген тарихшылар поэтикалық өлшемдерді – әдебиетті зерттейтіндерге арналған стандартты тәжірибелерді анықтай әрі талдай алмайды. Содан кейін біз әдебиет терминдерінің сөздігін парақтап, тарихи талдауда қанашалықты қолданылатынын іздестіруіміз мүмкін.¹⁸ Менің ойымша, бұл тарихи талдауды жүзеге асыруға аздық етеді. Бірақ ол тарих пен әдебиет арасындағы байланыс маңызды дегенді білдірмейді. Керісінше, бұл екеуі – ауқымды әрі назар аударуға тұрарлық салалар. Тарихи тәжірибеден белгілі болғандай, әдебиетті зерттеуде ортақ теориялар, тәсілдер, деректер және критерийлер бар екені анықталды. Бүгінгі күні әдебиеттану саласындағы зерттеудің ауқымы соншалықты кең, шартты түрде анықталған мәтіндерден, мысалы, визуалды және материалдық мәдениеттен тыс, көптеген тарихи зерттеуді қамтитын әдебиетті талдау күрделі мәселе.¹⁹

Әдебиет кафедралары біраз университетте ғана бар; кафедра атауынан «ағылшын» немесе «француз» деген сөзді кездестірсек, оны әдебиетті белгілі бір тілде оқыту деп түсінеміз. Мұнда біз ұлттық мемлекет немесе тіл тұрғысынан қарап, елдер бойынша еңбекті анықтау мәселесіне қайта ораламыз. Мұндай кафедралардың басым бөлігінде зерттелетін мемлекеттің тілі мен мәдениетін оқытады, сол тілде сөйлейтіндердің тарихын зерттейді, сондай-ақ лингвистиканы да қамтуы мүмкін. Әдебиет пәні оқытылатын кафедраларда пайдаланылатын машықтар, болжамдар және түсіндіру стильдері туралы ойлану керек. Сонымен қатар әдебиетті оқытатын кафедраларда жылдам дамып келе жатқан постотаршылдық зерттеулердің маңызы тарих пен әдебиет мамандарының бір-бірін қолдайтынын әрі ақпаратпен алмасатынын көрсетеді.²⁰

Тарих пәні үшін маңызды саналатын жазбалар мен оларды талдау тәсіліне назар аударатырып, *әдебиет*, әдебиет *тарихы*, әдебиет *теориясы* және әдебиет *сыны* сияқты бірқатар терминді қарастырайық. Мұнда «әдебиет» сөзі жалпы, оны кез келген тіл, мемлекет және жазбалардың алуан түріне қатысты пайдалануға болады. Дегенмен бұл термин арқылы жазбалардың қандай бағытта жазылатынын байқай алмаймыз. Дегенмен мұндай ауқымды және бейтарап секілді көрінетін термин әдебиет пен тарих пәндерінің арасындағы байланысқа қатысты маңызды мәселелерді көтереді. Әдебиет деген не және әдебиет деп нені атауға болады? Эстетикалық құндылық туралы не айтуға болады және мұндай пайымдауды кім жасайды? Кез келген жазбаны әдебиет деп атауға бола ма? Жазбаның көркемдік ерекшелігін қалай анықтауға болады? Әдебиетті ғалымдар зерттейтін негізгі жанрлар, мысалы, поэзия, көркем әдебиет және драма тұрғысынан анықтауға болады. Тарихшылар мұндай деректерді пайдалана алады, бірақ оларды негізгі материал ретінде сирек қолданады. Сонымен қатар әдеби жанрлардың ара-жігін ажырату оңай емес, сондықтан хаттар, газеттер, журналдар, ғылыми еңбектер мен үкімет есептерін мұқият оқыған жөн – жалпы айтқанда, кез келген жазбаны мұқият оқу қажет. Соған орай мәтінге құрылымдық талдау жасайтын әдебиет сыншыларының әдістері мен тәсілдері жазбаша деректермен айналысатын тарихшыларға, сондай-ақ олардың жазушылық қызметіне тікелей байланысты. Тарихшылар эстетикалық құндылық туралы пайымдауды қаламауы немесе өз зерттеулері үшін оның маңызын байқамауы мүмкін. Сондай-ақ олар аса танымал

емес авторлардың көмегімен өз қажеттіліктерін қанағаттандыру әлдеқайда тиімді деп есептеуі мүмкін. Әдебиеттанушылармен диалог және ынтымақтастық орнату арқылы бұл мәселелердің шешімін табуға болады.

Әдебиет тарихын зерттеушілер бұл идеяларға бұрыннан қызығушылық танытып келеді. Бұған керемет мысал ретінде америкалық ғалым, Марджори Хоуп Николсонның еңбегін айтуға болады. Ол ғылыми идеяларды зерттеу үшін поэзия жанрын пайдаланды. Автордың «Таудағы түнек және таудағы сәуле» (*Mountain Gloom and Mountain Glory*) атты еңбегінде бұған дейін қызықсыз, тіпті тартымсыз төбешіктер ретінде қарастырылып келген таулардың эстетикалық құндылыққа айналу процестерін баяндайды. Шын мәнінде оның әдебиет тарихы туралы еңбегі идеялар тарихы жөніндегі жазбаға айналды. Бұл жағдайда әдебиет пен тарих арасындағы байланыс екеуінің де мүдделеріне қатысы бар жазбаша деректерді пайдалану арқылы туындайды. М.Х.Николсонды әдебиет сыншысы дегеннен гөрі, әдебиет тарихын зерттеуші деп атаған дұрыс, себебі ол мәтіндерді контекстке кіріктіре білді, сондай-ақ ол мәтіндерге талдау жасаса да, сол мәтіндердің рәсімді ерекшелігі де, оның әдебиет ретіндегі сапасы да оның басты тақырыбы болған жоқ.²¹

Соңғы онжылдықта тарих пен әдебиет арасындағы шекара көмескіленіп бара жатқандай. Мәселен, Клэр Бранттың «XVIII ғасырдың хаттары және британдық мәдениет» (*Eighteenth-Century Letters and British Culture*) атты әйгілі туындысын қарастырайық. Хаттарды кім жазғанын және оқығанын зерттеген К.Брант өз кітабында ойдан құрастырылған және шынайы өмірден алынған мысалдарды пайдаланады. Сондай-ақ ол бірнеше кейіпкерді, атап айтқанда, ата-аналар, қылмыскерлер, саяхаттанушылар және христиандарға назар аудара отырып, хат алмасу тәжірибесі мен мәдениетін жалпылама түрде қарастырады. Көптеген адамның күнделікті өміріндегі үйреншікті ісіне айналған әрекеттерге әдеби әдістерді меңгерген және әртүрлі жағдайда өмір сүрген ғалымдар назар аударған. К.Бранттың бұл кітабының тарихи тұрғыдан терең жазылғаны соншалық, тіпті мұнда «тарихты» «әдебиеттен» бөліп қарастыру ақылға сыймайды.

Әдеби *сын* мәтіндерге мұқият назар аударуды, эстетикалық мәселелерді түсіне білуді және жазбаларды бағалауға дайын болуды қамтиды. Ал әдебиет *тарихында* эстетикалық пайымдаулар көп қамтылмайды: бұл – идеяларды жайдан-жай басты орынға қоя салмайтын ашық алаң. Бұл, мысалы, жарияланымдарға, оқырмандарға, сондай-ақ жазушыларға, хат жазушылар арасында құрылған желілерге қатысты болуы мүмкін. Көптеген әдеби шығармалардың идеялардың тарихымен немесе менталитеттегі үлкен өзгерістермен айтарлықтай байланысы жоқ. Жазушылар өмірбаянын тарихи тұрғыдан ұйымдастыруға болады, нәтижесінде әдебиет әлеміндегі көрнекті тұлғалардың өмірбаяны тарихқа да, әдебиетке де қатысы бар болып шығуы әбден мүмкін. Өте жақсы жазылған тарихи еңбек – әдеби өнердің бір түрі. Қай жағынан алып қарасаңыз да, Эдуард Гиббон мен Жюль Мишле керемет жазушылар болған. Осылайша тарихи еңбек жазудың тарихын әдебиет тарихының бір түрі ретінде қарастыруға болады, сонымен қатар оның интеллектуалдық және мәдени тарих үшін де маңызы зор. Әдебиет пен тарих арасындағы бұл байланыс ежелден қалыптасқан және классикалық кезеңдерден бастау алады.

Алайда соңғы уақытта әдебиет пен тарих арасындағы байланыс жаңа сипатқа ие болды. Мысалы, әдебиеттанушылар бұрын тарихшылар зерттеген мәтіндермен жұмыс жасауда. Оны ғылым, медицина және құқық саласынан анық байқауға болады.²² Джиллиан Бирдің «Дарвиннің сюжеттері» (*Darwin's Plots*) атты еңбегі осы ойды бейнелейді. Алғаш рет 1983 жарық көрген бұл кітап – көрнекті әдебиет сыншысының ықпалды туындысы. Бұл кітаптың негізгі тақырыбы – Чарльз Дарвиннің түрлердің пайда болуы туралы идеялары. Дарвин натуралист, геолог, селекционер, психолог және табиғи сұрыпталу ілімінің теоретигі ретінде танымал. Дж.Бирдің Дарвиннің жазушы ретіндегі шығармашылығын мұқият зерделеп, баса назар аударғаны автордың кәсіби білімі барынан хабар береді. Бұл тақырып ғылым тарихында айрықша орын алады. Сонымен қатар Дж.Бир бұл кітабында Дарвиннің *ойларына* назар аударады, тиісінше «*Дарвиннің сюжеттері*» атты кітабы – автордың интеллектуалдық тарихқа қосқан үлесі саналады. Сондай-ақ Дж.Бир бұл кітаптың үшінші басылымына Дарвиннің өзге органикалық өмірдегі сана түрлеріне күштарлығы және оның нәрестелер мен басқа да адам мәдениеттерінің ойлау процестеріне қызығушылығы туралы эссе қосқан. Осылайша автордың мұнда философиялық, психологиялық және антропологиялық мәселелерге де назар аударғанын аңғаруға болады.²³ Аталмыш кітап, бір жағынан, тарихи туынды саналса, екінші жағынан, әдеби және тарихтан тыс саладан туындайтын лингвистикалық мәселелерді де зерделейді. Мұнда автордың да, оның оқырмандарының да назары күрделі мәтіндерге және олардың басқа мәтіндермен байланысына бағытталған.

Сонымен бірге әдеби мәтіндер роман сияқты саяси және идеологиялық өзгеріс туралы ақпарат таратушы ретінде түсіндіріледі. Әдебиет – бұл тарихи өзгерістердің әлсіз көрінісі ғана емес, олардың маңызды, белсенді бағыттаушысы, сондықтан тарихшылар үшін маңызды ресурс саналады. XVIII ғасыр тарихы мен Француз революциясын зерттеген Линн Хант «Адам құқығын жүйелеу» (*Inventing Human Rights*) атты кітабында романдарға елеулі орын береді, ол адам құқығы ұғымының XVIII ғасырда пайда болғанын және оның пайда болуына сол замандағы көркем әдебиет пен оны оқу әдістерінің ықпал еткенін баяндайды: «жаңа кітаптар... индивидтің жаңа тәжірибесін (жанашырлық) қалыптастырады, бұл жана әлеуметтік және саяси тұжырымдамалар (адам құқығы туралы) құрастыруға жағдай жасайды».²⁴

Тілді жақсы түсінуге негізделген әдеби тәсілдер тарих тәжірибесін қалыптастырады. Бұған кез келген жазуды мәтін деп қабылдауға болатыны туралы пайымдау мысал бола алады, сол себепті сыни әдістер кең қолданысқа ие деп саналады. Мәтіндер нақты құжат емес, бұл – жасанды зат (артефакт), күрделі туындылар, дискурстардың бөліктері, сондықтан олар биліктің табиғатымен байланысты. Мәтіндер арасында күрделі қатынастар бар; бұл «интертекстуалдық» деген атаумен белгілі. Кейбіреулердің ойынша, мәдени қуат қаламгерлермен емес, олардың туындыларымен байланысты. Мұндайда қаламгер есімі мен оның пікірлерінің арасында сәйкессіздік туындайды, өйткені олар шығармаларының қалай оқылатынын және қалай пайдаланылатынын анықтай алмайды. Бұл идеялар тарихшылар үшін ынталандыру болады, олардың әдебиеттанушылар мен өзге іргелес салалардың мамандарынан үйренері көп. Алайда кейбір тарихшылар әдеби және

тарихи тәжірибелер арасындағы тығыз байланыстан туындаған мәселелерге әлі де алаңдаушылық білдіреді. Олардың айтуынша, егер, белгілі бір шаржда бейнеленгендей, өмірде тек мәтіндер ғана болса, ол өткен туралы маңызды білім алуға деген талаптарына қауіп төндіреді. Бұл мәселелердің тарихи тәжірибеге тікелей қатысы бар, сол үшін тарихшылар оны зерделеуге тиіс.

Әдебиеттанушылар да тарихшылар секілді өз жұмыстарына әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарайды. Қазіргі уақытта мәтіндерді зерделеуге сан түрлі тәсілдер қолданылады; тарихшылар үшін тілді талдаудың әртүрлі тәсілдері пайдалы болмақ. Іс жүзінде пәндер сән, саясат және мәдени пікірталастардың әсерінен бір-бірін талғамалы түрде пайдаланады. «Лингвистикалық бетбұрыс» деп аталған құбылыс міндетті түрде дау-дамай туғызады.²⁵ «Лингвистикалық» сөзінің қолданысқа енуіне ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген және тілдің таңбалық сипатын зерттеген тіл теоретигі Фердинанд де Соссюрдің септігі тиді.²⁶ Сөздер (таңбалар) олардың нені білдіретінімен ешқандай ішкі байланысы жоқ, сондықтан біз тамақтанатын және жазу жазатын (зат, таңбаланушы) үстел (сөз, таңбалаушы) еркін таңба болып саналады. Бұл тілдің еркін сипатта пайдаланылуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл грамматика, сөздік және қолданылу тұрғысынан алғанда, тілдер мәдениетті бейнелеу тәсілі екенін білдіреді, ол өткен уақыт туралы мәліметтерге қол жеткізудің тиімді жолын ұсынады. Мәселен, ең алдымен, наразылықтар, көтерілістер мен төңкерістерге қатысушылардың өмір сүру жағдайын, олардың көзқарастарын және бұл мәселелерге байланысты қандай балама нұсқаларды іздегенін нақты түсінбей тұрып, тарихта орын алған бүліктер туралы мәлімдеме жасай алмаймыз. Бұдан шығатыны, біз өткен құбылыстар туралы жазу кезінде пайдаланылатын тілдерге, сондай-ақ оған қатысы бар тұлғалардың категорияларына мұқият болуымыз керек. Іргелі ұғымдар физикалық әлемде емес, тілде, ақыл-ойда болады, сондықтан біздің жеке ауызша тәжірибелерімізді, сондай-ақ өткенге қатысы бар кейіпкерлердің тәжірибелерін сыни тұрғыдан түсіну қажет.

Мәтін – болған оқиға туралы нақты сипаттама бермейді, тек сол оқиға туралы не айтылғанын ғана баяндайды. Мәселен, кейбір ғалымдар сиқыршылық туралы шынайы мәліметті білуге айтарлықтай шектеулер бар екенін мойындайды. Деректер куәгерлер мен түсінік берушілердің неге сенгенін және бұл жайында не тұжырымдағанын айғақтайды.²⁷ Содан кейін олардың айтқан пікірлеріне қатысты пікірталас туындайды. Бұл мәселеге тарихи білімнің мәртебесін қарастырғанда қайта ораламыз. Бірақ әзірше қарама-қайшы екі көзқарасты қарабайыр түрде сипаттаймыз: біздің қолымызда тек қана мәтіндер болса, онда солардың негізінде ғана тарихпен айналыса аламыз немесе сол кезде біз қол жеткізе алатын материалдық әлем болды және біз бұл туралы мәліметтер таба аламыз, бұған қарсы пікір білдіру тарих пәнінің беделіне нұқсан келтіруі мүмкін. Барлық қарама-қайшы көзқарастар сияқты, мұнда да бұрмалаушылық бар. Осы қарапайым қарама-қайшы көзқарастарды атап өту пайдалы болатынын көрсетеді. Бір жағынан, әдебиет теориясы тарих пәнінің негіздеріне қауіп төндіреді деген болжам бар. Екінші жағынан, тарихшылар эпистемологиялық мәлімдемелер жасайды, бірақ оларды іс жүзінде дәлелдеу мүмкін емес деп саналады. Сол қайшылықты пікірлердің ортасында әртүрлі интерпретациялық стратегиялар бар,

оларды тарихшылар пайдалана алады, олардың басым көпшілігі басқа пәндермен байланысты. Әдебиет теориясын осы контексте әдейі қолдандым. Көптеген әдебиеттанушылар теориялық мәселелерге айтарлықтай көңіл бөлмейді, алайда әдебиеттану саласында тікелей осы мәселелермен айналысатын жаңа, ерекше топ пайда болды. Бұл топ мәтіннің сипаты мен оның интерпретациясын қарастырады. Теорияны жеке қарастыру қиындық туғызуы мүмкін, өйткені ол философиядағыдай ойлаудың қажетті құралы саналады, нақты жағдайлар арқылы қолданылады және анықталады. Теорияны өмірлік қуатынан айыру оғаштау тәрізді. Әдебиет теориясы философия, психоанализ, антропология, лингвистика және семиотика сияқты басқа пәндерден бастау алады. Осылайша теорияның басым бөлігі пәндік немесе пәнге жатпайтын сипатта екенін аңғарамыз.²⁸

Тарих пен әдебиет бірқатар жана салаларда қатар жүреді. Мысалы, бұған әйел жазушылармен жұмыс істеу, жазбаларда бейнеленген елдер, географиялық аймақтар арасындағы қарым-қатынасқа алаңдаушылық білдіру жатады, сондай-ақ отарланудан өткен және оның зардаптарын түсінуге ұмтылған қоғамдардың түсініктемешісі ретінде мойындалған авторлардың постотаршылдық зерттеулері екі салаға да әсер етті. Сонымен қатар эксперименттік жазуға деген қызығушылық бар, бұған шығармашылық жазудың университетте жеке пән ретінде кеңінен оқытылуы себеп болуы мүмкін. Сондай-ақ кейбір тарихшылар монография мен ғылыми журналға арналған мақала сияқты дәстүрлі үлгілерден алшақтауға тырысады.²⁹ Бұл ұқсастықтар ішінара ғылыми зерттеулер мен гуманитарлық пәндерді оқытуға тікелей ықпал ететін ғалымдар жұмыс істейтін саяси және мәдени контекстермен түсіндіріледі. Дегенмен тарихтың әрбір іргелес саламен байланысы алуан түрлі. Тарихшылардың негізгі жұмысы – оқу, жазу және сөйлеу; олар – сөз шеберлері. Біздің әдебиетті зерттейтін мамандармен арадағы қатынасымыз өнер тарихшыларымен байланысымыздан өзгеше екені сөзсіз. Олардың мүдделері тарихшыларға жұмбақ болуы мүмкін, сондай-ақ жоғарыда айтып өткен ерекшелік өнер тарихшылары зерттейтін қорқынышты бейнелер мен нысандарға да байланысты және бұл салаға маманданған талантты зерттеушілердің аз болуы да ықпал етуі мүмкін.


Тарихшылардың әдебиет және өнертану ғылымымен байланысының да ортақ тұстары бар. Бұл ішінара көптеген контексте осы екі саланың арасында тығыз байланыс бар екенімен түсіндіріледі: мысалы, визуалды мәдениет нысандары олардың атауларындағы жазу, көрме каталогтары мен газетке жарияланған мақалаларды қамтиды. Өткен уақыттың мән-жайын түсіну барысында өнер мен әдебиет секілді шығармашылық жұмыстың тарихи мәлімет ұсынатын әлеуетін ескермеу ағаттық болар еді. Дегенмен бұл екеуі сол заманға жол бастайтын соқпақ бола алмайды, себебі олар күрделі делдалдық қызмет атқарады. Тарихи мәліметтерді іздестіру барысында тиісті машықтары мен контекстік білімі бар мамандарға сенім артамыз немесе олармен бірлесе жұмыс істейміз. Тарихшыларға өздері шама-шарқы жеткенше таба алатын барлық дәлелдер қажет. Атап айтқанда, музыка сияқты өнер мен әдебиет бұрынғы дәуірлердің бейнелі және эмоциялық әлемін толығырақ бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл дәлелдер патронаж және экспозиция түрлері секілді әлеуметтік құбылыстарды анықтайды.

Өнер тарихы / визуалды мәдениет

Өнер тарихына анықтама беру оңай болып көрінуі мүмкін: ол «өнер» деп аталатын терминнің аясында ұйымдастырылған құбылыстардың тарихы болса керек. Бірақ өнер – өте күрделі ұғым. Кейде ол шығармашылыққа қатысты барлық процесті көрсету үшін пайдаланылады және бейнелер мен нысандарға назар аударылған жағдайда аталмыш ұғымның визуалды өнерге қатысы бар екені анық. Бұл бәрін қамтиды, бірақ кейбір түсінік берушілердің пікірінше, тым көп нәрсені қамту айтарлықтай қауіпті. Мәселен, қолөнер мен жиһаз жасау ісін визуалды өнер деп атауға бола ма? Сондай-ақ олардың сапасы туралы күрделі мәселе туындайды. Өнер деген не және оған қалай қарау қажеттігі туралы пікір қайшылықтары үнемі болып отырады. Өнер туындыларына, оларды кім және қалай жасағанына назар аудару қажет пе? Әлде ол академиялар, аукцион үйлері мен галереялар, материалдар, визуалды машықтар, өнер тарихы мен коллекцияларды қамти ма? Бұл пікірталастарды жасанды заттарға олар үшін төленетін ақша мөлшеріне негізделген құндылық беретін халықаралық өнер нарықтарының болуы күрделендіре түседі. Сондай-ақ өнер туралы пайымдауларда субъективті көзқарастың бар екенін мойындаймыз. Бұдан қашып құтыла алмаймыз және бұл тарихшының адамзат жетістігінің, айталық, саясаттың да, діннің де басты мәселесі болған саласынан бас тартуына себеп бола алмайды.³⁰

Демек, өнердің, өнер тарихының тарих пәніне берері мол. Өнер дегенді білдіретін күрделі бағалау пайымдары адамды жаңылыстыруы мүмкін, мұның өзі бірқатар салалардың мамандары таңдаған визуалды мәдениет сияқты жан-жақты сипатқа ие ұғымның неліктен өзекті болып отырғанын ішінара түсіндіреді. Сонымен қатар визуалды мәдениетті зерттеу деп аталатын қарқынды дамып келе жатқан ғылыми сала бар. Өздерін аталмыш саламен байланыстыратын көптеген адамдар әлеуметтік ғылымдар бойынша білім алған немесе бұқаралық ақпарат саласында қызмет етеді. Визуалды мәдениет термині кең түрде түсінілуі керек, ол жарнамадан веб-сайттарға дейін, материалдардан журналдарға дейін, фотосуреттерден графикалық дизайнға дейін барлық нәрсені қамтуы керек. Мұндай ауқымдылық тарихшыларға пайдалы визуалды дағдылар мен машықтарды, оларды дамыту мен пайдалануға қатысты мәселелерді зерттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ визуалды және материалдық мәдениеттер арасындағы шекаралар айтарлықтай нақты емес. Мысалы, кітап материалдық мәдениеттің бір бөлігі екені айтпаса да түсінікті, ал визуалды мәдениетті зерттеп жүрген мамандар өз жұмысында кітапты беттеу, безендіру мен түптеуге және ондағы суреттерге ерекше назар аударуы мүмкін. Материалдық мәдениетті зерттеу ісімен алғаш рет археологтер мен антропологтер айналысқан және оның да визуалды мәдениет зерттеулері тәрізді жан-жақтылық сипаты бар. Қазіргі таңда материалдық және визуалды мәдениет тарих пәнінің негізгі бөлігі саналады.³¹

Тарихи зерттеулерде жазба түрдегі емес деректерді пайдалану идеясы айтарлықтай жаңалық емес; ол ерте жаңа дәуірдегі антикварлар ісінен бастау алған және соңғы онжылдықтарда кеңінен етек алаып отыр. 1986 жылы «Пәнаралық



3.1-сурет. Бейкер Бейкер коллекциясындағы альбомның парағы, Дарем университетінің арнайы коллекциясы

Ені – 40.5 см, ұзындығы – 26.3 см, Бейкер Бейкер Принт.

Ауқымды коллекцияның бір парағы бірнеше рет пайдаланылғаны анық. Музейлер мен галереяларда тұратын суреттер мүмкіндігінше таза, бүлінбеген түрде көпшілік назарына ұсынылады, сондықтан біз оларды лас күйінде сирек көреміз. Суреттердің қалай пайдаланылғанын, соның ішінде қиылып, қабырғаға жалпырылғанын немесе осында қалай орналасқанын зерделеу өте маңызды. Альбомды 1749 жылы Дарем графтігіндегі Элемор-Холлда тұрған Джордж Бейкерге тұрмысқа шыққан Джудит Рут жасаған болуы мүмкін. Вик Гатрел бұл суреттер коллекциясын өзінің «Күлкі қаласы» (*City of Laughter*) атты кітабында пайдаланған, онда ол сән мен жанжалға қатысты суреттерді айрықша атап өткен. Бұл мысалда көрсетілгендей, ол саясатқа қызығушылық білдірген. Бейкер Бейкер коллекциясындағы XVI–XX ғасырлар аралығындағы отбасылық құжаттардың архивінен білетіміздей, Джудит Рут 1774 жылы жесір қалған және отбасы бизнесінің жауапкершілігін өз мойнына алған.


тарих» журналының (*Journal of Interdisciplinary History*) тарих пен өнер тарихы туралы арнайы басылымы жарық көрді. Арада екі жыл өткен соң, бұл басылым «Өнер және тарих: бейнелер мен олардың мәні» (*Art and History: Images and their Meaning*) [Ротберг, 1988] атты кітап болып басылып шықты. Кітаптың атауы оның күмән туғызған кейбір салалар бойынша жұмыс істегенін көрсетеді. Мысалы, бейнелер екіөлшемді көріністерді білдіреді, бірақ үшөлшемді заттар туралы не айтуға болады? «Өнер және тарих: бейнелер мен олардың мәні» еңбегіндегі он екі мақала үйді безендіруге, соның ішіндегі кейбіреуі сәулет өнерін зерттеуге арналған. Бұл кітаптағы мақалалар қолданбалы немесе сәндік өнерді, мүсінді қарастырмайды. Авторлары – тарихшылар немесе өнертанушылар. Құрастырушылар кітаптың қысқаша кіріспесінде тарих пен өнер тарихын байланыстыру қажеттігін мәлімдесе де, кітап әртүрлі зерттеулерден құралған жинақ болып қала берді. Осылайша тарих пен оның өзге пәндер арасындағы байланысты пайымдау барысында, бұл пәндерді салыстырып қана қоймай, олардың өзара үйлесім табатынын зерделеу қажет.

Көптеген елдерде тарих пен өнер тарихы арасында өте үлкен айырмашылық бар. АҚШ-та, керісінше, ірі университеттердің басым бөлігінде үлкен және сан түрлі бағыттағы тарих факультеттерінде екі саланың да мәселелерін жақсы білетін ғалымдар (бірақ ондайлар аз) жұмыс істейді. Дебора Сильверман бұған айқын мысал бола алады. Мысалы, француздың модерн стилі туралы кітабында ол өнер, саясат және нейропсихиатрияның өзара байланысын зерттейді.³² Автордың қысқа мерзім ішіндегі сәндік өнерге назар аударуы оның материалдарына толық сәйкес келетін талдамалы және эмпирикалық нақтылық деңгейіне жетуге мүмкіндік берген. Дегенмен өнер тарихына қатысты дәлелдерді пайдаланатын ғалымдардың басым бөлігі әлі күнге дейін канон бойынша танымал тұлғалардың, яғни суретшілер мен архитекторлардың айналасында сөз қозғайды. Зерттеуге тұрарлық ең маңызды тұлғаларды анықтайтын және сол арқылы мәдени жетістіктер тізімін құрастыратын канон ұғымы соңғы жылдары сынға ұшырады. Мысалы, әдебиет пен бейнелеу өнері саласында барлық әйелдердің канондық тізімнен шығарылғаны туралы көп айтылды. Бұл, әрине, шындық болса да, гендерлік айырмашылықтар туралы жалпы болжамдардың дәлелін растайтын ерекшеліктерден кейін, мұндай сынның нәтижесі канон идеясынан бас тарту емес, керісінше, оның кемшіліктерін түзету болды. Канонның құндылығын дәлелдеуде жазушылардың қосқан үлесі зор, соның ішінде бұл идеяны әдебиет сыншысы Гарольд Блум айрықша қолдады. Канондар баспагерлер, нарықтар және музейлердің қолдауы арқылы нығая түседі. Тарих саласында мұндай канондар жоқ, бұған шығармашылық бағыттағы, белгілі тұлғалар негізгі зерттеу пәні болмауы, екінші жағынан, эстетикалық қасиеттер пәннің басты назар аударатын мәселесі еместігі себеп болды. Жалпы келісім бойынша осы саланың негізін құрайтын әртүрлі балама тақырыптар бар. Бұған Қайта өрлеу дәуірі мен қазіргі заман сипаты жақсы мысал бола алады, бұл тақырыптар өнер тарихын зерттеушілер үшін маңызды. Бірақ тарихшылар саяси билік өкілдерімен салыстырғанда, өнердің көрінекті есімдерін сирек зерттейді.

«Айрықша маңызды өнер» (*Art with a capital A*) туралы сөз болғанда эстетикалық құндылық мәселелері басты тақырып болып саналады. Сонымен қатар пән

басқа салаға тиесілі және өзіндік ішкі күрделілігі бар болғандықтан, арнайы білімді талап етеді. Бұл күрделіліктің ерекшеліктері – оның мәдени мәртебесінің ажырамас бөлігі. Сол себепті тарихшылардың бұл салаға баса көктеп кіруге батылы жетпеуі мүмкін, ал кейбіреулері бейнелермен жұмыс істеуден жасқанады, себебі бейнелер – ғылым жолында басымдыққа ие сөздерден құралған дәлелдерді пайдалануға дағдыланған тарихшылар үшін мүлде бөтен категория. Бірақ егер біз өнер тұрғысынан емес, визуалды мәдениет немесе материалдық мәдениет тұрғысынан ойлансақ, жағдай біршама өзгеріп, пәндерді икемді түрде өзара үйлестіруге жол ашамыз. Визуалды мәдениет кез келген уақытта айналадағы әртүрлі мәдени формалардың ауқымын зерттеуді және эстетикалық сапаны дәстүрлі түрде бағалау тәсілдері деректерді іріктеуде негізгі алынуға тиісті емес дегенді білдіреді. Материалдық мәдениет секілді, визуалды мәдениетті де өнерден гөрі, тарихи категорияға жатқызған дұрыс, өйткені ол эстетикалық сүзгімен жұмыс істемейді, бірақ әртүрлі материалдар, медиа және контекстермен жұмыс істейді әрі өткеннің құндылықтар жүйесін құрметтейді.

Дегенмен де өнерді және оған қатысы бар көрінекті тәжірибелі мамандарды зерттеу барысында алуға болатын идеяларды естен шығармаған жөн. Кейбір тарихи-көркем шығармаларда ірі өнер қайраткерлері қарастырылған және олар контексте мұқият түрде енгізілген. Мұндай жазбалардан маңызды екі ойды аңғаруға болады. Біріншіден, өнер тек элита тобына қатысты емес: мысалы, оны шіркеулер мен қоғамдық орындарда кез келген адам байқай алады, сол себепті оның визуалды машық пен дағдыны анықтауда септігі зор. Екіншіден, өнер туындыларын тарихи деп тануға болатын құбылыстармен байланыстырудың өзіндік тәсілдері бар, мысалы, діни тәжірибе, әлеуметтік иерархиялар мен қоғамдық өмірді қарастыру. Майкл Баксандалл – бұл мүмкіндіктерді шебер суреттеген өнер тарихшыларының бірі. Оның «XV ғасырдағы Италиядағы кескіндеме және тәжірибе» (*Painting and Experience in Fifteenth-Century Italy*) атты кітабы алғаш рет 1972 жылы жарық көрген. Мұнда автор суреттерді жанашырлықтың өзгермелі түрлерімен және уағызшылардың ишараларын түсіндіру сияқты кеңінен таралған визуалды дағдылармен байланыстырады. Бастапқыда бакалавриат бөлімінде оқитын студенттерге арналған бұл кітапта автор интеллектуалдық тұрғыдан дәлелді және өзі зерттейтін кезең мен орыннан тыс болатын ойлау түрлерін ұсынды. Олар қатаң тарихи ойлаудың үлгісі саналады. Өнер тарихына арналған монографияларда да әйгілі суретшілердің өмірін зерттеуден тарихи түсінік қалыптастырудың нақты тәсілдерін ұсынады және ол әдістемелік тұрғыдан пайдалы әрі танымдық болады. Бұған мысал ретінде Светлана Альперстің Рембрандт туралы кітабын атауға болады. Ол өнер нарықтарының түпнұсқалыққа деген қамқорлығының нәтижесінде өнер тарихының тәжірибені қалай қалыптастыратынын жан-жақты баяндайды. Бұл кітапта Рембрандтың өнердің экономикалық аспектілеріне деген қызығушылығы сипатталады. Бұл тақырыптарды зерттеу үшін Альперс суретші өмір сүрген кезеңнің мәдениетін зерделейді, яғни автор суретшінің шығармашылығы мен нарықтағы тәжірибесін тарихи тұрғыдан қарастырады. М.Баксандалл да, С.Альперс те өз кітаптарында «визуалды мәдениет» тіркесін пайдаланса да, олар танымал суретшілердің өмірін, демек, өнерді зерттеуді мақсат еткен.



3.2-сурет. Тобиас Конрад Лоттер. Аспан әлемінің картасы

Ұзындығы – 53.8 см, ені – 60.9 см, Аугсбург, Rm 5 PF3.2.2.

Шамамен 1750 жылы басып шығарылған әрі қолмен боялған бұл аспан картасын белгілі нақышшы, картограф әрі баспагер адам жасаған. Мұнда тек шоқжұлдыздар ғана емес, сонымен бірге Птолемей, Тихо Браге және Коперник сипаттаған жер жүзінің үш түрлі үлгісі көрсетілген. Мұнда сипатталғандай, XVIII ғасырдың ортасына қарай Коперниктің пайымына қатысты айтарлықтай дау туындаған жоқ. Оның жер мен өзге ғаламшарлардың күнді айналатыны туралы болжамы 1543 жылы шыққан еңбегінде егжей-тегжейлі сипатталған. Астрономия көпшіліктің қызығушылығын туғызған сала болды. Коперникті радикалды жаңашыл ғалым ретінде сипаттайтын көп еңбек жазылды, дегенмен оның идеяларының туындау себебі мен оны қабылдауы әлдеқайда күрделі болды. Бүгінгі күні Тобиас Конрад Лоттердің жұмысы құнды әрі коллекциялық бұйым деп саналады.

Өнер терминінің өзі ғасырлар бойы қызу пікірталастарға себеп болды, ал осы пікірталастардың өзі де тарихи құбылыс еді. Мәселен, суретші мен қолөнершінің арасындағы айырмашылық маңызды саналатын қоғамда, бұл екі мамандық иелерін саралаудың нақты тәсілдері олардың еңбегі, машығы, қаржылай көмегі, әлеуметтік мәртебесі, сондай-ақ тауарларының бағасы туралы болжамдар құрастыруға септігін тигізеді. Мұндай жағдайда өнер деген не, оны кім жасайды және оған қалай қарап, қалай көтермелеу керек деген сұрақтарға тарихшылар ерекше қызығушылық білдіретіні анық. Сонымен қатар өнер туралы зерттеу тақырыбын өзгерту де тарихшылар үшін өте маңызды. Бұған мысал ретінде қала өмірі, соның ішінде қаладағы кедейлік деңгейі туралы түсінікке қатысты өзгерістерді атап өтуге болады.³³ Өнер деген не және ол қалай болуы керек деген мәселе төңірегіндегі пікірталастар көп ретте өнерге қатысты теориялық мәселелерді зерттеумен айналысатын академияларда өткізіледі. Бұл пікірсайыстардың нәтижелері философтар мен әдебиет сыншыларының, сондай-ақ өнер тарихын зерттеушілердің де қызығушылығын туғызды.³⁴ Өнер теориясы пәнаралық жұмыстың тақырыбы болды, сондықтан бұл өткен уақытпен қатар, қазіргі кезеңде де теорияға қатысты мәселені қайта зерделеуге мүмкіндік береді. Қорыта айтқанда, бұл көптеген пәнаралық формалар үшін айрықша маңызды.

Теориялар

Бұл тарауда тарихтың гуманитарлық ғылымның өзге салаларымен байланысы зерделенеді. Ауқымды, күрделі әрі аса маңызды болып саналатын бұл салалар тарихты жалпы пән ретінде түсіну үшін қажет. Осы өзара әрекеттесулердің көпшілігі теориялар мен тұжырымдамалардың салалар арасындағы ауысуларына байланысты болады. «Теория» – тағы бір күрделі термин. Кейде тарихшылар теорияны ұнатпайды, теория ұсынатын сенімді интерпретациялық негіздер болмағандықтан, олар «фактілерді» ғана іздейтін «парықсыз эмпирик» деп айтып жағады. Сондай-ақ тарихшыларға теориялық түсінік қажет болған кезде, олардың өз пәндерінен тыс, мысалы, сыни теорияға жүгінетіні де рас. Бұл тарихи білімнің сипаты мен мәртебесіне, сондай-ақ тарихи әдіс туралы идеяларға қатысы бар айрықша маңызды мәселе.

«Теория» деген не? Бұл ретте жаратылыстану ғылымдарын сенімді білім үлгісі ретінде кеңінен пайдалану орынды болады. Кейбір түсінік берушілер ғылыми жосықтар пайымдау мен қаталдықты көрсетеді, ал бұларды тарихшылар үйренуге тиісті дейді. Осы орайда екі мәселені атап өткен жөн. Біріншіден, ғылымдардың, әсіресе жаратылыстану ғылымдарының әртүрлі құбылыстарды жоғары деңгейде түсіндіруге мүмкіндік беретін күшті теориялары бар. Екіншіден, теориялар мен фактілерді бір-бірінен бөлу өзінен-өзі түсінікті деп қабылданады. Екі жағдайда да тарих тәжірибесін жаңылыстыратын экстраполяция жасалады: құбылыстың бір бөлігінен алынған нәтиже оның екінші бөлігіне қолданылады. Шын мәнінде және «эмпирикалық», «теориялық» және «концептуалдық» деген сөздер өңделмеген деректерді және олармен істелетін жұмысты бір-бірінен нақты бөліп алу керек екенін көрсетеді. Тарихи тәжірибеде жағдай дәл осындай анық емес.

Теориялардың негізгі төрт сипаттамасы бар деп санаймын. Біріншіден, «теория» бірнеше мысалдар арқылы түсіндірілетін құбылыстың жалпы сипаттамасын білдіреді. Мысалдар мен теориялар өзара тәуелді, оның үстіне мысалдарға қарағанда теориялар жалпылама және абстрактілі сипатқа ие. Екіншіден, теориялар зерттеудің бастауында емес, соңында жақсы түсіндірілетін құбылыстарды сипаттайды. Үшіншіден, теория қарастырылып отырған құбылыстардың жаңа мысалдарын түсінуге мүмкіндік береді. Тарихта теория болжам сияқты құбылыс емес, өйткені тарихшылар ғалымдар тәрізді болашақты болжай алмайды. Бірақ революция теориясы, мысалы, Франция мен Ресей революциясына қатысты жасалып, одан кейін Мексика революциясын түсіндіруге пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар мұндай теория жаңа жағдайлар арқылы айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Төртіншіден, теория әртүрлі құбылыстарды біріктіретін және мағынасын бере алатын дәйекті, жүйелі көзқарасты білдіреді. Осылайша теориялар – абстрактілі, жалпылама, түсіндірмелі сипатқа ие құрылымдар. Теорияда интеллектуалдық қуаттың рухы бар.

Негізінен, тарих айрықша теориялық пән болған емес. Керісінше, тарихшылар өткендегі нақты оқиғалар туралы егжей-тегжейлі мәлімет ұсынады және оны нақты да сенімді түрде жасауға тырысады. Көптеген тарихшылар өз материалдарын зерделеп, олармен «сырласу» барысында өздерінің түсіндіру тәсілдерін дамытады. Бұл сипаттама теориялар мен деректерді қатаң бөліп тастау жаңылыстыратынын және оның пайдасыздығын көрсетеді. Ешқандай эмпирикалық әрекет теориясыз (тіпті олар толық тұжырымдалмаса да) жүзеге аспайды. Барлық тарихшылар негізгі материалдарды, соның ішінде адам мінез-құлқының үлгілерін, белгіленген хронологияларды, бұрынғы түсініктемелерді, жауапкершілік пен агенттік туралы ұйғарымдарды, бірегейлік ұғымын және тағы басқа мәселелерді зерттегенде олардың өзіндік идеялары мен дүниетанымдары болады. Кейбір практик мамандар өз міндетін фактілерді жинау, деректерді объективті түрде зерделеу және ондағы мәліметтерді тек жазып алу деп түсінуі мүмкін, бірақ олар қателеседі. Зерттеулермен айналысқан тарихшылардың дүниетанымы кеңейе береді.

Олар кәсіби тұрғыдан негізделген дүниетанымды қамтитындықтан, тарихшылар практик мамандар шүбәсіз сенетін көзқарастарды қалыптастырады; бұл сипаттамалар белгілі бір мүдделерге қызмет етеді. Тарих, ең алдымен, эмпирикалық пән деген идея тарих тарихи жазбамен тікелей байланысты, одан кейін ол туралы тікелей сипаттама беру үшін пайдаланылады деген болжам жасауға негіз болады. Осылайша тарихтың ақиқатын, оның пән ретіндегі мәртебесін және оның ерекше беделін бекітуге болады. Пәнді не нәрсе ерекшелейтіні туралы мәлімдемелер іс-әрекет салаларының арасындағы межені белгілеуге қызмет етеді; әр саланың өзіне тән ерекшеліктері, әсіресе іргелес салалар үшін маңызды, ерекшеліктер болмаған жағдайда практик мамандардың кәсіби өмірі мен олардың еңбектерінің тұтастығына қандай да бір қауіп төнуі мүмкін. Пәнді қолдайтын инфрақұрылым құрылғаннан кейін, интеллектуалдық билік арасында демаркациялық шекаралар пайда болады. Мұндай шекаралар – белгілі бір жұмыс атқаратын күрделі өндіріс, тіпті оларды жасайтын және қолдайтындар бұл туралы нақты ештеңе айтпайды.

Меншік тілі пәндерге де, теорияларға да қатысты жиі қолданылады. Пәндер өздеріне тиесілі аумақты белгілеп алады және оның нәтижесінде пайда болатын еңбек бөлінісі әртүрлі білім түрлерін қалыптастырады әрі шекараға қатысты даудамайдың алдын алуы мүмкін. Ғалым ақпаратты немесе идеяларды басқа саладан алған кезде, оны қарыз алу деп санауға болады, егер ол дұрыс орындалса, тиісті түрде танылса, тиімді транзакция жасалған деп түсіну керек. Өзге, донорлық сала тұрғысынан қарағанда, сыйлық жасалды. Алайда бір оқиға әртүрлі сипатта баяндалуы мүмкін, яғни басқа пәндер тарапынан төнген қауіп немесе сол пәндердің басып алуы не болмаса жөнсіз пайдалануы себебінен бұл оқиға жыртқыш не құрбан болу сипатында баяндалуы ықтимал. Интеллектуалдық меншік құқығын беру, сыйлық, ұрлық, будандастыру немесе тонау ретінде қарастырылуы немесе қарастырылмауы сіздің жеке көзқарасыңызға байланысты болады. Тарихи тәжірибе өз теорияларын сирек құрастыратындықтан, өзге салалардың меншігіндегі теорияларға көбірек сүйенеді.

Тағы бір түсініктеме меншік ұғымынан аулақ болуға тырысады және жалпы алғанда кәсібилену, атап айтқанда, тарихтың кәсібиленуі салыстырмалы түрде жақында ғана пайда болған құбылыс деген пікірге сүйенеді. Тарих бірнеше ғасырлар бойы бірқатар өзге бастамалардың ажырамас бөлігі ретінде қолданылып келді. Сонымен қатар ғалымдар сүйенетін деректер белгілі бір зерттеу, мысалы, әдебиет, тарих, әлеуметтану және тағы басқа салалар атауымен белгіленбейді. Соған орай, мұндай деректерді түсіндіру үшін теориялар, тұжырымдамалар мен құрылымдар туралы айтатын болсақ, біз олардың салалар арасында өзара қиылысуын және алмасуын күтеміз. Осы тәсіл аясында пәндер тарихы маңызды құрылымдар ретінде қарастырылады; олар ішкі емес, кездейсоқ қасиеттерге ие. Көптеген пәндер өткен материалдарды пайдаланады, сондықтан тарихшылар қолданатын материалдарды, мәселен, әлеуметтануға емес, тарих үшін жарамды ететіндей нәрсе бар ма? Егер «жоқ» деп жауап берсе, онда тарихшылардың өз материалын өңдеу кезінде қолданатын нақты тәсілдері бар ма? Жоғарыдағы сұраққа жауап берудің ықтимал әдістерінің бірі – арнайы білім мен машықты қолдану. Бұл сұрақтарға нақты жауаптардың болмауы таңғаларлық жайт емес. Алға жылжудың ең тиімді тәсілі – тарих пәнімен байланысты нақты салаларды зерделеу.

Салалар арасындағы ұқсастықтарды сөз еткенде, тарих пәніндегі әртүрлі бөліктердің өзіндік тәжірибесі бар екенін атап өткен жөн. Ежелгі және ортағасырды зерттеуші тарихшылардың көпшілігі іргелес пәндер тізімінде археологияны бәрінен жоғары қояды. Шын мәнінде тарих пен археология бұрыннан бері бір-бірімен тығыз байланысты: кейбір жағдайда олар бірігіп кетеді. Қоршаған орта тарихымен айналысатындар үшін география, әсіресе тарихи география ерекше маңызға ие. Географиялық тәсілдер қала тарихы мен отаршылдық және постотаршылдық жағдайларды зерттеу үшін маңызды рөл атқарады. Мұндай байланыс екі жаққа бірдей болуы мүмкін, яғни тарихи бетбұрыстардан өтіп жатқан өзге пәндерге тиесілі теория, тұжырымдама мен идеялар өзге салаларда пайдаланылуымен байланысты болуы ықтимал.

Археология

Философия, әдебиет пен өнер тарихын тарихпен айтарлықтай ұқсастықтары бар гуманитарлық ғылымдардың үш саласы ретінде қарастырдық. Бір жағынан, өнер тарихы тарихтың бір саласы болып саналады. Екінші жағынан, ол философия, әсіресе эстетикамен тығыз байланысты. Пәндерің ара-жігін анықтау өзіңізге байланысты болады. Мұндағы қозғаушы идея – тарихтың өткенді бұрмаламай, әділ түрде зерттеу, сол себепті тарихпен тығыз байланысы бар археология мен география туралы пікірталасты қарастырған дұрыс. Бұл екі пәннің тарихпен және жалпы гуманитарлық ғылымдармен түйісетін шекарасы өте бұлыңғыр. Оларды әлеуметтік ғылымдар сияқты, олардың пәні, әдістері мен тәсілдері тұрғысынан да түсінуге болады.

Пол Бан өзінің «Археологияда қулықпен өз мақсатыңа жет» (*Bluff Your Way in Archaeology*) атты кітабында өзі ең көп жұмыс істеген саланы: «Егер тарих түкке тұрғысыз нәрсе болса, онда археология – қоқыс» деп анықтады. Сырт көзге оғаш көрінетін бұл тақырып өткен уақытта өмір сүрген адамдардан қалған, олар тастаған, жоғалтқан, лақтырған және сынған заттарды іздеу, қайта қалына келтіру мен зерттеуді қамтиды. Сондықтан археологтар қоқыс жинаушылар сияқты киінсе де, оларға мүлде ұқсамайды.³⁵ Бұл анықтамадан мынадай төрт тұжырымды аңғарамыз: табылған заттар қандай жағдайда болғанына қарамастан, оларды іздеуге байланысты іс-шараларды, олардың қай кезеңге жататынын анықтау мәселесін және пәннің ауқымды күзіреті – өткен уақытта өмір сүрген адамдардан қалған кез келген затты археологиялық зерттеудің нысаны ретінде қарастыруға болады. Ежелгі және орта ғасыр тарихшыларының барлық дәлелдерді пайдаланғаны таңғаларлық емес, олар материалдық мәдениетке айрықша назар аударатын археологтарға өте жақын. Сондай-ақ сәулет тарихын зерттейтін мамандардың да археологтармен ортақ қызығушылықтары бар.³⁶ Археологтар адам өміріне қатысты қазбаларды зерттейтіндіктен, тарих пен археология да – бір-бірімен тығыз байланысты салалар. Бәлкім, аталмыш екі саланың әлі күнге дейін бір-бірімен әдеттегідей байланыспайтынын зерделеген жөн шығар.

Археология бірнеше ғасырлар бойы зерттеу саласы ретінде қарастырылып келді: XVII ғасырда көпшіліктің назарын өзіне аударған Стоунхендж нысанына айрықша қызығушылық туындады. Египеттегі пирамидалар секілді, Стоунхендж де ежелгі мәдениеттің күллі әлемге белгілі символы саналады және оның пайда болуы мен мәні туралы пікірталастар әлі күнге дейін жалғасуда. Мұндай таңғажайып жәдігерлердің ерекше сиқыры болады және мамандар оны зерттеу ісімен бұрыннан бері айналысып келеді. Көптеген ғасырлар бұрын өздерін антикварлар деп санайтын білімді адамдар ежелгі жәдігерлерді зерттеп, оларға түсініктеме беруге тырысқан.³⁷ Археология өткеннің материалдық жәдігерін зерттей отырып, геологиямен, соның ішінде өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтарын зерттейтін палеонтологиямен және мәдениеттер мен қалған жәдігерлерді зерттейтін

антропологиямен тығыз байланысты. Сайып келгенде, көптеген оқу орындарында археология мен антропология бірге оқытылады. Археология жүйелі жазу өнері пайда болғанға дейінгі кезеңдерді зерттеумен ғана айналыспайды. Бұл пәнде ежелгі өркениеттермен қатар қазіргі қоғамдарды зерттеуге де айрықша назар аударады. Алайда кез келген кезеңнің материалдық жәдігері құнды дәлелдер болған жағдайда ғана индустриялық археология маңызды деп есептеуге болады. Тарихты археологиядан бөлетін нақты хронологиялық шекаралар жоқ. Археология белгілі бір ұзақ кезеңдер мен материалдық мәдениетке назар аударады.

Өзге тәжірибелер археология мен тарихтың өзара байланысын түсінуге көмектеседі. Мысалы, көптеген археологтар (бірақ барлығы емес) далалық зерттеулермен айналысады. Қазба жұмыстарын жүргізу, зерттеу, сипаттау, жіктеу және нысандар мен олардың мерзімін белгілеу – маңызды машықтар. Одан алған білім сол жәдігерлердің қай жерде табылғанына және ландшафттың ерекшеліктерін нақты түсінуге байланысты болады. Демек, география мен археологияны іргелес пәндер ретінде қарастырамыз. Екі пәнде де кеңістік тұрғысынан ойлау аса маңызды; археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу кезінде әр алуан, бірақ өзара байланысты тәжірибелік, визуалды және кеңістіктік машықтар бар. Жәдігерлердің кеңістікте таралуы оны әріқарай түсіндіріп, талдауда маңызды рөл атқарады. Табылатын заттардың көпшілігі қалдықтар болғандықтан, мейлі, ол ваза, мүсін, қару-жарақ немесе асыл тас болсын, олардың неден хабар беретініне болжам жасау қажет. Содан кейін өнімді өндіру, пайдалану және көрсету әдістері туралы қосымша тұжырым жасау керек. Мұндай реконструкциялар табылған заттарды егжей-тегжей түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, мысалы, үй шаруашылығын ұйымдастыру, гендерлік рөлдер, әлеуметтік ұйым сияқты мәселелер жайында да тұжырым жасауға болады. Оның барлығын нысанның және оған ұқсас жеке белгілердің әрқайсысын мұқият әрі салыстырмалы түрде талдау жасаған жағдайда ғана жүзеге асыруға болады. Археологтар заттай айғақтардың түсініктеме беруде маңызды екенін жақсы біледі. Осыған байланысты индустриялық немесе заманауи археология ежелгі археологиядан басқаша, өйткені әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында оны растайтын көптеген дәлелдер бар.

Археология мен тарихтың өзара байланысы нумизматикада, көптеген дәуір мен орын туралы хабар беретін дәлелдердің өте маңызды түрі монеталарды зерттеуде анық байқалады. Монеталар металдан жасалғандықтан, олар ұзақ сақталды, ал безендірілген заттар өнер, дизайн және рәміздерден хабар береді. Кейде нумизматика құпия мамандандырылған сала ретінде қабылданады. Адамдар бұл саламен музейлерге қойылған монетаны көргенде немесе оларды тауып алғанда ғана танысады. Алайда бұл өнер тарихы, сондай-ақ археология мен тарих оның ішінде экономикалық тарих үшін өте маңызды.³⁸ Осылайша монеталар мен өзге де археологиялық дәлелдерді зерттеуді біріктіретін тарихтың бөліктері бар, бұл барлық жерде өз жемісін береді.

Бұл тарауда біз гуманитарлық пәндер арасындағы байланыстарды дәлелдер, теориялар, ақыл-ой және жұмыс тәсілдері тұрғысынан зерттедік. Деректер мен оларға назар аудару тәсілдерін атап өтеміз, өйткені дәл осы жерде тарих пен

археологияның өзара тығыз байланысын байқаймыз. Археологияда ол қолдана алатын және тарих пәніне кіріктірілетіндей теориялар жиынтығы жоқ. Бұл пәндер арасындағы жақын байланыс олардың қолда бар кез келген материалды пайдалана отырып, өткенді зерттеуге деген ұмтылысында жатыр. Алайда осы екі саланың негізгі деректері, сондай-ақ олармен байланысты пайымдау жүйесі әртүрлі: археологтар, негізінен, тарихи нысандармен жұмыс істейді, яғни олар үш аспекті бойынша визуалды әрекет жасайды және қалдықтың табылған орны оны түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Тарихшылар көбінесе жазбаша материалдармен жұмыс істейді, басқаша айтқанда, олардың жұмысында сөзге басымдық беріледі және оның барлығы жүйелі сипатта жүзеге асырылады.

«Материалдық мәдениет» журналы (*Journal of Material Culture*) тарих пен өзге пәндер арасындағы байланыс және материалдық мәдениетке баса назар аударудың тарихшыларға беретін пайдасы туралы ойлануға көмек береді. Журналдың интеллектуалдық әлеуетін оның жәдігерлер мен әлеуметтік қатынас арасындағы байланысқа баса көңіл бөлуі арқылы сипаттауға болады. Бұл – пәнаралық байланыс мәселелеріне арналған басылым мен журналдың мақсаты мен қамтитын ауқымы туралы жоғарыда айтып өткен мәлімдемемде антропология, археология, жобалық зерттеулер, тарих, антропогеография, архивтану әрі этнография салалары мен олардың халықаралық және салыстырмалы құзыреті дәлелденеді.


Археологияның кейбір бөлімі, мысалы, жартасқа салынған суреттерді зерттеу ісі өнер тарихымен тығыз байланысты. Алайда «*Материалдық мәдениет*» журналына соңғы уақытта жарияланған мақалалар (басым көпшілігі тарихи мақалалар) археологияның өнер тарихымен де, материалдық нысандарға қатысты тарихи пәннің бөліктерімен де байланысты емес екенін көрсетеді. Археология мен антропология – үстем болып отырған пәндер. Екі сала аясында ынтымақтастық орнатуға керемет мүмкіндіктер бар, алайда бұл теориямен алмасу арқылы емес, үлгілер, тәсілдер мен әдістерді дамытуға көмектесетін нақты тақырыптық зерттеулер, мысалы, шіркеу жиһазы, ішкі интерьер, тоқыма материалдары, қанттан жасалған мүсіндерді зерделеу арқылы жүзеге асыруға болады. Археология мен материалдық мәдениетті зерттеу арасындағы қарым-қатынас, бір жағынан, тарихтың, екінші жағынан, пәнаралық тарихтың жаңа түрлерінің трендін көрсетеді. Археологияның географияның кейбір бөліктерімен тығыз байланысының нәтижесінде ұқсас сипаттамалар пайда болады.

Археология – қуатты метафора. Бұл интеллектуалдық бастаманың негізінде жатқан құбылыстың астарына бойлау идеясын білдіреді. Археологияның танымал болуына Мишель Фуконың «Білім археологиясы» (*The Archaeology of Knowledge*) еңбегі ықпал етуі мүмкін. Осыған байланысты археология тарихқа ұқсас, бірақ академиялық пәндерге тікелей қатысы бар өнер тарихына немесе архивтануға мүлде ұқсамайды. Археология мен география кеңістікті және адамдар мен нысандарды, құмыра, қабір, ғимараттарды, сондай-ақ фермалар мен ауылдардың орналасуын кең контексте талдауға ұмтылады.

География


География XX ғасырдың бас кезіндегі энциклопедияда жер бетіндегі құбылыстардың таралуы туралы нақты және жүйелі білім ретінде анықталған. Бұл оның, бір жағынан, жаратылыстану ғылымдарымен, екінші жағынан, гуманитарлық әрі әлеуметтік ғылымдармен байланысын көрсетеді.³⁹ Тарих сияқты география да зерттеу саласы саналады және оның басқа салаларға да қатысы бар. Географияның негізгі мәселелерінің бірі – физикалық ортаның қоғамды қалыптастыратынын зерделеуі. Бұл үлкен тарихи маңызы бар мәселе. Өзендер арқылы тасымалдау, суару және сумен қамтамасыз ету үшін маңызды әрі шығармашылық тұрғыдан тиімді саналатын шекара ретінде тамаша мысал бола алады.⁴⁰ Бұл жерден еңбек бөлінісін байқаймыз, мұндай бөлініс нәтижесінде география физикалық ортаға, ал тарих оның адамдарға тигізер салдарына назар аударады. Іс жүзінде тарих пен география өзара тығыз байланысты, оны экономикалық және әлеуметтік географияның қазіргі уақыттағы маңызынан байқаймыз. География адамның мінез-құлқын түсіндіретін жан-жақты контекст ұсынады. Маңызды тарихи пән саналатын экологиялық сананың пайда болуынан және экологиялық тарих сияқты онымен байланысты салалардан бастап, физикалық жағдайдың маңызын ғана емес, сонымен бірге адамдар мен қоршаған орта арасындағы диалектикалық байланыстарды білуге деген ұмтылыс артып келеді. Қоғамдастықтардың өз қоршаған ортасында қорғансыз екені белгілі, әсіресе артық капиталдың ел ішіне үлестірілмейтіні немесе оны элиталар өздерінің жеке мақсаттарына пайдаланып кететіні белгілі жайт. Осылайша экономикалық тарих пен география арасында жақын байланыстың ұзақ уақыттан бері орнағанын байқауға болады.⁴¹ Материалдық әлемнің адам өмірін қаншалықты қалыптастыратынын әрі оны топографиялық тұрғыдан емес, ғимараттар, бақтар, қала құрылысы, саябақтар, қорықтар және тағы басқалар арқылы қалай жасайтынын асыра бағалау қиын. Адам қолымен жасалған бұл құбылыстардың барлығы тарихи әрі географиялық сипатқа ие. Бұдан түсінгеніміздей, география пәннің соңғы онжылдықтарда пайда болған тақырыптық аспектілері ретіндегі мәдениетпен және психологиямен де байланысты.⁴² Тарихтың өзге пәндермен байланысын анықтауда бірнеше мәселені, соның ішінде деректердің, теориялардың, тұжырымдамалық құрылымдардың және олар ұсынатын түсіндірме үлгілердің түрлерін ескеру қажет екенін атап өттім. Географтардың карталар, жоспарлар және аэрофотосуреттер сияқты кейбір өзіндік ерекше деректерімен қатар оларды түсіндіруге қажет нақты машықтары да бар. Кейбір тарихшылар бұл деректерді пайдаланады, бірақ географтар сияқты жиі қолданбайды. Алайда концепцияларға қатысты алғанда география да тарих сияқты эклектикалық сипатта, оның теориялары климатология, экономика және өзге әлеуметтік ғылымдар сияқты басқа салаларда да қолданылады.

Зерттеушілер қазіргі таңда тарихи географияға айрықша назар аударуда. Егер «Тарихи география» журналына (*Journal of Historical Geography*) жарияланған мақалалардан мысал келтірсек, тарихи география саяхат туралы жазбалар,



3.3-сурет. Дүниежүзі картасы (дәстүрлі проекция пайдаланылған)

Бұл кітап оқырмандарының көпшілігіне таныс әлемнің бейнесі. Карталарда шартты белгілер пайдаланылатынын білеміз, бірақ картамен танысқаннан кейін, ондағы суреттердің сырғына одан сайын қаныға түсеміз.



3.4-сурет. Дүниежүзі картасы (Пинтерстің проекциясы пайдаланылған)
Әлем картасының бұл көрінісі біздің жер құрлықтары туралы үйреншікті түсініктерімізге қайшы келеді. Ол нақтырақ бейнелер ұсынатын жаңа жобалау жүйесіне негізделген. Картада құрлықтар едеттегідей орналасқанымен, Америка сол жағында берілген.

ескерткіштер, көше атаулары, аурудың түрлері, ауылшаруашылығындағы өзгеріс, миграция, бау-бақша және аралдар сияқты объектілерді қамтып, өзінің зерттеу желісін кеңейте түскен. Бұл тақырыптардың ешқайсысы географияға қатысты емес, дегенмен мұнда кеңістікті талдауға ерекше назар аударуды қажет ететіні анық. Мысалы, саяхаттар мен аралдар нәтижесінде әдеби зерттеуге қызығушылықтың туындайтынын аңғаруға болады, ал бұл тарихты бір-бірімен өзара сабақтас пәндер тобының бір элементі ретінде қарастыру пайдалы деген идеяны бекіте түседі.⁴³ Қазіргі уақытта географтар ортасында осы пәннің тарихына, білім беру үлгілеріне, оның өзге интеллектуалдық салаларға жақын екеніне, ізашарларды түсіну тәсілдеріне, сондай-ақ географиялық білімнің қалай құрылғанына назар аудару таңғалдырады. Басқаша айтқанда, тарих пен география арасындағы байланыстар анық байқалады және оларды әлеуметтік ғылымдар тұрғысынан жақсы сипатталатын топтарға бөлу оңай емес.

Өткел

Келесі тарауда тарих пен әлеуметтік ғылымдар деп саналатын әлеуметтану, антропология және психология салалары арасындағы байланыстарға тоқталамыз. Бұл пәндер сонымен қатар олардың жаратылыстану ғылымдарымен байланысын анықтайтын әдістерді пайдаланады. Білім түрлері арасындағы осы күрделі қатынастарды қадағалап, ол жайында ойланған кезде, бұл олардың тарихын еске түсіруге көмектеседі. Тарих пәні өткен академиялық салалар туралы түсінікпен байытылған. «Әлеуметтік ғылым» ұғымы «гуманитарлық ғылым» ұғымына қарағанда бергі кезеңде пайда болған, ал оның үкімет және әлеуметтік саясатпен тығыз байланысы да маңызды саналады.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Тарих және әлеуметтік ғылымдар

Тарих пәнін әлеуметтік ғылым деп санауға болады. Әлеуметтік ғылым идеясының ғылым ұғымымен және жаратылыстану ғылымдарының қазіргі заманғы беделімен байланысты өзіндік тарихы бар. Бұл тарауда тарих пен әлеуметтану, антропология мен психология ғылымдары арасындағы қатынасты әлеуметтік ғылым саналатын тарихтың төңірегінде туындаған ауқымды мәселелердің мысалы ретінде қарастырамыз. Әлеуметтік ғылымдардың маңызды бір ерекшелігі – кең мағынада саясатпен, саяси шешімдер қабылдау процесі және қоғам өмірімен тікелей байланысында.

Білім мен өзгеріс

Білімнің әр аспектісінің – мазмұны, жасалу тәсілдері, әдістері, ұсынылуы және таратылуының тарихи сипаты бар. Тарихи білімнің де сипаты дәл осындай болады. Бұл кітап тарихтың өзіндік тарихын насихаттайды, сондай-ақ пәндегі қолданылған және қолданылатын, өзгеріп отыратын контекстерді есімізге салады әрі білімнің басқа түрлерімен салыстыруды қолдайды. Білім алуан түрлі құбылысты қамтиды, оның нақты мағынасының төңірегіндегі дау-дамай әлі күнге дейін жалғасуда. Ғылым, медицина және технология сияқты беделді білім түрлері үнемі өзгеріп отыратыны белгілі. Аталмыш салалардың тарихын зерттеушілер дәлелдендей, кезінде сенімді саналған ой-пікірлер сынға ұшырап, жарамсыз деп саналуы мүмкін. Тарихтың әлеуметтік ғылымдармен байланысы туралы зерделесек, ғылым тарихының танымдық материал ұсынатынын байқаймыз. Бұл, бір жағынан,

қоғамды зерттейтін мамандардың табиғи әлем туралы білімді үлгі ретінде қарастыруымен байланысты. Сол себепті әлеуметтік ғылымдардағы «ғылым» ұғымы ерекше мағына береді. Бұл табиғат әлемінен кем түспейтін әлеуметтік құбылыстар туралы сапалы білім алуға деген ұмтылысты көрсетеді. Тарих әлеуметтік ғылым ретінде бұл трендтерге қатысады. Ғылым тарихы білімнің қалай өзгеретінін көрсететін күрделі тәсілдерді қалыптастырды, бұл тарихшылардың ерекше қызығушылығын тудыратын мәселе.¹ Білім түрлері арасындағы қатынастардың өзгеруі секілді пәнді қалыптастыратын процестер де контексте қарастырылуы қажет. Болашақ тарихшыларға алдағы он жылдықтарда ХХІ ғасырдың басында экономика, тарих және саясат секілді пәндерді біріктірген теңсіздік туралы қызу пікірталастар ықпал етуі ықтимал. Олар жаһандану сияқты ұғымдардың академиялық салалардың арасында ауысуын және жалпы дискурста қалай пайдаланылатынын байқауы мүмкін. Сонымен бірге олар тарих пен әлеуметтік ғылымдар арасындағы байланыс және олардың мәні мен жеделдігі туралы ойланатыны сөзсіз.

Академиялық пәндердің үнемі өзгеріп отыратыны белгілі, бұған мысалы, жаңа журналдар мен анықтамалық басылымдардың құрастырылуы, кафедралар мен факультеттер атауының өзгертілуі дәлел болады. Дегенмен бұрын болып өткен өзгерістердің тағы қандай өзгеріске ұшырап жатқаны анық байқалмайды, ал бұл тарихи тәжірибенің табиғатын түсіну үшін өте маңызды. Жаңа салалар анықталып, бекітілген сәттер, сондай-ақ мұндай өзгерістердің негізін құрайтын императивтер де ерекше маңызды.

Үшінші тарауда келтірілген мысал пәндерге өзгеріс енгізуге итермелеген жағдайлар мен күштер туралы ойлануымызға мүмкіндік береді. Өнер тарихы, негізінен, ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы неміс зерттеулеріне байланысты. Бұл әлемнің басқа бөліктеріне, әсіресе, 1930 жылдары еврей зиялылары қудаланған кезде кеңінен таралды. Өнерді талдауға деген қызығушылық ежелгі дәуірден бастау алады, дегенмен пәндердің таралуына қарағанда салыстырмалы түрде өнер тарихы – жаңа сала. Бұл, мысалы, Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттарында орныға бастаған кезде, тарих әлдеқайда танымал салаға айналып, оның саяси және әлеуметтік құндылығы туралы терең түсінік әлдеқашан қалыптасқан еді. Кейбір тарихшылар өнер саясаттан маңызды емес деп санайды. Өнер тарихы, философия мен әдебиетті біріктіретін мәселелердің бірі – адам ақыл-ойының өнімі ретінде ойлау мен мәдениетке деген қызығушылық білдіруі. Соның нәтижесінде интеллектуалдық тарих, әдебиет тарихы және өнер тарихының арасында өзара тоғысу айтарлықтай басым болып отыр. Шын мәнінде, өнер мен визуалды мәдениет әлеуметтік ғылымдардың да назарынан тыс қалмайды. Қазіргі уақытта әлеуметтік ғылым саласындағы ғалымдар оларды, мысалы, медиа зерттеулер аясында зерделейді және әлеуметтік зерттеулерде фотография мен фильм түсіру сияқты тәсілдерді қолданады.² Сондай-ақ цифрлық мәдениеттің дамуы да әлеуметтік-ғылыми жұмыстардың жүзеге асуына себеп болды. Осылайша пәндер аясындағы өзгерістерді тарих пәнінің қалай өзгеретінін терең ұғынуға мүмкіндік беретін тарихи құбылыс ретінде қарастыруға болады.

Әлеуметтік ғылымдардың тарихы негізінен ХVІІІ ғасырдан бастау алады. Аталмыш ғылым түрлерінің қалыптасуына сол кезеңдегі, бүгінгі күні біз

«Ағарту» және «индустриялық революция» деп атап жүрген өзгерістер ықпал етті. Гуманитарлық ғылымдар сияқты әлеуметтік зерттеулердің де соңғы уақыттарда дамуына антисемитизмнен зардап шеккен танымал еврей зиялылары әсер еткені белгілі. Әлеуметтанушылардың көп уақыттан бері қоғамдарда, әсіресе, «заманауи» қоғамдарда сараланатын күрделі мәселелерді түсінудің қоғамдық құндылығына қызығушылық танытатынын, сондай-ақ жаратылыстану ғылымдарымен байланысты білім түрлерінен кем түспейтін ықпалды білім түрлерін қалыптастыруға деген талпынысын байқадық. «Модерн» және онымен байланысты «қазіргі заман» және «модернизация» сияқты терминдер гуманитарлық ғылымдарда да, әлеуметтік ғылымдарда да қызу пікірталастар туғызып отыр.

Әлеуметтік құбылыстарды түсіну тәсілдері туралы ертеде басталған пікірталастардың мұрасы әлі де сақталуда: экономиканың (тұтас болмаса да, кейбір түрлерінің) беделі мен ықпалы және экономикалық теорияларға қатысты сыни көзқарас туралы еске түсірсеңіз де болады. Осылайша әлеуметтік ғылымдардағы қазіргі өзгерістерді контекстік және оларға негізделген неғұрлым кең талаптар тұрғысынан да түсінген жөн.³ Мысалы, әлеуметтік өзгерістерге жауап беретін мемлекеттік саясаттағы өзгерістер мүмкіндігінше сенімді білімге негізделуі керек.

Тарих және әлеуметтік ғылымдар

Бұл тарауда әлеуметтік ғылымдар тарихи қызметпен өзара байланысады және оның ажырамас бөлігі болып саналуы, сондай-ақ бұл қатынастардың сипаты мен сапасы алуантүрлілігі зерделенді. Бұл ішінара әлеуметтік ғылымдардың салыстырмалы түрде, қысқа тарихымен түсіндіріледі, ол әдетте Ағарту дәуірінен басталады, ғылыми білім алғаш рет кең таралған кезде және оның адамдар мен бүкіл қоғамдарға таралуы тартымды, шынайы әрі айтарлықтай қиындық тудырмайтын процесс сияқты көрінді. Табиғи әлемді түсіндірудің мықты тәсілдері бар, олай болса, оны адамдарға қатысты неге пайдаланбасқа? Егер олар адамға қатысты болса, оларды ұйымдар, топтар мен қоғамдарға қатысты не үшін қолданбаймыз? Осылайша XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бас кезінде кеңінен таралған адам туралы ғылыми ұғым біз қазір әртүрлі деп санайтын, әдетте гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарға бөлінетін пәндер арасындағы тығыз байланысты білдірді. Адам туралы ғылымды жақтаушылардың қатарында философ әрі тарихшы Дэвид Юм де болды. Сонымен бірге антропологияның бұрынғы түрлері ретінде түсінуге болатын ежелгі, экзотикалық мәдениеттер туралы ақпарат таралды. Көптеген жазушылар психикалық өмірдің табиғаты туралы теорияларды жасау үшін медицина, саяхат туралы кітаптар, өмірбаяндар мен өзіндік талдау нәтижесінде алынған сан алуан дәлелдерді пайдалана отырып, адам ақыл-ойының қалай жұмыс істейтініне қызығушылық білдірді.⁴

Сонымен қатар тарих пен әлеуметтік ғылымдар арасындағы қарым-қатынастар әлеуметтік ғылымдардың тікелей қолдануға болатын саяси процестерге талдау жасауы, басқару ісі мен бизнеске қатысты зерттеулер, даму жөніндегі жобалар,

білім беру, медицина және құқық сияқты салалармен тығыз байланыс арқылы қалыптасады. Мұны денсаулық және сырқат туралы әлеуметтанудан, сыни құқық зерттеулерінен көруге болады. Институттар, академиялар мен қаржыландырушы ұйымдарды құру тәсілдері болашақта пәндердің сипатын, оларды қабылдау және өзара әрекеттесу тәсілдерін қалыптастырады. Тарихтың әлеуметтік ғылымдардың бірі ретінде қоғам өмірінде маңызды рөл атқаруына кедергі болатын себептер жоқ, бірақ осындай мәлімдемелерде тарихтың бағасы өзге салалармен салыстырғанда төмендеу болып отыр. Мұнда қазіргі дилеммаға алып келген жағдайларды мұқият талдаудың маңызына мән бергеннен гөрі, тарих сабақтарының қаншалық маңызды екені туралы ойлар көбірек айтылады.

Тарихтың әлеуметтік ғылымдардан айырмашылығын көрсететін тәсілдердің бірі – ол «қоғам» және «әлеуметтік» мәселелерді кең түрде қамтиды. Бұл жағдайлар нені жоққа шығаруы мүмкін? Тарих пәнінде «әлеуметтік» және «қоғам» ұғымдары көбінесе әлеуметтік-ғылыми ойлаумен тікелей байланыстырылмай, тым шашыраңқы мағынада қолданылады. Әлеуметтік теориялар мен зерттеу әдістері кең мағынада алғандағы гуманитарлық ғылымдардың маңызды салаларын қамтиды. Бұған «мен» және бірегейлік туралы түсініктер жақсы мысал бола алады.⁵ Әлеуметтік ғылымдар интеллектуалдық ұмтылыстың өзіндік түрлеріне ие және әуелден-ақ өздерінің адам мәселелерін шешуге тікелей қатысы барын мәлімдеген болатын. Олар абстрактілі терминдердің сөздіктерін әзірлей отырып, адам өмірінің негізгі ерекшеліктері туралы теориялық ой түйіндерін жасайды, бірқатар салаларға стратегиялық шешім қабылдауға ықпал етуге, өзге мемлекеттерге көмек және санитарлық насихат сияқты әлеуметтік қызмет түрлерін бағалауға тырысады. Күрделі құбылыстарды теориялық тұрғыдан сипаттау – әлеуметтік-ғылыми ұмтылыстың негізгі түрлерінің бірі. Бұл сипатты Майкл Маннның «Әлеуметтік билік деректері» (*Sources of Social Power*) атты кітабынан байқаймыз. Тарих саласын зерттеген белгілі әлеуметтанушы М.Манн адамзат қоғамындағы билік қатынастарының дамуын түсіндіретін үлгі жасады. Осы идеяларды түсіндіру – болуға тиісті тарихи әрекет, автордың төрт томдық еңбегі бастапқы кезеңнен бастап, 2011 жылға дейінгі уақытты қамтиды.

Әлеуметтік теория – қоғамның қалай жұмыс істейтінін түсіндіру үшін белгілі бір уақыт аралығында қалыптасқан ойлар жиынтығы. Тарихшылар үшін бұл бай ресурс және олардың кейбірі оны өз жұмысында кеңінен пайдаланады. Ол мұқият әзірленген құрылымдар, ұзақ уақыт бойы жетілдірілген әрі талқыланған түсіндірме сөздікті де қамтамасыз ете алады. Алайда тарихшылар теоретиктердің басқа салаларда қолдануы үшін эмпирикалық материалдарды ұсынады деген идеяға күмәнмен қараған жөн. Теориялық жұмыс үшін тарихи мәліметтерді кешенді түрде пайдаланудың маңызы зор, сондай-ақ тарихшылар талдап-түсіндірудің бірқатар стратегияларын білуге тиісті. Өзара үйлестірілмей жасалған сипаттамалардың көпшілікті қанағаттандыруы екіталай.

Әлеуметтанушылар өзгелер сүйенетін теорияларды жасап қана қойған жоқ, сонымен қатар XVIII ғасырдан бері классикалық деген мәртебеге ие болған санаулы еңбектер де бар. Түсінік берушілер арасында бұл еңбектердің қайсысы әлеуметтік-ғылыми канонға жататыны жайында бірауызды пікір жоқ, дегенмен оның ең

басты элементтері – 1818–1864 жылдар аралығында жазылған Маркс, Дюркгейм және Вербердің еңбектері.⁶ Сондай-ақ әлеуметтанушылардың айтуынша, іргелі мәні бар кейбір ұғымдарды, мысалы, тап, идеология және қазіргі заман түсініктерін атап көрсетуге болады. Тарихта мұндай канон жоқ және тарихи теория бар ма деген сұрақ даулы мәселе болып отыр.

Әлеуметтік ғылымдар әлеуметтік жайсыздықтарды реттей алады деген идея қазіргі уақытта жоғары технологиялық сала саналатын және алдыңғы қатарлы сандық машықтарды қажет ететін экономикада анағұрлым анық та қайшылықты пікір туғызуда. Әлеуметтік жұмыстар, менеджмент, бизнес саласындағы зерттеулер мен қолданбалы психология сияқты әлдеқайда түсінікті салаларға қарап, әлеуметтік ғылымдардың күнделікті өмірге қатыстылығын байқауға болады, ал тарихты дәл солай күнделікті өмірге қатысты деп айту қиын.

Дегенмен тарих пен әлеуметтік ғылымдар өзара тығыз байланысты. Бұл екеуіне де ортақ зерттеу пәні бар екені анық: адамдар мен топтардың жұмыс істеу тәсілдері өзгерді және оларды түсіндіру қажет болуы мүмкін. Соның нәтижесінде әлеуметтанушылардың тарихқа сүйенуінен гөрі, тарихшылар әлеуметтанушылардың тұжырымдамалары мен құрылымдарына көбірек сүйенсе де, үлгілер, теориялар мен пікірталастар ортақ болуы мүмкін. Алайда олардың арасында, мысалы, әдістерге қатысты айырмашылықтар бар екенін мойындау қажет. Әдетте біз гуманитарлық ғылымдарда нақты анықталған әдістер туралы ойлана бермейміз, оның орнына оқуға, сол оқығанымыз туралы ойлануға және дәлелдерді біртұтас жүйеге біріктіруге назар аударамыз. Оларды әдеттегі машық ретінде қарастырылады да, әдістер болып саналмайды, ал күнделікті өмірмен аса байланысты емес сандық әдістер, этнография және контент-талдау әдістер ретінде қабылданады. Бұл айырмашылық әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдары арасындағы ұқсастықты көрсетеді, бірақ тарих пен әлеуметтік ғылымдар арасындағы ортақ тақырыптар, тұжырымдамалар мен кең тәсілдерге негізделген ұқсастыққа нұқсан келтірмейді. Сонымен қатар әлеуметтік ғылымдар әдістемелері тарихи тәжірибе туралы ойлауға жетелейді, өйткені оларды анықтауға және егжей-тегжейлі сипаттауға болады.⁷

Әлеуметтік ғылымдар тарихы – тарихшыларға олардың әдістері мен ойлау тәсілдерінің қайдан келгені туралы түсінік беретін маңызды тарихи сала.⁸ Ал тарих әлеуметтік теоретиктерді тарихи дәлелдерді терең зерттеуге ынталандырып қана қоймай, әлеуметтанушыларға өздерінің өткеннен қалған мұрасын түсінуге мүмкіндік береді.

Терминдер мен шарттар

Әлеуметтік ғылымдар көп нәрсені қамтиды, ол гуманитарлық ғылымдар сияқты жалпылама термин. Біз оның «әлеуметтік» және «ғылыми» деп аталатын екі элементін, олардың өзгертін мағыналары мен астарлы мәнін мұқият зерделеу қажет екенін атап өттік. Зерделенуді қажет ететін терминнің бірі – гуманитарлық ғылым. Тілдердің пәндердің атауы және соған орай пайда болатын

қоғамдастықтарды атау тәсілдері бойынша өзара айырмашылықтары жеткілікті. Францияда гуманитарлық ғылымдар айрықша танымал, олар кей жағдайда денсаулық сақтау және қоғам секілді түсініктермен байланыстырылады.⁹ Кейбір контексте құқықтануды адам туралы ғылымның нұсқасы ретінде қарастырып, гуманитарлық ғылымдар тобына жатқызуға болады. «Гуманитарлық ғылымдар тарихы» (*History of the Human Sciences, 1988*) – танымдық журнал. Ол дәстүрлі гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарға қатысты зерттеулерді де қамтиды. Сондықтан журналда... «әлеуметтану, психология, саясаттану, тарих, философия, антропология салалары, сондай-ақ ежелгі дәуір туралы зерттеулер және әдебиет теориясы бойынша материалдар жарияланады».¹⁰ Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар арасында өзара тоғысу бар екені анық және ол салалар арасында нақты шектеулер қою мүмкін еместігінен, сондай-ақ ортақ түсініктер мен тәсілдерді, теорияларды пайдалану себебінен туындайды.

Қарастыруды қажет ететін тағы бір термин – әлеуметтік ғылымдар тарихы. Осы атаумен аталатын журналды 1976 жылы Америка Құрама Штаттарында жұмыс істейтін Әлеуметтік ғылымдар тарихы қауымдастығы ашқан. Аталмыш ұйымның веб-сайтында әртүрлі пәннің өкілдері «оқиғаларды түсіну, әлеуметтік процестерді түсіндіру және озық теорияны өзірлеу барысында бір тарихи тәсілді пайдаланамыз» деп мәлімдеген. Пәнаралық байланыстардың кеңдігі және теориялық мәселелерді зерттеуге деген ұмтылыстар таңғаларлық.¹¹ Дебора Оксли қазіргі таңда Оксфорд университеті әлеуметтік ғылымдар тарихы кафедрасының меңгерушісі, ол диета, денсаулық сақтау, гендер, қылмыскерді тасымалдау және өмір сүру деңгейі туралы жазатын тарихшы-экономист. Шынында да, оның жұмысы бірқатар әлеуметтік ғылымдармен, соның ішінде экономика, құқық және демографиямен байланысты.¹² «Әлеуметтік ғылымдар тарихы» тіркесі барлық жерде пайдаланылмаса да, оған қатысты құбылыстар көпшілікке мәлім. Бұл құбылыстар, мәселен, әлеуметтік және экономикалық тарих, демография туралы сөз қозғағанда белгілі болады. Аталмыш салалардың кейбірі арнайы мамандарды жұмылдырады, сондай-ақ мұнда әлеуметтік ғылымдар аясында құрастырылған құрылымдарды пайдаланады. «Әлеуметтік» сөзі көп нәрсені қамтитын ұғым болғандықтан, тарихты қоғам мен әлеуметтік құбылыстарға жүйелі түрде сәйкес келетін салалармен байланыссыз зерттеуді көзге елестетудің өзі қиын. Бұл тақырыптарға ешқандай жеке пән иелік етпейді, дегенмен әлеуметтану адамның өзара әрекеттесу заңдылықтарын және біз «қоғам» деп атайтын жиынтықты зерттейтін салалар арасында маңызды орынға ие бола алады.¹³

Тарих және әлеуметтану

Әлеуметтану – 1945 жылдан кейін тарихты зерттеуге ерекше ықпал еткен алғашқы пән.¹⁴ Әлбетте, тарихқа қарағанда, ауқымы кең әлеуметтану саласын сипаттау күрделі мәселе. Кеннет Алланның пікірінше, әлеуметтану – әлеуметтік сипаты бар барлық құбылысқа қызығушылық танытатын жалғыз пән... әлеуметтану

маманы қоғам өмірінің әр аспектісіне назар аударады. Сондықтан біздің пән жалпы қоғамның күрделілігін көрсетуі керек». ¹⁵ Тарихшылар Алланның әлеуметтанудың ерекше мәртебесі туралы пікіріне қарсы шығуы мүмкін. Дегенмен XIX ғасырдың ортасына қарай қоғамды әртүрлі құбылыстардың жиынтығы ретінде қарастырған көптеген еңбектің жарыққа шыққаны белгілі. Адамдардың ұйымдасқан тобын зерттеу мен талдаудың ерекше түрін жүргізу – XVIII ғасырда мойындалған болатын. XIX ғасырдың аяғында әлеуметтану пән ретінде, ең алдымен, Карл Маркс, Герберт Спенсер, Эмиль Дюркгейм және Макс Вебер сияқты ұлы тұлғалардың есімдерімен байланысты танылатын бірқатар теориялық көзқарастарды қамтыды. ¹⁶ Дегенмен де соңғы жылдары бұл канон жыныс, нәсіл және тапқа қатысты алаңдаушылықты ескере отырып, айтарлықтай кеңейді, бірақ көрнекті ойшылдардың мұрасы әлі күнге дейін тарих пәнінде ерекше маңызға ие болып отыр. Ойшылдардың көпшілігі тарихқа айрықша қызығушылық білдірген. Осылайша бұл теориялық көзқарастар XX ғасырдағы дамытылған түрінде тарихшыларға қолжетімді болды және олардың кейбіреулері оны өз жұмысында кеңінен пайдаланды. Әлеуметтік теория XX ғасырда көптеген жаңа бағыттар бойынша дамыды; 1960 жылдары тарихшылар оған нақты бет бұра бастады. ¹⁷

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, әсіресе Америка Құрама Штаттарында модернизация теориясына, яғни еңбек бөлінісі айтарлықтай аз жүргізілетін аграрлық бағыттан күрделі, заманауи индустриялық ұлттық мемлекетке ауысқан қоғамдар туралы жалпы сипаттамаларға ерекше қызығушылық туындады. ¹⁸ Аталмыш теория оның қалыптасуына септігі тиген контекспен тығыз байланысты, нақты айтқанда, дамымаған елдерді өздеріне ұқсас мемлекетке айналдыру үшін қаражат бөлген «Бірінші әлеммен» байланысты. Осылайша модернизация теориясы экономикалық, әлеуметтік және саяси мәселелерді қамтиды. Оның қазіргі Батысты барлық тарихи өзгерістердің мақсаты деп санайтын көзқарасы сынға ұшырағанымен, модернизация теориясының аспектілері тарихи тәжірибеде қолданылатын «дамымаған», «дамұшы» және жалпы алғанда «даму» сияқты түсінікті терминдерді кеңінен пайдалануымен тығыз байланысты. Терроризмге тағылық тұрғыдан қарауға қатысты пікірталастар, дәстүрлі және заманауи сипаттың кереғарлығы, сондай-ақ «секуляризация», «глобализация» сияқты «изация» жұрнағы жалғанған сөздерді кеңінен қолдану осы ойлау жүйесіне сәйкес келеді.

Әлеуметтік өзгеріс үлгілері Герберт Спенсер жасаған сияқты, көп жағдайда биологиялық түсініктемелерге және эволюциялық теорияларға сүйенді. Әдетте олар экономикалық қатынастарды қоғамның маңызды аспектісі деп санайды. XVIII ғасырдан бастап идеялар әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдары арасында жиі ауысып отырды. Оның айқын мысалы – тапшы ресурстар үшін бәсеке және жылдам бейімделгендердің аман қалуы. Басты қажеттіліктерді қанағаттандыратын материалдық жағдай – биологиялық және экономикалық өмір сүрудің негізі саналады. ¹⁹ Экономикалық детерминизмнің тартымдылығы өте маңызды рөл атқарады. Тарихшылар үшін парадигма саналатын экономикалық детерминизммен жиі байланыстырылатын марксизмнің құлдырауына қатысты көптеген ескертулер жасалды. Марксистік идеяларды пайдаланатындар үшін өндірістік қатынастар қоғамның басқа белгілерін анықтайды деген тұжырым ерекше маңызға

ие, тіпті бұл пікір толығырақ түсіндіруді талап етсе де, маңызды болып қала береді. ХХІ ғасырда марксизмді санаулы тарихшылар ғана ұстануы мүмкін, бірақ өздерін бұл ілімді қолдайтындардың қатарына жатқызбайтын көптеген практик мамандар экономикалық детерминистер болып саналады.

1960 жылдары «тап» ұғымы әлеуметтануға деген қызығушылықты арттыра түсті. «Тап» туралы сөз қозғағанда, саяси тұрғыдан қордаланған мәселелердің толық жиынтығын айтамыз.²⁰ Ғалымдардың таптың анықтамасына қатысты бір пікірге келуі қиын; оған әлеуметтік мәртебе, табыс және мәдени факторларды, соның ішінде таптар мен жеке таптық бірегейлікті түсінуді қамтитын әлеуметтік айырмашылық түрі кіреді. 1960 жылдары еңбек қатынастары халық наразылығы мәселесімен қатар әлеуметтануға негізделген тарихтың басты тақырыбына айналды, сондай-ақ осы зерттеулер қатарына таптық бөлініс емес, бірақ соған ұқсайтын нәсіл және жыныс бойынша анықталатын әлеуметтік айырмашылық түрлерін зерттеу де енгізілді. Сол уақытта гендер термині кең қолданыста болмаған еді, тарихшылар оны тек 1980 жылдары пайдалана бастады. Францияда бұл терминді Англия мен Америка тарапынан мәжбүрлі түрде таңылған деп түсініп, оған қарсылық білдірді. Алайда осы кезеңде әйелдер тарихына қызығушылық арта түсті, бұған әйел еңбегіне ерлермен тең дәрежеде назар аудару үшін әйелдердің жұмыс күші ретіндегі маңызын көрсетуге деген талпыныс ішінара себеп болды. Феминист тарихшылар әйелдер мен ерлер арасындағы күрделі қатынасқа таптық күрестің бір түрі ретінде қарауға бола ма деген мәселені зерделеді және гендерлік тарихты түсіндіру үшін таптық теориялардың қаншалықты сәйкес келетінін бағалады. Бұл мәселелер әлеуметтанушылар жасаған теориялар мен тәсілдерден туындайтындықтан, олар әлеуметтанулық мәселе болып саналады. Огюст Конттың 1830 жылдары жариялаған еңбектерімен байланыстырылатын әлеуметтану термині ешқашан біртекті сипатта болған емес. Онда мемлекет, отбасы, туыстық қатынас сипаты, сонымен қатар, қоғамның біртұтастығы және әлеуметтік жіктеліс, әлеуметтік өзгерістерді түсіндіру әрі пайдалану, тарихшылар сүйенетін әлеуметтік құрылым мен бірегейліктің әлеуметтік негіздерін талдау туралы күрделі пікірталастар болды. Бұл пікірталастар жалпы әрі нақты талдау деңгейлерін қамтыды және көбінесе салыстырмалы әрі тарихи сипатта болды, осылайша жалпы таптық, әлеуметтік теңсіздікті зерттейтін тарихшылар үшін пайдалы қорға айналды. Дәл сол уақытта Юджин Дженовезе құлдықтың өте бір қайшылықты марксистік тұрғыдағы сипаттамасын жариялады.²¹ Осылайша қоғамға марксистік көзқарас Маркстің өзі қолданғандай бірқатар тарихи жағдайларға пайдаланылуы мүмкін идеялар, теориялар мен тұжырымдамаларды қамтыды.²² Тарихшылар өндіріс тәсілдері мен олардың салдарын, таптық езгіні, революцияны, идеология мен империализмді талдаумен айналысты.

Марксизмнің мысалы тарихшылардың алдына тұжырымдалған теорияны қолданған сайын шыға беретін күрделі міндеттерді қояды. Әлеуметтануда мұндай теорияны бірқатар жағдайларға қатысты қолдануға болар еді, бірақ әлеуметтанушының тарихшылар сияқты әуелі тақырыптық зерттеуден бастап, содан кейін оған теорияны қолдануы сирек жағдай. Біз зерттеуді қанша күрделі болса да, нақты

мысалдардан бастаймыз, одан кейін материалымызды түсінуге көмектесетін құрылымдарды іздейміз. Мүқият әзірленген теория толығымен қабылданған кезде, ол өткен жағдайға толық мән бермейді және көбінесе әртүрлі деректермен үйлеспейді деген қауіп бар. Нәтижесінде тарихты механистік тұрғыдан зерделеу тәсілі туындауы мүмкін, онда талдаудың екі деңгейі – теория мен тақырыптық зерттеу толық үйлестірілмеген. Бұл сәйкессіздік теория мен тақырыптық зерттеуде екі түрлі терминнің қолданылуынан туындауы мүмкін: мәселен, теорияда тап терминін қолданса, ал тақырыптық зерттеуде каста сияқты әлеуметтік айырмашылыққа қатысты өзге терминдерді пайдаланған қоғамға қатысты. Егер әлеуметтанушының тұрғысынан қарасақ, мұнда басқа да мәселелер бар. Олар теориялардың қатаң түрде қолданылуына баса назар аударады және эклектизмді ұқыпсыз әрі интеллектуалдық тұрғыдан жарамсыз деп санайды. Әлеуметтік теорияны тарихи зерттеуге қолдану тым қатаң шектеулерге әкеледі деген идея тарихшылардың әлеуметтанудан ғана емес, сонымен қатар бірқатар ашық теориялық бағыттардан, соның ішінде негізделген теориялардан да бас тартуына себеп болған сияқты.²³ Көптеген тарихшылар мұны осы тіркестің көмегімен сипаттамаса да немесе оны әлеуметтік ғылым саласындағы ғалымдар секілді әдіснама ретінде құрастырмаса дәл осындай бағытты ұстанады. Ғалымдар дәйектелген теорияны негіздеу кезінде дәлелдемелер мен түсініктемелердің бір-бірін толықтыруына мүмкіндік бере отырып, материалдармен өзара әрекеттесу арқылы тиісті концепциялар мен негіздемелерді жасауға тырысады. Демек, дәйектелген теория бұрыннан пайдаланылып жүрген теорияға қарағанда, әлдеқайда тиімді әрі икемді.

Майкл Маннның тарихи әлеуметтануын осы контексте зерделеген жөн. Ол билік моделін құрастырады және оның барлық тарихи кезеңдерге қолдануға болатынын көрсетуге тырысады. Сонымен қатар ол әлеуметтік билік көздерінің төрт түрін – идеологиялық, экономикалық, әскери және саяси көздерін анықтады. М.Манн өзі «озық үлгідегі билік» деп атайтын ұғымға баса көңіл аударады, осылайша, ол өз еңбегінде қамтитын мемлекеттер мен аймақтарды таңдап алады. Оның атқарған жұмысы туралы сипаттамасы көп нәрсені аңғартады: «Негізгі идеяны дамытып, одан кейін оны тарихи дәлелдер арқылы нақтылап, теорияға қайта оралып, артынша деректерді қайта қарастырып, теория мен деректердің арасындағы байланысты зерделедім... Бұл тарихқа нақты әлеуметтік көзқарас қалыптастырды...» деп мәлімдейді.²⁴ М.Манн тарихи материалдарды егжей-тегжейлі зерттеуге тырысқанына еш күмән жоқ, тіпті егер біз оларды деректер ретінде ұсынсақ та, оның жобасының ауқымы мен батылдығы тарихшыларды ынталандырып, олар үшін өзекті болып қала береді. Оның билікке назар аударуы құптарлық жағдай, өйткені тарихшылар оның күрделі жағын түсіндіруге тырысады, сондай-ақ оның әлеуметтанулық көзқарасы жалпылама деңгейде бағдарланған, әйтпесе ол өте күрделі болып көрінер еді.²⁵ М.Маннның еңбектерінен теория мен тарихи дәлелдер арасындағы неғұрлым тиімді байланысты іздейтін жетекші әлеуметтанушының қолтаңбасын байқаймыз.

Мәдениет пен тап

Теорияның механикалық тұрғыдан қолданылуына қанағаттанбау алдағы уақытта қарастырылатын антропология мен тарих арасындағы ерекше байланысты түсінуге жетелейді. Бұл екі сала арасындағы байланысты түсіну үшін тап тақырыбына қайта ораламыз және оны экономикалық тұрғыдан пайымдағаннан гөрі, мәдени жағынан зерделей бастаған тарихшылар арасында бұл түсінікке қатысты көзқарастың өзгергенін байқаймыз. Антропологияда тарихшыларды ерекше қызықтыратын тақырыптың бірі – бұл саланың мәдениетке ерекше назар аударуы.²⁶

Марксистік дәстүрде таптық қатынастар өндіріс тәсілдерінен және сол тәсілдер арқылы пайда болатын әлеуметтік байланыстардан туындайды. Маркс бұл қатынастарды өте күрделі терминдер арқылы қарастырса да, жалпы XX ғасыр бойына «тап» сөзінің экономикалық құрылымдардан туындайтын ұғым ретінде түсіндіріліп келгенін айта кеткен жөн. Марксистік тарихтың және оны айрықша леппен бейнелеген еңбек тарихы сияқты қосалқы салаларының қарама-қайшы сипатына байланысты экономикалық теңсіздік пен таптық езгінің табиғаты тарихшылар түсіндіруге тиісті негізгі құбылыстар ретінде қарастырылды. К.Маркс пен оның ізбасарлары Дьердь Лукач және Реймонд Уильямс сияқты әдебиет сыншылары таптық сананың сипатына қызығушылық білдірді, бірақ Маркстің тарихи түсіндірмелері оларды бұл экономикалық күштердің жанама өнімі деп сендірді. Алайда 1970 жылдарға қарай таптық сана деген күрделі және былыққан құбылыс екені айқындала түсті. Әлеуметтік тарихшылар бұл мәселені неғұрлым тереңдете зерттеген сайын, олардың материалдық жағдаймен байланыстары соғұрлым күрделі әрі түсініксіз екендігі көрінді. Сондай-ақ XVIII ғасырдағы Англияның мысалы таптық сана алғашқы болып саналатын өндірістік қатынастардағы өзгерістерден бұрын пайда болғанын көрсетті.²⁷ Осылайша өткен кезеңдегі адамдардың әлеуметтік қатынастар туралы түсінігі, оны метафора арқылы сипаттауы және оларды қоршаған эмоциялық әсер тиісті талдау жүргізуді талап ететін маңызды тарихи құбылысқа айналды. Мәдени тұрғыдан қарау деген – осы. Таптық бірегейліктің субъективті элементтеріне көбірек, ал объективті көрсеткіштерге азырақ назар аударылды.

Бұл жерде бір тарихи құбылысты екіншісіне қосып жіберу туралы айыптау орынды және бұл айыптау көбінесе теорияларды тарихи материалдарды талдауға қолдануға қатысты болады. Мұндай сынаудың мәні тарихи сипаттамаға тым жадағай мазмұн беретін қарабайырландыруға қатысты болып отыр. Редукционизм құбылыстардың түрі мен деңгейінің өзгерістерін, сондай-ақ олардың күрделі түрін қарапайым түріне қолданылатын түсіндірмелер арқылы талдауды көздейді. Психологиялық, әсіресе психоаналитикалық түсініктемелер де жиі сынға ұшырайды. Әлеуметтік қатынастарды анықтайтын өндірістік қатынастардан экономикамен тоғыспайтын өзгеше құбылыс саналатын таптық санаға өту барысында мәдениетке деген қызығушылық арта түсті. Мәдени талдаулар антропологиямен тығыз байланысты. Марксистік дәстүрлерге әділ болу үшін шынын айту керек, XX ғасырда мәдениеттанушылық тұрғыдан қарау дамыды, мысалы, Антонио Грамши, ол әлеуметтік бірегейлік пен тәжірибенің күрделілігін зерттеген

Э.П. Томпсон сияқты солшыл көзқарас ұстанған тарихшылар үшін маңызды болды.²⁸ Мәдени марксизмнің басқа түрлері тарихи тәжірибеге әдебиет саласынан келген Реймонд Уильямс секілді авторлар арқылы енді.

Көптеген әлеуметтанушылардың ірі құрылымдарды жинақтап және үлкен оқиғаларды бейнелеу кезіндегі сенімділігі тарихшылар үшін ерекше маңызды саналады, сонымен қатар ұзақмерзімді қамтитын дүниежүзі тарихына деген қызығушылық одан сайын арта түсті. Оның бір мысалы ретінде Аллан Келлехирдің «Өлімнің әлеуметтік тарихы» (*A Social History of Dying*) атты кітабын атауға болады. А.Келлехирдің негізгі мамандығы – әлеуметтанушы; ол ғасырлар бойы ғана емес, мыңжылдықтар бойы өлім ауызында жатқандарды емдеудің өзгермелі тәсілдерін сипаттайды. Ол бұл ауқымды кезеңді ғасырлар бойынша шартты түрде жүйелеген. Бұл көптеген тарихшылар түсінетін мағынадағы әлеуметтік тарих емес. А.Келлехирге қазіргі заман туралы дәлелдерін ұсыну үшін ауқымды тарихи арқау қажет. Әлеуметтік ғылымдар тұрғысынан қарағандағы мұндай ауқымды қамтудың айтарлықтай ықпалы болуы мүмкін. Үлкен тақырыптар мен күрделі әлеуметтік мәселелерді шешу үшін өз жұмысында тарихқа жиі сүйенетін Энтони Гидденс және Майкл Манн, сондай-ақ тарих пен әлеуметтануды үйлестіре білген Чарльз Тилли секілді әлеуметтанушылардың ықпалы зор.

Антропология мен мәдениет

Мәдени талдауға назар аудару тап сияқты ұғыммен байланысты басқа бір сұрақтарға жауап ретінде пайда болғанын байқаймыз, бұл тап түсінігінің әрдайым әлеуметтік қатынастарда болатындығымен емес, тек әлеуметтік қатынастардың заттандырылу процесіне қатысты екеніне байланысты. Бір нәрсені түсіндіргенде біз оны жаңсақтықпен нысан ретінде қарастырамыз. Э.П.Томпсонның алғаш рет 1963 жылы жарияланған «Ағылшын жұмысшы табының қалыптасуы» (*The Making of the English Working Class*) атты әйгілі кітабының алғысөзінде «әлеуметтік тап – зат емес, қатынастар» деп мәлімдеді.²⁹ Алайда жануарлар мен өсімдіктерді таксономиялық категорияларға бөлгеніміз сияқты, адамдарды да таптарға жіктеу әдеті әбден орнығып қалған. Ол әлеуметтік факторлар мен әлеуметтік рөлдерді зерттейтін және адамзат қоғамының біршама статикалық үлгісін жасайтын белгілі бір талдау стилдерінен туындайды. Сондықтан адами қарым-қатынастардың динамикасына ерекше назар аударатын мәдени тәсілге қызығушылық пайда болды.

Әлеуметтану сияқты антропология да XIX ғасырда егжей-тегжейлі зерделене бастады. Экзотикалық мәдениеттің өзге түрлері туралы зерттеу бірнеше ғасыр бұрын басталған. Бұған Американың, одан кейін Тынық мұхитының оңтүстік бөлігі мен Австралияның ашылуы секілді әлемнің өзге бөліктерін зерделеген еуропалық зерттеулер себеп болды. Өзге мәдениетке бейімделу тәжірибесі қалыпты құбылыс әрі бұл әдетте «этнографиялық» деп атауға болатын егжей-тегжейлі сипаттамалардың туындауына септігін тигізеді. Библияны зерттеушілер, өз мәдениетінен тыс жұмыс істейтін шіркеу қызметкерлері, ежелгі және орта ғасыр мәдениетінің

жәдігерлерін жинаумен айналысатын антикварлар және адамгершіліктің өртүрлі құрылымын құрастырған заңгерлер де антропологиямен айналысқан. Біз «антропология» деп атайтын ғылым – бұрыннан бері тарихпен байланысы бар интеллектуалдық іс-әрекет. Ол адамдардың өзге тіршілік иелерін танып-білуге деген қызығушылығынан, сондай-ақ ғалымдардың Ағарту дәуірінде айқын көрініс тапқан адам табиғатын анықтауынан қуат алады.³⁰ Кейіннен антропология бірнеше бағыт бойынша дамыды: физикалық, әлеуметтік және мәдени антропологияны ажырата білу қалыпты дағдыға айналды, физикалық антропологияға қарағанда, әлеуметтік әрі мәдени антропологияның тарихпен тығыз байланысы бар. Дегенмен де генетикалық тестілеудің пайда болуымен адамзат тарихын бақылау физикалық антропологияны да, археологияны да қамтиды және миграция үлгілерін зерттеушілердің арасында ерекше қызығушылық тудыратын нәтижелер береді. Археология мен физикалық антропология мамандары өзара тығыз байланыста болғандықтан, физикалық антропология тарихи зерттеуге де ықпал ететіні сөзсіз.³¹

XIX ғасырда антропология әлеуметтану және биологиялық ғылымдармен, сондай-ақ фольклор, материалдық мәдениеттермен тығыз байланысы бар дербес пәнге айналды. Антропология мамандары экзотикалық мәдениетке (көбінесе «қарабайыр» деп аталады) назар аударып, ал тарихшылар өз қоғамдарына көбірек көңіл бөлген кезде, бұл сала екіге бөлінді. Тарихшының пікірінше, бұл екі саланы біріктіру шарты сырт қарағанда өртүрлі болып көрінетін қоғамдар арасында айтарлықтай ұқсастықтар бар екенін және антропологтар жасаған әдістер мен тұжырымдамалардың оларға пайдасы тиюі мүмкін екенін мойындау болды. Осы екі пән арасындағы тығыз байланыстың бірнеше аспектісі, соның ішінде ортақ мазмұны мен тәсілдері және тәжірибенің өзара үйлесетін сипаттамалары бар.

Мазмұн бойынша ауысымдарды түсіну оңай: екі сала да мәдени және әлеуметтік құбылыстарды зерттейді. Бастапқыда талданған қоғамдардың түрлері қарабайыр және өркениетті топ ретінде жіктеліп, өртүрлі сипатта қарастырылды. Ғалымдар бұл қарама-қайшылықты қабылдамай, олардың көп ұқсастықтары бар екенін түсінді. Антропологтар тарихшылар пайдаланатын бірқатар терминдерді өзірледі әрі бейімдеді. Салт-жоралар, фетиш, туыстық қатынас, сиқыр, иелік ету, символ, бақсылық және сыйлық беру – тарихшылар сүйенетін маңызды ұғымдар. Кейде тарихи құбылыстарға жаңа көзқараспен қарасаңыз, анық болып көрінеді. Қазіргі заманның ерте кезеңіндегі халық наразылығын Африкада қолданылатын салт-жораларға ұқсас құбылыс ретінде қарастыру оның мақсаты мен маңызын анық көрсетеді. Мұндай мінез-құлықтар қақтығысты және жүйесіз деп қарастырылатындықтан, қазір оның замандастарға барынша түсінікті және тарихшыларға маңызды мәліметтер ұсынатын үлгілерге сүйенетіндігін байқауға болады.³² Бұл тарихи құбылыстарды қайта зерделеу дегенді білдіреді. Егер наразылық түрлері бейберекет және талқандаушы сипатқа ие болса, олар құрылымдық әрі әдеттегі салт-жораның түсіндірмесінен айтарлықтай өзгеше түсініктемені қажет етеді. Сол сияқты сиқыр қазіргі таңда дұрыс емес деп саналатын негізсіз ырым емес, әлеуметтік тәжірибемен тығыз байланысты сенім жүйесі екендігін мойындау – сиқыршылық, астрология және алхимияны қатаң сынамай, тарихи тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді. Біз олардың иррационалдық сипатын болжай алмаймыз, өйткені бұл – орынсыз әрі анахрондық бағалау пайымы.³³

Сыйлыққа қатысты қолданылатын антропологиялық тәсілдердің маңызы зор. Тарихи оқиғалардағы сыйлық беруге негізделген қатынасты бақылау «сыйлық» ұғымын қарапайым, ақылға сыйымды мағынасында ешқандай алыс-берісті күтпей, тегін берілетін әрекет ретінде емес, керісінше әлеуметтік қатынастардағы өзара әрекеттесудің көрінісі ретінде қарау керек екенін көрсетеді.³⁴ Аталмыш терминнің антропологиялық сипаты тарихшыларды ресми алмасулардың қай жерде болатыны және олардың әлеуметтік қатынастардың ауқымды желілері аясында қалай әрекет ететіні туралы ойлануға жетелейді. Антропологиялық емес тәсіл бойынша сыйлық өзінің тура мағынасында қарастырылады. Тарихшылар антропологиялық сипаттамалардағы терминдер мен сөйлемдерді алып, оларды экзотикалық емес жағдайларға қатысты зерттеулерінде қалай қолданатыны туралы өзге де мысалдар бар. Клиффорд Гирцтің еңбектерімен байланысты «Толық сипаттама» (*Thick Description*) – осы мағынадағы танымал еңбектердің бірі. Бұл тарихшылардың толық сипаттамалар өздігінен жасалатын далалық зерттеу жұмыстарына тұтастай берілуге ұқсас іс-әрекетті талап етеді.³⁵ Мұндай алмасулардың жүзеге асырылуы мүмкін, себебі екі сала ұқсас құбылыстар арқылы бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл тарих пен антропология арасындағы тиімді қарым-қатынастың бір аспектісі, ол көптеген тарихшыларға шабыт беретін антропологиялық ойлау жүйесін меңгермесе, іске аспайды. Мұндай ойлаудың ажырамас бөлігі – біз антропологиялық деп санайтын далалық зерттеу жұмыстары және өз болжамдарымыз бен процедураларымызды да мұқият тексеріп, саралау.

Бұл мәселелерге егжей-тегжейлі тоқталмас бұрын, моральдық тұрғыдан айыпталатын ұғым саналатын экзотиканың күрделі мәселесін қарастыруымыз қажет. Бұл мәселе антропологияның пән ретінде экзотикалық мәдениетті зерттеуге негізделгендігінен туындайды. Тарихшылар да, антропологтар да империалистер мен олардың отары болғандар арасындағы қазіргі уақытта үнемі сынға ұшырап отырған қарым-қатынастарға жиі сүйенеді деген қауіпті ой бар. Экзотикалық сипаты бар құбылысты байқау оны қанауды жылтыр қаптамамен көмкеру деп түсінуге болады. Бұл – мазмұны күрделі болғандықтан ғана емес, сонымен қатар саяси мәселелермен байланысты болуымен және жан толғанысын тудыруымен күрделі болып отырған тақырып. Өзгеше сипатқа қызығушылық білдіру – кең таралған құбылыс. Оны түбірінен қате деп емес, адами қарым-қатынастардың тұрақты қасиеті деп түсінген жөн. Алайда бұл ұлт, тап, нәсіл, жыныс, жас және топтың өзге түрлері немесе тіпті жеке тұлғалар болсын, әйтеуір зерттеген және зерттелетін тақырыптар арасында маңызды айырмашылықтар болған кезде, ерекше мәнге ие болады. Басым тарап едәуір осал тарапты өздерінен өзгеше экзотикалық топқа айналдырып алады да, кейін бұл топты отарлауға, қанауға, шеттетуге болады, бұл экзотизацияны астарлы үстемдікке айналдырады деген күдік туады. Мұндай жағдайлар мұқият әрі айрықша талдауды қажет етеді. Сонымен қатар тарихшылар көп жағдайда қай зерттеу салалары тартымды экзотикалық сипатқа ие болып көрінсе, сол салаларды таңдайтынын мойындау қажет. Өзгешелігі бар құбылыс белсенді зерттеу жүргізуге себеп болуы мүмкін. Экзотикалық – бұл мәдениетаралық байланыстарды қалыптастыратын өте мазасыз, апатты әрекеттерді яғни, амбивалентті және өмір бойы зерттеуге шабыттандыратын әсерді басқару тәсілі.

Экзотика туралы мәселе маңызды, себебі бұл өз мәдениетінен айтарлықтай өзгешеленетін мәдениетті зерттейтін мамандардың қолданған тәсілдері мен ойлау құрылымына да әсер етеді. Бұл саланы зерттеу күрделі болғандықтан, оған арнайы дайындықпен келу керек. Антропологиялық далалық зерттеу жұмысының негізгі қағидаларының бірі – симпатикалық бірегейлік және практик мамандардың өздері зерттеп жүргендермен арасында белгілі бір қашықтықты ұстауы. Белгілі бір ой түйінінің болғаны дұрыс және оны мүмкіндігінше тиімді пайдалану қажет. Антропологтарды зерттеу жұмысына мүмкіндігінше бейтарап болуға үйретеді: олар заттардың қалайша әрі неліктен жасалғанын мұқият қайтадан құрастырады және өздерінен өзгеше көрінетін логикалық құрылымға құрметпен қарайды. Олардың сипаттамалары түсінікті және әріптестері оған сенетіндей болуы үшін олар жеке белгілерді жүйелеп, талдауға бейім болуға тиісті. Демек, олар тарихшылар сияқты әртүрлі әлемдер арасында делдал ретінде әрекет етіп, өз әлемі алдында өзге әлемге тиісті бағасын беруге ұмтылады.

Бақылаушылардың ұстанымдарынан өзгеше әртүрлі нанымдар мен құндылықтар жүйесін ескеретін антропологиялық тәсіл көпшіліктің қызығушылығын туғызады. Тарихшылар К.Гирцтің Бали аралдарындағы өтештер шайқасы сияқты экзотикалық оқиғалар туралы жазбасын оқып, ерекше әсер алмағанда антропология саласына қызығушылық білдірмеуі мүмкін еді. Этнографиялық зерттеулердің күші кей жағдайда адамдар қалайша «мүлде өзге» болуы мүмкін деген ойға да байланысты болады. Мұндай қызығушылық жай ғана әуестік сияқты болуы мүмкін, алайда ол зерттеулерге құрметпен қарап, байыпты салыстырмалы талдау жасауға итермелейді. Сонымен қатар саналы түрде антропологиялық ұстанымды қабылдау таныс дүниеге тың көзқараспен қарауға мүмкіндік беретін құрал бола алады. Құбылыстарды жақсы түсіну үшін оларды болуға тиісті нәрсе деп қарамай, таңғаларлықтай ету керек дегенде, біз осыны айтамыз.

Осылайша экзотикаға күмәнмен қарасақ та, ол көптеген пәндерге, соның ішінде тарих пен антропологияның ерекшелігі болып қалады және бұл көбінесе салыстырмалы сипаттағы байыпты ой түюге түрткі болады. Антропологиялық тәжірибе осындай салыстыруларға негізделген, өйткені белгілі бір жерлердегі ұзақмерзімді далалық зерттеу жұмыстарының нәтижелерінің бірі – өзге практик мамандардың тұжырымдарымен салыстыруға болатын мәліметтер қорын жинақтау. Бұл салыстырулар қоғамдар арасындағы ұқсастықтарды да, айырмашылықтарды да көрсетеді. Айырмашылықтардың маңызын көрсету үшін қандай да бір ұқсастықтар болуы керек. Тарихшы немесе антрополог салыстырмалы пайымдауларды қалай жасайды, бұл күрделі мәселе, дегенмен де ол әрқашан аналитикалық негізді қажет етеді. Мысалы, биологиялық тұрғыдан қарағанда, барлық адамзат қоғамдарына тән негізгі үлгілердің бар екеніне сенімді ғалым, адам мінез-құлқының әралуандығына, сондай-ақ жергілікті жағдайлардың күшті әсеріне, қоршаған орта мен мәдениеттің басымдығына сенетін адамға қарағанда тезірек тіл табысады. Мәдениеттер арасындағы ұқсас және ұқсас емес нәрселер өздігінен белгілі болмайды, бұл жүйелі құрылымға негізделген байыпты салыстырмалы талдау арқылы анықталады.

Бұған дейін антропология адамдардың өз өмірін қалай мазмұнды қылатынын атап көрсете отырып, мәдениетке айрықша мән беруімен тарихшылардың

қызығушылығын тудырады деп ойлаушы едім. Барлық антропологтар мәдениетке қызығушылық танытады деген қате түсінік болса да, олар әдетте адамдардың ойларында не болып жатқанына, соның ішінде өздерінде де назар аударады деп айтқан жөн. Бұл түсіну қиынға соғатын мәдениет терминіне берілген біршама оғаш сипаттама болып көрінуі мүмкін, дегенмен бастама үшін жаман емес. Мәдениет ұғымы біздің дүниеміз қалай мазмұнға ие болатынын анықтауға мүмкіндік береді.³⁶ Бұл адамдардың неге және не үшін сенетініне, олардың наным-сенім жүйесі, дүниетанымы, танымдық құрылымдарына байыппен қарауды меңзейді. Тарихшылардың көптеген буындары оны салыстырмалы түрде қызықсыз деп санады, олар оқиғаларды, ұйымдар мен әрекеттерді зерттеуді, өткеннің құбылыстарын сипаттауды және себеп-салдарлық түсіндірмелерді іздеуді жөн көрді.

Антропологиялық тәсіл наным-сенімдердің сыртқы көрінісін яғни, нысандар мен бейнелерді, би, аңыздар, ғимараттар және тағы басқаларын мұқият зерделеуді қамтиды. «Жоғары» және «төмен» мәдениет туралы біржақты пікірлерге байланысты дәстүрлі тарихшылар оларды аз дәрежеде зерттеді. Өнер, сәулет, поэзия мен музыка сияқты жоғары мәдениеттің бірқатар салалары ұзақ уақыт бойы жеке, мамандандырылған зерттеу бағыттары ретінде бөлек қарастырылып келді; тіпті қазірдің өзінде де олар негізінен жалпы тарихпен байланыспайды. Бұл салалар тарихтың негізін құрайтын саяси, экономикалық және әлеуметтік процестер үшін маңызды рөл атқаратын салалар ретінде қарастырылмайды. Шыны ыдыс, зергерлік бұйымдар, қыш-құмыралар, аспаптар, киімдер мен әшекей бұйымдар сияқты басқа да мәдени өнімдер тарихи зерттеулер үшін маңызды болып саналмайды. Ал жоғары мәдениетке жатқызуға келмейтін заттарды тым болмаса тарихи зерттеудің кейбір дәстүрі үшін археологтар, музей қызметкерлері, коллекционерлер мен оларға ұқсас мамандардың қарауына қалдырған жөн. Күнделікті қолданылатын жәдігерлерге қатысты кәсіби тәжірибе академиялық тарихқа қарағанда интеллектуалдық тұрғыда айтарлықтай күш жұмсауды талап етпейді. Күнделікті тұрмыс қалдықтары иерархиядағы нақты өнерден гөрі, қолданбалы өнермен байланысты болды, бұл интеллектуалдық және функциялық емес бастамаларға басымдық берді. «Сәндік» сөзі ауыр салдары бар саяси, экономикалық және әлеуметтік процестерге айрықша назар аударатын тарих сияқты салаларға аса маңызды емес қосалқы құбылыстарды білдіреді. Визуалды және материалдық мәдениетті зерттейтін мамандар бұл жағдайды өзгертуі мүмкін.³⁷

Бұл пікірталас антропологтар мен тарихшылардың бірлесе отырып жұмыс істеуінің тиімді жолдарын көрсетті. Қоғам бір-бірін қалай тани алады әрі тануға тиіс екені және алынған білімді қалай қолдануға болатыны туралы пікірталастар саяси шиеленіс туғызады. Мұндай шиеленістің туындайтыны сөзсіз, сондай-ақ, олар антропологтар мен тарихшылардың бұрыннан бері жүргізіп келе жатқан әрі алдағы уақыттағы пайдалы талқылауларына нұқсан келтірмейді. Екі топ та әлеуметтанушылармен бірлесе отырып, адам өмірі мен олардың ұжымдық өміріне ерекше қызығушылық білдіреді, адамдардың ойлау, сезу және өзін-өзі ұстау тәсілдерін зерттейді. Бірқатар интеллектуалдық дәстүрлер әртүрлі тәсілдер мен негізгі болжамдарды, соның ішінде біз «психология» деп атайтын тұжырымымызды пайдалана отырып, осы мәселелермен айналысады. Бір түсінік беруші мінез-құлық

пен психикалық тәжірибенің сипатын, функциялары мен құбылыстарын зерттеу ретінде анықтаған психология тарихи тәжірибеде күрделі әрі дұрыс бағаланбаған іс-әрекеттер мен процестердің кең ауқымын білдіреді.³⁸ Психология гуманитарлық ғылымдармен (мысалы, философиялық психология және сана теориясы) әрі жаратылыстану ғылымдарымен де (эксперименттік психология жағдайында белгілі болғандай) тығыз байланысты. Сонымен қатар психология денсаулық сақтау саласында кеңінен қолданылатын психоанализ және танымдық-мінез-құлық терапиясы секілді емдеу тәсілдерін қамтуы мүмкін.

Санадағы тарих

Психология – күрделі термин. Бұл терминді сипаттағанда медициналық білімі бар философ әрі психолог, жазушы Генри Джеймстің ағасы Уильям Джеймстің анықтамасы жиі қолданылады. Ол психологияға «психикалық өмір туралы ғылым» деп анықтама берген және бұл анықтама «ақыл-ой» сөзінің сын есімге айналған «психикалық» деген түрінің қандай мағына беретінін, нені ғылым деп атауға болатынын нақты түсінуді талап етеді. Сонымен қатар психология мазмұнының сан алуан екенін ескерсек, оның академиялық пәндердің қандай да бір жүйесіне сай келетіні белгісіз.³⁹ Психология, бір тарихи сипаттаманың екіншісіне қанша уақыт аралығында өзгертетінін еске алсақ, біраз уақыт бойы жаратылыстану ғылымы ретінде қолданылып жүрді. Мұндағы басты мәселе – эксперименттің атқаратын рөлі, сондай-ақ дәлелдер, теориялар, болжамдар арасындағы байланыс және табиғат әлемі туралы пайымдаулар. Егер психологияны ғылым деп санасақ, нәтижелерді адамдарға қатысты қолдануға байланысты мәселелерді шешу қажет болса да, жануарлармен тәжірибе жүргізудің айрықша мәні бар. Психология психиатрия мен психотерапияға қарағанда медицинада әлі де маңызды рөл атқарады, ал психологияны түсіну үшін белгілі бір жағдайлары мен жарақаттары бар адамдарды зерттеу қажет. Адамдарды өзге тіршілік иесі контекстіне орналастыра және эволюциялық теориялар идеясына сүйене отырып, психологияны ми және жүйке жүйесін зерттеу тұрғысынан шектеулі болса да, қарастыруға болады. Психологияны адам туралы ғылым деп атауға бейімбіз, бірақ оның әлеуметтік ғылым екені туралы идея көбірек түсініктемені қажет етуі мүмкін. Қарапайым көзқарас тұрғысынан қарағанда, әлеуметтік психология – оның әлеуметтік-ғылыми ерекшелігі аса маңызды саналатын сала. Бірақ бұл – біржақты көзқарас. Психологияның тарихи тәжірибеге қай жерде кіріктірілетінін қарастырсақ, оның әлеуметтік аспектілері байқалады.

Психологияның кейбір тармақтары тарих сияқты адамдардың қалай және неге осылай әрекет ететінін түсіндіруге тырысады. «Психология» сөзі сезім түрлерін, пайым, мотивтер, қиял, сонымен қатар зорлық-зомбылық, суицид, кісі өлтіру және тағы басқа патологиялық құбылыстарды қарастыруға жетелейді. Барлық тарихшылар психологиялық теория мен дәлелдерге негіздесе де, негіздемесе де, әйтеуір осы мәселелер бойынша байлам жасайды. Сонымен қатар тарихта біз,

әдетте, өткен уақытта өмір сүрген адамдардың мінез-құлқын психологиялық контексте, соның ішінде өмірбаянды жазу кезінде түсінеміз. Оқшау өмір сүретін адамдар аз; тарихшылар адамдарды не мазалайтыны туралы ойлана отырып, психологияны қоғам туралы болжамдармен үйлестіреді. Осылайша біз психология тарихи тәжірибенің барлық жерінде бар және ол әлеуметтік құбылыстарды зерттеуде маңызды рөл атқарады деп тұжырымдаймыз.

Психология – эксперименттер, бақылау, өзін-өзі бақылау және адамзат өмірінің дұрыс анықталмаған аспектісін қоса алғанда, көптеген әдістерді қолдана отырып жүйелі түрде зерттелетін сала. Егер біреуге қызғаншақ, сараң, қайырымды немесе бақытты деп баға берсек, бұлай деп есептеуімізге психологиялық пайымдаулар мен болжамдар себепші болады. Бәлкім, бұл болжамдарымыз ғылыми сипатта жасалмауы мүмкін, бірақ олар әлеуметтік түсінік түрлері болып саналады. Экономикалық мінез-құлыққа қатысты жиі қолданылатын өз басының қамын ойлау ұғымы да жеке адамдар мен топтардың әлемде қалай әрекет ететіні туралы болжамдарға сүйенеді және бұл әлеуметтік ғылымдардың бір бөлігі екені даусыз.

Тарихшылар үшін мынадай сұрақ туындайды: біріншіден, ол әртүрлі сипаты бар психологияның нақты қай түрімен айналысуға, екіншіден, адам табиғатына сыни тұрғыдан талдау жасауға қаншалықты дайын? Біраз практик мамандар оны жүзеге асырған, бірақ олардың қатары әлі де аз. Кейбір танымал тарихшылар психоанализді тереңірек зерттейді, бұл әртүрлі сипатта көрініс табады, ал өзгелері әлеуметтік психологияның пайдалы тәсілдеріне және әлеуметтік психологтарға не ұсына алатынына ерекше қызығушылық білдіреді.

Әлеуметтану мен антропология сияқты психологияның да тарих тәжірибесіне қатысты өзіндік күрделі тарихы бар. Біз қолданып жүрген тәсілдердің қалай пайда болғаны, не мақсатпен жасалғаны және олардың қалай таратылғаны туралы білу пайдалы болмақ. Психологияға қатысты алғанда оны анықтау оңай емес, себебі оның жеке бөліктерінің даму тарихы әртүрлі. Өздері қолданып жүрген талдамалы тәсілдердің қалай пайда болғанын түсінгісі келетін тарихшылар үшін психология тарихының берері мол. Бүгінде психология тарихының дамыған сала екені жалпыға мәлім, студенттерді оқыту барысында пайдаланылатын еңбектер өте көп.⁴⁰ Бұл психологияның өз мәдени мұрасына алаңдайтынын білдіреді, бәлкім, аталмыш саланың мәртебесінің анық емес екені себеп болуы мүмкін, анығырақ айтсақ, бұған өзге салалармен қатынастың аз дәрежеде болуы, әсіресе нақты ғылымдармен салыстырғанда, кейбір ортада күмән тудыратын емдік әдістерді байланыстыру және әлеуметтік ғылымдардың ауытқуы, мысалы, редукционизмге жол бергені үшін айыпталған нейробиология мен бихевиоризммен байланысы себеп болуы мүмкін. Психология, бір жағынан, философиямен, екінші жағынан, эксперименттік әдістермен өзара байланысады.

Психологияны өткеніне көз жібере отырып, біз оның көптеген психологтар атап өтуге тырысатын тағы бір ерекшелігін – ой тарихымен тығыз байланысын аңғарамыз. Сол себепті де Кондильяк, Конт, Милль сияқты кейбір ойшылдар философия және психология тарихына ортақ тұлғалар саналады.⁴¹ Тарихшыларға психология мен философия тарихын білудің пайдасы зор. Мысалы, көзқарас, экстаз бен истерияны зерттейтін ғалымдар ойлау процестерінің өткен кезеңдерде

қалай қабылданғанына қатысты терең түсінік алады әрі пайдаланады. Бірегейлік және «мен» сияқты кеңінен таралған тақырыптар психология мен философияда айрықша маңызды саналады, сондай-ақ қазіргі таңда әлеуметтік әрі гуманитарлық ғылымдардың көптеген салаларында да қолданылады.⁴²

«Ойлау тәсілі» деген сөз тіркесі тарихтың өзге пәндермен байланысын зерттеуде тұжырымдайтын пәнаралық байланыс туралы пікірімді бекіте түседі. Ол антропологиялық, философиялық, психологиялық тәсілдерге негізделеді және ойлау процестеріне де назар аударады. Тарихи тәжірибеде ол көптеген мәдени тәсілдерді қалыптастыруы және идеялар тарихына қатысты болуы мүмкін. Көптеген салалар адамдардың ойлауымен, сезінуімен және әрекет етуімен байланысты болғандықтан, «ойлау тәсілдері» сияқты сөз тіркесі кең таралған.⁴³

Осы уақытқа дейін айтылған пікірлерді ескере отырып, тарих пен психологияның арасындағы күрделі әрі ұзақ уақытқа созылған алауыздық туралы білу таңданарлық жайт болып көрінуі мүмкін. Кейбір ғалымдар өзара нәтижелі диалог және ынтымақтастық орнату мақсатында ол мәселелерді шешуге ұмтылуда. Егер біз «психология» терминінің әдетте немқұрайды қолданылатынын ескерсек, онда тарихшының тұрғысынан кейбір мәселелерді байқаймыз. Кристиан Тилеага мен Йован Байфорд (2014) жақында жарияланған эсселер жинағында осы салалар арасында байланыс орнатты. Авторлар көрсеткендей, үйлесімді байланыс тиімді болатын тақырыптарды табу қиын емес, олардың ішінде жады, «мен», жалған сенім және тұлға сияқты тақырыптарды атап өтуге болады. Мұндай бірлескен іс-әрекет практик мамандарға өздерінің дағдылары мен болжамдарын ой елегінен өткізуге септеседі және іс-жүзінде пәнаралық байланысты көрсетеді. Мұндай одақтар арқылы біз не нәрсенің және кім үшін ақиқат білім болып саналатыны туралы түсінігімізді жетілдіре аламыз.

Қолданбалы психология

Бұл ойларымызды одан әрі дамыту үшін төмендегідей үш мысалды қарастырайық. Біріншісі – тарихтың бір саласы, эмоциялар тарихы, ол психологияның бір қосалқы саласымен тығыз байланысты. Екінші мысалым – психологияның бір саласы. Бұл – қазіргі таңда тарихшылардың қызығушылығын туғызатын әлеуметтік түсініктер. Үшінші мысал ретінде ХХ ғасырдың маңызды тұлғасы деп танылған әлеуметтанушы Норберт Элиастың туындысын қарастырамын. Оның еңбегінде тарихи, психологиялық және әлеуметтік процестердің қалайша үйлесім табатыны баяндалады.

Жаңа сала болып саналатын эмоциялар тарихы – психологияның ортақ тақырып арқылы тарихи тәжірибеге қалай ықпал ететінін көрсететін саланың мысалы. Бұл жағдайда тарихшылар қазіргі және өткеннің психологиялық дәлелдерін, сондай-ақ қорқыныш пен қорлау сияқты эмоцияларды сипаттау тәсілдерін іздеу барысында нейробиологиялық зерттеулерді зерделейді. Бұған мысал ретінде Ян Плампердің осы жаңа саланы таныстыру мақсатында жазылған «Эмоциялар

тарихы» (*The History of Emotions, 2015*) атты кітабын атап өткен жөн. Ол эмоциялар тарихын зерттеуде қолданылуы мүмкін тәсілдерді, оның ішінде антропологиядан, өмір туралы ғылымнан, психоанализден, когнитивті психологиядан және нейробиологиядан алынатын тәсілдердің қазіргі ауқымын бағалайды. Уте Фреверт пен Уильям Редди сияқты осы саланың ізашарлары эмоцияларға ерекше назар аудара отырып, бұл жаңа тақырыпты тарихи әрі тарихнамалық тұрғыдан зерделеді. Олардың еңбектері ұзақмерзімді өзгерістің сипаты мен қарқынын, сондай-ақ абырой, ұят, жанашырлық және қазіргі заман сияқты негізгі ұғымдарды қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тарихи еңбекті жазу барысында авторлар әртүрлі жазбаша және ауызша деректерге сүйенеді. Бұл сонымен қатар саяси стиль, жарнама, өндірістік психология, өзін-өзі дамыту жөніндегі кітаптар және моральдық философия сияқты құбылыстардың арасындағы байланысты табуға мүмкіндік береді, осы мәселелер Уте Фреверттің «Тарихтағы жоғалған және табылған эмоциялар» (*Emotions in History – Lost and Found*) атты кітабының кіріспе бөлімінде баяндалған.

Уильям Реддидің «Сезімді басқару: эмоциялар тарихының негіздері» (*The Navigation of Feeling: A Framework for the History of Emotions*) атты кітабы 2001 жылы жарық көрді. Бұл кітапта автор XVIII және XIX ғасырлардағы Франция тарихы туралы жазған өзінің әйгілі еңбектеріне сүйенген және өзге пәндердің тарихи жазбаға қосуы мүмкін үлесіне қызығушылық білдіреді. Бұл құрылымды өзірлеу барысында автор, ең алдымен, когнитивті психология мен антропологияға сүйенеді. Бұл кітаптың ерекшелігі – оның эмоциялар тарихына қатысты жаңа тәсілдер жасауға және оларды нақты тарихи жағдайға – 1700–1850 жылдар аралығындағы Францияға қатысты қолдануға айрықша мүдделі болуы. Тарихшылар У.Реддидің ертеректе жазған, мысалы, сентиментализм және романтикалық құштарлық тақырыптарын қайта зерделеді, дегенмен оның бұл тарихи сала үшін жасаған әрі философиялық еңбекке сүйенетін теориялық негіздері шынайы және ойлануға жетелейді. У.Реддидің пікірінше, сезімді басқарудың белгілі бір стильдері эмоциялық жүйеге негізделеді. Ол келтірген кейбір мысалдан байқағанымыздай, сезімді басқару әрекеттері әрдайым сәтті бола бермейді, бірақ өзін-өзі ұстау, не айту керек және сезімді дұрыс жеткізе білу туралы ортақ түсінік бар. Эмоциялық күрделі мәселелерді шешуге байланысты айырмашылықтар да бар. У.Редди эмоциялар тарихын, олардың саяси маңызын ескере отырып, зерттейтін еңбек жазғысы келеді.⁴⁴ Сонымен қатар ол кейбір эмоциялық режимдер басқаларға қарағанда қолайлы, яғни, озбыр емес екенін мәлімдейді. Оның тәсілі қоғамның қазіргі заманға ауысу тарихын анықтай түседі және қазіргі таңдағы өзекті мәселелерге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.⁴⁵ Бұл мәлімдеме көптеген тарихшылар мен әлеуметтанушылар үшін «қазіргі заман» ұғымының маңызын арттырады, сондай-ақ оның бастамасының қазіргі таңда өзекті екенін көрсетеді. У.Редди осы идеяларды дамыту үшін әртүрлі дәлелдерді қолдана отырып, тарихи тұлғалардың сезімдерімен, қазіргі психологиялық зерттеулерімен және өзінің эмоциялық ұнату сезімдерімен байланыс жасауы қажет болды.

Әлеуметтік репрезентация

Соңғы жылдары тарихшылар алғаш рет 1960 жылдардың басында қалыптасқан және әлеуметтік психологияның ажырамас бөлігіне айналған әлеуметтік репрезентация теориясына қызығушылық білдіре бастады. Бұл түсініктің негізін өмірінің көп бөлігін Парижде өткізген, румындық әлеуметтік психолог Серж Московичи қалады. Ол психоаналитикалық идеялардың қалай туындағаны, қолданылғаны әрі оның түрлі әлеуметтік топтар мен медиа арқылы таратылғаны туралы көпке мәлім және әйгілі туындысын 1961 жылы жариялады, бұл еңбектің ағылшын тіліндегі нұсқасы тек 2008 жылы жарық көрді. Әлеуметтік репрезентацияны анықтау оңай емес, тіпті, С.Московичидің өзі де бұл ұғымды қарапайым түрде қысқартып беруге болмайтынын түсінді. Оны сипаттаудың бір үлгісі: «Әлеуметтік репрезентация – адамдарға болып жатқан оқиғаны түсіндіруге мүмкіндік беретін әртүрлі мағыналарды ықшамдап, сипаттайтын тәсіл; біз зерделейтін жағдайлар, құбылыстар мен жеке тұлғаларды жіктеу үшін қолданылатын категориялар; олар туралы фактілерді анықтауға мүмкіндік беретін теориялар. Қоғамдық өміріміздің ажырамас бөлігі саналатын әлеуметтік түсініктерді қарастырсақ, олар тұтас қамтылады».⁴⁶ Әлеуметтік репрезентацияны зерттейтіндер мен басқа да көптеген мамандар оны қызу талқылауда.

С.Московичи тәсілдер, тілдер мен терминдердің психоаналитиктер сияқты белгілі бір әлеуметтік топтарда қалай ерекше мағыналарға ие болатынына, сол уақытта және сол жерде олардың қалай ауысатынына қызығушылық білдірді. Бұған мысал ретінде оның азшылықтың ықпалы идеясын қарастыруға болады. Ол шағын топтың өзінің жағдайы туралы және неліктен бұған назар аудару қажет екені туралы қайта-қайта мәлімдеу арқылы үлкен топты, көпшілікті өзгертуіне септігін тигізетін шарттарды анықтады. Студенттерге арналған *Simply Psychology* веб-сайты суфражистер бұл құбылыстың айқын мысалы деп санайды: «салыстырмалы түрде шағын топ... ол бастапқыда әйелдерге дауыс беруге рұқсат етілуі керек деген көпшілікке танылмаған пікірді ерекше қолдады. Суфражистердің жігерлі әрекеті және талаптарының әділетті болуы көпшілікті олардың көзқарасымен келісуге итермеледі».⁴⁷ Бұл өте қарапайым сипаттама, бірақ тарихшыларға «азшылықтың әсері» түсінігін оларға жақсы таныс құбылыс мысалында қолдану пайдалы болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл тарихи жағдайларды егжей-тегжейлі салыстыруға болатын әлеуметтік-психологиялық құбылыстарды сипаттауға көмектеседі. Бұл әрекеттер өте күрделі деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін. Тарихшы Марк Найтс: «Әлеуметтік репрезентация теориясы тарихшыларға, мәселен, стереотиптер туралы пайымдауда пайдалы болуы мүмкін бірқатар әдістерді ұсынады»⁴⁸ деп мәлімдеді.

Норберт Элиас

Ықпалды теориялардың бір ерекшелігі – олар өткеннің аспектілерін тұтас біріктірудің тәсілдерін ұсынады. XX ғасырдағы әйгілі әлеуметтанушылардың



4.1-сурет. Хатисука Куниаки. Әртүрлі ұлт өкілдері: америкалықтар

Түрлі-түсті ксилография, ені – 24.6 см, ұзындығы – 36.8 см, Жапония, 1861 ж., DUROM.2018.4.

Суретші әртүрлі ұлт өкілдерін бейнелейтін алты сурет салған, мына суретте америкалық жұп бейнеленген. Мұндай суреттер 1853 жылы коммодор Мэтью Перридің Жапонияға жасаған алғашқы сапарынан кейін жапондардың Батыс мәдениетімен байланысты келісімге бастаған уақытында өзге елдерден келген адамдардың оны қалай түсінгенін зерттеуге көмектеседі. Бұл Америка миссиясының дипломатиялық, әскери және ғылыми өлшемдері болды.

бірі, көптеген өзге еврей интеллектуалдары сияқты нацистік Германиядан келген босқын Норберт Элиастың еңбегі бұған жақсы мысал бола алады. Статикалық, заттандыратын және эссенциалистік деп санайтын басым интеллектуалдық дәстүрлерді сынға ала отырып, ол кейде процессуалдық немесе бейнелі деп аталатын балама тәсіл жасады. Ол процестерді өзгермейтін жағдайға дейін жеткізбеу деген не екенін көрсетуге тырысты. Өртүрлі тақырыптар аясында, соның ішінде уақыт, өз ісінің шебері әскери-теңіз офицері мен немістердің тарихы (1996), сондай-ақ өз туған жерінде ХІХ–ХХ ғасырлар аралығында жеке тұлғаның, әлеуметтік құрылымның және мінез-құлықтың қалай дамығанын зерделеуге қолданған Н.Элиастың идеяларын дамыту мен талдауға арналған еңбектер көп.

«Процессуалдық ойлау» идеясы икемді әрі түсінікті, ал «бейнелеу» тәсілі сондай икемді емес. Бұл «өзгермелі асимметриялық күш тепе-теңдігі бар өзара тәуелді адамдар желісін білдіруі мүмкін».⁴⁹ Аталмыш анықтаманы Норберт Элиас қорының веб-сайтынан табуға болады, онда зерттеушінің жұмысы, оның идеясын қабылдап, жүзеге асырғандар, ол және оның ізбасарлары зерттеген бағыт туралы көптеген пайдалы материалдар бар. Оның ғылыми мұрасына қызығушылық білдірген мамандар бірқатар тақырыптарды, соның ішінде «жеке тұлғаның санасы мен құрылымын қалыптастыру» және «мінез-құлық, сезім және адамгершілік нормаларының өзгеруі» мәселелерін зерделеді. Бұл екі мысал (веб-сайтта мұндай мысалдар жеткілікті) Н.Элиастың пайымында тарихи, әлеуметтік және психологиялық мәселелердің араласып жатқанын көрсетеді.

Н.Элиас жаңа заманның ерте кезеңіндегі Еуропа тарихын зерттеушілерге таныс «өркениет процесі» туралы жазған еңбектерімен көпшілікке танымал болған маман. Алғаш рет 1939 жылы неміс тілінде жарық көрген және жақында «Өркениет процесі туралы: социогенетикалық және психогенетикалық зерттеулер» (*On the Process of Civilization: Sociogenetic and Psychogenetic Investigations*) деген атпен аударылған, бұл сөздер әлі күнге пікірталастар мен айтыстар туғызуда. Н.Элиас өркениет процесі біреу ғана емес, ондай процестер көп, олар бірде саябырлап, бірде үдей отырып дамиды дейді. Кітаптың тақырыпшасынан ол бір-бірінен ажырамайды деп санаған әлеуметтік және психикалық құбылыстарды біріктіру айрықша байқалып тұр. Денис Смиттің айтуынша, Н.Элиастың пайымдауына сай, «адамдар «мен» деп айтуды «біз» деп айтумен қатар үйренеді».⁵⁰ Ол түсіндіруге тырысқан процестер әрі тарихи, әрі әлеуметтік әрі психологиялық сипатта еді; ол ұзақмерзімді кезенді қамтыды және әлеуметтік және әскери құрылымдардағы жеке адамдарға да, әлеуметтік топтарға да тікелей қатысы бар өзгерістер мен мінез-құлықтағы өзгерістер өзара байланысты екенін көрсеткісі келді.

Элиас туралы соңғы зерттеуде оның теориялық және эмпирикалық қызығушылықтарының өзара байланысына айрықша назар аударылған. Ол, мысалы, Майкл Манн сияқты теориялық еңбек пен эмпирикалық бақылау арасындағы өзара айырбастың соншалықты маңызды екенін атап көрсетті. Сонымен қатар Н.Элиастың тұжырымдамаларын эвристикалық құрал, яғни ойлау, жазу және зерттеуге көмектесетін тәсіл ретінде қарастырған жөн деген пікір айтылды.⁵¹

Н.Элиас айтарлықтай ықпалды тұлға болды, 1990 жылы қайтыс болғаннан кейін оның беделі одан сайын арта түсті. Ол өткен заман туралы көп жазды, осының

өзі-ақ тарихшылардың оның мұрасына ерекше назар аударуына жеткілікті себеп болуы мүмкін. Сонымен қатар зерттеушілер оның адам өмірі мен олар өмір сүрген уақыттағы жағдай туралы пайымын және түсінік берушілердің автор өмірбаянын оның идеяларын түсінудің негізгі дерегі ретінде пайдаланғанын атап өтеді. Оның ойлау тәсілін өткен заман туралы ақпарат дерегі ретінде пайдаланып қана қоймай, Батыс әлемінің заманауи сипатын зерттеу тәсілі ретінде де пайдалана аламыз. Әлеуметтанушы ғалымның ықпалын ескере отырып, оның идеялары өте маңызды болса да, өзінің өмірбаянын ғана емес, сонымен бірге өзге ірі ойшыларға, ең алдымен, ол сөйлескен адамдарға қатысты ұстанымын да қамтитын контексте түсінген абзал. Соңғы уақытта шыққан еңбекте оны Зигмунд Фрейд, Карл Маркс, Эмиль Дюркгейм және Макс Вебер сияқты тұлғалармен салыстырған.⁵² Бұл – айрықша таңғалдыратын тізім, өйткені оған тарихтың тәжірибесіне айтарлықтай ықпал еткен ойшылар енгізілген. Бұл осы тарауда айтылған әлеуметтік ғылымдар саласындағы тарихшылар сүйенетін еңбектер жиынтығы болатыны және олардың өзі тарихи сабақтастық пен өзара түсіністікке сүйенетіні туралы ойды нығайта түседі.

Пәнаралық тарих

Әртүрлі пәндердің болатынын мойындасақ та, ғылыми институттардың сипатын ескере отырып, бізде бұл мәселеде ешқандай таңдау жоқ деп ойладым, саясат пен сәнге қатысы бар көптеген процесс, сондай-ақ материалдарды, тәсілдер мен теорияларды салалар арасында генеративті түрде ауыстырудан туындайтын бір-қатар процесс нәтижесінде олардың арасындағы шекаралардың қаншалықты айқын екеніне күмән туындайтынын болжаған едім. Алайда мұндай ауысулардың, сондай-ақ оларды қуаттандыратын саяси императивтердің белгілі бір салдары болады. Тарих эклектикалық пән, сондықтан оның міндеттемесі де көп және өзге пәндермен байланысы да күрделі. Кейде олар теорияларды қолдану тұрғысынан жақсы түсініледі; шынында да, теория пәндер арасындағы байланыстарды анықтауда тиімді болуы мүмкін, бірақ бұл теория тарихтың тәжірибесіндегі айрықша құбылыс дегенді білдірмейді. Бұл мойындалса да, мойындалмаса да, тарих кәсібінде үнемі орын алатын жағдай. Біз одан бас тарта алмайтындықтан, оның қазіргі тарихтың тәжірибесіндегі рөлін ғана емес, сонымен қатар, өткен уақыт туралы пәнаралық процестің астарында жатқан бастауын да түсінген жөн.

Осы және алдыңғы тарауларда сипатталған пәндер арасындағы көптеген ұқсастықтарға негіздей отырып, тарихтың пәнаралық сипаты бар деген қорытынды жасауға болады. Пәнаралық тарих түсінікке қайшы келмейді. Тарихи тәжірибенің басым бөлігі, аталса да, аталмаса да, осы сипаттамаға сай келеді. Бұл жағдай пәнге қауіп төндірмейді, бірақ тәсілдер, концепциялар мен тақырыптардың адамның жеке және ұжымдық өмір сүруін зерттейтін көптеген салаларға ортақ екенін, алайда, мүлде жоққа шығарылмайтын категориялардың жоқ екенін көрсетеді. Демек, білім түрлерінің бір-бірінен қалайша ерекшеленетінін және тарихтан

тыс себептерге сүйене отырып, одан нені алуға болатынын түсіну пайдалы. Білім түрлерінің арасындағы күрделі қатынасты қамтитын пәнаралық тарихты тарихи тәжірибенің түрі ретінде сипаттауға болады. Осы себепті бұл сән болғандықтан немесе тарихшыларға теориялық және идеологиялық міндеттемелерге байланысты не болмаса зерттеуді қаржыландыруға көмектескендіктен емес, ол адамның бейберекет заттарымен жұмыс істейтіндіктен және тарихшылардың қызығушылығы нәтижесінде жасалады.

Пәндер арасындағы байланыстар өздігінен күрделі тарихи құбылыс саналады; бұл қатынастар жайында неғұрлым көп білсек, тарихшы ретінде өзімізге деген сеніміміз арта түседі. Үшінші және төртінші тарауларда салаларды мұқият зерделедім, ал тарауларда пайдаланылған мысалдарды бағыт-бағдар ретінде пайдаландым. Дегенмен тарихтың іргелес салалармен арасындағы байланысын талқылаған тәсілімді кез келген салада қолдануға болады. Алайда бұл күрделі жағдайдың үшінші тараудың басында аталып өткен Джером Каганның идеяларында көрініс беретін, бірақ мен әлі зерттемеген бір аспектісі бар. Оның әлеуметтік ғылымдар үшін маңызы зор және ғылыми жұмысты академия мен білім беру жүйесінен тыс жерде де пайдалы ету тәсілдеріне қатысы бар.


Тарих ғылымының маңызы

Басшылар, саясаткерлер мен саясатты жасаушылар әлеуметтік ғылымдарды пайдалы деп санайды. Кейбір салалар, әрине, басқаларға қарағанда көбірек қолданылады. Негізінде, білімнің кез келген түрінің әлеуметтік маңызы бар болуы мүмкін. Қоғам туралы білімді басқару жүйесі мен саяси бағытты қалыптастыру үшін пайдалану – бұл бұрыннан келе жатқан құбылыс. Мысалы, біз бүгінгі күні демография деп атап жүрген салаға деген қызығушылық бірнеше ғасыр бұрын туындаған. Популяция құрамы мен оны өзгерту тәсілдерін зерттеу өсім мен өлім-жітім көрсеткішін түсінуге өз үлесін қосты. Олар ұзақмерзімді өзгерістерді зерттейтін тарихшылар үшін аса маңызды саналады.

Біздің пәніміздің жалпы ұжымдық игілікке қосатын үлесін түсіну арта түсуде. Осы уақытқа дейін тарихтың әлеуметтік ғылымдармен тығыз байланысты салалары өздерінің қоғамдық мақсатын көрсетуде едәуір жетістікке жетті. Бұл тарихшылардың кедейлік, тұрғын үй, көлік тасымалы сияқты қазіргі заманның өзекті тақырыптарын зерттеуі нәтижесінде жүзеге асырылды. Мұндай жағдайларда соңғы кезеңге назар аударады. Ұзақмерзімді трендтерге талдау жасау мен оған түсініктеме беруге келгенде, тарих пен әлеуметтік ғылымдар өзара тығыз байланысты. Бұған мысал ретінде бірнеше ғасырлар бойы бүкіл әлемдегі экономикалық және саяси биліктің өзгеруіне деген қызығушылықты айтуға болады. Теңсіздіктің өзгертін үлгілерін сыни тұрғыдан түсіну оның тағы бір мысалы, ал экономикалық және саяси трендтерді бағалау үшін жаһандануға қатысты кез келген талдау жасау тарихтың қатысуын қажет етеді.⁵³

Тарихтың әлеуметтік маңызын арттыра түсетін басқа да мән-мағынасы бар. Мысалы, әлеуметтік жұмыс сияқты мамандық иелері өздерінің тарихи орнын

түсінуге тырысады. Олар тарихи зерттеулерді оқыту мен кәсіби біліктілікті арттырудың құрамдас бөлігі ретінде қолданады. Құқықтық жүйені басқарумен және қылмыс құрбандарына қолдау көрсетумен айналысатындар мысалы, балалардың әлсіздігіне қатысты эмоциялық әсерлерді мүмкіндігінше, тарихи жазбаларға мұқият негізделген дәлелдермен жеңілдету мақсатында қылмыстық жағдайларға қатысты ұзақмерзімді трендтерден хабардар болуды пайдалы санайды. *The History and Policy* веб-сайтын құру идеясы тарихи тәжірибе саяси шешімдер қабылдау және басқару жүйесінде құнды болуы мүмкін деген сенімнен туындады. Өткен заман туралы жақсы білетін маман қателік жасамайды деген пікір әншейін айтылатын таптаурын түсінік, сондықтан тарих сабақтары туралы қарапайым мәлімдемелерден аулақ болған жөн. Әлеуметтік ғылым саласындағы ғалымдар тарихшыларға қарағанда білімі мен машықтары қоғамдық өмірде бағаланатын сарапшылар ретінде жұмыс істегендіктен, әлеуметтік ғылымдарды, оның тарихы мен ықпалын тереңінен түсіну көбірек пайдалы болмақ.



What we do

H&P publishes high-quality historical research freely accessible online and creates opportunities for historians, policy makers and journalists to connect and learn from each other.

H&P is non-partisan and welcomes contributions from historians of all periods based on their peer-reviewed research. The views expressed in H&P publications are those of the authors concerned.

Support for History & Policy

'Working in BBC News and Current Affairs, I know that historical perspective can greatly improve the quality of debate on contemporary issues and policy formation. But it can be hard for many people outside the academic community to reach the latest research in an accessible form. History & Policy is one of the very few initiatives I have come across that bridges that gap in an effective way.'

Chris Bowlby, BBC Radio 4 Current Affairs

'Everyone in public life should be aware of the History & Policy project and its activities, and make use of this unique resource. History has a huge amount to teach us about how we got to where we are and how we might move forward. The historians involved in History & Policy have demonstrated this particularly effectively in relation to pensions reform.'

Frank Field MP

'The Parliament and Constitution Centre of the House of Commons Library has enjoyed working with History & Policy in locating speakers who can offer a historical perspective to contemporary events, and so inform the political process.'

Conagh Gay, Parliament and Constitution Centre

'I have found the History & Policy papers to be both enjoyable and very useful, especially those on local government reform and policing, which are areas I work in. I strongly believe that policymakers would perform better if their thinking was more informed by history and am keen that the IPPR does so in its own research.'

Guy Lodge, Institute for Public Policy Research

'If politicians would only browse here, historians hope, they might learn from what has gone before and stop reinventing so many square wheels. They would boast less about 'new' ideas and their own 'successes' compared with the past.'

Polly Toynbee, The Guardian

'Awareness of what went before is of considerable worth, and there's a growing sense that policymakers and public managers make decisions in ignorance of previous experience with the same subject matter. History & Policy is a grouping of professional historians coordinated from the Centre for Contemporary British History in the University of London, determined to remind the present that the administrative and policy past matters.'

David Walker, Guardian Public magazine

About Us Links

What We do

Who We Are

Partners

Evaluation

Case Studies

Contact Us

SUBSCRIBE TO OUR NEWSLETTER!

Sign up to receive announcements on events, the latest research and more!

Email Address

Subscribe

We will never send spam and you can unsubscribe at any time.

4.2-сурет. *History & Policy* веб-сайтынан алынған скриншот

Өткел

Тарих пәні мен онымен тығыз байланысты кейбір салалар арасындағы сабақтастықты зерделедік. Олар тарихи тәжірибеге көбірек назар аударуымызға көмектеседі. Анығырақ айтқанда, әлеуметтік ғылымдар тарихы біз сүйенетін интеллектуалдық дәстүрлер туралы түсінігімізді байытады. Әлеуметтанушылар тарихи мәселелерді зерделеумен айналысады. Бұл таңғаларлық жағдай емес, өйткені өткен туралы мәліметтер қорын кез келген адам пайдалана алады. Біз оны әртүрлі тәсілдер арқылы өз артықшылықтарымызды, мүдделеріміз бен құндылықтарымызды бейнелейтін түрлі бөліктерге бөлеміз. Әдетте тарих деп аталатын сала көптеген өзге ғылыми тәжірибелермен тығыз байланысты және бұл байланыстың сипаты уақыт өте келе өзгеріп отырады, сондай-ақ қарастырылатын тарихи әрі географиялық мамандандырылуға байланысты өзгеріп отырады.

Тарихшылар үшін ең нәтижелі деректердің көпшілігін іргелес салалар мамандары зерттейді. Мысалы, егер бұқаралық мәдениеттің тарихына үңілсек, онда көптеген көрінекті материалды байқаймыз. Визуалды мәдениет тұрғысынан мұндай деректер тарихи оқиғаның ажырамас бөлігі саналады әрі ғылыми талдауды қажет етеді.⁵⁴ Визуалды тұрғыдан назар аудару әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың құрамдас бөлігі. Кейбір антропологтар мен әлеуметтанушылар өздерінің оқыту және зерттеу жұмысының құрамдас бөлігі ретінде фотосурет, фильм сияқты визуалды деректерді жасайды. Бұл құжаттар тарихшыларды шабыттандыруы мүмкін, нәтижесінде олар да зерттеушілер пайдаланатын дерекке айналады. Құжат концепциясын біз келесі тарауда егжей-тегжейлі қарастырамыз. Өзге материалдар сияқты, суреттер, фильмдер, музыкалық партитуралар мен нысандар да әртүрлі мағынаны қамтиды. Бұл материалдар арқылы өткен туралы мәліметке тікелей қол жеткізе алмайды, бірақ олардың өзіндік логикасы бар, сондықтан мұқият түсіндіруді қажет етеді.

Бірқатар зерттеу саласын түсіну олардың әрқайсысының деректері мен мәселелері туралы ойлауға мүмкіндік береді. Негізгі деректердің көптеген түрі бар. Оларды түсіндірудің мамандандырылған әдістерін кейде ғасырлар бойы тарихшылар назар аударатын өзге салалар жасайды. Пәндер арасындағы шекаралар жасанды болуы мүмкін, алайда бұл оны бос сөз дегенді немесе елемеуді білдірмейді. Тарихшылардың басқа пәндерден үйренері көп, алайда олар өз салаларын жақсы білуі қажет. Бұл өз кезегінде олардың тарихы мен қазіргі тәжірибесін бағалауды қамтиды. Біз іргелес салалардан бейхабар болып отыра алмаймыз. Пәндер арасындағы ықтимал байланыстардың әртүрлілігін бағалай отырып, біз өзімізді нақты түсіне аламыз.

БЕСІНШІ ТАРАУ

Тарихи білім мәртебесі

«Тарих» сөзі жай ғана өткен уақытта болған оқиғаға қатысты айтылуы мүмкін, дегенмен бұл термин білімнің бір түрін де білдіреді. Бұл тарауда тарихшылар қалыптастыратын білім түрлерін, оларды бағалау тәсілдерін, сондай-ақ тарихи білімді бағалау критерийлері қалай әзірленіп, пайдаланылатынын зерттеймін. Оны білім беретін өзге салалармен салыстырудың да пайдасы зор.

Тарихқа күдіктену

Жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндердің базасы білімнің интеллектуалдық беделін арттыра түседі. Бұл беделдің табиғатын нақты түсініп, оның астарында не жатқанын және тарихи білімнің қандай жолмен ерекшеленетінін зерделеген жөн. Бұл сұрақтың жауабының бірі мынадай: тәжірибелі, беделді тарихшылар өткен туралы білімді қалыптастырады. Оның қатарына негізгі деректерді мұқият зерттеу, сарапшылардың пайымдауларын бағалау, дәлелдерді өзге ғалымдардың тексеріп алуы үшін ашық ғылыми аппаратты қамтамасыз ету, тәсілдер мен әдістер бойынша арнайы кәсіби дайындықтың болуы, сондай-ақ университетке жұмысқа қабылдану кезінде оларға берілген ұсынымдарды, біліктілігі мен жарияланған еңбектерін мұқият зерделеу кіреді. Жабық түрде пікір білдіру жарияланымдардың сапасын арттырады. Тарихшылар пайдаланылатын дәлелдемелер түрлері қандай оқиға болғанынан хабар береді, осылайша тарихи білім объективті сипатқа ие және осы тұрғыда субъективті элементтерден тұратын әдеби сыннан өзгеше болады. Тарихшылар болашақты болжай алмаса да, өткен заманды түсіндіріп, сол оқиғалардың не себепті болғанын көрсете алады. Экономикалық теория мен статистикалық талдауды пайдаланатын клиометрика секілді тарихтың

кейбір саласы өзгелерге қарағанда, анағұрлым ғылыми болып көрінеді. Сайып келгенде, пәннің мақсаты – шын мәнісінде не болғанын баяндау және түсіндіру.

Соңғы онжылдықтарда бұл пікірдің әрбір аспектісі сынға ұшырады және білімнің өзге түрлері секілді тарих пәні де сыни талдаудан өтті. Алдыңғы тарауларда жалпы білім беруге қатысты күмәнді күшейтетін кейбір трендтерді атап өткенбіз. Дегенмен тарихи білімді сынау – маңызды мәселе. Өткен туралы түсінік – ұлттар, мамандар, ұйымдар, таптар, азшылық топтар мен жеке адамдар үшін ұжымдық бірегейліктің маңызды элементі. Тарихи пікірлер – үкіметтер пен институттардың саясатын қалыптастыратын негіздердің бірі. Көп жағдайда ел билеушілері, көшбасшылар және саяси партиялардың шешім қабылдау ісін қолдау үшін өткен уақытқа жиі жүгінеді және мұндайда тарихта көрсетілген айқын фактілерді елемеудің үлкен зардаптары бар.

Тарихшылардың өткенді шынымен де білетіні туралы пайымдауларына өршелене қарсы шығудың академиялық ортадан тыс жерде ықпалы шектеулі болады, ал қоғамдық өмірде тарихи дәлелдердің манипулятивті түрде қолданылуына айтарлықтай қарсы пікір айтылмайды. Саясаткерлер мен комментаторлар тарихи білімді тым қарабайыр деп санайды. Соның нәтижесінде жаңсақ тұжырымдар кеңінен таралған, оларды тарихи білімнен ажырата қарау қажет. Ғылыми ортада тарихи білімнің мәртебесіне тиісу, негізінен, өзге гуманитарлық пәндер өкілдерінен туындайды. Олардың пікірінше, білімнің барлық түрі мүдделі тараптар арқылы қалыптасады. Тарихшылар өз білімінің сапасына баса мән беретіндіктен, мұндай соқтығулар олар үшін ерекше қауіпті саналады. Тарихшылардың осының барлығы жай ғана айтылған пікір, ол даулы мәселе туғызбайды деп мәлімдеуге қақысы жоқ. Егер шынымен солай болса, онда тарихтың өзге салалардан, бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалардан, өткен туралы кездейсоқ мәлімдемелерден қандай айырмашылығы қалады? Тарих пәнінің маңызы зор, өйткені ол өткен замандар туралы қандай да бір мәліметтер береді. Демек, олардың тыңғылықты екеніне сенімді болу және жаңсақ пайымдарға қарсы тұра білу өте маңызды.¹

Стандарттар мен сапа

Бұл тарауда тарихи білімнің сапасы туралы ойлау тәсілдерін қарастырамын. Осы ойдың ажырамас бөлігі саналатын ұғымдар, атап айтсақ, ақиқат, объективтілік, білім, дәлел және тағы басқаларын қарастыру қажет. Білім сапасын бағалаған уақытта осылай пайымдау үшін стандарттардың қайдан алынатыны жайында ойлануымыз керек. Мұнда екі ықтимал жауап бар. Бұл стандарттар тарих пәнінен тыс, ерекше сенімді деп саналатын білім түрлерінен туындайды немесе бұл өзіндік жеке стандарттарын қалыптастыратын айтарлықтай өзгеше сипаты бар тарих пәнінің өзіне тән ерекшелігі. Бірінші жағдайда тарихшылар жаратылыстану ғылымдары секілді айтарлықтай беделді білім түрін қарастырады. Бұл бүгін туындаған мәселе емес: ғылымдар бірнеше ғасырлар бойы сенімділік стандартын қалыптастырды және өзгелер сол стандарттарды қабылдауға міндетті болды.²

Көптеген тарихшылар өз салаларына жаратылыстану ғылымдарының қолайлы критерий ұсына алатынына күмәнмен қарайды.³

Эпистемологиялық тұрғыдан қарағанда, тарихты ғылым ретінде сенімді деп пайымдаудың елеулі артықшылықтары бар. Әлбетте, бұл пәннің беделі туралы пайым жасауға әрі оның бейтарап сипатын дәлелдеуге көмектеседі, өйткені мұндай жоғары сападағы білім «идеология» және «көзқарас» сияқты күмәнді құбылыстарға мүлдем қарама-қарсы келеді. Алайда ғылымдардың өзі де ерекше сынға ұшырады және олардың беделді, бейтарап әрі объективті болуға ұмтылуы жаңсақ әрекет деп саналды. Дегенмен қоғамдық санада ғылым мен ақиқат арасындағы тығыз байланыс бар сияқты, ал мұның өзі сенімді білім үлгілері туралы жалпы болжамдар жасауға әкеледі. Көпшілігі ғалымдардың ақиқат пайымдауларын құрметтейтін академиялық, үкіметтік және саяси ортада бұрынғыдай ғылымға білім парадигмасы ретінде қарап, сенім білдіреді. Десек те, тарихи білімді қарастырудың балама тәсілі бар және ол жайында осы тарауда зерделеймін. Бұл балама тәсіл тарих пәнінің өзіндік ерекшеліктерін есепке алу үшін сенімділік стандарттарын сол пәннің шеңберінде анықтаған жөн деп болжайды. Сайып келгенде, тарихшылар эксперимент ретінде табиғатты зерттемейді, олар біздің бақылауымызға көнбейтін және көбінесе бізге тек үзінді дәлелдер ұсынатын адамзат қоғамын зерделейді.

Ақиқат пен сенімділік

Алдыңғы параграфта дәлелдерді ақиқаттан гөрі, сенімділікке бағыттауға баса мән беру жайында сөз қозғап өттім. Ендігі кезекте ақиқат ұғымына назар аударып, оның тарихи тәжірибе үшін өзектілігін қарастырамыз. Біз ақиқат деп нені айтамыз?⁴ Бұл сұраққа берілетін кез келген жауаптың бір аспектісі барынша жоғары деңгейдегі дәлдік және нақтылық болуы қажет. Сөздікте «ақиқат» «факт, шынайылық, дәлдік және сенімділік» деген сөздермен байланыстырылады. Әскери маневр мен үкіметтің іс-әрекеті сияқты тарихи құбылыстар бар, оларға қолда бар дәйекті дәлелдерді ескере отырып, нақтылық және дәлдік жағынан көптеген түсінік берушілердің көңілінен шығатын баға беруге болады. Дәлел ретінде қарастырылатын деректердің күрделілігін алдағы уақытта талқылаймыз, бірақ мұқият зерттеу барысында өткеннің кейбір аспектілеріне қатысты нарративтерді жасауға болады деген болжам айрықша күмән туғызбайды. Осы мағынада оларды ақиқат деп санауға болады. Дегенмен ақиқатта кез келген стандарттар бойынша *толығымен* қанағаттандырарлық хабарлама деген мағына да бар. Тарихи жазба оның артықшылық мәртебесін растауға қабілетті байсалды, жан-жақты шолу мен талдауды қажет ететін қатаң критерийлерге қалай сәйкес келетінін көзге елестету қиын. Тарихи еңбек соншалықты көп дүниеге қалайша қол жеткізе алады, бұл тіпті мүмкін емес. Сайып келгенде, өзінің менмендігі, адамдар үшін қолжетімді емес таңғажайып білгіштігі салдарынан ақиқат туралы пайымдар жаңсақ болып көрінуі мүмкін. Біздің біліміміздің уақытша сипатын мойындаған дұрыс. Алайда бұл тарихи білімнің сапасы маңызды емес дегенді білдірмейді, тек «ақиқат» ұғымы оны бағалауда айтарлықтай тиімді емес екенін аңғартады.

«Объективтілік» ұғымына қатысты да осындай дәлелдерді келтіруге болады. Аталмыш терминнің өзі әділ, бейтарап көзқарастарды білдіреді, ал мұның өзі қиял екенін, әсіресе бағалауды және түсіндіруді қажет ететін нәрсе үшін қолжетімсіз қиял екенін білеміз. «Объективтілік» терминіне қатысты туындайтын мәселелердің бірі – бұл тым қарабайыр, демек, пайдасыз да, өйткені мұнда мүлде бейтарап болуға тиісті көзқарастар ойға келеді. Біз қазірдің өзінде мұндай көзқарасты қолжетімді емес деп мойындасақ та, көптеген дәлелдерді ой таразысынан өткізуге және мұқият қарауға бейілдігін мойындаймыз, ол тарихтың тәжірибесінде маңызды рөл атқарады. Объективтілік сөзінің қарама-қарсы мағынасы субъективтілік, оның кемсітушілік райы болуы мүмкін.⁵ Бұл тек бір адамның эмоцияға толы көзқарасын ғана емес, ішінара негізсіз әрі сенімсіз ұстанымды білдіреді. Объективтілік пен субъективтіліктің ара-жігінің ажырап кеткені өкінішті, себебі қоғамда біріншісіне айрықша сенім артса, екіншісіне деген сенім аз болады. Осылайша объективтілікті де қате деп пайымдауға болады, өйткені ол қатал әрі оқшау болады, ал субъективтілік анағұрлым жылы, адалдық сипатына ие. Тарихшының соқпағы бұл екеуін біріктіреді: ол біздің зерттеулерімізге қызығушылық танытатын тараптар екенімізді мойындауды өз зерттеулерімізде жинақталған білімді барынша негізді ету жолдарын айқын түсінумен ұштастырады. Шынайы және адал болу үшін мен объективтіліктен гөрі, сенімді білімге көбірек мән беремін. Тарихшылар шама-шарқы жетпейтін істі орындауға уәде бермеуі керек. Сол себепті біз не ұсына алатынымызды анықтап алғанымыз жөн.

Таным әдістері

Бәлкім, мәселе – «білім» терминінің өзімен байланысты шығар. Әртүрлі пәндерге қатысты бірдей сөзді қолдану олардың арасында салыстырмалылықтың бар екенін көрсетеді. Өздері қалыптастыратын білімнің күтілетін сапасына сәйкес салаларды бір деңгей бойынша саралаудың орнына, сол салалардың әрқайсысының өзіндік танымдық әдістер жүйесі бар деп ойлаған дұрыс. Басқаша айтқанда, біз таным туралы ойлануымыз қажет. Сайып келгенде, «таным» сөзінің алуан түрлі мағынасы бар екені белгілі, соның ішінде бұл түйсіну, ақпарат, түсіну, ұғыну, түсіндіру, даналық сияқты мағынаны береді және бұл танушылар мен белгілі жайттар арасындағы түрлі байланысты қамтиды. Ақпарат, яғни мағлұматтар, фактілер және өткен замандағы процестер, адамдар мен оқиғаларды терең ұғынуды білдіретін түсіну ұғымдарының арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Соңғы термин адамның абстрактілі талдау жасай білу қабілетін білдіреді, ал ақпаратта ондай жоқ. Сонымен қатар «мәніне бойлау», «терең ұғыну» және «түсіну» секілді ұғымдар тарихи субъектілерді не ынталандырғанын анықтай түседі. Тарихи тәжірибеде танымның осы аспектілері арасында қажетті теңгерімге қатысты келісімнің жоқ екені белгілі. Кейбіреулер өткен заманда өмір сүрген адамдармен бірегейлену процесіне күмәнмен қарайды, себебі ол пікір айту қабілетін тұмандатып жіберетін эмоциялық бейілді білдіреді, ал басқалар үшін бұл саяси қажеттілік,

өйткені ол бұрын ұмытылған көзқарастарды құрметтеуге және оны түсіністікпен ұсынуға мүмкіндік береді.

Біз әртүрлі деңгейдегі құбылыстардың нақтылығына ешқандай күмән келтірмейміз. Мен барлық салаларды деңгейлестіре саралау туралы емес, ақпараттың бөліктері жайында сөз қозғап отырмын. Адамның мінез-құлқын сөз еткенде, жоғары деңгейдегі сенімділікке қол жеткізу қиын екені белгілі. Өтірік айту туралы айқын мысалды қарастырайық. Адамдар жиі жалған сөйлейді, кейде олар мұны жақсы түсінеді, ал кей жағдайда байыбына бара бермейді. Біреудің өтірік айтқанын нақты дәлелдеу өте қиын – егер өтіріктің ара-жігі көрсетілетін болса, сот процесі әлдеқайда оңай болар еді.⁶ Өз ісіне мұқият қарайтын тарихшылардың барлығы дәлелдердің жалған болуы мүмкін екенін жақсы түсінеді, сондықтан өз тәжірибесіне тиісті деңгейдегі білімді енгізуге тырысады. Тарихи дәлелдердің күші қолда бар айғақтарға, оның сипаты, сапасы мен санына, сондай-ақ тарихшының машығына байланысты болады. Осылайша тарихи білімнің мәртебесі туралы ойларда деректердің күрделілігі мен оларды түсіндіру басты мәселе болып саналады.

Бұл тармақтарда жұмбақ болып көрінетіндей ештеңе жоқ, сол себепті дұрыс мағынаны басшылыққа аламын. Әлбетте, адамдарды сыни тұрғыда ойлауға үйретуге болады және ол қажет деп санаймын, бірақ бұл күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған әдістерді жетілдіру үшін қажет. Егер біз сенімділік пен ақиқат идеяларын қарастыратын болсақ, бұл мәселе айқын көрінеді. Біреудің немесе белгілі бір нәрсенің сенімді екенін қалай білесіз? Жүйелілік айрықша маңызды; егер маман өзге дәйектермен дәлелденген он пікірді ортаға салса, бұл – жоғары деңгейдегі жүйелілік пен сенімділіктің белгісі. Біріншісімен салыстырсақ, екіншісінің жетістік көрсеткіші әлдеқайда төмен болатын екі маман ұсынған қарама-қайшы сипаттамалардың арасынан біреуін таңдау қажет болған жағдайда бірінші маманның пікірі әлдеқайда тұшымды болады. Әрине, олардың толықтай сенімді екеніне кепілдік жоқ, дегенмен бұл шындыққа жанасымды болжам сияқты. Сипаттаманы құптайтын тәуелсіз куәгерлер саны неғұрлым көп болса, оны соғұрлым сенімді деп санауға болады. Сондықтан әртүрлі дәлелдер мен сипаттамаларды іздеу және оларды бағалау жұмыстары тарихшы кәсібі үшін айрықша маңызды.

Бұл дәлелді ақиқат термині тұрғысынан сипаттайтын едім, бірақ бұл ұғым соңғы, толық сипаттаманы білдіретіндіктен де жаңылыстыруы мүмкін, егер «ақиқат» сөзі үнемі тырнақшаның ішіне алынып жазылса, оқырман қауымды ашуландыруы ықтимал. Мұндағы маңызды мәселе – әртүрлі жолмен қалыптасуы мүмкін сенім.⁷ Дегенмен жеке адамға, институтқа, дерекке немесе кез келген тарихи сипаттамаға сену, бірнеше факторларды ой таразысына салу, өткен тәжірибе, саяси ұстанымдар және тағы басқаларға негізделген нақты шешімдерді қабылдауға байланысты болады. Мұндай пайымдауларда оның табиғатына орай, эмоциялық компонент болады. Сондықтан Веймар республикасы, Француз революциясы және Қырғиқабак соғыс туралы бәсекелес сипаттамаларды тек қана оңтайлы критерийлер бойынша бағалау мүмкін емес. Тарихшының бағалауы – 1789 жылғы болған оқиғадағыдай, бұлардың Француз монархиясының бұрынғы режимін сынауға немесе бастан кешірген қиындықтарына жанашырлық таныту, тапты саяси тұрақсыздықтың негізі ретінде көру, революцияны өркениетке ұмтылудың процесі жаңа тәртіптің немесе

шектен тыс қатігез тәсілдердің жаршысы ретінде қарастыруға бейімдігіне байланысты болады. Бұл мықты моральдық мәні бар бәсекелес көзқарастар; олардың әрқайсысы сенімді немесе сенімсіз дәйектермен дәлелденуі мүмкін. Тарихи сипаттама бойынша нақты шешім қабылдау барысында біздегі сенім, сондай-ақ жалпы тәсілге қатысты жанашырлық қасиеттері маңызды рөл атқарады.

Дәлелдер мен деректер туралы жоғарыда айтып өттім, бірақ олардың әртүрлі мағынасы бар. Деректер – өңделмеген материалдар. Деректер тарихи мәселелерді шешеді, бірақ оларды қалай жасалатынын нақты көрсету қажет. Белгілі бір материалды «дәлел» деп атау оның белгілі бір оқиғаға тікелей қатысы бар екенін көрсетеді, дәлелдер мұнда айғақ ретінде қолданылады. Негізінен, «дәлел» ұғымы – философиялық түсінік, егер белгілі бір нәрсені дәлелдеуді талап етсем, ойымда дәлел деп қарастырылатын логикалық мәселелер жиынтығы тұрады. Дәлелдерді құқық саласында қолданудың тиімді ұқсастығы болуы мүмкін. Жарыс жүйесінде әрбір тарап өз ісі үшін ең сенімді деп санайтын дәлелдемелерді ұсынуға, ал әділқазы алқасы оның барлығын тарихшылар жасағандай саралап, үкім шығаруға тиіс. Қылмыстық іс бойынша айыптау үкімдерінің едәуір бөлігі «қауіпті» деп танылуы осы процестің қаншалықты күрделі екенін аңғартады. Тұжырымдама ретінде алғанда, «дәлел» – фактілерді өз ойына берік қауымды сендіруге лайықты түрде көрсету қажеттігімен тартымды болады. Сапалы білім алу талаптары қоғамда жиі талқылануда және оның нәтижесінде уақыт, орын, жағдайға байланысты өзгеріп тұратын пайым критерийлері пайда болады; соған орай тарихи білімнің сипаты мен мәртебесі тұрақты бола алмайды.

Тарихтың шынайылығына қатысты ескерілуге тиісті тағы бір термин – құжат. Кейбір тарихшылар өткен заман туралы кез келген істе құжаттардың басты рөл атқаратынын үнемі ескертіп отырады. Құжат деген зат зерттеу нысанына тікелей байланысы бар негізгі дереккөздің ерекше түріне жатады. Туу, неке қию және қайтыс болу туралы куәліктер, төлқұжат, виза, сот ісінің хаттамалары, хат, жеделхат, жарғы мен өсиетнамалардың барлығы – құжат. Бұл мысалдар дәлелдемелік мәртебесі бойынша фактіге негізделген, айрықша сенімді, даусыз материалдар секілді көрінеді. Құжаттау етістігі – белгілі бір оқиғаларды, құбылыстарды тіркеу, жазу, осылайша олардың беделді, шынайы сипаттамасын жасау дегенді білдіреді; демек, фильм, телевизиялық бағдарламалар мен фотосуреттерге қатысты айтылатын «деректі» деген түсініктің бір мағынасы да осыған саяды. Сайып келгенде, мұндай жазбалардың барлығы жанама сипатқа ие, өйткені олар іріктейтін, өзгертетін және қателерін түзететін, яғни қайта қарайтын және аударатын агент адамдардың ой елегінен өтеді.

Құжаттар да адамды жаңылыстыруы мүмкін. Әлбетте, кейбірінің сенімді екеніне күмән жоқ әрі басқалармен салыстырғанда жанамалық сипаты аздау болып көрінеді, алайда олар өзінің табиғаты бойынша – делдалдар. Олардың шектеулі екендігін интеллектуалдық тұрғыдан жете түсінсек те, біз түпнұсқа болып көрінетін деректерге сену үшін кейбір категориядағы құжаттарға айрықша назар аударамыз. Бәлкім, бұл тарихи оқиғалардың шынайы жазылатынына сену және осы сенімді қажет ету дағдысымен байланысты шығар. Сондай-ақ деректердің сипатына күмәнмен қарау өткеннен бізге жеткен аз деректі қалпына келтіру қаншалықты

табысты болады деген пікірге қайшы келуі оның тағы бір себебі болуы ықтимал. Тарихшылардың білімі мен біліктілігіне қатысты сыни көзқарас көптеген тәжірибелі мамандардың алаңдаушылығын туғызды. Бір жағынан, скептикалық көзқарас нәтижесінде туындаған қорқыныш тарихи білімнің мәртебесіне нұқсан келтіретін тәсілдердің салдарынан пәнге қауіп төніп тұр деген пікірге ұласуға тиісті емес. Ең дұрысы, тарих пәні туралы соңғы ойлардан туындаған қиындықтар мен шиеленістерді мойындап, оны байыпты түрде шешуге тырысқан жөн, сондай-ақ оның шынайы күшті жақтарын анықтау керек.

«Құжат» және «құжаттық» ұғымдарына қайта оралып, тарихтың эпистемологиялық күрделілігін неғұрлым нақты бейнелеуге болады. Бұл сөздердің бір мағынасы сенімді, нақты жазбаларға қатысты екенін атап өттім. Дегенмен оның тағы бір мағынасы бар, ол – мәлімет беру. Деректі фильм түсіру ісінде нақты визуалды және дыбыстық сипаттаманы қамтамасыз етуге баса назар аударылады, бірақ ол субъектілердің де, деректі фильм жасаушылардың да жеке көзқарастарын білдіруге ұмтылуына қайшы келмейді.⁸ Шынында да деректі фильмдердің көпшілігі элиталық топқа жатпайтын адамдардың ойындағысын жеткізуге тырысады, осылайша бұл топтар сенімді түрде сөйлеу мүмкіндігіне ие болады.

Мұндай әртүрлі мағыналардың басын біріктіретін күрделі әрі екіұшты ұғым бар, бұл – шынайылық. «Құжаттық» сөзі – «шынайы» ұғымның екі қырын: нағыз шынайы және жекебасқа қатысты дегенді білдіреді. Шынайылық – тарихи тәжірибедегі түйіні шешілмеген категория, ол тіпті қитұрқы саяси еңбектің өзінде де қамтылып қана қоймай, кейде эмоциялық айла-шарғы жолымен сатылуы да мүмкін екенін ескерте отырып, оны сынаған дұрыс болар еді. Шынайылық азап шегуге байланысты эмоцияларға негізделетін және дәйекті дәлелге немесе сыни тұрғыдан бағалауға келмейтін ақиқат туралы пайымдауларды білдіруі мүмкін. Бұл әйелдер тарихына тән сипат болды және ауызша тарихта да бұл анық көрінді. Құлдар туралы әңгімені пайдалану бұған тағы бір мысал бола алады, мұнда бұрын маргинал болған, эмоциялық реңк беретін деректер енгізілгенін сеземіз.⁹ Осыған ұқсас мәселе Холокост оқиғасына да қатысты туындайды.¹⁰ Мен оны мұқият тексеру қажет екенін жете түсінсем де, мұндай эмоциялық әрекеттерді құптаймын. Эмоциялық негізге басымдық берген жағдайда шынайылық туралы пайымдаулар түйіні шешілмеген мәселеге айналады. Мәселен, маргиналдардың өз аузынан берілген дәлелдері шабыттандыратын және әсерлі әрі тың мәлімет болуы мүмкін, алайда жадының жымсықы қабілет екенін ұмытпаған жөн. Демек, мұндай сипаттамалардың нені ашып және нені аша алмайтынын нақты түсіну өте маңызды, сондай-ақ аяушылық сезімге жол бермеген абзал.

Нақты бір мысалды қарастырайық. Дүниежүзілік соғыстар аралығындағы кезеңде, Америка Құрама Штаттарында деректі құжаттарды зерттеу әдістеріне деген қызығушылықтың артқаны байқалды, оның басым бөлігін үкімет қолдап, қаржыландырып отырды. Оңтүстіктегі ақнәсілді кедей фермерлердің қал-жағдайын суретке түсіруге тапсырыс берген Фермалар қауіпсіздігі әкімшілігінің (*Farm Security Administration*) қызметі бұған жақсы мысал бола алады.¹¹ Шын мәнінде Джон Стейнбектің «Қаһар шоқтары» (*The Grapes of Wrath, 1939*) романы мен ізінше келесі жылы түсіріліп, көрерменнің көңілінен шыққан фильм сияқты өткір

сипаттамалар сол уақыттың символына айналды, оны тарихшылар «деректі мәлімет» ретінде жиі пайдаланады. Фермалар қауіпсіздігі әкімшілігі қаржыландырмааса да, Джеймс Эйджи мен Уолкер Эванстың «Ал енді танымал адамдарды мақтайық» (*Let Us Now Praise Famous Men, 1941*) атты даулы кітабы бұл үрдістің бір бөлігі болды және Эванс түсірген ерекше фотоларды тарихшылар кеңінен пайдаланды. Ол түсірген суреттердің мықтылығы сонда, ол Эйджи секілді өзін бірнеше ай бойы бірге тұрған сол отбасылардың бір мүшесі ретінде сезінген.

Сонымен қатар деректі сурет түсірумен айналысатын басқа фотографтардан айырмашылығы – Эванс фермерлерге суретке белгілі бір тәртіп бойынша емес, еркін қалыпта түсуге мүмкіндік берген. Бұл жұмыстың нәтижесі ерекше әсерлі, себебі



5.1-сурет. Уокер Эванс. Бад Филдс және оның отбасы. Алабама, 1936 жыл

Әсерлі сурет деректі фотосуреттің тартымдылығы мен өзіндік кемшілігін тамаша бейнелейді. Бір жағынан, бұл көрнекі түрде қызықтыратын сурет, өйткені біз отбасылық топты бұрын көрген көптеген фотосуреттерден білеміз. Фотосурет пен онда бейнеленген адамдардың бет-әлпеттері көрген жанды бей-жай қалдырмайды. Дегенмен жалаңаш баланың бейнесі арқылы тақыр кедейлікті суреттеген Уокер Эванстың фотосуреті де жүректі сыздатады. Бұл суретті онымен байланысты материалдардың мүмкіндігінше кең ауқымын қолдана отырып, мұқият түсініктеме беру арқылы ғана құжат ретінде қолдануға болады. Сурет өздігінен ештеңені баяндамайды.

бұл фермерлердің тамаша өмірін сипаттаумен қатар, олардың ауыр тұрмыс-тіршілігінен де хабар береді. Дегенмен біз мұндай деректі қызметтің нәтижесінде не біле аламыз деген мәселеге сын тұрғысынан қарауымыз керек. Мәселен, фотосуреттер әртүрлі жолмен басып шығарылып, қиылып, өлшемі өзгеріп және әрқайсысына түрлі атау берілуі немесе берілмеуі мүмкін, ал соның барлығы оларға эмоциялық тұрғыдан ықпал етеді. Сонымен қатар оның жеке тұлғалық сипатқа ие екенін ескерсек, бұл суреттерге қарап, қандай жалпы тұжырымдар жасауға болатыны түсініксіз. Бұл суреттердің эмоциялық деңгейде өте маңызды әсер беретіні соншалық, торығу мен осындай деректі фотография бірмағыналы материалға айналды.¹²

Белгілі бір құбылысты білудің көптеген жолдары бар. Кейде олар шатасып кетеді, сондықтан олармен байланысты эпистемологиялық тұжырымдарды нақтылау қиынға соғады. Мен білімге қандай да бір қатысы бар ақпарат, пайымдау, түсіндіру, түсіну және даналық сияқты ұғымдарға сілтеме жасай отырып, әртүрлі тәсілдерді қолдандым. Ақпарат жинау ісі мәліметтер жинастыру және жүйелеуді білдірсе, даналық адам тәжірибесін жинақтауды әрі оның негізгі заңдылықтарын анықтау мен түсіну қабілетін бағамдайды. Пәндер білімнің бұл түрлеріне өздері ұсынатын құндылықтар бойынша ерекшеленеді. Тарихи білімнің мәртебесін күрделі мәселеге айналдыратын бірден-бір себеп – бұл білім түрлерінің талғамға сай үйлестірілуі. Сол себептен біз әрдайым қарапайым формулалар мен жалпы анықтамаларға күмәнмен қарап, талғам да әдет сияқты біздің «жаман» немесе «жақсы» деп есептейтін тарих туралы пікірлерімізді қалыптастыруда белгілі бір рөл атқаратынын мойындауымыз керек. Алайда бұл бағалаудың жалпы критерийлері жоқ дегенді білдірмейді. Сондай-ақ танымның әртүрлі тәсілдері жазбаның түрлі тәсілдерінде көрініс табуы мүмкін; тарихи білімнің сапасын бағалауды, әдетте мәтіндер арқылы жүзеге асырамыз, сол себепті мұнда әдеби пайымдаулардың қатысатыны сөзсіз.

Тарихи жазбаларды бағалау: деректер

Тарихи жазбаның дұрыстығын бағалау критерийлері деректерді пайдалану және түсіндіруге, тұжырымдамалық құрылымның қисындылығы мен жүйелілігіне, сондай-ақ жазбаның өзіндік сипатына байланысты болады. Ең алдымен, деректерді пайдалану тәсілдерін бағалау үшін критерийлер тізімін дайындап алған дұрыс. Деректер табиғаты бойынша біртекті категорияға жатпайтынын ұмытпағанымыз жөн, сол себепті жоғарыда атап өткен тізім икемді болуы керек. Негізгі және қосалқы деректер деп бөлудің өзі тым қарабайыр болуы мүмкін, өйткені олардың арасындағы айырмашылық жоғарыда айтып өткеніміздей, анық емес.

Қысқаша айтқанда, «негізгі деректер» термині зерттеу кезінде әзірленген барлық түпнұсқа құжатты камтиды және олар оқиғалардан, адамдар мен процестерден әрі оған қатысы бар өзге мәселелерден хабар береді. Сонымен қатар

мұндағы «негізгі» деген сөз оның басқа тарихшының ой елегінен өтпегенін білдіреді. Қосалқы деректердің негізгі анықтамасына сәйкес, бұл деректер – тарихи оқиғаға қатыспай-ақ, негізгі деректерді пайдаланып, тарихи жағдай туралы пікірін білдірген, тарихшы болмауы да мүмкін, өзге ғалымдардың жазбасы. Дегенмен бір сөтке ойланып қарасақ, мұндай анықтамалардың тым қарапайым екенін байқауға болады. Бір жобада негізгі дерек саналатын материал екінші жобада қосалқы болуы немесе керісінше болуы мүмкін. Бұған журналистика жақсы мысал бола алады, пікір білдіретін алаң ретінде журналистиканы қосалқы дерек ретінде қарастыруға болады, алайда журналистика тарихын зерттеушілер үшін бұл негізгі дерек болып саналады. Бұдан екі мәселені аңғаруға болады: деректердің мәртебесі қарастырылатын зерттеу жобасына сай өзгеріп отырады және мұнда негізгі/қосалқы деректер арасындағы айырмашылық маңызды емес, зерттеу үшін бұл деректер өзектілігінің жалпы бағалануы мен бұл материалдардың қаншалықты пайдаланылатыны маңызды. Екі жағдайда да кез келген деректі мұқият зерттеу қажет. Басқаша айтқанда, негізгі деректерге де сыни тұрғыдан қарап, пайдалысын кәдеге жаратуымыз керек. Белгілі бір жоба үшін құнды болып саналатын деректерді анықтап, оның сол жобаға қалай ықпал ететінін зерделеу қажет. Тарихшылар әдетте әртүрлі деректерді пайдалану арқылы нәтижелі қорытындыларға қол жеткізуге болатынын анықтаған.

Мысалы, ғұмырнаманы алайық, жалпы ғұмырнама жазу барысында, тіпті бұл кеңінен жарияланса да, олардың жарыққа шықпаған еңбектеріне де, әсіресе хаттар мен күнделіктері сияқты жеке жазбаларына, сондай-ақ достары, таныстары, әріптестері, туыстары мен тағы басқа адамдардың пікірлеріне де назар аударған жөн. Жеке тұлғаның қоғамдық бейнесін зерттеу барысында оның беделі, журналистика және өзге де мәлімдемелер артықшылығы бар деректерге айналады. Ал адамдардың, қоғамдық пікірді қалыптастыратын жағдайларды қоспағанда, жеке айтқаны, жасаған әрекеттері айтарлықтай маңызды болмайды. Интеллектуалдық ғұмырнама әртүрлі материалдар жиынтығына сүйене отырып, білім беру жүйесі, институттар, желілер мен жетістіктерге ерекше назар аударады. Танымал ғұмырнама бұрын жарияланған еңбектерге және тарихи реңк беру үшін субъектінің өмірі туралы әңгімелерге сүйенуі мүмкін.

Зерттеудің нақты пәніне қандай деректердің қатысы бар екенін анықтау – нағыз өнер. Әдетте көрнекті еңбектер бір қарағанда, түсініксіз көрінетін деректерді тиімді пайдалану нәтижесінде пайда болады. Кез келген тарихи жазбаны қарастыру кезінде онда пайдаланылған материалдарға, оның қалай іріктеліп алынғанына әрі бұл материалдардың толық немесе ішінара зерттелгеніне және оның дұрыс түсіндірілгеніне айрықша көңіл бөлу қажет. Нәтиже түпнұсқа ма, әлде туынды ма және деректердің кемшіліктері мен ерекшеліктері назарға алынды ма? Бұл сұрақтар тарихтың кез келген бөлігін бағалау үшін контекстің қажеттігі туралы ойға бағыттайды. Егер бізде салыстыруға қажетті басқа бөліктер болмаса, бұл сұрақтарға қалай жауап беруге болады? Демек, негізгі деректермен қатар, қосалқы деректерді пайдалану да өте маңызды. Пікір айтқанда автордың, басқа ғалымдардың еңбектерінен хабардар болуы және оларға өз көзқарасын білдіруі де ескерілуге тиісті. Алайда ненің қисынды екенін шешу – оңай мәселе емес. Біз авторлардың соңғы

идеяларды ескергенін және өз міндеттеріне толықтай жауапкершілікпен қарағанын да ескереміз. Бұл сілтемелерді мұқият зерттеуді талап етеді, өйткені олар негізгі мәтін сияқты танымдық сипатқа ие, мұнда тек пайдаланылған материалдар ғана емес, сонымен қатар автордың тәсілі, теориялық міндеттері мен интеллектуалдық қабілеті де байқалады.¹³

Жан-жақтылық химерасы

Бұл кезеңде үнемі деректерді таңдау және пайдалануға байланысты мәселелердің негізгі қырларын анықтағым келеді. Цифрлық материалдардың қолжетімділігіне орай, тарихшылар мен оқырмандар арасында жан-жақтылық химерасы кеңінен таралған. Осылайша егер жазба жеке адам туралы болса, онда автор ол жайында барлығын оқиды деп болжауға болады, бірақ кейбір, тіпті көптеген жағдайларда бұл мүмкін емес. Егер ауқымды тақырыптарды қарастырсақ, мұның мәні одан да айқын болады. Дегенмен зерттеу барысында кәсіби тарихшыларды белгілі бір маңызы бар мәселені тастап кеткен жоқпын ба деген ойдың мазалайтыны шындық. Біз өз зерттеу салаларымыз бен таңдаған тақырыптарымыз бойынша біліктілігімізді, шеберлігімізді көрсеткіміз келеді. Кітабымыздың кемшілігін жөндеп, оны жетілдіру мәселесіне айрықша назар аударамыз. Барлығын толығымен қамту мүмкін емес, әсіресе, ғылым көкжиегі кеңейген сайын зерделейтін тақырыптар ауқымы әлдеқайда көбейетіні белгілі. Жаңа ақпарат пен жаңа түсініктемелердің, сондай-ақ ғылыми жобаға өзгеріс енгізе алатын және өзгерте алмайтын жазбалар арасындағы айырмашылықты анықтап алған жөн. Цифрлық технология дәуірінде сапаны бағалау күрделі мәселе болса да, оның маңызы өте зор.

Алға жылжудың жалғыз жолы – зерттелуге тиіс тақырыптарды мұқият түрде іріктеу, оның талаптарына жауапкершілікпен қарап, әділ әрі ашық болу, сонымен қатар бағалаудың мойындалған түрлерін қолдану. «Мойындалған» деген сөз арқылы академиялық бағытта қажетті сапаны бақылауды жүзеге асыратын ғылыми сілтемелер тәжірибесімен байланысты әдістерді меңзеп тұрмын. Өкінішке қарай, бұл толық шешім емес, себебі жарияланымдар санының күрт өсуі ғалымдар сілтемелерден өздері қол жеткізе алмайтын еңбектерді кезіктіруі мүмкін екенін білдіреді. Сілтеме сапасын бағалау үшін әрбір сілтеменің кез келген тармағын тексеру мүмкін емес. Қалай болғанда да, тарихшылар меңгеретін тілдер әрқашан шектеу факторы болып саналады. Дегенмен негізгі қағидалар күшінде қала береді. Бұл қағидалар деректер мен оларды өңдеу процедурасын басқалар мұқият зерттей алатындай қолжетімді етуге және тексерілген сапаға сүйенуге негізделеді. Оқу мен жан-жақты жұмыс істеудің мақсаты – белгілі бір мағынадағы құндылық, ол тарихи білімнің сапасын арттырудың маңызын білдіреді. Бірақ жан-жақтылықтың соншалық күрделілігінен оған жету мүмкін болмаса, ол кедергі жасайтын идеалға айналуы мүмкін. Шынымен соңғы шешімді беретін кітаптар бар, жан-жақты және тиянақты мәліметтер беретіндіктен, мұндай туындылардың беделі жоғары болады.¹⁴ Мұндай басылымдарды шығару көп уақытты қажет етеді, бұған тіпті өз ісіне

шынайы берілген кейбір ғалымдардың да шамасы жете бермейді әрі олар ондай міндетті мойнына алмайды. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады, тарихи білімнің сапасы абсолютті критерийлер бойынша бағаланбайды, бірақ кез келген туындының авторына ықпал ететін мақсаттар, институттық талаптар, интеллектуалдық таңдау, жалпы шектеулер және тағы басқалар контекстік тұрғыдан бағалануы қажет. Әлбетте, кітап рецензенттері сияқты сыншылар бұл мақсаттардың ауқымды құндылығы мен іріктеу түрлерін талқылауға құқылы.

Бағалау құрылымдары

Тарихи жазбалардың дұрыстығын бағалау мақсатында құрылымдардың келесі жиынтығына өту барысында, тұжырымдамалық құрылымдар мен деректерге қатысты туындаған бірқатар мәселелерді байқауға болады. Құрылым – кез келген сипаттаманы қалыптастыратын интеллектуалдық негізді білдіреді. Бұл құрылым автор генеративті және негізгі ұйғарымдар деп есептейтін теориялық пайымдаулар мен тәсілдерден тұратын кешен болуы мүмкін, олардың басым бөлігі әбден қалыптасып кеткендіктен, сыни талдауға көп ұшырай бермейді. Жалпы, таңдап алынған тұжырымдамалық құрылым пайдаланылатын деректерге айтарлықтай әсер етеді немесе бұл деректер де ол құрылымдарға ықпал етуі мүмкін. Құрылым мен материалдар арасында өзара үйлесімнің болуы маңызды. Оқырман таңдалған құрылымдағы негізгі ұғымдардың дұрыс түсіндірілгенін және оларды пайдалану қаншалық маңызды екенін пайымдауы қажет. Авторлар басқаны емес, неліктен осы құрылымды таңдағанын және бәсекелес құрылымдардың күшті әрі әлсіз жақтары қандай екенін анықтаса пайдалы болады. Құрылымның қаншалық нақты екені кіріктірілген тарихи жанрға байланысты болуы мүмкін, себебі біз әртүрлі академиялық жазбаны алуан түрлі сипатта бағалаймыз. Мәселен, көлемі және түпнұсқа жағынан белгілі бір шектеулер бар журнал мақалаларында тарихи мәселені жылдам әрі оңтайлы шешу қажет. Мұндай жағдайда айқындық өте маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар тұжырымдамалық және теориялық мәселелердің тікелей немесе дәлелдер мен мысалдар арқылы шешілетіні не шешілмейтіні талғамға байланысты болады.

Тарихи тақырыптар мен стильдерге қызығушылық білдіретін оқырмандар әртүрлі болса, журнал мен кітап оқитын аудитория да әр алуан болуы мүмкін. Барлық мәтін оқырман туралы болжамдар бойынша құрастырылады. Осылайша тарихи білімге арналған туындының мәртебесі оны қалыптастырған жазба түрлерімен, яғни жанрмен де, жасырын аудиториямен де өзара байланысты болады. Егер құрылым өзгеше әрі нақты болса, онда оның пайдаланылған бөлігінің мәртебесі критерийді қамтитын бағалаумен байланысты болуы мүмкін. Сонымен тікелей марксистік сипатта жазылған мақала өткен бірнеше онжылдықпен салыстырғанда, қазіргі таңда күмәнді материал ретінде қабылданады, себебі мұндағы құрылым толығымен ескірмесе де, сыни әлеуеті әбден нашарлаған. Тарихи жазбаны бағалау көбінесе интеллектуалдық мәнердің ықпалына сәйкес сипатта болады. Соңғы уақытта кейбір салаларда және кейбір оқырмандар үшін марксизмнен

гөрі, психоанализдің интеллектуалдық мәртебесі жоғарылады. Әрине, психоаналитикалық теорияның бірнеше түрі бар, сондай-ақ оны өткенге қатысты қолданудың түрлі тәсілдері де бар. Оның бүкіл негізі сынға ұшыраса да, ол жоғары бағаланады, бұл – тез өзгеріп кетуі мүмкін жағдай. Алайда тарихшылардың көпшілігі бұған дейінгі құрылымды толық негізде қабылдамайды да, прагматикалық түрде өздерінің жеке құрылымдарын жасайды. Қалай құрастырылғанына қарамастан, құрылымдар жеке негізде әрі ауқымды контексте бағалануы керек.

Жазбаны бағалау

Тарихи пікірді бағалаудың үшінші тәсілі – тарихи жазба. Өкінішке қарай, тарих факультетінде оқитын студенттерге ғылыми мәтін жазудың қыр-сырын немесе әдеби стильдің академиялық мәтінге қалай ықпал ететінін үйрете бермейді. Оқырман зеріктіретін жазбаны оқудан бас тартып, өзін қызықтыратын туындыны оқуға ұмтылады. Сәтті теңеулерді, тамаша метафоралар мен тиімді ұқсастықтарды таба білу қабілетін бағалау қажет. Шын мәнінде, оңтайлы жазба – тарихи білімнің ажырамасы бөлігі. Олай деп айтуымызға төменде келтірілген екі мысал себеп. Біріншіден, бұл баяндаудың, нақтырақ айтсақ, ауқымды сипаттамалардың рөлі, олар күрделі оқиғаны баяндап қана қоймай, сондай-ақ жекелеген дәлелдердің қомақты жиынтығын мүмкіндігінше шынайы және пайдалы мәтінге біріктіреді. Бұл өте күрделі міндет, «үлкен нарратив» деп аталған жазу формасын идеологиялық тұрғыдан күмәнді деп санайтын кейбір тарихшылар арасында ол танымал болудан қалғандығын ескерген жөн. Ал өзге тарихшылар мұндай жазбаны кең көлемде жазады және сол бағытта елеулі жетістіктерге жетуде. Әдетте үлкен оқиғалар тарихшылар мен оқырманды қызықтыратыны белгілі. Мұның жарқын мысалы ретінде марқұм Барбара Такманды атап өтуге болады: түрлі тақырыптарда қалам тербеген осы жазушы екі рет беделді Пулитцер сыйлығына ие болды. «Ессіздік шеруі: Троядан Вьетнамға дейін» (*The March of Folly: From Troy to Vietnam*) атты еңбегінде көптеген ғасырлар бойы «үкіметтердің өз мүдделеріне қайшы келетін саясатты жүргізуі» туралы маңызды тақырыпты зерттейді. Сондай-ақ Кристофер Кларктың «Айкезбелер» (*The Sleepwalkers*) туындысы да жақсы мысал бола алады.¹⁵ Бұл туынды керемет үлгіде жазылған, тартымды сюжеттік желісі бар әрі тамаша үйлесімге құрылған еңбек ретінде бағаланады. Әдеби сапа, тың мәліметтер мен сенімді жалпы тәсілдің ұштастырылуы оқырманға айрықша ықпал ететіні сөзсіз.

Жазба сапасының айқын көрінуінің екінші мысалы – тарихшылардың оқырманның санасында жарқын бейнелерді қалыптастыруға қабілетті болуы. Бұл дегеніңіз, сипаттама мен қысқа әңгімені үйлестіру арқылы жүзеге асады.¹⁶ Жақсы жазылған тарихи жазбада түсінікті болуы үшін жеке бөліктер стратегиялық тұрғыдан пайдаланылады. «Сипаттама» сөзі жаңылыстыруы мүмкін, себебі бұл кейде ол тек не туралы екенін баяндайтын төмен деңгейдегі интеллектуалдық іс-әрекетті білдіреді. Шын мәнінде жүйелі сипаттама шеберлікті талап етеді. Ол тиісті мәліметті

іріктеу арқылы дәлелге өз үлесін қосады және ол ойдағыдай құрастырылған соң, оқырманды талдау тәсіліне алып келеді. Қысқа, бірақ қызықты оқиға немесе естелік тудыратын сипаттама үлкен тарихи жағдай туралы түсінік беруі мүмкін. Ол өткенді жандандырып, оны маңызды әрі қызықты етеді, сондай-ақ бұл оқырманға бейнелерді ойша құрастыруға және оған тамсана қарап әрі түсінуге көмектеседі.

Өткенді аудиторияға әсерлі етіп жеткізетін алуан түрлі құралдар баршылық, соның ішінде суреттер, карталар, диаграммалар мен графикалық әдістер де бар. Осындай тәсілдің бірі – тарихи реконструкция. Осылайша, бір жағынан, адамдар белгілі бір тарихи кезеңге сай киініп, сол уақыттың көрінісін бейнелейтін нақты тарихты көрініс арқылы сипаттау бар, екіншіден, бізде оқырманға тың идеялар ұсынып, тарихи процестерді анағұрлым жүйелі тұрғыдан түсінуге көмектесетін тамаша жазбалар бар. Мұнда тарихи білімнің екі түрлі ұғымы бар, дегенмен екеуі көп жағдайда визуалды және материалдық деректерге сүйенуі мүмкін. Бұл тәсілдер әдеттегідей әртүрлі аудиторияға бағытталған, бұл бізді тарихи білімнің алуан түрлері туралы ойлануға жететейді. Біріншісі, яғни визуалды дереккөз абстрактілі талдауға қызығушылығы және оны түсінуге деген қабілеті шектеулі балаларға бағытталған. Ересек көрермендерді өткен уақытпен байланыстыратын тарихи реконструкцияны бос уақытты тиімді өткізудің бір тәсілі ретінде пайдалану жақсы нәтиже бергенін айтып өткеніміз жөн.

Бұл жерде тарихи білімнің мәртебесі туралы жалпы тұжырым жасау қажет. Көп жағдайда өткен туралы сипаттамаларды жазбаша түрде жеткіземіз және тарих осы әдістер арқылы бағаланады. Дегенмен белгілі бір құбылысты тікелей сезіну ерекше мәртебеге ие: бұл – жанды тарихтың, телевизиялық деректі фильмдердің, сахналанған драмалардың және тарихи басылымдардағы иллюстрацияның басым бөлігінің алғышарты. Көркем фильмдердегі күрделі сипаттағы оқиғалардың көрінісі де дәл осылай қарастырылады. Бұл мәртебе кейбір ғалымдар тарапынан даулы (рационалды) пікір деп саналуы мүмкін, дегенмен суреттер мен оқиғаны қайта жаңғыртудың (эмоциялық) тартымдылығы өзгермейді және олар өз аудиториясына қандай да бір білім береді деп болжанады.¹⁷ Тарихшылар визуалдық және материалдық дәлелдерді, сондай-ақ тарихи тәжірибедегі түсініктер мен тәжірибенің рөлін зерттеуді ұштастырған сайын, тарихи білімнің мәртебесі туралы пікірталастар осы трендті ескеріп, оған бейімделетін болады.

Академиялық ортадағы тарихи білім алуан түрлі тәсілдер арқылы құрастырылады. Тарихи білімнің сапасын бағалау бұл процестердің қалай жұмыс істейтінін түсінуді мақсат етеді, сондай-ақ бұл кез келген байланыстың ажырамас бөлігі саналатын риторикалық әдістердің пайдаланылуын да қамтиды. Оның ықпалын бағалау үшін, алдымен, оларды анықтап, ара-жігін ажыратып және сыни тұрғыдан баға берген дұрыс. Тарихи жазбаның сенімділігі үшін оның сапалы болуының маңызы зор. Бұл, бір жағынан, өткен әлем туралы көріністі қалыптастыруға көмектесетін, мұқият түрде тандалған мысалдарды сипаттау әрі пайдалану қабілетіне байланысты деп пайымдадым. Олуэн Хафтон өз еңбектерінде жаңа заманның бастапқы кезеңіндегі, Еуропадағы кедейлікті және әйелдерінің барлық категорияларының өмірін, әсіресе олардың діни әрі қайырымдылық іс-әрекеттерін зерттеді.¹⁸ Автор архивтегі материалдармен жұмыс істеу барысында жинақтаған

мол тәжірибесіне сүйене отырып, нақты, маңызды әрі әсерлі мысалдарды пайдаланады, ал оның жазбасының сапасы ол өткенді артықшылықтары жоқ топтар тұрғысынан жақсы сезінетінін көрсетеді. Әйтсе де оқырманның әрекеті жекелей сипақта ие; үздік жазушыны анықтауда бірыңғай пікір болуы мүмкін секілді, тарихи жазбалардың сапасына да қатысты ешқашан бірауыздылық болмауы мүмкін. Хафтон өз еңбектерінде әйелдер мәселесі туралы көбірек жазғандықтан, әйел оқырмандар оны ерекше құрметтейді.¹⁹ Сонымен қатар Хафтон адамдардың қалай жұмыс істейтінін жақсы түсінетінін көрсетеді, мұның өзі барлық ұлы тарихи жазбаларға тән, ол автордың таңдаған құрылымдары мен пайдаланған деректерінен, сондай-ақ жазбаның өзінен байқалады. Мотивация туралы қарабайыр болжамдар



HOME ABOUT US GALLERY CLIENTS HIRING US JOINING US EVENTS SHOP CONTACT US
LINKS MEMBERSHIP FORMS CONQUEST BLOG PRIVACY POLICY CART (0)

Conquest is the premier (and original) Norman and Anglo-Norman re-enactment and living history society in the UK. We recreate aspects of life in high medieval Britain, from 1066 to 1307.



*Please note that this site is still under construction. so if some areas aren't quite finished, or you hit a dead link, please bear with us!
Thanks.*

Since being founded in the early 1990s, we have become one of the most successful historical re-enactment groups in the UK, and the leading society studying the period.

We take part in all sorts of re-enactment and living history events, large and small, educational and schools visits, TV, film, and museum projects.



5.2-сурет. Conquest Living History веб-сайтынан алынған скриншот

жасайтын тарихи сипаттамалар, мысалы, техникалық тұрғыдан жақсы хабардар және терең зерттелген болуы мүмкін, алайда ерекше қолдауға ие бола алмайды, себебі бұл адами тұрғыдан шындыққа жанаспайды.

Мамандар бұл мәселелер бойынша ортақ мәмілеге келген жоқ; аталмыш пәнде адамның табиғатында және тарихи түсініктемеде өзімшілдіктің басым болатыны туралы репродуктивтік болжамдардың кеңінен таралғаны қынжыларлық жағдай. Бұл мәселеде Натали Земон Дэвис сияқты тарихшымен салыстырғанда, айрықша қарама-қайшылық бола қоймас. Мысалы, ол Мартен Геррдің оқиғасы туралы пайымдарында жаңа заманның бастапқы кезеңіндегі жалғандық пен оның астарында жатқан бірегейліктің заманауи формаларының күрделілігін атап көрсетеді. Ол мотивацияның құбылмалы әрі өзгермелі екенін мойындайды; кейде оны талқылауға болатын болса, ол туралы ойлануға тура келеді. Дегенмен ол күдерін үзбейді және бірдене істеуге болатын мүмкіндікті мүлт жібермейді, яғни деректер, біздің тарихи қиялымыз, өте жақсы жазба және пәнге қатысты жинақталған түсінік жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әрекеттерді жоспарлайды.²⁰

Түсініктеме

Бұл тарауда тарихшылар қалыптастыратын білім түрлері, олардың бағалау тәсілдері мен критерийлерінің қалай әзірленіп, пайдаланылатыны зерделенеді. Білім туралы пікірталастардағы негізгі ұғым – түсініктеме. Философтар алуан әртүрлі салаларда қалыптасқан білім түрлерін салыстырып, бағалайды, кейде жаратылыстану ғылымдарын үлгі ретінде қолданады. Түсініктеме – күрделі термин және жалпылама немесе белгілі бір оқиғаларға қатысты нақты түсініктеменің қандай болатыны туралы бірыңғай пікір жоқ.²¹

«Түсініктеме» сөзінің мағынасына қысқаша тоқталып өтейік. Сөздіктегі анықтамалар бұл ұғымға белгілі бір құбылыстарды талдау, түсіндіру және пайымдау кіреді деп санайды. Тарихшылар бұл әрекеттердің барлығын сөзсіз орындайды. Олардың өткен оқиғаларды тамаша баяндайтыны соншалық, тіпті өткен туралы сұрақтарға нақты жауаптар табуға болады және осы арқылы тарихи құбылыстардың мәні айқындала түседі. Басқаша айтқанда, түсініктеме – интерпретацияның формасы. «Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» кітабының өн бойында мен тарихи интерпретация түрлі элементтерді, соның ішінде іріктелген деректер, оны пайдалану әдісі, тарихшылар қарастыратын контекстерді, оларды дайындауды, міндеттемелер мен дүниетанымды шебер үйлестіруден туындайды деп топшылаймын. Түсініктеме интерпретацияға қарағанда, анағұрлым қатаң әрі логикалық тұрғыдан күрделі процесті жүзеге асыруды меңзейді. Түсініктеме – білім түрлерін талдау, нақты пәндердің құбылысты зерттеуді іске асыруын бағалау және сол пәндер ұсынатын сипаттамалардың сапасы мен түрлерін салыстыру үшін пайдалануға болатын термин. Бұл – маңызды философиялық жаттығу. Алайда абстрактілі пікірталастар, әдетте маңызды екі мәселеге жауап береді. Біріншіден, бұған дейін атап өткенімдей, қанағаттанарлық түсініктеменің қандай болатынын

айқындайтын ортақ мәміле жоқ. Бұған кез келген сипаттамада тепе-теңдік шегінің қай тұста болуға тиіс екеніне қатысты әртүрлі пікірлердің болуы себеп.

Бұл айырмашылықтар теориялық міндеттемелер, эстетикалық артықшылықтар, идеология, сенім және тағы басқалардан туындайды. Екіншіден, түсініктемелің барабарлық дәрежесі сұрақтардың қалай тұжырымдалғанына ғана емес, жауаптар бағытталатын аудиторияға да байланысты болады. Егер білім беру процесінің әрбір кезеңіне бағытталған тарих оқулықтарын немесе монографияларда берілген тарихи дәлелдерді музейдегі заттармен салыстырсақ, бұл айырмашылықтар айқын көрінеді.

Әдетте тарихшылар өзгерістердің негізгі үлгілерінің шығу тегі мен табиғатын түсіндіруге және олардың себеп-салдарлық түсініктемелерін ұсынуға ұмтылады.²² Сондықтан студенттерге оқиганың бір-бірін жоққа шығаратын екі түрлі түсініктемесін бағалауды талап ететін емтихан сұрақтары кеңінен қолданылады. Тарихшылардың міндеті – Ренессанс дәуірі, Қытай революциясы, Рим империясының күйреуі және тағы басқа оқиғалардың не себептен болғанын көрсету. Бұл тарауды осы сұрақтардан бастамадым, өйткені, алдымен, тарихи дәлелдемелерді қалай бағалауға болатыны жайында түсінік беріп өткенді жөн санадым және бұл әрдайым белгілі бір контексте болатынын жеткізгім келді. Бұған дейін атап өткендей, бұл контекстің негізгі элементтеріне қолжетімді деректер, өзге де тарихи дәлелдемелер, адамзат табиғаты туралы болжамдар, мақсатты аудиториялар және тарихнамалық стиль жатады. Тарихнамалық стиль дәлелдер мен түсініктер туралы идеяларды қоса алғанда, көп дүниені қамтиды.

Өзекті тарихнамалық трендтердің бірі – себеп-салдарлық түсініктемелерге және соңғы жарты ғасыр бойы қойылып келе жатқан «неге» деген сауалға нақты жауап ұсыну мүмкіндігіне қатысты сенімнің жоғалуы. Тарихтың мойындалған түрлерінің ауқымы айрықша кеңейді, мұның өзі өткен уақытта қандай маңызды себептердің болғанын, яғни ең маңызды өзгерістерді қайдан іздеуге болатынын анықтауға келгенде жағдайды күрделендіріп жіберді. Сондай-ақ әртүрлі өзгерістер бірдей жылдамдықпен іске аспайтынын, айталық, кейбір саяси өзгерістер шұғыл түрде болуы мүмкін екенін, ал менталитет әдетте баяу өзгередінін мойындасақ, онда түсініктеме беруге қатысты күрделі жағдай туады. Біз бұдан былай себептердің саяси, экономикалық немесе әлеуметтік сипатта болғанын болжай алмаймыз, бірақ мұның бәрін жұмыс барысында көруге, олардың өзара бірі-бірімен және мәдени өзгерістермен, сондай-ақ әлемді түсіну мен қабылдау тәсілдеріндегі өзгерістермен байланысты екенін байқауға бейімбіз. Басқаша айтқанда, түсініктемелің жалпы қабылданған иерархиясы бұрынғыдай шындыққа жанасымды болып көрінбейді. Біз факторлардың кең ауқымды диаграммаларын жасауды қалайтын жалғыз себепке немесе себептердің бір түріне жүгінгенді ұнатпаймыз. Демек, «Ресей революциясының басталуына саяси факторлардан гөрі, экономикалық факторлар көбірек ықпал етті ме?» деген сияқты сұрақтар емтихан барысында пайдалану үшін тым-ақ жасанды, мәнсіз болып және терең пайымдауға септігін тигізе алмайтын сұрақтар болып көрінеді. Бізді саяси және экономикалық өзгерістермен қатар жүретін, өзінің табиғаты тұрғысынан анықтау қиынға соғатын психикалық өзгерістер көбірек қызықтырды. Әуелі, бір оқиға болады, содан кейін

онымен тікелей байланысты нәтижесі көрінеді дейтін себеп-салдарлық түсініктемеге деген сенім әлсіреп қалды. Ол тым айқын және бірөлшемді болып көрінеді. Мұнда бір-бірімен өзара байланысты үш мәселе бар: айқын себеп-салдарлық байланыстарды, әсіресе мәдениет ескерілген жағдайда тәжірибеде анықтаудың қиындығы; біртекті түсініктемелерге деген сенімнің азаюы; қоғамның саясат пен экономика сияқты әртүрлі қырларын бөлу оңай емес екендігін сезіну.²³

Тағы екі мәселе себеп-салдарлық байланыстар мен тарихқа қатысты ұстанымның өзгеруіне байланысты болуы мүмкін. Біріншісі редукиционизмге қатысты: тарихшылар көпфакторлы түсініктемелерге тоқтағаннан кейін бір немесе шектеулі себептерге мән беру, олар үшін тым қарабайыр болып көрінеді. Басқаша айтқанда, себеп-салдарлық түсініктемелер күрделі тарихи құбылыстарға қатысты алғанда, көпшіліктің қолдауына ие болатындай жеткілікті деңгейде дәлелді емес және тым қарапайым болып көрінуі мүмкін. Өткеннің күрделілігі туралы тарихшылардың табанды пікірлерін келемеждеу оңай, алайда мұның өзі пәннің негізгі қағидасы және оны кең интеллектуалдық контексте қарастыру керек. Атап айтқанда, біз жеке мүдделерден тыс және психологиялық тұрғыдан сенімді адам мінез-құлқының қанағаттанарлық түсініктемелерін іздейміз. Мысалы, психоанализге қызығушылықтың артуы адам әрекетінің сипаты мен ауқымынан хабардар болу деңгейін жоғарылатты. Тіпті осы саланы ұнатпайтындардың өздері де оның идеяларын пайдаланады. Бәлкім, жеке тұлға мен мәдениеттің өткеніне, сондай-ақ негізгі теоретиктердің тарихи дәлелдерге сүйену тәсілдеріне қатысты алғанда, психоанализдің өзі де тарихи пән екенін ескеру жөн болар. Тарихшылар арасында жады және оның табиғатына деген қызығушылықтың күрт өсуі, көбінесе психоанализдің тарихи аспектілері мен қоғамдық бейнесіне байланысты еді. Мысалы, Фрейд тарихи зерттеуге айрықша қызығушылық білдірген. Осылайша психоанализді тарихи сала ретінде қарастырып, жадының табиғаты мен мазмұнын, өткеннен қалған мұраларды, тарихи тұрғыдан тұрақты рәміздер мен мәдени материалдарды бейсаналық сипаттың дәлелі ретінде қарастырады.²⁴ Постмодернизм, постструктурализм және сыни теорияның ықпалының нәтижесінде антиредукиционистік трендтердің күшеюі мен адам ақыл-ойының күрделі әрі алуан түрлі болатыны ғана емес, сондай-ақ оның әрекет ету қабілетіне де баса назар аударылды. Мәселе іс-әрекетті алдын ала болжау мүмкін еместігінде, ол – бүлдіру әрекетінің, бұрмалаудың және рақатқа бөленудің қуаты.²⁵ Адамның өмірлік қарекетінің нәтижелеріне деген тиянақсыз көзқарас, негізінен, біз жарамды және қанағаттанарлық деп қарастырып жүрген тарихи түсініктемелердің туындауына септігін тигізді.

Себеп-салдарлық байланыс пен тарихқа қатысты екінші мәселе де тура осы бағытта өрбиді. Деректердің жаңылыстыруы әрі бұрмалауы мүмкін екенін айттып өттім. Өңделмеген материалдар неғұрлым күрделі болған сайын, нақты себеп-салдарлық түсініктемелерде шынайы сенімді қалыптастыру соғұрлым қиын болады. Деректердің күрделі, шытырман сипаты кейбір тарихшыларға кедергі келтіреді, сондықтан әдеттегідей іске кіріспес бұрын осы мәселелерді реттеп алуы керек. Бұл жағдайда нақты сипаттама қажет, алайда, ең алдымен, барлық қиындықтарды жою керек. Ал кейбір тарихшылар үшін бұл жағдай керісінше адам сана-сезімі мен қоғамның қалай жұмыс істейтінін көрсететін нәтиже болып

саналады және сол себепті құнды. Адамның өмір жолы қарапайым емесі белгілі, сондықтан егер автор қандай да бір бұрмалаушылықтан бейхабар болса, кез келген сипаттама, мейлі, ол бастапқы немесе қосалқы болсын таңдамалы, тіпті біржақты болатыны сөзсіз. Соған орай тарихи білімнің мәртебесі біз ойлағаннан әлдеқайда күрделі мәселе.

Деректерге қатысты туындайтын қиындықтарды мойындау – бұдан да кеңірек әрі жасанды дерек сияқты тақырыптарға алып келеді. Тарих тәжірибесіне қатысты алаяқтықтың бірқатар аспектілерін тиімді түрде анықтай аламыз. Біріншіден, деректердің ойдан құрастырылуы немесе белгілі бір мақсатта әдейі не абайсызда түзетілуі мүмкін. Бұл салыстырмалы түрде оңай болуы ықтимал және мұны әрдайым естен шығармаған абзал. Екіншіден, деректер жаңылыстыру, алдау мақсатында бұрмалануы мүмкін. Бұған Гитлердің күнделігі жақсы мысал бола алады. Танымал тарихшылар оның түпнұсқалығын анықтағаннан кейін, оның ойдан құрастырылғаны дәлелденді.²⁶ Мұндай алдау әрекеті ақша табу мақсатында болуы ықтимал. Үшіншіден, тарихи интерпретация процестері соншалықты даулы болуы мүмкін, сондықтан біз алаяқтық және екіжүзділік сияқты сөздерді қолдануға мәжбүрміз. Бұған Холокост оқиғасының шындығы туралы дәлелдер мысал бола алады.²⁷ Мәселен, өлтірілген еврейлердің саны туралы қалыптасқан пайымдауларға күмән келтіретін оңшыл ревизионистік позицияны ұстанатындар қолда бар дәлелдерді ескеруі және сол арқылы түсіндіру мен жалған ақпарат туралы пікірталастарға қатысуға тиіс. Төртіншіден, тарихшылар өткен кезеңдерде жасалған алаяқтық әрекеттерге көбірек қызығушылық таныта бастады. Мысалы, Натали Дэвистің пікірінше, алдау-арбау тарихи тұрғыдан алғанда, ерекше тақырып саналады, сондықтан бұл тақырып құнды тарихи мәлімет ұсынады. Сайып келгенде, бұл тақырыпқа қызығушылықтың астары тереңде жатыр. Мұндай істерге күрделі құқықтық процедуралар жатады, соларды зерттеу арқылы біз басқа қоғамдардағы дәлелдер туралы көзқарасымызды қалыптастырып, олардың дәлелдеу стандарттары туралы ой-түйінін жасаймыз және олардың жеткілікті түсініктеме туралы ойларын қарастыра аламыз. Бұл біздің тарихи құжаттарды өзірлеу ісін анағұрлым терең түсінуімізге мүмкіндік береді. Осылайша алаяқтыққа қатысты алаңдаушылық тарихтың тәжірибесі мен одан туындайтын білім туралы ойлануға түрткі болады. Бұған түсіндірудің күрделілігі, себеп-салдарлық байланыстар, дәлелдер мен интерпретация туралы тарихшылардың ой-пайымдары арқылы қол жеткізе алады.

Пайымдау және сенім

Осыған дейін айтқандарымды «пайымдау» тұрғысынан өзгерте аламын. Тарихшыларға қазіргі таңда тарихтың пайымдау өлшемі бар екені туралы идея қолайлы болып көрінеді, ол жеке практик мамандардың әлсіздігінен туындамайды, бұл пәнге кіріктірілген жайт. Бұдан түсінгеніміздей, тарихшыларға гипотезамен қатар, эвристикалық тәсілдерді, яғни ойлануға мүмкіндік беретін жорамалдарды пайдалану тиімді. Бұл контрфактілерге деген қызығушылықты тудыруы мүмкін. Бұл – осы терминнің мәні бойынша бұрыннан белгілі нәтижелерден бас тарту

және альтернативтік жағдайларды теориялық жағынан зерттеу. Егер тарих жазушылар мен кейбір тарихшылар арасында ғана танымал болса не болар еді? Ал егер жаулаушы Вильгельм 1066 жылы Гастингс түбіндегі шайқаста жеңіліс тапса не болар еді? 1453 жылы Константинопольды түріктер басып алмағанда не болар еді? Ал егер Австралия құрлығын басқа уақытта және өзге адамдар ашса ше? Ал егер Америкадағы азамат соғысында Оңтүстік аймақ жеңіске жетсе не болар еді? Мұны ұзақ уақыттан бері көңіл көтеру үшін ойналған ойын ретінде қарастыруға болады. Бүгінгі күнгі бұл болжамдардың танымалдығы оның тартымдылығын көрсетеді. Кәсіби тарихшылар контрафактілерді өткен кезендерде әрекет еткен факторларды анықтау үшін пайдаланады. Жалпы мұндай тәсіл санаулы адамның күші мен шектеулі оқиғалардың маңызы туралы тысқары пікірлерді бекіте түседі. Кейбір тарихшылар оны тарихи талдауды жетілдіруге арналған әдіс ретінде пайдалануға болады деп санайды, дегенмен бұл жерде идеологияның қатысы жоқ деу – күмәнді мәселе. Ол тарихи және көркем шығармалардағы ұлы адамдар мен саяси қайраткерлердің әрекеттеріне артықшылық беретін тарихтың дәстүрлі тәсілдерін қатаң сынға алады.²⁸

Бұл түсініктің мәнін нақтылау үшін оның қарама-қарсы тұжырымдарды қарастыру қажет. Бұл тараудағы басты ұғым тарихи білім болды, сол себепті тарихи білім деп саналмайтын түсініктерді қарастырған дұрыс. Мұнда келесі үш терминді атап өткен жөн: пікір, идеология және миф. Біз адам немесе адамдар тобының не ойлайтынына назар аудартқымыз келгенде, «пікір» сөзін, әдетте оны растайтын нақты дәлелдемелік негізге сүйенбей-ақ пайдаланамыз. Кез келген тарихи білімді «пікір» деп атау мұның жеткілікті түрде дәйектелмегенін білдіреді, бұл – бар болғаны жеке көзқарас. Оны «идеология» деп атау басқа тұжырымға, атап айтқанда, оған белгілі бір бейілділік, саяси мотивация ретінде қалыптасқан нық сенімге негізделгенін меңзейді. Мұнда дәлелдемелер туралы мәлімдеме жасалып отыр. Идеология жағдайында дәлелдер болуы мүмкін, алайда олар тарихшының болжамдары, тілектері мен мүдделері негізінде қалыптасады, міне, оған қойылатын басты айып та – осы.

Ал миф – айрықша күрделі ұғым. Миф көп жағдайда күшті эмоциялық құрамдас бөлігі бар белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу үшін ойдан құрастырылған оқиға, әңгімені қамтиды. Мифті кейде әңгіменің құрастырылғанын, қаншалықты тартымды болса да, мұның берік негізі жоқ екенін түспалдау үшін пайдаланамыз. Бұл жерде сөз тағы да дәлелдер туралы – мифтер сенімді оқиғалар қалыптастыру үшін сенімді дәлелдерді қажет етпейді. Интернет тарихи аңыздарға толы және олардың беделін түсіруге немесе күшейте түсуге тырысады. Біз «миф» сөзін тарихқа қатысты мүлде басқа мағынада пайдаланамыз. Кейде тарихи мифтерді сөз еткенде, біз олармен дауласудан гөрі, олардың өткен заман туралы белгілі бір көзқарастарға қуатты ықпал жасайтынына айрықша мән береміз, өйткені осы ықпал оларға пікірталастар мен өзгерістерге қарсы тұруға күш береді. Бұған белгілі бір батырлардың шығуы мен ұлттардың қалыптасуы туралы оқиғалар мысал бола алады.²⁹ Демек, мифтер – қарабайыр, ықшамдалған әрі сендіру қабілеті бар әңгімелер. Басқаша айтқанда, тарихи мифтерді білімнен гөрі, сенім деп қабылдаған дұрыс.

Тарихи білімге қайшы келуі мүмкін терминдерді талқылау осы тарауда қарастырылған мәселені анықтай түседі. Әркімнің сенімі, идеологиясы және эмоциялық құштарлығы болғандықтан, осы ретте тарихшыларға кінә тағып, оларды сөгу дұрыс емес деп санаймын. Алайда білім – пікірден өзгеше құбылыс ретінде қарастырылады, өйткені ол дәлелдерді қатаң пайдалануға негізделген. Бәлкім, дәлелдерді барынша ой елегінен өткізетін және білім туралы пайымдаулар қалыптастыратын кәсіби тарихшы мен маңызды сенімді ұстанатын әрі бұған ерекше құрметпен қарайтын адамның арасында қайшылық бар шығар? Шынында да қайшылық анық байқалады. Іс жүзінде өз-өзіне сенімді тарихшылар нақты мәселелерді анықтай отырып, тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Тепе-теңдік пен парасаттылыққа ұмтылу әсерлі болып көрінбеуі мүмкін, бірақ бұл, бір жағынан, сенімділікті талап етпестен, екінші жағынан, жалпы эпистемологиялық талаптар қоймай-ақ, тарихи білім деп санауға болатын сипаттамаларды құрастыруда маңызды рөл атқарады.³⁰

Өткел

Тарихшылардың қалай жұмыс істейтінін және пәннің көптеген контексте қалай қалыптасатынын жете түсінбей жатып, тарихи білімнің мәртебесі туралы ақылға қонымды мәлімдеме жасау мүмкін емес. Бұл кітапта осы екі мәселе де қарастырылады. Тарихтың тәжірибесі – күрделі мәселе және тарихшылар өз жұмыс істеу мәнерінде көпқырлы әрі прагматик деп санаймын. Сол себепті тарихи білімнің мәртебесін абстрактілі, философиялық тұрғыдан қарастырмаймын. Мен «ақиқат» пен «объективтілік» – біздің мақсаттарымыз үшін ең пайдалы ұғымдар емес, ал сенімділік, ашықтық және парасаттылық анағұрлым маңызды болып саналады деген пікірді ұсынамын. Бұл деректердің де, оларға сүйене отырып құрастырылатын сипаттамалардың да шектеулі екенін мойындауға көмектеседі. Келесі тарауда тарихшылардың өз тәжірибесінде пайдаланатын машықтарды бағалауды егжей-тегжейлі зерделейміз.

Алдағы тарауда кезеңдеу мәселесін қарастырамын, бұл – тарихтың тәжірибесі үшін іргелі тақырып. Кезеңдеу – өткен замандарды нақты анықталған бөліктерге бөлу тәсілдері, ол ғылыми және қоғамдық ортада тарихи идеяларды, мекемелер мен жарияланымдарды ұйымдастыру үшін пайдаланылады. Кезеңдеу түсініктеме мен түсіндіруді қамтиды. Біз бұл мәселелерге сенім артқанымыз соншалық, тіпті тарихи білімді онсыз елестету мүмкін еместей көреміз. Кезеңдеу мұқият әрі сыни талдауды қажет етеді және бұл тақырыпты зерттеу барысында кезеңдеу тәсілінің тарихшылардың контекстіне байланысты екеніне тағы бір мәрте көз жеткіземіз.

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Кезеңдеу

Тарихи тәжірибені кезеңдерсіз қарастыру мүмкін емес. Өткенді түрлі тәсілдер арқылы бөлшектеуге болады, олардың тарихи жазбаға ықпалын мойындап, өзіндік салдарын бағалауымыз қажет. Бұл тарауда кезеңдерге қатысты терминдер мен олардың мағынасы қарастырылады және кезеңдеудің тарихшылар үшін қаншалықты маңызды екені зерделенеді.

Тарих және уақыт

Тарих – өткенді жүйелі түрде зерттеу, ал уақыт – оның негізі. Уақыт – философтар, физиктер, геологтар және астрономдар мұқият талдайтын күрделі ұғым. Тарихшылар бұл түсінікке тәжірибелік тұрғыдан қызығушылық білдіреді, себебі оларды уақыт ағынының адамзат қоғамдарына тигізер ықпалы қызықтырады. Әлбетте, бұл ықпалдардың әртүрлі болатыны сөзсіз; оның болжалды заңдылықтары жоқ, ал өзгерістердің жылдамдығы тек соғыстар және революциялар сияқты нақты жағдайларға ғана байланысты болумен шектелмейді, сондай-ақ олар өлеуметтік формацияның қай аспектісі күн тәртібінде тұрғанына да байланысты болады. Мысалы, саясат пен басқару тәжірибесі өте жылдам қарқынмен, апта, күн, тіпті сағат сайын өзгереді. Ал балаларды тәрбиелеуге қатысты көзқарастар, тәсілдер және діни наным-сенім әлдеқайда баяу өзгереді. Уақыттың ықпалын бағалау және үзілмелі кезеңдерге атау беру – негізгі тарихи міндеттер қатарына жатады. Осылайша тарихшылардың маңызды жұмыстарының бірі – тарихты кезеңдерге бөлу. Кезеңдеу терминін түсініксіз тарихнамалық болжамдарға толы уақытқа қатысты мәселелерді зерделеу үшін ыңғайлы қысқарту ретінде пайдаланамыз.

Уақыттың негізгі өлшемдерін, яғни сағат, күн, апта, ай және жылды тарихшылар ойлап тапқан жоқ. Олар уақыт өлшемдерін іргелі, түсінікті құрал ретінде

пайдаланады және олар бұл өлшемдерді қосымша таңбалармен белгілей отырып, мән-мағына береді. Мысалы, Даниэль Дефо «Оба жылының жазбаларын» (*Journal of the Plague Year*) 1665 жылы оба жайлағаны туралы куәгердің ойлап тапқаны бойынша жазған. Тарихи тәжірибе біздің кезеңдер туралы ойлануымызға септігін тигізетін уақыт туралы түсініктермен, күнтізбелік жүйелермен, метафоралармен және идиомалармен тығыз байланысты. Бұлар – біздің ақыл-ой құралдарымыздың бір бөлігі. Өзгелер сияқты біз де, бұдан хабары жоқ адамдай, «белгісіздік дәуірі», «капитализмнің алтын ғасыры» немесе маған қатты ұнайтын «ханымдардың ұлы ғасыры» сияқты ұғымдардың астарында қандай мағына жатқанын сұрай аламыз ба?¹ Мұндай тіркестердің астарында жасырын тарихи болжамдар жатыр.

Кезеңдер туралы түсініктер мен оларды бейнелейтін жағдайлар алдыңғы буындардан мұра болып қалған және балалық шақта кездеседі; олар өткеннің қалай бөлшектенуге тиіс екенін ғана емес, сонымен қатар оны түсіндіру туралы да іргелі түсініктерімізді қалыптастырады. Қалыптасқан кезеңдердің шартты терминдерінің жаңаша ойлауға қаншалықты кедергі келтіру мүмкіндігіне орай бұл сөтсіз мұралар болуы мүмкін. Кезеңдеу арқылы тарихқа деген белгілі бір көзқарастар бекітіледі, сондықтан оларды сыни тұрғыдан зерделеу күрделі болмақ. Дегенмен жаңашылдық енгізілуі мүмкін, бұл жаңа метафоралар мен деректерден, сондай-ақ жаңаша түсіндіру тәсілдері мен нәтижелерден туындайды.


2001 жылғы 11 қыркүйекте болған оқиғалар кезеңдеуге қатысты бірқатар мәселелерді нақты көрсетіп берді. Аталған оқиғалар көп жағдайда «9/11» деп аталады, бұл айды күннің алдына қоятын Солтүстік Америкадағы даталау форматына сай жазылған, ал ағылшынтілді әлемнің өзге бөліктерінде бұл формат пайдаланылмайды. Шын мәнінде «9/11» нені білдіреді? Бұл, әрине, Америка Құрама Штаттарында сол күні болған зорлық-зомбылықпен байланысты бірқатар оқиғалар үшін ыңғайлы белгі. Бірақ бұл көптеген мәселелерді, атап айтқанда, әлеуметтік, географиялық, діни, саяси және экономикалық терминдер арқылы сирек анықталатын топтардың арасында сенімсіздік пен өшпенділіктің туындауын бейнелейді. «Террор» және «ислам» сияқты терминдер аса күрделі құбылыстарды қысқарта бейнелеу үшін кеңінен пайдаланылады. Қазіргі таңда бұл ықпалды терминдерге айналды, әрі оның нақты анықтамасы жоқ және олар эмоцияларды айла-шарғымен басқару үшін пайдаланылады.

«9/11» дармалық символ саналса да, көптеген адамдар оны тарихи тұрғыдан, яғни мұның алдындағы оқиғалар және процестер арқылы түсіндіру қажет екенін мойындайды. Дегенмен оны түсіндіру үшін қаншалықты шегініс жасау керек және ол мүмкін бе? Крест жорығына шегініс жасау керек пе? Әлде ХХ ғасырдың басына ма? «Қырғиқабақ соғыс» түсінігі тәрізді «9/11» түсінігі де көрініс тапқан тарихи процестердің формасы айқын болмауына және баяу өзгеруіне қарамастан, бұл түсініктер жақын арада өткен оқиғаларды түсінуде маңызды рөл атқарады деп болжаған жөн сияқты.² Бернард Льюис «Қай жерден қате кетті? Батыс мәдениетінің ықпалы мен Таяу Шығыстың оған берген жауабы» (*What Went Wrong? Western Impact and Middle Eastern Response*) атты еңбегі шабуыл кезінде баспада жатқан, демек, «9/11» оқиғасына тікелей қатысы жоқ кітабында түсіндіргендей,

«дегенмен бұл кітаптың... осы шабуылдарға қатысы бар, өйткені онда ертеректе болған оқиғалар, осы қайғылы жағдайларға алып келген ұзақмерзімді әрі ауқымды оқиғалар, идеялар мен қатынастар зерделенеді». Оның зерттеулері көптеген ғасырларды қамтиды.³ Том Рокмор Б.Льюистің бұл тәсіліне сыни тұрғыдан қарайды, оның ойынша, кезеңдеу туралы нақты ой түйіні бар сенімді тарихи білім кез келген қанағаттанарлық түсіндірме үшін іргелі негіз болады.⁴

Осылайша кезеңге қатысты терминдердің өзіндік күрделі тарихы мен эмоциялық аурасы бар, олар әртүрлі уақытта және түрлі мақсаттарда қолданылған, ал олардың кейбіреулері ашық түрде біржақты қолдау сипатына ие. Бұл терминдерді бақылау мен түсіну тарихи тәжірибенің маңызды бөлігі саналады. Алайда тарихшылар өткенді қалпына келтіретін осы процестерге қатысатын жалғыз топ қана емес. Тарихты жүйелеу ісінде саясаткерлер, жазушылар, суретшілер, режиссерлер мен музей сияқты мекемелер де маңызды рөл атқарады. Дегенмен тарихшылар тарихтың түрлерін нығайтады және өзгертуге көмектеседі, әрі оны басқаларға түсінікті болатындай етіп жүзеге асыруы керек; әйтпесе кезеңдердің атаулары мен олардың астарындағы түсініктердің мағынасы болмайды.⁵ Бұл атаулардың астарында түсініксіз тарихнамалық жорамалдар бар екенін атап өттім, сонымен қатар оның өзге замандар туралы да хабар береді. Бұған төмендегі мысал дәлел болады. Ағылшын тарихында 1649 жылы король I Карлдың қайтыс болуы және 1660 жылы II Карлдың қайта таққа отыруы арасындағы уақытты «патшалықтар аралығы» деп атау – бұл аралықты екі монарх арасындағы үзіліс ретінде көрсету, сонымен қатар монархиялық биліктің қалыпты жағдай екенін және монархияның сабақтастығы Британ қоғамының маңызды белгісі болып қала беретінін білдіреді. Осы кезеңнің көп бөлігінде Оливер Кромвель король болмаса да, елді «биледі». Керісінше, «Достастық» түсінігіне мән беру Англия 1649–1654 жылдар аралығында республика болғанын меңзеп, мүлде басқаша әлеуметтік және саяси тәртіп бойынша жүзеге асырылған тәжірибелерге назар аударады. Кезеңдерге қатысты терминдерді таңдау тек интеллектуалдық іс-әрекет қана емес, бұл саяси-эмоциялық міндеттемелер мен эстетикалық ілтипатты да қамтиды. Тарихшылардың жанды қиялы олардың іске асыратын ойлау әрекеттерімен тығыз байланысты.

Атаулы күндерді тіркеу және күнтізбелерді өзірлеу – бұл қызметтің ежелден келе жатқан түрлері, оларсыз тарихи тәжірибе мен кезеңдеуді жүзеге асыру мүмкін емес.⁶ Уақытты өлшеудің бір-біріне қарама-қайшы екі аспектісі бар. Ол шіркеу, мемлекеттік, құқықтық және әкімшілік жүйеге қызмет етуді мақсат еткен еді. Сонымен бірге бұл уақыт өлшеуді астрономиялық қағидаларға негіздейтіндіктен де объективті сипатқа ие, сондай-ақ ол оқиғаларды нақты әрі әділ түрде тіркеуге тырысады. Даталар, хронология және кезеңдеу түрлері бұрынғыдай айтарлықтай құнды мәліметті ұсынатындай көрінеді, бірақ олай емес. «Мин вазасы» деген сөз тіркесі және бояу өндірушілер қолданатын кезеңдер мен түстер арасын байланыстыру кезеңге қатысты терминдердің мәдени тұрғыдан қаншалықты күрделі екенін аңғартады.⁷ Болжамдар жазба процестерге кіріктірілген, тарихи кейіпкерлер тіпті қарапайым хронологиялық ақпаратқа да ерекше серпін береді, ал тарихшылар мен өзге зерттеушілер өз еңбектерінде оқиғалар мен дәуірлердің маңызын көрсетеді. Уақыт бірлігінің тарихи интерпретацияны қалай қалыптастыратынын,



6.1-сурет. Тұтқындар күнтізбесі...

Ұзындығы – 51 см, ені – 20 см, Ньюкасл, 1833, RM5 PFC.20.41

«Күнтізбе» сөзі тізімдегенді, сондай-ақ күндер мен айлардың кестесін білдіруі мүмкін, осы мағынада ол құқықтық контексте қолданылады. Мұндағы жеке тұлғаға қатысты мәліметтер аса қызықты. Мэри Торнтон өз баласын өлтіруге әрекеттенді деп айыпталуда, бұл аса ауыр қылмыс, ал өзгелері ұрлық жасағаны үшін жауапқа тартылуда. Бұл – ұзақ сақталмайтын эфемерлік зат. Бұл сотта қаралатын қылмыстық істер туралы ғана емес, сонымен қатар олар туралы мәліметтің қалай таралғаны жайында да нақты түсінік береді. Эфемерлер коллекционерлер арасында ерекше сұранысқа ие болған, қазір де солай.



6.2-сурет. Көк түспен безендірілген әшекейлі фарфор тәрелке

Диаметрі – 28,4 см, Цзянси провинциясы, Қытай, Мин әулеті, Сюаньдэ (Чжу Чжаныңзи) патшалық құрған уақыт, 1425–1435 жж., DUROM.1969.275

1368 және 1644 жылдар аралығында билік құрған Мин әулеті әсем фарфор бұйымдарымен танымал және бұл ақ және көк түсті стилдегі ыдыстың жарқын мысалы. Мин Еуропаға кең көлемде әкелінген бірінші фарфор өнімі болды. Аталмыш әулеттің билік құру уақыты Қытай тарихында алтын заман болып саналады. Бұл туынды саясаткер, отаршыл әкім және керамика жинаумен айналысқан коллекционер Мальколм Макдональдтың коллекциясынан алынған, соның құрметіне осы атаумен аталады. Ол Қиыр Шығысқа көп саяхат жасаған. Мұндай заттардың шығу тарихы коллекция жинау мен талғам үлгілеріне және халықаралық қатынастарға қатысты мәліметтер береді.

бұл көбінесе кездейсоқ сипатта болатынын түсіне отырып, сондай-ақ біз өзіміз үшін маңызды ету мақсатымен дайын үлгілерді өткенді түсіндіруге қолданатынымызды сезіне отырып, тарихшылар хронологиялық ақпараттың нақтылығына күмәнмен қарауы керек. Бұл факторлардың барлығы жүргізілген зерттеу түрлерін

анықтайды, мысалы, ғалымдарды белгілі бір кезеңдерді зерттеуге жұмылдырып, ал өзге кезеңдерден алшақтатып, олар кейбір дәуірлердің әсерлі әрі тартымды, ал өзгелерін күнгірт, қызықсыз, біртүрлі болып көрінуіне мүмкіндік береді. Бұл өткенді зерттейтіндер өздерінің зерттеу нысандарын күрделі тәсілдермен анықтау себебінен туындайды. Бұл кезеңдерді сипаттау мен қарастыру тәсілдері осы бірегейлендіру процесінің маңызды бөлігі саналады, себебі бұл әртүрлі эмоциялық және интеллектуалдық деңгейде жүзеге асырылады.

Өткен уақытты кезеңге бөлу

Тарихтың түсінуге лайықты жеке бөліктерін жасау, ойымызды жүйелеу, жазбалар мен тарихи көзқарастар ұсыну үшін өткенді кезеңдеуге болатын бірқатар критерийлері бар. Кезеңдеу бір-біріне сәйкес келетін және әртүрлі тәсілдер арқылы пайдалануға болатын бірқатар таксономиялық жүйелерді қамтиды. Біз мұндай жағдайлармен таныспыз, мысалы, иттердің контекстке орай әртүрлі жіктелетінін, зоологиялық контексте өсіру, көрмеге қою, тамақтандыру және өзге тәжірибелік мақсаттар контексінде, мәселен, үретін немесе қабатын не болмаса үрмейтін не қаппайтын қасиеттері бойынша әртүрлі топқа бөлінетінін білеміз. Әрбір критерий түрлі жағдайға баса мән береді және әр алуан мақсатта қолданылады, оның маңызы контекстке байланысты болады. Дегенмен үй жануарын таңдау кезінде жүйелеуді икемді әрі тиімді түрде біріктіре аламыз. Ал өткенді жіктеу мәселесі күрделірек, өйткені ол саяси, эстетикалық, идеологиялық тұтас қоғамды айқын көрінбейтін бағалауды қамтиды. Біз оны «антропоцен» терминін қолданған кезде байқаймыз, бұл адамдар қоршаған ортаға әсер еткен кезеңге қатысты және оған климаттың антропогендік өзгеруіне алаңдаушылық білдірген уақытта айрықша назар аударылады. Бұрыннан келе жатқан жалпы бөліністер билеушілер немесе әулеттер, негізгі оқиғалар не болмаса жеке адамдар, дәуірлер, ғасырлар, онжылдықтар не мыңжылдықтар, басқару түрлері, мәдени стильдер, көңіл-күй мен үлгілерді қамтиды.

Билеушілер мен әулеттер бөліністің ең айқын және жиі қолданылатын түрлері саналады, олар саяси тәртіптің басымдығына сәйкес, басқару ісіндегі көшбасшылықты негізгі құбылыс ретінде қарастыратын бұрыннан бар ғылыми дәстүрді көрсетеді. Бұған Тюдор, Георг және Виктория (Англия), Бурбон мен Наполеон (Франция), Каролингтер (Қасиетті Рим империясы), Вильгельмина (Германия), Осман (жаңа заманның ерте сатысындағы Түркия) әулетін мысал ретінде қарастыруға болады.⁸ Осылайша билеуші немесе билеушілердің отбасы белгілі бір кезеңді бейнелейді, бұл кезеңде мемлекетті басқарушы әртүрлі тарихи құбылыстардың басын біріктіретін тәрізді болып көрінеді. Саяси белсенділік туралы да пікірлер бар: Маолық Қытай, Сталиндік Ресей, Муссолинидің Италиясы, Франкистік Испания және Пиночеттік Чили, бір қарағанда, нақты бір ұлттың белгілі бір заманының сипаттамасы саналады, бірақ іс жүзінде олар режимнің ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғамға ықпал еткен тұлғаның үстемдігін білдіреді.

Мұндай тұжырымдаманың авторитарлық режимдерге айрықша қолайлы болуы кездейсоқтық па? Билеушілер мен әулеттерді пайдалану кезеңге көбінесе билеушілердің жеке басына қатысты символдық деңгейде жүзеге асырылатын біртұтастық сипатын береді, Адольф Гитлер ғана емес, сонымен бірге оның жеке басына қатысты үзік бейнелер, мысалы, оның мұрты, амандасу символы ол басқарған тұтас режимді есімізге салады.⁹ Абсолютизм және оның «күн король» аталған XIV Людовиктің жеке басында бейнеленуі де жоғарыда келтірілген мысалды бекіте түседі.¹⁰

«Викинг», «саксон» немесе «норман» сияқты ұқсас ұғымдар кезеңдерге қатысты қолданылғанда біріктіруші мағынаны білдіреді. Сонымен қатар бұлар кейде тіпті ешқандай негізсіз киім және дизайн сияқты ерекшеліктермен байланыстырылуына орай бұл ұғымдар тұтас мәдениетті қамтитынын аңғартады, өйткені тағы бір мағынасына сай, бұл ұғымдар этникалық топқа негізделген саяси үстемдікті сипаттайды. Тек билеушілер мен үстем топтар ғана емес, сонымен қатар таңдаулы көшбасшылардың есімі де осылайша ықпалды болатыны сөзсіз. Мысалы, XVIII ғасырда Англияда Уолпол немесе Питт заманы туралы айтуға мүмкіндік берген беделді премьер-министрлерді білеміз. Кейінірек Уинстон Черчилль мен Америка Құрама Штаттарының президенті Франклин Д.Рузвельт те тұтас заманды бейнелейді. Шынында да, Рузвельт, тоқырау және жаңа бағыт арасындағы теңдестіру ерекше болды. Мемлекет бір тұлғаның басшылығымен үлкен өзгеріске ұшыраған немесе дағдарысты басынан өткерген жағдайда кезеңдеудің осы түрі жүйелі болуы мүмкін. Бұл жеке тұлғалардың ерік-жігері мен олардың символдық маңызын арттырады және заманмен сабақтастығын көрсетеді.

Келтірілген мысалдар кәсіби тарихшылар бұл тұлғаларды сыни тұрғыдан зерделемеді дегенді білдірмейді. Сондай-ақ замандар мен саясат көшбасшылары арасындағы байланыста ешқандай негізі жоқ деп айтудан аулақпын. Мен жай ғана кезеңдеудің бір түріне мысалдар келтіріп, олардың мағынасына назар аударамын. Сонымен қатар англосаксондық, людовиктік, наполеондық, бидермайерлік, викториялық сияқты кезең атауларынан туындаған сын есімдердің көпшілігі стильге қатысты терминдер екенін атап өткен жөн. Бұл терминдер үй, жиһаз, зергерлік бұйымдар, безендіру және киім үлгісіне қатысты пайдаланылуы мүмкін. «Стиль» сөзін өнер, музыка, сән және өзге мәдени туындылармен байланыстырамыз, бірақ бұл тарихи тәжірибенің маңызды бөлігі саналады. Стиль белгілі бір адамға тән сипатты білдіруі мүмкін, бірақ ол XVIII ғасырдан бастап кезеңді қорытындылау және рококо және неоклассицизм сияқты кезеңдерді бір-бірінен ажырату үшін қолданылады.¹¹ Стиль мен кезеңдеу – тарихи түсінік қалыптастыратын өзара тығыз байланысты терминдер. Мысал ретінде «викториялық» ұғымын атауға болады, ол қазір Британия мен оның империясынан тыс жерлерде де XIX ғасырдың екінші жартысындағы визуалды стильдерді ұсыну үшін қолданылады. Сондай-ақ «Виктория дәуіріндегі құндылықтар» деген сөз тіркесіне қарасақ, бұл ұғым ойлау тәсілдері мен әлемге көзқарасты білдіреді.¹² Шынында да бұл сөйлем осы стильге қатысты пікірді, нақтырақ айтсақ, ықтимал екі пікірді білдіреді: мықты дәстүрлі моральдық ұстанымдарды мақұлдау немесе оның кейінгі кезеңде орынсыз пайдаланылуын сынға алу. «Стиль» сөзін қолданған кезде, біз кезең терминдерінің

маңызын төмендетіп алуымыз мүмкін, өйткені бұл жай ғана жеке қалау мен талғамға қатысты мәселелерді меңзейді. Менің мақсатым басқа. Керісінше, кезең және стиль терминдері бүкіл дәуірлерді сипаттау мен тұжырымдау тәсілдерін анықтайды.

Оқиғалар мен кезеңдер

Өткенді кезеңге бөлудің маңызды екінші шарты – адам өлімі, шайқастар, революциялар және соғыстар сияқты негізгі оқиғалар. Алайда мұндай тәсілге қатысты маңызды мысалдардың бірі саналатын Иса Мәсіхтің дүниеге келуі бұл тізімге жатпайды.

Бұл – белгілі бір болжалды тарихи оқиғаның құрылымдау принципіне және оның нәтижесі мәдени игілікке айналуының айқын мысалы. Біздің заманымызға дейінгі кезеңдер артқа, ал біздің заманның кезеңдері алға қарай саналатындықтан, бұл шешуші сәттің маңызы күшейе түседі және мерзімдеу жүйесін пайдаланғанда Иса Мәсіхтің дүниеге келген күнінің жаһандық маңызын ойланбай-ақ бекітетінін байқаймыз. Қазіргі таңда «біздің заманымызға дейінгі» және «біздің заманымыз» деген тіркесті көпшілік қолдай бермейді, бұл түсінікті жайт. Себебі христиан діні әлемдегі көптеген діннің бірі болғандықтан, «біздің заманымызға дейінгі» (біздің заманымызға немесе христиандық заманға дейінгі сияқты әртүрлі мағынада қолданылады) және «біздің заманымыз» тіркесі ешқандай мәселені шеше алмайды, ол тек сол идеяны қайтадан ұсынады. Бұл мысал әдеттегі, әмбебап мерзімдеу жүйесінің қаншалықты қажет немесе пайдалы деген жанға батағын мәселені көтереді. Жүйелер арасындағы қайта құрулар өзiрге мүмкін болып отырған кезде, тарихшылар өздері зерттейтін мәдениеттің мерзімдеу формалары аясында жұмыс істегені нәтижелі болар еді. Содай-ақ олар өздері пайдаланатын, тарихи интерпретацияның негізі болатын кезеңдеу түрлерін бағалауы ықтимал.

Маңызды даталар мен кезеңдеудің арасындағы байланыс күрделі. Бұған Жапониядағы Мэйдзи реформасы мысал болады. Реформа 1868 жылы жарияланды және бұл көбінесе Жапония Батыс үшін анағұрлым ашық болған заманға көшудің маңызды сәті ретінде қабылданады. Алайда Конрад Тотман «бұл біз ойлағандай терең өзгерістер жасауға бағытталған оқиға емес» деп мәлімдеді және өз еңбегінің құрылымын Жапон тарихын зерттеудің көп деңгейлі тәсілдерін анықтау мақсатына лайықтады.¹³ Француз революциясы, әрине, оның басталуы ғана нақты айқын «оқиға» саналады, бұл тіпті даулы мәселе саналса да, драмалық оқиғалар мен кезеңдеу үлгілерінің арасындағы байланыстың мысалын көрсетеді. Ескі режимнің жеккөрінішті бейнесі көпшілікке ешқандай қарсылық көрсетпей берілген уақыт, 1789 жылғы 4 шілдедегі Бастилияның құлауы Француз революциясының басталғанын көрсету үшін пайдалы әрі эмоциялық тұрғыдан қолайлы белгі болды. Біз «Бастилияның құлауы» дегеннің орнына «1789 жыл» деп айта аламыз, осылайша тұтас тарихи дәуір ойымызға бірден оралады. Француз революциясының маңызы зор, өйткені ол сол кезде танылған француз қоғамындағы

түбегейлі өзгерісті білдіреді. Феодализмнің жойылуы және сол елді билеуші құзырындағы адамдардың азамат мәртебесін иеленуінің ұзақмерзімді маңызы бар. Революция сонымен бірге Франциядан тыс жерде болған кейінгі өзгерістердің, мысалы, әкімшілік пен әскери саланы қайта жаңғыртудың белгісі ретінде де қабылданды. Француздар корольдің басын шапқан немесе мемлекеттік құрылымды қайта қарастыруға талпынған алғашқы халық емес, дегенмен Француз революциясы ерекше мәртебеге ие болды. Тарихшылардың бірнеше буыны оны Еуропа және тіпті дүниежүзі тарихына қатысты жалпы түсініктемелерді нақтылауға көмектесетін қазіргі дәуірдегі шешуші бетбұрыс кезең деп санады.¹⁴

«1789 жылдың» маңызын мойындаушылар қатарына әртүрлі бағытта жұмыс істейтін тарихшылар қосыла алады. Бұған мысал ретінде Э.Хобсбаумның 1962 жылы алғаш рет жарияланған «Революция дәуірі: Еуропа, 1789–1848» (*The Age of Revolution: Europe, 1789–1848*) атты еңбегін атай аламыз. Ол саяси және экономикалық өзгерістер арасындағы байланысқа ерекше назар аударады, «революция дәуірі» тіркесі индустриялық революцияны да қамтиды. Ал Палмердің «Демократиялық революцияның дәуірі» (*The Age of Democratic Revolution*) атты кітабы керісінше, бұл дәуірге өзгеше сипат береді, себебі ол Француз және Америка революцияларын бірге түсіндіруге және Еуропа мен Америка арасындағы өзара ықпал мәселесін анықтауға тырысты. Сонымен, көптеген мемлекеттердің ұлттық санасында, сондай-ақ тарихшылардың ойында «1789 жыл» белгі болып саналады, бірақ ол әр елде айтарлықтай өзгеше мазмұнға ие. Белгілі бір мерейтойларды атап өту үрдісінен оны анық байқауға болады – мереке ретінде өткізу шарасы жалпыұлттық және халықаралық құндылықты білдіреді, ал іс жүзінде десек, 1789 жылғы революция сияқты даулы оқиғалар тарихшылар былай тұрсын, халықты да біріктіре алмайды.


Осындай маңызды оқиғаны кезеңдеу тәсілі ретінде пайдалану іс жүзінде жаңылыстыруы мүмкін. Оның сұрапыл сипатына қарамастан революциялық жіктелу арқылы айқын сабақтастықты көрсететін көптеген құбылыстар бар. Барлық азаматтардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету революциялық бағдарламаның күн тәртібіндегі басты мәселелерінің бірі болғанымен, медицина мұндай құбылыстың бір мысалы ғана болуы мүмкін. Ғылымда да, медицинада да сол кезеңде ықпалды адамдар болды және олар бірқатар режимдерде азды-көпті деңгейде көрініп отырды.¹⁵ Институттық құрылымдардағы өзгерістердің шынайылықтан гөрі айқындығы басым болды. Оттегіні ойлап тапқан және 1793 жылы салық үшін өлім жазасына кесілген Лавуазьені құрбан болған ғалым ретінде қарастыру революцияны жабайы жарылыс әрекеті деп санайтын көзқарасқа сәйкес келеді.¹⁶ Өзге көзқарастар 1770 жылдардан бастап, XIX ғасырдың алғашқы онжылдықтарына дейінгі замандар арасында елеулі сабақтастық бар екенін көрсетеді. Бұрынғы міндеттемелер, зерттеу нәтижелері және тарихнамалық трендтер тарихшылардың сабақтастық пен өзгерістер туралы көзқарастарын қалыптастырады. Негізінен алғанда, кезеңдеу түрлері қарастырылатын тарихи міндетке сәйкес болуы керек. Маңызды оқиғаларды таңдау ісі құндылықтар туралы пікірлерге негізделген, сол себепті оны таңдауға не түрткі болғанын және бұл оқиғалар символ ретінде қандай рөл атқаратынын қарастыруға көмектеседі.

Мерзімдеу, кезеңдеу және Француз революциясына қатысты үш мәселе туындайды. Біріншіден, оның мерзімдеу жүйесі даулы және ол дағдарыс болғандықтан, осы құбылыстың түрлеріне, сондай-ақ оның нәтижесін түсіндіруге байланысты болса да, тарихшылар кез келген қиындықтардан шығудың шарттарын ойлап табады. Олар қиындықтар ретінде анықталғанға және олардың туындау себептері түсіндірілгенге дейін айрықша мәселе туғызбауы керек. Екіншіден, революцияға қатысушылар да, сол кездегі бақылаушылар да бұл революцияны еуропалық, мүмкін дүниежүзі тарихының бағытын өзгертуге қауқарлы деп қабылдаған. Революциялық күнтізбе, салмақ пен өлшемнің метрикалық жүйелерін және жоғарғы болмысқа табынуды қамтитын ұжымдық әсер мен ой елегінен өткізудің саналы процестері болды.¹⁷ Тарихшыларға уақыт атауы мен оның өлшемін әдейі қайта қарастыру ісіне мұқият назар аударған жөн. Үшіншіден, революция кезеңдеу, әсіресе ғасырлар мен онжылдықтар тұжырымдамасына қатысты маңызды мәселелерді көтерді. Бұл мәселелерді эмпирикалық тұрғыдан шешу мүмкін емес, өйткені олар өзгерістер моделін тұтастай, революцияны процесс және нақты кезең ретінде қамтиды.

Осы мәселені «қазіргі заман» тіркесінің қолданылуын қарастырғанда анық байқаймыз. Көптеген түсінік берушілер Француз революциясын «қазіргі заманның» бастауы деп санады, бірақ мұндай тұжырым жасауға не себеп болды? Бүгінгі күні «қазіргі» және «заманауи» ұғымдарының күрделі сипатын, оның біз өмір сүріп жатқан дәуірдің сипаттамасымен байланысын және қазіргі заман түсінігіне қатысты тәсілдердің қаншалықты күрделі екенін түсінеміз. Бұлардың бірде-біреуі зерттеу жүргізу немесе мәселені анықтау мақсатында ақпарат іздеумен байланысты емес, бұл – өткенді құрылымдау, жүйелеу және ой елегінен өткізу тәсілдерін жасауға байланысты болады.

Тарихта елеулі кезең ретінде қарастырылатын өзгерістердің өзіндік құпиясының болуы таңғаларлық жайт емес. Мысалы, мұны орыс революциясының голливудтік бейнесі берілген «Қызылдар» (*Reds, 1981*) атты фильмінен аңғарамыз. Сонымен қатар өзгелер сияқты тарихшылар да адамға тән ерекшеліктерді абстрактілі тұрғыдан бейнелейтіні сөзсіз және соған орай олар өткен уақытта болған өзгерістерді адам өмірінің кезеңдеріндегі, мысалы, дүниеге келуі, өсуі, есеюі және қайтыс болуы сияқты ерекше мәні бар өзгеріс ретінде онай елестете алады. Рим империясы, Троя және Константинопольдың құлауы сияқты кең таралған құбылыстар жеке адамдар мен отбасы мүшелеріне зорлық-зомбылық көрсету, жарақат алу және өлімге қатысты үреймен байланысты болуы мүмкін. Мұндай өтпелі кезеңдерге атау беру, анықтау және топтастыру әрекеттері біріктіруші сипатқа ие болуы ықтимал: мен мұнда барлығы бірдей көзқарасты ұстанады демеймін. Айтайын дегенім, белгілі бір оқиға немесе процестердің жалпы маңызы туралы түсінік бар және ол жаңа кезеңнің бастапқы шегі болуы, әсіресе, өскелең ұрпаққа осындай бағыт-бағдар беруі мүмкін. Нәтижесінде олар тарихи зерттеулерде ұйымдастырушылық принциптер ретінде әрекет ете бастайды.

Мұның айқын мысалы – Бірінші дүниежүзілік соғыс (1914–1918). Мұнда мен жоғарыда сипаттаған төрт түрлі деңгейде іске асырылатын процестерді байқаймыз. Біріншіден, қатысушылардың өзі бұл оқиғаны зор маңызы бар тендесі жоқ



6.3-сурет. Республикалық мәңгілік күнтізбе

Түрлі-түсті өрнек. Ұзындығы – 26 см, ені – 34.2 см, маусым, 1801 жыл, Карнавалет музейі, G.29837

Француз революциясы кезінде жаңа әлеуметтік, мәдени және саяси тәртіп орнатуға бағытталған көптеген талпыныстар жасалды. Мұның айрықша көрнекі мысалы ретінде жаңа өлшем жүйесін жасау мен қолдануды алуға алады. Метрикалық күнтізбе ескі режим құндылықтарына мүлде қатысы жоқ үлгілерді іздестіру жұмысының қаншалықты ауқымды болғанын көрсетеді. Уақыт атауларын мүлде өзгерту және оны қайта жүйелеу шынымен де іргелі қадам болды, бірақ ол қолданысқа толық енгізілмей қалды. Дегенмен бұл әрекет уақыт туралы түсініктің адам санасында қаншалықты берік орын алғанын және символ ретіндегі қуатын көрсетеді.

құбылыс ретінде қабылдады. Мен соғыс майданына қатысқан адамдарды ғана емес, өміріне соғыстың әсері тиген барлық адамдарды қатысушы ретінде анықтаймын.¹⁸ Мысалы, соғыста контузия алған адамдарды емдейтін мамандарға жаракат туралы қайта ойлануға және адам ақыл-ойының табиғатын қайтадан қарастыруға тура келді.¹⁹ Екіншіден, соғыс нәтижесінде әлеуметтік мәселелерді қарастыру күрт өзгерді және соғыстан кейінгі кезең қоғамдарының көшбасшылары маңызды өтпелі кезең басталғанын жете түсінді. Бір жағынан, тоқырау, екінші жағынан, әлеуметтік қамсыздандыру саясатын кеңінен қолдау соғыстан кейін көптеген географиялық аймақтарда түбегейлі өзгерістердің болғанын көрсетті. Үшіншіден,

тарихшылар Бірінші дүниежүзілік соғысты кезеңдер категориясын (тіпті оларға маңызы жағынан берілетін айырмашылықтар болса да) құрастырудың негізі ретінде қарастырды. Мысалы, Арно Майердің айтуынша, бұл екі кезеңнің арасындағы шекара, себебі осыдан кейін элиталық топтар өзінің саяси билігінен біржола айырылып қалды. Бұл – оқиғаны кезеңдеу тәсілін құрастыруда пайдалануға болатынын көрсететін мысал. Төртіншіден, соғыс болып жатқан уақытта және одан кейін де мәдени бейнеленуі нәтижесінде ұйымдастырушы оқиға ретіндегі мәнге ие болды. Жақында Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуының жүз жылдығы атап өтілді, оны бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазды, демек, көпшілік бұл тақырыпқа әлі де болса қызығушылық білдіреді екен. Бірінші дүниежүзілік соғыстың өзіндік мәдениетін қалыптастыруда поэзия мен ақындар маңызды рөл атқарды, дегенмен кейбір тарихшылардың айтуынша, бұл адамды жаңылыстырады.²⁰

Қоғамдық тарихтың музейлер, бұқаралық ақпарат құралдары, тарихи романдар сияқты түрлері жұртшылықтың өткенді бейнелеу әдістеріне айрықша ықпал етеді. Бірінші дүниежүзілік соғыс бұған жақсы мысал бола алады. Анағұрлым жаңа мысал ретінде 1989 жылы Батыс және Шығыс Берлинді бөліп тұрған қабырғаның құлауын да дәл осындай тұрғыдан түсінуге болады. Ол маңызды тарихи кезеңнің ұйымдастырушылық принципіне және маңызды эмоциялық бейнесіне айналды. Табиғи шекаралар, жеке кезеңдер туралы біздің түсінігіміз абстрактілі талдаудан емес, осындай бетбұрыстарды кеңінен түсінуден туындайды. Ал бұл мағлұматтар әртүрлі деректерден, соның ішінде медиа, кино, поэзия және бейнелеу өнерінен алынады. Кәсіби тарихшылар бұл табиғи шекараларды сыни тұрғыдан қарастырады және нәтижесінде жалпы қабылданған идеяларға қайшы келетін дәлелдер жасағысы келуі мүмкін, өйткені бұл олардың жұмысы. Дегенмен олар ауқымды кезеңдерді зерттейді, ал мұнда кезеңдеу түрлеріне мән беру күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған. Кәсіби тарихшылар болжаған кез келген өзгеріс орын алуы әбден мүмкін, десек те, негізгі оқиғаларды тарихи кезеңдер ретінде пайдалану туралы пікірлерге қарсы тұру қиын, себебі олар тарихшылар бақылай алмайтын салаларда жиі бекітіледі. Екі дүниежүзілік соғыс оларға қатысқан көптеген елдердің ұлттық санасында өшпес із қалдырды және олардың мағынасын төмендететін радикалды ревизионизм, тіпті оны қолдауда күшті интеллектуалдық дәлелдер болса да, өзін-өзі көрсете алатыны күмәнді саналады.

Оқиғаларды кезеңді жүйелеуші ретінде қарастырдым, себебі оларды символ ретінде қолдануға болады. Олар қарапайым, үзілмелі бірліктер ретінде қарастырылуы мүмкін, нәтижесінде біздің көңілімізді оңай жаулап алады, ірі құрылымдарға еніп, түрлі мәдениеттердің тәсілдері арқылы өзінің әрекетін бастайды.

Сипаттама және кезеңдеу

Ендігі кезекте кезеңдеудің үшінші түрі жайында сөз қозғамақпын. Оның эмоциялық ықпалы айтарлықтай аз және оның жұмыс істеу тәсілі өте нәзік. Уақыт кезеңін сипаттау оңай көрінуі мүмкін, алайда «қазіргі заман» (модерн), «қазіргі

заманның ерте сатысы» (ерте модерн) және «қазіргі заманның соңғы сатысы» (соңғы модерн) ұғымдарына қатысты мысалдардан белгілі болғандай, оларды анықтау қиын әрі оларда астарлы ұйғарымдар бар. Қазіргі заманғы тарихтың көптеген анықтамалары бар және «қазіргі» сөзі бірнеше мағынаға ие күрделі термин екенін атап өттік.²¹ Күрделі терминдердің қарама-қайшылықтарын және олар нені бір-біріне қарсы қоятынын ескеру пайдалы болғандықтан, айқын мысал ретінде «орта ғасыр» терминіне жүгінеміз. Алайда ХІХ ғасырға дейін неғұрлым белгілі терминдер «ежелгі» және «қазіргі» түсініктері болды.²² Оның пайдалы сабақ ретіндегі сипаты бар, себебі ХVІІ ғасырда, мәселен, бұл контраст қазіргі заманғы адамдар ежелгі өркениеттердің, әсіресе Грекия мен Римнің жоғары жетістіктеріне лайықты бола ала ма деген алаңдаушылықты көрсетті. ХVІІІ ғасырдағы алаңдаушылық бірте-бірте сенімділікке ұласып, нәтижесінде жақында пайда болғанның, қазіргі заманғының маңызы артты. Ол кезде «қазіргі заманғы» тіркесі бүгінгі күн мен болашаққа қатысы бар инновациямен байланыстыруға болатын еді. Осылайша ХХ ғасырдың басындағы жарнамаларда «қазіргі» сөзі «таза», «гигиеналық», «тиімді» және тағы басқа сөздердің синонимі ретінде қолданылды. Қазіргі заман тарихының бүгінгі күнге байланысты қосымша мағынасы болуы мүмкін, соның салдарынан «қазіргі» терминінің астарлы вигилік мәнге ие болу қаупі бар. Қазіргі заманды түсіндірілуі тиіс кезең ретінде қарастыру, яғни оны бұрынғы трендтер нәтижесінде туындаған кезең сияқты қабылдау қаупі бар.

«Қазіргі» термині өзге мағыналар жиынтығын да беруі мүмкін. Осы жерде сипатталып отырған түсінік шартты түрде алынған, яғни ол қазіргі заманның баяндаушысы өмір сүретін уақытқа немесе басқа кезеңдерге қатысты сипатталады. Қазіргі заман туралы ойлаудың екінші тәсілі абсолютті түрде, «қазіргі» деп жіктелетін тарихи жағдайлардың нақты жиынтығын анықтайды. Қазіргі заманның өзіндік ерекшелігін анықтауда ортақ мәміле жоқ және бұл терминнің мағынасын түсіну үшін тарихи кейіпкерлерге сүйенеміз. Бұлардың қатарына дамыған капитализм, экономикалық мамандану және жоғары деңгейдегі еңбек бөлінісі; бастапқыда ХІХ ғасырдың басында көзге түскен урбанизация түрлері, Француз революциясынан кейінгі кезең; біртұтас, нақты анықталған «демократиялық» ұлттық мемлекеттер; мәдени авангардтың дамуы; Ньютоннан кейінгі ғылым; өнеркәсіп өндірісінде бу энергиясын (кейіннен электрлі және ядролық энергия) пайдалану; жаппай өндіріс, бейсаналықты анықтау және Ағарту дәуірінің мұрасы жатады.²³ Тіпті түсінік берушілердің көпшілігі экономикалық, саяси, технологиялық, мәдени және интеллектуалдық салалардың кейбіріне басым назар аударса да, қазіргі заманның анықтаушы белгілері ретінде бұл құбылыстардың арасында таңдау жасаудың қажеті жоқ. Бұл мәселе бойынша тарихи пайымдаулар прогресс ұғымдарымен, адам жетістіктерінің нақты салаларына берілген мағынамен және себепсалдарлық басымдықтармен қалыптасады. Мәселе осы өзгерістердің қайсысы адам өміріндегі терең бетбұрыстарға әкелетінінде болып отыр.

Келесі қарама-қайшылық қазіргі заманның ерте сатысы мен бүгінгі сатысының арасында туындайды. Орта ғасыр кезеңі мен қазіргі заманның арасында айырмашылық болды, орта ғасыр кезеңі қазіргі заманға қарағанда анағұрлым статикалық сипатта болады, онда өзгеріс қарқыны баяу деп түсіндірілді, сонымен қатар

онда қазіргі заманның негізін құрайтын мекемелер, мысалы, баспа ісі болған жоқ. Қазіргі тарихи қолданыста ерте жаңа кезең жоғарыда айтылған екі кезеңнің арасында орналасқан әрі оның нақты шекарасы айтарлықтай анықталмаған. «Ерте жаңа» термині «қоғамның» жаңа заманға қадам басқанын, бірақ әлі жете қоймағанын білдіреді. Осылайша бұл термин тәуелділікті, қазіргі заманға бағынуды, негізгі процеске ауысуды білдіреді.

Орта ғасырлық және ерте жаңа кезеңнің арасында шекара бар, дегенмен оның қай межеде орналасқанын анықтауда айтарлықтай ортақ келісім жоқ. Бәлкім, Х. Колумбтың 1492 жылы Америка құрлығын ашуы сол бөлініс сызығын жүргізуге септігін тигізеді? Әлде бұл Лютердің 1517 жылғы 1 қарашада реформацияның символдық бастамасы тоқсан бес тезисін Виттенберг шіркеуінің есіктеріне ілген (апокрифтік) әрекеті шығар? Коперниктің өлімінен кейін 1543 жылы жарияланған «шексіз әлемді» қолдау мақсатында жазылған, ежелгі геоцентрлік ғарышнама туралы біздің қазіргі түсінігімізге ұқсайтын жауабы бетбұрыс сәт болған шығар?²⁴

Олай болса, ерте жаңа кезеңнің қашан аяқталғанына қатысты сұрақ туындайды: бұл Француз революциясы, Ағарту, Ньютонның 1680 жылдардағы жаңашыл жұмыстары, еуропалықтар саяхаттап, картаға түсірген және атау берген, адам мекендеуге болатын соңғы ірі құрлық Австралияның ашылу уақыты ма?²⁵ Мұндағы мәселе, тағы да дұрыс немесе бұрыс жауаптарға байланысты емес, ол кімнің көзқарасы артықшылыққа ие екендігінде, символдық белгілердің күші мен адамның іс-әрекетінің қай түріне баса мән берілгенінде болып отыр. Мәселен, адам құқықтарымен айналысатын маманның көзқарасынша, Ағарту мен Француз революциясы басымдыққа ие болуы мүмкін, себебі олардың қазіргі заманға қалған негізгі мұра ретінде түсіндірілген құқықтар дискурсын құрып, оның таралуына септігі тиді.²⁶ Соған орай ерте жаңа кезең, шамамен Ағарту дәуірінде аяқталуы керек, өйткені біз осы идеялар қозғалысымен байланыстыратын тұлғалар сол кезеңдегі құқықтық жүйені және азаптау тәсілдерінің қолданылуын дәлелді түрде сынап, осы мәселелер бойынша өз ойларын ортаға салып, белсенділік танытқан. Мысалы, түрлі дінді ұстануға қатысты дау-дамай салдарынан өз ұлын өлтірді деп жалған жала жабылған Каласты Вольтер барынша ақтап алуға тырысқан.²⁷ Біз бұл ұстанымды «заманауи» мәселелер деп санаймыз. Экономикалық тарихты зерттейтін мамандар үшін керісінше, мұндай дәлелдер айтарлықтай сенімді емес, олар қарқынды ауылшаруашылығы, бу энергетикасы, жаппай өндіріс, құрастыру желісінің және уақытты тиімді түрде басқару ұғымының пайда болуын негізге алуы мүмкін. Олай болса, «ерте жаңа кезең» шеберханалар мен майдагерлік отбасылық өндірістің, күрделене түскен сауда байланыстарының, соның ішінде халықаралық, мамандандырылған нарықтың өтпелі кезеңін сипаттайды.²⁸ Алайда бұл құбылыстардың сипатында жеке жерлер бойынша айтарлықтай айырмашылықтар болды; сондықтан кезеңдерге жалпы атау беру өте күрделі мәселе. Э. Хобсбаумның 1848–1875 жылдар аралығындағы тарихты қамтитын «Капитал дәуірі» (*The Age of Capital*) атты көрнекті туындысы мен осыған ұқсас өзге еңбектерге қарамастан, тарих пәнінің ұстаздары өз студенттерін капитализмнің қашан басталғанын дөп басып айту және бұл бүтіндей аймақтарды немесе елдерді қамтыды деп түсіну қаншалықты қиын екеніне сендіруге тырысады.

«Колумбтық дәуірге дейінгі», «заманауи» немесе «ортағасырлық» сияқты бейтарап анықтамалар да осыған ұқсас мәселелерді көтереді. Латын Америкасының тарихын Колумб келгенге дейін және одан кейінгі кезең деп екіге бөлу – осы өлке тарихына нақты бір көзқарасты еріксіз таңу болады.²⁹ «Қазіргі тарих» тіркесі қазір танымал бола бастады, бірақ ол қаншалықты алысқа бара алады?³⁰ Біз көзі тірі адамдардың жадында не бар екені туралы ойланамыз ба? Осы жағдайларды ескерсек, жаңа заман тарихы ХХ ғасырдың екінші жартысын қамтиды. Әлде мұны сөзбе-сөз біздің заманымызға қатысты деп түсінеміз бе? Британияда қазіргі заман тарихы кейде 1945 жылдардан басталады, бұл Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанын маңызды бетбұрыс ретінде айғақтайды, бірақ басқа жағдайларда бұл ұзақ та белгісіз кезеңді де білдіреді.

Ғасырды тек сандар арқылы сипаттау әрі бейтарап, әрі сипаттамалық болып көрінуі мүмкін, бірақ іс жүзінде ғасырлар көбінесе сөзбе-сөз ғана қолданылмайды. Ғасырлардың басталуы мен аяқталуы арасындағы айтарлықтай айырмашылықтарды ескерсек, онда тарихты қандай жағдайда да тұтас ғасыр арқылы қарастыру жаңылыстыруы ықтимал. «XVIII ғасыр» деген сияқты сөз тіркесі жалған бірізділікті ұсынады. Ал Британия тарихына келгенде бұл тіркес кей кезде 1688–1815 жылдар аралығындағы кезеңді, яғни «жасампаз революциядан» бастап, Ватерлоо шайқасына дейінгі аралықты қамтитын «өте ұзақ» XVIII ғасырды сипаттау үшін пайдаланылады.³¹ Бұл ұстаным идиосинкразиялық сипатта және онда саясаттың ықпалы анық байқалады; бұл тіпті британдық контексте де тым қайшылықты сипатта және оның өзге еуропалық мемлекеттердің студенттері үшін айтарлықтай маңызы жоқ. Француз тарихшысы XVIII ғасырды «қысқа» түрде, атап айтқанда, король XIV Людовиктің 1715 жылы қайтыс болуынан Бастилияның құлауына дейінгі кезеңмен шектеп, зерттеуі ықтимал. Он үш отардың – Америка Құрама Штаттарының (көп жағдайда жай ғана «Америка» деп бұрыс аталынып жүр) тарихына үнілсек, сондай-ақ онда 1770 жылдардағы метрополиядан бөлінуді ескерсек, XVIII ғасырдың бейнесі өзгеше көрініс береді. Жалпы алғанда, отарлық кезеңдер мен тәуелсіздік кезеңдерін тек тарихшылар ғана емес, тарихи тұлғалар да айрықша бөліп көрсетеді. Әлбетте, көптеген елдер үшін тәуелсіздікке қол жеткізу айрықша маңызды мәселе, бұл көпшілік азаттық қозғалысы деп санайтын процесті білдіреді. Алайда іс жүзінде көптеген империялық державалардың бұрынғы отарларының саясатына әлі де араласатынын ескерсек, тәуелсіздік деп аталған бір ғана әрекеттің тарихи еңбекті ұйымдастырудың ең пайдалы өлшемі бола бермейтінін аңғарамыз. Өзгерісті бейнелейтін оқиға эмоциялық тұрғыдан маңызды болуы мүмкін, бірақ экономикалық немесе заңдылық тұрғысынан айтарлықтай мәнге ие болмайды.³²

Тарихшылар кезеңнің мерзіміне қатысты терминдерді мұқият таңдайтыны белгілі. Бұған XVIII ғасырға қатысты «Ағарту» термині жақсы мысал бола алады. Бұл идеялар қозғалысы мен олардың жүзеге асырылған уақытын сипаттау үшін қолданылады. «Ағарту» терминінің өте бір ерекше коннотациялары бар, себебі бұл тек интеллектуалдық өзгерістерді ғана емес, зайырлы, рационалистік және демократиялық дүниетанымды да білдіреді. Мамандар бұл мәселені талқыға салуда, алайда Ағарту мен секуляризация процестерінің арасындағы байланыс туралы ой әбден берік орныққаны көміл, «изация» журнағымен аяқталатын көптеген сөздер

сияқты секуляризация да түсінуге күрделі терминдердің бірі, оның күрделілігі модернизацияға байланысты екенін жоғарыда айтып өттік. Бір жағынан, мұндағы мәселе белгілі бір кезеңдерге қатысты болып көрінеді, ал іс жүзінде олар бұлыңғыр әрі түсініксіз. XVIII ғасыр діннің қайта жанданған дәуірі болды. Бұл – өздерін, ең алдымен, Ағарту дәуірін зерттеуші мамандармыз деп есептейтін ғалымдар сирек зерттейтін, қарапайым түрде анықтауға болмайтын құбылыс. 1960 жылдар мен 1970 жылдардың басында жоғары деңгейдегі Ағарту дәуіріне, яғни Дидро, Руссо және Вольтер сияқты ірі ойшылдарға айрықша назар аударылды. Сонымен қатар Ағарту процесін өркениетті, сыпайы және талғампаз сипатта жүзеге асырған мемлекет ретінде Францияға басымдық берілді. 1970 жылдардың соңына қарай бұл көзқарасқа қарсы шыққан еңбектер жарияланды, ал Ағартудың мерзімдік шектері даулы болып қала берсе де, қазіргі уақытта тақырыптар, географиялық аймақтар, әлеуметтік топтар және институттар тұрғысынан алғанда, ол нені қамтығаны жөнінде анағұрлым ауқымды түсініктер бар. Бүгінгі күні Шотландия ағарту идеяларының шыққан орны болып саналады. Қазіргі таңда өмір сүру деңгейінің төмендігі мен Ағартуды бірге қарастыру шындыққа жақын болуы мүмкін, сондай-ақ біз өзара байланысы нашар көптеген Ағарту процестері болғанын аңғарамыз.³³ Бұл мысал кезеңдеу ұғымының тарихшылардың өзге міндеттерімен және өткен туралы пайымдарымен қалай байланысты болатынын көрсетеді. Ағарту дәуірінің түсініктемелері сол кезеңді қоса алғанда, жаңа заманның басталуына, қазіргі мен ерте жаңа арасындағы айырмашылыққа және әртүрлі өзгерістер тұжырымдамасына әсер етеді. Бұл термин бүгінгі таңда тарихшылар мемлекеттік басқару, жергілікті әкімшілік, құқық, білім беру және тағы басқалар сияқты әлеуметтік тәжірибелермен өзара ықпалдас деп санайтын идеяларға басымдық береді.

Осы уақытқа дейін кезеңдердің сипаттамасын ұзақмерзімді түсініктер бойынша зерделедім, сонымен қатар «буырқанған жиырмасыншы жылдар» және «толқымалы алпысыншы жылдар» сияқты бір сәтке тоғыстырылған ұғымдардың да бар екенін атап өткен жөн. Кейбір онжылдықтар неліктен анықталатын кезеңдер ретінде аталады және қарастырылады, ал өзге онжылдықтар ондай назар аударылмайды деген сұрақ туындайды.

Мұндай сұрақтар кезеңдер мен тұлғаның арасындағы өзара байланыстарды анықтауға бағытталған. Алпысыншы жылдарға қатысты алып қарасак, мұнда барлығы анық көрінеді, оның жағымды әрі жағымсыз коннотациялары болуы мүмкін, осылайша баяндаушының жеке басына қатысты кейбір мәліметерді алуға болады. Алпысыншы жылдар – ұйымдастырушылық идея және кәсіби тарихшылар оны осы тұрғыдан пайдаланады.³⁴ Сол заманда өмір сүрген кез келген адам «алпысыншы жылдар» деген ұғымның жай ғана аңыз және шартты белгі екенін жақсы біледі, бұл стратегиялық тұрғыдан қарапайым, ойдан шығарылған ұғым, дегенмен осылай қолданысқа еніп кеткендіктен, біз оны бағдарымызды анықтау үшін және жеке мақсаттарымыз үшін пайдаланамыз. Алпысыншы жылдар дегенде ойымызға жылдам өзгерістер, жүктілікті тежейтін дәрі-дәрмектер, музыка фестивальдері, бұқаралық наразылықтар және моральдық құндылықтардың өзгеруі оралады. Кезеңге қатысты мұндай терминдер қызғаныш, наразылық, кінәлау, өткенді аңсау және мақұлдау сияқты қарама-қайшы мәселелерді де қамтиды.

Тағы бір айқын мысал – ғасырдың соңғы онжылдықтарына, яғни «ғасырдың соңы» (*fin de siecle*) сияқты ерекше құбылысқа қызығушылық. Соңғы уақытқа дейін «fin de siecle» деген термин 1890 жылдарға, нақтырақ айтсақ, декаданс терминдерімен бейнеленген, көңілдің құлазуы, нәпсіге ерік беру және буржуазиялық қоғамды сынау түріндегі мәдени формацияға қатысты айтылып келді. Содан кейін 1990 жылдары тарихшылар неқғұрлым жалпы құбылыстарды зерттей бастады.³⁵ Кейбір тарихшылар ғасырдың соңында шынында да айрықша құбылыстар болды деп мәлімдеді. «Fin de siecle» терминін жаңа мыңжылдықтың даму перспективасы басым түрде көрінген уақытты сипаттау үшін тек тарихшылар ғана емес, өзге мамандар да кеңінен пайдалана бастады. Бұл көпшіліктің көңіліне үрей мен үмітті ұялатты. Бұл түсінік немқұрайды қолданылды және тарихи тұрғыдан алғанда, жеткілікті дәрежеде нақты емес деп айтуға болады. Бұл мысал тарихшылардың тәжірибесі мен көзқарасының кезеңдеумен байланысты екенін, сонымен қатар өткенді зерттеу шарттары жағдайларға байланысты өзгеріп отыратынын көрсетеді. Бақылаушының ұстанымы оның кезеңдер туралы түсініктеріне ықпал ететіні сөзсіз. Бұл – анық байқалмайтын деңгейлерде жүзеге асырылатын жалпы феномен.

Қазіргі кезеңге қатысты терминдер

Өткенді бөлшектеудің төртінші тәсілі басқару түрлерімен байланысты. Мен бұл режимнің абсолютизм және бұрынғы режим сияқты кейбір мысалдарын атап өткен едім. Өзге кең таралған тіркестер – коммунистік Қытай және коммунистік Ресей. «Коммунистік Ресей» тіркесі оны патшалық Ресейден ажыратады. Түбегейлі өзгеріс нәтижесінен туындаған режим түрі тұтас дәуірді қорытындылайды, бірақ бұл кезеңдердің мерзімі әртүрлі болады. «Коммунистік» және «патшалық» сияқты эпитеттерді қолдану салыстырмалы түрде оңай, бірақ олардың жағымды немесе жағымсыз қосымша мағынасы да болады. Мысалы, біз демократиялық Австралия немесе демократиялық Канада деп айтамыз ба, айтпасақ, неге? Басқарудың кейбір түрлері басқаларына қарағанда айқын болуы мүмкін, сондықтан белгілі бір саяси идеологияны бейнелейтін атау қолайлы болады. «Демократия» бұлыңғыр ұғым және тарихи маңызы жағынан коммунистік партияға тең келетін бірде-бір демократиялық партия болмағанын мойындау керек. Атаулар авторитарлық сипатқа жақын даму трендтері бар басқару түрлеріне сәйкес келеді деу орынды болса, онда өзгелері туралы ешнәрсе айтылмайды, олар «коммунизм», «абсолютизм» және «фашизм» режимін айыптауға негіз болатын нормалар ретінде қабылдануы мүмкін. Бұрынғы режим жағдайында бұл процесс айқын байқалады: «бұрынғы» сөзі кейінгі кезде болған оқиғаларға қатысты айтылады, ал кейінгі болған жағдайлар көптеген түсінік берушілер үшін жақсырақ болып көрінеді. Атап айтқанда, бұрынғы режим сыбайлас жемқорлық, алаяқтық пен қаржылық, әлеуметтік және моральдық дағдарысқа алып келуі мүмкін. Кейінгі, жаңа және ең жақсы саяси тәртіптің орнайтынын болжайтындықтан, бұрынғы

режим кезінде прогрессивті құндылықтар қалыптасады.³⁶ Басқару түрлеріне атау беру және тарихи кезеңдерді соларға сәйкес жүйелеу белгілі бір саяси ой-пікірлерді де қамтиды, бірақ олар тым шартты болғандықтан еленбей қалады.

Кезеңдерді бөліп қарастырудың бесінші жолы – мәдени стиль, ол интеллектуалдық және мәдени тарихты зерттейтін мамандардан гөрі саяси әрі экономикалық тарих мамандарына көбірек ұнайды.³⁷ Стильге қатысты терминдер ары қарай кеңейте берілуі мүмкін метафоралар болғандықтан, басқару түрлерін барокко немесе рококо не болмаса зауыттарды неоклассикалық деп сипаттайтын күн тууы да ықтимал. «Барокко» – стилистикалық категория және ол Еуропа тарихының дәуірін сипаттау үшін де қолданылады, дегенмен оның шекараларын анықтау қиын болып шықты. Кезеңдеудің барлық түрінде белгілі бір кезеңді мән-мағыналы түрде анықтау тәсілдері туралы ойланамыз, стильге қатысты терминдердің пайдаланылуы – оның тек бір мысалы ғана.³⁸ «Стиль» ұғымы кезеңнің музыка, өнер, әдебиет, киім, ғимарат, құлшылық ету және тағы басқа негізгі өнімдеріне қатысты айрықша бір татымы болатынын меңзейді. Бұл өткенге саяси немесе экономикалық тұрғыдан емес, эстетикалық және эмоциялық сипаттағы айрықша сәйкестік береді, мұны, мысалы, Америка Құрама Штаттарында қолданылатын «георгтық» немесе «отаршылдық» сияқты тек стильдік қана емес, кеңірек мағынадағы терминдерден байқауға болады. «Эстетикалық» сөзі ауқымды құбылыстарға қатысты қолданылады. Мен оны талғам мен мәдени артықшылық, шығармашылық ықпал, интеллектуалдық және эмоциялық әсерлерге қатысты мәселелерді мойындауы немесе мойындамайтынына қарамастан, өткен туралы идеяларды жүйелеу үшін қолданамын.³⁹

Қорыта айтқанда, өткенді меңгеру үшін оны бірнеше категорияға бөлу керек: жіктеудің ең маңызды түрлерінің бірі – кезеңдеу. Жіктеу өзара ұқсас құбылыстарды жүйелі түрде біріктіреді. Тарихшылар мен өзге мамандар ғасырлар бойы біріктірудің дәстүрлі тәсілдерін әзірледі, сондықтан біз олар туралы көп ойлана бермейміз. Олар өткеннің бөлшектеріне мазмұн, реттілік пен сабақтастық сипатын береді, осылайша тарихи интерпретация мен түсінік қалыптастырады. Көптеген тарихшылар стиль терминдерін қолданбаса да және бұл мәселе жөнінде аздаған зерттеушілер ғана ойланса да, олар кезең атауларының біріктіруші қызметін көрсетеді. Бұл өткен уақытты жеке кезеңдегенде сол өткен оқиғаларға қатысты әртүрлі әсерлер қалыптасатынын және біздің әсеріміз эстетикалық, эмоциялық, саяси және тағы басқа сипатқа ие екенін көруге мүмкіндік береді.

Өткен тарихты кезеңдерге бөлудің өзге де критерийлері бар. Реформация, реформацияға дейінгі және кейінгі кезең, контрреформация сияқты терминдер туралы не айтуға болады? Бұл терминдер Ағартуға ұқсас, себебі олар қозғалыстарға қатысты айтылады және тақырыптар мен мәселелер жиынтығын, сондай-ақ тарихи кезеңді қамтиды. Реформация терминін алып қарасақ, өзгерістердің туындауына себебін анық байқаймыз. Бұл термин Еуропадағы христиан діні тарихындағы оқиғаны емес, маңызды өтпелі кезеңді – процесті білдіреді. Шын мәнінде, христиан діні басым болған жерлерде оның адам өмірі үшін ерекше маңызға ие екенін аңғарамыз. Өзгерістер қарқыны, әдетте баяу, бөлшектелген және біркелкі емес сенім мәселелерінде тарихшылар жергілікті ерекшеліктерді, осы діннің түрлерін, реформаторлар мен олар өзгерткісі келген тұлғалардың арасындағы күрделі өзара

әрекеттестікті атап көрсетеді. Нәтижесінде құбылыстың көпқырлы сипатына орай оның хронологиялық шектерін анықтау одан да қиын болады.⁴⁰ Реформацияның қашан аяқталғаны да анық емес. XVIII ғасырдағы ағылшын методизмін ұзаққа созылған реформацияның бір бөлігі ретінде қарастыруға болатын сияқты. Бұлай қарастыру діни жаңғыруды қамтитыны сирек айтылатын Ағарту дәуірінің анықтамасына күмән туғызады. Алайда методистік шіркеудің негізін салған ағайынды Уэслидің қарсылықтарын Ағарту идеяларына жауап қату мен оған түсініктеме беру ретінде қарастыруға болады.⁴¹ Біз осылай қарастыратын болсақ, шешуші оқиғалардың өткенді ұйымдастыру тәсілі ретінде соншалықты тартымды болатынын байқаймыз. Алайда қанағаттанарлық символдар жаңылыстыруы мүмкін, ал сенімді тарихи көрсеткіштер жаңылыстырмайды. Символдар айтарлықтай жаман емес, шын мәнінде, олар адам өмірінде ерекше маңызды, алайда бұлар тарихты тереңірек түсінуге әрдайым септігін тигізе бермейді. Лютердің 1517 жылғы іс-әрекеттері шынымен де маңызды болуы мүмкін және бұл әрекеттерді символ ретінде қолдану қолайлы, бірақ олар тарихи қозғалыстың басталуын немесе Реформация сияқты кезеңді көрсету үшін қолданылған кезде қисынсыз болуы ықтимал.⁴² Түптеп келгенде, жетекші реформаторлардың көптеген теологиялық идеялары бұрынғы дінбұзар қозғалыстардан алынған. Мүмкін кезеңдеуге символ ретінде қызмет ететін кітаптар септігін тигізетін шығар. Мысалы, Декарттың «Әдіс туралы пайым» (*Discourse on Method, 1637*) атты кітабы Еуропа тарихындағы маңызды бетбұрыс қана емес, сонымен қатар Ағарту дәуірінің басталуын сипаттайтын қолайлы символ деп санауға болады, өйткені бұл латын тілінде емес, француз тілінде жазылған. Ол математикалық және ғылыми дәлелдердің мәртебесін арттырады әрі жеке тұлғаны философияның басты элементі әрі басталу нүктесі ретінде қарастырады. Бұл Ағарту дәуірінің түсініктемесіне, сондай-ақ философия тарихына әсер етеді; басқа символдық бастамалар сияқты, бұл да болжамдарға толы. Кез келген адамға мұндай белгілер әртүрлі дәрежеде қызық болуы мүмкін; олардың әрқайсысында бұлыңғыр жоспарлар бар. Мұндай белгілер аса қажет, бірақ олар қаншалықты сенімді болып көрінсе де, ешқашан сыни пайымсыз қолданылмауы керек.

Метафоралар мен тақырыптар

Кезеңдердің шектерін тақырыптар бойынша анықтаудың тағы бір тәсілі де назар аударуға тұрарлық. Мысал ретінде «дағдарыс дәуірі», «тепе-теңдік дәуірі», «алтын дәуір» және «ақсүйектер дәуірі» деген ұғымдарды алуға болады.⁴³ Негізінен, мұндай тіркестерді көптеген кезеңдерге қатысты қолдануға болады. Олардың неліктен осылай аталатыны қазіргі уақытта түсінікті жағдай деп білеміз, бұл – сипаттама мен метафораны біріктіру арқылы осы кезеңдерге өзара үйлесімділік беру. Бұл тақырыптардың әсері әртүрлі. Революция дәуірі баяндаушы сипатта қарастырылуы мүмкін, себебі революция дәуірі дегенде оқырманның ойына бірден Франция мен Америка Құрама Штаттарында болған нақты революциялар мен индустриялық революция түседі. Белгісіздік дәуірінің сипаты

біршама өзгеше, бұл бар болғаны – метафора. Оқырмандар жарқын бейнелер құрастыруы ықтимал, алайда оларды бір нәрсемен байланыстыру мүмкін емес. Бұл басқа дәуірлердің әлдеқайда шүбәсіз болғанын көрсетеді. Біз XX ғасырда бұрынғы кезеңдегі өмірді қалыптастырған түрлі құрылымдардың атап айтқанда, психикалық, экономикалық, зияткерлік, әлеуметтік немесе саяси құрылымдардың жоғалуы туралы қорытынды жасай аламыз.⁴⁴

Тарихи тұрғыдан аса көп қызығушылық туғызатын тағы бір мысал – 1930 жылдардағы дағдарыс кезеңін қарастырайық. Көп жағдайда көңіл-күй немесе аурусырқаумен байланыстыратын терминді дәуірді сипаттау үшін пайдаланудың бір қайран қаларлық жағы да бар. Ол қайдан және қалай туындаса да, оның эмоциялық сипаты мен өзіндік ерекшелігі бар. Бұл адамдардың кең ауқымды экономикалық трендтер аясында қорғансыз болуына және кенеттен туған кедейшілікке әкеледі, соған орай жеке немесе қайырымдылық негізде аяу сезіміне қажеттілік туғызады. Бұл идеялар көптеген үкіметтер мен маңызды әлеуметтік топтар, әсіресе зиялы қауым өкілдерінің өткір теңсіздік, авторитарлық режимдер мен әлеуметтік мәселелерге байланысты түбегейлі шешімдерін іздейтін кезеңнің трендтерін бейнелейді.⁴⁵ Осы нақты дағдарыстың хронологиялық шектеріне қатысты бірауызды пікір жоқ.⁴⁶ Көптеген мемлекеттер жаһандық құбылысқа айналудағы жақындаған экономикалық қиындықтарға тап болды, географиялық тұрғыдан алғанда, оның әр жердегі көріністерінің өзіндік ерекшеліктері болды. Бұл жағдайда кезеңдер, олардың бейнелері, өзін-өзі тану және тарихшылардың баяндаулары өзара астасып жатады; дегенмен де оларға негіз болған құбылыстар айтарлықтай кең таралған.⁴⁷

Кезеңнің көптеген терминдері белгілі бір дәрежеде тарихи тұлғалар пайдаланған немесе кейінгі ұрпақтар өздерінің мақсаттары үшін қалыптастырған категориялардан алынған. Кейіннен олар нақты мазмұнға ие болып, өз бетінше әрекет етеді. Тоқырау терминін алып қарасақ, әлеуметтік жағдай туралы жазба құрастыруға әрі ол туралы әлеумет арасында сын қалыптастыру, сол уақыттың қоғамдық мәселелерін анықтау және барлық құбылысқа қызығушылық білдіру нәтижесінде кезеңдеудің тұтас процесін әдеттегіден анық қылады.

Бұл тарауда кезеңдеу түрлерінің тұжырымдамалық тұрғыдан күрделі құбылыс екенін көрсеткім келді. Атап айтқанда, мен кезеңдерге атау беру әдістері тарихи әлеуметтің қайдан туындайтынын және осы жағдайдың қалыптастырушы аспектілері туралы болжамдарды қамтиды деп тұжырымдадым. Өзге мамандар сияқты тарихшыларға да өзара үйлесімділік қажет. Ал ғалымдар жағдайында бұл ішінара тәжірибелік себептерге байланысты зерттеулерді меңгеруге мүмкіндік береді, сонымен қатар қажетті жұмыстар үшін пайдаланады. Кезеңдердің бірізділігі – оларға берілген тарихи түсініктемелердің ажырамас бөлігі. Кезеңдерді қорытындылайтын түйінді табуға ұмтылу жігерлі әрекет және бұл ұмтылысты жеке адам, оқиға, басқару стилі немесе тақырыптан табуға болады. Бұл жағдайдың барлығына метафора және визуалды суреттер арқылы әрекет ететін тарихшының бүкіл пайымдау қуаты жұмылдырылады. Ана тіліміздің маңызы зор, өйткені ол кезеңдерді сипаттау үшін тартымды болуы ықтимал, ол терминологияны ғана емес, сонымен бірге олардың метафоралық құрылымын да қалыптастырады. Ағарту дәуіріне келсек,

мағынасы бір «die Aufklärung» (неміс тілінде – «Ағарту». – Ғыл.ред.) және «le siècle des lumières» (француз тілінде – «Ағарту дәуірі». – Ғыл.ред.) ұғымдары екі түрлі сипатқа ие. Сол сияқты визуалды дәстүрлер де өткеннің идеяларын қалыптастыруға көмектеседі. Мысалы, XVIII ғасыр туралы француздардың көзқарасы ағылшындарға қарағанда неғұрлым «рококолық» сипатта деп айтуға болады.

Тарихнама және кезеңдеу

Кезеңдеу тарихнамаға қатысты жаңа мәселелерді қамтиды. Осы тараудың соңында уақыттың тарихи тәжірибеде қаншалықты орын алатынын сыни тұрғыдан түсінудің маңызын анықтау үшін екі мәселені атап өтеміз. Бірінші мәселе тарихи зерттеу немесе жазбада қамтылған уақыт көлеміне, яғни оның ауқымы не болмаса бағыт-бағдарына қатысты. Белгілі бір кезең қанша уақыт бойы зерттелетіні туралы мәселені шешу тарихшылардың маңызды міндеттерінің бірі саналады және таңдалған мерзім жүзеге асырылатын жобаның түріне сәйкес келуі әрі қолайлы болуы керек. Сипатталуы аса күрделі, ұзақмерзімді қамтитын тарихты мысалға алайық. Ұзақмерзімді қамтитын тарихты сипаттаудың қажеттілігі түсінікті, ол адам өмірінің ырғағымен, өзгерістердің кейбір түрлерінің қарқынымен, ілгерілеудің деңгейін және түрлерін анықтау қажеттілігімен, сондай-ақ кейбір дәуірлердің ерекше қасиеттерімен байланысты. Бродель өзінің XV–XVIII ғасырлардағы өркениет пен капитализм туралы үш томдық зерттеуінде жалпы алғанда немесе белгілі бір кезеңдерде өте баяу өзгертін тарихи құбылыстарға қызығушылық білдіреді. Сонымен қатар ол әртүрлі өзгерістердің арасындағы байланысты зерттеді, ал бұл өзгерістер неғұрлым айқындала түсуі үшін ұзақ уақыт қажет еді. Бродель өз еңбектерінде ұзақмерзімді кезеңдерді қамтып әрі өзгеріс қарқыны туралы пайымдағандықтан, оның жазбаларының кезеңдеуді жете түсіну үшін пайдасы зор.⁴⁸

Тарихтың өз сипаты бойынша ұзақмерзімді қамтуы тиіс бірнеше қосымша салалары, атап айтқанда демография, тарихи эпидемиология мен экономикалық тарихтың бірнеше түрі бар. Бұл салаларға қатысты өзгерістер баяу жүреді және оның маңызын айқындау үшін сол өзгерістерді ұзақ уақыт бойы зерттеу қажет. Бұған мысал ретінде ауру-сырқау, өлім-жітім, неке жасы, бала туу және некеден тыс бала туу көрсеткішін атауға болады.⁴⁹ Бұл мәселелерге қатысты дәлелдердің сипаты мен қолжетімділігі әртүрлі, сондай-ақ бұл дәлелдердің сапасы мен сақталуының да әртүрлі жерлерге қатысты айырмашылықтары бар. Сол себепті ұлттық немесе тіпті аймақтық деңгейдегі трендтерді анықтау үшін, бұл материалдарды жинақтап, жүйелеген жөн. Дегенмен бұл өзгерістер жазбаны сақтау мен қорғауға қатысты нақты мәселелермен ғана емес, тарихи түсініктеменің негізімен де байланысты. Құбылыстардың қаншалықты жылдам немесе баяу өзгертінді туралы пайымдаулар олардың жалпы өзгерісі туралы көзқарастар мен тарихшының адам мен қоршаған ортаның өзгеруіне септігін тигізетін егжей-тегжейлі механизмді түсінуіне де байланысты болады. Сондықтан қарым-қатынас пен мінез-құлықтың қалай және қандай қарқынмен өзгертіндіні анықтау өте маңызды мәселе. Идеялар мен тәжірибелер топтан-топқа, адамнан-адамға, аймақтан-аймаққа

қалай таралады? Мұндай процестер қанша уақытқа созылады? Бұл бүкіл тарихи тәжірибе үшін күрделі де іргелі мәселелер болып саналады.

Айта кету керек, ұзақмерзімді қамтитын тарихты зерттеушілердің ертеректегі өкілдерінің көпшілігі әдеби әрі визуалды деректерді пайдалана отырып, менталитетті зерттеу арқылы адам өмірінің табиғаты мен өзгеру қарқынын қалпына келтіру қиынға соғатын қырларын анықтауға тырысты.⁵⁰ Соңғы жылдары шағын тарихи зерттеулерге деген қызығушылық артып келе жатқаны байқалады. Бұл ұзақ уақыт бойы шағын қоғамдастықты немесе географиялық аймақты зерттейтін микротарихпен байланысты. Белгілі бір мақсатқа бағытталған тақырыптық зерделеу тәсілі қолданылатын мұндай зерттеулер бір немесе бірнеше мысалдарды мұқият зерттеу арқылы үлкен заңдылықтарды анықтауға болады деген идеяға негізделген. Бұл тренд кейбір жергілікті аймақта сақталған жазбалардың қорына және тарихи түсініктемелерге, нақты айтқанда, себеп-салдарлық түсініктемелерге қатысты туындаған алаңдаушылықты көрсетеді. Филипп Ариес сияқты тарихшылардың мәлімдемелері мен әдістерін жиі сынға алу дәл осындай алаңдаушылықты білдіреді. Ал микротарих керісінше шектелген саланың күрделі құрылымын зерттейді және қажет болған жағдайда ұзақмерзімді кезеңді зерделеу арқылы зерттеу ауқымын кеңейтуге болады.

Кезеңдеу – біздің уақытты қалай елестететініміз бен тұжырымдауымызға байланысты болады, демек, оның тарих пәні үшін маңызы ерекше екенін түсінеміз. Жеке тұлғалар, яғни тарихшылар мен олар зерттейтін адамдар тұрғысынан алғанда, жады уақытпен байланыстырушы ретінде қызмет етеді. Осылайша екінші тарихнамалық мәселе жадыға қатысты болады.⁵¹ Тарихты жазу, ішінара, естеліктердің берілуіне байланысты, дегенмен оның айқындылық деңгейі әртүрлі. Тарихшылар деректерді қолдану барысында өзгелердің естеліктеріне сүйенеді, тарихи тұлғалар мен олардың тәжірибесінің елдің жадында сақталуы тарихшылардың зерттеу еңбектеріне аса қажет дүние деп білемін. Жалпы алғанда, тарихтың тәжірибесі – есте сақтаудың мамандандырылған бір түрі. Дегенмен жады ұғымының өзі қандай мәселеге қатысты екенін анықтап алғанмыз жөн.

Біз оны ауызша тарих саласын сыни тұрғыдан түсіну арқылы анықтай аламыз, ол жадыға және оның мағыналы түрде есте сақталып, түсіндірілу қабілетіне негізделген. Ауызша тарих, негізінен, егде жастағы адамдармен өмірдің зерттеле бермейтін аспектілері туралы әңгімелесуді қамтиды. Демек, мұнда елеусіз, қараусыз және ұмыт қалған адамдардың пікіріне ерекше назар аударылады. Ауызша тарих өзі қамти алатын кезеңдермен және шешуге қауқарлы тарихи мәселелердің түрлерімен шектеледі. Ауызша тарих адамдардың есінде нақты сақталған мәліметке байланысты болып көрінуі ықтимал. Дегенмен жады мінсіз емес, ол шындыққа жанаспайтын естеліктерді де ұсынуы әбден мүмкін. Ауызша тарихты зерттеуші мамандар өзге дәлелдерді пайдалана отырып, алынған материалды тексеру қажеттігіне назар аударады. Бұл – ғалымдар өздерінің жеке деректерін құрастыра алатын сала, онда сұхбат берушінің тұлғасы тарихшылар мен сұхбат беруші арасындағы өзара әрекеттесуінің ерекше бір түрі арқылы ұштала түседі.⁵² Көп жағдайда мұндай сұхбаттар өткеннің кейбір қырларына және адамдардың өткен туралы естеліктерінің нақтылығын қажет етпейтін сезімдеріне қатысты болады.

Ауызша тарих жадының және оны тарихшылардың пайдалануының күрделі екенін көрсетеді. Адам өмірінің ұзақтығы мен ұрпақтар сабақтастығы осы саладағы артықшылыққа ие уақыт бірлігі екені сөзсіз.

Өткел

Адамдардың есінде қалғаны және оларды сипаттау тәсілдері маңызды тарихи құбылыстар саналады. Аталмыш құбылыстар мұқият таңдауды қажет ететіндіктен, олар өте маңызды, өйткені іріктеу процестері мен естеліктер ұсынылған нақты формалардың өзіндік мағынасы бар. Тарих пен жадының үйлесімінде ортақ трендтер бар.⁵³ Көптеген тарихшылар жадының сипатын зерттеуге қызығушылық білдіреді. Жадыны зерттеу – қазіргі уақытта көпшілік мойындаған әрі дамып келе жатқан сала. Мысалы, ескерткіштер мен мемориалдар арқылы есте сақтаудың нақты формасын беру – бұл өткенді де, қазіргі күнді де еске алуға байланысты үлкен тарихи құбылыс.

Кейбір тарихшылар күп көретін «Холокост» немесе «Шоа» сияқты еврей терминдері тарих пен жадыға қатысты осы жалпы ережелердің нақты мысалы бола алады. Бүгінгі күні біз «Холокост» деп атайтын процестердің күрделі жиынтығына ерекше қызығушылық бар. Қазіргі таңда ол оқиғалардан бері салыстырмалы түрде бірталай уақыт өтті, оған қатысқандардың (не оны көзімен көргендердің) қатарынан көзі тірі санаулы ғана адам бар. Әрине, бұл – уақытша жағдай. Бұл тарихи ревизионизмнің көптеген түріне серпін берді, осы тақырыптағы романдар, мемуарлар, көрмелер мен фильмдер ерекше қарқынмен таралды. Мұнда жады, еске алу, мәңгі есте сақтау, қайта пайымдау қамтылған және олардың әрқайсысы әртүрлі сипатқа ие. Тарихшылар үнемі мұндай талас-тартыстардың ішінде жүреді. Бұл дау-дамай бірқатар қарама-қайшы көзқарастардың болуынан, сондай-ақ бұл оқиға болды ма, болмады ма деген мәселені ғана емес, сонымен бірге мұндай оқиғаларды қалай сипаттауға әрі ұсынуға болатыны, оған кім құқылы және тарихшыларға кінә тағуға бола ма деген сияқты өзге де мәселелерді қамтиды. Мұндай мәселелер тарихи дәлелдердің сипаты мен оның түсіндірілуіне, өткенге «иелік етуге», жадының негізділігіне, тарихшылардың ауқымды әлеуметтік рөліне (әсіресе, сот процестеріне қатысты) және ретроспективті жаза мен айыптаудың қисыны мен қажеттігі сияқты мәселелерге күмән туғызады. Егер уақыт ағымының ықпалын қарастыруды тарихшының жұмысы үшін маңызды деп ойласақ, онда Холокосттан туындайтын көптеген мәселеден артық күрделі, маңызды әрі өзекті мысал таба алмайтынымыз шындық. Бұған тарихи құбылыстар мен олардың репрезентациясы академиялық тарих пәнінің бірден-бір саласы емес екені себеп болып отыр. Керісінше, олар қоғамдық ортада кездеседі және қоғам әртүрлі, бір-біріне қарама-қайшы мүдделері бар көптеген әлеуметтік, саяси әрі институттық топтардан тұрады. Бұлар кәсіби тарихшылар үшін өте маңызды мәселелер. Осы мәселелерді қоғамдық тарихты зерттеу барысында аңғарамыз. Бұл қоғамдық тарих зерттеу саласына да, сондай-ақ өткенді қарапайым аудиторияға ұсынатын іс-әрекеттер мен әдістерге де жатады.

ЖЕТІНШІ ТАРАУ

Қоғамдық тарих

«Тарих» ұғымын барлық жерде әртүрлі мағынада кездестіреміз. Мысалы, музейлер мен бұқаралық ақпарат құралдары өткен замандар туралы мәліметтермен көпшілікті үнемі хабардар етіп отырады. Бұл тарауда ғылыми ортадан тыс қолданылатын тарих түрлері және өткен туралы түсінік қалыптастыруға қатысатын әртүрлі топтар қарастырылады. Тарихтың коммерциялық өлшемі бар. Оны зерттеуші мамандардың өткенді үлкен аудиторияға ұсынудың әртүрлі тәсілдері туралы ойлануы айрықша маңызға ие. Қоғамдық тарих саласы әуесқой тарихшыларды тарихи тәжірибелерді мұқият зерттеуге ынталандырады.

Қоғамдық тарих деген не?

Қоғамдық тарих түсінігі Солтүстік Америкада көп уақыттан бері пайдаланылып келеді және бүгінде өзге елдерде де кеңінен қолданылуда.¹ Қазіргі уақытта қоғамдық тарихқа арналған көптеген еңбектер мен журналдар және курстар бар. Қоғамдық тарих – коммерциялық әрі институттық тұрғыдан қарқынды дамып келе жатқан сала. Өзінің қарастыратын құбылыстарының сантүрлі және өте күрделі болуына орай қоғамдық тарих біз ойлағаннан әлдеқайда күрделі сала. Бұл термин үлкен аудиторияға арналған өткен туралы мәліметтерге де, оларды бағалауға мүмкіндік беретін зерттеу саласына да қатысты. Қоғамдық тарих саласының маманы әуесқойларға тарихты қалай жеткізуді білетін адам немесе өткенді қоғамдық өмірде қолдану туралы түсінік беретін және қоғамдық тарихқа қызығушылық білдіретін болашақ мамандарды оқытатын, сондай-ақ студенттерге қоғам өмірінің көптеген түрін қалай бағалау керек екенін көрсететін ғалым бола алады. Сонымен қоғамдық тарих мойындалған академиялық сала да және сан салалы

тәжірибе де бола алады. Тарихтың бұл түрін зерттейтін мамандар әртүрлі машықтар мен білімге ие. Қоғамдық тарих көптеген жерлерде, атап айтқанда, галерея, музей, демалыс орындары және бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет, қоғамдық орындар мен университеттерде көрініс береді.

Ең алдымен, «қоғамдық» сөзінің күрделі термин екенін мойындауымыз қажет. Бұл тарауда аталмыш терминнің тарихи тәжірибемен байланысы зерделенеді. «Қоғамдық», «қоғамдық тарих» ұғымдары қаншалықты күрделі болса да, қисынды сөз тіркесі саналады, өйткені ол тарих пәніне қатысты көптеген құбылыстарға назар аударады. Бұл ғылыми дәреже алу бағдарламаларының маңызды ерекшелігіне айналып келеді, дегенмен кейбір кәсіби тарихшылар бұған күмәнмен қарайды. Университеттерде академиялық тарих деп аталатын салалар бойынша дәріс беретін мамандар жұмыс істейді. Жоғары білім беру жүйесінің заманауи құрылымдары, сондай-ақ тарих пәндері тек ХІХ ғасырда пайда болса да, олардың тамыры тереңге жайылған. Университетте мамандық ретінде оқытылатын тарих – тарихтың ерекше түрі, дегенмен оны зерттеуші мамандар кейде тарихтың одан басқа түрі болмағандай қарайды. Сонымен қатар қоғамдық тарих – бұл көптеген адамдар зерделейтін әрі оқитын және көпшілікке танымал тарих. Кейбір адамдар үшін қоғамдық тарих – бұл элиталық, жоғары мамандандырылған тарих дегенді сынап отыратын радикал тарихи қозғалыстардың маңызды бөлігі. Олар тарихи қауымдастыққа арналған, көпшілікке түсінікті және саяси күрестерде қолдануға болатын саяси сананы насихаттауға тырысады. Қоғамдық тарихтың басым бөлігі осындай демократиялық мақсаттарға негізделген, алайда оның үлкен аудитория үшін тиімді болатынын ескерсек, оны истеблишменттің құралы ретінде де қарауға болады.²

Қоғамдық тарих деп аталатын жеке зерттеу саласының болуы да бұл мәселеге атүсті қарауға негіз бола алмайды. Бұл, мысалы, тек тарихтың кейбір бөліктері ғана көпшілікке арналған және оның мәселелеріне тек белгілі бір адамдар ғана назар аударуы керек деп болжайды. Сонымен қатар ол кейде басқа тарихи салаларға қарағанда, интеллектуалдық мәртебесі төмен сала ретінде қарастырылады. Ал бұл керісінше болуы керек: әлеуметтің тарихты қалай түсінетіні саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады, сол себепті бұл өткен уақыт туралы мүмкіндігінше сенімді әрі жауапты сипаттама құрастырғысы келетіндердің барлығының қызығушылығын туғызады. Қоғамдық тарих терминімен біріктірілген құбылыстар тарихшыларды өз тәжірибелері туралы ойлауға итермелеуі мүмкін.

Қоғамдық тарихқа байланысты мәселелер «тарих» терминінің кейбір түсініксіз жақтарын көрсетеді. Айналамызда бұрынғы уақыттан қалған қалдықтардың бар екені белгілі, бірақ олар әрдайым тарих ретінде немесе өткеннің құрылымдық сипаттамасындағы элементтер ретінде қарастырылмайды. Қоғамдық тарих көптеген мағынадағы тарихты қамтиды: академиялық пән; оның зерттеу нәтижелерін барлық қолжетімді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратып, көпшілік назарына ұсыну; бұл әртүрлі формадағы тарих; сондай-ақ адамдар, топтар және елдер бойынша әртүрлі нұсқаларға ие болған өткен туралы түсінік.

Тарих көріністері

Музейлер мен мәдени мұра нысандары қоғамдық тарихтың басты мысалдары саналады.³ Шынында да «қоғамдық тарих» тіркесін қолданған кезде, адамдардың ойына бірден осы нысандар оралады. Қазіргі кезде «мәдени мұра» сөзі әртүрлі формада қолданылады, көп жағдайда сақталуға және көпшіліктің назарына ұсынылуға лайық қошеметті өткен уақыттан туындайтын құндылық пен аутенттілікті білдіру үшін пайдаланылады. Бұл коммерциялық әрекетпен тығыз байланысты, ол тарихи нысандарды тамашалайтын адамдарды қызықтыратын орындардан көрінеді. Мәдени мұра, негізінен, жедел дамып келе жатқан индустрия әрі көпшілікке ұсынылатын көрмелер және тағы басқаларда тарих элементі бар. Олар өткенге ықыластануға деген ұмтылысқа жауап береді және сол ұмтылыстың өзі белсенді түрде насихатталып, қолдан жасалып жатады. Керісінше, академиялық мағынасындағы тарихқа арналған деп саналатын музейлер аз ғана, олар көбінесе орынмен, объект түрімен, іс-әрекетпен немесе адаммен байланысты, ал тарихтың олардың барлық әрекеттеріне қатысы бар. Заманауи және қазіргі заман өнерінің музейлері мен галереялары сияқты жоғары мәдениет ордаларында тарих аз ғана көрініс беруі мүмкін.

Дегенмен оларда да тарих көрінбей қалмайды, алайда өнер туындылары үшін тарихи контексті шамадан тыс пайдалану міндетті емес. Соғыс, революция және саяси қозғалыстар, технология мен балалық шақ сияқты тақырыптарға немесе оқиғаларға негізделген көрмелер өткеннен хабар беретін құрал ретінде кеңінен танылмаса да, тарихпен байланысты болады. Сондай-ақ көпшілікке қолжетімді тарихи коллекциялар бар, мысалы, Лондон музейі, Париж қаласының тарихи музейі, Болоньядағы Рисорджименто музейі. Сонымен санаулы музейлер мен олармен байланысты институттар академиялық тарих пәніне тікелей немесе жанама түрде қатысы болса да, оның көпшілігі тарихи музейлер саналады әрі бұл мекемелер көпшіліктің өткенге деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.⁴


Көпшілік назарына ұсынылатын коллекциялардың пайда болуына септігін тигізетін әртекті тәсілдерді жете түсінген жөн. Шынында да, коллекция жинау ісі бүгінгі күні маңызды тарихи тақырып саналады.⁵ Тарихты әртүрлі жолмен сипаттайтын алуан түрлі көптеген музейлер мен галереялар болғандықтан, көрмеге қойылатын жәдігерлердің қалай біріктірілетіні, мақсатты аудитория және онымен байланысты саясат, соның ішінде қаржыландыру тетіктері туралы түсіну де пайдалы болмақ. Колумбия штатында Вашингтондағы Смитсон институты сияқты үлкен мекемелер бар, өзінің көлемі, ықпалы, сантүрлі дерекқоры мен ресурстары жағынан алғанда, олардың тарихтың тәжірибесі үшін маңызы зор. Санмыңдаған адамдарды тарту үшін жасақталған Вирджиния штатындағы отарлық Уильямсбург немесе Уилтшир округіндегі Лонглит сияқты орындар да қоғамдық тарихтың бір түрі екені белгілі.⁶ ЮНЕСКО-ның әлемдік мұралар тізіміне енген нысандарды да қоғамдық тарихқа қатысты орындар ретінде қарастыруға болады.⁷ Келушілерді қызықтыратын соборлар мен шіркеулер де маңызды нысандар саналады: әскери полк музейі секілді тар шеңберде мамандандырылған музейлер

EXPLORE COLONIAL WILLIAMSBURG

Colonial Williamsburg is the only place that takes you back in time to the dawn of America. This isn't just a place where things once happened. They're happening, right now, here in the 18th century. We're the place where the idea of our country is being born; the place where the ideals we stand for as Americans are being defined. We are the 18th century "live," filled with the stories of the women, men, and children—free and enslaved—whose values and visions gave us a new world.

Step back in time and meet the people who made America—sing with them, dance with them, eat with them, and have fun with them. For every person who wants to understand this country, this is your place.

Find out for yourself. Take time to go back.



HISTORIC AREA



NATION BUILDERS



CARRIAGE RIDES



HISTORIC TRADES & SITES

7.1-сурет. Colonial Williamsburg веб-сайтынан алынған скриншот

және көрген адамның қызығушылығын оятып, құлшынысын арттыру үшін қаланған жүздеген жаңа музейлердің де маңызы зор.

Соның нәтижесінде музейлер өткенге қатысты көзқарасты түсінгісі келетіндер үшін маңызды тақырыпқа айналды, өйткені олардың өзі, жалпы алғанда, маңызды мәдени құралдар. Музейлер тарихи тәжірибеге әр алуан әрі ауқымды тәсілдер арқылы ықпал етеді, сондықтан тарихшылар оларды мұқият қарастыруы керек. «Мәдени мұра индустриясы» деп аталатын құбылыстың ірі ауқымды саяси салдарына орай бұл мәселелер қоғамдық пікірталастар туғызатыны анық.⁸ Музейлер аса бір астарлы әдістермен жұмыс істейді. Олар ұсынған өткен уақыт туралы мәселелер өнеркәсіп өнімдері сияқты өте күрделі. Бұл негізгі материалдар мен оны өндеген тәсілдерді байқатпайды. Музейлердің нысандарды көпшіліктің назарына ұсынатынын және оларға ықпал ету үшін көру сезіміне сүйенетінін ескерсек, бұл мәлімдеме таңғаларлық болуы мүмкін. Нысандар көпшіліктің назарына ұсынылып, тарихтан хабар беретін жәдігер болып саналады. Алайда олар тек таңдаулы нысандарды көрсетеді және олар әртүрлі әдістермен өңделген: тазартылған, жөнделген, қайта қалпына келтірілген әрі қапталған. Сондықтан

тарихшылардың тарихи-мәдени мұраны сақтау тәсілдерін түсінуі өте маңызды. Сондай-ақ кез келген элементті түсіндіруге қажетті күрделі сипаттағы қосымша материалдар мен іс-әрекеттер байқалмай қалады. Елеусіз қалағын іс-әрекеттер қатарына көрмелер мен оқиғалар, олардың шығу тарихын зерттеу және түсініктеме беретін қосымша мәтінді өзірлеу кіреді. Музейлер үнсіз жұмыс істейді және іріктеу, басқару, жүйелеу, қаржы жүйесін жоспарлау, түсіндіру процестері көпшілікке беймәлім түрде жүзеге асырылады, көп жағдайда өзгелер бұл мәселелерді ескере бермейді.

Үнісіздік және елеусіз қалуға қатысты бұл мәселелер алдыңғы тарауларда талқыланған ғылыми аппарат пен ашықтыққа қол жеткізу мақсаты жайында, сондай-ақ оқырмандарға авторлар пайдаланатын ресурстар туралы түсінік берудің маңызын еске салады. Музейлер өз табиғаты бойынша ашық түрде жұмыс істей алмайды және біз олардан мұны күтпеуіміз керек. Сонымен бірге музейге келуші қарапайым халық оның жұмыс істеу жүйесінің ашық болғанын қалайды деп мәлімдеуге негіз жоқ. Дегенмен көрмеге ұсыну түрлерін ескере отырып, музейлердің көпшілікке өткен заман туралы мәлімет беруші қызметін атқаратыны жайында нақты түсіну қажет. Музейлер өткенге деген қызығушылықты қанағаттандырумен қатар, оның сипатын да қалыптастырады. Аталмыш ұйымдар өткен заман туралы мәліметтерді әртүрлі әдістер арқылы ұсынады, келушілер бұл тәсілдерден бейхабар болуы мүмкін. Музейлер оқиғалар мен құндылықтарды, идеялар мен ақпаратты жеткізеді. Сонымен қатар олар көбінесе өткен заманды кәсіби тарихшылар үшін аса ыңғайлы емес түрде сезінумен оның мағынасын ұсынады.

Музей мен академиялық тарих арасындағы шиеленіс туралы екі мысал ойға оралады. Көптеген музейлер өткен қоғамның жағдайы туралы ақпаратты жалпылама түрде ұсынады, мұндағы мақсат – көпшілікке бұл мәліметтерді түсінікті, соның ішінде эмоциялық тұрғыда жеткізу. Бұл тәжірибені күнделікті өмірден байқауға болады, жалпылау нәтижесінде көпшілік өткенді лас немесе қауіпті не болмаса бүгінгі күнге қарағанда шынайы әрі қауіпсіз деп сипаттауы мүмкін. Мұндай пайымдар құнды болғандықтан, кәсіби тарихшылардың алаңдаушылығын туғызады, өйткені олар өлім, қылмыс және аурудан қорқу сияқты осал тұстарға ықпал етеді. Музейлердегі экспонаттар да академиялық жағдайда қабылданғаннан гөрі қарапайым себеп-салдарлық болжамдарды ұсынады. Олар жеке және ұжымдық жауапкершілікті қарапайым түрде ажырата салады, өйткені батырлар мен зұлымдар түсінігі аясында әрекет жасайды. Көпшілікке арналған экспонаттар жеке тұлғалардың моральдық тұрғыдан айқындығы мен іс-әрекет еркіндігін көрсетеді. Тіпті тарихтағы әйгілі, есімі елге танымал тұлғалар қатыспаса да, бұған батырлық түсінігі мен оның кереғар сипаты бәрібір қолданылады.

Бұл маңызды мәселелер, себебі өткенді дәл осы мағынада, яғни жетістік пен айыптау, сәтгілік пен сәтсіздік тұрғысынан түсіну кеңінен таралған. Бұл жерде бағыт-бағдарымызды табуға септігін тигізетін жауапкершіліктің нақты үлгісіне қол жеткізу талабы күшті болып отыр. Бұл күшті эмоциялар туғызады, мысалы, тарихшылар 1940 жылдардағы Жапониядағы әскери тұтқындарға арналған лагерьлердегі азаптаудың салдарына назар аударуға тиіс деген шешім болған жоқ, алайда бұл оқиғаға арналған еңбектерде айыптау мәселесі әлі де жалғасып келеді.⁹


Біз музейлердегі қоғамдық тарихтың түрлерін түсініп, құрметтеуіміз және олардың ықпалын мойындауымыз керек, сонымен қатар тарихи санаға эмоциялық тұрғыдан әсер ететінін әрі бұл әсерлерді бақылауда ұстау қиын екенін нақты түсінуіміз қажет. Бұл одан да маңызды мәселе, себебі тарих әртүрлі музейлерде қандай да түрде көрініс береді. Бұдан түсінгеніміздей, тарихшылар музейдегі әріптестерімен ынтымақтастық орнатып, бір-бірінің жұмыстарына сыни пікірлерін білдіруші дос ретінде де араласуы керек.

Қоғамдық тарихтың әралуандығы

Музей мен тарихи мұраларға қатысты мәселелер қоғамдық тарих туралы көптеген пікірталастарда қызу талқыланып жатса да, бұл терминді кеңірек қолдануға болады. Өйткені кәсіби емес аудиторияға арналған және деректі фильмдер, тарихи туындылар мен драмалар, мамандандырылмаған журналдар мен естелік жазбаларды қоса алғанда, тарихтың көптеген түрлері бар. Негізінен, мұндай батыл бастаманы жүзеге асырудың себептері әртүрлі, соның нәтижесінде қоғамдық тарих жан-жақты сипатқа ие ыңғайлы терминге айналады. Бұл, мәселен, бастапқыда бұлай ойластырылмаса да, кейіннен қоғамдық тарих түрлері ретінде қарастырыла бастаған ғимараттар мен қоғамдық орындарды қамтуы мүмкін. Біз қоғамдық орындарда болған кезде назарымыз өткеннен хабар беретін нысандарға ауады, біз оны түсінуіміз немесе түсінбеуіміз де мүмкін. Мұндай тарихи фонды барлық қоғамдардан кездестіреміз. Көпшілік бұған кейде айрықша назар аударады. Мұның әсерінен соңғы жылдары Батыс елдерінің басым бөлігінде ұлт немесе адамзат үшін маңызды оқиғалардың мерейтойларын мұқият таңдалған орындарда атап өту жиілей бастады.

Мұндай шаралардың бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қамтылып, коммерциялық табыс көзі ретінде саналатынын ескерсек, еске алу нысандары «өткеннің көріністері барлық жерде бар» деген пікірді қуаттай түседі. Кейде қандай да бір қауіп туындаған кезде мысалы, ғимараттардың қиратылуға, саябақтардың қайта жөнделуге тиісті болуы, алаңның қандай да бір түрде өзгертілуі немесе режим мен саяси құндылықтарды өзгертуге қарсы шыққанда мемориалдың орны ауыстырылған не болмаса жарақаттанған жағдайларда тарих мәселесі күн тәртібіне қойылады. Жаңа ескерткіштер де пікірталас туғызуы мүмкін. Бұл да – қоғамдық тарихтың бір саласы. Бұл туралы Дэвид Лоуэнталь «Өткен – бөгде мемлекет» (*The Past Is a Foreign Country*) атты кітабында оны жақсы сипаттаған. Бұл қоршаған ортамен байланысты қоғамдық тарихтың (егер солай атуға болса) бір түрі болғандықтан еленбей, назардан тыс қалуы мүмкін, бұл оның маңызын төмендетеді. Бірегейліктің көптеген түрін қамтитын қоғамдық тарихтың бұл аспектілері біздің назарымызды өзіне аударады.

Қоғамдық тарих шынында да алуан түрлі. Кейде біз тарихи тақырыпқа жазылған көркем әдебиет туындыларын оқығандағыдай, өзімізді ойын-сауық арасында



7.2-сурет. С.Д. Сате. Гандидің мүсіні

Қола, биіктігі – 43 см, ені – 31 см, тереңдігі – 25 см, Үндістан, 1995, DUROM. U10638

Ганди әлемге зорлықсыз қарсылық идеясын насихаттағаны себепті танымал болды және сол үшін оны құрметтейді. Ол қаһармандықтың ерекше түрімен әйгілі болды. Санскрит тілінен аударғанда «кең пейіл» деген мағынаны білдіретін Махатма құрметті атақ болды. 1982 жылы Ричард Аттенборо Гандидің өмірі туралы фильм түсірді, оған танымал өртістер құрамы мен Оскар жүлдесін алған сегіз өртіс қатысты. Луис Фишердің 1951 жылы жарық көрген өмірбаяны Аттенбороны ерекше қызықтырды, мұнда автор оны көбінесе ерлікпен байланыстырылатын қарапайым стереотиптерден алшақ, күрделі тұлға ретінде сипаттаған. 1948 жылы 78 жасында өлтірілген Ганди империялық үстемдікке қарсы тұруды және діндер мен түрлі қоғамдық топтардың өзара тату өмір сүруін қолдады.


Портреттер әйгілі тұлғаларды көпшілікке жариялайды, бұл жағдайда эпикалық тарихи драмамен және аса көп жарияланымдармен бірлесе әрекет етеді. Мүсіннің астында кішкентай тақтайшада жазылған «апостол» сөзінің қолданылуы таңғаларлық жайт. Мұндай сыйлықтар халықаралық дипломатияның ажырамас бөлігі саналады.

жүргендей сезінеміз. Бұған XX ғасырдың басында жазылған «Алқызыл наурыз-гүл» (*Scarlet Pimpernel*) атты романдар сериясы жақсы мысал бола алады. Француз революциясы кезіндегі оқиғаны сипаттайтын және аксүйектерді жақтайтын романдар сериясы театр, кино мен теледидарға бейімделіп жазылды.¹⁰ Өткеннің батыл сипаттамалары – бұл оқырмандарға әсер қалдырып, толғандырып, сондай-ақ сәнді костюмдер мен сол дәуірдің көрінісінен хабар береді. Тарихи роман әртекті жанр және өткенді сипаттайтын романдар оқырманның көңілін жаулау әрі көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізетін көрнекті жазба ретінде мойындалатынын айта кеткен жөн. Мәселен, Вальтер Скотт пен Александр Дюманың көпшіліктің ықыласына бөленген туындылары дәл осындай сипатқа ие. Жазушы Хилари Мантел қазіргі таңда қоғамдық тарихты зерттейтін тарихшыға айналды. Оның өткен туралы пайымдары және сол кезең жайындағы мәліметті қарапайым аудиторияға қалай жеткізуге болатыны туралы көзқарасы үшін мамандар авторды ерекше құрметтейді. Кейіпкерлерді ойдан шығаратын жазушылардан оның айырмашылығы – ол белсенді зерттеулер жүргізіп, нақты тарихи тұлғалар туралы жазады.

Қоғамдық тарихтың кейбір түрлері дидактикалық сипатқа ие: музейлер, бірқатар телевизиялық деректі фильмдер және әйгілі басылымдар, соның ішінде тарих туралы журналдар танымдық мәліметтерді көбірек насихаттайды. Дегенмен зорлық-зомбылық, жыныстық қатынас және билік үшін күрес арқылы өткенді сипаттау кенірек таралған. Дамып келе жатқан музей индустриясының ішінде білім беру саласының ерекше өркендеп келе жатқаны кездейсоқ емес. Бұл тартымды әрі қызықты шаралар болуға тиіс, осылайша өткенді түсінудің тиімді құралына айналады. Тарихи деректі фильмдерді де осындай сипатта қарастыруға болады. Бұқаралық ақпарат құралдары мен танымал басылымдарда көрініс беретін қоғамдық тарихтың сан алуан түрі болатыны таңғалдырады. Өткеннің бүгінгі күн үшін пайдалы болуы осы құбылыстарға негізделетінін айта кеткен жөн, оның қолданылу аясы оқыту, ойын-сауық, коммерция, саяси және эмоциялық айла-шарғыны қамтиды. Өткен мен бүгінгі күн бір-бірімен үнемі «сұхбаттасып» отырады.

Пайдалануға жарамды тарих

Өткен тарихты пайдалану идеясы айтарлықтай жаңа емес, дегенмен бүгінгі күні оған ерекше назар аударыла бастады. Егер өткен тарихты пайдалануға болатын болса, онда тарих – өртүрлі, тіпті қарама-қайшы мақсаттарда пайдалануға болатын ашық алаң деп білеміз. Мұндай мақсаттар өткен туралы білімнің құндылығын насихаттап, бүгінгі күн мен болашақты қалыптастыруға қызмет етеді. Дегенмен көпшілік оның тәжірибеде қалай жүзеге асырылатынынан бейхабар. Сонымен қатар өткенді пайдаланудың өртүрлі нұсқалары бар екенін естен шығармаған жөн. Ойын-сауықтың бір түрі ретінде қарастырылатын тарих өткенді коммерциялық мақсатта пайдаланады. Өзіндік сананың көкжиегін кеңейту процесі ретінде қарастырылатын тарих өткенді саяси мақсатта пайдаланады. Қоғамдық білім ретінде қарастырылатын тарих өткенді аудиторияға саяси және әлеуметтік



7.3-сурет. Мұқаба және титул парақ. Александр Дюма, «Қырық бес гвардияшы» (*The Forty-five Guardsmen*, 1869) Биіктігі – 22 см, Лондон, 1869; SC 12463

Александр Дюма – көптеген тарихи романдар жазып, табысқа кенелген әйгілі француз авторы. 1620 жылдардағы оқиғаларды қамтитын танымал «Үш ноян» (*Three Musketeers*) шығармасы алғаш рет 1844 жылы жарияланған және бірқатар нұсқада таралған, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көпшілік үшін қолжетімді туынды болды. 1847 жылы жарық көрген «Қырық бес гвардияшы» шығармасында француз королі III Генрихтің билігі туралы баяндайды. Ағылшын тіліндегі бұл аударманың тәржімаланған уақыты көрсетілмеген. А.Дюма өз туындыларында тарихи нақтылыққа назар аударма бермейді, бірақ оқырмандарына қызықты әрі романтикалық оқиғаларды ұсынады.

трендтер туралы хабар беру мақсатында пайдаланады. Ал енді Англияның Ұлттық қоры, жаппай әскери мемориалдар тұрғызу, қоғамдық зираттарға күтім жасау жөніндегі және тағы басқа бағыттағы ұйымдар туралы не айтуға болады? Бұл жерде өткен шақтың пайдалануға жарамдысының қай түрі пайдаланылады?

Ұлттық қордың қызметінен өткен тарихты тиімді пайдаланудың бір мысалын байқауға болады. Ол 1895 жылы тарихи орындар мен табиғаты әдемі ауылдық жерлерге күтім жасау мақсатында құрылған. Ұлттық қор – қазіргі таңда Ұлыбританиядағы ірі қайырымдылық ұйымдардың бірі. Ол бағалы әрі тарихи маңызы бар, кейбір жағдайда қауіп төніп тұрған нысандарды қорғау және дәріптеу арқылы бұған көпшіліктің назарын аударуды мақсат етеді.¹¹ Ұлттық қор жұмысшы табының өмірі мен қарапайым мәдениетіне қатысты жылжымайтын мүлікті сатып алғанын, сонымен қатар қала сыртындағы үйді насихаттағанын ескерсек, бұл күрделі, даулы, үнемі дамып келе жатқан жоба екенін және солай болып қала беретінін байқаймыз. Оның саясаты өзгермей қала бермейді. Қорда атқарылатын жұмыстың тәрбиелік мәні бар екені сөзсіз, дегенмен қордың меншігіндегі нысандарға музейіндегідей атау берілмейді. Келушілер өткен тарихтың «түпнұсқа күйіне» (*original state*) жақын әлемге еніп, сол кезенді көз алдына елестетеді. Алайда «түпнұсқа күй» деген ұғымға қатысты дау туындауы мүмкін. Фимараттарға өзгеріс енгізіліп отыратыны анық; оны аралау барысында нақты бір кезеңнің ойға оралуы екіталай, десек те архитектураның негізгі кезеңдері белгілі бір кезенді емес, тұтас тарихи түсінік қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Фимараттарды көпшілікке көрсету кезінде мұндай мәселелер еленбей қалады, сондықтан нысандарды тамашалап, одан әсер алған келушілердің пікірінше, онда тарихи шынайылық бар. Драматург Алан Беннет Ұлттық қордың күрделі құрылымын өзінің «Адамдар» (*People, 2012*) атты пьесасында сипаттайды. Ол бұл туындысында қоғамдық тарих терминін қолданбаса да, өзінің өткір ойларын ортаға салады.

Қала сыртындағы үйлер, қорғандар мен сарайларға танымды кеңейту үшін ғана саяхаттау ағаттық болар еді және ол мұндай орындардың маңызын төмендетеді. Келушілер мұндай орындарға кірген кезде өткен туралы әсерде болып, ол құбылысты өз қиялында кіршіксіз әлем ретінде елестетеді, оның нәтижесінде естеліктер туындауы мүмкін. Мұндай орындар жадыны жаңғыртуы, ал кейбіреулердің ойында нағыз естеліктер туғызуы мүмкін. Өткенді аңсау – қол жетпейтін құбылысты анықтау деген сөз. Бұл қиялдың шартты формаларына тікелей қатысты болады. Мысалы, өткен ғасырдың басындағы паровоздар аңсау сезімін оятады, бұл кезінде оның жиі қолданылғанынан бейхабар жастарға да айрықша әсер етеді. Соңғы жылдары теледидар мен кино индустриясында өткенді аңсаудың ерекше формалары қалыптаса бастады. Оны «Брайдсхедке оралу» (*Brideshead Revisited*) құбылысымен байланыстырсақ болады. «Брайдсхедке оралу» – Ивлин Воның ғасыр басында өмір сүрген ағылшын ақсүйектері туралы 1945 жылы жазған романы, 1981 жылы аталмыш романның телевизиялық нұсқасы түсіріліп, бірнеше мемлекетте көрсетіліп, нәтижесінде үлкен табысқа кенелді. Сонымен қатар жуырда ғана телевизияға арналып түсірілген «Даунтон аббаттығы» (*Downton Abbey*) атты тарихи-көркем фильм әлемдік танымал туындыға айналды.¹²

Қала сыртындағы үйлер, қорғандар мен сарайлар қазір бұрынғыдай емес, өзгеше сипатқа ие. Байқағанымыздай, бүгінгі күні аталмыш орындар иіс-қоңыстан тазартылған және ауыр жұмыстар түрі онда қолданылмайды. Сондықтан танымал көрнекті орындар ретінде саналатын үлкен ғимараттардың асханаларын бүгінгі күні көргенде, олар өткен уақыт туралы мәліметті аз береді немесе ол жайында мүлде хабар бермейді. Керісінше, олар көркем әдебиеттің келушілер «тарих» деп атайтын ерекше түрін ұсынады. Мұндағы үй шаруасына оның иелері емес, үй қызметшілері жауапты болғандықтан, үй шаруашылығын басқарудың мән-жайын (айталық, жүз немесе одан да көп жыл бұрын) толық түсіну көңілге мұң ұялатады. Дегенмен бұл тамашалаушылардың қызығушылығын қанағаттандыратын элиталық резиденциялардың тартымдылығына кедергі келтірмейді, келушілердің бұдан алған әсері өткен уақытты жеке емес, ұжымдық тұрғыдан қабылдауына байланысты болады.

Әр елдің өткен уақытты сипаттаудың өзіндік тәсілдері бар екені белгілі, бұл әрбір азаматтың ойында тарих туралы түсінік қалыптастыруда ауқымды саяси құбылыстардың маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Көптеген Еуропа елдерінде ашылған өлкетану музейлері мен күнделікті өмірге арналған заттар қазіргі таңда Британияда жиі кездеседі. Мұнда джентрилер мен ақсүйектердің үйлеріне деген қызығушылық айрықша. Ал Америка Құрама Штаттарында көлемді жерді қамтитын және отбасылық ойын-сауық өткізілетін тақырыптық саябақтар тарихы табысты түрде дамып келеді. Мұндай тарихпен әуестену тап пен элитаның табиғаты сияқты құбылыстардан хабар береді. Өткенді түсіну және әртүрлі формадағы көріністерін құрметтеу қажеттілігі көптеген орындарда өткен заманды бейнелеуге ерекше құштарлық туғызады. Бұл құштарлық тарихи көріністерден туындайды және өткен уақытты академиялық әдіс тұрғысынан емес, туризм сияқты әдістерді пайдалана отырып қарастырған жөн. Ол келушілердің қиялын оятады. Осылайша шынайы тарихи орындар мен өткен уақыттың ойдан құрастырылған нұсқасы оқырманның түсінігіне біз ойлағаннан да жақын болуы ықтимал. Даунтон аббатығының сыртқы келбетін көрсету үшін қолданылған Хайклер қорғаны туристерді ынтықтыратын орын және өзінің ойдан шығарылған әлеммен байланысынан белгілі бір пайда тауып отыр. Жуырда пайда болған жаһандық құбылыс – «Тақтар ойыны» (*Game of Thrones*) атты сериалда ойдан құрастырылған өткен заман орта ғасыр мәдениетінің элементтерімен үйлестіріледі. Аталмыш туынды – тарих пен қиялдың өзара үйлесім тапқанын көрсететін мысал, себебі оны тамашалаған көрермендердің сол сериал түсірілген орындарды көруге деген қызығушылығы арта түсті.¹³

Егер біз мемориалдар мен зираттарды қарастыратын болсақ, мұнда өткенді пайдалану әдістері әлдеқайда күрделене түседі.¹⁴ Сайып келгенде, әскери мемориалдар қарастырылып отырған қақтығысқа негіз болған құндылықтарды көрсетеді. Көпшілікке қолайлы тұлғаны ұсыну кейбір жағдайларда риторикалық мәселеге айналады. Шайқасқа дейінгі немесе шайқас барысында не болмаса ол аяқталғаннан кейінгі күрделі жағдайдың (дипломатиялық, әскери және саяси) қиындық туғызуы екіталай, себебі сол жағдайлар арқылы ұрысқа қатысқандарға құрмет көрсетіп, бөрінен бұрын ерлікпен қаза тапқандарды ұлықтау қажеттігі

туралы түсінік қалыптастырамыз. Монументтер ұзақ мерзімге жарайтындай салынған, дегенмен олар тарихтың бір түрі ретінде жобаланбаған: олар орнатыла бастаған уақыттан бастап қана – тарих түрі ретінде қарастырылады. Негізінен, монументтер болған оқиғалар және оған қызығушы көпшіліктің көзқарасы туралы ашық хабар береді. Сол мәліметтердің өзіндік ерекшелігі мен көпшіліктің оған деген реакциясының негізінде әскери ескерткіштердің нобайы жасалады, сондықтан барлық мәдени өнім сияқты бұл ескерткіштер де нақты жағдайлардан хабар беретін түсініктеме ретінде қарастырылуға тиіс. Мәңгілікке есте сақталуға тиіс тұлғаларды сынға алу екіталай, бұл жерге мұқият тандалған және сол заманға қатысы бар жағымды бейне керек.

Ескерткіштер, мемориалдар мен мүсіндер арқылы мемлекет және қалың бұқара үшін қоғамдық маңызы бар оқиғалар мен тұлғаларды танып-білуге болады. Бұл ескерткіштер көпшілікті құрбан болған жандарға құрмет көрсету және артында өшпес із қалдырған тұлғаларды еске алуға шақыру үшін өткен уақыттың физикалық құрылымдар арқылы қалай қолданылатынын көрсетеді. Мұндай құрылымдар қоғамдық құжаттарға айналады, олар тірі қалғандардың ашу мен айыптылық сезімін, жақын туыстарынан айырылғандардың торығуы мен мақтанышын жеңуге көмектеседі деп үміттенеміз. Сонымен қатар ескерткіштер визуалды тұрғыдан тартымды болуы мүмкін, демек, ол жерге көрнекі жер ретінде де, сондай-ақ ой қорыту мен ғибрат алу үшін де келуге болады. Бұл ескерткіштер тарихи тұрғыдан қызығушылық туғызып қана қоймай, сезімді білдірудің құралы да бола алады. Мұның барлығы – қоғамдық тарихтың бір бөлігі және бұл көпшілікке арналған тарих.¹⁵

Бұған дейін келтірілген мысалдар «қоғамдық», соның ішінде «бұқаралық аудитория үшін», «кең таралған», «әуесқой», «тұтас мемлекеттің алаңдаушылығын туғызатын» және «барлығына қолжетімді» сияқты термин мен сөз тіркестерінің мағынасын түсінуге септігін тигізеді. Бұл мән-мағыналардың әртүрлі сипаты мен өткеннің түрлі формада қолданылуы өзара тығыз байланысты. «Әлеумет» сөзі көп жағдайда үкіметке, мемлекеттің ресми құжаттар бойынша зерделенетін қамқорлығы мен мүддесіне қатысты қолданылуы ықтимал. Мұндай архивтерді көптеген топ, соның ішінде кәсіби және әуесқой мамандар қолданады, бұл қалай болғанда да қоғамдық тарихқа қажетті көптеген құнды материалдарды қамтиды.

Қоғамдық тарихты құрастыру ісіне айтарлықтай нақты бағдарламасы бар шағын топтар жұмылдырылады, ал сол топтағылар бұл іске үлкен топтың атынан араласамыз деп мәлімдейді. Соған байланысты өткен туралы мәлімет ұсыну мен өткенді меңгеру ісінде саяси элиталар қожайындарға айналады. Бұл тарихқа қосқан үлесі үшін ақы алмайтын, оны жеке міндетіміз деп санайтын әуесқой тарихшылардың қызметіне қайшы келеді.

Әуесқойлар үшін тарих – қызығушылық іс саналатыны маңызды құбылыс, оны өткенді тиімді пайдалану контекстінде қарастырған жөн. Бұл да идеологиялық тұрғыда өзгертілуі мүмкін. Жергілікті және отбасы тарихы өте танымал әрі онымен шежіре немесе әулет тарихын зерделеуге машықтанған энтузиаст мамандар жиі айналысады. Шығу тегін анықтау, нақты мақсатта қолданылатын шежірелер құрастыру – қоғамдық тарихтың бір бөлігі саналады, бұл тақырыпты зерттеуге көптеген мамандар жұмылдырылған. Зерттеу жұмыстарына жергілікті көрмелер

мен клубтар да үлес қоса алады, мұнда осы мақсатты жүзеге асыру үшін қолданылатын тарихи мәліметтер бар. Адамдарды тарихпен айналысуға ынталандыратын қызығушылық түрлерін де зерделеген жөн.

«Әуесқойлар» сөзі бастапқыда «сүйікті ісіңмен айналысу» дегенді білдірген еді, ал қазіргі кезде кей жағдайда «машықтың жетіспеушілігі» деген мағынада қолданылып жүр. Кәсіби және әуесқой тарихшылар арасындағы айырмашылықтар кәсіби тарихшылар ойлағандай айтарлықтай анық емес. Сонымен қатар үлкен сұранысқа ие коммерциялық тарихи кітаптарды университет жүйесінен тыс адамдардың өздері үшін жазғанын және жазатынын ұмытпау керек. Барбара Такман бұл құбылысқа жақсы мысал бола алады. Сол себепті кәсіби тарихшылар, қоғамдық тарихты зерттеушілер, тарих туралы қалам тербейтін жазушылар мен әуесқой тарихшылар арасында нақты айырмашылықтар жоқ. Қоғамдық тарихты оның көптеген формаларында терең түсіну бұл мәселені ашып көрсетуге және бұл жайында ойлауға итермелейді.

Жанр мен аудитория

Қалай болғанда да кәсіби және әуесқой мамандар түрлі тарихи жанрлар бойынша жұмыс істеуге бейім келеді. Мұнда жанр деп репрезентация түрлерін (мейлі сөз, экспонат, сурет немесе фильм түрінде болсын) меңзеп тұрмын. Бұлар роман, монография, диорама немесе жергілікті тарих туралы дәріс сияқты көпшілікке белгілі әдеби, көркемдік және институттық дәстүрлер негізінде анықталады. Бұл тұжырымдама жанрлардың алуантүрлілігіне, дәстүрлердің өзгеруіне және жаңа формалардың пайда болуына қарамастан, пайдалы болып қала береді. Жанрлар икемді әрі олардың күрделі тарихы бар. Бұл – қоғамдық тарихты түсінуде ерекше маңызға ие ұғым. Жанрлар дәстүрлер элементін қамтитындықтан, аудитория мен оқырман оның түрлерін бірден ажырата алады. Сондықтан қос тараптың үміттері, шындап келгенде, олардың өзара әрекетінің бейресми ережелері болып шығады.¹⁶

Мысалы, тарихи көркем шығармаларда көптеген жанрлар, соның ішінде тарихи роман да бар. Мұндай жанрдағы еңбекті оқытындар ер мен әйел кейіпкердің арасындағы қарым-қатынастың романтикалық шешімін күтеді. Мұндай оқиға желісі 1920–1970 жылдар аралығында жазушылықпен айналысқан және XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басындағы Англияны сипаттаған танымал жазушы Джорджетт Хейердің туындыларында байқалады.¹⁷ Тарихи романдардың өзге түрлерінде шытырман оқиғаның сәтті аяқталуына немесе кейіпкердің өліміне алып келуі мүмкін. Бұлар баяндау түрлеріне жатады және олар оңай танылатын орындар мен тақырыптарды қолданады. Жанрды түсіну машығы (әдеби және визуалды дәстүрлер) тарихи тәжірибені түсінуге ықпал етеді. Барлық шығармалар ортақ контекске ие, ал оның мәнін түсіну кез келген жұмысты тиімді бағалауға мүмкіндік береді және оқырмандардың өз жазбаларын түсінуіне ықпал етеді. Жанрларды тану мен оның мысалдарын талдау ісі дәстүрлер мен олардың салдарын түсінуге

байланысты болады. Қоғамдық тарихты түсіну де өте маңызды мәселе, себебі ол көптеген жанрларда көрініс береді. Бұл жанрлар белгілі бір деңгейде біз қоғамдық тарих деп атап жүрген тарих түрінің мазмұнын қалыптастырады.¹⁸ Егер біз олардың жалпы диапазонын анықтап, ол туралы ойланатын болсақ, көпшіліктің өткен уақыт туралы түсінігін жетілдіруге септігін тигізетін түрлі тәсілдерді толығымен бағалай аламыз.¹⁹ Оның мысалы ретінде, тарихи журналдар мен газеттерде жарияланған қысқа мақалаларды айтуға болады. Бұл мақалалар адамның назарын аудартатын немесе өзекті тақырыпта жазылуға тиіс, сонымен қатар мұнда сілтеме болмауы керек әрі оны бейнелі, мәнгерлі әрі түсінікті тілмен жазған дұрыс. Веб-сайттарға жүктелген материалдар да осыған ұқсас үлгіде әзірленуге тиіс.

Жанрлар мен аудиторияларды қарастыру барысында «қоғам» сөзінің өзгермелі мағынасына назар аударған жөн. Неміс әлеуметтанушысы әрі философы Юрген Хабермастың танымал, бірақ дау туғызған тарихи еңбегі XVIII ғасырға тән «қоғамдық сфера» деп аталатын құбылыстың дамуын сипаттайды.²⁰ Мұндағы «сфера» сөзі дербес аймақтың жаңылыстыратын мәнін көрсететін метафора. Көптеген тарихшылар бейсаналы түрде қоғамдық (еркек) және жеке немесе үй (әйел) сфераларының гендерлік айырмашылығына сілтеме жасайды. Ол XVIII ғасырда индустриялық революция деп сипатталған экономикалық және әлеуметтік өзгерістер, сонымен қатар әйелдердің рөліне қатысты Америка және Француз революцияларынан кейінгі саяси консерватизмге сай дамыды.²¹ Хабермас өз тәсілінде қоғамдық пікір қалыптастыру (түсінік және тәжірибелер жиынтығы) және жалпы қызығушылық тудыратын мәселелер еркін әрі тиімді түрде талқыланатын пікірталас алаңына айрықша назар аударады. Бұл өзгерістің белгісі ретінде газеттердің шыққанын айтуға болады. Хабермас оны XVIII ғасырда Англияда орын алған ерекше жағдай деп санаған.

Дәл осы уақытта Еуропада қоғамдық музейлер ашылған еді, мысалы, Британ музейінің негізі 1753 жылы қаланған.²² Аталмыш музей атауының өзі оның халыққа арналған мекеме екенін аңғартады, білетініміздей, бұл музейде баспа өнімдері көбірек болған. Музейлер, экспонаттар және баспа өнімдері бұқара халықтың қызығушылығын туғызып, олардың көңілінен шықты. Баспа ісі мәдениеті XVI және XVII ғасырларда өркендей бастады, әрине, айтарлықтай жергілікті өзгерістерге де ұшырады, бірақ XVIII ғасыр шынында да, коммуникация, аудитория және қоғам идеялары тарихындағы маңызды бетбұрыс кезеңі болды. Бенедикт Андерсон «Қиялдағы қоғамдастық» (*Imagined Communities*) атты кітабында бұл туралы өз ойын дәлелді түрде жеткізген. Ол мемлекеттілік туралы заманауи түсінік қалыптастыруға септігін тигізетін алғышарттарды анықтауды мақсат етті. Мәселен, оның мәлімдеуінше, бүкіл ел тұрғындары бір уақытта бірдей немесе ұқсас жаңалықтарды оқыса, мұндай тәжірибе алмасу олардың қай топқа жататынын анықтауда маңызды рөл атқарады. Андерсонды «мемлекеттілік» деп аталатын абстрактілі идеяның көпшілікке таралуына және оны сынап көруіне жол ашатын тәсілдер қызықтырды. Азаматтардың өз мемлекетінің өткенін түсінуі – бұл идеяның ажырамас бөлігі, тұрғындардың басым бөлігі бұдан хабардар және бұл олардың өмірі мен бірегейлік туралы түсініктеріне кіріктірілген. «Қоғам» сөзі ұғым әрі

өмір тәжірибесі ретінде өздігінен тарихи құбылыс саналады және қоғамдық тарих кем дегенде үш ғасыр бойы ұлтты қалыптастыру процесімен тікелей байланысты болғаны анық. Мемлекеттер, мамандар мен өзге де қызығушылық білдіруші тараптардың қоғамдық пікірталас кеңістігі және өткен уақыт туралы мәліметті қалай қолданатынын бақылау, сонымен қатар нәтижелердің қалайша әр қоғамның қиялының бөлігі болғанын анықтауға тырысу қоғамдық тарихтың қайдан бастау алатыны мен қазіргі таңдағы маңызын түсіндіруге көмектеседі.

Андерсон «қоғамдық тарих» құбылысының дамуын түсінудің үлгісін ұсынады. Шалғай ауданда тұратын тұрғындар өздеріне қатысы бар тарихи экспонаттар мен жарияланымдарды жиі көреді, осылайша олар сол арқылы өз бірегейлігін қалыптастырады. Мемлекет пен оның әкімшілік инфрақұрылымдары секілді саяси бірлестіктер осы процеске тартылғандардың арасында делдал болады. Соның нәтижесінде көрмелер мен жарияланымдар құндылыққа ие болады.

Сол себепті қоғамдық тарихта әртүрлі аймақтар мен мемлекеттерде әр алуан болуы мүмкін. Қазіргі кезде көпшілік әлемнің кез келген жерінде музейлерге барып, интернет-сайттарды қолдана және осындай әсер ететін фильмдерді көре алады. Олар оқығандарын әрі күнделікте өмірде көргендерін пайдаланады, сонымен қатар ұлттық, аймақтық және өзге деңгейдегі қиялдағы қауымдастықтың бір бөлігіне айналады. Андерсонның пікірінше, ұлттың сақталуында бір жағынан жалпыға ортақ, бәріне қолжетімді тарихтың үлесі бар. Қазіргі таңда мұндай трендтерді ескеретін, егжей-тегжейлі қарастыратын және сынға алатын жаңа сала пайда болды.

Егер мен мәлімдеген сипаттама рас болса, онда бәріміз қоғамдық тарихтың мақсатты аудиториясы саналамыз. Билеушілер әулеті тәрізді символдық маңызы бар көшбасшылар мен оқиғаларға орнатылған ескерткіштер – ұлттың жалпы тарихын айқындайтын маңызды нысан. Білім беру жүйесі ұжымдық бірегейліктің құрылымдық элементін жүйелейді, ал қоғамдық тарих оны жасайды және қолдап отырады, кейде тіпті түбегейлі өзгертеді. Демек, қоғамдық тарих құбылысы беретін маңызды жаңалықтардың бірі – өткенді ұжымдық тұрғыдан түсіну сезім арқылы өріліп, қиялды жұмылдырады. Сондықтан қоғамдық тарих туралы кез келген талдау жасау барысында көру, есту, дәм және иіс сезу мүшелеріне мұқият болуы керек. Адамдар жиі саяхат жасайтын, интернет арқылы ақпаратқа бір сәтте қол жеткізетін әрі әл-ауқаты жоғары тұрғындар тобының тәжірибесін арттыратын бүгінгідей әлемде қоғамдық тарих мемлекеттердің өткенімен ғана шектелмейді. Бұл тарихи сананың жаңа формаларына үлес қосатын аймақтармен, діни, этностық, нәсілдік және әлеуметтік топтармен әрі өнімдермен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Миграция, әсіресе, мәжбүрлі түрдегі миграция үлгісі – тарихи түсініктің қиялдағы қоғамдастықты қалыптасырып қана қоймай, оған үндеу тастайтынын да көрсететін жағдай.


Осылайша қоғамдық тарихты талқылау кезінде төрт негізгі мәселені ескеремін: тарихқа арналған академиялық емес аудитория, өткенді пайдалану, нақты көріністер мен тарихқа қатысты өнімдер, ол қалай анықталғанына қарамастан және осы құбылыстардың барлығын сыни тұрғыдан талдау. «Қоғам» сөзі жай кәсіби тарихшылар мен мамандандырылған жарияланымдардан гөрі, тарихқа

қызығушылық білдіру мен оны зерттеуге қатысу дегенді білдіреді. Өткен шын мәнінде, барлығы үшін ашық құбылыс саналады және оның өртүрлі сипаттамалары көпшілікке қолжетімді, көптеген мақсатта пайдалануға болады. Осыны түсіну тарихшыларға өз қызметін неғұрлым кең контексте қарастыруға және өткен туралы сипаттамаларды кім құрастыратынына қарамастан, тарихи тәжірибеге қатысты ауқымды мәселелер жөнінде ойлануға мүмкіндік береді. Демек, қоғамдық тарих үшін маңызды, бірақ қасаң академиялық ғылымда ескеріле бермейтін мәселелерге назар аударған жөн. Осындай мәселелердің бірі – «өткен уақытқа иелік ететін біреу бар ма?» деген сұрақ қоғамда ерекше қызығушылық туғызды. Бұл сұрақты қою тарих туралы негізгі материалдардан гөрі (дегенмен бұл материалдарды иелену мен сақтау аса маңызды екені сөзсіз), өткенді абыройлы түрде ұсынуға кімнің құқы бар екені туралы ойлануды білдіреді. Оның саяси мәселе екенін түсінемін, сол себепті бұл жайында нақты түсінік болғаны маңызды.

Қоғамдық тарих және саясат

Көптеген елде архив және музей секілді мекемелерді қаржыландыруда басты рөл атқаратын мемлекет қоғамдық тарихтың негізгі өзегі. Қоғамдық тарих – бұл тарихи өнімдердің белгілі бір мүдделерді қамтып әрі оны алға жылжыта отырып, өзгелерін оқшаулаумен байланыстыратын саяси мәселе. Әрине, олардың бұл мәселеге қай позициядан қарайтыны бірдей емес. Бұл шынында да, саяси мәселелер, ол билікті жүйелеу мен оны түсіндіруге қатысты болады. Тарихи идеяларды қалыптастыруда мемлекеттің қаржыландыру ісі мен элиталық топтың рөлін түсіну қоғамдық тарихты зерттеудің маңызды бөлігі саналады. Жеке тұлғалар, таптар, діни бірлестіктер, саяси фракциялар, этностық топтар және тағы басқаларды жеңімпаздар немесе жеңіліс тапқандар, құрбандар не болмаса басқыншы ретінде сипаттау мұның айқын мысалы бола алады. Сондай-ақ музейлердегі қоғамдық тарихты экспонаттарға өз атауларын ұсынатын коммерциялық ұйымдар қаржыландырған кезде күрделі саяси күштер пайда болады да, олармен күресуге тура келеді. Аталмыш мәселелер азық-түлік өнімдерін және энергия көздерін өндіру тарихына қатысты болады. Сондықтан музей әкімшілігі демеушілермен контентті үйлестірушілердің толық бақылауына мүмкіндік беретін келісімдер жасауға ұмтылады.

Мұның осыған ұқсас, бірақ одан гөрі еркінірек мағынасы да бар: қоғамдық тарих саяси сипатта, өйткені ол өткен заман туралы билікке қатысты болжамдары бар көріністер мен сипаттамалар төңірегінде моральдық дискурстарды өрбітеді. Тарих баяндаулардан құралады деген түсініктің бар екенін білеміз. Көпшілік тарихшыларды белгілі бір оқиғаларды баяндаушылар деп санайды, себебі олардың өткен туралы еңбектері өзге сипаттамалар сияқты құрылымдалған және шындыққа жанасымды туынды ретінде қабылданады. Сонымен қатар біз тарихи еңбектер моральдық сипатқа ие деген түсінікпен де таныспыз. Британия тарихы туралы өзіл-сықақ сипатында жазылған «1066 және сол сияқтылар» (*1066 and All*



© LES EDITIONS ALBERT RENE/GOSCINNY-UDERZO

7.4-сурет. Испаниядағы Астерикс (Asterix) журналының парағы. 2004 жылғы басылым Астерикстің шытырман оқиғасы туралы әңгімелерде өткен шақ ойын-сауық көзі ретінде қолданылады және ересектерге ұнайтын сөз ойнату тәсілін қамиды. Бұл оқырмандардың Рим әлемімен және оның әдеби көріністерімен танысуына мүмкіндік береді. Бұл бетте Шекспирдің «Юлий Цезарь» атты туындысына сілтеме жасалынған. Госсини мен Удерзоны графикалық тарихтың ізашарлары деп санауға болады, бұл жайында 10-тарауда кеңірек қарастырамыз.


That) атты классикалық туындыға немесе римдік Галлия туралы комикстерден құралған Астерикс әңгімелеріне кез келген адам күледі.²³ Оқырмандар, мысалы, монархтар, саяси көшбасшылар және бүкіл халықтар «жақсы» немесе «жаман» деген үкімдердің жалпыға ортақ екенін мойындайды әрі мұндай болжамдарды кәсіби тарихшылар да жасайды. Бұл таңғаларлық жайт емес. Мен тарихшылар моральдық пікірталастардан мүлдем бас тартуы немесе оларға араласпағаны дұрыс деген пікір айтудан аулақпын. Кең аудиторияға ұсынылатын тарихтың мәні мынада: моральдық пайым эмоциялық сипатқа ие және қарапайым болуы мүмкін, кейде бұл пайымдаулар айқын, ал басқа уақытта түсініксіз немесе астарлы мағынада болады.

Қызу пікірталастар барысында көпшілік тарихтың саяси сипатын нақты түсінеді. Солтүстік Ирландияда соңғы уақытта болған зорлық-зомбылық әрекеттерін бейнелеуге қатысты ортақ бір мәмілеге келу қиын. Нью-Мексико штатына қарасты Лос-Аламос округінде атом бомбасының әзірленуі туралы ғылыми музейде айтылады, ал бұл музей үкіметтік мекеменің қатаң бақылауында.²⁴

Классикалық мысал ретінде Хиросимаға бомба тастаған «Enola Gay» атты ұшақты Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң елу жылдан кейін, яғни 1995 жылы Вашингтон қаласындағы Ұлттық авиация мен ғарыш музейіне орналастыру жоспарына қатысты пікірталасты атауға болады. Оның музейге қойылуы көпшіліктің наразылығын, әсіресе соғыс ардагерлерінің ашу-ызасын туғызды. Соның нәтижесінде айтылған дәлелдер толығымен талқыланды. Осылайша Америка Құрама Штаттарында қоғамдық тарих туралы түсінік қалыптасты.²⁵ Ол саяси сипатқа ие мәселе болды, себебі бұл пікірталас ХХ ғасырдағы ең сұрапыл оқиғалардың бірі саналатын Екінші дүниежүзілік соғыспен байланысты нысандардың музейге қойылып, көпшілікке ұсынылуы, еске алу мен тарихи жағдайды түсіндіру арасындағы тепе-теңдік, сондай-ақ мұндай саяси шешімнің қабылдану мәселелері бомбалардың өмірді сақтап қалғанын білдіретін сипаттамалардың дұрыс-бұрыстығы төңірегінде өрбиді. Кейбір түсінік берушілер одақтастардың Жапонияға бомба тастау туралы шешімі дұрыс емес деп санайды және олардың мұндай әрекетке бару себептері әртүрлі болғанын мәлімдейді. Ал басқалардың пікірінше, одақтастар дұрыс әрекет жасады және бұл оқиғаны заңды түрде атап өту қажет.

Аталған мәселелерге бейтарап түрде қарау мүмкін емес, сонымен қатар бомбалардың бейбіт тұрғындардың өмірін тас-талқан еткенін және оның ұзақ мерзімге созылған зардаптарын ескерсек, мұндай қадамға бару ағаттық деп санауға болады. Мемлекет қаржыландыратын мекемелер бірқатар қыспақтар мен шектеулерге тап болады, ал оның ғалымдар түсінігіндегі күрделі сипаты бар тарихқа айтарлықтай қатысы жоқ. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуына жасалған аналитикалық талдау соғыс ардагерлеріне, сонымен қатар Америка Құрама Штаттарының үкіметіне қауіпті көрінуі ықтимал, себебі бұл бағалау кімге және неге батырлық әрі этикалық сипат беру қажет деген пікірлерге күмәнданып отыр.

Дегенмен қоғамдық тарихтың таралуына үкімет пен музейден тыс өзге мекемелер де атсалысады, мұның өзі қоғамдық тарихқа, тіпті ол коммерциялық



Key: H = loan from Hiroshima Peace Memorial Museum
 N = loan from Nagasaki International Culture Hall

7.5-сурет. «Соңғы акт: атом бомбасы және Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы» (*The Last Act: The Atomic Bomb and the End of World War II, 1995*) көрмесінің ұсынылған (қараусыз қалған) макеті. Қайта салынған сурет, Смитсон институтының архиві құрметпен ұсынған

1945 жылдан бастап, әлем ядролық энергиямен өмір сүруге мәжбүр болды, бірақ Жапонияға тасталған бомбаларды дұрыс деп санаудың немесе ядролық энергияны күнделікті өмірге енгізудің оңай жолдары табылған жоқ. Энергияның осы нақты түрінің қалай өндірілгені, Екінші дүниежүзілік соғыстың соңында қолданылғаны және кейіннен қажетке жаратылғаны туралы әңгімелер жағымсыз әсер туғызатыны сөзсіз, бейтарап, таза фактіге негізделген сипаттама болуы мүмкін емес. Тарихтың кез келген нұсқасы қайшылықты сипатта, өйткені онда кең мағынада алғандағы саясат туралы анық та, сондай-ақ бұлыңғыр да болжамдар болады. Бұл мәселеде ерекше ештеңе жоқ, алайда Смитсон институты жанындағы Авиация және ғарыш ұлттық музейінің мамандары «Enola Gay» атты ұшақтың көрмесін ұйымдастыру кезінде қарама-қарсы жауаптардың ерекше маңызды екенін анықтады.

сипатқа ие болғанына карамастан, әлі де саяси сипат береді. Тарих – өткеннің нұсқаларын қандай да бір формада сататын көптеген салалардың ажырамас бөлігі. Репродукциялар мен ретро стильдегі киімдер, зергерлік бұйымдар, жиһаздар мен сәндік заттар көпшілікке белгілі бір тарихи кезеңдерді ұсынады, осылайша әртүрлі дәуірлерден хабар беріп, оны есінде сақтайды. Мысалы, олар стильдер туралы ұғымдарға сүйене отырып, XVIII ғасырдың талғампаз, XIX ғасырдың нақышты, ал XX ғасырдың жаңартылған сипатқа ие екенін бағамдайды. Бұлай бағамдау қарапайым көрінуі және мұндай байланыстар маңызды болмауы мүмкін. Дегенмен эстетикалық реакциялар өткен уақытқа деген көзқарас қалыптастыруда ерекше күшке ие. Бұл жерде саяси элементтер жоқ сияқты көрінгенімен, іріктеудің қандай радикалды түрлері енгізілетінін есте сақтаған жөн. Мәселен, XVIII ғасырды талғампаздық сипатта қарастыру үшін элиталық топтың өмір салты мен олардың кедей, көмекке зәру және оқшауланған халыққа мәдени тұрғыдан үстемдік құруына басымдық беру қажет. Сонымен қатар бұл ежелгі режим туралы сол кездегі идеологияның ықпалымен жазылған кітаптарды оқуға да байланысты болады. Өз коллекцияларына байланысты заттарды сататын музейлердегі бөлшек сауданың дамуы бұл трендтерге айтарлықтай ықпал етті.²⁶

Қоғамдық тарихтың тағы бір маңызды элементі – коммерциялық ұйымдардың кітаптарға, мысалы, бизнес тарихына арналған кітаптарға тапсырыс беруі, яғни, ондағы мақсат – бизнеске қатысты жағымды қоғамдық пікір қалыптастыру. Тапсырыспен жазылатын тарих туралы пікір – даулы мәселе. Мемлекеттік басқармалар және өзге ұйымдар сияқты кәсіби қауымдастықтар мен саяси ұйымдар тарихшыларды жалдап алуы мүмкін, онда тарихшылардың интеллектуалдық еркіндіктен қол үзіп қалу қаупі бар. Мұндай қарым-қатынастардың дау туғызбай қоймайтыны анық. Осындай мәселелердің бірі – тарихшылардың архивтегі тиісті құжаттарды еркін пайдалануына рұқсат беріле ме және оларды өз қалауымен еркін талдауға рұқсат етіле ме немесе тарихшыларға материалдар шектеулі түрде беріліп, олар тарихты сол материалдың аясында ғана тар ауқымда жаза ма деген мәселе. Содан кейін интерпретация жасауға және тарихшылар өздері орынды деп санайтын кез келген шешім қабылдауға қатысты мәселе туындайды. Әлде тарихи еңбекті тапсырыс берушіні жақсы сипатта көрсету үшін жазу керек пе? Мен бұл мәселені дөрекі түрде сипаттадым және іс жүзінде ол мұндай анық емес. Дегенмен «кім ақысын төлесе, сол музыкаға тапсырыс береді» дегендей, мұнда туындауы мүмкін қауіп-қатердің бар екенін естен шығармаған абзал. Тапсырыспен жазылатын тарихи еңбектердің кейбірі негізінен өзге тарихшылар үшін жазылған, осылайша, мысалы, бизнес тарихының дамуына үлес қосатын бұл туындылардың өзіндік үлкен аудиториясы бар. Тапсырыспен жазылған кітапты оқитын оқырман қатарына тапсырыс беруші мекемеде қызмет ететін немесе сол мекемеге қолдау білдіретін адамдар кіреді. Бұл жағдайда тарихты жазу ісі тапсырыс беруші мекеме өкілдері анықтап берген мақсаттар үшін қолданылады, ал бұл еске алу мен талдау арасындағы келіспеушіліктердің туындауына себепші болады.²⁷

Өмірбаян – қоғамдық тарихтың бір түрі


Тапсырыспен жазылатын тарихи еңбектердің күрделілігі қоғамдық тарих үшін аса маңызды саналатын, осы кітапта қайталанатын тақырыпты есімізге түсіреді. Тарихи сипаттамаларда нақты бағалау болмайды деген ой әбден қалыптасып қалған. Кейбір тарихи еңбектер субъектіні (мейлі, адам, топ, ұйым немесе оқиға болсын) жағымды сипатта көрсету үшін арнайы тапсырыспен жазылады, бұған – тарихтың беделді, мәртебелі сала болып есептелуді себеп, ал қолында билігі бар тұлғалар өздері мен өз жақтастарының құрметке лайық болғанын қалайды. Өмірбаян бұған айқын мысал бола алады. Көзі тірі, есімі елге танымал және жақында қайтыс болған тұлғалардың өмірбаянын жазуға олардың отбасы, әулеті, әріптестері мен достары тапсырыс беруі мүмкін. Мен өмірбаянды қоғамдық тарих тұрғысынан атап өтемін, өйткені ең танымал әрі тұрақты тарихи жанрлардың бірі



Objects

Discover our collection, Sigmund Freud's personal collection of antiquities.

[READ MORE >](#)



Archives

We hold an extensive archive of documents related to Sigmund Freud, Anna Freud, and other notable figures.

[READ MORE >](#)



Library

The walls of Sigmund Freud's study are lined with his personal library of over 1,600 books.

[READ MORE >](#)



CURATOR'S BLOG

Freud's South American Collection

As well as European antiquities, Freud's collection includes a fascinating group of treasures from Central and South America.

[READ MORE >](#)



CURATOR'S BLOG

Conserving Freud's Antiquities

Renowned conservator Julia Park-Newman discusses working on Freud's antiquities.

[READ MORE >](#)



Photo Library

Information about the Freud Museum's Photo Library, including licensing and image supply.

[READ MORE >](#)

7.6-сурет. Фрейд музейінің веб-сайтынан алынған скриншот. Лондон

болғандықтан, ол тарихты көпшілікке жеткізеді әрі бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен талқылануына мүмкіндік береді.

Өмірбаянды ресми, тапсырыс берілген тарихи еңбектермен салыстырған тиімді. Рұқсат етілмеген өмірбаяндар айрықша дау туғызуы мүмкін. Қоғамның белгілі бір тұлғаның өмірін бағалауы ерекше маңызға ие және танымал қайраткерлердің қызметі мен олар туралы сипаттамалардың түсіндірмелері жоғары бағаланады.²⁸ Шынында да көптеген тарихи тұлғалардың беделіне көпшілік айрықша қызығушылық білдіреді. Өмірбаяншыларға жеке құжаттарды пайдалануға рұқсат қажет, сол себепті олардың мұндай деректерді сақтаушылармен тығыз байланыс орнатуы маңызды болып саналады. Бұл жерде шынайылық мәселесі сирек көтеріледі. Танымал тұлғаның отбасы өз туыстары туралы мәліметті жақсы білсе де, өмірбаяншыдан бұл мағлұматтарды жарияламауын өтінуі мүмкін, шын мәнінде бұл мәселе құжаттарға қол жеткізудің шарты болуы да ықтимал. Мұндай шарттарға келіскен өмірбаяншы өткенді бұрмаламайды, дегенмен дау туғызатын материалдардан амалын тауып, айналып өтуі мүмкін.

Материалды іріктеу – негізгі тарихи машық саналады және оны бағалау өте күрделі болады. Алайда оқырмандар олардың бәрімен жақсы таныс емес. Әдетте автордың қандай деректерді таңдағаны еңбектің соңғы нұсқасында көріне бермейді. Бастапқы материалдар көпшілікке қолжетімді болмаса, жарияланған сипаттамаларды бағалау одан да күрделі болады. Тарихи тұлғаларды көпшілікке жағымды сипатта ұсыну біз ойлағандай оңай шаруа емес. Сенімді өмірбаян жазу үшін автор өз тақырыбына жанашырлықпен қарауы қажет және олар қалай болғанда да сипаттайтын тұлғамен өздерін салыстыруы мүмкін, бұл – барлық тарихи жобаларға қатысты жағдай. Кейбір өмірбаяндар ұнатпау, құптамау немесе жеккөрушілік себебінен жазылған, алайда мұндай сипатта жазылғандарың саны аз.²⁹ Отбасы мүшелері әлі тірі болса, тарихшы олармен жақын араласуы мүмкін және соның нәтижесінде эмоциялық байланыс орнайтыны сөзсіз. Осылайша тарихшылар өз тарихын әсірелеп жазуы ықтимал, бұл жағымпаздық сипатта деп бағалануы мүмкін, бірақ олар мұны әдейі емес, абайсызда жасайды. Мұндай сипаттамалардың барлығы белгілі бір сұрыптауға негізделеді.

Өмірбаяннан тарихшылардың өз тақырыбына деген көзқарасы мен оны бағалауын байқаймыз. Мақтау мен сөгіс, күнәсіздік пен күнә туралы ойланатын оқырмандар мұны қабылдауы мүмкін. Барлық тарихи дәлелдерде айқын немесе астарлы моральдық шешімдер бар. Көпшілікке арналған тарихи еңбек, әсіресе сатылым көлемін ұлғайту және дау-дамай туғызу үшін баспагерлер мен бұқаралық ақпарат құралдары тарапынан құпталуы мүмкін ой түйіндерін береді.

Тарихшылар өз қызметі арқылы мораль, жауапкершілік және этика туралы саяси мәселелерді зерделейді, ал бұл – қоғамдық тарихта өте маңызды тақырыптар. Бұл ішінара қоғамдық тарихи дискурстар, әдетте, күрделі әрі жеңіл мәселелерді өткір түрде жеткізетінімен түсіндіріледі. Ал өмірбаянда бұл мәселе нақты сипатталады, алайда өмірбаян бізді тарихшылардың бағалау пайымы туралы, сондай-ақ тарихтың эмоциялық әрі саяси аспектісіне қатысты пікірталастарға қатыстыратын тарихи сипаттаманың жалғыз жанры емес. Сонымен қатар соғыс, геноцид, диктаторлар, диаспоралар, діни наным-сенім үшін қудалау, наразылық

шаралары, этностық тазарту, ұлттық және халықаралық дағдарысты қамтитын қоғамдық тарихтың драмалық мазмұнында көбінесе моральдық мәселелерге баса назар аударылады. Демек, зерттеу саласы ретіндегі қоғамдық тарих өзінің алдына зерттеушілік міндеттер қоюға тиісті. Өткенге иелік ету мәселелерін осындай ауқымды контексте қарастырған жөн.

Өткенге кім иелік етеді?

Өткен қоғамдық игілік және оған иелік етуге болады деп саналады.³⁰ Меншік пен иелік ету – қуатты идея. Бұл жерде мен көпшілік үшін тарихи деректердің қолжетімділігі туралы мәселеге көп алаңдай бермеймін, дегенмен өткен уақыт туралы мәліметтерді қандай да бір жолмен біздің меншігімізге айналдыратын өткеннің насихатталуы үшін қызмет ету аспектілерімен сәйкестендіруге қарағанда, бұл – маңызды мәселе. Өткеннің қоғамдық меншік екені туралы идеяны оның икемділігі мен қолжетімділігін көрсету үшін түрлі мақсатта пайдалануға болады. Бұл тұжырымның зардаптарын түсіну керек. Мысалы, өткен әдетте манипулятивтік және топтық мақсатта қолданылады. Оның мысалы ретінде нәсілшіл топтардың «иммиграцияның өсуіне байланысты өз еліміздің жағдайы құлдырап бара жатыр» деген пікірін атап өтуге болады. Бұл баяндаушылардың өз мұрасына қауіп төндіруі мүмкін және екі құбылыстың («құлдырау» және «иммиграция») өте қызықты сипаттамасына сенетін адамдарға, сондай-ақ соның нәтижесінде екеуінің арасында туындайтын себеп-салдарлық қатынас пен одан кейін жасалатын саяси қорытындыға да байланысты болады. Өткенді қоғамдық игілік деп мәлімдеу, әрине, бөсекелес және қарама-қайшы пікірлер тудыруы мүмкін, сондықтан мұндай мәлімдемелерге сыни тұрғыдан қарау өте маңызды. Кәсіби тұрғыдан оларды бағалау және сыни тұрғыдан қарастыру көптеген дәлелдерді іздеу, іріктеу әрі бағалау арқылы жүзеге асырылады, содан кейін бұлар сенімді әрі мазмұнды дәлелдерге айналады. Алайда жеке артықшылықтардан басқа, дәлелдер туралы егжей-тегжейлі пікірталастар болмаса, қоғамдық тарихтағы өзара бөсекелес сипаттамалардың қалай бағаланатыны түсініксіз болып қалады. Тарихи деректер де, сипаттамаларды құрастыру мүмкіндігі де кәсіби мамандардың айрықша құзіреті емес, бұл мүдделі топтарға өткен туралы өздерінің жағымды немесе жағымсыз пікірлерін білдіруіне мүмкіндік береді.

«Қоғамдық меншік» ұғымы өткенге меншік тұрғысынан қарап, пайымдауды білдіреді. Осы ұғымды әрі қарай зерделеу үшін екі мәселеге тоқталып өткен жөн.

Біріншіден, меншікке қатысты тұжырымдамалардың кеңінен таралғанын ескере отырып, мен оны мақұлдауға емес, керісінше, жалпы болжамдар жасап, оларды сыни тұрғыдан пайымдауға шақырамын. Екіншіден, адамдар тарих пен оның жеке аспектілерін бірдей деп ойлайтындықтан, тарих танымал сала болса, онда міндетті түрде меншік мәселесі туындайды. Иелік ету – қуатты метафора, сонымен қатар бұл бірегейлікпен байланысты, әрине, бұл әрдайым және барлық жерде дұрыс бола бермейді, бірақ бұл бірегейлікке қатысты бұрын-соңды

болмаған алаңдаушылық туып отырған дәл осы қазіргі уақытта ол көтерілуге тиісті болып отыр.³¹

Оны әйелдер тарихы мысалынан байқауға болады.³² Ағылшынтілді феминистер Вирджиния Вулфтың «Өз бөлмен» (*A Room of One's Own, 1929*) атты кітабына сілтеме жасай алады. Кітап атауынан-ақ, әйел үшін ерекше және генеративті саналатын оның өзіндік «мен» сезімі мен кеңістіктің үйлесім тапқанын байқаймыз. 1960 жылдары феминистік қозғалыстар барысында және оның нәтижесінде әйелдің тарихи кейіпкер ретіндегі ерекше бейнесі жасалды әрі насихатталды, бұл мәселе әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Шамамен дәл осы уақытта рөлдік модельдер ұғымы кеңінен қолданыла бастады. Тарихи жазба авторлары әйел оқырманын өздерін тарихты жасаушы әйелдермен қатар қоюға және өткен уақытта қол жеткізген жетістіктерді жоғары бағалауға ынталандырды. Осы тұрғыдан алғанда, әйелдер тарихы тек әйелдер *туралы* ғана емес, сонымен қатар әйелдер *үшін* оларды өз өмірінде пайдалану мақсатында керек болады. Кейбіреу оны «біздің тарих» деп санайды, яғни оны иеленуге толық құқығы бар белгілі бір топ (әйелдер тобы) үшін ол ерекше мәні бар тарих болды.

Мұнда «біз» дегеннің қатарына кімдердің кіретінін анықтаған жөн. Өртүрлі нәсілге жататын әйелдер әйелдердің тарихтағы рөлі, әйелдер туралы бұрынғы пікірлердің тым жалпылама сипатта екенін мәлімдейді, сонымен қатар қазіргі таңда түрлі тап, нәсіл және аймақтар әйелдерінің тәжірибесінде белгілі бір жерде әрі бір мезгілде болуына орай ортақ белгілер қалыптасатыны туралы мәселе даулы болып қала береді. 1970 жылдардағы әйелдер тарихын зерттеушілер қатарында ер адамдар да болды, мұның өзі бірқатар пікірталас туғызды, өйткені сол кезеңде әйелдер тарихы заманауи жаңа сала болып саналғандықтан, ер адамдар әйел тақырыбын өз мансабы мен беделін көтеру мақсатында пайдалана отырып, бұған белсене кірісті. Консервативті көзқарас ұстанатын тарихшылар аталған саланың тарихтың нақты бір бөлігі саналатынына күмәнмен қарады, мен мұны өз тәжірибеме сүйеніп айтып отырмын. Субъектілер мен тарихты түсіндірушілердің арасындағы байланыс туралы болжамдар жасалды және олар меншікке қатысты терминдер арқылы сипатталды. «Менің» тарихым немесе «біздің» тарих деп айтсақ, онда өткен заманда баяндаушымен тікелей байланысы бар белгілі бір топтың болғанын меңзегендей боламыз.

Әр адамның бірнеше ерекшелігі болуы мүмкін, дегенмен бірегейлік ұғымын нақты анықтау оңай емес. Іс жүзінде олардың қайсысы басым екені немесе олардың арасындағы байланыстың қандай болғанын дәп басып айту мүмкін емес. Тарихи еңбектерге, әсіресе, көпшілікке арналған еңбектерге тым көп ерекшеліктер туралы бір пікірге келу қиын, өйткені көбінесе саяси және әлеуметтік басымдылықтар ерекшеліктердің біреуінің ғана басым болуын талап етеді. Әйелдер тарихын тек әйелдер ғана жаза алады, себебі олар бұл тақырыпты жақсы біледі деген пікірді ұстанатындар да бар. Меніңше, бұлай пайымдау дұрыс емес, мәселен, бұл пікірдің астарына үңілсек, мұнда әйелдер белгілі бір уақыт кезеңіне қатысы жоқ категория сияқты көрінеді. Оның эмоциялық тұрғыдан шиеленіс туғызатын тақырып екенін сезу оңай және «әйел» сөзін кез келген этностық, нәсілдік, діни, жыныстық әрі әлеуметтік категориямен алмастыруға болар еді.

Мен тарих тәжірибесі туралы болжамдарды да атап өтемін, олар біз «бірегейлік тарихы» деп атайтын ұғымды кім қолдана алатыны туралы дәлелдерге және олардың бірегейлігінің саясатымен таныс қоғам мүшелеріне ұсынылған тарихқа ықпал етеді. Мысалы, бірегейлік тарихы туралы түсінік Солтүстік Америкада кең таралған. Мұнда кейде қаранәсілділер тарихын қаранәсілділер, еврейлер тарихын еврейлер жазған дұрыс деген пікірді мақұлдайды. Музейлер мен көрмелерге қатысты да осыған ұқсас сұрақтар туындайды. Мәселен, ұлты еврей емес маманды еврей музейіне директор ретінде тағайындаған қаншалықты дұрыс? Мұндай шектеулерді қолдайтын логикаға негізделген дәлел көңілге қонымды болу үшін төмендегі екі шартты орындау қажет. Біріншіден, әр топқа қатысы бар адамның көзқарасын ескеру қажет. Олардың қарастырылып отырған категорияға қатыстылықтың өзі белгілі бір артықшылық идеяларын беруі керек. Алайда бұл артықшылықтың іс жүзінде қалай әрекет ететіні түсініксіз, әсіресе, ежелгі замандарға қызығушылық білдіретін тарихшылар үшін анық емес: топтар ұсынатын дәлелдерді сенімді ету үшін ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан сабақтастықты болжауға бола ма? Мұнда ортақ тәжірибенің қай түрі бар? Екіншіден, тарихшының қолында тіпті артықшылыққа ие мәлімет болса да, ол белгілі бір топтың мүшесі болмаса, оның бұл мәселені зерттеуі дұрыс емес дегенді алға тартатын саяси ой-түйінін жасау керек. Өткен заманды зерттеуге кімнің құқығы бар және оны қандай сипаттамға сай зерттеу керек екені туралы этикалық әрі саяси дәлел қажет. Бұл туралы қызу пікірталастар жүргізіліп келеді. Топтардың көпшілік тарапынан мойындалып, құрметке ие болуы барысында олардың тарихы да өзгеруі мүмкін. Этикалық тұрғыдан алғанда, топқа қатысы бар адамдар ұсынған мәліметке басымдық беру оның көпшілік арасында мойындалуы және құрметке ие болуына септігін тигізуі мүмкін, себебі өткен туралы үнемі насихаттап жүретін әрі бұл туралы жазатын адам да маңызды рөл атқарады. Олар қоғамға өткеннің құндылығы мен маңызын насихаттайды және осы мәселеде бұл топтың қызметіне сілтеме жасай алады. Сол себепті әлеуметтік тұрғыдан осал топ өкілдерінің пікіріне басымдық беруге негіз бар, өйткені бұл өткеннің қайғы-қасіретін көпшілік алдында мойындау және өзгелерді жанашырлық, түсіністік пен құрмет көрсетуге шақыру әрі соған ынталандыру тәсілі.

Бұл пікірлер барлық тарихшылардың адамшылық, нақтылық, саналылық, парасаттылық сияқты этикалық міндеттемелері бар деген пайымды жоққа шығармайды. Аталған пікірлер шынайы тарихи тәжірибеде қолданылады және олар тарихшының шығу тегі, жынысы, жыныстық бағдары, нәсілі сияқты тұлғалық аспектілеріне байланысты емес, ол тұжырымның бұл қасиеттерге ешқандай қатысы жоқ. Көрнекті тарихшылардың жақсы нәтижелерге қол жеткізуіне олардың тәжірибелері ғана емес, белгілі бір жағдайларды жете түсінуі себеп болуы мүмкін. Бұл қабілет тарихшы үшін аса қажет машық саналады. Менің пайымдарым осы тарауда ұсынылатын қоғамдық тарихтың бір аспектісіне сай келеді. Өткенге қатысты мәліметті кез келген саладан байқаймыз және көпшілік оны үнемі қолданады әрі қайта жүйелейді, алайда бұл белгілі бір ықпалды топтың мүддесі үшін пайдаланылмайды. Іс жүзінде бәрі онай емес және бұл ұстаным қоғамдық тарихтың мен назар аударған басқа бір аспектісіне қайшы келеді.

Көпшілік қоғамдық тарихқа қызығушылық білдіреді және бұл мемлекет пен оның мүдделеріне, тіпті, бірегейлігі мықты әрі жеткілікті ресурсы бар кез келген күшті топқа неғұрлым жақын болған сайын қызығушылық та арта түседі. Бұған үнемі пікірталас тудыратын империяның тарихына қатысты көрмелер мысал бола алады. Беделі күмән тудырған қайраткерлерді дәріптейтін қоғамдық мүсіндер туралы қызу пікірталастар келіспеушіліктердің бар екенін көрсетеді. Басым мүдделерден шеттетілген мамандар көпшілік назарын өз тарихына аудару үшін оппозициялық стратегияларды әзірлейді. Соның нәтижесінде музейлер мен тарихи-мәдени мұра әлемінде түрлі топтардың мүддесін қорғайтын көрмелер мен экспонаттардың саны арта түскен. Истеблишмент музейлерінің үйлестірушілері өздерінің мекмелерінде әртүрлі көзқарастарды ұсыну үшін көп еңбектенеді. Қарама-қайшы сипатқа ие қоғамдық тарихты қалыптастырудың қажеттігі мен оны қалыптастыруға кімнің білім-білігі жеткілікті екенін бағалауды ажырата білген жөн. Тарихшылардың мұндай біліктілігін нәсілі, жынысы, табы, жыныстық бағдары немесе діни наным-сенімі бойынша анықтау екіталай және күрделі болуы мүмкін. Тарихи беделді өздеріне қатысты мұқият игерілген машықтар мен тәжірибелерде емес, биологиялық немесе әлеуметтік атрибуттарда қарастыратын болсақ, оны жоғалтып алу қаупі бар. Сонымен бірге тарихшылар өздерінің өмірлік тәжірибелерін өз жұмысында қолданады және бұл ерекше, құнды идеяларды қалыптастыруы мүмкін. Өміріміздің ажырамас бөлігіне айналған бұл мәселелерді байыппен әрі ашық түрде талқылау қажет.

Моральдық пайымдар

Бұл тарауда қоғамдық тарихтың өткенге деген жалпы қатынасы мен қауымдастықтардың тарих туралы түсініктерін ұғынудың маңызы зерделенеді. Мұнда қоғамдық тарихтың екі аспектісі бар. Біріншіден, оның көпшілікті қамту және күнделікті өмірге енуге мүмкіндігі өте зор. Ол айрықша әсер туғызатын көптеген құбылыстарды, соның ішінде теледидар, кино мен көркем әдебиетті қамтиды және коммерциялық бағытта табыс әкелуге тиіс. Мұндай мәдениет түрлерінің кеңінен таралған тарихи менталитеттерді құрастыруға қосқан үлесі өзгелерден де зор болуы мүмкін. Демек, кәсіби тарихшылар бұл мәдениет түрлерін түсініп әрі олардың салдарын бағалауы керек. Екіншіден, моральдық деп сипаттауға болатын күшті сезімдерді туғызу арқылы қоғамдық тарих аудиторияның эмоциясы мен қиялын қалыптастырады. Осылайша тарихи сипаттамалардың едәуір бөлігі тікелей және жанама түрде өзіндік үлесін қосады. Осы тұрғыдан алғанда, адам өміріндегі кейбір оқиғалар күрделі болып келеді. Бұл мәселелердің қоғамдық тарих үшін өте сирек кездесетін тақырып емес екенін және ол оны неғұрлым бедерлендіре түсетінін ескерткім келеді.

XX және XXI ғасырларда адамның зәресін алатын сұмдық оқиғалар болды, сондай-ақ, қазіргі кезде де біз осындай оқиғалардың куәгері болып жатамыз. Оларды адамзат тарихында теңдесі жоқ оқиға деп санауға бола ма деген мәселе пікірталас

туғызады. Қалай болғанда да бұларға тең келетін оқиғалар болса да, онымен байланысты интеллектуалдық мәселелер азаймайтыны белгілі.³³ Аталған оқиғалардың қасіреті ішінара бізге жақын, бұл олардың кино, радио, әлеуметтік желі және көркем әдебиет, газеттер мен ауызша хабарлар арқылы сезімдік және эмоциялық сипаттағы жеделдігіне байланысты емес. Холокост оқиғасы және Хиросима мен Нагасакиге бомба тастау, кейінгі соғыстар мен террористік әрекеттер сияқты олардың зардаптары өте ауыр болғандықтан, олардың әсері мен зардаптары бізге қоғамдық тарих туралы әрі жалпы тарихи тәжірибе туралы көп жағдайдан хабар береді.

1930–1940 жылдары қайтыс болған миллиондаған адамдардың мемориалдарында және осы оқиғаларға арналған музейлерде белгілі бір дәйексөздер бірнеше рет қолданылады. Олар өткенді ұмытып кететіндердің ол қателіктерді қайталайтынын және өткеннен сабақ алу үшін оны есте сақтаудың маңызды екенін көрсетеді.³⁴ Шынында да көптеген адамдар үшін бұл қоғамдық тарихтың ең маңызды мақсаттарының бірі: біз есте сақтау үшін оқимыз. Алайда тарихтың берер сабағы қандай, нақты нені алуға болады және оны өзге замандар мен жерлерге қатысты қалай қолдануға болады деген мәселелерді зерттеу қажет. Өткен оқиғалардан сабақ алып, оны үлгіге айналдыратын, тұтас қоғамға әсер ететін анық әрі түсінікті тұжырымдар бар ма? Егер бар болса, тарихшылар өткен мен болашақ арасындағы артықшылыққа ие делдалдарға айналар еді. Тарихшылардың өздері зерттейтін материалдардан әртүрлі тұжырымдар жасайтыны сөзсіз. «Тарихтан сабақ алу» ұғымы жиі және сенімді түрде аталып отырады, сол себепті ол үнемі назардан тыс қалады. Бұл өте күрделі мәселелер және адамдар арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне байланысты олар көп жағдайда бір-бірін түсіне бермейді. Әрине, қарапайым жауаптар мен нақты моральдық қарама-қайшылықтарды жүйелеуге деген ықыластың бар екені белгілі. Тарихшылардың көпшілікке жеткізуі мүмкін құнды тұжырымдардың бірі – қандай да бір айқын көрінетін қайшылықты мәселе жоқ екенін мәлімдеу.

Мұндай мәселелер өзінді кінәлі сезіну мен біреуді айыптаудан туындайды. Тарихшылар тарихи тұлғалардың бөсекелес талаптарын бағалайды; олар шешімдер мен іс-әрекеттердің қалай қабылданғаны туралы сипаттамаларды біріктіреді және соның нәтижесінде жауапкершілік туралы түсінік қалыптастырады. Жауапкершілік жүктелгеннен кейін өзінді кінәлі сезіну мен өзгені айыптауды бастан өткересің. Сұмдық жайттарға қатысы бар айыптыларды табу қажеттігі күрделі сипатқа ие: тарихта жеккөрінішті тұлғаның болуы эмоциялық тұрғыдан қалыпты құбылыс саналады, бұл өзгелерді айыптауды тоқтату кезінде айқындық пен қарапайымдылыққа алып келеді. Айыпталуға тиісті мәселелерді анықтағанда алдын ала қалыптасқан эмоциялық тұжырым болатыны сөзсіз. Мұндай алдын ала қалыптасқан міндеттемелердің қалай туындағанын толық түсіндіре алатынымызға күмәнім бар, бірақ тарихи пікірталастар олардың бар екенін дәлелдейді. Мысалы, соңғы жылдары Германияда Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына алып келген оқиғаларды (фашизмнің күшеюін түсіндіру үшін тарихқа қаншалықты терең үңілу қажет?) қайта зерделеу барысында қоғамда неміс халқының сол болған оқиғалардан қаншалықты хабардар болғанына және жалпы рөліне қатысты қызу пікірталастар болды. Егер олар айналасында не болып жатқанын жақсы

білсе, бұл оқиғаға қатысушылар болса немесе тіпті өз еркімен қатысса, оларға қандай жауапкершілік жүктеледі? Бұл – іс-әрекетке қатысты мәселелер.³⁵

Жауапкершілік жүктелгеннен кейін тиісті жазалау шараларына қатысты қосымша мәселелер туындайды. Жапониядағы әскери лагерьлерде зардап шеккендерден кешірім сұрау, еврейлердің талан-таражға салынған немесе ұрланған заттарын сақтайтын музейлер мен банктердегі мүліктерін қайтару немесе өтемақы төлеу, мемлекет, банк және коммерциялық ұйымдарға жиі берілетін өтініштерді орындау арқылы әділдікке жете аламыз ба? Аталған мәселелердің кейбірі қатысушылар қайтыс болған жағдайда өзектілігін жоғалтуы мүмкін. Мұны абстрактілі тұрғыдан қарастыруға болады, ал анағұрлым нақты жауаптар ұлттық және халықаралық құқыққа негізделуі қажет. Сот істері көлемді тарихи дәлелдерді қажет етеді. Сонымен қатар әр оқиға, әрбір мәселе де контексте қарастырылып және оның өзіндік ерекшелігі зерттелуі қажет. Бұл ішінара тарихшылардың міндеті саналады, ол соғысқа қатысты сот процестеріндегі қорғаушылардың қандай оқиға болғанын, бұл туралы кім не білетінін және ол жайында қай уақыттан бері хабардар екенін анықтауға көмектесу мақсатында архив жұмыстарын жүргізу үшін тарихшыларды неліктен жұмылдыратынын түсіндіреді. Тек сол кезде ғана жауапкершілік, айып және жазалау шараларын сенімді әрі қауіпсіз түрде тағайындауға болады.

Холокост және оның салдарын зерттеген тарихшылар бірнеше функцияны атқарды: құқықтық пайымдауларға негізделген зерттеулер жүргізу; қандай жағдай болғаны әрі не себепті туындағаны туралы ауқымды пікірталастарға қатысу; әсіресе тарих пәні үшін ұсынған мәліметтер мен тірі қалғандар алдындағы жауапкершілікті түсіну. Тарихшылар әуесқой аудиторияға арналған тарихпен де айналысады, себебі көпшілік тарихта нақтылық басым дегенге сенетіндіктен және тарих пәнінің моральдық тұрғыдан үлкен беделге ие екендігіне байланысты тарихшыларға ерекше жауапкершілік жүктеледі. Алайда беделге ие тарих деп нені атауға болатыны және оның кімге бағытталатыны жөніндегі мәселелер төңірегінде дау туындауы мүмкін. 1930–1940 жылдардағы сұмдық оқиғалар туралы сипаттамалардың кімге арналып жазылғанына және оларды қаншалықты бағалайтынына байланысты айырмашылықтары бар. Моральдық карама-қайшылықтарды бейсаналы түрде қолданатын қоғамдық талқылаулар және рефлексстік сипатта болуға тиіс ғылыми тарих екі түрлі бағытта дамиды.


Мәселен, нацистік концлагерьлер туралы бұрмаланған пікірлер еврей халқының қайғы-қасіретін шамадан тыс әсірелеу мақсатында таралды деп санайтын ревизионист-тарихшылар бар. Бұл – антисемиттік тарих және мұның болуының өзі бұған дейін айтылған пікірлерді дәлелдейді; егер өткен шақ қолжетімді және қолдануға жарамды, сондай-ақ қоғамдық меншікте болса, арам ниетті, бейәдеп, әсіресе, оны айғақтайтын дәлелдері бар деп мәлімдеген жағдайда жауапсыз деп танылған сипаттамаларды жариялайтын Дэвид Ирвинг сияқты ревизионистерге не кедергі бола алады?³⁶ Алдыңғы тарауларда ғылыми аппарат пен өзге тарихшылардың деректері, әдістері мен дәлелдерін мұқият зерттеу қасақана бұрмаланудан қорғауды қамтамасыз ететінін дәлелдедім. Қоғамдық тарих пен Холокост туралы пікірталастар контекстінде бұл реакция жарамсыз болып көрінуі мүмкін, өйткені қоғамдық дискурс – ғылыми дискурс емес. Көптеген адамдардың қолында

моральдық тұрғыдан айыпталған оқиғалардың әртүрлі сипаттамаларын бағалау үшін материалдар мен тұжырымдамалық тәсілдер болмағандықтан, олар көп жағдайда өз эмоцияларын басшылыққа алуы мүмкін. Көптеген топтар өткенді күшті сезімдерді пайдаланатын жеңілдетілген моральдық тұрғыдан сипаттауға мүдделі. Бірақ сезімдердің көрсететін бағдары сенімсіз, өйткені сезімге берілген адам сыни тұрғыдан ойлана бермейді. Жүрек сезіміне қатысты ортақ мәміле болмайтыны сияқты, бір адамның эмоциясы басқасына қарағанда жақсы немесе әлдеқайда негізді деп кім айта алады?

Бүгінгі күні біз релятивизмге қатысты негізгі мәселелерді түсіне бастадық.³⁷ Релятивизмнің қарапайым анықтамасы – пайымдаудың абсолюттік стандартынан бас тарту. Алайда сыншылардың ойынша, бұл термин стандарт атаулыдан бас тартуды, барлық құбылыстарға бірдей қолданылу мүмкін үлгілерге қатысты кемсітушіліктің болмауын білдіреді. Дегенмен бұл қаншалықты күрделі әрі эмоциялық сипатта болса да, релятивизм тарихшылар ескеруі керек бірқатар мәселелерді көрсетеді. Мысалы, «әртүрлі пікірлерді құрметтеу керек» деген мәлімдеме біраз уақыт бойы білім философиясының бір бөлігі ретінде саналып келді, кейбір контексте бір көзқарасқа негізделген пайымдауларға қарағанда, әртүрлі топтардың көзімен әлемді көру мәселесі пайдалы болып есептеледі. Соңғы уақытта экологиялық тарихқа деген қызығушылықтың артуы осы трендтердің мысалы бола алады. Табиғи ресурстарды басқарудағы өзгерістер ендігі кезекте ырыққа көнбейтін экономикалық прогресс тұрғысынан емес, жергілікті тұрғындар, кедей жұмысшылар, жануарлар және тағы басқалар тұрғысынан қарастырылады. Дәл сол кезеңде ұйымдастырылған экологиялық қозғалыстарды ескере отырып, бұл мысал саясат, мемлекеттік басқару және тарих тәжірибесі арасындағы тығыз байланысты көрсетеді.³⁸

Сонымен қатар бізді тарихтың мүдделерін (кейбір түрлерін) құрметтеуге шақырады. Тарихтың идеяға әбден берілген түрі белгілі бір көзқарасты алға тартады және өзіне бәсекелес пікірлермен санаспауы да мүмкін. Қауымдастықтар немесе мүдделес топтар өз тарихын сипаттаған кезде, әсіресе оларға қауіп төніп тұрған жағдайда, қоғамдық тарихтың пікірталас тудыртатын түрлері пайда болуы ықтимал. Релятивизмнің осындай өзгеше түрі құнды пайымдауларды көбінесе өздері дұрыс деп тапқан жағдайда ғана оларға рұқсат етеді. Осылайша солшыл тарихшылар ақсүйектер тарихын тек соңғы уақытта ғана сенімді түрде және ғанибетпен зерделей бастады. Ақсүйектер тарихын зерделенудің әр алуан тәсілдері болса да, 1960–1970 жылдары әлеуметтік жағдайы төмен топтарға деген қызығушылықтың күрт артуы байқалды. Содан бері идеологиялық жағдай өзгерді және ақсүйектерден қалған құнды материалдар әлеуметтік және мәдени тарихтағы басты мәселелерді ескере отырып, зерттеу жүргізетін тарихшылардың назарына ілікті. Бұл қызығушылықты қоғамдық тарихтың көптеген түрлеріне, соның ішінде өмірбаян, теледидар бағдарламалары, тарихи шығармалар мен тарихи орындардың көрме-лерінен байқауға болады.³⁹

Осы мәселелерден туындаған, әсіресе қоғамдық тарихта айқын көрініс беретін дилеммаларға берілетін бірқатар ықтимал жауаптар бар. Тарихтың барлық түрі белгілі бір көзқарастан басталады, сондықтан бірегейлендіру мен артықшылық



7.7-сурет. Ланчестер дипломы

Мыс қорытпасы, әртүрлі өлшемдегі фрагменттер, 150, DURMA.2017.21

Біз бұдан Рим флотында қызмет еткен британдық теңізші Тигерносқа берілген флот дипломының бір бөлігін көреміз. Бұл Германиядағы римдіктерге жиырма алты жыл бойы қызмет еткен, азаматтығы жоқ адамның құқығын растайды. Тигернос зейнетке шыққаннан кейін өзі және оның ұрпақтары сол елдің азаматтығын алған. Тигернос Дарем графтығына қарасты Ланчестер қаласында дүниеге келген. Мұндай тарихи маңызы бар құжаттар сирек кездеседі, бұл дипломды әуесқой археолог металлодетектор арқылы тапқан. Университет одан дипломды сатып алды, осылайша ол университеттің археология музейіне қойылды. Ол қоғамдық тарихтың екі аспектісін – әуесқой мамандардың үлесі мен өткенді кең аудиторияға насихаттауды қамтиды.

беру пайда болатыны сөзсіз. Егер олар жалпы мойындалған және ғылыми аппарат ашық берілген болса, онда қызу пікірталас туындамайды. Бұл тәсіл сілтемелер мен библиографиясы аз немесе мүлде болмайтын қоғамдық тарихқа қарағанда ғылыми салада әлдеқайда жақсы әрекет етеді. Тарихшылар ашық әрі икемді болуы керек және зерттеу барысында белгілі бір идеялармен шектелмеуге тиісті. Мысалы, тарих қожайындар көзқарасы бойынша емес, қызметшілер тұрғысынан жазылуы керек деген тұжырым тым абстрактілі және материалдарға негізделмеген деп сынға алынуы мүмкін. Кейбір қызметшілер өз қожайындарын мәселен, бопсалау арқылы пайда табатын сияқты, ал кей қожайындар өз қызметшілерін айталық, жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу арқылы өз мақсаттарын жүзеге асырады.⁴⁰ Шынында да бір ғана отбасылық шаруашылықта жағдай уақыт өте келе өзгеруі мүмкін, сол себепті бір жақты көзқарасты ұстану күрделі мәселелерді бейнелей алмайды. Сондықтан кез келген құрылым абстрактілі ұстанымға емес, түсіндірілуге тиіс тарихи мәселелерге негізделсе ғана дұрыс болады. Тағы да айта кетерлік жайттың бірі, бұл тәсіл көпшілікке белгілі тарихи контекстке қарағанда, ғылыми тұрғыдан дәлелді саналады, себебі мұнда аудитория шиеленіске толы оқиға желісін күтуге дағдыланған.

Қоғамдық тарихқа қатысты релятивизмнің күрделілігіне тағы бір жауап ретінде түсініксіз мәселелерді мойындап және оларды бағалау үшін тарихтың көпшілік алдында талқыланатын терминдерді өзгерту әрекетін атауға болады. Бұл тарихшының жағымсыз сипатта белгілі болған диктаторды жақтайтын кітап шығаруға құқығы бар дегенді білдіре ме? Егер дәлелдерді жауапкершілікпен пайдаланса және беделді тарихи сипаттама жасау талаптарын сақтаса, онда тарихшының мұндай кітап шығаруға құқығы бар болуы мүмкін. Сонымен қатар олар өз міндеттемелерін мәлімдеп, қолданатын тәсілдерінің тиімділігін саяси немесе эмоциялық негізде емес, интеллектуалдық тұрғыдан дәлелдеуі керек. Белгілі бір құбылысты талдау оны құптау дегенді білдірмейді. Қалай болғанда да, тарихи жарияланымдарға цензура қажет емес және әртүрлі пікірлердің болғаны дұрыс, өйткені ғылыми әрі қоғамдық тарихта нәтижелер сыни тұрғыдан бағалануы мүмкін. Бұл жердегі міндет – тарихтың қатаң тәжірибесі туралы түсінікті мүмкіндігінше кеңінен тарату.

Өткел

Тарихшылардың моральдық және саяси міндеттемелері – олардың адами құндылықтары. Сол себепті мүмкіндігінше нақты тұжырымдалуы әрі зерделеуге қолжетімді дәлелдерге негізделуі керек.⁴¹ Тарихшылар өз ұстанымдарын білдіру немесе бекітуден гөрі, оны тиімді түрде түсіндіруді өздерінің кәсіби міндеттерінің ажырамас бөлігі ретінде ала отырып, тарихи пайымдауларға жеткізетін процестерді көпшілікке ашып көрсетеді. Қоғамдық тарих барлық тарихшылардың алдында тұрған күрделі мәселелерді зерделейді. Біз оны жай ғана дәріптеу, көңіл көтеру немесе насихаттау ісі ретінде алып тастай алмаймыз. Академиялық тарих,

бұқаралық ақпарат құралдары, музейлер сияқты мекемелер мен бұқаралық мәдениет арасындағы қарым-қатынасқа қатысты дәйекті ұстанымдарды дамытқан жөн. Мұны жүзеге асырудың бір жолы – тарихтан сабақ алу ұғымына жүгіну. Өткенді зерттеу, шынында да, адамды шабыттандырады әрі оның танымдық сипаты да бар, бірақ бұл түсінікті, қарапайым сабақтар мен айқын нұсқаулар емес. Керісінше ол – ойлау мен талдауға арналған алаң. Өткен – қазіргі уақытқа арналған контекст, бірақ ол тікелей нұсқаулар бермейді. Тарихшылар күрделі мәселелер мен қабылданған көзқарастарды қайта зерделеген кезде жақсы нәтижеге жетеді. Көпшілік бұл пікірлерді бағалай алмайды деп мәлімдеу қамқорлық жасаумен бірдей, олар, тым болмағанда, зорлық-зомбылық пен жанжалдарды сипаттаймыз деп порнографияға да ұласатын сенсациялық тарих сияқты балама да ұсынуы керек. Ғылыми және қоғамдық тарихтың өзара тығыз әрекеттесуін қамтамасыз ететін дүниетаным әртүрлі топтардың ынтымақтастығына ғана емес, сонымен қатар тарихшылардың машықтары мен идеялары туралы кең түсініктің қалыптасуына да байланысты болады. Тарихшылар біліктілігінің негізін қалайтын бірқатар машықтар жайында келесі тарауда қарастырамыз.

СЕГІЗІНШІ ТАРАУ

Тарихшылардың машықтары

Тарихты өткенді жете түсіну және дәлелді сипаттамалар құрастыруға қажетті машықтар тұрғысынан тиімді түрде қарастыруға болады. Машық туралы талқылаулар тарихшыларға өз тәжірибесіне назар аударуға, оны талдауға, дамытуға әрі жетілдіруге, сонымен қатар тақырыпты қалай оқыту қажеттігі туралы ойлануға жетелейді. Бұл тарауда тарихшылар қолданатын әртүрлі, бірақ өзара байланысты машық түрлері қарастырылады.

Машық деген не?

Машық тарихшылар атқаратын кез келген жұмыстарды нәтижелі етеді. Бұл тарауда тарихшылардың бойынан табылуға тиіс машықтарды талқылаймын, сонымен қатар оның өзіндік ерекшелігіне тоқталып өтемін. Бәлкім, белгілі бір машықтардың жиынтығы тарих пәнінің айрықша ерекшелігі шығар? Тарихшылардың машығына қатысты (оның тарих пәні үшін маңызы болсын, болмасын) маңызды мәселелердің бірі – машық уақыт өте келе тарихи тәжірибе арқылы қалыптасады. Бұл машиналық құрылғыны басқару, тоқ көзін ауыстыру және тағы басқа машықтарға ұқсамайды, оны игерген студент белгілі бір әрекетті жүзеге асыруға тырысады, бұл машық тек технология өзгерген сайын жетілдіре түсуді қажет етеді. Ал тарихшылардың машығы бұған қарағанда сәл басқаша, машық түрлері өмір бойы дамып, жетіле түседі, осылайша адамның ажырамас бөлігіне айналады. Тарихшыларға қажетті машықтар анық әрі сенімді түрде жазу, сондай-ақ жағдайлардың күрделілігін түсіну қабілетін де қамтиды. Әдетте маманды көп нәрсеге

үйретуге болады, дегенмен тікелей үйретуге келмейтін, адамның нәзік қасиеттеріне байланысты көптеген өзге дүниелер бар. Тарихшылардың машықтарына қатысты мәселелер тарих пәнімен тікелей байланысты. Мысалы, бұл мәселелер арқылы пәннің артықшылықтары мен оның іргелес салалармен байланысын аңғаруға болады.

Нәтижесінде бұл мәселелер де қақтығыс тудыратын алаңға айналады. Жалпы, соңғы жылдары тарихшының бойында болуға тиіс машық түрлері жаңа сипатқа ие болды, бір жағынан, бұған көптеген елдің жоғары білім беруге бағытталған саясатында кең қолданыстағы машық түрлеріне баса назар аударуы себеп болды, яғни бұл машықтарды әртүрлі контексте қолдануға болады. Бір жағынан, бұл жағымды фактор, себебі тарихшы болу үшін әртүрлі жағдайда қолдануға өте пайдалы әртүрлі машық түрлері қажет. Сондықтан тарихты зерттеуді ортақ құндылығы бар іс деп қарастыруға болады. Дегенмен кең қолданыстағы машық түрлеріне саяси тұрғыдан назар аудару оқытудың механистік тәсілін қалыптастыруға септігін тигізеді, ал бұл модель тарих саласындағы қызметке сай келмейді және оқытудың әдістері шектеулі екені туралы жалған пікір қалыптастырады. Көптеген адамдардың өткен туралы мол ақпарат алуы тарихшыларға қажет көптеген машықтардың қажеттілігін шектейді.

Бір қарағанда, машық термині әртүрлі жағдайда қолдануға болатын әдістерді білдіреді; демек, бұл мазмұннан гөрі, әдістерді көбірек қамтиды. Дегенмен тарихшылардың бойынан табылуға тиіс нақты машықтарды талқылауға ұмтыла отырып, олар қолданатын машықтар мен материалдарды ажырату дұрыс болмас еді. Тарихшылардың машығы қолданылу барысында, яғни оның нақты тарихи мәселелерге қатысты пайдаланылуы арқылы жетіле түседі. Осылайша білім мен тәжірибе жинақталады, ал оны әдістер мен мазмұнға бөлу жасанды болып көрінуі мүмкін, себебі олар өзара тығыз байланыс орнату арқылы үйлесім табады. Тарихи фактілердің қайдан алынғанынан, оны қалай пайдалану және түсіндіру ісінен хабарсыз болу жақсы нәтижеге қол жеткізбейді. Ең құнды машық ақпарат пен деректерді табу, оны дәлел ретінде қолданысқа енгізу және бұл фактілерді тек есте сақтап қана қоймай, материалдарды жүйелі түрде пайдалану.

Материалдар мен машықтарды игеру – тарихшы біліктілігінің екі аспектісі, олар бір-біріне өзара тәуелді бола отырып, бірге дамиды. Машықтарды қандай да бір іске қатысты қолдану керек және бірқатар аспектісі бар сол іс-әрекет машықтарды жетілдіруге көмектеседі. Тарихтың мазмұны ерекше маңызды, себебі бұл тарихи дәлелдер құрастыруға мүмкіндік беретін дәйектер ұсынады. Бұл – материалдарды салыстырудың қайнар көзі, оның көмегісіз кез келген тақырыптық зерттеуді түсіндіру мүмкін емес. Ол нақты құбылыстарды қамтитын өзгерістердің кең заңдылықтарын ұсынады, сондай-ақ адамзат қоғамдарының іргелі құрылымдары туралы түсінік береді. Демек, өткеннің тым болмағанда бір бөлігі туралы жалпы түсініктің болғаны абзал. Тәжірибе білім мен машықтың өзара үйлесімі екенін атап өткім келеді. Бұл мәселелерді жалпылама түрде сипаттау қиын, бірақ оны романтикаға айналдыру ақылға қонымсыз болса да, тақырыппен таныс болғаннан кейін осы жағдайды сезінесіз. Білім мен технологияның түрлері өзгерген

сайын, білім беру тәжірибесі мен саяси артықшылықтармен қатар, машықтар да өзгереді, оның жана түрлері пайда болады, ал өзгелері мамандардың шағын топтарының құзыретіне айналады.

Машық түрлері

Тарихшыға қажетті негізгі машықтардың басым бөлігін өзге де гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар пәндері мамандары өз жұмысында қолданады, сол себепті оның сапасына баса мән беру тарихтың өзге салалармен арадағы байланысын түсінуімізге де көмектеседі.

Тарихшыға қажетті машық түрлерін үш топқа бөлуге болады. Біріншісі – техникалық машықтар, бұл топқа палеография және дипломатия, клиометрия мен просопография (кейде «прозопография» деп те аталады) сияқты түрлерін жатқызуға болады, бұлар құжаттардың мағынасын түсіндіру, сандық тәсілдерді қолдану және топтық сипаттамаларды зерттеу ісін қамтиды. Оларға қысқаша тоқталып өтеміз. Екіншісі – деректерге негізделген машықтар; олар тарихи мәселе анықталғаннан кейін негізгі немесе қосымша материалдарды іздеу және бағалаумен байланысты болады. Үшінші түрі – түсіндіру машығы, соның ішінде шындыққа жанасымды дәлел құрастыра білу қабілеті. Машықтың бұл үш түрі өзара тығыз байланысты және сипаттамаларды анықтау үшін әртүрлі тақырып аясында қарастырылады. Мұның әрқайсысын кезекпен қарастырмас бұрын, барлығынан маңызды саналатын машық түрлеріне – тарихи мәселені анықтау мен қалыптастыруға назар аударғым келеді. Бұл жоғарыда мен атап өткен үш категорияның ешқайсысына кірмейді, дегенмен машықтың сол үш түріне қарағанда, бұл әлдеқайда іргелі, онсыз тарихты қалпына келтіру мүмкін емес.

Тарихи мәселе – бұл жай ғана тақырып емес, бұл өткеннің бір бөлігі. Бір құбылысты оның әйтеуір бар болғаны үшін зерттеу, түйінделмеген, эмпирикалық тұрғыдан негізделмеген түсініктерге алып келуі мүмкін. Белгілі бір жерге, тұлға, мекеме немесе архивтерге назар аударуға және оларды зерттеуге қызығушылық оны бұрын-соңды ешкім зерттемегендіктен туындауы мүмкін. Дегенмен бұдан шығатын нәтижелер интеллектуалдық тұрғыдан шектеулі болуы ықтимал. Тарихи еңбек (мейлі ол студенттердің эсселері немесе үздік зерттеулер болсын) жазудың ең тиімді жолы – сұрақ қою, ойлану, күрделі жағдай (ситуация) қалыптастыру, дәйексіздік, таңдану және болжам. Бұлар әртүрлі формаларда көрініс табуы мүмкін, бірақ олар көбіне мәселенің контекстін қамтамасыз ететін нақты немесе жанама түрдегі қандай да бір салыстыруды қамтиды. Тарихи еңбек түсіндіруді қажет ететін мәселені анықтауға негізделеді. Бұлай пайым қолда бар түсініктемелерге байланысты болады.

Осылайша салыстыру тарихи тәжірибенің негізі саналады. Тарихшылар деректерді, тақырыптық зерттеулерді, қосымша сипаттамалар мен теорияларды үнемі салыстырады, салыстыру жүргізбей тарихи мәселені зерттеу өте күрделі және салыстырмалы тарихта бұл әдіс ерекше маңызды.¹

Тарихшылар ғылыми дәстүрлерден және өздерін аландататын мәселелерден туатын түрлі сұрақтарға жауап іздейді. Салалар жұмыс істеудің өзіндік ерекшелігін қалыптастырады және осы процесс нәтижесінде сұрақтар туындайды; олар деректерден гөрі оны зерттейтіндердің түсінігімен көбірек байланысты. Төменде келтірілген бірнеше мысал машықтарға қатысы бар жалпы ережелерді сипаттайды. Біріншісі Норвич тарихына қатысты, ол бірнеше ғасыр бойы Англияда Лондоннан кейін халық ең тығыз орналасқан қала саналды. XVIII ғасырға қарай Бристоль мен Ливерпуль қалалары порт, ал Бирмингем, Ньюкасл және Манчестердің индустриялық орталықтар ретінде дамуына байланысты аймақтық даму модельдері түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Бүгінгі таңда Норвич шет аймақта орналасқан тартымды қала саналады, онда Норман қорғаны мен орта ғасырда тұрғызылған собор бар. Дегенмен, жалпы алғанда, бұл қауіпті жағдайда тұрған қала, оны бұл жерден Норфолкке дейін және Норфолктен бері қатынайтын көлік түрлерінің шектеулі екенінен байқауға болады.² Бұл жағдай тарихшыларды қалалардың қалайша маңызы арта түсетіні туралы бірнеше сұрақтарға жауап іздеуге итермелейді.

Олар Норвичтің салыстырмалы түрдегі құлдырауын, қала аудандарының маңызын анықтау тәсілдерін және ауқымды өзгерістердің қала мен ол орналасқан аймаққа ықпалын зерттей алады. Тіпті қарапайым жауаптардың өзі ұзақмерзімді экономикалық трендтер, соның ішінде өндіріс және ауылшаруашылық түрлері, сауда жасау үлгілері (әсіресе шетелдегі) және ұлттық кірісті үлестіру туралы түсініктерге байланысты болады.

Негізгі мәселелерді шешу үшін Норвичті белгілі бір контексте, нақтырақ айтқанда, бірнеше контексте қарастырған жөн, ал тарихи күрделі жауаптарды ойлап табу, Норвич пен Норфолкті салыстыру және салыстыруға келетін өзге аймақтар туралы мәліметке байланысты. Белгілі бір жерлерді салыстыру үшін олардың ортақ белгілері, мысалы, ауылшаруашылығымен айналысатын әрі соборлар орналасқан шалғай жерлер болуы, сондай-ақ халық санының өсуі сияқты айырмашылықтары да болуға тиісті. Осылайша салыстыруға болатын мысалдарды іріктеу өте маңызды, себебі бұл қандай ерекшеліктер ортақ, ал қайсысы бөлек екеніне негізделе отырып, белгілі бір бағыттарда зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Шынында да Норвич туралы сұрақтар бүкіл Еуропада қала мен аймақтық дамудың жинақталған идеялары мен түсіндірмелері нәтижесінде туындайды. Сонымен қатар тарихи мәселені басқаша сипатта қарастыруға болатын еді, ең алдымен, талдау негізінен экономикалық тұрғыдан болуы қажет пе деген жағдайды анықтап алу керек, одан кейін шіркеу институты, жергілікті элита және діни тәжірибе сияқты өзге де аспектілерді қарастырған жөн. Олардың барлығының экономикалық, ал экономикалық мәселелердің әлеуметтік, саяси және мәдени аспектілері бар. Аймақтық құлдырау сияқты мәселелерді түсінудің бірқатар тәсілдері бар және оны іріктеу мен тұжырымдау зерттеушінің тапқысы келетін әрі күтетін жауаптарды таңдауын да білдіреді. Тарихшылардың таңдауы жүргізілетін жұмыстармен және олардың аймақтық дамуға деген көзқарастарымен анықталады.

Осылайша тарихи зерттеуді қажет ететін мәселені анықтау әртүрлі машықты талап етеді және осы арқылы жасалған таңдау салыстырмалы сипатқа ие болады.

Екінші мысал тарихшылардың қызығушылығын тудырған құбылысқа қатысты, дегенмен бүгінде ол көптеген адамдар үшін қызықты болмауы да мүмкін.

Алайда бұрынғы кезде бұл сан алуан деректерді пайдалану және кейде тіпті қатаң құқықтық әрекеттер жасау үшін айтарлықтай маңызды болды. Бұл бізге мысалы, стигматизация түрлері, отбасының сипаты және әйелдерге деген көзқарас туралы ойлануға мүмкіндік береді. «Заңсыздық» сөзі некесіз бала тууды білдіреді және бұл ұғымның тарихы оның екі аспектісіне байланысты күрделі сипаты бар: бұл эмоциялық тақырыпқа айналды, сонымен қатар бұл сандық бағалау арқылы қарастыруға болатын мәселе. Заңсыздық мәселесі ұзақ жылдар бойы айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Аталған тақырыпты зерттеумен демографтар айналысса да, ол неке мен мұрагерлік мәселесін реттейтін құқықтық құрылымдар мен осындай мәселелерді тіркеудің әкімшілік жүйесі болмаса тақырып ретінде қарастырылмайтын еді. Сонымен бұл құбылысқа қатысты тарихи мәселелерді қалай тұжырымдауға болады? Бұған, мысалы, оның таралу аясының айтарлықтай өзгергенін қабылдауға қатысты болуы мүмкін. Өзгерістер, әсіресе өсу, әлеуметтік қамсыздандыруды қамтамасыз ету үшін күрделі мәселе саналады. Шынында да некесіз туған балалардың тарихы қазіргі саяси пікірталастарға тікелей қатысы бар және олар тарихи зерттеу жүргізу әдістеріне ықпал етуі мүмкін. Сол сияқты тарихи еңбектер бүгінгі талқылауларға негіз болады деп үміттенеміз.

Жалғызбасты ата-аналар (көп жағдайда аналар) мен кедейлік арасындағы байланыс алаңдаушылық туғызатын негізгі тақырыпқа айналды. Себебі әлеуметтік жағдайы жоғары мемлекеттерде бұл мәселелер тұрғын үймен қамтамасыз ету және әлеуметтік қамсыздандыру бойынша жүргізілетін мемлекеттік саясат үшін өзекті мәселе саналады. Бұл мәселелердің қатарында қоғамдағы әйел мен еркектің атқаратын рөлі, жыныстық қатынасқа деген көзқарас және қылмыспен күресу шаралары да бар. Тарихшылар бұрын құқықтық жүйелерге қызығушылық білдіргендей, нәрестелерді өлтіру және некесіз бала туудың арасындағы байланысқа да назар аудара бастады. Көп жағдайда тұрмысқа шықпаған аналар күйеуге шыққан әйелдерге қарағанда, өз балаларын жиі өлтіретін тәрізді.³ Сонымен қатар заңсыздық неке мәртебесіне және қоғамдық тәртіпті сақтауға ықпал етеді. Француз революциясы кезіндегі некесіз туған баланы құқықтық категория ретінде мойындамау әрекеттері бұрынғы режимнің легитимді болуына қаншалықты көп күш жұмсалғанын көрсетеді.⁴ Неке мен ажырасуға қатысты келісімді түсініктер өзара тығыз байланысты болды, дегенмен бұл ұзаққа созылмады.⁵ Бұл тақырып неке мен балалардың құқықтық мәртебесі қандай саяси мәнге ие болғанын көрсетеді. Көптеген қоғамда некесіз туған балалары бар әйелдердің бұл ісін ұят деп санайды, сондықтан заңсыздық құбылысы әйелдердің жағдайы туралы мәселелердің туындауына себеп болды. Кейбір жағдайда некесіз бала туған әйелдерге қысым көрсетіледі және қатаң жазаға тартылады.⁶ Қазіргі таңда күрделі тарихи факторлардың әсер етіп жатқаны белгілі, себебі кәмелеттік жасқа толған адамдар некеге тұратын, некесіз бала тууға жол бермейтін және жүктілікке қарсы дәрі-дәрмектерді өндірмейтін қоғамдар бар. Осылайша сексуалды мінез-құлық табиғи емес, ол бірқатар тарихи жағдайларға байланысты айтарлықтай өзгереді.

Некесіз туған балаларға бүгінгі күні де өзгеше көзқараспен қарайды, біз оны жалғызбасты аналардың үндеулерінен байқаймыз. Бұл құбылыс әлеуметтік трендтердің көрсеткіші ретінде қолданылады, бірақ бұған қатысты көптеген факторларды ескерсек, заңсыздық туралы деректер нені білдіреді? Ұсынылған жауаптарға отбасы құрылымындағы өзгерістер, әлеуметтік бақылаудың төмендеуі, әйелдердің экономикалық жағдайының жақсаруы мен ұтқырлығын арттыру кіреді, ал бұл ер адамдарды өз міндеттерін атқарудан жалтаруға және моральдық құндылықтар жүйесін өзгертуге итермелейді. Осылайша жалғызбасты ата-аналармен байланысты тарихи мәселені тұжырымдау моральдық тұрғыдан ауыр болғандықтан, бұл күрделі тақырып саналады. Оның сандық тұрғыдан талдануы зерттеуді күрделендіріп жібереді. Бұл салада жұмыс істейтін тарихшылар мынадай сұрақтарға жауап іздейді: мұндай тақырыпты сандық тәсіл арқылы зерттеген қаншалықты дұрыс әрі тиімді; осындай іс-шараны өткізу қажеттігін айғақтау үшін пайдаланылатын деректер сенімді ме; маңызды трендтерді анықтау үшін қанша уақыт қажет; сандық тәсілдермен жүргізілген зерттеу дәлдік туралы жалған мәлімет ұсына ма және саясат бағдарын анықтайтын тұлғалардың нәтижелерді бұрмалауына жол бере ме? Заңсыздық туралы деректерді контекстке енгізу үшін салыстырулардың қай түрі уақыт пен кеңістік бойынша қисынды тақырып мәдени тұрғыда соншалық күрделі болса, уақыт пен географиялық аймақ жағынан бір-бірінен өзгешеленетін тақырыптық зерттеулерді қолдану керек пе? Бұл тізім осы тақырыпты зерттеуге байланысты қиындықтарды сипаттаса, ал осы мысал тарихи мәселеге қатысты кейбір жағдайларды көрсетеді.

Техникалық машықтар

Мұнда бір нәрсе анық тарихи мәселені анықтауға келгенде, біз өзге тарихшылардың жұмысына тәуелдіміз. Көтерілген мәселе шынымен де нәтижелі болу үшін зерттеушіге деректер, уақыт, үлгі керек және ол өз жобасының ғылымның ауқымды үлгісіне қалай сәйкес келетінін түсінуі қажет. Олар сондай-ақ кез келген техникалық машықтарды қажет етеді. Мен заңсыздықтың мысалын техникалық машықтардың тарихи мәселені тұжырымдаудың барлық әдісіне қатысты екенін көрсету үшін қолдандым. Бұл құбылысқа сандық зерттеу жүргізу демографиялық тәсілдерді дұрыс әрі сыни тұрғыдан түсінуді талап етеді, сол себепті машықтар мен зерттеу шеңбері бір-бірімен тығыз байланысты. Мен техникалық машықтарды егжей-тегжейлі талқыламасам да, оларға мұқият назар аударған жөн, өйткені олар тарихи тәжірибенің ажырамас бөлігі саналады. Тарихи мәселені зерттеу үшін деректер ұсынатын түрлі тәсілдерді қарастырып, одан кейін оны бағалау қажет.

Некесіз туған балалар туралы мәселеге қайта оралсақ, бұл тақырыпты отбасы тарихы және әйелдердің жеңсіздік сезіміне деген көзқарас тұрғысынан қарастыруға болады, бұл оны әлеуметтік және мәдени тарихтың мәселесі ретінде зерделеуді білдіреді. Отбасы ұғымын сипаттау айтарлықтай күрделі әрі бұл көптеген

тарихи құбылыстарды қамтиды.⁷ Демографияның кейбір мәселелері отбасылық өмірмен, мысалы, туу және өлім-жітім көрсеткішін, неке үлгілерін зерттеумен байланысты болады. Сонымен қатар демографтар өткен дәуірлердегі отбасы бірлігін қайта қалпына келтіру үшін салық, кедей отбасыларға берілетін көмек және халық санағы туралы мәліметтерді пайдаланады.⁸ Алайда үй шаруашылығы мен отбасы бірдей бола бермейді, өйткені көп жағдайда отбасы мүшелері бірге тұрмауы мүмкін және балалар саны, некеге тұру жасы, тағы басқалар жеке қарым-қатынастардың сапасын көрсете алмауы мүмкін. Демографиялық және мәдени үлгілер арасында үлкен айырмашылық бар, олардың біреуі бойынша алынған нәтижелерді екіншісіне қолдануға болмайды, сондықтан тарихшылар өздері таңдаған тәсілдердің нені анықтай алатынын немесе нені анықтай алмайтынын нақты түсінуі қажет. Демография тәсілдерін тарихи зерттеулердің кейбір түріне енгізуге болады, бірақ оларды бағалау қажет және оның қолданылуы туралы шешім белгілі бір зардаптары болуы мүмкін.


Демография тарихтың сандық тәсілдер қолданылатын жалғыз ғана саласы емес. Родерик Флуд атап өткендей, бағалау тарихи тәжірибенің барлық жерінде кездеседі: бағаланатын салалар бізге бағаланбайтын салаларды түсіндіруге көмектеседі.⁹ Пән аясында квантитативтік мәселелер туындайтын көптеген құбылыстарды қысқаша сипаттау мүмкін емес, бірақ техникалық машыққа қатысты пікірлерді жетілдіре түсетін екі жалпы тармақ бар. Біріншісі, статистикалық әдістер жинақталған көрсеткіштерді қамтиды; олар стандартталған тәртіптерге сәйкес өңделетін деректер жиынтығын біріктіреді. Соған орай ұжымдық құбылыстар туралы ойлану қажеттілігі туады. Мәселен, жеке адамдар туралы мәліметтер қызметі, табысы, отбасылық жағдайы, тап, жынысы мен жасы сияқты қасиеттері бойынша біріктірілген кезде тарихшылар осы категориялардың тарихи маңызын түсінгені жөн. Топтарға қатысты тарихи мәселелер бар, оларды тек сандық тәсілдер арқылы ғана мұқият зерттеуге болады, егер олар дұрыс қолданылса, құрастырылатын тұжырымдамалық құрылымның ажырамас бөлігіне айналады. Екіншіден, сандық тәсілдердің өзіндік тарихы бар. Оны қолданатындар бұл тәсілдердің шығу тарихы мен даму барысын жете түсінгені дұрыс. Мұндай мәліметтер құбылыстардың қалайша және неліктен анықталатынын, сонымен қатар процеске енгізілген болжамдар мен құндылықтарды көрсетеді, олардың барлығы тарихшыларға өздерінің рәсімдерінен хабардар болуын күшейте түседі. Сол себептен статистика тарихын зерттеуге назар аударған жөн.¹⁰

Егер бізді топтарды талдауға көмектесетін машықтар қызықтырса, онда ұжымдық өмірбаянды зерттеумен айналысатын просопографияға тоқталып өткен абзал. Бұл зерттеу түрінің шығу тарихы ежелгі заман тарихшылары неғұрлым толық деректердің аздығынан, олардың орнын толтыру үшін қолданған ақпарат бөліктерін жинаудан бастау алады. Бұл әдісті салыстырмалы түрде оңай анықталатын қауымдастықтарды зерттейтін тарихшылар қолданды. Қауымдастық деп мен бір жерде тұратын адамдарды ғана емес, сонымен бірге өз еріктерімен біріккендерді немесе белгілі бір себептермен байланысты болатын адамдарды, яғни ортақ құндылықтар мен мақсаттары бар топты да айтамын. Ғылым тарихын зерттеумен

айналысатын ғалымдардың бұл әдісті қолдануы кездейсоқ емес, себебі бір көзқарасты ұстанатын практик мамандардың ұйымдарын, мысалы, ғылыми және медициналық қоғамдастықтар мен кәсіби ұйымдарды осы әдіс арқылы тиімді түрде қарастыруға болады. Мұндағы мақсат – терең тарихи түсінікке ықпал ететін мысалы, діни немесе әлеуметтік шығу тегі сияқты заңдылықтарды анықтау.¹¹

Өзге техникалық машықтар едәуір қарапайым сипатқа ие: көп жағдайда бұл қатарға палеография, дипломатия және тілдер жатқызылады. Палеографияны қолжазбамен байланысты деп санасақ та, ол құжаттардың шынайылығына қатысты бірқатар мәселелерді де қамтиды. ХІХ ғасырдың аяғына дейінгі кезеңдерді зерттейтін тарихшылар кеңістік пен уақытқа байланысты айтарлықтай өзгеретін қолжазба түрлерін танып, білуге машықтануы қажет. Кейде мәселе осы деректерден хабардар болмағандықтан туындайды, сондықтан тарихшыларға қойылатын басты талап – осы мәселелерге байланысты мол тәжірибе жинау. Өзге жағдайларда, мысалы, готикалық қаріппен немесе хатшының қолтаңбасымен жазылған мәтінді оқу үшін арнайы нұсқаулық қажет болуы мүмкін. Орта ғасырлар тарихы туралы көптеген маңызды құжаттар баспадан шыққан басылымдарда жарияланған, бірақ докторантура және одан жоғары деңгейде түпнұсқа материалдарды қайта қарау мүмкіндігінің болуы өте маңызды мәселе. Негізінен, орта ғасырларды зерттейтін тарихшылар үшін түпнұсқа материалдарды қайта қарау қолжазбаның мағынасын түсінуден де маңызды іс болып саналады. Өйткені құжаттың әр аспектісі құнды мәліметтер, соның ішінде сия, пигмент және пергамент туралы мәліметтерден де хабар береді. Қолжазбаны өрнектеудің күрделі сипатқа ие екені белгілі, дегенмен олар берген тарихи жаңалықтар қандай да бір дау-дамай туғызады. Құжаттарды құрастыруға септігі тиген формулалар ерекше маңызға ие; сол себепті құжаттарды анықтау, маңызды саналуы мүмкін айырмашылықтарын ажырата білу – орта ғасырлар тарихын зерттейтін тарихшыға қажетті машық деп санаймыз. Қолжазбалардың қай дәуірде жазылғанына қарамастан, оларды редакциялау ісінің күрделілігін түсіну аса маңызды мәселелердің бірі. Шынында да ортағасырлық кезең жадыдан жазбаша айғақтарға өту процесімен ерекшеленгендіктен, ХІІІ ғасырда күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналған құжаттардың сипаты мен атқаратын рөлі едәуір ауқымды тарихи мәселелерден хабардар болуға септігін тигізеді.¹²

Кейбір бастапқы деректердің басылым беттерінде жарияланған нұсқасы бар болса да, өзге тілде жұмыс істеудің пайдасын көрсететін дәлелдер де осыған үқсас: тарихшылар өздері қолданатын бастапқы деректердің барлық аспектілерін жете білуі қажет. Осы салаға цифрлық технологияның тигізер ықпалы зор. Техникалық машықтар қарастырылып отырған кезеңді және сол уақытта жазбалардың қалай құрастырылғанын түсінуге көмектеседі. Архивтегі материалдар мен түпнұсқа құжаттарды жағымды сипатта көрсетуден аулақ болған жөн, дегенмен мұндай материалдармен жұмыс істеу тәжірибесі де қажет.¹³ Қоршаған әлемді қабылдау сезімдері соның ішінде көру, иіс сезу және ұстап көру тарихшылардың көптеген мәліметтерден хабардар болуына септігін тигізеді: қолжазба форматы, стилі мен көлемі, сипаттама, шимайлар мен кітаптың шетіне жазылған ескертпелердің барлығы өткеннің бейнесін құрастыруға көмектеседі. Қалай болғанда да



8.1-сурет. Уингейт құжаттарынан алынған конверт. Дарем университетіндегі Судан архиві

Парақ, ұзындығы – 10.8 см, ені – 13.5 см, SAD.163/3/11

Сэр Фрэнсис Реджинальд Уингейт – армия офицері және отаршыл губернатор болған, оның құжаттары Дарем университетінің Судан архивінде сақталған. Оған жіберілген конверттер жеке папкада сақталады және мұқият зерттеуді қажет етеді. Бұл суреттен оның архивтік құжат екенін айғақтайтын екі белгіні байқаймыз: конверттің алдыңғы жағының ортасында Әулие Куберттің кресі бар мөр түр және оның оң жақтағы жоғары бөлігінде қарындашпен сандық көрсеткіш қойылған. Сондай-ақ Гизаның ұлы сфинксі бейнеленген мысырлық қызыл маркалар бар, хаттың 1917 жылдың 26 шілдесінде жіберілгенін дәлелдейтін пошта мөрқалыбы, қолжазба, мекен-жай стилі мен жіберуші мекен-жайының дизайны көрсетілген. Уингейт 1916 жылы Египеттің жоғары комиссары атанды, бірақ бұл елдегі қызметі жемісті болмады. 1898 жылы оған рыцарь атағы берілді. Англияға оралғаннан кейін, ол кәсіпкерлікпен айналысты. Осылайша конвертте бірқатар ақпараттар мен символдар бар.

түпнұсқа материалдарды қайта зерделеген жөн, себебі транскрипцияға түсіру және аудару барысында қателіктерге жол берілуі мүмкін. Деректерді түпнұсқадан оқудың айрықша мол пайдасы бар. Әрқайсысының грамматикасы, тарихы және сөздік қоры, сонымен қатар тарихи әрі әдеби дәстүрлерден туындайтын өзіндік ерекшелігі болады. Мұндай ерекшеліктерді қарастыру тарихи еңбектің маңызды бөлігі саналады. Техникалық машықтар – деректерді зерделеудің және тарихшының зерттеу машығының ажырамас бөлігі.

Сілтеме жасау мен оларды беру мәселелері де белгілі бір дәрежеде техникалық машық саналады. Бұл мысал тарихшыларға тән әртүрлі машықтардың бір-бірімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Сілтемелер дәлдікті қажет етеді; оны пайдалану – ғылыми жұмыстың айқындығын көрсетеді, соның нәтижесінде авторлар өз оқырмандарына есеп береді. Дегенмен оны нақты терминдер арқылы түсіндіру қиынға соғады. Әлбетте бәрін сілтемелермен белгілеуге болмайды, бұл мүмкін емес әрі күрделі болады, сондықтан оларды іріктеу қажет. Оқырмандар түпнұсқамен танысуы үшін барлық тікелей дәйексөздерге егжей-тегжейлі сілтемелер

беру қажет екені белгілі, дегенмен көпшілікке арналған еңбектерде мұндай талап қолданылмайды. Сонымен қатар авторлардың интеллектуалдық міндеттерін мойындау деген ортақ пікір бар. Сілтемелер саладағы өзге еңбектер жайында түсінік беруі керек, сондай-ақ осы жазбада қолданылған ауқымды тәсілді негіздеуге тиісті. Бұл міндеттер дәйексөздер туралы егжей-тегжей мәлімет берумен қатар деректерді іріктеу ісін де қамтиды. Демек, сілтемелер белгілі бір техникалық құзыреттілікті қажет етсе де, оқырмандарды дәлелдерге сендіруге көмектесетін ақылға қонымды іріктеу мен риторикалық шеберлікті қамтиды, сол себепті тарихшылардың сендіру стратегиясының маңызды бөлігі саналады.

Мен академиялық салада жұмыс істейтін адамдар тобын сенім қауымдастығы ретінде қарастыруға болады деп тұжырымдадым. Бұл интеллектуалдық еңбектің жасалуына септігін тигізетін әлеуметтік контекстің маңызды рөлін көрсетеді. Оқырман қауым мен сыншылар замандастар қатарына кіреді. Сілтемелер топтар арасындағы байланыстың маңызды түрі саналады. Бұдан төмендегідей екі мәселе туындайды. Сілтемелер салаға қатысты деректердің шығу тарихын, өзара ұқсастығын және салаларға ықпал ету әрекетін де көрсетеді, осы жайттардан хабардар болған жөн. Демек, сілтемелер – бейтарап ақпарат емес, әлеуметтік белгілер. Өз еңбектері басылымда атап өтілуге тиіс деп есептейтін адамдар оның ескерілмегенін байқаса, ренжіп қалуы мүмкін. Осылайша сілтемелер дипломатияның да құралы екен.

Ал сілтеменің маңызына қатысты екінші мәселе осымен байланысты. Ұқсас материалдар түрлі салалар мен шағын салаларда қолданылған кезде, оларға сілтеме жасау тәсілі де әртүрлі болуы мүмкін. Жоғарыда мен ескертпелердің мәнін бейнелейтін тамаша мысал ретінде отбасы тарихын атап өткен едім. Мысалы, жесір қалу мәселесін құқықтық жазбаларды, әсіресе, өсиетнамаларды қолдану арқылы демография тұрғысынан, кедейлік, кедей отбасыларға көмек көрсету арқылы экономикалық тұрғыдан, жесір әйелдердің бейнесін әдебиет, өнер, музыка және тағы басқа салалаға арқау ету арқылы мәдени тұрғыдан немесе белгілі бір отбасыларды тақырыптық тұрғыдан қарау сияқты әртүрлі тәсілдермен зерделеуге болады.¹⁴ Шыққан жері мен уақыты бірдей материалдарды пайдаланса да, мұндай тәсілдер әртүрлі сілтемелері бар еңбектердің жазылуына әкелуі мүмкін. Бұл олардың түрлі деректер мен ғылыми дәстүрлерге назар аударатындығымен қатар аудиториясының да әртүрлілігіне байланысты болады. Қорытынды нәтижелер дәлелдер мен сенімді айғақтар туралы әртүрлі болжамдарды да көрсетуі мүмкін. Сол себепті жазу тәсілдері де өзгеше болуы ықтимал. Бұл жағдай, әсіресе, пән аралық тарихта айрықша маңызды. Әртүрлі пәндерден алынатын деректер мен көзқарастарды біріктіру бірқатар мәселелердің, соның ішінде бірнеше ғылыми қауымдастықтардың тәжірибесін зерделеу мен қолдануға қатысты қиындықтарға алып келуі мүмкін. Қазіргі күні тарихи еңбектер жариялап жүрген мамандардың көпшілігі басқа салалар, мысалы, әдебиеттану бойынша білім алған және олар әдеби дәстүрлер бойынша көзқарас қалыптастырып, әдеби әрі сыни теорияға негізделген еңбектер мен тұжырымдамалық үлгілеріне сүйенуі ықтимал.

Тарихи зерттеу көбінесе деректерден басталады деп болжанса да, көптеген міндеттер біз оларға жеткенге дейін орындалуы керек; мысалы, белгілі бір

тарихнамалық және тарихи контекст қажет. Тарихи зерттеуді белгілі бір тәртіп бойынша орындалуға тиіс тапсырмалар тұрғысынан қарастырған дұрыс емес. Негізінде тарихшылар өздері орындайтын негізгі іс-әрекетті, атап айтқанда, деректерді терең зерттеу, басты мәселені анықтап, оны ауқымды контекстке енгізу, зерттеу аясын анықтау және дәлелдерді жазба түрінде құрастыру сияқты міндеттерді қатарластыра орындайды. Бұл – тарихи еңбекті ұсынудың анағұрлым диалектикалық тәсілі. Өкінішке қарай, бұл тәсіл грант ұсынатын кейбір органдардың тәжірибелеріндегі нормаларға сәйкес келе бермейді, мұндағы мамандар әдетте ғылыми зерттеулердің идеалдандырылған үлгісіне негізделеді. Олар құрастырған нормаға сай, мамандар зерттеуге қатысты туындайтын бастапқы мәселелерден бастап зерттеп, одан кейін жазбаша тұжырымдарға ауысады. Көптеген тарихшылар уақыт өте келе өз материалдарын қайта зерделеп, олардан әртүрлі дәйектер тауып, оны бірқатар мәселелерді анықтау үшін қолданады. Деректерді зерделеп, одан қалаған нәрсенізді алып тастай аласыз, содан кейін оны пайдалана аласыз деген идея тақырыпқа қатысты шамадан тыс механикалық көзқарасты алға тартады және тарихи зерттеулермен байланысты күрделі интерпретациялық процестің маңызын төмендетеді.

Деректерге негізделген машықтар

Тарихшылар қолданатын деректерге негізделген машықтарды қысқаша сипаттауға болады, дегенмен оларды игеру оңай емес. Тиісті деректерді анықтап, оларды мұқият әрі сыни тұрғыдан оқып, бағалап, содан кейін тарихи сипаттамаға енгізу қажет. Бұл соңғы қадам түсіндіру машықтарын қажет етеді. Көп жағдайда қандай материалдың ерекше маңызды екенін анықтау оңай емес, бұл, жанама деректерді іздеу арқылы айрықша ой-түйінін жасау мәселесі, мұның өзі зерттеліп отырған мәселені басқаша түсінуге әкелуі мүмкін. Деректердің құндылығын бағалау дәйекті түрде жасалуы қажет. Олар мұқият бағалануы керек, бұл салыстыру мен тұжырымдауды қажет етеді және олардың маңызы жасалатын зерттеу жобасына байланысты болады. Деректер қаншалықты керемет болса да, олар сөзсіз толық маңызға ие бола алмайды.

Деректерді зерттеген сайын тарихшының ойында кім, не, неге, қайда, қашан және қалай деген сияқты бірқатар сұрақтар туындайды. Осындай негізгі сұрақтарды қою бізге деректердің қолдан жасалғанын түсінуге және олардың жасалу жағдайларын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Тарихшы өзі пайдаланатын әрбір затқа, мейлі ол өнер, сахналық қойылым немесе әдебиет болсын, соның бәріне сыни талдау жасауы мүмкін. Тарихшылар жазушылар болғандықтан, әдеби машықтар да біздің қызметімізде маңызды рөл атқарады. Тарихшылар пайдаланатын материалдардың басым көпшілігін өздерінің және өздері тап болған жағдайлардың іздері ретінде қалдырған адамдар құрастырған. Мұқият және сыни

тұрғыдан талдаудың мақсаты – деректерге өзінің бүкіл бай мәліметтерін толық ашу мүмкіндігін беру үшін оларды жан-жақты зерделеу. Материалдың айқын мазмұнын, сонымен қатар астарында жатқан жасырын мәнін нақты түсіну қажет. Мәтіндерді талдағанда, оларда пайдаланылған тілді, сондай-ақ сөйлемдердің құрылысын және тұтастай алғандағы осы үзіндінің құрылымын зерттеген абзал. Осылайша тарихи айрықша резонанстарды қоса алғанда метафораны ұғыну дегеніміз – тарихшы пайдаланатын құралдардың бір бөлшегі. Бұл тек тарихшы үшін ғана маңызды емес, сонымен қатар ол оқырманға дербес ой-түйінін жасауға және өз қиялында бір артфактіден екіншісіне, одан кейін контекстке көшуіне мүмкіндік береді. Берілген деректердің жасалу жағдайын қайта қалпына келтіру айтарлықтай машықты талап етеді. Мүқият талдау жасау қажет, бірақ бұл үшін осының өзі жеткілікті емес. Деректі құрастырушыны, оған қысым жасау және шектеулер қоюды қоса алғандағы барлық жағдайды ескерген жөн. Мысалы, құқық тарихын зерттеушілер сот ісінің хаттамалары дәл осындай жолмен сыни тұрғыдан бағалануы қажет деп айрықша ескертеді. Нақты тарихи жағдай туралы қолда бар барлық білім оны қалыптастыру мен пайдалану контексінде деректерді анықтау арқылы қолданылады, бұл оның кез келген жобасының нәтижесі мен шектеулі екенін бағалау үшін жасалынуға тиіс. Бұл машықтар тәжірибе, әртүрлі деректерді тексеру әрі салыстыру, оның пайда болуына себеп болған нақты тарихи оқиғамен танысу және тарихты зерттеу нәтижесінде игеріледі. Біз тағы да машықтар мен мазмұнның өзара байланысты екенін аңғарамыз.

Барлық деректер – делдалдар, саналы және бейсаналы өлшемдерден тұратын күрделі ақыл-ой мен жағдайлардың өнімі болғандықтан, олар өткен замандарда болған жағдай туралы ашық айтатын жазба бола алмайды. Осылайша тарихшылар шыққан ортасы мен жанрына қарамастан, кез келген артефактіде қолданылатын делдалдықтың түрлерін қайта қалпына келтіре білуі қажет. Мен тарихшыларға оны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кейбір мәтіндік және контекстік тәсілдерді ұсындым. Мұнда туындайтын бір мәселе бар, ол дегеніміз – қолданылуы мүмкін көптеген тәсілдердің болуы. Сонымен қатар бұл жерде тарихи әдіс, мәтіндік, визуалды немесе материалдық талдаудың бірыңғай тәсілі жоқ. Мұндағы кейбір айырмашылықтар мысалы, адам табиғаты туралы күрделі түсініктерден туындайды. Мен қолданған тіл және келтірген мысалдар (метафора, бейсана, делдалдық және тағы басқалары) белгілі бір көзқарасты білдіреді, дегенмен кейбір тарихшылар адам табиғаты мен оны зерттеуге қатысты терең келіспеушіліктерге алып келетін бейсаналық туралы сөз қозғалғанда өздерін ыңғайсыз сезінеді. Олар туралы ашық түрде пікір таластырған дұрыс, сондай-ақ олардың тарихи еңбекке қалай ықпал ететінін түсінген жөн. Артефактілерге назар аудару және оларды сыни тұрғыдан бағалау машықтарға, ал адамның табиғаты туралы мәлімдемелер – сенімге жатады. Деректерді сыни тұрғыдан талдау қабілеті негізгі тарихи машық екенін мойындау оңай, бірақ талдаудың неден тұратыны немесе оның негізін құрайтын болжамдар туралы пайымға келгенде бұл мәселе оңай болмайды. Мысалы, адамдар барлық уақытта және кез келген жерде түбегейлі бірдей сипатқа ие ме, жеке қызығушылық олардың негізгі қозғаушы факторы болып санала ма немесе бізге бейсана туралы ойлану қажет пе деген мәселеде ортақ мәміле жоқ. Нәтижесінде

деректерді егжей-тегжейлі түсіндіру тарихшының дүниетанымына, талғамы мен тәжірибесіне байланысты өзгеріп отырады. Түсіндіруді өзара байланысты бірқатар қабілеттерге негізделетін маңызды машық деп айтуға болады.

Интерпретация және машық

Интерпретацияға қажетті машықтарды қысқаша сипаттауға болады.¹⁵ Аталған машық тарихи материалдар мен идеяларды жүйелі дәлелдемеге біріктіру, басқа сипаттамаларды ескере отырып, оның маңызын көрсетуге тырысу, зерттеу нәтижелеріне негізделген дәлелді, шындыққа жанасымды пайымдаулар құрастыру тәсілдерін және тұжырымдамалар, теориялар мен құрылымдарды дұрыс қолдануды қамтиды.

Бұл тарихшыларға анық, қисынды әрі айқын жазбаша мәтіндерді құрастыру, сыни тұрғыдан оқуды жүзеге асыру, байланыс орнату және үлгілерді ажыратуға, яғни әртүрлі материалдарды біріктіре отырып, жанама ойлауға мүмкіндік беретін өзге машықтарға байланысты болады. Бұл – күрделі әрі шебер машықтар және оларды үйретуге болатынына қарамастан, олар жағымды әрі жағымсыз үлгілердің ықпалы арқылы қалыптасады. Бұдан шығатыны, әртүрлі тарихи тәсілдерді қамтитын көптеген материалдарды мұқият оқу машықтарды жетілдіруге маңызды үлес қосады.

Сайып келгенде, түсініктеме көбінесе талғаммен байланысты болады және «талғам» сөзін бұл жерде жеке талғамға қатысты екенін көрсету үшін әдейі қолданамын.

Бір жағынан, біздің дайындығымыздан, саясатымыздан және тәжірибемізден, яғни бізді қалыптастырған контекстен туындайды. Дәлелді тарихи түсініктеме құрастыруға қажетті машықтар күрделі болады және оны белгілі стандарт бойынша құрастырылған терминдер арқылы ұсыну мүмкін емес. Түсіндіру машықтары тарихи тәжірибеге негізделген, мұнда біздегі барлық адами ресурстар қолданылады және нәтижелер арқылы жақсы бағаланады.

Ғылыми әдіске ұқсас біртұтас тарихи әдістің бар екені туралы идея ұнамды болып көрінуі мүмкін, себебі бұл интерпретацияға қатысты алаңдаушылық тудыратын мәселелерді жеңілдетеді. Шынында да әдіс ұғымында тарихи интерпретациядан гөрі, деректерді жинау мен өңдеуге баса мән беріледі. Шындығында «ғылыми әдіс» идеясы мұқият жасалған, көптеген әдістер «ғылым» деп аталатын білім түрін алу үшін қолданылады. Тарихта да осылай болады. Қалай болғанда да тарих секілді күрделі және әртүрлі саланың бірыңғай біріктіруші әдісі болуы мүмкін екені туралы мәлімет шындыққа жанаспайтын тәрізді. Бәлкім, тарихшылардың түсіндіру әрекетінің ең маңыздысы – олар құрастыратын тарихи жазба болуы мүмкін, себебі сипаттау мен дәлелдер келтіру нәтижесінде олардың идеялары көпшілік бөлісетін баяндамаға біріктіріледі.

Тарихи идеяларды, жазбалар мен тұжырымдарды өзгелер көбінесе сөз арқылы қабылдайды, осылайша жазбаны әзірлеу интерпретацияның маңызды әдісі

саналады. Тарихи тәжірибенің көп жағдайда одан кейін болатын құбылыстармен емес, архивпен және оның қорларымен байланыстырылуы, жазба түрінде берілетін тарихи интерпретациядан гөрі деректердің артықшылық сипат берілген қорларымен теңдестірілуі таңданарлық жайт.¹⁶

Архив культі

Архивтің көптеген тарихшылардың қызметінде, соның ішінде менің де кәсіби өмірімде алар орны ерекше. Біз дәл мұнда алғашқы тәжірибемізді жинақтаймыз, жинаған деректермен теңдестіруді үйренеміз, түпнұсқалық туралы пайымдаулар құрастырамыз және белгілі бір дәрежеде басқа әлемде өмір сүреміз. Архив ұғымының астарында қандай мағына жатыр? Бұл, әрине, жарияланбаған деректердің жинақтарын олардың бастапқы жағдайларына жақын деп санайтын, яғни олар өзірге архивте жатқанда делдалдық рөл атқармайды деген түсінікті қамтиды. Архив ұғымы тарихшылар мен өткеннің арасындағы белгілі бір жақындықты білдіреді, олар тікелей әрі айқын. Әлбетте өзіндік ерекшелік пен тарихқа ие архивтің көптеген түрі бар. Архивтерді толық контексте қарастыру олардың дұрыс қолданылуының ажырамас бөлігі саналады.

Танымал адамның махаббат хаттары, жоғары деңгейдегі саяси кездесулердің құпия хаттамалары, сот ісіне қатысты куәгерлердің айғақтары – мұның бәрі мен сипаттаған ортақ белгілерге ие, бірақ олар әртүрлі деректерден тұрады және әдетте түрлі ұйымдарда сақталады. Көптеген архивтер негізгі әкімшілік аудандардың қалай жұмыс істегенін және олардың өз тұрғындарымен ынтымақтастық орнату тәсілдерін көрсетеді.

Мұндай жағдайда түрлі әлеуметтік топтар біріктіріледі, бұған отаршыл әкімшілік жақсы мысал бола алады, сондай-ақ бұлар өлім, қылмыс, саяси көтеріліс, тақыр кедейлік және тағы басқа қысым жағдайында бір-бірімен байланысады. Сонымен қатар архивтегі көптеген материалдарды тарихи оқиғалар тұрғысынан түсінген жөн. Бұл, әсіресе, өткен заман қоғамдарын зерделеуге мүмкіндік беретін құқықтық құжаттарға қатысты. Мұндай баяндаулар көбінесе қазіргі көркем әдебиет үлгісін қолдана отырып, белгілі түрлерге бөлінеді, сол себепті олар тартымды болады.

Егер тарихшылар зерттеулерін жазу барысында драмалық оқиғаларды қайта құрып немесе оны сыни тұрғыдан қарастырмаса, қызығушылық тудыртатын сипаттамаларды қолдану қиындық туғызады. Олар қаншалықты тартымды болса да, мұндай материалдар мұқият талдау мен түсіндіруді қажет етеді. Архивтегі қызықты оқиғаларды оларды пайдалануы мүмкін тарихи дәлелдерден бөліп қарау керек.

Жергілікті, аймақтық әрі ұлттық, жеке, институттық және тағы басқа әртүрлі архивтер біртекті материалдарды қамтиды; оларды пайдалану үшін, ең алдымен, оның мазмұнын қалыптастыруға, іріктеуге әрі каталогтауға, сондай-ақ өзге материалдардың жоғалуына және жойылуына алып келген процестер туралы білу

қажет. Соңғы уақыттағы цифрландыру жобалары жасалғанға дейін архивке тек кейбір мамандар ғана барды, бұл тарихшылардың өткен заманды тек олардың өздері ғана зерттей алады деген қияли ойын күшейтті.

Архивті тарихи тәжірибеде ерекше орын алатын дерекқор ретінде қарастырдым. Тарихи тәжірибенің барлық өзге аспектілері сияқты, оны да сыни тұрғыдан зерделеген дұрыс, бірақ оған әлі де жанашырлықпен қараған жөн. Архивтің күрделілігі тарихшылардың машықтарына айтарлықтай әсер етеді. Материалдардың бастапқы кездегі жасалуы мен олардың архив қорына түсу тәсілдерін қайта қалпына келтіру – машықтардың ерекше маңызды түрі. Архивтің қалай басқарылғанын және жіктелгенін, заттардың жоғалғанын, жойылғанын немесе өзгертілгенін білуіміз керек. Сондай-ақ материалға қатысты өзіміздің жауаптарымызды да, былайша айтқанда, өзін-өзі талдау машығын жете түсіну де өте маңызды рөл атқарады. Өзге тұжырымдамалық деңгейде тарихи жетістіктің қалай және не үшін әлі күнге дейін бастапқы деректердің болжамды сапасының туындысы ретінде түсінілетінін сыни тұрғыдан қарастыру қажет. Бұл біздің назарымызды интерпретациядан – зерттеуге, тарихшының ақыл-ойынан – тарихи тұлғалар мен өткен уақыттағы жағдайларға бағыттайды деп пайымдадым. Бұл қадам тарихшыларды өзге өлемдерге тереңірек енгуге мәжбүр ететіндіктен, олардың қазіргі өлемнен айырмашылығы барын, сондай-ақ оның қауіпсіз болуы ықтимал екенін сездіретіндіктен де, пайдалы болуы мүмкін. Егер көп дүние деректерге байланысты болса, онда жауапкершілікті тарихшыларға емес, олардың материалына жүктейміз. Мен архивтік деректердің сан алуан кереметтерін жоққа шығармаймын, бірақ тарихшылардың оларды қалай пайдаланатынына назар аударамын.

Тарихи жетістік деректерден емес, деректерді өңдеу тәсілінен туындайды. Айрықша әрі көпшілік біле бермейтін немесе бұрын ұмыт қалған деректерді табу машығы сөзсіз құнды және бұл көзқарасты бекіте түседі, өйткені ол тарихшының жетістігі саналады. Жазу қабілетінің тарихшыға қажетті маңызды машық екенін ерекше атап өтемін, себебі жетістікке осылай баға беру керек. Бастапқы деректерден тарихи сипаттамаға құрастыру процесі көптеген қадамдарды қамтиды: құжаттан жарияланымға дейінгі қарапайым жол жоқ, әдетте, оны қайта қарау қажет, мұнда көптеген бетбұрыстар мен күтпеген жағдайлар орын алады. Ең маңыздысы – көптеген дәйектердің негізінде табылған дәлелдердің сапасы. Соңғы нәтижеге жетудің көптеген жолдары бар. Көптеген мүмкіндіктің бар екенін ескере отырып, автордың тұжырымдамалық үлгіні таңдауы – машық түрлерінің тарихи тәжірибенің әрбір элементіне ықпал ететінін көрсететін нақты мысал бола алады.

Тарихшылар осы мақсатқа сәйкес келетін жанрды таңдауы қажет. Тарихи мәселені анықтайтын қажетті машықтарды атап өттім, бұл оны сипаттайтын жанр түрлерімен байланысты болады. Қарастырылып отырған мәселені зерделеу үшін тиімді жанрды таңдау өте маңызды. Журналдағы мақалаларда белгілі бір мәселелер ғана зерделенуі мүмкін, себебі бұл жанрда сөз санына шектеу мен өзіндік катал ережелер бар және бұл назар аударуды қажет етеді. Ал мазмұнды немесе баяндау желісін ұстап отыру қабілеті сияқты өзгеше жазу машықтарын талап ететін кітапта, керісінше, жан-жақты және ауқымды тақырыптарды зерттеуге болады. Қолайлы жанрды таңдау мен оны дұрыс пайдалану сонымен қатар қажетті

нақтылық деңгейі мен кез келген айқын дәлелдердің қай жерде – негізгі мәтінде немесе сілтемеде орналасуы керек екені туралы шешім қабылдауды да қамтиды. Егер біз тарихи сипаттаманы оқыған сайын бұл мәселелерді ескеретін болсақ, сыни тұрғыдан оқу біздің машықтарымызды жетілдіруге көмектеседі. Мұнда мәселе бақылау тізімін жасауда емес, ең бастысы, жарияланған тарихи жазбаны кұрайтын, қарапайым болып көрінетін элементтердің маңызын түсіну қажет. Жарияланған тарихи еңбектерді өзірлеуге қажетті машықтарды өртүрлі тәжірибелерді салыстыру және олардың тиімділігін бағалау арқылы тұжырымдауға болады. Мұндай пайымдаулар таңдалған жанр мен қойылған мәселені ескеруі керек, сонымен қатар бұл еңбекті өзге ұқсас сипаттамалардың контексті тұрғысынан қарастыруы қажет. Тарихи сипаттамалардағы жазбаша түсіндіру өзгелерді иландыра білуі қажет, дегенмен кітаптың кіріспе бөлімінен байқағанымыздай, олардың сенімділігіне берілген баға өртүрлі болуы мүмкін. Осылайша тарихи интерпретация риторика өнерін де қамтиды және оны тиімді түрде қолданудың нәтижесінде тұтас ғылыми еңбектің маңызы арта түседі.

Машықтар және мәтіндік емес деректер

Бұған дейін бұл тарауда тарихшылар мәтінді құрастырушылар және өртүрлі деректерді, соның ішінде жазбаша деректерді пайдаланушылар ретінде қарастырылып келді. Мәтіндік емес деректер мен оларды пайдалануға қажетті ерекше машықтарды қарастырған жөн.¹⁷ Бұл деректер қатарына мөр, карта, фото, картина, өрнек, зергерлік бұйымдар, костюм, құрал-сайман және станоктар, археология қалдықтары, ғимарат, қала құрылысын жоспарлау жобасы, фильмдер сияқты визуалды және материалдық мәдениетке қатысты нысандар кіреді. Дыбыс пен музыкадан құралған композициялар, либретто, спектакль, аспаптар, операға арналған сценографиялар, дыбыс жазу және тағы басқалары маңызды тарихи дерек саналады. Мәтіндік емес деректерді талдаумен айналыспайтын мамандар оларды қолданғанда мынадай екі жағдайды ескеруге тиіс. Біріншіден, мұндай материалдар айрықша, өте маңызды машықтарды талап етеді. Соның нәтижесінде олардың мәтіндерден айырмашылығы күшейе түседі. Біз деректерге негізделген, техникалық және талап етілетін өзге де машықтарға сүйене отырып, бұл мәселені осыған ұқсас түрде қарастыра аламыз. Екіншіден, визуалды деректер жоғары кәсіби деңгейде құрастырылған өнімнен гөрі, өткенді түсінуге жол ашатын мүмкіндік беріп, өткен уақыттың бейнесін және ол өздігінен қалыптасқан құбылыс емес, оларды пайдалану үшін арнайы машықтар қажет емес дегенді білдіреді.

Визуалды материалдарды қолдануға қажетті машықтарды мысалға ала отырып, мәтіндік емес деректер өзара ұқсас, бірақ мәтіндік деректермен бірдей емес деген пікірді толықтырғым келеді. Егер, ең алдымен, техникалық машықтар туралы ойланатын болсақ, бұған принттер жақсы мысал болады және ол тарихшылар

арасында ерекше қолданысқа ие.¹⁸ Принттерді тарихи еңбекте тиімді түрде қолдану үшін тарихшыға оның қыр-сырын білуі міндетті емес, дегенмен оның граюра, офорт, меццо-тинто, литография және тағы басқа түрлерін білу маңызды. Сонымен қатар оның жасалу жолдары, бағасы және ықтимал аудиториясы туралы біршама түсінік болуға тиіс. Бұл – мұндай нысандарды қолдану арқылы жазылатын кез келген тарихи еңбектің негізін құрайтын техникалық мәселелер саналады. Деректерге негізделген машықтар талдауды осы тарихи контексте одан әрі дамыта түседі. Мысалы, баспагерлер мен сатушыларды да ескеру қажет. Біз олардың қай жерде тәжірибе жинақтағанын, белгілі бір суретшімен тығыз байланыста болғанын немесе болмағанын, олардың саяси ұстанымдарының қандай болғанын және олардың нәтижелері басқалардың нәтижелерімен қалай салыстырылатынын анықтаймыз. Принттер дәлелдердің басқа түрлерімен, мысалы, брошюралар мен костюмдермен байланысты болады, демек, деректерге негізделген өзге мәселелер жиынтығы бұл материалдарды түрлі тақырыптар, мысалы, сән әлеміндегі жүгенсіздіктер, саясат, қақтығыс бойынша салыстырмалы материалдардың контексінде қарастырады. Өнер тарихын зерттеушілер Хокусай, Дюрер немесе Рембрандт сияқты әлемге әйгілі шеберлердің туындыларының репродукцияларына ерекше қызығушылық білдірсе, тарихшылар оны әр алуан өзге материалдар контексінде зерделеп, оның тарихи дерек ретіндегі маңызына баға береді. Бұл принттерді жай ғана қарастырып қоймай, оның репродукциясының жасалу және пайдаланылу тарихының ауқымды контексін зерттеуді қамтиды.

Тарихшыларға көркем жанрлардың визуалды шарттарына және кез келген бейненің қалай жұмыс істейтініне әлі де болса назар аудару керек. Принттерді кез келген өзге құжаттар сияқты мұқият талдау арқылы және оларды шабыттандырып, жасаған әрі таратқан адамдардың мүдделеріне байланысты дәл осы медиация түрлерін ескере отырып, дәлелдеудің бір түрі ретінде қолдануға болады. Сонымен принттер сияқты визуалды материалдарды пайдалану машықтары мәтіндік деректерге қолданылатын машықтарға ұқсайды, алайда олар тарихшылардан нақты визуалды құбылыстарға мұқият назар аударуды және олар туралы нақты әрі бейнелі түрде жазу қабілетін дамытуды қажет етеді.¹⁹

Интерпретация туралы айтатын болсақ, өнер мен тарих салалары бойынша білім алған мамандардың жазбаларының тарихшылар үшін пайдасы зор.²⁰ Пәндердің өзіндік «ақыл-ой жүйесі» болатындықтан, мұнда белгілі бір деңгейде «аударма» қажет болуы мүмкін. Дегенмен мұндағы процедуралар тарихи тәжірибенің бәрінде талап етілетін интерпретация процесінен айтарлықтай өзгешеленбейді, яғни мұнда да нақты құрастырылған дәйектер, визуалды «дәйексөзді» мұқият пайдалану, сәтті таңдалған үлгі мен материалдар және нәтижелер арасындағы сәйкестік қажет. Мәтіндік емес деректердің өзіндік логикасы мен қолданылу шарттары бар және бұл деректер ғылыми дәстүрі бар өзге пәндер арқылы түсіндіріледі. Тиімді қолданылуы қажет машықтардың негізінде жатқан принциптер мәтінге қатысты пайдаланылатын қағидаларға ұқсас. Біз бейтаныс материалдарды қолданған және оларға ерекше мәртебе бергіміз келген кезде қиындық туындайды. Мен қиындық тудыратын мәселелердің бірін, яғни өткеннің шынайы бейнесін көрсететін немесе өткенді түсінуге жол ашатын құрал деп тануға болатыны туралы мәселені атап

өттім. Кейбір өнер туындылары тарихшыларға өткен қоғамдар туралы түсінік қалыптастыруға, соның нәтижесінде сол заманның бейнесін елестетуге мүмкіндік береді деген пайым кең таралған. Басқаша айтқанда, өнер – өмірдің көрінісі. Айта кететін бір жағдай – тарихшылар шын мәнінде медиация саналатын мәтіндік деректер туралы басқа пікірде. Өнер мен визуалды мәдениет те медиация саналады, бірақ әрқайсысының сипаты әртүрлі. Иллюстрациялы тарихи кітаптарда суретті безендіру қиындық тудырмайтын иллюстрациялары сәндік мақсат үшін пайдаланады. Оны тарихи тақырыптан пікірталастарға толығымен енгізудің орнына, бұл әсерлі тәсіл арқылы қол жеткізген идеялар ретінде қарастырылады. Кез келген мәтіндік деректі контексте қарастырсақ та, суреттерге қатысты мұндай тәсілді қолдана алмаймыз. Бұл қосарлы стандартты Майкл Баксандад әділеттілікпен сынап, өзінің «XV ғасырдағы Италиядағы сурет өнері және тәжірибе» (*Painting and Experience in Fifteenth-Century Italy*) атты кітабында қандай суреттер дәлел ретінде саналуға тиіс екенін өте жақсы тұжырымдап, түсінікті түрде талдаған.²¹

Суреттерді, жалпы визуалды және материалдық мәдениеттің кез келген нысанын сыни тұрғыдан қарастыру қажет екенін атап өткім келеді. Бұл материалдар көп жағдайда көңіл-күй қалыптастыру немесе эмоция туғызу, сезімдерді белгілі бір уақыт және кеңістікпен байланыстыру, оқырманды тарихи құбылыстардың белгілі бір категорияларымен сабақтастыру әрі оларды шынайылыққа көз жеткізуге шақыру үшін қолданылады. Мұндай сипатта қолданылған еңбектерге мысал ретінде деректі суреттер, У.Хогарттың туындылары, голландиялық жанрлық кескіндеме және Виктория дәуіріндегі тұрмыс-тіршілікті атауға болады. Аталмыш тарауда талқыланған тәжірибені қарастыра отырып, мәтіндік емес деректерді манипулятивті түрде және орынсыз қолдануға жол бермеуге болады. Мәтіндік емес деректерді пайдалануға қажетті сенімділік пен машықты игерудің маңызы зор. Алуан түрлі деректерден тарихқа қатысты құнды мәліметтерді таба аламыз. Дәлелдер көптеген мысалдарға негізделі отырып және оған қатысты қолданылса, олардың маңызы арта түседі. Егер біз оның өзгеру және түрлену барысын көбірек байқайтын болсақ, тақырыпты оңай түсінеміз. Бұрын адамдардың дүниетанымы деректердің шартты түрдегі бөлінісіне негізделмеген болатын.

Мәтіндік емес деректерді қолдануға қажетті көптеген машықтар бұрынғы уақытта да күнделікті өмірдің бөлігі болған әрі қазіргі кезеңде де солай болып қала бермек. Мұндай машықтарды ғылыми контексте зерттеп, дамыту қажет және осы бағытта зерделесек, ол тарихшылардың күшті жақтары мен әлеуетін одан сайын арттыра түседі.²²

Тарихшылардың музыкалық дәлелдердің кейбір түрін қолдануы жоғары деңгейдегі күрделі техникалық машықты өажет ететіні рас. Музыкада туындайтын мәселелердің бірі – оны репрезентациялық деп атауға байланысты болуы мүмкін, дегенмен бұл бейнелеу өнері сияқты емес, өзге сипатқа ие. Бұған тарихшылардың абстрактілі музыкадан гөрі, мәтінге негізделген музыканы қолдануды жеңіл санауы, сонымен қатар олардың тақырыпты партитурадан гөрі, қамқорлық таныту және ұйымдар мен қойылымдар арқылы қарастырғанды дұрыс деп есептеуі себеп болды. Дегенмен қажетті машықтар арқылы өткеннен қалған дыбыстар мен музыканың барлық түрі тарихи тәжірибенің ажырамас бөлігіне айнала алады.

Жалпы мұндай дәлелдерді ауызша және сөйлеу мәдениетіне, сонымен қатар өзге де мәтіндік емес деректерге де қатысты қолдануға болады. Егер біз оларды тауып, дұрыс қолдана білсек, көптеген тарихи дәлелдерге қол жеткізе аламыз.²³ Біздің мақсатымыз – әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының логикасына құрметпен қарап, оларды тарихи дәлелдермен біріктіру арқылы тепе-теңдікті сақтау, сондай-ақ дәлелдерді сәндік толықтырулар ретінде қарастырудан аулақ болу. Егер бұл тиімді пайдаланылса, оның нәтижесінде өткенге деген біртұтас көзқарас қалыптасып, деректер, дәлелдер мен түсіндірудің кез келген түрін қолдану және бағалау үшін қажет сыни машықтарды тереңірек түсінуге болады. Өзге пәндерге қатысы болуы ықтимал материалдар мен идеяларды қарастыру барысында саяси сипаты бар мәселелер зерделенеді, бұған алдағы уақытта тоқталып өтеміз. Бірақ, алдымен, тарихты оқытуға қатысты аргументтеріміздің маңызы туралы айтып өткім келеді.

Тарихты оқыту

Машықтар туралы аргументтеріміздің педагогикалық тұрғыдан маңызы зор деп білеміз. Әр тарихшыға қажет негізгі машықтар бар, олардың арасындағы ең маңыздысы – сыни тұрғыдан оқу, бұл – кез келген жазбаны (оның қашан және қалайша жасалғанына қарамастан) мүмкіндігінше толық әрі қатаң түрде талдай білу дегенді білдіреді. Сыни тұрғыдан оқудың мақсаты – мәтінді жеке түрде қарастыру емес, оның құрылымын және құрастырылу әдісін анықтайтын негізгі тәсілдерді өзірлеу. Соның нәтижесінде берілген мәтіннің құрылымын, дәйектері әрі негізгі болжамдарын, сондай-ақ оның дәлелдерді, тілді және сілтемелерді қолдануын түсіне аламыз. Мәтіндік емес материалдармен жұмыс істеу үшін салыстырмалы негізгі машықтарды игеру қажет. Қосымша деректерге қатысты маңызды машықтарды қолдану үшін студенттерге пәннің бағыт-бағдарын түсініп, оның тарихын, негізгі өзгерістерін әрі осы салаға қатысты негізгі журналдарды, ықпалды тәсілдерін және іргелес салалармен байланысын білу үшін ғылыми дәстүрлерден хабардар болғаны жөн. Бұл тек бағыт сілтейтін белгілерді тануды ғана емес, сонымен қатар пәннің негізгі сипаты мен ондағы қазіргі трендтерді бағалау мүмкіндігін де қамтиды. Жазу қабілеті тарихшылар үшін өте маңызды саналады, сол себепті олар авторлық машықтың қыр-сырын үйренуі қажет. Тарихшыларға оқиғалар арасындағы байланысты жете түсінуге көмектесетін тарихи мысалдар қоры қажет. Негізінен, олардың сипаты әртүрлі, мысалы, тар бағыттағы зерттеулер, ірі ауқымды сауалнамалар, тақырыптық мысалдар, бастапқы деректерге негізделген сипаттамалар және тағы басқалар. Бұл жағдайлар материалдар мен деректер қорын қалыптастырып, пайымдау мен пайдалану машығын дамытуға септігін тигізеді. Бұдан студенттер ХІХ–ХХ ғасырлардағы Еуропа тарихы немесе өз елінің тарихы бойынша мамандануға мүмкіндік беретін бакалавриат курсынан белгілі бір тақырыптар жөнінде тар ауқымда ғана білім алатынын аңғарамыз. Жоғары оқу орындарындағы тарих факультеттері де студенттердің жазу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Кейбір оқытушылар тарихнаманы тарих философиясы, әдістер мен тәсілдер түрінде оқытады немесе осы пән бойынша соңғы сын-ескертпелерге назар аударады, мұның бәрі пәнді жете түсіну үшін пайдалы болуы мүмкін.

Нәтижелі тарихи білім алудың кілті – бұл пән курстарын машықтарға негізделген курстармен үйлестіру, бұл осы саланы зерттеу деп аталған машықты білдіреді. Мен сипаттаған машықтарды тарих пәнін оқытуға енгізген жөн. Бұл пәндерге атау беру және бұған назар аудару арқылы олардың маңызы арта түседі, сондықтан оларды ашық түрде қолдануға әрі дамытуға болады. Студенттерді тиімді түрде конспекті жасауға және сөйлеу әрі жазу қабілеттерін дамытуға бағыттайтын оқыту түрлері маңызды рөл атқарады, өйткені олар өзге машықтарды, яғни іріктеу, таңдау мен дәлелдеуді жетілдіре түседі. Егер студенттер гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми жұмыстың негізі саналатын сыни тұрғыдан талдауды жүргізе алмаса, мұның барлығын жүзеге асыру мүмкін емес деп ойлаймын. Бұл – өзіндік жеке мақсат емес, ауқымды интеллекулалдық көзқарас қалыптастырудың тәсілі.

Мамандықтар машықтарға үйрету және жас буынға білім беру арқылы жаңарып отырады. Соның нәтижесінде негізгі машықтар неден құралады және оларды қалай тарату қажеттігі мамандық аясындағы саяси мәселеге айналады, өйткені бұл практик мамандар ерекше назар аударатын пәндерге қатысты көзқарасты айқындайды. Бұл пікірталастар сонымен бірге тарихшы ғалымдар тежей алмайтын және одан бас тартқысы да келмейтін қоғамдық тарих құбылысына байланысты кең мағынадағы саяси сипатқа ие. Қазіргі таңда тарих пәнін университет деңгейінде қалай оқытуға болатыны туралы ортақ мәміле жоқ, сонымен қатар оқу бағдарламаларының пәндік негізі және студенттерге қызықты тақырыптарды іздеуге мүмкіндік беретін модульдік «супермаркет» тәсілі болуы керек деген идеяның маңызы төмендей бастады. Тарихшылар оқу бағдарламасын қалыптастырудағы маңызды екі мәселеге – іргелес пәндерге және тарихтың негізі не деген сұраққа қатысты әртүрлі көзқарасты ұстанатындықтан, мұнда пәннің негізі туралы мәселеде келісімге келу қиынға соғады. Аталмыш пәннің негізі бар деген пайым ескірген, таптаурын, тіпті қарама-қайшы пікір ретінде қабылданады. Бұл іргелі сипатқа ие болып көрінеді және оны сыншылар көбінесе «жоғары» саяси тарих сияқты дәстүрлі тарихи формалардың маңызын дәлелдеуге қызығушылық білдіреді. Меніңше, пәннің негізі – машықтар мен мазмұнның өзара үйлесуі. Біз оны көптеген тарихи жағдайларға қолданған кезде тиімді түрде игерілетін машықтар жиынтығы тұрғысынан қарастыра аламыз. Сонымен қатар бұл негіздің этикалық аспектісі бар, өйткені тарихшылардың өз жұмыстарында пайдаланатын деректері және оқырмандары, сондай-ақ өткен заман мен көпшіліктің алдында міндеттемелері бар екенін білеміз.

Тарих бойынша оқу бағдарламасына қатысты кейбір қызу пікірталастар тақырыптардың сипаты мен қамтитын ауқымына байланысты болады. Студенттерге әртүрлі мағлұмат беру керек екенін сенімді түрде қолдаймын, мен олардың әлемдік тарихты зерттеуге араласуы, осылайша өз елінің тарихы шеңберінен тысқары шығу аса маңызды деп ойлаймын. Бұл – ұлттық тарих өз-өзінен «нашар» болады деген сөз емес; барлығы тарихтың қалай ұсынылатынына байланысты болады.

Ол консервативті және элиталық құндылықтарды насихаттау, азшылық топтардың мүдделерін ескермеу және өзгеше саяси ойлауды болдырмау үшін өзін-өзі ақтайтын пікірлер ұсыну құралы ретінде сынға ұшырады. Ұлттық тарихты сыни тұрғыдан оқытуға болады әрі бұл өте қажет деп білемін. Дәл осындай дәлелдер ірі географиялық аймақтарға да қатысты қолданылады. «Еуропа», «Батыс» пен «Шығыс» – қолдан жасалған түсініктер: бұл идея бірегейлік пен тәжірибені қалыптастыруда маңызды болды және қазір де солай болып қала бермек. Сондықтан Еуропа тарихын оқыту барысында осы мәселелерді ескерген жөн. Бұл тарихтың кейбір түрлері күрделі болғандықтан, оларды оқытуға болмайды дегенді білдірмейді. Олар төмендегідей екі жағдайға байланысты оқытылуы қажет. Біріншіден, өзінді және өз ортанды таба білу тарихи тұрғыдан өте маңызы болып саналады. Ол тарихтың көптеген радикал жақтастары сияқты алғашқы тәжірибеге негізделген. Осылайша бұл көп мәліметтен хабардар болуға септігін тигізетін тәсіл, мысалы, дін, жұмыс, отбасы және тағы басқалар арқылы бірегейлендіру үлгілері, тарихтың осы түрін пайдалануға қолайлы әдістер мен деректер және қазіргі уақытта болып жатқан жағдайлар туралы білуге мүмкіндік береді. Екіншіден, бұл тарихи еңбекті құрайтын әртүрлі аналитикалық деңгейлерді сипаттайды. Қала немесе этникалық топ, ұлт, құрлық тарихын зерттеу, дүниежүзі тарихы тұрғысынан ойлау дегеніміз – бір-бірін толықтыратын және өзара тығыз байланысты түрлі аналитикалық деңгейлерден өтуді білдіреді. Бұл да біліктілікке жатады: деңгейлер тарихи бағдардың алуан түрін сипаттайтындықтан, тарихшыларға әртүрлі деңгейлердің кең ауқымы қажет. Олардың кейбіреулері басқаларына қарағанда артықшылыққа ие деп ойлау дұрыс емес. Бұл жерде контекст туралы басқаша сөз қозғалады. Негізінде, тарихшылар әр деңгейді өзгеше контекст тұрғысынан қарастырады: қалалардың аймақтық, ұлттық, кейде жаһандық, ал аймақтардың ұлттық, құрлықтық және ғаламдық өлшемі болады. Бұл жерде тек географиялық ауқым туралы ғана сөз болып отырған жоқ. Ол өзіндік контексті бар отбасылар, ауылдар, кәсіптер, таптар, саяси партиялар сияқты әлеуметтік формаларға, мекемелерге, нарықтар мен коммерциялық кәсіпорындарға да қатысты. Студенттерді аналитикалық тұрғыдан икемділікке және эмпирикалық бағытта тәжірибе жинақтауға баулу ісінің маңызы зор.

Мен тарихтың кейбір түрлері өзгелеріне қарағанда маңызды саналады деген пікірге қарсымын, мұндағы мәселе – тарихи білімнің сапасы. Мұның астарында моральдық мәселелер бар. Мысалы, «центристік» жұрнағын қолдану саяси және моральдық негіздер бойынша сын болып есептеледі. Осылайша тарихты оқыту «еуроцентристік» сипатта, яғни әлем еуропалық көзқарас тұрғысынан қарастырылды деп айтылады. Егер белгілі бір көзқарас даусыз, ал өзгелері маңызды болуы мүмкін деп саналса, бірақ іс жүзінде еленбесе және Еуропаны әлемнің басқа бөліктерінен қисынсыз түрде бөліп қарастырылса, мұндай сынның айтылуы орынды деп білеміз. Сонымен қатар бұл бірыңғай еуропалық көзқарастың да бар екенін меңзейді. «Еуроцентризм» немесе «ориентализм» сияқты ұғымдар пайда болғаннан кейін, ол еркін түрде қолданыла бастады, осылайша бұл келіспеушілік сыни тұрғыдан ойлауға қайшы келетін терминге айналды. Еуропа туралы білім беретін пәндер Еуропа аясында болған оқиғаларды сипаттайды, Шығыс және

Батыс Еуропа арасындағы айырмашылықтың ықпалы туралы ойлануға жетелейді, Еуропаның ішіндегі және одан тыс аймақтар арасындағы қарым-қатынасты зерделейді, сондықтан бірыңғай көзқарасты ұстанбайды. Еуропаның шығыс шекаралары ұзақ уақыт бойы даулы болып келді. Еуропаның қай жерден аяқталып, Азияның қай жерден басталатыны және екеуінің арасын бөліп тұратын межелі сызықтың қалай жүргізілетіні күрделі мәселелердің бірі болды. Түркиядағы жағдай осы мәселеге жақсы мысал болады. Түркияның көптеген азаматтары Еуропалық одақтың құрамына кіргісі келеді, ал Батыс Еуропадағы кейбір ықпалды топтар бұған қарсы, себебі олар бұл мемлекетті «еуропалық» деп санамайды. Мұнда қолданылатын тиімді тәсілдің бірі – студенттердің бұрыннан білетін ақпаратқа шығармашылықпен сүйенуі. Себебі әрбір тарихшы белгілі бір ортадан шыққандықтан, сол ортаға сүйенуі керек және мұндай ортаны жоқ деп айтпауы қажет. Осылайша әлемдік тарих басқа тәсілдер сияқты белгілі бір көзқарас тұрғысынан жазылады, басқаша болуы мүмкін емес. Біз оқытатын пәннің бағыты мен ауқымын саналы түрде өзгерту арқылы студенттерге қандай да бір деректер туралы мәлімет беруге болады, сонымен қатар тарихты зерделеудің өзгеше тәсілдері туралы ойлануға жетелеп және олардың интеллектуалдық қабілетін арттыруға болады.

Машықтар және тарих пәні

Тарих пәні бірқатар сынға ұшырады, әсіресе машық түрлеріне ерекше ықпал еткен соңғы онжылдықтарда жиі сынға алынды, бұған машық түрлерінің аталмыш пәннің қолданылуына әсер етуі себеп болды. Бұл сын-ескертпелердің көпшілігі пәннен тыс интеллектуалдық парадигмалар себебінен туындайды. Айтылған ескертпелердің нәтижесінде кейбір тарихшылар өздеріне қысым көрсетілгендей сезеді. Осы тақырыптарға қатысты айтылған соңғы пікірлер тарихшылардың назарын осы уақытқа дейін беймәлім болып келген көзқарастарға назар аударуға жетелейді және олардың қазіргі тарихи тәжірибе үшін өзекті мәселе екенін аңғартады. Мысалы, тарих белгілі бір шектеулі мүдделерге қызмет ететін оқиғаларға негізделетіндіктен, интеллектуалдық беделге деген талаптары әлсіз болатын баяндау түрі ретінде қарастырылса, онда пәннің ерекшелігі туралы мәлімдемелер оның оқытылуына әсер етеді. Тарих баяндаудың тағы бір түрі деген мәлімдемелі жоққа шығару үшін, ең алдымен, оған қажетті машықтардың басқа салалардан қаншалықты өзгеше екенін анықтап алу керек.

Жеке алғанда, мен талқылаған машықтардың ешқайсысы тарих пәнін анықтамайды. Дегенмен олардың барлығын біріктіріп, мазмұны бойынша өзара тығыз байланысты деп қарастырсақ, онда ол тарих пәнін біршама айқындауы мүмкін. Тарихтың айналасында ешқандай қатаң шекаралардың жоқ екенін есте ұстаған абзал. Академиялық пәндердің шекараларын нақты анықтау мүмкін емес және соңғы жылдары олардың бірі-біріне өтуі күшейе бастады. Мысал ретінде тарих пәнін үлкен қолшатыр тәрізді қарастыруға болады, мамандар оның астына жиналуды қалайды және өздерінің атқаратын жұмыстарын тарих деп атауды жөн санайды,

ал өзгелері әртүрлі жағдайға байланысты онымен келісуі немесе келіспеуі мүмкін. Бұл мәселеде өзара келісім болған дұрыс. Тарих ешқашан тұрақты категория болған емес және бола да алмайды. Қолшатырдың астына жиналғандар өздерін тарихшы ретінде сезінеді, осылайша олар кәсіби бірегейлікті қалыптастырады. Егер біз өзіміз пайдаланатын машықтардың жиынтығы туралы ойланатын болсақ, онда тарихқа тән ерекшеліктің не екенін түсіне бастайтын боламыз. Тарихты тек өткенді ғана зерттейтін сала ретінде анықтауға болмайды, өйткені оны басқа пәндер де зерделейді. Археология мен тарих бір-бірімен тығыз байланысты болса да, олар әртүрлі салалар болып қала береді. Археологияда материалдық мәдениет дәлелдердің негізгі дерегі болып саналса, тарих жазбаша құжаттарға көбірек сүйенеді. Сонымен қатар бүгінгі таңда жедел дамып келе жатқан саланың бірі – қазіргі заман тарихы, оның атауы өткен мен бүгінгі күнді біріктіруді қамтиды. Алайда көп жағдайда тарих пәні өзара сабақтастық пен өзгерістерді ескере отырып, өткенді зерделеумен айналысады, оның зерттеу нысанына арқау болатын жазбалар бар.

Тарихтың қандай тақырыптар пен мәселелерді қамтымайтынын нақты мәлімдеуге болады. Тарих адамның іс-әрекеттері мен көбею мәселесінің музыка, би, киім, бос уақыт, бала туу, әдебиет немесе саяхат сияқты бірде-бір категориясын қамтымайды.

Мамандандырылған шағын салалардың зерттеу бағыты тар, бірақ олар мұндай әрекеттерді кең контексте қарастырған жағдайда ғана толығымен тарихи болып саналады. Мұны анықтау қаншалықты қиын болса да, контекст – тарихи тәжірибенің маңызды тұжырымдамасы. Тарихшылар адам табиғатын әлеуметтік контексте зерттейді. Олар мұны антропологтар, әлеуметтанушылар мен психологтар сияқты тікелей бақыламайды, бірақ оларды әртүрлі деректер арқылы жанама түрде зерделейді. Тарихшылар өткен замандардағы қоғамдардың абстрактілі және нақты ерекшеліктеріне, сондай-ақ олардың арасындағы байланыстарға қызығушылық білдіреді. Олар өткен замандар туралы жоғары деңгейде пайымдағысы келеді, сонымен қатар оның көптеген аспектілерін қамтитын құбылыстарын зерделеуге ұмтылады. Жалпы трендтер жеке мысалдар арқылы сипатталған, олар ортақ белгілерді ажыратуға ықпал етеді – тарих жеке мен жалпының арасындағы күрделі диалогтарды қамтиды. Кез келген мәтін, көрініс, іс-әрекет немесе тәжірибе контекске байланысты анықталады. Оның көпше түрде болғаны маңызды, себебі тарихшылар көбіне деректердің құрастырылу, алыну және қолданылу, сондай-ақ күрделі құбылыстардың туындауына себеп болған әрі оларға мән-мағына берген жағдайларды да зерттейді. Әдетте мұндай контекске құрылымдық элементтер, яғни белгілі бір қоғам әрекет жасайтын негізгі жүйелерді, атап айтқанда, байлық пен билікті жүйелеу мен бөлу, әлеуметтік айырмашылық түрлері әрі олардың репрезентациясы, ұжымдық бірегейлік, ұйымдар, әкімшілік, басқару және тағы басқаларды қамтиды. Осы іс-әрекеттерді орындау барысында бағалау, пайымдау және негіздеу жүзеге асырылады, мұның барлығы мұқият, саналы түрде жетілдірілген машықтарға байланысты болады.

Нәтижесінде, қарастырылып отырған тарихтың түріне байланысты әртүрлі тарихи түсініктемелер пайда болады. Тарих – бұл тарихи тәжірибенің көптеген түрлері бар екенін мойындайтын тарихшылар жасаған құбылыс деп айтуға болады.

Демек, өздерін тарихшы деп атайтын адамдар өз жұмысында қолданатын әрекеттің барлығы машықтарға жатады. Жоғарыда айтып өткен пәндердің ерекшелігі туралы сипаттама ақыл-ойдың кейбір машықтарын көрсетеді және біз тарих пәнінің іргелес пәндерден басқаша екенін ескеру арқылы оны анықтай аламыз.

Тарих пәнінің әлеуметтанудың «қоғам» немесе антропологияның «адам» деп атайтын ұғымына негізделетін бірыңғай тұжырымдамасы жоқ. Мысалы, әлеуметтанушылар мен антропологтардың Дюркгейм мен Спенсерге, Маркс, Мосс және Малиновскийге сілтеме жасайтыны сияқты, мұнда негізгі теориялар жинағы немесе негізін қалаушы тұлғалар жоқ. Бұрын әйгілі және ықпалды тарихшылар болған, бірақ олардың мұраларының ғылыми деңгейі жоғары болмаған әрі олардың еңбектерін өзге саланың мамандары ескермеген. Мысалы, әлеуметтану мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер әлі күнге дейін Вебердің еңбектерін оқиды, осылайша олар оның идеяларымен танысып, олардың тиімділігін бағалайтын болса, тарихта мұндай салыстыруға болатын тұлғалар аз. Әлеуметтанушылар мен антропологтар өз салаларының негізін қалаған теорияларды білуге тиісті болса, тарихшы студенттерге XIX ғасырдағы және XX ғасырдың басындағы әйгілі тарихи еңбектерге қатысты мұндай талап қойылмайды. Соңғы жылдары бұл сала теориялық сипатқа ие болды, бірақ жоғарыда айтып өткен айырмашылық сол күйінде қалды: тарих саласында оның негізін қалаушы саны шектеулі ғана ойшылдар жоқ, практик мамандар олардың теориялық ерекшеліктеріне қарамастан, бұл пікірмен келіседі.²⁴ Тарих өз сипаты бойынша эклектикалық пән және ол әртүрлі машықтарды қажет етеді. Оның күшті жақтары эклектикалық тәжірибемен байланысты, мұны кейде мамандар ескерусіз қалдырады. Қалай болғанда да эклектикалық деген ұқыпсыздық сияқты болып көрінеді, бұл шынымен де солай, егер тарихшылар өткенді мұқият қарастырмаса, олар көп дүниені жоғалтып алуы мүмкін. Демек, пән соның ішінде деректер мен қолданылатын тәсілдер, сондай-ақ олар талап ететін машықтар прагматикалық сипатқа ие. Күрделі құбылыстарды түсіне отырып, оларды ой елегінен өткізу, сондай-ақ әр алуан құбылыстар туралы әртүрлі ауқымда және әртүрлі аналитикалық деңгейде икемді түрде ойлана білу тарихшылардың өткенді зерттеу қабілетін сипаттайды.

Бұл пән аясында деректердің бірде-бір категориясына артықшылық берілмейді. Егер өнер тарихын зерттеушілер өнер туындыларына, музыкатанушылар музыкаға, әдебиеттанушылар мәтіндерге назар аудармаса, онда олар өз салаларындағы маңызды дүниені жоғалтып алады. Біз бұған музыка, өнер және әдебиет категорияларындағы әртүрлі деректерді атап өту арқылы келісе аламыз. Дегенмен бұл категориялар маңызды. Өнер туындысынан бастау, айталық, революцияны немесе соғысты бастау сияқты емес. Сізге бұл жұмыс ұнай ма, жоқ па маңызды емес: ол бір немесе бірнеше адамның санасынан туындайтын бастапқы пікірді ұсынады, бұл туындылар нақты мақсаттарға арналған, оны нарық пен аудитория ерекше түрде қарастырады. Төңкерістер, аштық, діни бұйрықтар, ауруханалар және тағы басқалар туралы сөз қозғағанда мұның ешқайсысы болмайды.

Өткен тарауларда тарих пен өзге пәндер арасындағы байланыстарды зерттедік. Ғылыми зерттеулердің әр алуан түрлері шығармашылық тәсілдер арқылы

біріктірілетіні белгілі, бірақ бұл олардың айырмашылықтарының маңызын төмендетпейді, сайып келгенде, пәнаралық байланыстардың өзі пәндерге негізделген. Сонымен қатар машықтардың көпшілігі пәнаралық контекстен алынады.

Өткел

Тарихшы болу дегеніміз көптеген машықтарды саналы түрде дамыту деп мәлімдедім. Тарихи тәжірибенің сипаты күрделі және оның тікелей сипаттағы контекстімен тығыз байланысты болғандықтан, тарихшылар өздері зерттейтін қоғамның сыни бақылаушылары ролін атқарады. Бұл рөл де арнайы машықты қажет етеді, тек тарих пен іргелес пәндер бойынша ғана емес, сонымен қатар баспа ісі, мемлекеттік саясат, музей, сондай-ақ жергілікті, аймақтық, ұлттық және әлемдік саясаттағы трендтерді ажырата білу мен бағалау машығын да қажет етеді. Бәлкім, қазіргі таңдағы ең маңызды трендтердің бірі – цифрлық технологиялардың, интернет пен цифрлық зерттеу әдістерінің дамуы шығар. Цифрлық тарихта кодтау, мәліметтер базасын түсіну және бағдарламалық жасақтамадан бастап, ауқымды мәліметтер базасын түсіндіруге дейінгі кейбір тар мамандандырылған машықтар қажет.²⁵ Цифрлық құбылыстар академиялық өмірдің ажырамас бөлігіне айналғандықтан, олар мұқият зерттеуді талап етеді.

ТОҒЫЗЫНШЫ ТАРАУ

Цифрлық дәуірдегі тарих

Қазіргі таңда тарихшылар тарих пәнінің тәжірибесін түбегейлі өзгертетін цифрлық технологиялар мен ресурстарды кеңінен қолданады. Бүгінде цифрлық әлемге оңтайлы тәсіл қажет. Бұл технологияны қолданушылардың көпшілігі цифрлық материалдарды құрастыру және оны сақтауға қажетті техникалық тәжірибені жетік меңгермеген, сол себепті тарихшылар өздері пайдаланатын тәсілді сыни тұрғыдан қарастыруға ерекше назар аударғаны дұрыс. Сонымен қатар ақпараттық технологияның тарихи тәжірибеге және өткеннің кең ауқымды әлемде алатын орнына әсерін түсінгені жөн.

Тарихшылар үшін жаңа әлем

1990 жылдары «Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» кітабының алғашқы басылымын жазған уақыттан бері цифрлық технологияның тарихи тәжірибеде қолданыс аясы кеңейіп, сұраныс көбейді. Электронды пошта арқылы хат алмасу, кітапхана каталогтарын іздеу, үйрену және оқыту үшін цифрлық платформаларды пайдалану сияқты күнделікті атқаратын істерден бөлек, архив, музей, жарияланымдарға байланысты және блог, ойын, фильм немесе оқыту барысында оқытушылар пайдаланатын дәрістер жүктелген веб-сайттар саны жеткілікті.¹ Қазіргі таңда тарихшылар әлемде орын алған елеулі өзгерістер, әсіресе, 1989 жылы Тим Бернерс-Ли ойлап тапқан ғаламтордың ықпалы туралы ойлануы қажет. Сондай-ақ

бұл зерттеу мен оқыту ісінде пайдаланылатын жаңа технологияларды сыни тұрғыдан қарастыруға көмектеседі. Мұнда қарастыратын бірнеше мәселелер бар. Біз цифрлық тарих деп аталатын тарих түрінің сипатын зерттей аламыз.² Мысалы, соңғы онжылдықтарда өткен замандарды түсінудің жолдары қаншалықты өзгергенін және тарихи мәліметті құрастыратын әрі оны қолданатын әртүрлі топтарға қатысты туындаған жаңа мәселелер мен зерттеу бағдарламаларының пайда болғанын қарастырған жөн. Тәжірибе жүзінде қарастыратын болсақ, мәліметті кілт сөздер арқылы табу әдісін қалайша тиімді түрде қолдануға болатынын, цифрлық форматқа көшірілген архив пен жарияланымдар зерттеушілерге не ұсынатынын анықтау, сонымен қатар цифрлық форматтағы жазбаның сенімділігіне көз жеткізу үшін маңызды саналатын цифрлық машық түрлерінің сипатын зерттеуіміз керек. Негізінен, бұл мәселелер өзара тығыз байланысты, сол себепті кілт сөздер арқылы мәлімет іздестіру тәсілінің сипаты туралы ойлану біз қолданатын, деректер мен сайттардағы ақпараттардың негізгі өзегі саналатын мәліметті жете түсіну машығын қамтиды. Қазіргі заманда ақпараттық технологияны меңгермей әрі оның тілін түсінбей тұрып, өзінді тарихшы деп атау дұрыс болмас. Сонымен қатар тарихшының күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналғандықтан, ол енді соншалықты тартымды емес сияқты, бұл ауқымды саланы қарастырудың маңызын арттырып әрі оны күрделендіре түседі. Бұл тараудың мақсаты – цифрлық тарихты түсінудің бірқатар тәсілдерін ұсыну және оның неліктен маңызды екенін түсіндіру. Мұнда цифрлық мәдениетті қабылдауға қатысты теріс түсініктерге баса мән беріледі, сонымен қатар тарих пәніне тигізер пайдасы сипатталады.

Осы орайда мына бір мәселені түсіндіріп өткен жөн. Әдетте цифрлық форматтағы жобаларды қолжетімділігі, жаңа әрі үлкен аудиторияға тарихи материалдар ұсынатын сипаты үшін мақтап жатады. Дегенмен көпшілік адамдардың компьютер мен интернетке қол жеткізе алмайтыны шындық, ал цифрлық машықтар әмбебап емес, тіпті дамыған елдерде де солай. Білім алу, мүмкіндіктерді пайдалану, жабдықтау және инфрақұрылымға қатысты алғанда айтарлықтай ауқымды теңсіздік бар. Әлбетте, цифрлық ресурстар алыс аймақта орналасқан кітапханалар мен архивтегі материалдарды қолдану үшін оларға арнайы бару мен қонақүйде тұрып жұмыс істеу мәселесін түбегейлі шешіп береді. Алайда іс жүзінде бұл артықшылықтар бірдей бола бермейді, оның ішінде цифрлық мәліметтерге қол жеткізу барысында дамыған елдермен салыстырғанда қала мен ауылды жердің тұрғындары арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Цифрлық әлем ұғымы жер шарының ауқатты адамдар тұратын бөлігінде ерекше қолданысқа ие.

Цифрлық форматтағы тарихтың көптеген түрі бар екенін ескерсек, мұнда мұқият іріктеу жұмыстарын жүргізу қажет. Мен тарихи білімді қалыптастыру және оны таратумен айналысамын, дегенмен бұл процестер ойын-сауық пен сауда саласында да кезігетін цифрлық тарихты қамтитын ортада жүзеге асырылады.

Цифрлық тарих деген не?

Цифрлық тарих терминін қолдану қолайлы, алайда ол адамдарды жаңылыстыруы мүмкін, себебі аталған термин блог, онлайн форматтағы кітапхана каталогтары, күрделі дерекқор, цифрлық мәтін, қозғалмалы және қозғалмайтын суреттер жиынтығы мен веб-сайттар сияқты әртүрлі құбылыстарды қамтиды. Цифрлық әлемнің негізінде жатқан жеке тұлғалар, топтар, ұйымдар мен мамандықтардың әртүрлі және күрделі байланысы туралы ойланған жөн. Цифрлық технологияны қолдануды үйрету, оны қаржыландыру және тарихшыларға пайдалануға ұсынатын материалдарды құрастыратын мамандардың қызығушылықтарын да қарастыруымыз керек. Бұл қатарға өткен уақыт туралы түсініктеме берушілер, деректерге иелік ететін архив сияқты мекемелер, өткенді өзгеріс енгізу үшін қолданатын кез келген маман цифрлық тарихтың техникалық аспектілерін құрастыратын, сол үшін қаржы төлейтін, бақылайтын және соған иелік ететін адамдар, сонымен қатар бағдарламалық жасақтама, веб-сайттар, түрлі техника, іздеу жүйелері, сондай-ақ цифрлық өнімдер маркетингі мен жарнамасын құрастыратын мамандар кіреді. Бір жағынан, тарихтың бос уақытта айналысатын іс ретінде танымал екенін ескере отырып, кейбір орында көпшіліктің құжаттар мен деректерді өз көзімен көре алатындай жағдайда орналастырылған, кейбір жерлерде бұл тегін болса, ендігі бір жерлерде бұл ақылы түрде қызмет етеді. Мұндай орындарды өз көзімен көріп, деректермен танысудың нәтижесінде қоғамдық тарихпен бірге академиялық тарих та қалыптасады. Цифрлық форматтағы бұл тарихи мәліметтерде қайталаушылық болатыны сөзсіз, сайттардың көпшілігі білімі мен біліктілігі түрлі деңгейдегі қолданушылар үшін жасақталған. Сонымен қатар мұндай сайттарда пікір білдіріп, жарнама орналастырылуы мүмкін, сол себепті бір сайттағы бұл элементтерді мүқият ажырата білген жөн. Сондай-ақ еңбек бөлінісінің күрделі формалары туралы білу де маңызды, себебі бұл ақпаратты өңдеуге септігін тигізетін күрделі техникалық аспект үшін аса қажет. Сонымен бірге ақша үнемдеу мақсатында әуесқой шежіре жинаушылар мен мамандарға арналған ақылы цифрлық ресурстарды жеткізушілер сияқты коммерциялық кәсіпорындардың рөлін атап өткен жөн.

Цифрлық тарихқа енгізілген машықтар мен әдістердің ауқымы бұл саланың тарихты қолдану тәсіліне ықпал ететін мамандандыру формалары арқылы сипатталатынын көрсетеді. Тарихшылар – түрлі машықтарға ие мамандар, санаулы мамандар ғана бағдарламалық жасақтауды меңгерген, ал кейбір тарихшылар веб-сайттардың дизайнері және менеджерлерімен тығыз байланыста жұмыс істеуі мүмкін, тіпті кейбір жағдайда тарихқа қатысты мәліметті тауып, өңдеп әрі сайтқа енгізетін еріктілермен жақын байланыста болуы ықтимал. Сонымен қатар технологияға күн сайын өзгеріс енгізіліп жатқан қазіргі заманда күрделі сипаттағы веб-сайттарды жүргізу ісіне экономикалық, ұйымдастырушылық және техникалық мәселелердің де ықпал ететінін мойындауымыз қажет. Мәліметтің ескіруі барлық қызығушы тарап үшін үлкен мәселе екені белгілі. Соның нәтижесінде кәсіби тарихта салыстырмалы түрде жаңа, ғаламат құбылыстар пайда болады.

Көптеген тарихшылар қолдайтын жеке зерттеу жүргізу үлгісі әрдайым жарай бермейді. Ынтымақтастық орнату – цифрлық тарих үшін өте маңызды әрі қажет қадам. Сонымен қатар тарихшылар біліктілігі мен ойлау тәсілі бір-бірінен өзгеше әріптестерімен бірге жұмыс істеуі мүмкін. Компьютерлік лингвистика, мәтінді талдауға және кітапхана ісіне маманданған адамдар цифрлық әдістерді қолданудың алдыңғы шебінде жүреді. Нәтижесінде, тарихтың пәнаралық байланысының жаңа түрі пайда болады, сондай-ақ бағдарламалық жасақтамамен айналысатын мамандар және географиялық ақпараттық жүйемен (GIS) етене таныс мамандармен бірлесе жұмыс істеудің артықшылықтары анық байқалады.

Цифрлық технология маңызды рөл атқаратын тарихи салалар бар, мәселен, демография және проспекграфия, осы тарауда мен өзге салалар туралы да мысал келтіремін. Бұл салаларды қарастырған кезде цифрлық тарихтың қандай сала екені бізге түсінікті, себебі қазіргі уақытта бірқатар тарихи салаларда маңызды элемент саналатын деректер жиынтығын іздеуге мүмкіндік беретін құрылғылар бар. Сонымен қатар тарихтың қай түрін қолданатынымызға қарамастан, қазіргі кезде цифрлық технологияға тәуелділік байқалады. Тарих пәнінің сол технологияларға негізделетіні соншалық, тіпті тарихи зерттеудің цифрлық және өзге түрлері арасындағы шекараны табудың өзі қиын деп айтуға болады. Қысқа уақыт аралығында туындаған мұндай жағдай тарихшылардың назарына ілігетіні айтпаса да түсінікті. Бұл академиялық қызметтің ауқымын өзгертті, сонымен қатар өткен уақыт туралы білгісі келетін миллиондаған адамның ақпаратқа жылдам әрі тікелей қол жеткізуіне мүмкіндік берді. Сондай-ақ қалың көпшіліктің тарихи құбылыстарды жете түсініп, бұл жайында өз пайымдарын құрастыруына септігін тигізді және бұрыннан қалыптасқан таптаурын пікірлерге қарсы шығып, ақпаратты жаңа сипатта ұсынды әрі аса маңызды, құнды жобаларды іске асыруда бірлесе жұмыс істеу үшін тың көзқарастағы мамандарды бір топқа біріктірді.

Ынтымақтастық орнатудың мұндай жаңа түрі мұқият қарастыруды, сол секілді цифрлық гуманитарлық ғылымдар деп аталатын жаңа сала да егжей-тегжей зерттеуді қажет етеді. Цифрлық гуманитарлық ғылымдар – жан-жақты термин, мұнда ғалымдар мен өзге мамандар нақты жобаларды жүзеге асырумен ғана емес, сондай-ақ цифрлық технологиялардың ықпалын сыни түрғыдан талдаумен де айналысады. Бұл тез өзгертін және кеңейетін сала, онда әдеби, мәтіндік әрі библиографиялық машықтары бар адамдар жетекші рөл атқарады. Цифрлық гуманитарлық ғылым саласында, мысалы, тарихи тақырыптарға қатысы бар видео ойындар туралы еңбектерді, классикалық туындыларды, қазіргі заман жазушылары, құқықтық жазбалар мен экономикалық құжаттарды таба аламыз.³ Атауына «гуманитарлық» сөзі қосылған осы жаңа салалар – маңызды құбылыстар, олардың қатарында қосымша тағы медициналық гуманитарлық ғылымдар мен энергетикалық гуманитарлық ғылымдар деген түрлері де бар.⁴ Бұл ғылым түрлері әдетте пәнаралық байланыстар мен бірлесе жұмыс істеу ниетін көрсетеді.

Цифрлық гуманитарлық ғылымдарға келсек, мұнда визуалдандырудың рөлін ерекше атап өткен жөн, себебі қазір ақпарат, артефактілер мен мәтіндер бейнеленетін формалар жеткілікті. Тарихи тәжірибеге қатысы бар мысалдар ретінде

мәліметтерді ұсынудың тың әрі қолайлы тәсілдерін, ертеректе қирап қалған ескі ғимараттар мен елді мекендерді қайта қалпына келтіру мен жаңа карталар құрастыруды атауға болады.

Іс жүзінде барлығын цифрландыруға, яғни компьютерде оқылатын және әлемнің түкпір-түкпіріне санаулы секундтар ішінде жететін ақпаратқа айналдыруға болады. Осылайша мұндағы негізгі мәселе ақпаратты кодтау және қайта ұсыну нәтижесінде болатын әрекеттер, осы процестерге енгізілген болжамдар мен ақпарат алмасу тәсілдерімен байланысты. Бұл тарауда цифрлық тарихты қарастырудағы маңызды әрі жүйелі түрде құрастырылған тәсілді қалай қабылдайтынымызды, ақпараттық технологияның тарихшыларға ұсынатын мүмкіндіктерінің ауқымын ұғынуды және онымен байланысты кейбір тәсілдерді бағалауды зерделеуге тырысамын.

Цифрлық технологияны қолданатын тарихшылар сарапшылар тобына тәуелді, бұл топтың құрамы тарихшыларға қарағанда өзгеше. Сондықтан нәтижелі ынтымақтастық әр тараптың өзге тараптар білімінің негізгі ерекшеліктерін, артықшылықтары мен мәселелерін жете түсінуімен байланысты болады. Сонымен қатар көмекшілер мен еріктілердің рөлі де арта түседі, мәселен, жергілікті архивпен шежірелік жазбалардағы маңызды тарихи еңбекті тарихшы ретінде жұмыс істеп жүрген кез келген маман атқара алады. Ұлыбританиядағы халық санындағы өзгерістерді зерттеген Кембридж университетінің зерттеу тобы ірі ауқымды демографиялық жұмыс атқарып, сонымен қатар еріктілерді жұмылдырған алғашқы жұмыс тобы болды.⁵ Ағылшын шіркеуінің дін иелері туралы дерекқор секілді цифрлық форматтағы кейбір ірі жобалар мұндай жұмысшы күшінің көмегінсіз іске асырылмас еді.⁶ Базалық мөлшерлеме бойынша ақы төленбейтін немесе төленетіне қарамастан, мұндағы күнделікті жұмысты негізінен жобаға жетекшілік ететін тарихшылар атқармайды, материалдардың көлемі ұжымдық көмекті қажет етеді. Мұндай жағдайда тарихшылар өзімен бірге жұмыс істейтін әріптестерінің жұмыс сапасына онша көңіл бөле алмайды, ал бұл жұмыс мұқият тексерілуі қажет. Стандартқа сай емес құжаттардан ақпарат алу қажет болса немесе сол ақпаратты түсіну кәсіби тұрғыдағы палеографиялық машықты талап етсе, қателікке жол берілуі мүмкін. Ықтимал қауіп-қатермен қатар кері жағы да бар, бұл тарихты жасаудың жаңашыл тәсілдерін жетілдіру және әлем тұрғындарын білім жинақтау мен қолданудың алуан түрлі формасын пайдалануға итермелеу мүмкіндігі.


Цифрлық тарихтың әртүрлі құбылысты қамтитынын және бұл құбылыстар өзара байланысты болса да, оның тарихи тәжірибеге тигізетін ықпалын байқау үшін сол құбылыстарды бөліп қарастыру керек екенін атап өттім. Мұны тиімді қылу үшін цифрлық технология мен мәдениетті тарихи контексте қарастырған дұрыс. Мұнда бірқатар мәселе зерделенеді, соның ішінде компьютерлендіруді жетілдіру, коммуникация түрлеріндегі негізгі өзгерістер, мәліметті сақтау және үзіндісін келтіру, цифрлық тәсіл арқылы жүргізілген талдау мен статистиканы, сонымен қатар күрделі технологиялық құрылғыларға қолжетімділікті қамтиды.⁷

Цифрлық форматтағы тарих

Есептеу техникасының тарихын ХІХ ғасырда танымал болған Чарльз Бэббидж бен Ада Лавлейстен бастауға болады. Олардың жұмысы жүзеге асырылған контекст негізінен екі аспект бойынша маңызды болды: ақпарат көлемінің айтарлықтай көбеюі және тиісінше оны басқару қажеттігі, сонымен қатар айтарлықтай көлемді аумақта байланыс орнату мүмкіндігі. Бұл жаңа міндеттер емес және оны шешу үшін бірқатар технологиялар, соның ішінде бу энергетикасы қолданылды.⁸ Ақпараттың ауқымы ХVІІІ ғасырда толық мойындалған еді. Француз энциклопедиясы (1751–1765) және Британдық энциклопедияның (1768 және бұдан кейінгі жылдары) ауқымы мен күрделі құрылымын алып қарасақ, белгілі оқиғаларды жүйелеу қажеттігі мен оған ұмтылу жағдайлары туралы нақты түсінік аламыз. Сонымен қатар адамға қатысты құбылыстар, атап айтсақ, ауру-сырқау, бала туу, өлім-жітім және некеге тұру секілді мәселелерді зерттеу үшін сандық тәсілдердің көптеп қолданылатынын байқаймыз. ХІХ ғасырдың соңына таман Америка Құрама Штаттары тұрғындарының халық санағын жүргізу кезінде әр тұрғынға біреуден алсақ, жеке мәліметті қамтитын алпыс екі миллион перфорациялық картаны өңдеу үшін электромеханикалық машинаны қолданған. Бұрынғыға қарағанда бұған аз адамдар жұмылдырылды және осы әдісті қолдана отырып, тапсырманы жылдам орындауға болатын еді.⁹

Халық санағын жүргізу негізінен ескі құбылыс әрі оны, мысалы, Библияның Ескі және Жаңа өсиетінен көруге болады. Англия, Шотландия мен Уэльсте 1801 жылдан бастап, халық санағы әр он жыл сайын жүргізіліп отырды, тек 1941 жылы ғана жүргізілген жоқ. Бұл шежірешілер үшін маңызды дерек және қазіргі таңда 1911 жылғы халық санағы туралы мәлімет веб-сайттарға жүктелген. Әр мемлекетте халық санағы әрқалай жүргізіледі әрі оның жүзеге асырылу барысы да тарихшылар арасында ерекше қызығушылық туғызады. Бұл есептер – мұнда қамтылатын ақпараттың ғана емес, сонымен қатар үкіметтік процестерді, соның ішінде салық салу, әлеуметтік қамсыздандыру мен тұрғын үймен қамтамасыз ету, стратегиялық ойлау, әскери жобалау, демография және өмірді сақтандыру сияқты салаларды түсіну үшін маңызды ақпарат көзі болып саналады.

Экономикалық тарихты зерттеушілер тарихта сандық тәсілді қолданған алғашқы мамандар екені белгілі, кейіннен олар компьютер пайда болғаннан кейін, оны өз жұмыстарына алғашқылардың бірі болып пайдаланды. Осыған байланысты көлемі ауқымды деректерді өңдеуге ерекше назар аударылады. Мұндағы деректер – техникалық құрылғылар арқылы сандық үлгіде ұсынылатын және басқарылатын ақпараттың қарапайым түрі.¹⁰ Бүгінде адам өміріне ерекше ықпал ететін цифрлық мәдениет бірқатар маңызды аспект бойынша әртүрлі сипатқа ие болып отыр. Мысалы, тіпті шағын құрылғылардың көмегімен өңделетін ақпарат көлемі күрт өсті. Бұл құрылғылар көпфункционалы қызмет атқарады және цифрлық идея музыка, фото, фильм мен алғашқы компьютерлер жасаған есептеу тапсырмаларын қамтиды. Интернет пен дүниежүзілік ғаламтор үлкен өзгерістердің орын алуына түрткі болды және олардың жұмыс істеу тәсілдері әрдайым дамып



9.1-сурет. Ғылым, өнер және мамандық туралы сөздіктің (*Dictionnaire des Sciences, des Arts, et des Metiers*) XXXIII томының бір парағындағы материалдардың, аналитикалық және дәлелді кестесі

Биіктігі – 98 см, ені – 62.5 см. Париж және Амстердам, 1780, SC+ +00142.

Бұл үлкен парақта бейнеленген сурет мәтінді түсіндіру барысында оқырманға бірден адамның білімі туралы түсінік беру үшін салынған. Бұл 1751–1772 жылдары жарияланған, көпшілікке белгілі Дидро мен Д’Аламбер энциклопедиясына енгізілген басылымның мұқабасы. Аталған басылым сол уақытта болған оқиғалардың жинағы ғана емес, сонымен қатар құрастырушылар мұнда діни және саяси құндылықтарды келемеждеп, Ағарту дәуірінің негізінде жатқан тәсілдер мен мүдделерді сипаттайды. Бұл суреттегі мәтінде өзін-өзі тану мәселесі өте маңызды екені айтылған, ол адам туралы ғылымды зерттеуге байланысты қазіргі қызығушылыққа сай келеді. Танымның барлық түрлері ақыл-ойдың үш қабілетінің біреуінің өнімі ретінде көрініс береді: тарихқа қатысты алғанда – жады; философия мен ғылымның шығуына негіз болған парасат және поэзия мен көркем әдебиеттің қайнар көзі болатын қиял. Ібілістің Хауа ананы алма жеуге азғырып, ақырында, оны Адам атаға жегізгені жөніндегі Көне өсиет оқиғасына қатысты ирониялық түсініктеме болуы ықтимал осы таным діңгегі адам өмірінің басты өзегі діни таным емес, керісінше, адамның білімі екенін көрсетеді.

отырады.¹¹ Тиісінше, қазіргі замандағы технологиялық және экономикалық өзгерістің сипатын түсіну машықтары да тарихшының негізгі тәсілі саналады.

Цифрлық дәуір күрделі құбылыс және өткен уақытта әртүрлі формада атқарылған функциялардың ортақ сипаты бар. Кабинеттен немесе кеңседен шықпай-ақ, тарихпен айналысу жайында көптеген талқылаулар өткізілді. Бұл біршама артық айтылған мәлімдеме болса да, мысалы, қай жерде орналасқанына қарамастан, олардың онлайн каталогтары болса, ондағы нысандар туралы білу мүмкіндігі ерекше өзгерістерге алып келеді. Дегенмен маңызды зерттеулер әлі күнге дейін түпнұсқа құжат, артефакт және орындарды мұқият қарастыруға негізделді. Осылайша цифрлық технология кеңінен қолданылатын қазіргі уақытта, тым болмағанда әлемнің әл-ауқаты жоғары бөліктері, мысалы, түпнұсқа деректердің ауқымы мен бітімін компьютердің экраны толық бере алмайтынын ескере отырып, қашықтан жұмыс істеудің шектеулерін түсінгені дұрыс.

Бұл қысқаша шолудан үш жалпы қорытынды жасаймын. Біріншіден, ақпаратты меңгеру әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асырылуы ықтимал, айта кетерлік жайттың бірі, алуан түрлі мақсаттар, атап айтқанда, саяси, экономикалық және әскери талаптарды өзгерту мақсатында да қолданылуы мүмкін. Тарихи сипаттамалар мұндай құбылыстарды оңай бағалауға мүмкіндік береді. Бұл бүгінгі күнге де қатысты мәселе, сондықтан цифрлық мәдениет, оны қаржыландыру және саясат туралы зерттеу сұрақтарына жауап іздеу қажет. Екіншіден, коммуникация түрлерінің де дәл осындай сипаты бар. Бұл формаларды уақыт пен кеңістікте салыстыра отырып, олардың мағынасын жақсы түсінуге болады. Үшіншіден, аппараттық және бағдарламалық технологиялар да маңызды рөл атқарады. Мәселен, интернетте реляциялық дерекқор және кілт сөздер арқылы іздеу тәсілдерінің қалай әрекет ететінін жете түсінген абзал. Тим Хичкоктың 2013 жылы жарияланған арандатушылық мақаласында тарихшылардың цифрлық технологияларды айтарлықтай жиі қолданбайтынын сынайды. Оның мәлімдеуінше, олар мысалы, өздері жай әдеттегідей ғана қабылдайтын символдарды оптикалық тұрғыдан тану әдістерінің шектеулі екенін, бағалай алмады.¹²

Технология, ақпаратпен алмасу туралы тарихи еңбектерді зерттеу, мысалы, ақпаратпен қамтамасыз етудегі негізгі өзгерістерді түсінуге септігін тигізетін кейбір тәсілдерді ұсынады. Олар біздің уақытымыздағы өзгерістер бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен жүретінін сезінуге мүмкіндік береді және күрделі өзгерістердің орнауына технология емес, әлеуметтік қатынастардағы өзгерістер түрткі болатынын көрсетеді.¹³ Инновациялардың пайда болуы және контексіне қарай өзгеретіні қазіргі жағдайымызды бағалауда пайдалы тұжырымдар жасауға септігін тигізеді. Цифрлық мәдениетті оның академиялық тәжірибеге енгізілуін қолдайтын немесе оған қарсылық білдірген мамандар тұрғысынан қарастыру тиімсіз.

Цифрлық тарихтың кейбір нақты үлгілерін зерделеген дұрыс. Мен 1993–2007 жылдардағы *The Valley of the Shadow* веб-сайтын қолданамын, ол тарихи сайттың алғашқы үлгісі саналады және мұндай сайттардың дизайны оның қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

«Дизайн» сөзі арқылы мен оның сыртқы түрін ғана емес, сонымен қатар оның қалай жасалғаны әрі оны қалай ауыстыруға болатыны туралы мәлімет беремін.




Revolutions in Communication is about the printers, reporters, photographers, filmmakers, advertisers, PR practitioners, broadcasters, computer geeks, and all the rebels and visionaries who were ahead of their times, who led the times, and who created *The Times*. This critically acclaimed survey of media history is now in a second edition.

The book surveys the history of *all major communications disciplines*, including journalism, photography, cinema, advertising & public relations, radio, television, computing and networked media.

It is the leading global media history textbook, consistently rated in the top 100 Media Studies books at Amazon. It has been widely adopted in college classrooms from NYU to USC, from Western Ontario to Florida International, and from Britain to China, Italy to India, and many others.

First published in 2011, now in a second edition, the book is available through [Amazon](#), [Barnes & Noble](#), and directly from the publisher, [Bloomsbury](#).

The historical narrative in *Revolutions in Communication* centers around technological change – a common thread that unites global



Cover of the book. Click here for the **FULL COVER** with description and blurbs.

TODAY IN MEDIA HISTORY

- **BBC bans IRA** -- On this day in 1988, the British government imposed a broadcasting ban for television and radio interviews with members of Sinn Féin, an Irish Republican political party and eleven other Irish republican and loyalist groups. This marked the beginning of a broadcast ban that would last until 1994. The groups who were subject to the restrictions were all based in Northern Ireland and the British feared they were using the media to their political advantage and to foster violence in Northern Ireland. One of the deadliest events was the Ballygawley bus bombing which killed eight British soldiers and wounded another twenty-eight. Shortly after the Ballygawley bus bombings, the famous Corporal killings, where two off-duty British soldiers were dragged from their car, beaten, and then stripped and shot to death occurred near an IRA funeral. The incident was filmed by television cameras and the images have been described as some of the "most dramatic and harrowing" of the conflict in Northern Ireland. The Corporal killings brought the media into conflict with the government because journalists present at the funeral refused to hand over footage of the incident. This caused many within the British government to want to censor what was coming out of Northern Ireland, which led to the broadcasting ban. Many broadcasters quickly found a way around the ban. They would dub the voice of anyone who was prevented from speaking with the voice of an actor. Many British journalists were unhappy with the ban because the restrictions made it more difficult for those who objected to censorship in various other countries where the British were involved such as India and Iraq. The broadcast ban was finally lifted by the British government on September 16, 1994 after the first Provisional Irish Republican Army ceasefire.

YESTERDAY IN MEDIA HISTORY HISTORY

- **A. J. Liebling**, American journalist and author, is born on this day in 1904.
- **James Foley**, American photographer and journalist killed in Syria in 2014, and **Rachel Nichols**, American journalist and sportscaster for ESPN, were both born on this day in 1973.

MEDIA HISTORY RESOURCES

¶ [Facebook group for media history discussions](#)

¶ [American Printing History Association](#)

RELATED PAGES

- About the author; Author's site for journalism, and science & environmental writing; and

9.2-сурет. Билл Ковариктің «Ақпарат алмасудағы төңкерістер» (*Revolutions in Communication*) кітабында пайдаланылған веб-сайттан алынған скриншот

Осылайша цифрлық тарихты жасау ісі шығармашылық әлеуетті, ерекше түйсікті және тарихи пайымдауды, сонымен қатар техникалық білімді қажет ететінін түсінеміз. Old Bailey Online – Тим Хичкок пен Роберт Шумейкер жетекші рөл атқаратын, сәл басқаша сипаттағы жоба.¹⁴ The Valley of the Shadow веб-сайтынан көптеген әртүрлі материалдар, соның ішінде түпнұсқа құжаттар, қазіргі заман картасы және түсініктемелерді табуға болады. Сонымен қатар The Old Bailey Online өзгермелі факторлар арасындағы байланысты іздеуге және оны зерттеуге жол ашады, сондай-ақ мұнда деректерге қол жеткізу мүмкіндігі де бар. Үшінші мысал ретінде қазіргі таңда үлкен қызығушылық тудыратын күрделі тақырыпты


қамтитын *Slave voyage* атты мәліметтер базасын қарастыруға болады. Жоғарыда келтірілген сайттардың үшеуі де даулы сипаттағы өткен тарих туралы мәліметтерді ұсынудың тәсілдерін көрсетеді.

The Valley of the Shadow **жобасы**

Америкадағы азамат соғысы (1861–1865) Америка Құрама Штаттарында әлі күнге дейін қызу талқыланып, дау туғызып келеді. *The Valley of the Shadow* веб-сайты сол соғыстың күрделі сипатын екі қауымдастық арқылы зерделейді. Цифрлық тарих туралы талқылауларда бұл жоба Коэн мен Розенцвейг «құрастырылған архив» деп атайтын жаңа жанрдың ең әсерлі мысалы ретінде жиі атап өтіледі.¹⁵ Бұл қауымдастықтардың бірі – солтүстік аймаққа қарасты Пенсильвания штаты, Франклин округінде, ал екіншісі – оңтүстікте орын тепкен Вирджиния штаты, Огаста округінде орналасқан. Сан мыңдаған құжат, соның ішінде газет мақалалары, халық санағы туралы деректер, хаттар, күнделіктер және суреттер цифрлық форматқа ауыстырылды. Аталмыш сайт 1859–1871 жылдар аралығындағы кезеңді қамтиды, осылайша сайт қолданушылары қақтығыс қарсаңындағы жағдай мен оның салдарын зерттеуге қол жеткізді. Сайттың құрылымы күрделі әрі көпқырлы. Негізгі беті айтарлықтай қарапайым құрастырылған, мұнда жобаға қысқаша сипаттама берілген, сондай-ақ табиғат аясында тұрған акнәсілді еркек пен әйел және қаранәсілді ер адамның портреті бейнеленген. Авторлық құқықтар туралы мәліметтер оның 1993–2007 жылдар аралығында жазған авторлардың материалын қамтитынын көрсетеді. «Valley архивіне кіру» батырмасын басқан кезде экранға үй қабатының жобасы сияқты көрінетін үш диаграмма шығады, оның әрқайсысы қарастырылып отырған үш кезеңді бейнелейтін құжаттар категориясын қамтиды: бірінші диаграммаға – 1859 жылдың күзінен 1861 жылдың күзіне дейінгі, екінші диаграммаға – 1861 жылдың көктемінен 1865 жылдың көктеміне дейін, ал соңғысына 1865 жылдың көктемінен 1870 жылдың күз мезгіліне дейінгі құжаттар енгізілген. Диаграммада көрсетілгендей, әр кезең жеті немесе сегіз аймақты қамтиды, оның әрқайсысынан газет, хаттар мен күнделіктер, халық санағына және салық салуға қатысты мағлұматтар, карталар мен суреттерді іздестіруге болады.

Оның біреуін таңдасаңыз, ары қарай қосымша нұсқалар көрсетіледі, бұл нұсқалардың кейбірінде солтүстік және оңтүстік аймақтарға қатысты мәліметтер берілсе, енді бірінде салыстырмалы материалдар жүктелген. Мұнда қосымша функциялар да бар, мәселен, бұл сайтта белгілі бір газеттерге жарияланған мақалалар, күнделіктер мен хаттарға сонымен қатар президенттік сайлау үлгілері, гидрология, теміржол және автокөлік жолдарын жетілдіру, сондай ақ шіркеулер мен мектептер тұрғысынан осы екі саланы салыстыратын арнайы әзірленген карталарға сілтемелер қамтылған. Демек, бұл сайтты қолданудың мыңдаған тәсілі бар

THE
VALLEY
OF THE
S H A D O W



USING THE VALLEY PROJECT

CLICK HERE FOR RESOURCES ON USING THE VALLEY PROJECT

VIRGINIA CENTER
for
DIGITAL HISTORY

UNIVERSITY
of VIRGINIA
LIBRARY

9.3-сурет. The Valley of the Shadow веб-сайтынан алынған скриншот

екенін байқаймыз. Деректер мен кезеңдер туралы үш диаграмманы қамтитын бетте Valley жобасын қолдану батырмасы бар. Оған кірсеңіз, Valley Project деген қандай жоба, Valley архивін қалай қолдануға болады және Valley жобасын қолдану деген үш бөлімді көресіз, оның әрқайсысында қосымша сілтемелер бар. Әр беттен кері қайтқанда кезеңдерден құралған диаграммаларды қамтитын бетке ораласыз.

Қосымша материалдар бірнеше міндетті атқарады. Мұнда сайт тек архив мекемелері секілді емес, сонымен қатар кітапхана іспетті көрінеді. Бұл материалдарды оқыған сайт қолданушыларында қиын-қыстау кезеңдегі күнделікті өмірді зерттеуге құлшыныс пайда болады, бұл оларға өз зерттеулерін түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік береді, себебі бұл сайт көптеген тарихи мәліметтерден хабардар етеді. Сонымен қатар мұнда әр кезеңге арналған экскурсия батырмасын пайдалана аласыз, мұнда бұл бет туралы берілген қысқа сипаттамадан кейін сайттың негізгі бөлімдеріне қайта ораласыз. Valley жобасын қолдану беті The Valley of the Shadow сайтында жұмыс істеген қызметкерлердің мәліметті ұсыну тәсілі және ондағы материалдарды түсіндіру сипатына қарай өзгешеленетін тоғыз сілтемені қамтиды. Бұл жерден сот шешімдері және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдар, сонымен қатар оқытуға қажетті ресурстарды таба

аласыз. Мұнда мәліметтің айқын болуы басты мақсат екені айтпаса да түсінікті және онда жазбалар мен құжаттар бірге берілмейді, қолданушыларға тиімді болсын деген мақсатта екеуін екі бөлек ұсынады.

Мұндай күрделі сайтты құрастыру әрі оған қажетті деректерді енгізу үлкен еңбек пен жетістік деп білемін, бұл – шынында да мақтауға тұрарлық жоба. Бұл сайтта іздегеніңді бірден табу оңай емес, дегенмен зерделеуге және мұқият іздестіруге мүмкіндік мол, ал мұнда эмоциялық сипаттағы тақырыптардың қамтылатынын ескерсек, бұл екеуі маңызды қасиеттер болып саналады. Аталған сайт осы тарауда атап өтілген басқа веб-сайттардан айтарлықтай өзгеше. Мұндағы мәселе – қолданушыларға негізгі, қосымша немесе екеуіне де қолжетімді сайттар мен жасы, жынысы, орналасқан жері мен мерзімі сияқты негізгі өзгерістерді өз қалауы бойынша зерттеуге мүмкіндік беретін сайттар арасындағы айырмашылыққа байланысты болады.

Бәлкім, The Valley of the Shadow веб-сайтының көпшілікке ұсынатын тарих түрлері туралы бір сәтке ойланған дұрыс болар. Сайт азамат соғысы кезіндегі екі тарапты бейнелейтін аймақтардың шекараларын көрсете отырып, азамат соғысындағы нақты қауымдастықтарды және олардың орналасқан жерлерін түсінуге көңіл бөледі. Мұндай ерешеліктерге ие аталған жоба жергілікті, қоғамдық және микротарихтың қазіргі заманғы тарихи тәжірибедегі рөліне қатысты мәселелерді қозғап, сонымен қатар Америкадағы азамат соғысы сияқты күрделі құбылысты зерттеу мен жүйелеуге көмектесетін тәсілдерді ұсынады.¹⁶ Тарихты төменнен қарастырудың маңызын Old Bailey жобасы да мақұлдайды.

Қылмыскерлер мен соттар

The Old Bailey Online веб-сайты қолданушылар арасында ерекше қолданысқа ие болған, өйткені, мұнда материалдар академиялық зерттеушілер үшін ерекше құнды әрі қолжетімді. Қазіргі таңда бұл сайт Тим Хичкок пен Роберт Шумейкердің тәжірибесі, өз жұмысына деген ынтасы мен шығармашылық әлеуеті арқылы жасалған және өзара байланысы бар көптеген сайттардың бірі.¹⁷ Мұнда ерекше құндылықтар жүйесі бар. Бұл сайттар тарихты «төменнен қарастыру» сияқты соңғы кезде сирек қолданылатын функцияны атқарады, оның сирек қолданылуына мұның өткен уақыт туралы түсінік қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көпшіліктің мойындауы себеп болуы ықтимал. Соттар – элиталық топқа кірмейтін адамдардың өмірін зерттеуге мүмкіндік беретін айрықша құнды дерек, мұны өзіндік көзқарасы бар хаттама толтырушы жазса да, біз сөздік қор, сипаттамалар және куәгерлердің мәлімдемелеріне негізделген болжамдар туралы ой қорыта аламыз. Old Bailey Online сайты пайда болғанға дейін-ақ көптеген маңызды ғылыми зерттеулер құқықтық құжаттарды қолдана отырып жасалды.¹⁸ Алайда бұл сайт пайда болғаннан кейін, Англияның ең танымал сотында шығарылған үкімдер жайында жарияланған ауқымды сипаттамалар мен материалдарға тың көзқараспен қарау мүмкіндігі туды.

Мұнда енгізілген мәліметтер 1674 жылдан 1913 жылға дейінгі кезеңдерді қамтиды. Сайттың алғашқы парағында: «элиталық топқа жатпайтын адамдардың өмірін толық сипаттайтын, бір кездері жарияланған негізгі мәтінді, 197 745 қылмыстық істі қамтитын іздестіру функциясы бар басылым» деп мәлімет берілген. Алғашқы беттен-ақ мән беруге тұрарлық бірнеше функцияны байқаймыз. Біріншісі – мұнда өзара байланысты үш сайтқа, яғни London Lives, Locating London's Past және Connected Histories сайттарына өтуге болады. Бұлардың бағыттары әртүрлі, қамтитын ауқымы да әртүрлі, сонымен қатар одан Old Bailey Online сайтының материалдары туралы мәлімет таба аламыз. Шынында да, біз

Home Page

Search

About the Proceedings

Historical Background

API

The Project

Copyright & Citation Guide

Contact

ON THIS DAY IN... 1750

James Shepherd and some twenty other persons assembled at Broom Hill in Surrey in order to allegedly smuggle uncustomed goods into the country. [read more](#)

Advertisements

The Proceedings of the Old Bailey, 1674-1913

A fully searchable edition of the largest body of texts detailing the lives of non-elite people ever published, containing 197,745 criminal trials held at London's central criminal court. If you are new to this site, you may find the [Getting Started](#) and [Guide to Searching](#) videos and tutorials helpful.

To search the Proceedings use the boxes on the right or go to the [Search Pages](#).

This site uses cookies. See our [privacy policy](#).

February 2018 Update

Several bugs have been fixed and tagging errors corrected. In addition, the following new features have been added:

- Links have been added from individual trial accounts to relevant 'Life Archives' of convicts in the [Digital Panopticon](#). See below for more information.
- An [Access to Old Bailey Online Data page](#) lists current options for obtaining our text data, in order to encourage re-use. We have also clarified in our [Copyright and Citation Guide](#) the terms under which our data is made available for non-commercial use.

For more information, see [What's New \(February 2018\)](#). The [What's New Archive](#) contains details of previous updates.

The Digital Panopticon: The Global Impact of London Punishments, 1780-1925

This new AHRC funded [website](#) traces the lives of 90,000 convicts sentenced at the Old Bailey between 1780 and 1875, linking Old Bailey trials to relevant entries in fifty databases of criminal justice and civil records, including the census. The 'Life Archives' allow users to discover both the pre- and post-trial histories of Old Bailey convicts. They allow users to see differences between the punishment sentences handed down by the court and the punishments convicts actually experienced, and make it possible to compare the impact of the punishments of imprisonment and transportation on convicts' lives.

About this Project

A collaboration between the Universities of Hertfordshire and Sheffield and the Open University, this project was funded by the Arts and Humanities Research Council and the Big Lottery Fund. Project Directors are Tim Hitchcock and Robert Shoemaker; the project manager is Sharon Howard and the chief technical officer is Jamie McLaughlin. This website is published by HRI Online Publications, and technical services are provided by the [Digital Humanities Institute](#) at the University of Sheffield. See [About this Project](#).

SEARCH
the Proceedings


Keyword(s)

Reference No.

Search In
<All Text> ▾

SEARCH

The Proceedings can also be searched in:



Tracing London Convicts in Britain & Australia, 1780-1925

Discover what happened to Old Bailey defendants before and after they were tried.

connected histories

Integrated search of major electronic sources in British history, 1500-1900

London Lives

Manuscript sources about crime, poverty and social policy, 1690-1800

LOCATING LONDON'S PAST

Map digital resources about London 1690-1819 onto a 1746 map

9.4-сурет. Old Bailey Online веб-сайтынан алынған скриншот

бұл сайттың цифрлық форматтағы тарихты қамтитын тұтас әлем екенін байқаймыз. Екіншіден, осы негізгі бетте, мәселен, кілт сөздер арқылы мәлімет іздестіруге болады. Осылайша қолданушы іздеп-тапқысы келетін кез келген терминге ерекше назар аударылады. Үшіншіден, негізгі бетте түзетулер мен тиісті цифрлық жобаларға қатысты жаңалықтармен таныса аласыз. Сондай-ақ мұнда түзетулер тізіміне де сілтеме беріледі. Бұл зерттеушілердің нақтылыққа баса мән беретінін байқатады, сонымен қатар негізгі жұмыс аяқталғаннан кейін де ұзақ уақыт бойы сайттарды жанартып отыру қажеттігін көрсетеді. Қателікке бой алдыру қаупі де бар, сондықтан қателерді түзету олардың пайда болу жолдарын түсіну және осы мүмкіндікті ескеру қаншалықты маңызды екенін еске салады. Төртіншіден, бастапқыдағы гранттардың орындалу мерзімі аяқталған соң, мұнда сайтты қаржыландыру үшін жарнамалар енгізілген, жарнама беруге қатысты саясат «осы жоба туралы» деген бөлімде түсіндіріледі. Сонымен қатар аталған бөлім қызметкерлерінің құрамы, қаржыландыру және тағы басқа мәселелер жайында мәліметтер берілген. Ең соңында негізгі беттегі күрделі, өзгермелі көптеген байланысты атап өткеніміз дұрыс болар. Мұнда өзге веб-сайттарға сілтеме берілумен шектелмеген, сіз сондай-ақ соңғы жарияланымдар, өткен күнгі оқиғалар және осы күрделі сайттың басқа бөліктері, соның ішінде, материалдар бөлімінің тарихи тұрғыдағы анықтамалық мәліметтерін де пайдалана аласыз. Сонымен қатар мұнда сайтты тиімді түрде қалай пайдалануға болатыны туралы көптеген ақпарат берілген.

Мұнда кілт сөздер, атаулар, соның ішінде лақап есімдер, қылмыстық істер, жазалау шаралары мен уақыт арқылы іздеудің функциялары туралы да айта кеткен жөн. Бұған қоса, қолданушылар сайттың іріктелген бөліктерінен де мәлімет іздей алады. Мені сәбилерді өлтіру мен медициналық тәжірибе ісі қызықтырады: сәбилердің өлтірілуі қылмыстық іс санатына жатқызылатындықтан, арнайы іздеу жүйесі бұл тақырып туралы 430 оқиғаның сілтемесін тауып береді, мұнда медициналық дәйектердің рөлін бақылауға, сонымен қатар түпнұсқа жарияланымды сілтеме арқылы қарауға болады. Кілт сөз ретінде «сәбилерді өлтіру» тіркесін пайдалансақ, дәл мұндай нәтиже ала алмаймыз. Кілт сөздер тәжірибеден өтіп жатқан дәрігерлердің рөлін анықтау үшін қажет. Дегенмен бұл күрделі мәселе, себебі интернетте мамандықтар атауы әртүрлі сипатта жазылуы мүмкін. Сондықтан медициналық тәжірибе тарихынан аз да болса хабардар болған абзал, мәселен, кез келген кезеңдегі дәрігерлер мен хирургтардың арасындағы айырмашылықты ажырата білу қажет. Әрине, әр оқиғаға көз жүгіртіп, практик дәрігерлердің мұндай қылмыстық іске қаншалықты қатысы бар екенін анықтауға болады, алайда кілт сөздер арқылы шектеулі деректерді табу барысында іздеу жүйесінің аясы тарылады. Бәлкім, бұл сайттың мықты тұсы – Британия тарихын зерттеумен айналысатын тарихшылар үшін цифрлық форматтағы маңызды құрал саналатын Оксфорд ұлттық өмірбаян сөздігінің онлайн нұсқасында болмауы ықтимал адамдардың аты-жөнін осы сайттан табу мүмкіндігінде шығар. Онда кейбір атышулы қылмыскерлер туралы мәліметтер берілген, бірақ Old Bailey Online және онымен байланысты сайттар мыңдаған қылмыскер туралы деректі ұсынады. Осылайша бұл сайттар тарихшылардың назарынан тыс қалуы мүмкін адамдардың өмірін зерттеуге мүмкіндік береді.

Мысалы, Old Bailey Online сайты шежірешілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған ғажайып оқиғаны іздеп жүрген адамдарды да қызықтырады. Хичкок пен Шумейкер жоғарыда аталған сот істерінен алған дәлелдерді веб-сайт арқылы іздеп, тауып, оларды өздерінің жарияланымдарына пайдаланған. Олар тарихи тәжірибені түсіну мақсатында цифрлық тарихты құрастыру ісінде өз тәжірибелеріне сүйенді. Тарихшылар мен баспагерлерді цифрлық технологияның мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланбайды деп сынға алғанымен, олар тарих пәнін ашық әрі қолжетімді пәнге айналдыруға мүмкіндік беретін жаңа технологиялардың әлеуетін дәлелдеуге тырысады. Олар үшін тарихи веб-сайттар, соның ішінде блогтар, ашық қолжетімділік және визуализация түрлері үлкен бейненің бір ғана аспектісі болып саналады.

Құлдықты зерттеу


Құлдарды Жаңа әлемге тасымалдау тарихына арналған үшінші жобаны цифрлық тарихтың не ұсына алатыны туралы түсінігімізді кеңейту үшін пайдалануға болады. Slave Voyages сайтының негізгі бетінде былай жазылған: «Трансатланттық құл саудасы туралы мәліметтер дерекқорында құлдыққа қатысты шамамен отыз алты мың оқиға туралы ақпарат қамтылған». Ол кең аудиторияға, соның ішінде қарапайым көпшілікке арналған, бұл оларға Voyages мәліметтер базасын пайдалануға, қанша адам тасымалданғанын зерттеуге және құлдыққа жегілген африкалықтардың аты-жөнін іздеуге мүмкіндік береді. Бұл сайтта оның жұмыс істеу тәсілі түсіндірілген, сонымен қатар онда оқу материалдары мен қосымша ресурстар берілген және қолданушыларға бұл материалдардың нені қамтитынын түсіндіреді, сондай-ақ мұнда карталар мен графиктер де жүктелген. Негізгі бетте орналас-тырылған ескі карта қолданушыларға Атлант мұхитының бір жағында орналасқан Солтүстік Америка, Кариб теңізі және Бразилия мен сол мұхиттың екінші жағындағы Еуропа мен Африка арасындағы географиялық байланысты зерделеуге мүмкіндік береді. Картада әр мемлекеттің орналасқан жері нақты көрсетілген және мемлекет атауы жазылған тұсына меңзерді апарсаңыз, сол елдің құл саудасындағы рөлі туралы қысқаша сипаттама беріледі. Осылайша сайттың негізгі бетінен бастап-ақ, тарихшылар зерттейтін өте күрделі әрі ауыр тақырыптардың бірі құл саудасы туралы берілген кіріспе мәліметпен таныса аласыз. Бұл құнды ресурсты зерттеудің әр алуан тәсілдері бар, оның негізгі функциясы ретінде «кіріспе карталары» мен «уақыт шкаласы және хронология» бөлімдерін атап айтуға болады.

Батырманы басқан кезде уақыт шкаласы жоғары бағытта, ал сандар көрсеткіші көлденең бағытта көрсетілген график түрінде беріледі. Мұндағы екі түрлі түс арқылы қанша құлдардың кемеге мінігізілгенін, ал қаншасы жағалауға жеткізілгенін білуге болады. Осылайша тарихи жағдайлар айқын түрде көрініс береді. Мұнда тасымал кезіндегі өлім-жітім деңгейін, сонымен қатар құл саудасындағы өрлеу мен бәсеңдеуді бағалау оңай, негізінен, ең жоғары көрсеткіштер

XVIII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың ортасына дейінгі уақытты қамтитынын аңғарамыз. Сайттың негізгі бөлімдерінің бірі – «Құл саудасын бағалау» деп аталады, бұл бөлім эсселер, бағалаулар және кіріспе карталардан тұрады: «бұл бөлім... тарихшылар мен зерттеушілердің трансатланттық құл саудасы туралы дерекқорды (Trans-Atlantic Slave Trade Database) пайдалануының үш әдісі төңірегінде құрастырылған». Олардың әрқайсысы қысқаша сипатталған. Бұл ұйымдық құрылым зерттеушілер немесе студенттер жүргізетін әр алуан тарихи тәжірибеге ғана бағытталмаған, сонымен қатар тарихнамалық пікірсайыстарға да баса назар аударады. Дэвид Элтистің «Трансатланттық құл саудасына қысқаша шолу» (A Brief Overview of the Trans-Atlantic Slave Trade) атты эссесінде тоғыз тақырып қамтылады, мұнда құлдыққа түсуден бастап, азат етілуге дейінгі процесс сипатталған. Мұнда 1820 жылы кемемен әкелінген, XIX ғасырда Гаванада азат етілген африкалық Добо есімді жас баланың өмірімен танысуға болады. Осылайша сайттың өртүрлі аналитикалық деңгейде жұмыс істейтіні көрініп тұр, сонымен бірге оның тарихи білімі мен тәжірибесі аз мамандарға тигізер пайдасы мол. Ауқымды материалды бере отырып, бұл сайт эмоциялық тұрғыдан ауыр тақырыпты түсінудің тәсілдері мен идеяларын да ұсынады. Қолданушылар құл саудасы мәселесін жапа шегуді бейнелейтін суреттерден гөрі, карталар мен графиктердің көмегімен жақсы түсіне алады, өйткені карталар мен графиктердің адамға ерекше әсер ететін өзіндік эмоциялық күші бар. Бұл материалдар құллықтың тарихнамасындағы қызу пікірталастарды да, сандық тәсілдерге қатысты түсіндіру мәселелерін де көрсетеді.¹⁹ Құлдық тек Америка Құрама Штаттары үшін ғана өткір саяси мәселе емес, бұл сайт оны зерттегісі келетін кез келген маманның оның тарихын түсінуіне мүмкіндік туғызады.

Бұған дейін цифрлық технологияның тарихи тәжірибенің әр бөлігіне кеңінен таралғанын, ақпараттық технология түрлерінің тарихын және тарихи веб-сайттардың үш мысалын қарастырдық. Соның нәтижесінде цифрлық тарих бөліміне қатысы бар әр алуан қызмет түрлерін бағалауға болады. Олардың кейбірі, мысалы, ақпаратты іздеу, мәліметтерді меңгеру және нәтижелерді беру, идеялар мен пікірлерді тарату мәселелері барлық пәндерге ортақ дүние. Қазіргі таңда блогерлер ықпалды түсінік берушілер ретінде кеңінен танымал және олардың басым көпшілігі блог жүргізу арқылы қыруар пайда табады. Дегенмен бұл құбылыстардың ешқайсысы тарихқа тән сипатқа ие емес. Тарих пәнінің өзіне тән цифрлық сипаты бар-жоғын қарастыруымыз қажет.

Бұған қазіргі таңда көпшіліктің қоғамдық тарихқа ерекше қызығушылық білдіруі түрткі болды деп ойлаймын, өйткені қоғамдық тарих цифрлық технологияны кеңінен қолданады, сонымен қатар бұған тарихтың бос уақытта айналысатын іс ретінде танымал болуы мен цифрлық деректер бұл әрекеттерді іске асырудың ажырамас бөлігіне айналуы да себеп болып отыр. Өткенді коммерциялау мен тарихтың цифрлық түрлері бір-бірімен тығыз байланысты. Сонымен қатар цифрлық ресурстардың көбеюіне байланысты тарихты оқыту да өзгерді. Сол себепті бүкіл дүниежүзінде академиялық пән үшін де, тарих үшін де оның пайдасы өте зор. Сонымен қатар цифрлық тарих ынтымақтастықтың бір түрін білдіреді және көп жағдайда жаңа байланыс түрлерінің пайда болуына септігін тигізеді.



9.5-сурет. Slavevoyages веб-сайтынан алынған скриншот

Бірлескен тарих

Әлеуметтік трендтер тарихи тәжірибені қалыптастырады және бұл әсіресе цифрлық мәдениетті қарастырған кезде айқын көрінеді, сонымен қатар бұрынғы уақытта мүмкін емес болып саналған ынтымақтастық түрлерінің қалыптасуына ықпал етеді. Әдетте бұл өртүрлі пәндер, сараптама түрлері мен институттар арқылы жүзеге асырылады және бұл іске кәсіби мамандар, әуесқойлар мен еріктілер жұмылдырылады. Уақыт өте келе бұл құбылыстарды сипаттайтын жаңа сөздіктер пайда болады, сонымен қатар үлкен аудитория үшін қолжетімді ресурстар жасауға тырысу сияқты өзгерістер орын алады. «Бірлесе жүзеге асыру», «бірлесе құрастыру» және «бірлесе жетекшілік ету» – бұл көптеген адамдар өндіріс процесінде өз рөлдерін үйлестіру арқылы бірлесіп жұмыс істейді деген идеяны білдіретін терминдердің мысалдары. Ынтымақтастық орнату мәселесін оқыту және үйрету ісіне де енгізе аламыз, мұнда әлемнің түпкір-түпкірінде оқитын студентер бірлесе отырып семинар өткізіп, онлайн көрме ұйымдастырып, сонымен қатар түрлі ресурстарды алмасады. Сондай-ақ зерттеушілер де бір-бірінен қашықта орналасқанына қарамастан, бірлесе жұмыс істей алады.

Тарихтың көптеген түрлері адамдардан күрделі сандық зерттеулер мен демографиядағыдай ынтымақтастықты талап етеді. Алайда кейбір салаларда ынтымақтастық ерекше рөл атқарады. Бұл ойды дамыту үшін мен алдымен ауызша тарихты, содан кейін қоғамдық тарихты қарастырамын. Ауызша тарихта сұхбат алушы мен сұхбат берушінің арасындағы әңгіме ең маңызды дәлел түрі ретінде қарастырылады, қажет болған жағдайда өзге дәйектермен толықтырылады. Тарихи идеяларды қалыптастыру қабілеті екі тараптың ашық сипатта әңгімелесуі, яғни өзара байланыс орнатуына байланысты болады. Ауызша тарихтағы ірі жобалар зерттеушілер тобына, сондай-ақ мәлімет беруші ретінде әрекет ететін отбасыларға, қоғамдастықтарға және топтарға сүйенеді.

Сонымен қатар ауызша тарихтың негізі сипаты тығыз ынтымақтастық орнату екені белгілі, мұнда тарихшылар адамдармен бірге уақыт өткізіп, сөйлесіп, пікір алмасу арқылы олардың өз тәжірибесі туралы айтқысы келгенін жеткізуге көмектеседі. Негізінен, кез келген әлеуметтік тақырыпты ауызша тарих әдістері арқылы зерттеуге болады, бірақ іс жүзінде ол төменнен берілген тарихқа айтарлықтай үксас келеді. Жаңа технологиялар ауызша тарихпен айналысатын мамандардың қызметін едәуір жеңілдетті, себебі оларға қолдануға икемді, ықшам құрылғыларды пайдалануға, сонымен қатар олардың жазбаның негізгі бөліктерін жылдам әрі арзанға тауып алуына және оны өзгелермен бірлесе пайдалануына жол ашылды. Сол себепті ауызша тарих мамандарының цифрлық технология дәуірінде өз саласының қалай өзгертетіні туралы ойланатыны таңғаларлық жайт емес.

Ауызша тарих дыбыс жазатын және оны қалпына келтіретін әртүрлі техникалық құралдарға тәуелді екені белгілі, сондықтан оны қолданатын мамандар технологияны делдалдықтың бір құралы ретінде қарастыруға тиіс болды. Қазіргі таңда цифрлық форматқа ауыстырылған бұл құрылғылардың қарапайым қолайлылығынан басқа, бірқатар артықшылықтары да бар. Материалды интернетке жүктегеннен кейін, мәселен, YouTube платформасы арқылы үлкен аудитория жинауға болады. Бірақ жеке бас құпиясы мәселесіне қатысты зардаптары да болуы мүмкін. Ауызша тарихты зерттеушілер сұхбаттасқан адамдардан ақпараттық келісім алу мәселесін ескере отырып, әрдайым өз тәжірибелерінің этикалық аспектілеріне назар аударады. Интернет арқылы және сұхбат берушінің келісімі негізінде дыбыс жазатын құрылғыға жазылып алынған оның ауызша айтқан дәлелдерін кез келген адам тыңдай алады, осындай жанды дауысты есту соншалықты мұқият жасалған стенограммаға қарағанда әлдеқайда әсерлі. Видеосұхбаттар мәліметтерді жедел түрде жеткізеді, осылайша қоғамдық талқылауларда ауызша тарихты қолдану аясы кеңейе түседі. Цифрлық дәуірде ауызша тарихтың саяси мүмкіндіктері айтарлықтай кеңейді. Бірлесе жұмыс істеуді және бір мақсатқа жұмылуды құп көретін практик мамандардың жұмысы арқылы ауызша тарих, қоғамдық тарих және цифрлық технологиялардың бір-біріне қаншалықты жақын екенін аңғарамыз.²⁰

Қоғамдық тарих интернет пайда болғанға дейін сала ретінде танылған тарих түрі және бұл жағдайда да цифрлық мәдениетпен ерекше байланыс байқалады, соның ішінде блогтар мен цифрлық форматтағы материалдар қолжетімді. Ал бұл байланыс әуесқойлардың тарих туралы еңбек жазу ісін жеңілдетеді, сонымен

қатар тарихи мәліметтердің кеңінен таралуына әрі өткенді ұмытпауға септігін тигізеді. Демократияландыру процесінің ықпалымен қалыптасқан тағы бір жаңа сала бар, онда «өзінің» тарихын айтатын адамдарды бағалайды. Бұл саланы зерттеу барысында меншік ұғымына негізделген сипаттамалардың күрделі салдары бар деген ойға келдім. Дегенмен адамдардың өздерімен тікелей байланысы бар өткенге тәуелді болатынын жоққа шығармаған дұрыс. Бұл байланыс көптеген жағдайлардан, атап айтқанда, адамдардың тұрғылықты жері, отбасы шежіресі, мамандық түрлері және өсіп-өнген орталары, әуестігі мен бос уақытында айналысатын ісі, діни наным-сенімдерінен шығуы мүмкін. Цифрлық тарих компьютерді жетік меңгерген адамға өз тарихын зерттеуге және оны көпшіліктің назарына ұсынуға мүмкіндік береді. Оның үстіне, бұл тарих туралы пікірталастардың туындауына және қоршаған ортаның өзгеруі, саяси өмірге араласу, зорлық-зомбылық пен миграция тәжірибесі сияқты қоғамдық маңызы бар мәселелерді талқылауға ықпал етеді. Қоғамдық тарих пәні бойынша білім алатын студенттер веб-сайттар құрып, өз идеяларымен бөліседі, бірлескен жаңа жобалар жасайды, музейлер мен өздері жеке бара алмайтын тарихи-мәдени нысандарды зерттейді.

Мұнда қоғамдық тарихтың тағы бір аспектісін – оның саясаткерлермен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынасын қарастырған жөн. Жалпы алғанда, цифрлық дәуірде мемлекеттік саясатты зерттеу ісі ашық әрі қолжетімді болады. Бұқаралық ақпарат құралдары саяси процестерді сипаттау үшін жаңа технологияларды кеңінен пайдаланады. Өткеннен сабақ алу сияқты ауқымды, жиі қайталанатын пікір мемлекеттік саясат пен ол туралы есеп беруге жауапты мамандардың тарихи мәліметтерді жетік білуге тиіс екенін білдіруі мүмкін, бірақ бұл іс жүзінде сирек кездесетін жайт. Мұнда тарих бойынша білім алған, біліктілігін арттырған және саяси процестерге қатысуға ынтасы бар мамандар үшін керемет мүмкіндік бар. Алайда тарихшылар өздерінің білім саласы үкіметтің шешім қабылдауы мен қоғамдық пікірталастарды ұйымдастыруда қалай пайдаланылуы мүмкін екенін нақты түрде көрсетпейді. Осылайша қоғамдық тарих жалпылама түрде пікірталастың туындауына ықпал етуі мүмкін, дегенмен нақты бір нәтижелерге әрдайым қол жеткізе бермейді. Қоғамдық тарих – цифрлық технологияларды тиімді түрде қолдануға болатын сала. Бұған мысал ретінде бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін және саяси шешімдер қабылдау ісіне араласатын тарихшыларға арналған Ұлыбританиядағы History and Policy сайты алып қарауға болады. Бұл сайт мемлекеттік қызметкерлер, саясаткерлер, арнайы кеңесшілер, журналистер және тағы басқа мамандардың тарихи мәліметтер арқылы көзқарастар қалыптастырудың нақты формасын қаншалықты назарға алатынын анықтауға бағытталған. Мұндағы тарихи тәжірибесі бар мамандар өз еңбектерін қандай оқырмандарға арнаса, соларға лайықты деңгейде жазуы қажет деген талап қойылады. Цифрлық сайт негізінде әртүрлі аудиторияны біріктіріп, түрлі тақырыптарда семинарлар өткізеді. Тегін пайдалануға болатын сайт бірлесе жасалатын көптеген жобалардың негізін құрайды. Мұнда жүктелген материалдар үлкен үш категорияға топтастырылған: саяси құжаттар, авторлық мақалалар және жаңалықтар. History and Policy сайтында белгілі бір мәліметті автордың

аты-жөні немесе тақырып бойынша іздеуге болады. Оның редакциясы Кембридж бен Лондон қалаларында орналасқанымен, бұл сайт халықаралық сипатқа ие және әлемдік экономика мен даму, сонымен қатар халықаралық қатынастар әрі қауіпсіздік сияқты тақырыптарды қамтиды. Бұл сайт ағымдағы көптеген мәселелерді тарихи мәліметті меңгеру арқылы қалыптасқан көзқарастар негізінде шешуге болатынын көрсетеді. Мұнда маскүнемдік, сексуалдық зорлық, психикалық ауытқулардан бастап, еңбек қатынастары, тұрғын үй мәселесі және цензураға дейін қамтылған. Осындай әртүрлі аудиторияға қалай жетуге болатынын және цифрлық технология әлі толықтай енгізіле қоймаған ортада әр алуан мәселелерді шешу қаншалықты мүмкін екенін елестетудің өзі қиын. History and Policy сайтының әлдебір утопиялық сипаты бар, олар қоғамға пайда әкелу үшін әртүрлі кәсіптер мен білім түрлерін біріктіруді ұсынады. Бұл жағынан алып қарағанда, цифрлық технология тарихшылардың желісін үйлестірудің құралын қамтамасыз етеді; бұл жазбаларды жариялайтын іздестіруге икемді ортақ сайт жасауға мүмкіндік береді.²¹ Аталмыш жазбалардың түрлері көпшілікке таныс және мұнда авторлар тіпті жаңа ынтымақтастық орнатуды мақсат тұтса да, әлі де негізгі байланыс құралы ретінде жазбаша түрдегі мәліметке сүйенеді.

Жаңа технологиялар мен тарих түрлерінің арасындағы байланыс күрделі. Бір жағынан, цифрлық формат қолданушыларға жергілікті және халықаралық зерттеу жұмыстары арасында байланыс орнатуға жағдай жасайды, сондай-ақ олар өткенді көптеген тәсілдермен, соның ішінде бір уақытта бірнеше бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау арқылы көпшілікті хабардар ете алады.

Екінші жағынан, мамандардың жаңа толқыны келді, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар бойынша білім алған зерттеушілердің олармен жұмыс істеуі қиындау болуы мүмкін.

Материалдың ескіруі, сақталуы және интеллектуалдық меншікпен байланысты техникалық мәселелерді шешу қажет, сонымен бірге ірі жобалардың құны қымбат болуы мүмкін. Бір қызығы, цифрлық технологиялар арқылы әзірленген материалдар тарихшылардың жаңа буынына толықтай жетпеуі де мүмкін. Ұйымдар цифрлық форматтағы ресурстардың қандай сипатқа ие және алдағы уақытта қандай сипатта болатынына қарамастан, олардың сақталуын қамтамасыз ету үшін бірлесе жұмыс істеуі керек. Сондықтан көптеген топтар арасында байланыс орнату маңызды, дегенмен оны тәжірибе жүзінде іске асыру күрделі болуы ықтимал. Кәсіби тарихшылар үшін маңызды тақырыптың бірі – мәліметтерге ашық қолжетімділік мәселесі цифрлық ғылым талап ететін ұйымдастырушылық қиындықтар туралы өте қарапайым түсінік беруі мүмкін.

Кеңістік пен уақыт

Егер біз цифрлық тарих негізінен жазбаша деректерді барлығы үшін қол жетімді қылуға арналған деп ойласақ, онда бұл оның тарихи тәжірибенің мәнін

өзгерту мүмкіндігі туралы өте шектеулі түсінік болар еді. Цифрлық технологияның нәтижесінде басқаша ойлаудың мүмкіндіктері шынымен де қызықты болады. Цифрлық технологиялардың тарихты түрлендіруші әлеуетіне мысал ретінде географиялық ақпараттық жүйені (GIS) айтуға болады. Бұл жерсерік навигаторлық жүйесінде қолданылатын координатты анықтау жөніндегі жаһандық позициялау жүйесінен (GPS) өзгеше. Географиялық ақпараттық жүйені бағдарламалық жасақтаманың екі түрі – қолданушыларға географиялық аймақтар туралы ақпаратты халық санағы туралы деректер мен өлім-жітім бойынша статистика сияқты өзге мәліметтермен байланыстыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама және кеңістікті талдаудың тәсілі ретінде қарастыруға болады. Бұл жүйе үнемі жаңартылып отырады, ол уақыт пен кеңістікті бірге қарастыруға мүмкіндік береді.²²

GIS арқылы атрибуттардың таралуы, яғни орналасқан жерінен басқа негізгі өзгерістердің атап айтқанда: жер бағасы, бала туу, өлім-жітім және некелесу көрсеткіші, белгілі бір дінді ұстанатын адамның тұрғылықты жері, әскердің орналасуы, табыс деңгейі, қылмыс орны және тағы басқалардың таралуын көрсететін карта құрастыруға болады. Сонымен қатар GIS жүйесі мәтіндегі белгілі бір орындарға жасалған сілтемені талдау және бұл қатынастарды түрлі визуалды формада, соның ішінде әртүрлі карталар түрінде ұсыну үшін пайдаланылуы мүмкін.

GIS жүйесін жақтайтындар оны қуатты, тез өзгеретін құралдар жиынтығы деп санайды, оны қазіргі таңда тек санаулы тарихшылар ғана зерттеуде. Сонымен қатар олар GIS бағдарламалық жасақтамасы арқылы құрастырылатын материалдарды түсіндіру ісіне интеллектуалдық тұрғыдан күш салу керек екенін мәлімдейді. Ол тарихшы құралдарының маңызды бөлігі саналады және басқа әдіс-тәсілдермен жақсы үйлеседі. Тарихи зерттеулерде қолданылатын көптеген деректердің географиялық аспектісі бар, сондықтан GIS жүйесін қолдана отырып, оларды өңдеуге мүмкіндік мол. Сондай-ақ оны Америка Құрама Штаттарындағы шаңды дауыл мен Сейлем сиқыршыларын соттаудың себептері туралы қалыптасып қалған түсініктемелерге қарсылық білдіру үшін де пайдалануға болады.²³ GIS көмегі арқылы үлкен аймақтарды бөліп қарастыруға, осылайша әртүрлі, бөлшектелген трендтерді анықтауға болады, бұл жаңа жергілікті зерттеулерге түрткі болуы мүмкін. Бұл тәсілді белсенді түрде қолданатын мамандар оның әлеуетін қызу талқылап қана қоймай, олардың өзіндік шектеуліктерін де сөз етеді.

Әлбетте, бұл тәсілдер белгілі бір машықтарды жетілдіруді, бағдарламалық жасақтаманы қолдану, оның зерттеуге қажетті мәселелерге қалай ықпал ететінін анықтау және зерттеуден алынған нәтижелерді түсіндіруді қажет етеді. Мұндай жұмыстар пәнаралық сипатта болады және бірлесіп жұмыс істеуді қажет етеді де, тарих пен география пәндерінің өзара жақындасуына мүмкіндік береді.²⁴ GIS жүйесінің мәні белгілі бір аймақ туралы ақпаратты өзге мәліметпен байланыстыру болса да, кеңістікке қызығушылық білдіру – ұлтаралық, жаһандық әрі халықаралық перспективаларға алаңдаушылық туғызатын үлкен құбылыс. Қоршаған ортаның мінез-құлықтың барлық аспектілерін қалыптастыратынын және өзі сол аспектілерден құралатынын түсіну кейбіреулер «кеңістіктік бетбұрыс» деп атап

жүрген бағыттың пайда болуына септігін тигізді. Сонымен қатар аталған бет-бұрыс елді мекендер мен аймақтармен жұмыс істеу, әсіресе әлеуметтік, іргелес әрі кәсіби желілерді анықтау қабілеті арқылы іске асырылады.²⁵ Осылайша GIS жүйесі тарихи тұрғыдан ойлаудың қалыптасқан түрлеріне сүйенеді және оны түрлендіреді.


GIS жүйесі деректерді әртүрлі формада ұсына алады, бұл бізге өткенді басқаша қырынан көруге мүмкіндік береді. Мен атап өткен бірнеше тарихи сайттар GIS жүйесін пайдаланады. Мәселен, Old Bailey Online сайты аймақтар туралы деректерді толығымен пайдаланады. Сайтта: «қолданушылар Old Bailey Online-дағы сот ісіндегі қылмыс жасалған жерлер мен жазаға тартылғандардың тұрғылықты мекенін халқы тығыз орналасқан округтер туралы деректер, географиялық мәліметтер... оба ауруы, салық туралы және археологиялық жазбалармен салыстыра алады» деп жазылған.²⁶ Мұнда екі мәселені ескерген жөн. Біріншіден, деректерді өңдеу және оны GIS бағдарламалық жасақтамасы арқылы ұсыну икемділігі мүқият түсіндірудің маңызын төмендетпейді, мұнда қажет болған жағдайда қателіктер мен бұрмалаулар да ескерілуге тиісті. Екіншіден, GIS жүйесінің тиімді жағы – тарихшыларға кеңістікті байыпты әрі анық зерделеуге көмектесуі, осылайша бізді қала құрылысы жобаларына, ғимараттардың орналасуы, су ресурстарының жақындығы, жол, теміржол құрылыстары, қарастырылатын аймақтағы халықтың тығыз орналасуы және тағы басқа деректерге назар аударуға шақырады. Айта кетерлік жайт, GIS жүйесі туралы еңбектерде оның әлеуеті мен кемшіліктерін бірге қарастыру қажеттігі туралы да сөз қозғалады. Кейінгі уақытта шыққан жүйелер техникалық өңдеу тәсілдері арқылы реттелуі ықтимал, дегенмен бұл әдіске енгізілуі мүмкін кез келген шектеуді түсіну туралы мәселе өзекті болып қала береді. Сондықтан GIS жүйесін қолданатын мамандар оның қалай жұмыс істейтінін түсінуі керек.

GIS жүйесі осы тарауда қарастырылатын тақырыптарды, мысалы, шығармашылық байланыс орнату қажеттігін сипаттайды. ArcGIS деп аталатын бұрынғы түрлерін ESRI компаниясы жасаған, ол қазіргі уақытта бүкіл әлемде қолжетімді бағдарламалық жасақтама болып саналады. Оның веб-сайтында GIS туралы көптеген ақпарат бар және оны пайдалану кезінде олардың бағдарламалық жасақтаманы сататынын да естен шығармаған жөн. Олай болса, біз оның осы және өзге жағдайлардағы сенімділігін қалай бағалай аламыз? ESRI сайты, мысалы, шежіре туралы сайттардан айтарлықтай өзгеше, өйткені бұл сайттар жазылым негізінде жұмыс істейді және цифрлық ресурстарды сирек құрастырады. Сонымен қатар музейлердің сайттарының да өзіндік ерекшеліктері бар, себебі мұнда мамандар мен жалпы аудиторияның мекемеге деген сенімі олардың жоғары сапалы ақпарат пен өз коллекцияларының бейнелерін беру қабілетіне, сондай-ақ тиімді іздеу тәсілдерін ұсыну мүмкіндіктеріне қарай қалыптасады. Сенімді GIS сайттарда қаржыландырылу мәселесі мен қызметкерлер құрамы туралы мәлімет ашық түрде жарияланады. Сонымен қатар GIS жүйесі цифрлық мәдениетке тән пәнаралық байланысты сипаттайды. Мұнда тарих пен географияның арасындағы байланыстан басқа археологияның да маңызды рөлін атап өтуіміз керек, себебі мұнда

About ArcGIS
Overview

Capabilities


ArcGIS offers a unique set of capabilities for applying location-based analytics to your business practices. Gain greater insights using contextual tools to visualize and analyze your data. Collaborate with others and share your insights via maps, apps, and reports.



Spatial Analytics

Spatial analytics is the heart and soul of ArcGIS. You use it to find the best location for your business, plan for smarter communities, and prepare and respond faster in crucial situations.


[Learn more](#)



Imagery & Remote Sensing

ArcGIS gives you everything you need to manage and extract answers from imagery and remotely sensed data. It includes imagery tools and workflows for visualization and analysis, and access to the world's largest imagery collection.

[Learn more](#)



Mapping & Visualization

Maps help you spot spatial patterns in your data so you can make better decisions and take action. Maps also break down barriers and facilitate collaboration. ArcGIS gives you the ability to create, use, and share maps on any device.

[Learn more](#)

9.6-сурет. ESRI компаниясының веб-сайтынан алынған скриншот

өткеннің қалдықтары табылған жерден бастап, ғимараттар мен елді мекендердің жоспары, миграция үлгілері және сауда жолдарына дейін кеңейетін кеңістікке ерекше назар аударылады. Жаңа технологияларды алғаш болып қолданғандардың қатарына археологтар, классикалық кезең мен орта ғасырды зерттейтін тарихшыларды жатқызуға болады. Ерте дәуірлерді зерттеумен айналысатын әрі методологиялық тұрғыдан әрдайым батыл қадамдар жасайтын тарихшылардың цифрлық технологияны жақсы қабылдағаны таңғаларлық жайт.²⁷ Бұған Рим империясын зерделеу барысында бағасы, қашықтығы, ұзақтығы, көлік түрлері және жыл мезгілі жағынан зерттеуге мүмкіндік беретін ORBIS ресурсы жақсы мысал болады. GIS жүйесі, атап айтқанда, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардан тыс машықтардың көмегінсіз өздігінен жұмыс істей алмайды. Нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін тарих оның негізінде жатқан технология мен ғылымнан тәуелсіз емес, бұл – пәнаралық байланыстың беймәлім түрі.

Бұған дейін мен цифрлық технологияның тарих пәніне қосқан зор үлесі туралы көптеген мысалдар келтірдім. Алайда аталмыш технологияларды сенімді құрал ретінде пайдалану барысында туындайтын бірқатар мәселелерді де қарастырып өткеніміз жөн.²⁸

Шектеулер мен кедергілер

Цифрлық технологияны пайдалану барысындағы кейбір кемшіліктерді атап өттік. Мысалы, Хичкоктың символдарды оптикалық түрғыдан айырып танудың нақты бола бермейтіні үнемі ескерілмей қалатындығына қатысты алаңдаушылығын жоғарыда атап өткенмін. Ірі әрі күрделі жобаларға қатысты жіберілуі мүмкін қателіктердің енгізілу тәсілдеріне де тоқталған едім. Сонымен қатар қаржыландыру ісі тоқтатылғаннан кейін де сайттардың жұмысын ары қарай жүргізе беру мәселесі мен ондағы мәліметтердің ескіру қаупі жайында да сөз қозғадым. Артефактіні экран арқылы көргенде оның көлемі мен құрылымын әрі тұтас мәтінін толықтай бағамдай алмайтынымызды байқадым. Мұнда мен, ең алдымен, «интернет арқылы бәріне қол жеткізуге болады» деген қате пікірді талқылаймын, бұлай ойлау арқылы тарихшылардың жан-жақты боламыз деген менмендігі арта түсетіні белгілі. Екіншіден, экран арқылы жұмыс істеген кезде ненің қамтылмай қалатынын қатастырамын.

Қазіргі уақытта Google-дің ең танымал іздеу жүйелерінің бірі екені туралы көптеген пікірталастар бар. Мысалы, компания өкілдері кілт сөздер бойынша іздеу барысында олардың компаниялары интернетте бірінші болып шығатынына көз жеткізгісі келеді. Шынында да бұл мақсатқа қалайша қол жеткізуге болатыны туралы кеңес беретін кәсіби мамандар бар, мұнда Google жүйесінде қолданылатын тәсілдердің қатаң түрде құпия сақталатынын ескеру қажет. Мұндай қажеттілік технологияның барлық түріне қатысты ұйғарымдардан туындайды. «Ұйғарым» деген сөз арқылы адам таңдауынан да жоғары тұратын мәселені меңзеп тұрмын, мен мұнда аппараттық және бағдарламалық құралдардың қалай жұмыс істейтініне назар аударамын. Көптеген қолданушылар мұндай мәселелерге назар аудармайды, сондықтан олар кез келген іздеу жүйесіне негізсіз сенім артуы мүмкін. Сонымен қатар біз болжамдардың бар екенін ғана білумен шектеліп, олардың шын мәнінен бейхабар болсақ, болжамдарды қалай түзеудің жолын да білмес едік. Демек, кез келген іздестіру жүйесі тауып беретін мәліметке күмәнмен қараған жөн.

Интернеттен іздеудің нәтижесі ұйымдар ұсынатын ақпараттың түрі мен сапасына байланысты болады. Веб-сайттардың сапасы айтарлықтай құбылмалы, мұндағы сапа нақтылық, тұтастық және логика деңгейлерін білдіреді. Бірақ көптеген мәліметтерсіз бұл шектеулерді байқау мүмкін емес. Олардың кейбіреулері, мысалы, уақыт пен атауларды енгізу барысындағы болмашы қателіктер болуы мүмкін. Сондықтан сайттың жалпы сенімділігінен хабардар болу өте маңызды мәселе, оны іске асырудың бір тәсілі – сайттың қаржыландырылуы мен қызметкерлер құрамын, сондай-ақ тиісті органдарға дұрыс сілтеме жасалуын және күн тәртібінде қарастырылатын мәселелерінің бар-жоғын тексеру. Негізінен, мұндай кемсітушілік процестері тарихи тәжірибеде үнемі болып тұрады, дегенмен цифрлық форматтағы материалдар туралы сөз етілгенде оның қажеттілігі шамалы болуы

мүмкін. Бұған, бір жағынан, оның бүгінгі күнгі қажеттігі мен жеке өмірімізге енуі себеп, өйткені экрандар барлық жерде орнатылғандай, біз өзімізді оның ішіндегі жатын бөлмеде жүргендей сезінеміз.

Цифрлық құрылғылар адам өміріне қажетті құрал саналатындықтан, оның беделі біз үшін жоғары болуы мүмкін. Сондықтан технологиялардың сыни тұрғыдан қарастырылған тарихы біз үшін өте маңызды.²⁹

Жоғарыда атап өткен кедергілер ерекше күрделі әрі оларды анықтау қиын. Қажет болған жағдайда мәліметті түрлі сайттардан іздестіруге болады, бірақ мұнда да оның қаншалықты күмәнді екенін дөп басып айта алмаймыз. Олай болса, біз барлық құбылысты бақылап, әртүрлі мәселелерді ескереміз деген идеядан бас тартқан жөн болар, оның орнына біз қолданатын іріктеу процестері мен бағалау түрлерін мұқият зерттегеніміз дұрыс. Цифрлық әдістер мен тәсілдерді неғұрлым меңгерген сайын, сыни тұрғыдан шешім қабылдау соғұрлым оңайырақ болады.

Сыни тұрғыдан зерделеу барысында деректерді цифрлық форматта ұсыну да ненің қамтылмауы қажет екенін басты назарда ұстау керек, түптеп келгенде, жанды дауыстағы музыканы тыңдау бір бөлек, ал мысалы, саяхаттау, тамақтану немесе оқу кезінде CD немесе MP3 файлдағы музыканы тыңдаудың әсері тіпті басқаша. Технология қанша жерден жақсы болса да, шынайы қалыптасқан аудиторияда болу тәжірибесін дәл сондай қылып бере алмайды. Сол секілді цифрлық форматтағы суреттер олардың мүлде болмағанынан гөрі, құнды әрі қолайлы материал саналғанымен, олар өз сипаты бойынша шектеулі. Мәселен, компьютер мониторы арқылы суреттердің барлығының көлемі бірдей болып көрінеді, осылайша оның мөлшері ескерілмей қалады. Кез келген артефактіні қарастыру барысында алдымен оның өлшемін тауып, одан кейін оларды қарастырып отырған зат туралы күрделі түсінік қалыптастыру үшін қолданған абзал. Бұл кітаптар мен қолжазбалар, сондай-ақ принттер, суреттер, бейнелер, үлгілер және тағы басқаларға да қатысты дүние. Цифрлық әлемде біздің жеке қарым-қатынаста айрықша маңызды болатын масштабты сезінуіміз әлсірейді.

Бітімнің жеке бөліктерін түсіну қабілетіміз де осылай болады. Визуалды және материалдық дәлелдерді қолдану барысында бұл айтарлықтай кемшіліктер болып саналады және ондай дәлелді пайдаланатын тарихшылар оны мүмкіндігінше өз көзімен көріп, зерттегісі келеді.

Осылайша цифрлық форматта ұсыну – бар болғаны нақты затты алмастырып көрсету. Селфи сияқты әдеттегі мінез-құлық формалары олар сипаттаған тәжірибені қалай алмастыратынына назар аударыңыз, осылайша құбылыстар мен олардың цифрлық бейнелері арасындағы айырмашылық азая түседі. Ғылыми зерттеулер тұрғысынан бұл кемшіліктерді мойындап, тұжырымдап әрі оларды түсіну қажет.

Бұл тарауда мен тарихи білімді қалыптастыру мен таратуда маңызды рөл атқаратын цифрлық технологиялардың негізгі мәселелерін атап өттім. Бірақ ойынсауық пен оқытудың арасындағы шекаралардың анық емес екені былай тұрсын, тіпті ара-жігін ажырата алмайтын жағдайлар да кездеседі. Бұған цифрлық форматтағы ойындар жақсы мысал бола алады.³⁰ Бұл тарихи ойындар модельдеудің әдістеріне байланысты. Цифрлық технологиялар өз қолданушыларын әртүрлі

деңгейлерде, соның ішінде эмоциялық тұрғыдан қызықтыратын өзге әлемді жасауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні компьютерлік анимациялық фильмдер, соның ішінде көпшілікті қызықтыратын Pixar киностудиясы өнімдерінің табыстылығы нәтижесінде бұқаралық мәдениеттің қалыпты көрінісіне айналды. Pixar компаниясының негізі 1986 жылы қаланған және ол бағдарламалық жасақтама жүйесін дамытуға айтарлықтай үлес қосты. Осылайша көптеген жағдайларда цифрлық әлемдер құрылады. Бұл әлемдерді тарихи дәлелдерден немесе қиялдан жасауға болады, олардың кейбіреулері екеуін де үйлестіреді. Нәтижесінде, тарихи тәжірибеде маңызды саналған тақырыптардың жаңа сипатта түсіндірілуін және компьютер пайда болғанға дейінгі қиялдың, визуалды бейненің әрі өткенді қайта жаңғыртудың рөлін бағалай аламыз, оның бәрі осы көзқарасты көрсетеді. Бұл үлгі ету мен визуалдандырудың өзге түрлерінің маңызын төмендетпейді, керісінше цифрлық мәдениеттің түрлері тарихшыларды өз тәжірибелері туралы ойлануға және сыни тұрғыдан қарауға мүмкіндік беретін жаңа тәсілдерге назар аударуға жетелейді. Осылайша біз ынтымақтастық орнату, пәнаралық байланыс секілді өзімізге мәлім тақырыптарды табамыз және GIS жүйесінің интеллектуалдық әлеуеті сияқты жаңа мысалдарды табуға тырысамыз.

Тарихшылардың қазіргі таңдағы цифрлық әлеммен қарым-қатынасының ауқымын атап өттім, олар мұның көптеген аспектісін, мысалы, кілт сөздер арқылы іздеу жүйесін болуға тиісті нәрсе деп қабылдайды.³¹ Бұл байланысты түсіну үшін коммуникация түрлері, технология табиғаты, мектеп пен университеттен тыс білім алудың маңызын тарихи тұрғыдан ойлау пайдалы болмақ. Біз барлық цифрлық құралдарды мүмкіндігінше тиімді пайдалану үшін олардың мықты жақтары мен шектеулерін мұқият зерделеуіміз қажет. Тағы да қайталап айтамын, бұл бізге тарихи тәжірибенің табиғатын зерттеуге мүмкіндік береді.

Бұған блогтар жақсы мысал бола алады. Тим Хичкок өзінің «Historyonics» атты блогында жеке еңбектерінің аспектілерін зерттеп, басқа жерге жариялауға келмейтіндей көрінетін жазбаларын жариялайды. Бұл Twitter желісі сияқты тарихи жазбаның жанрлары туралы ойлануға итермелейді. Осылайша біз цифрлық форматта жарияланған материалдарды оның қандай түрде жарияланғанына қарамастан, ХХІ ғасырдағы тарих пәні туралы пайымдаудың негізгі деректері ретінде зерделей аламыз. Негізгі және қосымша деректердің арасындағы жаңылыстыруы мүмкін айырмашылықтарды да тілге тиек етіп өттік. Осы тұрғыдан мен Хичкок пен Шумейкер ерекше назар аударған мәселені – интроспекцияның жеке адамдар мен топтар үшін маңызын көрсете отырып, аталмыш деректердің арасындағы айырмашылыққа қайта ораламын. Хичкок пен Шумейкер цифрлық тарихтың жетекші өкілдері ретінде өздерінің және өзгелердің іс-әрекеттерін сыни тұрғыдан зерделеуге тырысады. Олардың барлық тәжірибелерін осы кітапты жазу барысында негізгі дерек ретінде пайдаландым. Ал басқалар үшін бұл тек Old Bailey процесінің цифрлық нұсқасы болып саналады. Сайтқа жауапты адамдар оған жауапкершілікті сезініп қана, жетекшілік етумен басқарады, сондықтан оған тарихи тұрғыдан мұқият талдау жасаған дұрыс. Мен бұл мәселеге ерекше назар аударамын, өйткені барлығымыз цифрлық материалдарды өткенге тікелей қол жеткізуге мүмкіндік беретін деректер деп санаймыз. Біз деректерді негізгі немесе

қосымша деп атасақ та, оларды жасау процесінің әр кезеңі мұқият тексерілуі қажет, оның цифрлық форматтағы деректерге де қатысы бар, себебі материалдарды өңдеу мен қайта ұсыну тәсілдері бірден айқын болмауы мүмкін.

Өткел

Цифрлық технологиялар мен мәдениеттің дамуы – өзінің ауқымды әрі терең ықпалы бойынша баспа және индустриялық революциямен салыстыруға болатын маңызды тарихи құбылыс. Сондықтан тарихшылар мұндай трендтерді қалыптастыруға қатысып, оларды өз еңбектерінде қолданса да, оның мәні туралы ойлана білуі керек. Шынында да, жоғарыда айтып өткенімдей, цифрлық тарих тарихи және тарихнамалық тұрғыдағы заманауи трендтермен тығыз байланысты. Өзгерістердің табиғатын түсіну барлық тарихи тәжірибенің негізі саналады, сондықтан тарихи процестегі қазіргі өзгерістерді ұғына білу қажет және соңғы тарауда осы тақырып жайында сөз қозғаймын.

ОНЫНШЫ ТАРАУ

Трендтер

Тарих тәжірибесі әрдайым өзгеріп отырады. Әлеуметтік өзгерістердің тереңдей түсуі интернеттің дамуы, сондай-ақ көп функциялы мобильді құрылғыларды пайдалану сияқты технологиялық өзгерістермен байланысты. Жалпы әлемде болып жатқан түрлі реакциялар, атап айтсақ, тарихи қақтығыстар, режимдердің өзгеруі, апаттар мен қоршаған ортаның ластануы – бұлардың барлығы тарихтың қалыптасуына әсер етеді. Тарихшылар іс жүзінде, өздері машықтанған салалар бойынша жинақтаған тәжірибелері арқылы қалыптасады. Олар өткеніміз бен бүгінімізді, қиялда қалыптасатын келешегімізді өздерінің дәрістерінде, сондай-ақ зерттеулері мен жазбаларында пайдаланады. Бүгінгі трендтерді назарға ала отырып, тарихи тәжірибе туралы ойлануға мүмкіндігіміз бар және моральдық, саяси, әлеуметтік қиындықтармен күресуде өз тәжірибемізге сүйенеміз.

Трендтер неліктен маңызды?

Бұл тарауда мен тарихи тәжірибені түсінуге көмектесетін соңғы трендтерді қарастырамын. Қазіргі оқиғаларға қатыса отырып, біз жазылып жатқан тарих пен оның алатын орны туралы терең түсінік қалыптастырамыз. Мен келешекте алдыңғы қатардан орын алатын тарихи тәсілдер мен тарих салалары туралы болжам жасауға тырыспаймын. Бұл белгілі бір тақырыптарды немесе тәсілдерді ішінара баяндайтын оқиғалардың алдын ала болжанбайтынымен байланысты. Саяси драмалар мен апаттар тікелей немесе жанама түрде тарихи тәжірибені қалыптастырады. Қаржылық құлдырау, «Араб көктемі» деп аталған оқиғалар, Сириядағы азамат соғысы, 2016 жылы Дональд Трамптың Америка Құрама Штаттарының

президенті болып сайлануы, террористік актілердің бірнеше рет қайталануындағы жаңа ұқсастықтар бұл жағдайлардан сабақ алу қажет екенін көрсетті, тарихи өзгерістердің қайта бағалануына себеп болып, тарихи үрдістерге деген көзқарастың өзгеруіне жол ашты.¹

«9/11» деп аталатын 2011 жылдың қыркүйегіндегі оқиғалар әлемдегі соңғы терроризм актілерімен қатар саяси зорлық-зомбылыққа, исламға, Таяу Шығысқа деген көзқарас пен қызығушылықты түбегейлі түрде өзгертті.² Олардың кейбір зардаптары кәсіби тарихшыларды айрықша алаңдатады. Ислам, жаһандық терроризм туралы жалпылама өрескел түсініктер олар жайында көп мағлұмат беретін қарапайым ғана терминдер қатарында қолданылады. Мұнда да әртүрлі жағдайлар бар: бұл саясат пен оған түбегейлі үлес қосуға мүмкіндік беретін қоғамдық тарихтың үлкен әлеуетінің, сондай-ақ сенім жүйелері мен әлемнің ірі бөліктерінің тарихы туралы кең таралған надандықтың қорқынышты нәтижесінің классикалық мысалы.³ Қажетті тілдерде сөйлей алатын, тиісті географиялық аудандарда тікелей жұмыс тәжірибесі бар, сондай-ақ өте күрделі құбылыстарды түсіндіруге уақыты мен бейімі бар тарихшылардың саны жеткіліксіз болып көрінетіні алаңдаушылық туғызады. Әлемдегі ең қуатты елдердегі, сондай-ақ олардың үкіметтері мен бұқаралық ақпарат құралдарында зорлық-зомбылықты қолдайтын негізгі ойыншылар туралы терең тарихи түсінік болуға тиісті. Үстем ұлттар тарихи қақтығыстарды өршітуде өздерінің қандай орны барын түсінулері қажет. Тарихшылар соғыстың басталу және жүргізілу әдістерін анықтауы мүмкін.

Ірі оқиғалар көптеген басқа құбылыстар сияқты тарихи тәжірибеге, оның ішінде өткенді зерттейтін және онымен байланыста болатындардың жеке тәжірибесіне ықпал етеді. Алдыңғы тарауларда феминизм мен гейлер құқығын насихаттау түрлерінің тарихи зерттеулерге деген әсері баяндалды. Сонымен бірге түсік жасатуға қарсы науқанды, жануарлар мен қоршаған ортаны қорғауды талап ететін қозғалыстарды атауға болады.

Мұндай қозғалыстардың өзіндік ерекшелігі бар. Олар көп жағдайда эмоциялық түрде қатысушыларға етене жақын араласа әрі тікелей ықпал ете отырып, мәселелерді драмалық тұрғыдан зерделейді. Наразылық акциясына қатысуда адамдар өз ісіне адалдық танытады әрі өздерін қайратты сезінеді, сондай-ақ өздері қатысатын күресті әдетте моральдық тұрғыдан тұжырымдайды. Мұндай қозғалыстар құқық сияқты абстрактілі идеяларды күшті эмоциялық реакциялармен ұштастырады. Олар көбінесе тарихи зерттеулерді қоса алғанда, интеллектуалдық тұрғыдан талдауға шақырады.

Трендтердің пайда болуының басқа да жолдары бар. Бұл жағдайда біз оларды түсіндірудің орнына трендтерді сипаттайтын сән мен талғамға сілтеме жасай аламыз.

Дегенмен олар үшін тарихи тәжірибенің сипаты туралы ойлау пайдалы. Көптеген тарихшылар белгілі бір тақырыптар аясында немесе жаңашылдығы мен өзіндік ерекшелігін даралай түсетін тәсілдерді пайдаланғысы келеді. Түпнұсқалықты анықтау – өте күрделі мәселе: ғылым өзінің табиғатына қарай алдыңғылардың жасаған іргетасы негізінде қалыптасады. Академиялық өмірде, креативті талдауларда жазбалар мен музыка сияқты шығармашылық инновациялар ретінде жоғары бағаланады. Дегенмен идея сәнге айналғаннан кейін оны кез

келген аудитория қабылдай алуы керек, бір идея сөнге айналса, басқалары оны ұстана бастайды, олар трендтерді қалыптастыра отырып, түпнұсқалық пен сән туралы мәселе көтереді. Сонымен «сән» мен «дәм» сөздері, талғам, тіпті қарапайым талғам бар екенін, нақтырақ айтқанда, дүниеде басқа да бір ұғымның бар екенін көрсетеді, ал адамдар бұл түсінікке ден қояды. Мұнда өзіндік ерекшелігін қалай бағалаймыз; трендтер қалай қалыптасады және оны аудитория қалай қабылдайды деген үш түрлі сауалға назар аударуымыз керек. Біз тарихи режимдерге аналитикалық көзқараспен қарай отырып, олардың коммерциялық аспектілерін мұқият зерттеуіміз қажет. Сән эмоциялық қажеттіліктерімізге жауап бере отырып, тіпті оларды жасауға да көмектеседі. Тарихи трендтер оқшау түрде пайда болмайтындықтан, біз кең ауқымдағы контекстің ғылымды қалай қалыптастыратынын түсінуіміз қажет.

Трендтерді қолданыстағы болжамдарға, зерттеулердің белгіленген стильдеріне, қазіргі замануи әдістеріне қарап анықтай аламыз. Академиялық ортада бұл «ревизионизм» деп аталады және оның бір түрі, қолданыстағы жұмыстардағы қателіктерді, бұрыс түсіндірулер мен кемшіліктерді іздеу, одан кейін бұл әдісті қолданыстан шыққан, «ескірген» деп санауға болады. Мұндай әрекеттің тағы бір түрі – беделді еңбекте берілген дүниетанымға шабуыл жасау. Бұл ішінара мансап құрудың ажырамас бір бөлігі, тыңнан, жаңа және маңызды бір нәрсе жасау барысында көрініп қалу, ерекшелену ниетінен туындайды. Академиялық бағыттардағы барлық трендтер бір-біріне ұқсас түрде көрінеді, сонымен бірге тарихшылардың назарын аударуға бұл жеткілікті негіз болады. Алайда тарих пәнінің трендтері әсіресе қоғамдық жұмыстармен тығыз байланысты: журналистика, жаңа және қазіргі заман тарихы, халықаралық қатынастар, саясат пен әлемдік оқиғаларды зерделеудегі өзара байланыстар көптеген зерттеулерге жол ашады.⁴ Қазіргі кездегі кейбір көңіл алаңдататын жағдайлар тарихи жұмысты жазу кезінде әлеуметтік салдарға әкелуі мүмкін, бұл тарихшыларды айрықша мұқият болуға шақырады. Тарихи мәлімдемелер мен идеяларды қоғамдық өмірде қолдану күн өткен сайын артып келеді. Сонымен тарихи трендтер академиялық мәселелермен қатар кең пікірталастармен, жаһандық өзгерістермен, пікір ауанымен байланысты.

Сонымен қатар трендтер тарихи мәселелерді инновациялық тәсілдер арқылы зерделеумен де байланысты болады. Әлі сынақтан өте қоймаған бұл әдістердің өзіндік артықшылықтары да бар. Хелен Макдональд әртүрлі дереккөздерден алынған, түрлі уақыттар мен алуан елдерде бұрын өмір сүрген, ең жылдам жануарларға арналған «Сұңқар» (*Falcon*) атты кітабында зерттеу барысында «өзі ұшып өткен мәдениеттер дәуірінің жарқыраған құсын (бұл жаратылысы бөлек, ерекше құс көктен құйылып, аспанға самғап көтеріледі)...» суреттейді. Мифтер мен аңыздарды, поэзияны, зоологияны, экологияны, әскери тарихты, күнделіктерді, балалар әдебиетін, кино мен газеттерді біріктіре отырып, ол жаңа әрі жарқын пәнаралық тарихты жасайды.⁵ Көптеген жануарлардың осындай маңызға ие болуы жаңа перспективаларға жол ашатын сериялар жасауға арқау болды. Жануарларды зерттеу ісі әрдайым дамып отырады.⁶

Аталған кітапта бірқатар трендтер қарастырылған; олардың бірі дәуірлердің ежелгі үніне зер салатындықтан, оған жеке тарау арналды; себебі уақыт ағымына

сай цифрлық технологиялар тарихшылардың әртүрлі жазбаларына еніп жатыр. 10-тарауда экологиялық тарихтың тұрақты өсуі, түрлі дағдарыстар мен соғыстардың тәсілдерін кеңейтіп, жетілдіру сияқты өзге де трендтер тәсілдері қарастырылған. Жаһандық құбылыстарға көбірек көңіл бөлу, тіпті «жаһандық», «әлемдік» және «трансұлттық» тарих арасындағы айырмашылықтар, кейбір аудиториялар үшін әлі күнге дейін бұлыңғыр болып саналса да, таң қалдыратыны сөзсіз. Мұнда көптеген басқа да даму бағыттарындағыдай, географтар, материалдық мәдениетті зерттеушілер, постотарлық тарихты зерттеушілер және басқалар бірлесе жұмыс істейді, нәтижесінде бір-бірін өз жұмыстарынан хабардар ететін пәнаралық тәсілдер дамиды.

Тарих саласының кәсіби маманы болмаса да, бұл салаға деген адамдардың қызығушылығы төмендемейді әрі тарихи журналдардың, сондай-ақ, фильмдер мен романдардың, ойындардың, радио, телебағдарламалардың көптігі, өткен туралы белгілі бір пікірді пайымдауға, түсінуге жол ашады. Отбасы тарихы және жергілікті тарих әлемнің көптеген бөліктерінде әлі де сақталуда, бұған онлайн деректердің көбеюі бірден-бір себеп деп ойлаймыз. Кәсіби мамандар мен әуесқойларды біріктіру бұл бүгінде үлкен бизнес; ол күнделікті өмірден, шайқастардан, бейбіт келісімдерден және елдердің, ұйымдардың құрылуынан пайда көреді; шынында да, ашылған немесе аяқталған барлық құбылыстардың бәсекелесі болып саналады. Осылайша, есте қаларлық іс-шаралар көптеген адамдар үшін сәтті басқару кеңінінің басталуы немесе ең ауыр зұлымдық уақыты ретінде аталуы мүмкін.⁷

Өткеннен «сабақ алу» идеясы әрдайым өзекті болып қала береді.⁸ Кей кезде өткен мен бүгіннің арасында әлдебір ұқсастықтардың бар екенін айту үстірт пайымдауларға да алып келеді, дегенмен хронологиялық жағынан түрлі кезеңдердегі әралуан эпизодтардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды зерттеу пайдалы, бұл жағдайда, әсіресе, өрескел моральдық пікірлерден аулақ болу керек. Сириядан келген босқын балалар мен 1930–1940 жылдары фашизмнен қашқан көмелетке толмағандар қандай қасиеттерге ие екені туралы мәселелер белгілі бір нақты түсінікке, сондай-ақ, жанашырлыққа алып келуі мүмкін. Терроризм, қақтығыстар, мәжбүрлі миграция және саяси тұрғыдан ықпал етушілер туралы пікірталастардың негізі, әдетте, саяси алаңдаушылық пен гуманитарлық жанашырлықтан туады. Алайда мұндай зорлық-зомбылық тарихи жағдайларға магнит сияқты тартылып, өз әсерін тигізетінін мойындауымыз керек, бұл мәселелер көп жағдайда мінез-құлықтың экстремалды түрлерін сипаттауға негізделеді.⁹

Қақтығыстар мен еске алу

Танымал немесе мамандандырылған болса да, қарқынды қақтығыс жағдайларына деген қызығушылық бүгінгі тарихи іс-әрекетте үстемдік етуді жалғастыратын бірнеше құбылыстарды біріктіреді: көбінесе мерейтойлар төңірегінде ұйымдастырылатын зорлық-зомбылық пен соғыс туралы зерттеулер, кейде олар айып пен жауапкершілікті жүктеуге тырысады, содан кейін кешірім сұрау мен өтемақы

төлеу мәселелері зерделенеді. Бұған Бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты мерейтой мысал бола алады. Осы іс-шараларға белсенді қатысатын елдерде ерекше күрделі тарихи жағдайларды еске алу үшін бірқатар оқиғалар, көрмелер, жарияланымдар жариялау, хабарлар мен трансляциялар тарату сияқты жұмыстар жүргізілді. Мұндай мерейтойлар тартымды коммерциялық мүмкіндіктерді берумен қатар көпшілік алдында салтанатты түрде таныстыруға жол ашады. Бұл сондай-ақ жана тарихи перспективаларды дамытуға да мүмкіндік береді.¹⁰

Кристофер Кларктің «Айкезбелер: 1914 жылы Еуропа соғысқа қалай кірісті» (*The Sleepwalkers: How Europe Went to War in 1914*) атты кітабы – соғыстың басталуын сипаттайтын маңызды әрі ықпалды туындылардың бірі. Сонымен бірге К.Кларк тарихи тәжірибенің табиғатын да зерделейді. Ол кінәлау мен айыптаудан аулақ болып, соғыстың қалай басталғанына назар аударуды жөн санайды, «тарихты күтпеген жерден ашып беруге тырысады». Автордың «Айкезбелер: 1914 жылы Еуропа соғысқа қалай кірісті» туындысының бас кейіпкерлері ұйқыдағы, сергек, бірақ қайталанбайтын, армандарға ұмтылған, әйтсе де, олар әлемге қасірет алып келетін соғыстың шындығын көрмеген жандар.¹¹ Бұл тұжырым бес жүз беттен астам салмақты талдаудан тұрады, осылай талданып жазылса да, үнемі назар аударуды қажет етеді. К.Кларк өз-өзіне қолжұмсаушылар мен террористердің заманауи резонансының әсерінен мәңгі жасап келеді.

Керісінше, соғыс мерейтойына арналған көптеген шараларда қатысушыларды еске алуға, конфликтіге байланысты жәдігерлерге, нақты шайқастарға ерекше назар аударылды.¹² Соғыс пен оның зардаптарын еске сақтау мәселесін ХХ ғасырдағы зардаптарынан немесе жеңімпаздар мен жеңілгендердің ұстанымдарынан ажырату мүмкін емес. Бірінші дүниежүзілік соғыстың мерейтойына арналған іс-шаралар 1914 жылдан 1918 жылға дейін белгіленген, содан кейін 1919 жылы Версаль Бейбітшілік келісіміне қол қойылды. Жүз жылдық мерейтойлар да қайта бағалауға түрткі болуы мүмкін. Роберт Герварт «Жеңілгендер: Бірінші дүниежүзілік соғыс неге аяқталмады және 1917–1923 жылдарға шолу» (*The Vanquished: Why the First World War Failed to End, 1917–1923*) кітабында осы кезеңге жаңа көзқараспен қарауға тырысты, онда Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін бірден бейбітшілік пен саяси тұрақтылық болды деген идеяны жоққа шығарады. Осылайша бір мерейтойлар қалыптасқан болжамдарды, соның ішінде моральдық болжамдарды күшейтеді, ал басқаларында олар Р.Герварттың Орталық Еуропаны, бұрынғы Осман империясын, Ресей мен Ирландияны, яғни барлық жеңілген мемлекеттерді бір томда қарастырған зерттеуінде жасаған әрекеттерін айтарлықтай қайта бағалауға алып келеді.¹³

Біз Бірінші дүниежүзілік соғыстың жүз жылдық мерейтойы аясында түрлі пікірлер білдірдік. Тарихтың соғысқа қатысты бүгінгі күні дамып келе жатқан бір саласы – әскери тарих. Бұл саланың әскери дайындықпен байланысы, маңызды мәліметтерді жинауы, зерделейтін мәселелері жағынан оқырмандар мен зерттеушілер үшін академиялық тарихтағы орны салмақты саналады. Аталған саланың уақыт өткен сайын атап айтқанда, жастар арасында, теледидар бағдарламаларында, кітап дүкендеріндегі көптеген кітап атауларында, киноблоктар мен



10.1-сурет. Эрнст фон Бандель. *Герман ескерткіші*

Мыс, темір және құмтастан жасалған. Биіктігі – 53.44 метр. Германиядағы Детмольд қаласының маңында орналасқан бұл ескерткіш 1875 жылы ашылған.

Тевтобург орманды алқабында орналасқан аталмыш үлкен ғимарат қоғамдық тарихты түсінуге мүмкіндік береді. Бұл осы монументті тұрғызған мүсіншінің сүйікті жобасы болған әрі оны жасау үшін бірнеше онжылдықтар бойы еңбек еткен. 1838 жылы басталған ескерткіш Германия біріктірілгеннен кейін 1875 жылы ашылған. Бұл ескерткіш б.з. 9 жылында үш римдік әскери бөлімнің сарбаздарын тұзаққа түсіріп, қырып-жойған Герман немесе тарихта Арминийдің құрметіне қойылған. Эстетикалық тұрғыдан, көзге бірден түсетін жерде орналасқан бұл монумент шайқас орны анықталған орыннан көптеген шақырым жерге тұрғызылған. Бір жағынан Эрнст фон Бандель көпшілікке неміс тарихының бір бөлігін өте ұлтшыл рухта ұсынды.

Аталған ескерткіштің сайтына кіріп көрсеңіз, мұнда Бандель ержүрек тұлға ретінде сипатталады әрі оның жасаған ерлігі туралы мол мәлімет беріледі. Сонымен қатар 1893 жылы Бисмарктың сексен жылдығына орай оған мемориал тұрғызылды. Заманауи үлгіде жасақталған ақпараттық желілерде де Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі монумент

академиялық басылымдарда, туризмде танымалдығы мен мен көрнекілігі арта түсуде. Мұнда кәсіби, қоғамдық және әуесқой тарих арасындағы байланысты зерттеуге байланысты мысал келтірілген.

Әскери тарихтың нені қамтитыны анық емес болса да, мамандар соғыс пен оның тарихы, әскери, стратегиялық зерттеулер, әскери ой тарихы, халықаралық қатынастар мен әскери тарих арасындағы айырмашылықтарды жақсы біледі. Жалпы әскери зерттеулердегі бейбітшілік пен тыныштық мәселесі осы саладағы тарихшы мамандардың әлеуметтік, гуманитарлық және тағы басқа сала ғалымдарымен бірлесе зерттейтін пәнаралық бағыты. Мен бұл ғылыми еңбегімде қорғаныс, стратегия, жауынгерлік күштер мен соғыстың барлық аспектілерін жан-жақты тарихи тұрғыдан зерттеу барысында «әскери тарих» терминін барынша кеңірек қолданамын. «Әскери» деген терминді естігенде, бірден әскерлер көз алдыңызға келеді, сондай-ақ, әскери институттар мен оның қолбасшылары туралы, қажырлы сарбаздар мен болашақты болжай білетін мықты стратегтерді елестетеміз. Әскери тарих, бұл біз ойлағаннан да кең ауқымды қамтиды, атап айтсақ, қымқуыт шайқастар мен сан қилы соғыстарды, соғыс өнері табиғаты мен қоршаған ортаға әсерін, тіпті, осы соғыс тактикаларының барлық құрылымдарын қарастырады. Ол өткеннің көп бөлігіне, соның ішінде экономикалық, саяси, әлеуметтік әрі мәдени құбылыстарға әсер ететіндіктен және ғылым, медицина мен технология тарихымен, ауызша тарихпен, қазіргі заманғы тарихпен, салыстырмалы тарихпен, сондай-ақ өзге де көптеген қосалқы салалармен байланысты болғандықтан, оның пәнге қатысты әдіснамалық маңызы күмән тудырмайды. Сөз тұтас қоғам оның экономикалық, технологиялық әлеуеті мен саяси құрылымдары, әсіресе, мемлекеттік басқару аппараты, білім беру саласы мен кәсіптік даярлық, кәсіби қызметті ұйымдастыру, әлеуметтік нысандар мен ұлттық, аймақтық, этностық, таптық және жыныстық ерекшелік, сондай-ақ мәдени өнімдер жайында болып отыр.

туралы түсініктеме берудің жолдары қарастырылуы керек. Мұндағы мәліметтер мейлінше бейтарап сипатта жазылған, дегенмен Бандельдің ескерткіштің төменгі жағына ілінген ақпараттық тақтайшада жазылған дәйексөздегі француздарға қарсы пікірі көңіл-күйге әсер етуі мүмкін. Осылайша көпшілік өткен туралы және ХІХ ғасырдың соңында қайта зерттелген неміс халқының ежелгі тарихы туралы жан-жақты түсінік алады. Бертін келе мемориал орнатылған орынға өзгеріс енгізілді, оның нәтижесінде келушілер жергілікті аймақтың өдемі көрінісін тамашалау үшін жоғарыға көтеріле алады.

Мемориал орнатылған жердің маңайында кафе, дүкен мен демалысқа арналған өзге де орындар бар, тиісінше оларды да туристерді қызықтыратын, тартатын көрнекі жер ретінде қарастыруға болады. Мұнда тарихшылардың қоғамдық тарихқа талдау жүргізу барысында кезігетін қиындықтарды байқаймыз, себебі онда келушілердің тарихты қаншалықты білетіні әрі оны көргенде туындайтын эмоциялық реакциясы қандай екені белгісіз. Гитлер Арминий тарайтын херсуки тайпасының өкілі ретінде сипатталған. Мұндай тұлғаға орнатылған монумент дау туғызуы мүмкін. Керісінше, бұл тарихи тұрғыдан көрнекі саналады, өйткені оны жасаушылардың бастапқы мақсаты бұл емес еді, дегенмен олар оны өткен туралы түсінік беретін ұлттық символға айналдырғысы келді.

Сондықтан әскери тарих – тарих тәжірибесінің маңызды бөлігі деп айтуға толықтай негіз бар.¹⁴ Алайда бұл мемлекет мүддесі, ішкі және сыртқы саясат, дипломатиямен айналысатын кез келген көнекөз тарихшылардың немесе көп жағдайда соғыс өнері, кішігірім шайқастар, әскери киімдер мен қару-жарақтар және тағы басқаларды қамтиды. Бұл тарих саласына мамандану барысында пәнді оқытуда күрделі сауалдар тудыратын немесе қалыптасып келе жатқан қағидаларға теріс көзқарас қалыптастыратын пайдасыз, анық емес стереотиптер. Жаңа журналдарды жарыққа шығарудан айқын көрінетін академиялық зерттеулердегі мамандандудың жоғары деңгейі өз тарихынан өзгеше тарихи стильдердің экспоненттеріне ықпал ету арқылы мұндай болжамдарға қарсы тұру мүмкіндігін азайтады. Дәл осы себептен соғыстың тарихи және заманауи құбылыс ретіндегі маңызын ескере отырып, әскери тарихты сыни тұрғыдан түсінуді қамтитын тарихи білім қажет. Бұл жағдайда әскери тарих сынды салаларды оған қызыға қарайтындарға ғана тиесілі сала деп қарауға келмейді, ол жаңадан ашылған ұйымдар мен жарық көретін кітап серияларының қарқыны, сондай-ақ эклектикада дамып келе жатқан журналдар заңдылығында белгілі бір өзгерістердің болуы, интеллектуалдық ашықтық, сонымен бірге, олардың мәртебесі мен сәндегі рейтингісінің кейбір құрамдас бөліктері туралы айтылатын идеяларға алдын ала ұйымдастырылған шабуылдар деп санауымызға болады.

Бірінші дүниежүзілік соғысты еске алу талай тарихи туындыларды дүниеге әкелгенімен, «әскери тарихты» дамытудағы өзге де жолдарды атап өткен жөн; таңылған атауды қолданатын соғыс пен армия тақырыбында жазатын жазушыларды ыңғайсыз жағдайға қалдырмас үшін тырнақшаны қолдандым. Соня Невиннің «Классикалық грек соғыстарындағы әскери көшбасшылар мен киелі кеңістіктер» (*Military Leaders and Sacred Space in Classical Greek Warfare*) туралы еңбегін әскери тарих каталогына енетін кітаптар қатарына жатқызуға болады, әйтсе де бұл туынды аталған стереотиптердің ешқайсысына сәйкес келмейді.¹⁵ С.Невин діндер мен соғыстар арасындағы байланысты зерттеуде кейіпкерлердің, әсіресе көшбасшылардың киелі жерлерде өздерін қалай ұстай білгендері туралы жазады. Ол соғыстағы кейбір құндылықтардың қалай берілетініне, олардың «мінез бен мораль, тақуалық пен қорлау, билік пен ондағы өзгеріс идеяларын қалай білдіргеніне» алаңдайды.¹⁶ Оның терең әрі тұшымды талдауы моральдық тұрғыдан жауапкершілікті арттыратын іс-әрекеттердің сипатталуын, тарихты жазылуын, дінге көзқарас пен қорлауды, сонымен бірге әскери басшылардың бағалануын сипаттайды. Демек, ол қазіргі заманғы қуатты резонансқа ие.

Бүгінгі күндегі қақтығыстар кейбір тарихи тұжырымдарға да әкеледі, мысалы, Таяу Шығыстағы, әсіресе Сириядағы, басқа да аймақтардағы зорлық-зомбылықтар мен тұрақсыздыққа душар болу; бұл жағдайларды Дэвид Такер «жүйесіз соғыс» деп атайды.¹⁷ Бұл тұжырымнан бірқатар трендтерді байқаймыз. Қазіргі оқиғалар журналистерге, сонымен бірге тарихшыларға, саясаттанушыларға, осы салаға қатысы бар барлық мамандарға жаңа туындылар жазуға итермелейді.¹⁸ Өткен мен қазіргінің түрлі авторлық құқықты қамтитын мұндай зерттеулері мен зерттеу салаларының өзара үйлесуі, тұтастай алғанда, пәннің дамуына толық сәйкес келеді. Баспагерлер авторларды таңдау мен кітап серияларын шығару барысында маңызды рөл атқарады.

Самер Нассиф Аббудтың «Сирия» (*Syria*) атты кітабы «Жаһандық саясаттың тартысты алаңы» сериясымен жарық көрді. Бұл тұрғыдан С.Н. Аббуд: «сириялық дағдарысқа кіріспені неғұрлым күрделі түрде ұсынғысы келетінін, сөйте тұра, бұл қақтығыстың дихотомиялық, сызықтық, қатаң терминдерін білдірмейді» дейді.¹⁹ Ол бұқаралық ақпарат құралдарындағы жеңіл-желпі жарияланымдар мен моральдық тұрғыдан өрескел қайшы пікірлерді сынға алады. Канадада дүниеге келген автор он екі жасында жыраққа қоныс аударады, кейін туған елі туралы жазып, күретамыры сол елі деп соқса да, қайтадан көшіп баруына еш мүмкіндігі болмағаны турасында өз оқырмандарымен ішкі сырын бөліседі.

Қазіргі қақтығыстар әлемді алаңдататыны сөзсіз және бұл осыған дейінгі оқиғаларды салыстыра қарауға да зор ықпал етеді; қақтығыстардың қайсысын алып қарасақ та, басым бөлігі өз маңызын жоймайды. XX ғасырдағы қайшылықтарға толы азамат соғыстарының жер-жерлерде етек алуы – осының айқын дәлелі. Осы тақырыпқа арналған журналда қазіргі азаматтық соғыстардың себеп-салдарына арналған көптеген мақалалар жариялануда. Мұнда азаматтық соғыстарға уақыт пен кеңістіктегі ортақ белгілеріне негізделген дәйекті аналитикалық категория деген тұжырым келтірілген. Бұрынғы уақыттардағы азаматтық соғыстардың кемшіліктері болмаса да, соңғы жүзжылдықты қамтитын көптеген мақалаларда бұл туралы аз жазылып жүрген жоқ. Азаматтық соғысты анықтаудың қиын екенін инаугурациялық редакция да мойындады.²⁰ Бұл маңызды заманауи құбылыстар болғандықтан, сайлаушылар, саясаткерлер мен үкіметтер, сондай-ақ ғалымдар да қызығушылық танытады, аталған журналда бүгінгі қақтығыстардың тарихи тәжірибеге, оның ішінде кезеңдеу үлгілеріне қалай әсер ететіні туралы айтылады.

Ал зорлық-зомбылықтың тірі куәгерлері өз басынан өткен қиыншылықтары туралы ортаға салғысы келетіні де рас, бұған көпшілік те құрметпен қарап, бұлтартпас тарихи дәлел екеніне сенім артады. Бұқаралық ақпарат құралдары репортаждарға назар аударса, ал тарихшылар оқиғаларды кеңірек талдап, түсіндіру мен бағалауды өзара үйлестіре қарау барысында кейбір қиындықтарға тап болады. Бұқаралық ақпарат құралдары тарихи оқиғалардың тек тірі куәгерлеріне ғана емес, сонымен қатар олардың терең сырларымен бөліскісі келетін туыстарына да сайтқа кіріп, өз пікірлерімен бөлісулеріне мүмкіндік береді. Нәтижесінде, әскери тарих туралы жазбалар кең ауқымды қамтиды. Мұндай қызығушылық туғызатын шарттардың бірі – туризм. Әдетте ұрыс алаңдарына саяхат жасау мен концлагерьлерге бару айтарлықтай дамып келеді, әсіресе, мектеп оқушылары үшін ол үйреншікті жағдайға айналды, бұл тарих сабақтары деректеріне деген берік сенім қалыптастыруы мүмкін.²¹ Осы жағдайда соғысқа байланысты, кейінгі уақыттағы ұрыстар мен империялық әрекеттерге, Холокостқа байланысты музейлердің де саны артып келеді. Соғыс бұл аптаның жеті тәулігіндегі әрбір жиырма төрт сағаттағы қасіретті хабарлар мен ащы шындық қана емес, сонымен бірге демалыс индустриясының негізі саналады.

Әскери тарих экономикалық және технологиялық детерминизмнің алғашқы тарихнамасының қалануына да өз әсерін тигізеді. Соғыс сипатындағы өзгерістер енді жаңа материалдармен, әдістермен, қару-жарақтармен және т.б. байланысты емес. Әлеуметтік ұйым, саяси құрылымдар мен сыртқы саясат арасындағы күрделі



10.2-сурет. Джойс Кэрнс. *Майданек концлагеріндегі аяқ киімдер*, 2002–2005 жж.

Ағашқа салынған сурет, ұзындығы – 183 см, ені – 244 см, 2002–2005 жж., жеке коллекция. Суретшінің келісімі бойынша қолданылды.

Шотландиялық суретші Джойс Кэрнс 1947 жылы дүниеге келген. Оның әкесі Екінші дүниежүзілік соғыста Тунисте бірінші армия сапында, одан кейін Солтүстік Еуропада Нормандиядан Бременге дейін соғысқан. Көп жыл бойы Франция мен Тунисте әкесінің жүрген жолы бойынша жүріп өтіп көп мәлімет жинаған ол, сондай-ақ Германия, Австрия, Чехия мен Польшадағы соғыс болған жерлерге саяхат жасаған. Осылайша ол әскери турист атанды. Суретшінің 2006 жылы Абердинде өткен көрмесінде соғыс тақырыбына қатысты суреттер көпшілік назарына ұсынылды. Джойс Кэрнстің «Әскери турист» (War Tourist) еңбегі суреттер тізімі ғана емес. Бұл туындыға оның дәлелдері, түсірген фотосуреттері, күнделіктерінен үзінділер, отбасы мүшелерімен сұхбаттар және өнер тарихшысы, әскери тарихшы әрі суретшінің эсселері кіреді. Осылайша өнер көрмесіне қатысты басылым «Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» еңбегінде қайталанатын көптеген тақырыптарды жан-жақты зерделейді. Майданек концлагеріндегі аяқ киімдер. Польшаның Люблин қаласының маңында орналасқан Майданек концлагеріндегі аяқ киімді бейнелейтін бұл суреттің палитрасы жасырын әрі көрген адамға ықпал етпей қоймайтыны белгілі. Суретте аяқ киімдер құлап бара жатқан сияқты бейнеленген. Д.Кэрнстің еңбегі визуалды өнердің тарихи тұрғыдан түсініктеме ретіндегі рөлін растайды. Мұнда есте сақтау тақырыбы туралы, атап айтсақ, қайтыс болған әкесін еске алуы, концлагерьдегі көріністер, отбасылық түрлі естеліктер, адамды зерттеудегі әр алуан тәсілдер, сонымен бірге өздерінің естігендері мен білгендері жайында сөз қозғалады. Автордың жанрлар мен бұқаралық ақпарат құралдарын өз кітабында бірге қарастыруы бұл екеуінің өткен уақыт туралы әңгімелермен (бұл әңгімелерді құрастыруға тарихшылар да үлес қосады) күрделі байланысын көрсетеді. Д.Кэрнстің керемет суреттері қазіргі көзқарас тұрғысынан ұсыныла отырып, өткенге назар аударады. Ол жай ғана тарихшы емес, қоғамдық тарихқа да үлес қосқан зерттеуші. Қараңыз: Уотсон (2006)

қатынастарды, ғылым мен техниканың рөлі, әскери ойлау мен жағдайларды түсіндіру кез келген тарихшыдан кәсіби машықты талап етеді. Әскери тарихтың ондаған жылдардың зерттеулеріне арқау болатын интеллектуалдық ауқымды нысандары соғыстар мен қарулы күштердің түрлі жағдайларды өзгертуге қауқары жетеді деген сынды тарихшылардың кейбір көзқарастарын түбегейлі өзгертуі мүмкін.²²

Академиялық ортадан алыс адамдар үшін әскери тарих абстрактілі талдау емес, белгілі бір шайқастар мен жерлердің өзара байланысын анықтайтын әрекеттесу тәсілі саналады, сол себепті олар маңызды болып есептеледі. Елеулі оқиғалар болған жерде болу, атап айтсақ, жою лагерлерінен, белгілі бір тұтқындау орындарынан немесе ұрыс алаңдарынан қашу – айтарлықтай эмоциялық салдарға алып келуі мүмкін екенін тіпті де жоққа шығаруға болмайды. Бұлардың тарихи түсініктер қалыптастыруға қалай ықпал ететіні туралы нақты дәлел қажет, бұл сөзсіз көптеген дәлелдемелерді сыни тұрғыдан бағалаумен, нақты деректермен сәйкестендірумен тығыз байланысты. Белгілі тарихи оқиға болған жердегі кейбір деректердің сол орында аз кездесуі кейбір талдауларды тұжырымдау барысында қиындықтар тудыратыны жасырын емес. Бұл ретте сол орындардағы тарихи түсіндіру орталықтары маңызды рөл атқарады. Мұндай жағдайда қандай сайттар қажет, олардың мазмұны нені қамтуы керек екенін анықтап алу қажет. Соғыс болған жерлер өзінің тарихи сырын шертеді деп ойлайсыз ба?²³ Концлагерьлерге қойылған адамдар тұтынған заттарды, мысалы, олардың көзілдірігін, шашын, аяқ киімдерін көру де бір ғанибет. Мұндай күнделікті тұтыныстағы заттарды аталған контексте көру олардың иелері шеккен азап пен қасіретті барлық келушілердің сезініп, елестетуіне итермелейді. Тіпті дәл осындай өзінің ол жерде болғанын көрсететін триггерлерсіз-ақ, өзгелермен тәжірибе алмаса отырып, дәлел ретінде фотосуреттер ұсыну – бүгінгі күннің ажырамас бөлігі болып саналады; бұл коммерциялық қызмет болса да, санамызға сіңіп кеткені соншалық, бүгінде демалыс нысандарында солай болуға тиіс сияқты назарға да ілінбейді. Осындай процестердің нәтижесінде қиялдағы қоғамдастықтардың жаңа түрлері қалыптасады.²⁴

Өкіну мен жауапкершілік

Соғысқа деген қызығушылық мен жоғарыда сөз еткен екі трендпен тығыз байланысты. Біріншіден, зорлық-зомбылық пен азап шегудің қасіреті туралы ақпаратқа деген сұраныс бар екенін білеміз. Бұқаралық ақпарат құралдарының осындай зиянды қызығушылықтың жетегінде кету деңгейі әр елде әртүрлі екенін мойындауымыз керек. Адамдардың шектен шыққан әрекеттері, көрген қиындықтары, оларды жеңу жолындағы күресі, сондай-ақ өткен қоғамдардағы қатыгездік пен азаптау тарихын, соғыс қасіреті және биліктің қыр-сырын білуге деген құштарлық пен қызығушылық бүгінгі күнде де еш кеміген емес. Студенттер Гитлер, Сталин, Муссолини мен олардың режимдеріне ерекше қызығушылық білдіреді. Концлагерьлер туралы телевизиялық бағдарламалар, кітаптар мен мақалалар өте

көп. Авторитаризм мен қақтығыстарға арналған тарихи дискурстар жалпы көз-қарас тұрғысынан қарастырылуы керек. Кейбір қорқынышты жағдайлар үшін жауапкершіліктің жүктелуі сол әрекеттің қаншалықты анықталып, түсіндірілуімен байланысты. Осы жағдайда өмірбаян жанрының көпшілікке қаншалықты танымал екеніне бір сәт көз жіберіңіз. Өткен өмірдің салыстырмалы түрде аз бөлігі тирандықпен немесе физикалық күш көрсетумен байланысты болса да, мұндай құбылыстарды жеке адамдармен байланыстыру оларды қолжетімді етіп қана қоймайды, сонымен қатар бұл әрекеттердің аталған адамдар арқылы қалай пайда болғанын түсіндіруге мүмкіндік береді.²⁵

Ал екінші жағдай жәбірленушілер мен олардың өкілдерінің бұрынғы әрекеттері үшін жауапкершілікті мойындарына алып, кешірім сұрау, ал кейбір жағдайларда залалды өтеу, мысалы, заңсыз тәркіленген мүлікті қайтару немесе өтемақы төлеу туралы талаптарынан туындайды. Кешірім туралы дискурстар уақыт өткен сайын көбейіп және бұл құбылысқа ғылыми қызығушылық артып келеді.²⁶ Алайда соғыс зардабын тартқан елдердің көбі мұндай талаптарды бәріне бірдей қоя бермейді. Мұндай дискурстар, атап айтсақ, мысалы, прагматикалық ұстаным басым Вьетнамда байқалмайды: бұрын тырнағы батқан алпауыт қысым жасаушыларға бағалы сауда серіктестері болуға мүмкіндік берілуде. Міне, осы ретте, кешірім сұрауға байланысты шарттар бірізді болмағандықтан, мұндай жағдайлар тарихшылардың назарын аудартары сөзсіз.

Ал қарулы қақтығыстар көп жағдайда кешірім сұрау контекстінде қарастырылады. Бұған өзге мысал ретінде, құлдық, балаларды ата-анасынан мәжбүрлі түрде ажыратып, алып кету, оларды қорлау сынды әрекеттерді атауға болады. Жәбірленушілердің ұйымдары көбінесе үкіметтер мен мекемелердің басшыларын кінәсін ретроспективті түрде мойындауға мәжбүрлейді. Әскери қылмыскерлерге қатысты сот процестерінде белгілі бір адамдарға ғана айып тағылады. Бұл жеке адамдардың, мекемелер мен мемлекеттердің жауапкершілігі туралы және соғыс туралы түсініксіз идеялармен байланысты өте күрделі құбылыс. Аталған әрекеттер интуитивті түрде қанша қорқынышты саналса да, оларға байланысты моральдық пайымдар көп жағдайда қайшылықты болады. Әрине, қатігездікке жол берілмейді, бірақ кейбір мәселелерге байланысты адамгершілік биігінен қарау да қайшылықты мәселе.

Кешірім сұрау – бұл өкіну, өз қатесін мойнына алу, келтірілген шығынды өтеу, жауапкершілік пен жазалау сынды ұғымдардың қысқаша мазмұны. Жалпы кешірім сұраудың символдық мәні де маңызды: бұл заңсыз әрекеттерді мойындатады; кінәліні тауып, жауапкершілікті тиесілі топтарға, сол іске қатысты адамдарға жүктейді; жәбірленушілердің іздегені де сол. Жауапкершілік пен кінәнің арасындағы айырмашылық өте маңызды. Жауапкершілік себеп-салдарлық талдауды білдіреді. Ал кінәға эмоциялық салмақ жүктеледі, сонымен қатар әділеттілікке де жол ашады. Кінәліні анықтау барысында, кінәлі тарап өз қатесін мойындап, соған сәйкес әрекет етуі керек; қажет болған жағдайда, мысалы, өтемақы да ұсынуы мүмкін. «Мен жауаптымын» деген мәлімдеме, кез келген жағдайда ол адамның жауапты болатынын білдіре бермейді.

Белгілі бір оқиғаға байланысты жауапкершілікті жүктеу сол оқиғаның барысы туралы үстем пікірге де байланысты; бұл процесс көп жағдайда екі тараптың да қолдауына ие болған әрі алдын ала дәйектелген тарихи талдауға сүйенеді. Ал әскери тұтқындарға қалыпты қарым-қатынас жасап, қиянатқа бармау, ақиқаттың аражігін ажырату да қиын, бірақ онсыз тұтқындардың түрме қызметкерлеріне қатысты талаптарын шешу мүмкін емес. Бір тараптың жасаған қиянатын екінші тарап әдепкі жағдай деп қарастыруы мүмкін. Кеңірек түрде қарастыратын болсақ, бұл жағдайда тарихшылар жауапкершіліктің кімге жүктелетінін қарастыруы қажет. Жеке, ұжымдық және институттық жауапкершіліктер арасындағы айырмашылықтарды қалай ажырата аламыз? Тарихшылар жауапкершілік туралы белгілі бір шешім қабылдау барысында заңды түрде қандай дәлелдерді қолдана алады? Тарихшылардың әлдекімдерді түрмеге қамауға, мүлікті тәркілеуге немесе өлім жазасына алып келуі мүмкін процеске қатысуы моральдық тұрғыдан дұрыс па? Кейбір түсінік берушілер тарихшылардың осы күрделі мәселелерге белсенді қатысу қажеттігін растауы мүмкін, осы істі нақтылау барысында олар өздерінің арнайы машықтарын қолданады. Мұндай мәселелер бойынша жалпы ұстанымды қабылдағаннан гөрі, әр жағдайды зерделеген жөн.

Тарих алдындағы жауапкершілік туралы ойлау бізге «жауапкершілік» деген ұғымның, бұрын өмір сүрген адамдарға да, тарихшылардың өздеріне де қатысты екенін жақсы түсінуге көмектеседі. Тарихи тәжірибе сөзсіз моральдық қайшылықтар тудырады. Бұл барлық тарихшылар үшін күрделі мәселе саналады. Тіпті қазір жұмыс істеп жатса да, тынымсыз ізденісте болса да, не кей жағдайға салқынқанды болса да, бұдан кез келген тарихшы сырт айналып кете алмайды.

Кешірім сұрауға жауап ретінде қысым жасау, сотқа беру, үкімет пен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін бақылай отырып, тарихшылар өздері тарихи құбылыс болып саналатын жауапкершілік туралы түсініктерді тексеріп, нақтылай алады. Бұл әрдайым «батырлар жауыздыққа қарсы» мәтелінде айтылғандай, жиі талқыланатын эмоциялық мәселелер. Өткен әрекеттері үшін біреудің кешірім сұрауын талап етудің артында абсолютті ойлау мен тарихи талдау жеткіліксіз болып көрінетін эмоциялық энергия, соның ішінде ашу мен қаһар жатыр.

Дэвид Ирвингтің Дебора Липштадт пен Penguin Books баспасын сотқа берген ісі осыған мысал болады. Қазіргі Германияның жетекші тарихшысы Ричард Эванстың қорғаушы сарапшы ретінде шақырылғаны туралы әсерлі жазылған. Бұл сот процесі «Теріске шығару» (*Denial, 2016*) фильміне негіз болды, ол тарих туралы қызу пікірталасты кең аудитория назарына ұсынды. Тарихшы Дебора Липштадт жазушы Дэвид Ирвингтің тарихи жазбаларды бұрмалағанын жазбаша түрде де, ауызша түрде де мәлімдеді. Д.Ирвинг бұл істе жеңіліс тапқаны рас, Р.Эванс оны «тарихи құжаттарды бұрмалаушы әрі Холокостты жоққа шығарушы» ретінде қатты айыптады. Бұл жағдайды кең ауқымда алып қарайтын болсақ, бұл процесс бұрынғы іс-әрекеттерге деген жауапкершілік мәселесі туралы болды және бір тарихшының басқа бір зерттеудің кемшіліктері туралы мәлімдемелерінен туындады. Р.Эванс Холокост құрбандарына арнаған кітабында: «лагерден аман қалғандарды соттын қоғамдық орындықтарынан көру – біз талқылаған

мәселелерді күн сайын еске түсіріп отырумен бірдей» деп толғанды.²⁷ Сот ісінің мақсаты кешірім сұрату емес еді, бұл ретроспективті жауапкершілікті дұрыс жүктеу аса маңызды міндеттерінің бірі саналатын тарихшылардың жауапкершілігіне қатысты болады. Тарихшылар бұрынғы оқиғалардың куәгерлері саналады, сондықтан біздің сипаттамаларымыз мүмкіндігінше әділетті болуы керек.

Біздің білуімізше, соғыстар мен зорлық-зомбылық барлық қоғамдарда кездеседі. Барған сайын қаруланған, санкцияланған қақтығыстар үйреншікті құбылыс саналады және құқық бұзушылықтар орын алған кездегі наразылықтар да солай.

Нақты тұжырымдалған ережелер мен шын мәніндегі соғыстың бейберекет процестері бір-бірімен үйлесе бермейді, ал халықаралық құқықтың мәртебесі мен тиісті мінез-құлық кодекстері қызу талқыға түседі. Құқық бұзушылықтарға назар аудару және оларды түзету әрекеттері соғысты жеңілдетуге көмектеседі. Тарихи деректерді ескерсек, бізді соғыстың қатыгездігі мен барлық қатысушылардың мойындауы мүмкін конвенциялардың үнемі бұзылуы неге таңғалдырады деген сұрақ туындауы ықтимал. Өткен тарихтан сабақ алу мүмкіндігі бар деп есептесек, мұны сол сабақтың бірі деп қабылдауымыз керек.

Өткенді елестету

Белгілі бір оқиғаларға негізделген фильмдер, әсіресе оған танымал актерлер қатысса, көпшіліктің назарын аударады. Мысалы, «Теріске шығару» фильмінде Д.Лиштадтың рөлін марапатталған актриса Рейчел Вайс сомдады. Хелен Миррен 2015 жылы «Алтын әйел» (*Woman in Gold*) фильмінде нацистер тәркілеген картинаны қайтарып алғысы келетін қарт еврей әйел рөлінде ойнады. Бүгінгі күндегі танымал мәдениетте өткенді санада жаңғыртудың тарихи тақырыптарды цифрлық ойындар арқылы беру сияқты визуалды машықтарға негізделген кең таралған тәсілдері де бар. Технологиядағы соңғы жетістіктер бейнелердің көбірек таралуына мүмкіндік жасап қана қоймай, цифрлық өңдеу, ультрадыбыстық және магниттік резонанс арқылы бейнелердің жаңа түрлерін де жасауға жол ашты. Көрнекі репрезентациялаудың қалыптасқан формалары жанаша қолданылуда. Графикалық тарих өткеннің күрделі аспектілерін қолжетімді тәсілдермен бере алатын маңызды жанрға айналды. Графикалық романдар оқырмандарға бұрыннан таныс болуы мүмкін, әйтсе де мен қолданатын алғашқы мысал бүкіл әлемге танымал болды. Аталған тренд түрлі аудиторияларды қамтуымен және фотосуреттер мен тінді үйлестіру арқылы бірден әсер ету күшіне ие. Үш мысал графикалық сюжеттердің кейбір жұмыс тәсілдерін көрсетеді.

Арт Шпигельман «Маус: тірі қалған адамның әңгімесі» (*Maus: A Survivor's Tale*) туындысы үшін 1992 жылы Пулитцер сыйлығын алды. А.Шпигельман ақ пен қара суреттер арқылы әке оқиғасын бере, кадрдағы қысқа әңгімелерді баяндай отырып, Холокосттағы бір адамның басынан өткен оқиғаларын ұсынады. Тышқандар, мысықтар, шошқалар мен иттер – еврейлер, нацистер, поляктар және америкалықтар сияқты негізгі топтарды меңзейді.²⁸ Ол әкесінің ағылшын тілінде

сөйлеу стилін қайталайды: «Бұл алыс емес болатын, сондықтан да Белсенге бір-неше күнге бардым. Бір күні таңертең мен жақсы танымайтын бір топ келді, бірақ олардың арасында менің қаламнан келген екі қыз болды...».²⁹ Осындай тәсілдер біріге келе драмалық, эмоциялық тұрғыдан лезде әсер етеді.

А.Шпигельман өзінің ұстанымын айқындау үшін бірқатар көрнекі құрылғыларды қолданады. Аса айшықты кадрлар тізбегі арқылы барар жері жоқ ата-анасының аянышты бейнесін және олардың жолы свастика сияқты иірленіп түскенін көреміз.³⁰ А.Шпигельман өзі бейнелеген жануарларына киім де кигізген; бірақ соның өзінде олар натуралистік бейнелер сияқты әсер қалдырады. Қалай десек те, біз тышқандарды көргенде мейірімділікті сезініп, мысықтар мен шошқаларға келгенде қорқынышқа бой алдырамыз. Аталған картинада қарапайым хронологиялық жүйе жоқ, ол бар болғаны автордың әкесін кейде ашуымызды келтіретін, кейде қыңыр әңгімеші ретінде ұсынады.

Бұл өткенге оралудың ерекше тәсілі екені анық. Топтар нақты анықталған, ескертулер мен библиографиялардан тұратын күрделі сипаттама жоқ. Сөйлеу



CANADA'S INTERNMENT OF UKRAINIANS - 1914-1920

Remember | Resist | Redraw
A Radical History Poster Project

The Graphic History Collective is collaborating with a number of artists and writers to create an ongoing poster series that offers alternative perspectives on well-known historical events, and highlights the histories of Indigenous peoples, women, workers, and other oppressed people who are often overlooked or marginalized in mainstream historical accounts.

**REMEMBER
RESIST
REDRAW**

Since January 2017, we have been publishing posters for free on our website. Like our previous books about working-class history (*May Day and Drawn to Change*), each poster is published with a formal essay by an artist or activist for context.

We want to share these posters widely. We have exhibited the posters at conferences, schools, workshops, events, in pop-up galleries and online. If you are interested in hosting an exhibit, please get in touch and fill out this form.

In order to change the world, we need to be able to imagine alternative ways of living and organizing to bring about social change. We combine art and history because it helps us fuel our radical imaginations and dream of what might be.

We hope you will join us on our journey to use activist art to remember, resist and redraw our world with an eye to changing it for the better.

Enjoying Remember | Resist | Redraw? Here's how you can support the project

10.3-сурет. Graphic History Collective веб-сайтынан алынған скриншот

ерекшеліктері анық білінетін жалғыз басым дауыс бар. Бұл дауыс қайта-қайта «менің өмірімнің кей тұстарын кітапқа енгізбе» деп сұрайды. Бірақ баласы бұл өтінішті құлағына ілмегені анық.³¹

«Маус» өткен күндер тәжірибесінің қалай жаңғыратыны, қалай сезілетіні және қолжетімді түрде қалай жүзеге асырылатыны туралы ойлануға итермелейтін керемет жетістік. Бұл мысалдар комикстер дәстүріне негізделген тарих формалары жеке баяндауларға жақсы сәйкес келетінін көрсетуі мүмкін.³² Алайда менің келесі мысалым әлеуметтік, интеллектуалдық және экономикалық мәселелерді графикалық әдістермен қалай түсіндіруге болатынын көрсетеді.

«Экономика: біздің экономика қалай жұмыс істейді (және жұмыс істемейді)» (*Economix: How Our Economy Works (and Doesn't Work)*) туындысы да ақ пен кара түстерде орындалған жоба. А.Шпигельман стилінен бұл шығарманың орындалуы визуалды жағынан қарапайымдығымен ерекшеленеді. Алайда сөйлеу мен ойлау иірімдері тікелей баяндаудағы кейбір ойларға ұқсас. «Маусқа» байланысты сарындар нақты тұжырымдалмаған; Холокост туралы жеке адамдардың сипаттамасының не үшін баршаға қолжетімді болуы керек екенін түсіндіру қажет болмады. «Экономика» туралы сөз қозғайтын болсақ, әңгіме қазіргі экономикалық ахуалдың қиындықтарын ескере отырып, азаматтар тиімді, саналы саяси таңдау жасай алуы үшін экономиканың негіздерін түсінуді қажет ететіні туралы болып отыр. Кітап бұл жағдайды *тарихи* баяндау арқылы түсіндіруге тырысады. Оқырман белгілі тарихи қайраткерлерді қоса алғанда, диаграммалар мен әзілдер, карталар, уақыт сызықтары мен графиктер, сондай-ақ сатиралық бейнелер арқылы адам мінез-құлқының шексіз күрделілігін зерттеумен айналысатын саламен танысады.³³ Капитализмнің не екенін түсінуіміз үшін Гудвин бізге, мысалы, XVII ғасырдағы Колберт пен оның меркантилистік идеяларын, Ағарту дәуіріндегі Адам Смит және физиократтарды, бүгінгі күнге дейінгі еркін нарықты қолдаушыларды т.с.с. түсіну қажет екенін мәлімдейді. Глоссарий, библиографиялық көрсеткіштер, сілтемелер берілген бұл еңбекте оқулықтың кейбір белгілері бар, әйтсе де ой мазмұны құбылта отырылып, экономикалық қызмет пен теориялар әзіл арқылы кешенді түрде жеңіл түсіндіріледі, олай болмаса, жасөспірімдер үшін де, ересектер үшін де түсінуге күрделі әрі қиын болуы мүмкін. Сонымен суреттердің сатиралық тұрғыдан салынуы, ойдың карталар мен диаграммалар сияқты көрнекі бейнелермен берілуі және қарапайым түсіндірілуі оқырмандарға жүздеген жылдар бойы өзгеріп келе жатқан экономикалық идеялар мен тәжірибелерді қабылдауға мүмкіндік береді.

«Экономика» марапатты көп алған «Абина» сияқты нақты дидактикалық мақсатқа ие, ол жеке баяндауды интерпретациялық материалдармен қатар қолданады. Бұл оны әртүрлі деңгейлерде оқыту үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Осылайша біз «Маустын» риясыз эмоциясын сот отырысының стенограммасы, контекстегі ақпарат, қысқаша эсселер мен дәстүрлі басылымдардан белгілі жазбаларды оқу сияқты ерекшеліктермен біріктірілгенін көреміз. Картинаның бас кейіпкері Абина Манса – XIX ғасырдың аяғындағы Африкадағы Алтын жағалауда (алтын өндіретін жер. – Ауд.) заңсыз құлдықта болып, өзін-өзі заңды жолмен

ABINA

AND THE IMPORTANT MEN

A GRAPHIC HISTORY

Buy the book

(enter code OXFORD 2018 for a discount)



Abina and the Important Men is the winner of the James H. Hunt History Prize of the American Historical Association and the Older Readers Award of the Children's African Book Awards.

About

The first of its kind, *Abina and the Important Men* is a compelling and powerfully illustrated "graphic history" based on an 1896 court transcript of a West African woman named Abina, who was wrongfully enslaved and took her case to court. The book is a microhistory that does much more than simply depict an event in the past; it uses the power of illustration to convey important themes in world history and to reveal the processes by which history is made.

The story of Abina Mansah—a woman "without history" who was wrongfully enslaved, escaped to British-controlled territory, and then took her former master to court—takes place in the complex world of the Gold Coast at the onset of late nineteenth-century colonialism. Slavery becomes a contested ground, as cultural practices collide with an emerging wage economy and British officials turn a blind eye to the presence of underpaid domestic workers in the households of African merchants. The main scenes of the story take place in the courtroom, where Abina strives to convince a series of "important men"—a British judge, two Euro-African attorneys, a wealthy African country "gentleman," and a jury of local leaders—that her rights matter. "Am I free?" Abina inquires. Throughout both the court case and the flashbacks that dramatically depict her life in servitude, these men strive to "silence" Abina and to impose their own understandings and meanings upon her. The story seems to conclude with the short-term success of the "important men," as Abina loses her case. But it doesn't end there: Abina is eventually redeemed. Her testimony is uncovered in the dusty archives and becomes a graphic history read by people around the world. In this way, the reader takes an active part in the story along with the illustrator, the author, and Abina herself.

Following the graphic history in Part I, Parts II-V provide detailed historical context for the story, a reading guide that reconstructs and deconstructs the methods used to interpret the story, and strategies for using Abina in various classroom settings.

The new, second edition of *Abina and the Important Men* features a new gender-rich section, Part V: *Engaging Abina*, which explores Abina's life and narrative as a woman. Focusing on such important themes as her relationship between slavery and gender in pre-colonial Akan society, the role of marriage in Abina's experience, colonial paternalism, and the meaning of cloth and beads in her story, this section also includes a debate on whether or not Abina was a slave, with contributions by three award-winning scholars—Aminette Burton, Sandra Greene, and Kwasi Konrad—each working from a different perspective. The second edition also includes new, additional testimony that was rediscovered in the National Archives of Ghana, which is reflected in the graphic history section.

Reviews and testimonials

← **Paul Lovejoy, York University**

Abina and the Important Men is an excellent introduction to history and society through an innovative mix of primary text, annotated transcription and highlighted illustrations that capture the imagination of new students. It is a must for adoption in first year courses.

10.4-сурет. Abina компаниясы веб-сайтынан алынған скриншот

қорғауға тырысқан әйел. Кітап дизайны мен түрлі-түсті суреттері Абинаның өзіндік мәдениетімен үйлесе отырып, мысалы, әрбір бөлімнің басында идеограмма арқылы беріледі. «Маус»-та басым бір дауысты сөйлетеді, десек те, Абина үнсіздікті қалайтын меңіреу қоғамдағы қаһарман ретінде бой көрсетеді. А.Шпигельманның әкесі қыңыр мінезді, кемшілігі бар адам. Ал Абина тек өзін ғана емес, күллі құлдар мен «тарихы беймәлім» адамдардың атынан сөйлейді. Суретші Абинаның бейнесін салу арқылы оқырманды оның өміріне «қуә болуға» шақырады. Көрнекі материалдарды барынша пайдалана отырып, жазушылар сот процесі мен мазмұнын интерпретациялауға қажетті құралдар мен материалдарды қолымызға ұстатқандай болады.

Комикстер дәстүрінен визуалды гиперболаны бөліп қарай алмаймыз. Ал гиперболамен бірге, мысалы, моральдық полярлықтар туралы комментарий қатар жүреді. Бұлар бейнелерде көрініс табады, ал «Абина» туындысының бір таңғаларлығы: оның аса нәзік әрі анық айшықтармен кескіндей отырып, мысалы, түстерді қолдануында, метафоралық түрғыда бас кейіпкерлер қалай қалыптастыратынын көрсетуге тырысуында деп айта аламыз. Мысалы, судья Уильям Уолтонның идеялары қалай қалыптасқанын көрсету үшін оның визуалды биографиясын жасап, әр контексте айтылатын негізгі ойларына қысқа түсініктеме берілген.³⁴ Осы бес кадрда сарғыш ренктерді қолдануынан біз мұның негізгі нарративке ремарка ғана екенін білеміз. Оқиға сот ісінің нәтижесімен аяқталмайды, тарих болған оқиғалардың қалай жоғалып, кейін қалай қалпына келтірілгені туралы баяндайды; осылайша тарихты үстем мәдениеттердің жазуы нендей мәселелер тудыратыны жайлы толғандырады. Ақырында, Абинаның өзі кітап түрінде оқырманға жету үшін сот отырысының хаттамасы аясынан шығып, әдемі, көз

тартатын бейнеде қайта жаңғырды.³⁵ Көптеген тарихи режим көріністерін біріктіретін «Абина» – терең толқынысты туынды, тарихи тәжірибе туралы ойлардың қайнар көзі, құлдықтың және Алтын жағалау тарихының кіріспесі саналады.

Аталған мысалдар өткенге ой жүгіртетін шығармалардың сипатын, мұндай шығармаларды аудиторияға жеткізу жолдарын, сонымен бірге визуалды қиялдың тарихи тәжірибеде қандай рөл атқаратынының жарқын көріністері. Бұл тақырыптар жаңа болмаса да, олардың графикалық тарихтағы жаңа формалары назарымызды аударады. Графикалық әдістерді қолдану арқылы өткенді бейнелеу тарихшылардың әдеттегі тәсілдерінің аясынан шығып, соны ізденістерге бет қойғанын көрсетеді. Жаңа жанрлар мен техникаларға талғампаздықпен қарау жаңа әдістер мен дәлелдеме түрлерін қолдануға өзірлікпен қатар жүрді. Тарихи тәжірибеде сандық әдістерді қарастырғанда, біз осындай жаңалықтардың бірқатарын, оның ішінде геоакпараттық жүйелерді қолдану мәселесін байқадық. Бүгінгі таңда тарих мамандары тарапынан олардың сипаттамаларына, география пәнінен алынған кейбір тәсілдерді қолдануға қатысты алаңдаушылық та бар. Кеңістік пен белгілі бір орынға деген қызығушылық өткен туралы инновациялық тұрғыдан ойлауға жол ашады.³⁶

Антропоцен

Мен бұл бөлімнің атауын жақында ғана жарық көрген, қосалқы тақырыбында айтатындай «билеушілер мен олардың сарайлары, олар мекен ететін жердің ғажайып ландшафты, олар мекендеген қалалар мен тәу еткен киелі орындары» туралы баяндайтын кітаптан алып отырмын. Дэвид Ролласон билеушілер үстемдігінің табиғатын зерттеуде шіркеулер, бақтар мен ландшафттар сияқты жазылмаған дереккөздерінің маңызын атап көрсетеді. Ол көптеген мекендерді талдай отырып, бақтардың тарихы мен археологиялық, литургиялық зерттеулер сияқты салаларға жүгіне отырып, билеушілердің «өз үстемдігінің табиғатын қалай түсінгендігін» зерделеуге жақындай түсеміз дегенді айтады.³⁷ Бұл жердегі «мекен» сөзінің өзі аталған жердің барлық аспектілерін қамтитын инклюзивті сөз болып саналады. Тарихтың пәнаралық сипатқа ие болып, қоршаған орта тарихы сияқты салаларының барған сайын даралана бастауы кездейсоқтық емес, біз белгілі бір жерлердің ерекшеліктерін өткенге апаратын жол ретінде қарастырамыз.

Д.Ролласонның әдісі салыстырмалы және оның кітабы тақырыптық негізде жүйеленген, мысалы, бесінші бөлімде «Инаугурациялық орындар мен жерлеу орындары» – Германия, Франция, Италия, Испания, Хорватия, Англия, Шотландия, Уэльс, Сицилия және т.б. түрлі географиялық мысалдар келтіреді. Ол сонымен қатар нысандардың ұзақ уақыт бойғы тарихын қарастырады.³⁸ Мақсат «билеушілерге жақын, олардың іс-әрекеттерінде маңызды» жерлер мен ғимараттардың тиесілі бөліктерін зерттей отырып, билік болмысын түсінуге тырысу.³⁹ Мұнда тарихшылар белгілі бір жерлердің талай ғасырлардағы қатпарлы тарихына терең үңіледі.

Адамдардың, ғимараттардың, оқиғалар мен процестердің физикалық локациясы тарихи түсінік үшін маңызды болуы мүмкін. Біз әскери тарих ұзақ уақыт бойы

белгілі бір жердің ерекшелігімен байланысты болғанын және бұл танымал тарихқа, есте сақтау мен мектептерде сабақ беру формаларына әсер еткенін атап өттік. Бұл ауылшаруашылық тарихын, аштық пен климаттың өзгеруін, сауда қатынастарын, империялар мен миграция заңдылықтарын зерттеуде өте маңызды.

Белгілі орындар мен қоршаған ортаның маңызын көрсету көптеген тарихи стильдерде көрінуі мүмкін және бұл жағдайда тарихшылар осы салада жұмыс істейтін қоғаммен санасады. Кейде бұл жағдайлар, мысалы, бөгеттер салу, өзендерді бұру, табиғи ресурстарды барлау және оларды жеткізу құралдары, атап айтсақ, шалғай аудандарға мұнай құбырларын тарту сияқты үлкен антропогендік өзгерістерге байланысты алаңдаушылықтан туындаған зерттеулерде айқын көрінеді. Қоршаған орта тарихы туралы қазіргі жазбалар климаттың өзгеруі мәселесін зерделейді. Мұндай өзгерістердің сипаты, жүзеге асу қарқыны мен салдары саяси пікірталастардың тақырыбына айналары сөзсіз.

Қарама-қайшылықтардан туындаған тарихи зерттеудің ерекше үлгісін біз «антропоцен» терминінен таба аламыз, бұл терминді ең алғаш 2000 жылы химия саласы бойынша Нобель сыйлығының иегері Пауль Крутцен ойлап тапқан. Дәуірдің анықтамаларының бірі – онда адамзат... жаһандық экологияға ең күшті әсер ететін жаратылыс ретінде қарастырыла бастады.⁴⁰ Бұл идея кең таралды. Соңғы уақыттарда антропоценге деген қызығушылық екі таныс тақырыптардан айқын байқалуда. Біріншісі, тарих көптеген ғылыми салалармен байланысы бар пән екенін еске салады, себебі «антропоцен» ұғымы пәнаралық жауаптар тудырады. Екіншіден, біз тарихтың күрделі қатпарлары мен қазіргі заманғы мәселелер арасындағы терең, күрделі байланыстарды атап өтеміз.

Бұл жағдайда антропоценнің қай дәуірді қамтитыны туралы негіз боларлық ортақ пікір әлі жоқ. П.Крутцен үшін «қазбалы отын энергиясы режимі» XVIII ғасырдың аяғында басталды.⁴¹ Мысалы, Пол Дюкстің дәуірі 1763 жылдардан, яғни, Джеймс Уаттың бу машиналары жұмыс істеген уақытынан басталады. Ол «Түн ортасына дейінгі уақыт» (*Minutes to midnight*) туындысында өзінің болашақ үшін алаңдайтынын және жер ғаламшарын құтқаруда тарихшыларды өзгелермен біріге жұмыс жасауға шақыратынын нақты түсіндіреді.⁴² Климаттың өзгеруін жоққа шығаратындар әлі де болса да, оның бар екенін растайтын ғылыми дәлелдер жетерлік және көптеген тарихшылар қоршаған ортаның жай-күйіне терең алаңдаушылықтан жазады. «Мекен» ұғымы «кеңістік» сияқты белгілі бір жер мен оның тарихын түсінуге тырысатын зерттеушілер үшін маңызды болып саналады. Ол сонымен қатар адамның қоршаған ортаға тигізетін әсеріне алаңдаушылық жайлы зерттеу тақырыптарында жақсы зерделенген.

Антропоцен Макнейл мен Энгельке сияқты, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңді зерттеуші тарихшылар үшін сондай-ақ ұзақ уақыт бойы өзгерістерді зерттейтін адамдар үшін нұсқаулық болуы мүмкін. Антропоценді капитализммен байланыстыра отырып «Антропоцен бе, капиталоцен бе?» кітабының авторлары капитализмнің өзін қалай түсінуге болады деген сұрақ қояды.⁴³ Олар дағдарыстың шұғыл назар аударуға тиіс кейбір жағдайларына нақты баға бере алады. Авторлар география, саясаттану, журналистика, тарих пен әдебиет сынды

көптеген мәселелерді қарастыра отырып, табиғат пен тарих және қазіргі әлемдік тәртіп арасындағы қарым-қатынасты қайта қарастыруға тырысады. Олар үшін ғылыми ізденіс пен белсенділік қатар жүреді.

Климат пен қоршаған орта тарихы туралы жазбалар үлкен аудиторияның қызығушылығын туғызады. Альфред Кросбидің «Күннің балалары: адамзат баласының энергияға деген ашқарақтығының тарихы» (*Children of the Sun: A History of Humanity's Unappeasable Appetite for Energy*) еңбегін тартымды әңгімелерімен, стилімен тарихи кеңістіктің ең жақсы үлгісі ретінде ала аламыз. Бұл кітап энергия мәселелері және ресурстарды ысырапсыз, ұтымды пайдалану қажеттігін қарастырады. А.Кросби тарихи әдісті «экологиялық саналылықты» насихаттауда пайдалы деп есептейді.⁴⁴ Бұл жерде «ұзақмерзімді тарих» сабақ алу мақсатында қолданылғаны анық.

Жаһандану

Жеке адамдарға, экономикалық жүйелерге немесе қоғамдарға тарихи кінә арту ниетімен қатар, «жаһандану» сияқты жалпылама ұғымдарды кінәлауға деген ұмтылыс күшті.⁴⁵ Терминнің өзі моральдық тұрғыдан айыпталуы мүмкін, сонымен қатар ол кейде ең қуатты капиталистік елдердің әлемнің басқа бөліктеріне жағымсыз әсеріне наразылығын білдіреді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолданылатын «жаһандануға қарсы» тіркесі «жаһандану» термині мен оның эмоциялық, саясаттандырылған түсініктерін мойындауға дайын екенін көрсетеді. Жаһандану жаңа технологиялар, байланыс нысандары, сауда, халықаралық корпорациялар мен эксплуатациялық жұмыс тәжірибесі, т.б. арқылы жекелеген адамдар мен отбасыларға, қоғамдас-тықтар мен аймақтарға қауіп төндіретін ауқымды, тіпті есеңгіретер процестерге бастайды. Модернизация мен секуляризация сынды «изация» қосымшасымен аяқталатын ұғымдар әдетте адам еркінен тыс алпауыт күштерді білдіреді. Олар көбінесе нарратив тарих деп аталатын тарихта айрықша маңызға ие болды және көптеген тарихи жазбалардың негізін құрады, алайда бұл құбылыс нақты танылмай жатыр. Мұндай терминдердің тартымды болатыны белгілі, олар мәселелері мен мақсаттары бұлыңғыр болса да мәлім нарративтерді білдіреді және кең таралған түсініктерді қуаттайды. Тарихшылардың әлеуметтік әрі табиғи ауқымды күштерге назар аударуы және олар әкелетін өзгерістердің түрлі динамикасын тұжырымдауы өте маңызды. Алайда «изация»-мен аяқталатын сөздер көп жағдайда үлкен тарихи өзгерістерді түсіндіре алатындай дәрежеде қолданылады. Сондай-ақ олар телеологиялық тұрғыдан анық емес; қолданыс барысында сөздің мәні оның нені меңзейтінімен айқындала түседі. Кейбір кілт сөздер сияқты бұл ұғымдардың да қаншалықты маңызды екенін анықтау қиын. Аталған терминдер құқық, білім, халықаралық қатынастар және экономика сынды бірқатар пәндерде қолданылады. Сондай-ақ бұл терминдер пәнаралық талдаулардың нысаны ретінде пісіп-жетіліп тұр. Талас тудырмайтын өз-өзінен түсінікті мағынаға ие болудың

орнына мұндай ұғымдар өзгерістер туралы кең таралған идеяларды ішінара еске салу арқылы бірқатар процестерді біріктіреді.

«Жаһандану» жағдайында айқын ұқсастық пен тікелей байланыс туралы хабардар болу, осы уақытқа дейін түрлі айырмашылықтардағы бірізділік пен жаңалықтарды, тіпті жекелеген хабарламаларды демде тарату тәжірибесі аталған терминге деген сенімділікті арттыра түседі. «Бір әлем» деген идеяның өзі халықтар арасында тікелей байланыс барын көрсетеді әрі бұл жаһандану ұғымының мәдени тұрғыдан пайдалы болатынын білдіруі мүмкін. Coca Cola немесе McDonald's сияқты бренд атаулары осындай процестерді сынау үшін қолданылатынының өзі біраз жайттан хабар береді. Бұлар таныс белгілер және эмоциялық символдар ретінде қызмет ете отырып, танымалдылықты, жаһандық корпорациялар мен тұтынушының өзгермелі үлгілерін қарапайым түрде түсіндіреді.⁴⁶ Тарихшылардың міндеті аталған терминдердің ара-жігін ажырата отырып, оларды ауқымды, ұзақмерзімді контекстерде қарастыру және оларды сыни тұрғыдан талдай білу. Мысалы, «жаһанданумен» қатар оқшаулау мен аймақтандыру, аз ұлттар тілдерін қорғау, азық-түлік пен сусындарды өндірудің жергілікті дәстүрлерін дамыту және «әлем музыкасын» сақтау үшін интернет байланыс желілерін пайдалану бағытында айтарлықтай трендтердің бар екені анық.⁴⁷

«Жаһандану» әлі де мұқият талдауды қажет ететін ойлы сөз. Дэвид Рейнольдстың жаһандану туралы: «бұл жай ғана кең ауқымды қамтитын, қым-қуыт соғыс жеңімпазының тарихы» деген ескертуін әрдайым сақтықтың қажет екендігі туралы пайдалы ескерту деп қабылдағанмыз жөн.⁴⁸ Жаһандану туралы қазіргі пікірталас маңызды тарихи құбылыстар және тарихи шеңберлер мен талдау нысандары қалыптасатын жағдайлардың ажырамас бөлігі саналады.

Соңғы уақыттағы дүниежүзі тарихын жазудың батыл әрекеттерінің жарқын үлгісі ретінде осы тақырыптың бір бөлігі мен оған деген пікірлерді қамтитын Д.Рейнольдстың «Біртұтас әлем» (*One World Divisible*) атты туындысын атап өтуге болады.

Жаһандану осылайша әлемнің бөліктерінің бір-бірімен тығыз байланысын және бір-біріне ықпал ететін процестерді білдіреді. Теңсіздік мұндай қарым-қатынастардың ажырамас бөлігі болып саналады, оның әсері негізінен Батыс үстемдігінен әлемнің басқа бөліктеріне дейін біржақты қалыптасып, біркелкілік заңсыз енгізілді деген пікір кең таралған.

Мұндай байланыстар саудада, инвестициялар тартуда, қарым-қатынас пен жолсапарлардан, халықаралық құқық пен әлем бойынша жалпы кең таралған технологиялар мен мекемелерден көрінеді. Бұл байланыстар адамдардың өзара қарым-қатынасына, белгілі бір заттар мен технологиялардың алмасуына, сондай-ақ құқықтық, әділеттілік, демократия мен мұрагерлік сияқты тұжырымдамаларға, әлемнің белгілі бір бөлігінде өндірілетін өнімдермен екінші бөлігін қамтамасыз етудегі талғам мен сәннің өзгеруіне негізделген.⁴⁹ Мұндай жағдайда пайда табу мәселесі маңызды рөл атқарады.

Бұдан басқа, жаһанданумен байланысты құбылыстардың бірі – климаттың өзгеруі, ол адамдардың іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Біз қоршаған ортаның ластану қаупін, мысалы, ішкі жану қозғалтқышын пайдалану және өнеркәсіптік

өндірістің географиялық тұрғыдан таралуын байланыстыра аламыз. Табиғи бола ма, антропогенді бола ма, әлемнің бір түкпіріндегі белгілі бір жайттар алыс бөлігіне әсер ететіні бұрыннан белгілі жағдай. Демографтар мен география тарихын зерттеуші мамандар сынды қоршаған орта тарихшылары да климаттың өзгеруінің халыққа қалай әсер ететінін зерттей отырып, әлемдегі физикалық құбылыстардың өзгерістерінің себеп-салдарын анықтауға зор үлес қосады.⁵⁰

Тарихшылар жаһандану туралы қызу пікірталастарға қатысушылар.⁵¹ Олар ұзақмерзімді және кең, салыстырмалы көзқарасты қабылдайды. Жаһандануға тән белгілер XVI ғасырдан кейінгі саяхаттық «ашылулар» кезінде қарқынды көрініс берді десек, жалған айтпаймыз. Сондай-ақ ерте дәуірлермен, археологтарды қоса алғанда, өткенді зерттеушілер тіпті кең перспективаларды ұсынады, сол себептен адамдардың мұндай іс-әрекеті, сонымен бірге крест жорықтарына дейінгі идеялар мен тауарлар әрдайым назарға алынды. Егер жаһандану жаңа құбылыс па деген сауалға жауап берсек, Стегер оны б.з.д. 10 000 жылдан бастайды.⁵² Хронологиялық тәсілдерді кең түрде қолданудың нәтижелерінің бірі шешімді сәттердің қашан, қайда және қандай түрде екенін анықтай білу әрі алуан өзгерістердің сипаты мен жүзеге асу жылдамдығына байланысты нақты тұжырымдамалық идеяға мүмкіндік беру. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы, саясаттағы әрі басқа салалардағы жаңалықтар туралы мәлімдемелерді мұқият зерделеу және қажет болған жағдайда оларға тарихи мән беру әрқашан маңызды болып қала береді. Осылайша тарихи перспективалар неғұрлым сенімді түсініктемелер мен өзгерістердің кең үлгілерін қалай жақсы түсінетінін көрсетеді.

Дүниежүзі тарихын жазу

Дәл қазіргі уақытта қолданыстағы «жаһандану» сөзінің мағынасын ескерсек, соңғы жылдары әлем тарихына қызығушылықтың арта түскеніне таң қалмаймыз. Бұған осы күнге дейін алтыншы рет қайта басылып шыққан Джон Робертстің «Әлем тарихы» (*History of the World*) сияқты ертеректе жарық көрген еңбектері мен анықтамалық кітаптары ғана емес, сонымен бірге жаһандық деңгейде маңызды саналатын жана туындылардың пайда болуына байланысты да баға беруімізге болады.⁵³ Ең үздіктері аталған кітапта айтылған көптеген тарихнамалық мәселелерді, мысалы, кезеңдеуді, өзгерістерді, түрлі өзгерістердегі жылдамдықты анықтау, тиісті тұжырымдамалар мен үлгілерді іздеу мен дәлелдердің сипаттарын қайта қарастыруға тырысады. Джерри Броттонның «Ренессанс нарығы» (*The Renaissance Bazaar*) туындысы бір кездері парадигматикалық еуропалық құбылыс деп саналған Қайта өрлеу дәуірін материалдық мәдениетке негізделген жаһандық феномен деп қабылдау трендінің бір бөлігі.⁵⁴ Алайда оны XV және XVI ғасырлардағы бүкіл дүниежүзі тарихы деп санауға болмайды.


Дүниежүзі тарихының көрнекті мысалы ретінде Кристофер Бэйлидің «Қазіргі әлемнің пайда болуы: 1780–1914 жылдар аралығы» (*The Birth of the Modern World 1780–1914*) еңбегін айта аламыз. Содан бері мұның «пайда болуы» туралы

біраз тұжырым жасалған. Бүгінгі таңда ол бір сәттік сілкініс ретінде емес, ұзаққа созылған әрекеттер жиынтығы ретінде ұсынылады. Жаңа зерттеушілер өздері қолданатын терминдерін міндетті түрде қайта қарайды және «модерн» сөзі бұл жерде аса бұлыңғыр идея саналады. К.Бэйли әлемнің түкпір-түкпіріндегі өзгерістердің алуан түрлі үлгілерін қарастыру барысында, кезеңдеу мәселелерін қайта зерделеді. Ол сондай-ақ, кейбір қалыптасқан ұғым-түсініктерге қарсы шықты. Нәтижесінде пайда болатын себеп-салдар идеяларының, мысалы, өзгеріс деген әлемнің кейбір бөліктерінің басқаларға жүктейтіні деген түсініктерге – сыни көзбен қарауға тура келді.

Белгіленген идеяларды өзгерту айтарлықтай күрделі міндет болып саналады, әйтсе де олардың орнына ойлаудың жаңа тәсілдерін пайдалану қажет. Бұл постмодернизмнің тарихи түсіндірмесін, кезеңдеуін және өсерін қайта қарау, сонымен қатар негізгі материалдарды игеру, ең қолайлы және сенімді мысалдарды таңдау бойынша бірқатар интеллектуалдық әрекеттерді қамтиды. Еуропалықтар үшін 1848 жылғы революцияларды әлемдік контексте қарастырған дұрыс екенін білу таңғаларлық жайт. К.Бэйлидің еңбегіндегі иллюстрациялар оның ерекшелігін көрсетуге тырысады. Олар географиялық тұрғыдан әртүрлі және көптеген оқырмандар үшін беймәлім болып келеді, ал ол кітаптардың басты тақырыбы, негізінен, жаһандық біркелкіліктің дамуын көрсетуде қолданылатын «физикалық тәжірибедегі» өзгерістермен тығыз байланысты болады. К.Бэйли біркелкілік ұғымын біртектіліктен ажырата отырып, оны «кеңірек ауқымда ұқсастықтар тудыру үшін тәжірибені өзгерту» деп анықтап, пікіріне мысал ретінде киімдегі, уақыттағы, тілдердегі, тәжірибе атауындағы, тамақтанудағы, спорттағы әрі бос уақыттағы өзгерістерді келтіреді. Кітапты оқи бастағанда-ақ, ол назарымызды дене бітімі мен оған лайық киімдердің мағынасына аудара отырып, осының көмегімен көптеген иллюстрацияларды қалай қабылдауға болатынына нұсқайды. Сонымен бірге ол жаһандану ұғымын қолданатын ғалымдармен пікір алмасады.⁵⁵

Дүниежүзі тарихын жазу – жаңалық емес. Д.Рейнольдс пен К.Бэйли сияқты салыстырмалы түрде шектеулі уақыт аралығындағы географиялық ендікке бағытталған және Джон Робертс тәрізді ұзақ хронологиялық алшақтыққа ие әрі толық қамтуға ұмтылатын зерттеушілер арасында айырмашылықтар бар. 134 жылды қамтитын кезеңді зерттеудің өзі үлкен ерлік, К.Бэйли оның шынымен де тарихи кезең, ұзақ ХІХ ғасыр екенін дәлелдейді. Тарихшылардың міндеттері қандай болмасын, дүниежүзі тарихын жазу өте қиын мәселе. Аталмыш мәселелер адамзат тарихындағы үлкен заңдылықтарға және әлемнің әртүрлі бөліктері арасындағы байланысты түсінуге болатын тәсілдерге қатысты біздің алаңдаушылығымызды білдіреді. Қақтығыстар мен болып жатқан зорлық-зомбылық деңгейіне қарамастан, әлемдегі түрлі халықтарды, уақыт пен мәдениетті бір-бірімен байланыстыру, олардың арасында ұқсастық табу тетіктерін іздеуде кісі жанын тебіренерлік әлдене бар. Мұндай байланыстарды тарихи негізде талдау арқылы анықтауға болатынына қарамастан, олардың құбылмалы болатыны сөзсіз.⁵⁶

Мекендердің экономикалық, адамдар не тауарлар, идеялар, империялық билік, географиялық не мәдени жақындық сияқты өзара байланысының түрлі



10.5-сурет. Ақ ту лигасы жалауы

Өзге материалдармен бірге мақта пайдаланылған. Биіктігі – 84 см, ені – 114 см, SAD 475/3 Жалау жастықтың тысынан жасалған, мағада «B Nathan and Co Manchester» деген жазу жазылған. Бұл 1860 жылдары Йоркшир графтығына қарасты Бредфорд қаласында тұрған, 1914 жылы қоғамдық өмірге белсене араласқан еврей ұлтынан шыққан неміс мата саудагері Бернхард Натанның компаниясына қатысты. Дарем Университетінің Судан архивіндегі жәдігер 1924 жылы 23 маусымда Хартумдағы алғашқы көрсетілім кезінде тәркіленген еді, одан кейін оны анықтауға байланысты жұмыстар жүргізілді.

Туды жасаған Ақ жалау лигасы «Ніл алқабы бірлігі» деген өзіндік негізгі сенімін Ніл өзенінің ағысын суреттей отырып, білдірді. Лига отаршылдыққа қарсы түрлі сайлау округтеріне нақты жүгіне отырып, ұлтшыл қозғалыста жетекші рөл атқарды. Бұл көтеріліс алты айдан кейін аяусыз басып-жаншылды. Свен Беккерттің пікірінше, мақта өнеркәсібі (оны өсіру, иіру, тоқу) қазіргі Судан аймағында пайда болуы мүмкін. Бұл жалау бизнес тарихы мен жаһандық нарықтар, тауарлар тарихы, саяси наразылықтар мен адамдардың миграциясы, тауарлар мен идеялар сияқты көптеген мәселелер туралы ойлауға түрткі болады.

жолдарын зерттейтін тарих салаларына қатысты бірнеше термин бар. Кейде мұны сипаттауда «жаһандық» ұғымы кеңінен қолданылады, бұл ұғым сонымен бірге әлемге ортақ құбылыстардың коннотациясын бере алады. Сонымен бірге «тран-сұлттық» және «халықаралық» ұғымдары да пайдаланылады. Сондай-ақ салыстырмалы тарих терминінің пайдаланылатынын да айта кеткен жөн, мысалы,

К.Бэйлидің «Жаһандық байланыстар және салыстырулар» (*Global Connections and Comparisons*) атты кітабының тақырыбының екінші бөлігі салыстырмалы тарихтан хабар береді. Аталған терминдердің қайсын алсақ та, бұларды ажырата білу оңайға соқпайды, сондай ақ осы ұғымдарға сай принциптерін анықтау да адамнан көп қажырлылықты талап етеді. «Желі», «веб», «жүйе» сынды мағынасы бір-бірімен біте қабысқан сөздер бізге олардың өзара байланыстарынан хабар береді.⁵⁷ Бұлардың қатысуынсыз ештеңе жасалмайды. Мұндай тұжырымдамалардың негізін құрайтын түсініктерді талдау, оларды мұқият пайдалану, онда қолданылатын механизмдер мен тәжірибелерге қатысты дәлдікті негізге алу маңызды.⁵⁸ Цифрлық технологиялар мен бүкіләлемдік интернеттің күші өзара байланысты білдіретін сөздердің маңызын, сондай-ақ қоршаған ортаға деген қамқорлықты күшейтті, өйткені бұл планетаның бір бөлігіндегі өзгерістер басқа аймақтарға қалай әсер ететінін түсінуге негізделген.

Бір қызығы, үлкен тарихи оқиғалардың түзілуімен қатар, мемуарлар, өмірбаяндар мен автобиографиялардың интимдік жанрларына деген күштарлықтың бар екені таңғаларлық жайт. Соңғы жылдары өмірбаян танымал болып әрі көптің назарын аудара бастады, сонымен қатар бұған ғылыми қызығушылық та артуда.

Тарихшылар бұл трендтерге толықтай қатысады. Өзіндік орны бар тарихи тұлғалардың, оның ішінде кәсіби тарихшылардың өмірбаяндары осы салаға қатысты газеттер мен журналдарда, блогтарда, фильмдер мен телесериалдарда көрініс табатын тренд – олардың жеке өміріне қызығушылықтың және авторлардың жан сырын жайып салуды әдетке айналдыруының бір бөлігі.

Зерттелген өмірлер

Өмір туралы зерттеу түсінігі классикалық дәуірден бастау алады және сөйлеу терапиясының түрлерін қолдану барысында өзін-өзі бақылауды кеңейте түседі. Философ Сократтың жазбаларында кездесетін «зерттелген өмірдің» құндылығы туралы тұжырымдарды түрлі жолмен түсіндіруге болады. Бұл тіркес өзін-өзі бақылауды білдірмейді, қайта табиғи әрі әлеуметтік әлемді мұқият бағалауға ынталандыруы (не үгіттеуі) мүмкін. Қазіргі уақытта тарихшылар көпшілікке өз туындылары жайлы, тіпті өздерінің өмірі туралы да ойлануды ұсынады. Өмірбаян жазатын тарихшылар жана құбылыс емес, мысал ретінде ірі тарихшыларды алмасақ та, XVIII ғасырдағы Рим тарихшысы Эдуард Гиббонның өмірбаяндық зерттеулерін алуға болады.⁵⁹ Тарихшылардың мансабына және олардың өмірі мен зерттеу тақырыбының өзара байланысына да ерекше қызығушылық туындайды. Бірегейлендіру саясаты мен тарихи міндеттемелер тығыз байланысты кезеңде бұл таңғаларлық жайт емес. Біз зерттеу тақырыптарын таңдау мен жеке тәжірибеміздің бір-бірімен тығыз байланысты екенін мойындаймыз.⁶⁰

1932 жылы дүниеге келген көрнекті Холокост тарихшысы Саул Фридендердің екі өмірбаянында өмір мен зерттеу арасындағы байланыс зерделенеді. Бұл өмірбаяндар араға ондаған жылдар салып жазылса да тек автордың тәжірибесін ғана

баяндайды, сонымен қатар Холокостан аман қалған адам ретінде ол апатты зерттеуді өз өмірінің мақсатына айналдырғанын да мәлімдейді. Алғаш рет 1978 жылы француз тілінде жарық көрген «Еске түскенде» (*When Memory Comes*) кітабы оның 1977 жылға дейінгі өміріне арналған. 2016 жылы жарық көрген «Өткен күндер елесі қайда апарды?» (*Where Memory Leads: My Life*) туындысында 2015 жылға дейінгі тарихты қамти отырып, өткен күндердің эпизодтарын қайта зерделейді. Ол әңгімелейтін оқиғалар мен тәжірибелер, соның ішінде қатыгездік пен зорлық-зомбылық, қудалау, сондай-ақ академиялық ортадағы кездейсоқ антисемитизм туралы оқу оқырман үшін өте ауыр. Бұл жағдайда С.Фридлендердің: «баяндау тарихты жазу мен оқытуға бағытталған...» деген пікірі өте айқын. Мен әлі күнге дейін ерекше қызығушылық тудыратын салалар мен мәселелерді терең зерттеймін, олар көп жағдайда жекелеген пікірлер бойынша ұсынылса да, аражігі анықталып, ашық түрде берілген.⁶¹ Бұл еңбектерде тарихи тәжірибе туралы шебер баяндалған.

Мұндай еңбектердің қатарына Бенедикт Андерсонның «Шекарадан тыс өмір» (*A Life Beyond Boundaries*) кітабын да жатқызуға болады. 2015 жылы өмірден өткен Б.Андерсонның мамандығы саясаттанушы болды; негізінен, оның «Қиялдағы қоғамдастықтар» (*Imagined Communities*) атты танымал еңбегі тарих пәніне аса зор ықпал етті. С.Фридлендер сияқты Андерсон да өмір мен жұмыс арасындағы тығыз байланысты зерттейді. Ол Оңтүстік-Шығыс Азияны зерттеуде жетістікке жетті, сонымен бірге Индонезияда, Тайландта және Филиппинде қалай жұмыс істегені әрі оның білімінің далалық зерттеулерге, саяси мәселелер мен оқытуға қалай әсер еткенін баяндады. Оның айтқандарынан, ең болмағанда сол көрген оқиғаларынан түсініктемелер алсақ, тарихи қызығушылығымыз арта түсетіні белгілі. Б.Андерсон кәсібилік, ұлтшылдық пен жаһандандудың өзара әрекеттесу процестерін талқылайды.⁶² Мұндай жазбалар оқырмандарға белгілі жағдайлар мен жеке тұлғаның өткен ғұмырындағы өзіндік пайымдарын қалай қалыптастыратынын түсінуге мүмкіндік береді. Жаһандық тарих туралы жазу сәнді болғанымен, тарихшылардың көпшілігі өздеріне таныс географиялық аймақтар бойынша қалыптасып қалған дәстүрлі зерттеулерін жүзеге асырады. Сол себепті де Бенедикт Андерсонның Оңтүстік-Шығыс Азияны мұқият әрі зор ынтамен зерделегені айтарлықтай қызығушылық тудырады. Зерттеушінің саяси белсенділігі мен өзге тілдерді үйренуді батыл қолдауы оның өмірі мен шығармашылығының негізгі болды.

Б.Андерсон мен С.Фридлендердің еңбектеріне қарағанда, өмірбаяндық зерттеулері бар өзге тарихшылардың жұмыстары дәл бұлардай жан сырын ақтармаса да, көп жайттан хабар береді.

Джон Эллиот «Тарихты қалыптастыру процесі» (*History in the Making*) кітабын алпыс жылға жуық уақыт бойы жазған. Мұндағы ой дара әрі терең ойлауға негізделген. Оның ерте заманауи Испания, Жаңа Әлем, трансұлттық, салыстырмалы тарих туралы алаңдаушылық арқылы бейнелей отырып, тарих тәжірибесі туралы ойлау мен кескіндеме сынды мәдени дереккөздерді тек жарияланымдарда ғана емес, сонымен қатар көрме форматында да қолдану көзделеді. Д.Эллиот Андерсон мен Фридлендерге қарағанда тарихи тәжірибеге

байланысты жеке көзқарасын ұсынады, аталған пән шеңберіндегі жаңа трендтерді анықтап, бағалауға тырысады. Д.Эллиоттың көптеген жетістіктерінің бірі ретінде испандық мемлекет қайраткері, граф-герцог Оливарестің өмірбаянын айта аламыз. Тараулардың бірінде ол осы үлкен бастаманы қалай жүзеге асырғанын баяндайды.⁶³

Ғалымдардың белгілі салыстырмалы ауқымдағы міндеттерді орындауға деген құлшынысы көңіл қуантады, сондықтан өмірбаян маңызды тарихи жанр ретінде дамып келеді. Мысал ретінде Роберт Герварттың бастапқыда ғылыми өмірбаянның тақырыбы болмаған Гитлердің баскесері Рейнхард Гейдрих туралы кітабын атауға болады. Р.Герварт Гейдрихтің өмірі туралы егжей-тегжейлі сипаттамасы зұлымдық пен нацистік идеологияның табиғаты сияқты маңызды тарихнамалық әрі философиялық мәселелерді талқылаумен үйлестірілген. Бұл ашық ақпараттарға толы сенімді еңбек. Өмірбаян – баяндаудың айқындығы мен ерекшеліктерін талап ететін жанр. Бұл сипаттарды Гарет Стедман Джонстың Карл Маркс туралы баяндайтын «Ұлылық пен иллюзия» (*Greatness and Illusion*) деп аталған көлемді кітабынан көреміз. Стедман Джонс XIX ғасырдың контексін негізге ала отырып, Маркс ойының айтарлықтай күрделі екенін түсіндіруге тырысқан. Алайда бұл идеялар күнделікті өмір түйткілдерінен басым болатын әрі өткеннің қатпарлы сырлары бір-бірімен астасып, біртұтас бейне жасайтын интеллектуалдық өмірбаян сияқты туынды деп айта алмаймыз. Мысалы, бұл еңбекте Маркс пен Энгельс арасындағы жеке әрі интеллектуалдық қарым-қатынастар әр қырынан баяндалады.⁶⁴

Өмірбаян және оны талдау бүгінгі күнге дейін ғылыми әрі қоғамдық назардан тыс қалған емес, бұл өзіндік ерекшелігі бар бағалауға тұрарлық пәнаралық салалар. Бұған Рут Скаррдың XVII ғасырдағы ағылшын антиквары Джон Обри жайында жақында жарыққа шыққан еңбегі мысал бола алады. Р.Скарр оны тарихшы, биограф, әдебиет сыншысы ретінде баяндай отырып, оның саясаттағы рөліне тоқталады. Робеспьер туралы жарық көрген кітап авторының Француз революциясы жылнамаларындағы айтулы тұлға Д.Обри туралы да көзқарасы ерекше. Ол Д.Обридің өзіндік көзқарасы мен ойларының стилін сақтай отырып, жинақтап, оның өмірбаянының жарқын тұстарын ашуда өз пікірін жүйелі түрде келтіре білді.⁶⁵ Бұл өмірбаян жанрының осындай жаңалықтарға жол ашатын ашық жанр екеніне мысал бола алады. Өмірбаян жанры жайында адамға назар аударылуы қажет емес екені туралы күшті идеяны Томас Хардинг те өзінің «Көлдегі үй» (*The House by the Lake*) кітабында баяндаған. Бір жағынан, кітапта жеке тұрғын үй туралы баяндалады, оның өзгеруі айналасындағы тұрғындар тағдырға қалай әсер еткені сипатталады. Екінші жағынан, осы тектес ойлар «Германия тарихы» (*A Story of Germany*) кітабында да көрініс береді. Үшіншіден, үйдің біраз уақыттан бері Хардинг отбасына тиесілі болғаны және сол уақытта олар әкесінің тегі бойынша Хиршовиттер деп аталғаны баяндалады. Хардингтің еңбегін қасіретті тағдыры үйдің тарихы ретінде, автобиографиялық өрнектерге толы отбасының тарихы мен оның әлеуметтік, саяси, экономикалық процестердің әсері тиген мекеннің көрінісі ретінде сипаттауға болады.⁶⁶ Дәл осы зерттелген өмір ұғымы жоғары деңгейдегі тарихи тәжірибеден көрінетіндей терең пайымдау мен мұқият реконструкциялады қамтиды.⁶⁷ Бұл сонымен қатар ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи қызметтегі

маңызды сабақтастықты көрсетеді, себебі өмір туралы әңгімелер әрдайым сұранысқа ие және бұл сұраныстың бәсеңдеуі неғайбл. Тарихшылар сабақтастық пен өзгерістерге мән бере береді, олар өткеннің әрі өз тәжірибелерінің бір-бірімен ұштасуына қызығушылық білдіреді.

Сабақтастық

Жаңашылдықты бағалай білетін әлемде тарих тәжірибесінің кейбір аспектілері айтарлықтай өзгеріске ұшырамағаны да таңғаларлық жағдай. Зерттеудегі күнделікті міндеттер, сонымен бірге баспа ісі саласы әрдайым басты назарда болады. Ақпараттық технологиялар кейбір тарихи міндеттерді, атап айтсақ, негізгі материалдарды каталогтау, мәтіннің нұсқаларын салыстыру сияқты жұмыстарды бұрынғыға қарағанда жеңілдеті түсті. Көптеген тарихи шығармалардың мазмұны мен стилі салыстырмалы түрде өзгеріссіз қалады. Мысалы, теңіздерге қызығушылық артса да, тарихшылардың басым бөлігі бұрыннан қалыптасып келе жатқан дәстүрлі жүйеде, жер учаскелері мен ауылдарда, қалалар мен аймақтарда, халық шоғырланған мекендерде жұмыс істейді.⁶⁸ Іс жүзінде оны жүзеге асыру әрине оңай, дегенмен көп жағдайда аймақтардағы архив саны сәйкесінше аз немесе көп болып келеді. Бірақ бұл белгіленген шекараларды үнемі қолдануға жеткілікті түсіндірме бола алады, сондай-ақ бірегейлік, тілдік қолдану, педагогикалық заңдылықтар мен кәсіби өмірді ұйымдастырумен де байланысты. Кез келген географиялық аймақтар әдетте, өз тарихына басымдық береді.

Мен атап өткендей, тарихи оқиғаларды бастан өткізу тарихи зерттеулерге серпін береді. Оқиғалармен мұндай деңгейде таныс болуды артықшылық деп санағанмен, бұл өткеннің кейбір аспектілерін сыни тұрғыдан талдау немесе түбегейлі қайта бағалаудан гөрі, заңды процесс ретінде қабылданатынын білдіреді. Егер өткенді түсіну үшін оны ең басынан бастауды ауыр деп санасақ, беймәлім аймақта жұмыс істеу бұл процесті қиындатуы мүмкін. Сонымен қатар өзара қиымал, іс-әрекеттер маңызды оқиғаның алғышарты саналады. Тарихшылар өздері туып-өспеген аймақтар туралы кітап жазу кезінде қажет терең түсінік қалыптастыру үшін археологиялық қазба жұмыстарына немесе антропологиялық далалық зерттеулерге тең келетін зерттеудің қажет екенін ұғынуда.⁶⁹ Өз елінің тарихымен айналысатын азаматтар мұндай саналы түрде оқып-білудің, зерделеудің қажеттігі жайында жиі ойлана бермейді. Антропологтар өздерінің саласы бойынша жұмыс істеу барысында қасақана дефамилиризация әдісіне жүгінетіні сияқты, тарихшылар да солай істей алады.

Тарихи тәжірибедегі ерекше маңызды сабақтастық ұлттық мемлекетке қатысты, ол империялар сияқты талдаудың таңдаулы бірлігі болып қала береді. Билеушілер мен үкіметтер өздерінің қолдарындағы барлық құралдарды қолдана отырып, ұлттық тарихтың маңызды мәселелері мен онымен байланысты моральдық құндылықтарды, яғни, салтанат пен апаттың көрнекті сәттері, құрметті жеңімпаздар мен жек көретін жеңілгендер туралы талап етуге бейім келеді. Ұлттардың

саны артып, ұлттық мемлекеттер парадигматикалық басқарудың бірлігі болып саналатын әлемде ұлт туралы оқиғаларға бірден түсіністікпен қарайды. «Ұлт» ұғымын академиялық тарихшылар әдеттегідей қабылдамайды. 1980–1990 жылдары ұлттарға, ұлтшылдық пен мемлекеттілікке айтарлықтай сыни қызығушылық болды және ХХІ ғасырда бұл мәселелер өзекті болып қала береді.

Қазіргі саяси тәртіпке сай, мемлекеттер ең маңызды құрылым деп танылады; Біріккен Ұлттар Ұйымы қаншалықты тиімсіз немесе қауқарсыз ұйым болып көрінсе де, әлі де жаһан жаңалықтарының басты тақырыптарының бірі болып отыр; осы ұйымның атауынан, сондай-ақ әлем жұртшылығына таратылатын хабарлардан бүгінде мемлекет/ұлт ұғымының өзектілігін жоғалтпағанын аңғарамыз. Миграция үлгілері мемлекет/ұлт туралы пікірталастардың қозғаушы күші саналады. Шығыс Еуропа мен Таяу Шығыстағы оқиғалар, Африка мен басқа елдер сияқты, мемлекеттердің/ұлттардың әлсіздігі мен шекаралардың тұрақсыздығын үнемі еске түсіреді, бірақ өз тарихы бар нақты анықталған елдің идеалы күшті болып қала береді. Бұл ішінара атаулардың қолданылуымен және бірқатар географиялық аймақтарда жұмыс істейтін халықаралық бизнес сияқты, халықтар байлығы туралы көбірек мәлімет беретін туризм индустриясының таралуына байланысты болуы мүмкін.

Қазіргі тарих

Мен атап өткен трендтер тарихтың дамыған сала екенін көрсетіп қана қоймай, жаңа салаларда, нарықтық нишалар мен аудиторияларда үнемі әртараптандырылатынын көрсетеді. Қоғамдық тарих дербес құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге тарихи тәжірибенің барлық кәсіби тарихшыларға қатысты аспектісі ретінде де маңызға ие болып келеді. Бұл кәсіптің аясында мүлдем басқа тәсілдермен айналысатын тарихшыларды жақындастырудың жолдарын табу керек. Тарихтың дамып келе жатқан бөлігінің бірі – пән ретіндегі тарихи басылымдар санының артуы. Ол белгілі саладағы тың маңызды мәселелерді және қызығушылықты білдіреді деп болжауға болады, сонымен қатар ол тарихи білімнің мәртебесі мен тарихшылардың талаптары туралы үнемі алаңдаушылық білдіре ме деген сұрақ туындайды. Әрине, бұл тарихтың қажеттігін растайды, бұл барлық тарихшыларды өткенді өзін-өзі саналы және интеллектуалды түрде пайымдауға, оны сезінуге әрі ол тақырыпта қалам тербеуге ынталандырады. Алайда егер пәнге ерекше назар аударылып, тарихқа көңіл бөлінбесе, онда ол ыңғайсыз жағдай болар еді.

Өткен оқиғаларға байланысты бірқатар мәселелер туындайды, мен интеллектуалдық тұрғыдағы күрделі тарих қоғамдық өмірде ерекше рөл атқаруға тиіс деп мәлімдедім. Мен бізге таныс оқиғаларды қайталайтын блокбастерлер мен кітаптар (олар қаншалықты қызықты болса да) туралы айтып тұрған жоқпын. Жаңа бағыттарды іздеу, жаңа тақырыптарды анықтау мен жаңа аудиторияға ерекше дереккөздерді тарту сияқты балама нұсқалар да бар. Пән ашықтық пен әралуандық болған жерде дамиды; ол адал еңбек, аналитикалық өзіндік сана мен керемет жазудың үйлесімінен нәтижелі болады.

Белгіленген ғылыми құндылықтардың құштарлықпен және рефлексивтілікпен өзара үйлесуі тарихтың тағдыры болып қала беруі керек.

Хиллсборо және көндігу

Осы кітапта мен тарихшылардың тәжірибесін қалыптастыратын өртүрлі факторларды зерделеуге тырыстым. Талдаудың ең күрделі түрлерінің бірі – эмоциялық міндеттемелердің ықпалы. «Тарихи білім: пәні және зерттеу әдістері» оқулығындағы тақырыптарды тұжырымдайтын мысалмен аяқтағым келеді. Бұл тарихи оқиға куәгерлерінің және олар туралы қалам тербейтіндердің сезімдері тарихи сипаттамаларды жазу барысына қалай әсер ететінін бағалауға мүмкіндік береді. Ол өткен оқиғалардың бізге терең әсер ету, ақылымызға қону және ұзақ уақыт бойына құштарлық тудыруының күтпеген тәсілдерін көрсетеді.

1989 жылғы 15 сәуір күні Шеффилд қаласындағы Хиллсборо стадионында болған апатта Ливерпуль футбол клубының тоқсан бес жанкүйері қайтыс болды.⁷⁰ Көптеген адам жаракаттанып, адам өлімі әсіресе жастардың өлімі қоғамға қатты әсер етті: қайтыс болғандардың ең жасы он жаста еді. Өмір уақытынан бұрын шорт кесілді, және азап пен өлім емес, рахат пен демалыспен байланысты контексте орын алған жағдай еді. Трагедиядан кейін тарих тәжірибесіне қатысты үш оқиға болды: бұқаралық ақпарат құралдарында драмалық әңгімелер өрбіді; құқықтық процестер басталды; қайтыс болғандардың отбасылары мен достары сөз сөйледі. Сол күні болған оқиғалардың көптеген нұсқалары кең таралды. Қатаң дәлелдер тұрғысынан алғанда олардың айтқандары өртүрлі мәртебеге ие. Бірқатар топтар өзгелердің оларға толықтай сенім артуы мен заңды құқықтарының мойындалуы үшін күресті. Болған жағдайға ресми түрде баға беру қажет болды. Осылайша тарихшылардың көптеген мәселелері осы апатпен, оның салдарымен және ол туралы идеялармен байланысты болғанын айта кеткен жөн.

Болған оқиға мені әлі күнге дейін толғандырады, өйткені ол көптеген жылдар бойы жалғасып келе жатқан бірқатар сот істері мен тергеу барысында болған айғақтар төңірегінде өрбиді. Осы жағдай бұл кітап басылып шыққанға дейін де жалғасып жатқан еді. Ол бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық пікір қалыптастырудағы орасан әлеуетін байқатады. Британдық газеттер, соның ішінде «Sun» атты басылым полиция қызметкерлері мен парламент мүшелерінің мәлімдемесін негіз ете отырып, футбол жанкүйерлерінің өздерін кінәлап жазды. Кейінен белгілі болғандай, жанкүйерлердің мас болғаны және қоғамдық тәртіпті бұзғаны туралы бұл мәлімделер жалған болып шықты. Қазіргі таңда аталмыш оқиғаға қатысты мән-жайдың дұрыс анықталмағаны, билік басындағылардың жауапкершіліктен жалтарып, кінәні өздеріне артпай, қайтыс болғандар мен Ливерпуль футбол клубының жанкүйерлерін айыптағаны белгілі болды. Дегенмен олардың жалған мәлімдемелері ұзақ уақытқа дейін шынайы айғақ ретінде қабылданып келді. Спорт жанкүйерлерінің туыстары орынды дәлелдерге негізделген мәлімдемені жариялау жолында ұзақ уақыт бойы күресті, ақырында олар полиция қызметкерлерінің

де бұл апатқа қатысы бар екенін мойындауға мәжбүрледі. Хиллсборо апаты қайғы-қасіретті, ерлікті, жалған мәлімдемелердің байыпты түрде жоққа шығарылуын, құрбан болғандар мен олардың отбасыларына жасалған әділетсіздікті, сол күнгі ұйымдастыру жұмыстарының дұрыс жүргізілмегенін, сол апаттан аман қалғандардың шатынаған өмірін, т.б. жайларды мойындайтын жеке реакцияны қалыптастырды. Бұл эмоциялық реакциялар ашу, психикалық соққы мен сенімсіздікке негізделген. Мен осы қорқынышты трагедия мен оның салдарларынан бірқатар тұжырымдар жасаймын.


Біріншіден, ол тарихи дәлдіктің түрлерін суреттейді. Оқиғалардың қалай өрбігені туралы әрбір сәт сайын хабарлау қажет болды, ал барлық дәлелдер жұмылдырылып, мүмкіндігінше мұқият бағаланғанша белсенділер тыным таппады. Екіншіден, бұл оқиғадан мысалы, құқықтық норма, жедел жәрдем және токсикологиялық талдау сияқты жағдайларға қажетті өртүрлі тәжірибелерді байқауға болады. Тарих – шынында да пәнаралық байланысы бар сала. Үшіншіден, тұрғындардың басым бөлігі өздерін тарихшы ретінде санамаса да, тарихқа алаңдаушылық



Hillsborough Stadium Disaster Fast Facts

CNN Library

Updated 1421 GMT (2221 HKT) March 30, 2018



Photos: Hillsborough disaster: 25th anniversary


Hillsborough disaster: 25th anniversary – Liverpool players acknowledge a minute's silence for the Hillsborough victims on the 25th anniversary.

1 of 7

Hide Caption



News & buzz



Paid Content

by @utbrain |>



New Tinnitus Discovery Is Leaving Otolaryngologist Baffled (watch)
Hesitnews/sps.roasy



10.6-сурет. CNN (Cable News Network) веб-сайтынан алынған скриншот

білдіреді. Әділдікті жақтаушылар арнайы машықтарды игере отырып, білікті әрі талапшыл зерттеушілерге айналды. Оларды бақылай және жобаларын түсіне отырып, қоғамдық тарихтың бір аспектісі туралы түсінік қалыптастыра аламыз, сонымен қатар эмоциялардың өткен уақыт туралы сипаттамаларды іздеуге деген ықпалын түсінеміз. Бәрінен бұрын Хиллсборо оқиғасынан кейінгі ұзаққа созылған текетірістен кейін туындаған тарихқа сан мыңдаған адамның қызығушылық білдіретінін байқаймыз, бұл бізге өткенді дұрыс мағынада түсіне білудің маңызды екенін тағы бір мәрте есімізге салады.

1989 жылы Хиллсборо стадионында болған апат көп адамның көңіліне қаяу түсірді. Аталмыш апат Ливерпульде әлі күнге дейін негізгі мәселе ретінде қарастырылуда және күллі әлем бұл оқиғаға назар аударды. Осы оқиғадан жергілікті тарих түрлерінің қаншалықты ерекше күшке ие бола алатынын байқаймыз, сонымен қатар мұнда тарихнамалық, құқықтық, әлеуметтік және саяси ауқымды мәселелердің бетін ашып береді. Бұл мәселелер қатарына билік түрлері, стереотиптер, сенімсіз куәгерлер және бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуеті кіреді. Сонымен қатар бұл талдау жасаушылар мен түсінік берушілердің, бәрінен бұрын осы апатта жарақат алғандардың бұған әлі де болса айрықша алаңдаушылық білдіретінін көрсетеді. Арада жиырма жыл өткен соң, 2016 жылы екінші мәрте жүргізілген тергеу жұмыстарының нәтижесінде футбол жанкүйерлерінің еш кінәсі жоқ екені анықталды.

Жанға бататын, ұзаққа созылған Хиллсборо оқиғасынан көпшілікті ынталандыратын әрекеттер туындайды. Аталған оқиға барлық тарихшыны (мейлі ол студент, оқытушы, зерттеуші немесе тарихқа қызығатын адам болсын) өз сипаттамаларының шынайылығына баса мән беру, дәлелдерді іздестіру барысында ауқымды желілерді пайдалану, жаңа машықтарды үйренуге деген батылдық және жалған мәлімдемелерден бас тарту, бәрінен бұрын өздері оқытатын адамдарды әділдікке баулуға үндейді. Аталған оқиға дереккөздердің күрделі сипаты, сонымен қатар өткенді зерттеп, жазу арқылы нәпақа таппайтын, дегенмен күшті эмоциялардың нәтижесінде оны зерттеуге мәжбүр болатын мамандардың бойындағы тарихи тәжірибеге ерекше қызығушылық білдіруі мен оған ұмтылудың маңызын білдіреді. Бұл кітапты осы сөйлеммен аяқтай отырып, эмоциялардың қиратушы, өшпенділікке толы мақсатта қолданылуы мүмкін екенін жақсы түсінемін. Дегенмен бұл оның әлеуетін мойындамау керек дегенді білдірмейді, керісінше ол бізге оны жете түсіну, сыни тұрғыдан пайымдау, дереккөздердің сапасын жіті бақылау, егжей-тегжей талдау жүргізу мен нақты дәлел келтіру және саналы түрде түсініктеме беруге мүмкіндік береді. Тамаша сипатқа ие тарихи тәжірибенің қазіргі таңдағы маңызды рөлін түсіне отырып, тарихтың әлеуметтік мақсатын ұғынуға әрі растауға болады. Тарихи тәжірибенің қазіргідей маңызды болуы – бұрын-соңды болмаған құбылыс.

АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Людмила Джорданова – Дарем университетінің (Ұлыбритания) құрметті профессоры, 2015–2019 жылдар аралығында осы оқу орнының жанындағы тарих және визуалды мәдениет орталығының директоры қызметін атқарған. Бұрын Корольдік колледжде (Лондон) қазіргі заман тарихы пәнінен дәріс берген, Кембридж университетіндегі өнер, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар салаларын зерттеу орталығының директоры болып жұмыс істеген.

Автордың жақында жарық көрген еңбектері: «Өткенге көзқарас: тарихи тәжірибедегі визуалды және материалдық дәлелдер» (*The Look of the Past: Visual and Material Evidence in Historical Practice*, 2012) және «Дәрігерлер және олардың бейнесі» (*Physicians and Their Images*, 2018).

СУРЕТТЕР ТІЗІМІ

- 0.1-сурет.** Медициналық кітаптың иллюстрациясы, 1626 ж.
- 0.2-сурет.** Үнділердің аспан глобусы. Моғол әулеті, 1790–1791жж.
- 0.3-сурет.** Египет мумиясы, Птолемей кезеңі, б.з.д. 250 жыл бұрын
- 1.1-сурет.** Америка тарих қауымдастығының (*American Historical Association*) веб-сайтынан алынған скриншот
- 1.2-сурет.** Австралия тарих қауымдастығының (*Australian Historical Association's*) веб-сайтынан алынған скриншот
- 1.3-сурет.** Солтүстік Америкадағы Британдық зерттеулер конференциясынан (*the North American Conference on British Studies*) алынған скриншот
- 1.4-сурет.** Ұлыбританияның Ауызша тарих қоғамының (*UK Oral History Society*) веб-сайтынан алынған скриншот
- 1.5-сурет.** «Радикал тарихи шолу» (*Radical History Review, 1975*) журналының веб-сайтынан алынған скриншот
- 1.6-сурет.** Оңтүстік Америка картасы, 1721 жыл немесе одан кейінгі уақыт
- 1.7-сурет.** ЮНЕСКО веб-сайтынан алынған скриншот
- 2.1-сурет.** Константинопольден әкелінген византияның тиындары
- 2.2-сурет.** Тибет тханкасы. Цин әулеті, 1750–1899 жж.
- 2.3-сурет.** Габриэль Метсу. *Сырқат қыз*. 1664–1666 жж.
- 2.4-сурет.** 1541–1871 жылдардағы ағылшын халқының жалпы статистикасы
- 3.1-сурет.** XVIII ғасырда басып шығарылған парақ
- 3.2-сурет.** Лоттер. Аспан әлемі картасы. Шамамен 1750 жж.
- 3.3-сурет.** Дүниежүзі картасы (дәстүрлі проекция пайдаланылған)
- 3.4-сурет.** Дүниежүзі картасы (Питерстің проекциясы пайдаланылған)
- 4.1-сурет.** Х.Куниаки. Америкалық жұп. Жапония, 1861 ж.
- 4.2-сурет.** *History & Policy* веб-сайтынан алынған скриншот
- 5.1-сурет.** У.Эванс. Бад Филдс және оның отбасы. 1936 ж.
- 5.2-сурет.** *Conquest Living History* веб-сайтынан алынған скриншот
- 6.1-сурет.** Түтқындар күнтізбесі, Ньюкасл, 1833 ж.
- 6.2-сурет.** Мин дәуіріндегі фарфор төрелке. Мин әулеті, 1425–1435 жж.
- 6.3-сурет.** Республикалық күнтізбе. Париж, маусым 1801 ж.
- 7.1-сурет.** *Colonial Williamsburg* веб-сайтынан алынған скриншот
- 7.2-сурет.** С.Д.Сате. Ганди мүсіні. Үндістан, 1995 ж.
- 7.3-сурет.** Мұқаба және титул парақ. Александр Дюма, «Қырық бес гвардияшы» (*The Forty-five Guardsmen, 1869*)

- 7.4-сурет.** Испаниядағы *Asterix* журналының парағы
- 7.5-сурет.** Энола Гей көрмесі макеті, Смитсон, 1995 ж.
- 7.6-сурет.** Фрейд музейінің веб-сайтынан алынған скриншот. Лондон
- 7.7-сурет.** Ланчестер дипломы. Дарем, шамамен б.з. 150 жж.
- 8.1-сурет.** Уингейт құжаттарынан алынған конверт, шілде 1917 ж.
- 9.1-сурет.** Таным ағашы. Париж бен Амстердам, 1780 ж.
- 9.2-сурет.** «Ақпарат алмасудағы төңкерістер» (*Revolutions in Communication*) кітабынан алынған скриншот
- 9.3-сурет.** *The Valley of the Shadow* веб-сайтынан алынған скриншот
- 9.4-сурет.** *Old Bailey Online* веб-сайтынан алынған скриншот
- 9.5-сурет.** *Slavevoyages* веб-сайтынан алынған скриншот
- 9.6-сурет.** *ESRI* компаниясының веб-сайтынан алынған скриншот
- 10.1-сурет.** фон Бандель. Герман ескерткіші. Германия, 1875 ж.
- 10.2-сурет.** Кэрнс. Майданек концлагеріндегі аяқ киімдер, 2002–2005 жж.
- 10.3-сурет.** *Graphic History Collective* веб-сайтынан алынған скриншот
- 10.4-сурет.** *Abina* компаниясының веб-сайтынан алынған скриншот
- 10.5-сурет.** Ақ ту лигасы жалауы (Өзге материалдармен бірге мақта пайдаланылған)
- 10.6-сурет.** Хиллсборо туралы CNN-нен (*Cable News Network*) алынған скриншот

Автор мен баспагер осы кітаптағы авторлық құқығы қорғалған материалдарды пайдалануға рұқсат бергені үшін төменде келтірілген мекемелер мен авторларға ерекше алғысын білдіреді:

0.1, 1.6, 3.1, 3.2, 6.1, 7.3, 8.1, 9.1, 10.5 суреттер Дарем университеті кітапханасының рұқсатымен;

0.2, 0.3, 2.1, 4.1, 6.2, 7.2, 7.7 суреттер Дарем университеті музейінің келісімі бойынша;

2.3-сурет Амстердам мемлекеттік музейінің, 2.4-сурет Кембридж университеті баспасының (*Cambridge University Press*) рұқсаты бойынша;

5.1, 6.3, 10.1 суреттер *Getty* фотоагенттігінің келісімі арқылы;

10.2 сурет суретші Джойс Кэрнстің рұқсатымен пайдаланылды.

Авторлық құқық иелерін анықтау мен авторлық материалдарды пайдалану туралы келісімді алуға қажетті барлық шаралар әзірленді. Егер авторлық құқықты бекіту барысында баспагер тарапынан қандай да бір қателіктерге жол берілсе, кешірім өтінеміз. Осыған қатысты ұсыныстар, талап-тілектер білдіретін оқырман қауымға алдын ала ризашылығын білдіреді.

ЕСКЕРТПЕЛЕР

Бірінші тарау. Тарих туралы жалпы түсінік

1. Субалтерн зерттеулері (*Subaltern Studies*) – бұл 1982 жылдан бастап Үндістанда шығарылған кітаптар сериясының атауы. Радикалды теориялық көзқарас тұрғысынан бұл зерттеулер билік қатынастарын отаршылдық негізінде қарастыратын халық тарихының бір түрін насихаттады. Өткенді жаңа мақсаттарға пайдалануға деген ұмтылыс кеңінен таралған. Мысалы, қараңыз: *Amistad* (1970) журналдың кіріспе бөлімі. Мұнда автор «интеллектуалдық нәсілшілдікті», атап айтқанда Америка тарихын оқытуда сынға алады. Аталмыш журнал қаранәсілді халықтың тарихын зерттеуге бағытталған курстарда қолдануға болатын материалдарды жариялады. Қараңыз: Chakrabarty (2002); Ludden (2002); Chaturvedi (2012). Салыстырыңыз: Krantz (1988)
2. Мысалы, фильм мен телевизияда Chambers (1996) және Mackenzie (2016). Қараңыз: Said (1978). Бұл барлық салалар мен мәдениеттерді үнемі жеңілдету тәсілдері туралы жазылған маңызды кітап.
3. Бұған ұлты еврей болмаса да, адам айтқысыз бұл құбылыс туралы өз пікірін білдірген тарихшы Клендинен (1999) жақсы мысал бола алады.
4. «Осы оқиға себебінен Британ саясатында көп уақытқа дейін түйіні табылмай, шешімін таппай келе жатқан жер, дін мәселесі туындап, саяси конфликтілер орын алды»: Қараңыз: Gardiner (1995), 423 б. «Ирландия мәселесі» тіркесі XIX ғасырда кеңінен қолданылды. Мысалы, Маркс пен Энгельстің (1971) бірнеше он жыл бойы жазған еңбектер жинағынан байқауға болады. Қараңыз: Chamberlain (1887). Ал соңғы жылдары бұл термин мынадай еңбектерге кірітірілген: Duffy (2009), Lynch (2015) және 1912–1925 жылдар аралығында Ирландиядағы саяси күрес туралы оқулық.
5. Қараңыз: Ruthven (2012a), 5-тараудың 118–119 беттерінде әйелдер және отбасы, әсіресе киім кию үлгісі туралы жазылған. Сондай-ақ: Ruthven (2012b), мысалы, Франция туралы, 65–67 бб. қараңыз.
6. Мұнда терминологияның өзі күрделі. Қараңыз: Hosking (2006), Ресей бірегейлігі туралы жазба, мұнда бірегейліктің Совет заманы кезіндегі сипаты

- және 1991 жылдан кейін Ресей Федерациясының қалыптасуына тигізген ықпалы жайында баяндалған. Сондай-ақ: Wheatcroft (2002); Lovell (2006, 2009, 2010) қараңыз.
7. Аталған аймақтарға қатысты қолданылатын атаулар адамды жаңылыстыруы мүмкін екенін ескерген жөн. Бұған мұнда нақты аймақтың дәл көрсетілмеуі ғана емес (мысалы, көп жағдайда «Америка» сөзі кеңінен қолданылады), сонымен қатар әртүрлі қоғамды біріктіріп жібереді (мысалы, «Африка» мен «Африкалық зерттеулер»).
 8. Қараңыз: Smith (2002) – көптеген маңызды тарихнамалық мәселелерді талқылау үшін мына кітаптың кіріспесін қараңыз: Rudolph (2018).
 9. Бұл курсты маған Лондон Корольдік колледжінің тарих факультетінде қызмет етіп жүрген уақытта ұсынған еді.
 10. Қараңыз: Thompson (2005).
 11. Қараңыз: Matthew (2004 [әлі де толықтырылады]), әрі қарай ODNB (Oxford Dictionary of National Biography. – Оксфорд ұлттық өмірбаян сөздігі. – Ауд.). Аталған сөздік бірнеше жыл сайын толықтырылып отырады, сонымен қатар онлайн нұсқасына да жаңа материалдар қосылады. Сөздіктің онлайн нұсқасын қолдану ақылы екенін ескеріңіз. Кәсіби тарихшылардың басым бөлігі бұл сөздікті өздері қызмет ететін мекемелер арқылы қолданғанды жөн санайды.
 12. Қараңыз: Berghahn (1987); Korostelina (2013); Baildon және басқалар (2014).
 13. Британдық білім беру жүйесінде негізгі деректерді қамтитын жазбалар соңғы оқу жылында оқытылатын арнайы пәндердің бағдарламасына енгізілген, студенттер оны қарқынды түрде зерттейді. Педагогикалық басылымдарда, (оқу материалдарында) негізінен, қысқа параграфтарға; кейде мәліметтерге; талқылау және эссе үшін, сондай-ақ емтихандар кезінде қолдануға арналған сұрақтарға, яғни «алдын ала қорытып алуға» арналған мәліметтерге баса назар аударатынын байқадым. Қараңыз: Lynch (2015), мысалы, автор бұл кітаптың соңына ықшамдалған құжаттар жиынтығын енгізген.
 14. Қараңыз: Johnson (1991), мәселен, бұл жазба қысқа уақыт аралығын қамтыса да, зерттеу еңбек екені әрі оның дау тудыратыны белгілі. Оны оқыту барысында тиімді қолдануға болады, бірақ бұл оқулық емес.
 15. «Тарихтың пәнаралық байланысы» (*Journal of Interdisciplinary History*) журналының негізі 1970 жылы Америка Құрама Штаттарында қаланған. Бәлкім, аталған басылым атауы айтып тұрғандай, пәнаралық байланысқа қатысты тарихи еңбектерді жариялайтын, ағылшын тілінде шығатын жетекші журналдардың бірі саналуы мүмкін.
 16. Қараңыз: «Әлеуметтік тарих» (*Social History*) 23 (1998), 325–330 беттер. Конференцияда жасалған баяндамадан туындаған қызу пікірталастармен танысу үшін аталмыш жинақты қараңыз. «Америкалық тарихи шолу» (*American Historical Review*) атты тақырыптағы форумдарға қатысты пікірталасты қолдайды. Мәселен, журналдың «Форум: тарихи жайттар және

- тарихи романдар» (*Forum: Histories and Historical Fictions*) атаумен шығарылған арнайы шығарылымын қараңыз, 103, № 5 (1998).
17. Қараңыз: Klein (2011) pp. ix–x, бұл оқулықта автор кезеңдеу мәселесі мен әлеуметтік топтарға ұсынылған атауларға ерекше назар аударады. Осылайша ол өз кітабының екінші томына материал жинау мақсатында Боливияның қазіргі сипаты туралы жеке түсінігі мен аталмыш елде болып жатқан өзгерістерді пайдаланады.
 18. «Мұра индустриясы» ұғымы Роберт Хьюсонның 1987 жылы дәл осы атаумен жарыққа шыққан, дау туғызған кітабына байланысты туындаған. Түсініктеме берушілердің басым бөлігі сияқты ол да музейлер, тарих тәжірибесі мен қазіргі заман мәдениетінің арасындағы тығыз байланысты аңғарады. Салыстырыңыз: Samuel (1998, 2012). Соңғы жылдары жарияланған салыстырмалы талдауларды оқу үшін мына еңбекті қараңыз: Swenson (2013).

Екінші тарау. Тарих пәнін анықтау

1. Айталық, химия немесе әлеуметтануға арналған сөздік сияқты біз де жай ғана «Тарихи сөздік» (*Dictionary of History*) деп аталуы мүмкін шағын сөздіктің қандай болатынын елестетіп көру арқылы, бұл мәселе шешімін табуға болатынын аңғарамыз. Мысалы, қараңыз: Daintith (2008); Abercrombie (2006). Дегенмен дүниежүзі тарихын қамтитын сөздіктер баршылық, мәселен халықаралық маңызы бар адамдар, оқиғалар, орындар, ұйымдар және тағы басқалар туралы мәліметті қамтитын сөздіктер бар. Қараңыз: Wright (2015).
2. Қараңыз: Toynbee (1946, 1957). Аталмыш кітап авторы «өркениет деп аталатын қоғам түрлері пайда болған сәттен бастап адам баласы тарихи тәжірибесінің сипаты мен үлгілеріне қатысты жалғыз тұтас дәлел» ретінде қарастырылған тарих философиясын қалыптастырды. Жоғарыда автордың 1946 жылғы шыққан кітабындағы ix беттегі мәтіннен үзінді келтірілді. Қараңыз: Fullbrook (2002). Мұнда автор тарих теориясына қатысты өз тәсілдерін ұсынады. Қараңыз: Partner (2013), ix б. Аталған кітап авторы «барлық тарихи жазбалар қалай теориялық сипатқа ие болатыны туралы» баяндайды. Рейнхарт Козеллек тарихқа теория тұрғысынан орасан үлес қосқан және тұжырымдамалық тарихтың жаңа саласын құрастырған XX ғасыр тарихшысы ретінде танымал тұлға. Қараңыз: Koselleck (2002).
3. Қараңыз: Bayly (1998). Мұнда автор кіріспе мен қорытынды бөлімде тарихшылардың еңбектеріне және өзгерістерді түсіндіру мәселелеріне мұқият назар аударады.
4. Голландияда тұратын еврей отбасынан шыққан Анна Франк 1942 жылғы 12 маусымнан 1944 жылғы 1 тамызға дейін, яғни оны және отбасын неміс фашистері тұтқынға алғанға дейін күнделік жазған. Анна Франктің

өкесі ғана аман қалған. Қараңыз: Barnouw (1989), pp. ix–x. Бұл жазбаның кіріспе бөлімінде күнделікке қатысты дау-дамайлар сөз етіледі. Қараңыз: Enzer (2000); Müller (2013); Schnabel (2014), алғаш рет 1958 жылы басып шығарылған.

Шнабель күнделік авторы мен оның отбасын білетін көптеген адамдармен сұхбаттасқан.

Аталған жаңа басылымда Анна Франктің мұрасына байланысты эмоциялық қиындықтар нақты сипатталады. Қараңыз: Agrimbau (2018). Автор балаларға арналған бұл еңбекте Аннаның өмірін графикалық формада сипаттайды.

5. Қараңыз: Holt (1992). Аталмыш кітап орта ғасырда жазылған мәтіндерді қамтитындықтан, негізгі дереккөз саналады. Сонымен қатар сол мәтіндермен байланысты тарихи дәлелдер және редакция алқасының ескертпелері берілгендіктен, бұл қосымша дереккөз ретінде де қарастырылады. «Еркіндіктің ұлы хартиясы» (Pocket Magna Carta, 2016) – Оксфордтағы Бодлиан кітапханасындағы қолжазбаның негізінде аударылған мәтіннің соңғы нұсқасы.

Қараңыз: Scutt (2016). Мұнда автор «Еркіндіктің ұлы хартиясын» (Magna Carta) әйелдерді ескере отырып, заңды тұрғыдан қарастырған. Қараңыз: Morris (2016). Аталмыш кітапта король Иоанның (John) өмірбаяны, соның ішінде «Еркіндіктің ұлы хартиясының» аудармасы ұсынылған.

6. Жылнамалардың кейбірі, мәселен, Джоселин де Бракелонд (1173–1202) құрастырған жылнамалар жеке сипатта жазылған. Автор мұнда дереккөздердің кейбір күрделі құрылымдарын нақты сипаттайды; толық күйіндегі жалғыз қолжазба XIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Соңғы басылымдар, яғни студенттердің көпшілігі қолданатын аудармалар қазіргі оқырмандардың оны пайдалануын жеңілдету үшін тарауларға бөлінген. Аталмыш еңбектер жанама сипатта жазылған. Қараңыз: Jocelin (1989), xxiv. Қараңыз: Scarfe (1997). Бұл Джоселиннің аббатпен (аббат. – католик ерлер монастырының діни басшысы. – Ауд.) күрделі қарым-қатынасын айқын көрсететін көпшілікке және мектеп оқушыларына арналған кіріспе. Қараңыз: Morris (2016), p. 288. Мұнда автор жылнамаларды дәлел ретінде қолданудың қиындықтарын атап өтеді.
7. Қараңыз: Карр туралы, Jones (1998); Сох (2000).
8. Қараңыз: Porter (1988a), Roberts (2014), соңғы кітапта Гиббонның жазбасына талдау жасалынған.
9. Бакалавриат бөлімінде арнайы пәндерден бөлек, негізгі дереккөздерге негізделген пәндерді оқытатын сабақтар саны азайып бара жатқаны байқалады, аталған мәселелерді осы бөлімде қарастырған дұрыс. Дәлелдерді мұқият оқу мен бағалаудың машықтары ежелгі және орта ғасырлар тарихы сияқты тарих салаларын қарастыру үшін аса қажет, себебі мұнда дереккөздер сирек кездеседі, сол себепті мұқият әрі талғампаздықпен зерделенеді. Бұл тәсілді қосымша дереккөздерге де қатысты үнемі қолдануға болады.

10. Пол Фасселді эмоциялық міндеттемесін айқын көрсете білген ғалым ретінде мысалға алуға болады. Ол әдебиет сыншысы ретінде білім алып, Екінші дүниежүзілік соғыс туралы жеке тәжірибесіне сүйене отырып, көптеген тарихи еңбектер жазған. Қараңыз: Fussell (1996).
11. Мысалы, қараңыз: Finney (2005). Беллдің «халықаралық тарих» деген тіркесі Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық қатынастарға назар аударады, сондықтан мұндағы «халықаралық» сөзі саяси және дипломатиялық мағынаны білдіреді. Қараңыз: Bell (2017).
12. Фасселдің «Ұлы соғыс» (*The Great War*) атты туындысы алғаш рет 1975 жылы жарық көрген. Сонымен қатар автордың 1989 және 2004 жылдары шыққан кітаптарын да қараңыз.
13. Қараңыз: Pat Barker (1991, 1993, 1995). Пэт Баркердің «Регенерация» (*Regeneration*) атты еңбегі пьесаға айналды. Қараңыз: Wright (2017). Ол өз романдарында тек соғысты ғана емес, оның салдарын да сипаттайды. Қараңыз: Barker (2003). Әскери тарихқа қатысты тәсілдерді оныншы тарауда талқылаймын.
14. Қараңыз: Leopardi (2013). Африка елдеріндегі саясаттың күрделі құрылымын зерттеу үшін аталған автордың еңбегін қараңыз.
